Ауылшаруашылығы өндірісінің алдында тұрған негізгі міндет – халықты жеткілікті мөлшерде сапалы азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикізатпен, ал мал шаруашылығын қажетті жемшөп қорымен қамтамасыз ету. Осы тұрғыдан алғанда бүгінгі күн талабына сай әр аймақтың өзіне тән ауа райымен топырақ-климат ерекшеліктерін ескере отырып, өндірісте ауылшаруашылығы дақылдарын өсірудің аймақтық технологиясын немесе жетілдірілген жеке агротехникалық тәсілдерін енгізу қазіргі ғылымның басты мақсаты болып отыр [1].

Ас бұршақ дақылдары барлық қуаңшылық аудандарында жаппай өсірілетін негізгі мал азығындық және тағам ретінде өсірілетін дақылдарының қатарына жатады. Құрғақшылыққа төзімділігіне және дән қоректілігінің құндылығына байланысты оның жемшөп құрамындағы маңызыдылығы ерекшеленеді.

Асбұршақ (Pisum) - біржылдық жаздық дақыл. Бірақ оның оңтүстік аймақтарда күзде егілетін қыстайтын формалары да бар. Өндірісте асбұршақтың бір түрі - *мәдени, егістік асбұршақ* (P.sativum) және оның екі түр тармағы кездеседі: sativum (кәдімгі егістік, көбіне тағамдық) және arvense (егістік немесе малазықтық, негізінен малазықтық немесе жасыл тыңайтқыштық).

Асбұршақ - негізгі және өте көп таралған азық-түліктік, малазықтық және агротехникалық маңызы зор дөндібұршақ дақылы. Оның дәнінде 30 % дейін ақуыз және А, B_p B_2, С дәрумендері мен негізгі амин қышқылдары бар. Асбұршақ дені жақсы пісіп, ағзаға жеңіл сіңіріледі. Көк дәні консервілеуге көп пайдаланылады және осындай түрі жоғары сіңімді және дәмді тағам.

Асбұршақ пішенінде 13 %, ал сабаны мен топанында 8% дейін ақуыз болады. Олар мал сүйсініп жейтін жақсы жемдік азық. Асбұршақтың көк балаусасы да ақуызға бай және одан жақсы сүрлем дайындалады.

Асбұршақтың 100 кг көк балаусасында 16, ал пішенінде 49,5 малазықтық өлшем бар.

Асбұршақтың агротехникалық маңызы зор. Ол жақсы сүрі жер дақылы және барлық жаздық дақылдарға тамаша алғы дақыл болып есептелінеді.

Жоғары агротехникада асбұршақ мол және тұрақты дән мен кек балауса енімін береді. Ол дәндібұршақтардың ішіндегі ең өнімді көп беретіні және экономикалық тиімдісінің бірі. Орташа дән өнімі гектарына - 10-13 ц.

Асбұршақ 20 мың жыл бұрын-ақ (тас ғасыр) бидай, арпа, тары, жасымық, бұршақтар, ноғатық, сиыржоңышқа және баска да дақылдармен бірге мәдени дақыл ретінде өсірілебастады. Егістік асбұршақтың ұсақдәнді формаларының отаны - Алғы Азия, оның ірідәнділері екінші орталық -Шығыстық Жеорртатеңізі маңайынан шыққан.

Асбұршақ Қазақстанның барлық аймақтарында (Атырау, Маңғыстау және Қызылорда облыстарынан басқа) өсіріледі.

Жемісі - көпдәнді бұршақ. Кәдімгі егістік асбұршақтың дәні домалақ, жылтыр, кейбір формаларынікі бұдырлы, тері қабықты. Түсі - ақ, сары, алқызыл, жасыл болып келеді. 1000 дәннің салмағы 150-340 г. Асбұршақ - өздігінен тозаңданатын, үзаққүнді, жарық-сүйгіш дақыл. Вегетациялық кезеңінің ұзақтығы, оның сорты мен өсу жағдайына байланысты 70-100 күн, кеш сорттарында 140 күнге дейін созылады.

Жылуды көп қажет етпейді. Дәні 1-2°С температурада өне бастайды. Біркелкі көктеп шығуына ең қолайлы температура 4-5°С. Асбұршақ өскіндері 8°С дейінгі үсікті көтере алады. Гүлдеу-дән байлау кезеңдеріндегі жоғары температура мен аңызақ, оның өніміне кері әсер етеді.

Асбұршақ салыстырмалы ылғалсүйгіш дақыл. Тұқымының бөртуі мен өнуі үшін салмағының 110-115 % шамасындай су қажет етеді. Транспирациялық коэффициенті 400-450.

Асбұршаққа ылғалы жеткілікті, бейтарап немесе әлсізсіл-тілі реакциялы (рН 6-7) қара және қоңыр топырақтар жақсы. Жоғары агротехникада асбұршақ шымды-күлгін топырақтарда да жақсы өнім береді. Құм, сортаңдау және қышқыл батпақтанған топырақтар асбұршақ есіруге жарамсыз.

Біздің еліміздегі өсірілетін асбұршақ сорттарына Рамонский 77, Неосыпающийся 1, Зерноградский неосыпающийся, Омский неосыпающийся, Таловец 55, Таловец 50, Усач, Казахстанский 871 және Шал жатады.

Минералдық тыңайтқыштардан сүдігерге гектарына 60-80 кг фосфор және 50-60 кг калий тыңайтқыштарын береді. Асбұршақтың қиын еритін фосфор қосылыстарын жақсы сіңіретіндігінен, оған арнап гектарына 3-5 ц фосфорит ұны беріледі. Өсімдік тамырларындағы атмосфералық азотты сіңіретін түйнек бактериялары жетілгенге дейін, асбұршақ жас кезінде аз мөлшерде азот тыңайтқышын қажет етеді. Сондықтан, тұқым себер алды қопсытуда кейде гектарына 15-20 кг азот беріледі. Қышқыл топырақтарды әктейді.

Қазақстанның Оңтүстік өңірі кәдімгі сұр топырақты тәлімі егістік жерлеріне ас бұршақты өсіру технологиясын алғаш рет тыңайтқыш енгізу мөлшері мен түрін салыстыру 2023-2024 жылдары Қайнарбұлақ елді мекенінде орналасқан оқу-ғылыми кешенінің тәжірибе алқабында ас бұршақ өнімділігіне тыңайтқыш енгізудің әсерін анықтау үшін тәжірибе жүргізілді. Зерттеуге ас бұршақтың аудандастырылған «Рамонский 77» сорты алынып, зерттеу жұмыстары қысқа ротациялы бес танапты ауыспалы егіс жүйесінде тәлімі жерде жүргізілді (кесте 1).

1. Сүрі танап немесе екпе сүрі танап
2. Күздік бидай
3. Ноқат
4. Күздік бидай
5. Жоңышқаның жанама танабы

Кесте 1 – Ас бұршақ дақылына минералды және микротыңайтқыштарды енгізу үлгісі

р/с	Т әжірибе нұсқалары	Агротехникалық шаралар	Гербицид
1.	Тыңайтқышсыз (бақылау)	1.Жерді аудара жырту 25-27см 2. Екі рет малалап тегістеу 3.Тырмалау ЗБСС-1,0 4. СЗ-3,6 дән сепкішімен себу 5. (бақылау) 6. қатар аралық қопсыту	-

2.	Тыңайтқышпен $N_{60}P_{60}K_{30}$	1.Жерді аудара жырту 25-27см 2. Екі рет малалап тегістеу 3.Тырмалау ЗБСС-1,0 4. СЗ-3,6 дән сепкішімен себу 5. гербицидпен өңдеу 6. қатар аралық қопсыту	Пивот, в.д.г.-0,5л/га
3.	Тыңайтқышпен $N_{60}P_{60}K_{30}$ + микротыңайтқыш «МЭРС»	1.Жерді аудара жырту 25-27см 2. Екі рет малалап тегістеу 3.Тырмалау ЗБСС-1,0 4. СЗ-3,6 №дән сепкішімен себу 5. гербицидпен өңдеу 6. қатар аралық қопсыту	Пивот, в.д.г.-0,5л/га

Қайнарбұлақ елді мекенінде орналасқан оқу-ғылыми кешенінің тәжірибе алқабында ноқат өнімділігіне тыңайтқыш енгізу жүйесінің әсері және арамшөптерге қарсы Пивот в.д.г. гербицидін 0,5 л/га мөлшерінде пайдаланып келесі нұсқалар бойынша анықталады.

Себуге өте ірі және тазаланған тұқымдарды пайдаланады.

Асбұршақ тұқымы мен өсімдігінің көгі ауруға шалдықпас үшін себуге 3-5 ай бұрын, мына препараттармен оны дымқыл (1 т тұқымға 5-10 л су) дерілейді: 80 %-дық ТМТД (3-4 кг/т), 50 % фундазол+нитрагин (3 кг/т+0,2 кг тұқымның гектарға кететін шамасына); немесе фундазол+молибден қышқылды аммоний (2,0+0,4 кг/т); ауруларға және топырақта тіршілік ететін зиянкестерге қарсы 65 %-дық фентиурам (4-6 кг/т), тамыр шірігіне арнап 70%-дық тачигарен (1-2 кг/т) қолданады.

Асбұршақтың тамырларында түйнек бактерияларының пайда болуына себепкер болатын бактериялы препараттармен тұқымды себер күні тқкымсепкішке тұқымдық материалды құралдында ғана өндейді. Осы мақсаттаарнайы нитрагиндер (ризоторфин немесе бұршақтарға арналған) пайдаланылады. Препараттармен еңдеудің арқасында асбұршақтың өнімі ғана емес, одан кейінгі дақылдар енімі де 10-12 % еседі. Бірақ бұршақ дақылдары өнімі нитрагин пайдаланғанда тек топырақ реакциясы бейтарап болғанда ғана артады, ал қышқыл ортада түйнек бактериялары жетілмейді.

Әдебиеттер

1. Насиев, Б.Н. Өсімдік шаруашылығы: Оқулық. / ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР жоғары оқу орындарының қауымдастығы. - Алматы, 2015. - 299б. http://rmebrk.kz/book/1156714
2. Кушенбекова, А.К., Нуфтуллина, Р.Р. Өсімдік шаруашылығы: 5В080100-"Агрономия", 5В080800-"Топырақтану және агрохимия", 5В081100-"Өсімдіктерді қорғау және карантин" мамандықтарының студенттеріне арналған зертханалық-практикалық жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқау. - Орал: Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2013. - 58б. http://rmebrk.kz/book/1158000
3. Амантаев, Б. Ө. Өсімдік шаруашылығы [Текст] : 5В080100- Агрономия маманд. студ. үшін зертханалық жұмысты орындауға арналған лабораториялық практикум / Б. Ө. Амантаев, А. К. Әлімбекова. - Шымкент. 2013ж
4. Амантаев, Б. О. Өсімдік шаруашылығы [Текст] : 5В080800- Топырақтану және агрохимия маманд. студ. арналған дәрістер жинағы / Б. О. Амантаев, А. А. Кашкаров. - Шымкент : 2013ж.
5. Суримбаева, К. А. "Өсімдік шаруашылығы" пәні бойынша СӨЖ ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқау [Текст] : 5В080100 - "Агрономия" маман. студенттері үшін / К. А.Суримбаева. - Шымкент : 0ҚМУ, 2015.

УДК 619.616.981.42

ПЛАСТИНЧАТАЯ РЕАКЦИЯ АГГЛЮТИНАЦИИ ПРИ ДИАГНОСТИКЕ БРУЦЕЛЛЕЗА ЖИВОТНЫХ

Айнабек А.А. – студент группы АП-20-8К2
Жанбырбаев М. - кандидат ветеринарных наук, доцент

Эффективность противобруцеллезных мероприятий бесспорно связано с качеством применяемых современных средств диагностики. Однако, особенности течения бруцеллезной инфекции, несмотря на многообразия применяемых средств и методов диагностики, не позволяют при однократном исследовании выявить всех больных бруцеллезом сельскохозяйственных животных. Серологическая диагностика осложняется антигенным родством между бруцеллами и другими микроорганизмами, в частности Yersiniaentewrocolitica, что обуславливает получение ложноположительных реакции, кроме того, она не

позволяет дифференцировать антитела, синтезированные на полевые культуры и вакцинные штаммы бруцелл . Более того, традиционно применяемые диагностические методы не позволяют оперативно дифференцировать бруцеллы на уровне видов и штаммов, что затрудняет проведение эпизоотологического анализа.

Поэтому в данной статье приводится результаты лабораторных исследований при бруцеллезе сельскохозяйственных животных, с применением пластинчатой реакции агглютинации (ПРА), приведены результаты исследовании, техника постановки и оценка полученных результатов, а также его диагностическая чувствительность при массовых исследованиях сыворотки крови разных видов животных на бруцеллез.

Материалы и методы исследования

Пластинчатую реакцию агглютинации с бруцеллезным розбенгал антигеном (РБП) применяют для исследования сывороток крови при диагностике бруцеллеза у крупного рогатого скота, овец, коз, лошадей, свиней, верблюдов и оленей.

Компоненты РБП:

-испытуемые сыворотки крови;

-антиген бруцеллезный для розбенгал пробы (РБП), изготовленный на биопредприятии. Он представляет собой стандартизованную суспензию в буферном растворе инактивированных нагреванием и фенолом бруцелл, окрашенных бенгальской розовой или другим аналогичным красителем в розовый цвет, не меняющий свой оттенок в кислой среде. Перед употреблением антиген выдерживают 30-40 минут при комнатной температуре и затем тщательно встряхивают;

- позитивная бруцеллезная и негативная сыворотка;

- фенолизированный 0,5%-ный физиологический раствор.

Постановка РБП.

Реакцию проводят на чистых сухих эмалированных пластинках с лунками при температуре 18-30^{0}С. На бортиках пластинки против каждой лунки записывают номер исследуемой сыворотки. Исследуемые сыворотки крови в дозе 0,02-0,03см^3 вносят на дно лунки при помощи шприца-полуавтомата или микропипетки. После внесения каждой сыворотки шприц-полуавтомат (микропипетку) трижды промывают фенолизированным физиологический раствором и кончик подсушивают фильтровальной бумагой.

При исследовании сывороток крови крупного рогатого скота, овец, коз, оленей, лошадей, свиней в каждую лунку рядом с сывороткой при помощи пипетки-капельницы вносят 0,02-0,03 см^3 антигена. Затем антиген тщательно в каждой лунке смешивают с сывороткой активными движениями ручного полисмесителя до получения однородной смеси, распределяя ее при этом по всей поверхности лунки. После смешивания сывороток каждого ряда лунок (смесителем на 5 проб) или во всех лунках пластинки (смесителем на 25 проб), смеситель опаласкивают фенолизированным физиологическим раствором и просушивают марлевой салфеткой или фильтровальной бумагой.

Пластинку с сыворотками и антигеном покачивают в течение 3-4 минут осторожными вращательными движениями вручную или при помощи автоматического прибора, предназначенного для этой цели. При положительной реакции в течение 3-4 минут появляются мелкие или крупные хлопья агглютината розового цвета.

В начале работы ставят контроль антигена с негативной и позитивной бруцеллезной (с активностью 100-200 МЕ) сыворотками в тех же дозах, а также контроль антигена на спонтанную агглютинацию с фенолизированным физиологическим раствором .

Учет результатов реакции проводят невооруженным глазом в течение 3-4 минут после смешивания сывороток с антигеном при слегка наклонном положении пластинки.

Реакцию считают положительной при наличии выраженной агглютинации окрашенных бруцелл антигена в виде мелких или крупных хлопьев розового цвета, выделяющихся на белом фоне лунки.

Реакцию считают отрицательной при отсутствии агглютинации (смесь гомогенна, равномерна окрашена).

Реакцию считают сомнительной при нечетко выраженной агглютинации.

После учета реакции пластинки дезинфицируют погружением их на 5 минут в 3%-ный раствор фенола, затем тщательно моют водопроводной водой, высушивают на воздухе и используют повторно.

Результаты исследования. *Диагностическая оценка РБП.* При получении положительного результата РБП животных признают больными, а при отрицательных показаниях здоровыми. В случаях получения сомнительного результата РБП сыворотки крови дополнительно исследуют по РА и РСК, РДСК.

Положительный или сомнительный результат одной из указанных реакции (при сомнительной РБП) дает основание считать животных больными, а при сомнительных показаниях одного из данных тестов требуется переисследовать их.

В заключении лаборатории о результатах исследований сообщают диагностическую оценку (положительная, сомнительная, отрицательная) и указывают показания всех реакции. Например, «положительная» (РБП положительная, РА 200МЕ, РСК++), (РБП сомнительная, РА и РСК сомнительные).

Данный метод постановки пластинчатой реакции агглютинации с розбенгал антигеном нами был испытан для диагностики бруцеллеза крупного и мелкого рогатого скота паралелльно с реакцией связывания комплемента (РСК) согласно наставлению по диагностике животных (1985). При этом было в РБП и РСК

происследовано 5782 проб сыворотки крови от 13 сельских округов 5 районов Южно-Казахстанской области. В результате в РБП с розбенгал антигеном было выделено 32 положительно реагирующих на бруцеллез животных, что составляет 0,8% зараженности животных. Основным достоинством вышеуказанного серологического теста диагностики бруцеллеза считается его достаточно высокая специфичность и чувствительность, а также простата техники постановки.

Заключение

Таким образом, пластинчатая реакция агглютинации с розбенгал антигеном является ценным диагностическим тестом, который с успехом используется особенно при массовом исследовании животных на бруцеллез. Главным преимуществом РБП с розбенгал антигеном по сравнению с другими серологическими реакциями являются то что, учет показаний реакции проводится уже через 3-5 минут после постановки, что делает его востребованным в случаях необходимости быстрого распознавания состояния эпизоотической обстановки в стаде.

Список литературы

1. Иванов Н.П Диагностика инфекционных болезней животных. Алматы, 2009, 898с.
2. Сайдулдин Т.С. Основы серологии. Алматы, 1992,272с.
3. Студенцов К.П. Бруцеллез животных. Алматы, 1975
4. Антонов В.Я., Блинов П.Н.. Лабораторные исследования в ветеринарии. Москва, 1960г.
5. Коляков Я.Е. Ветеринарная микробиология. Москва,1960г.
6. Иванов Н.П. Бруцеллез животных и меры борьбы с ним. Алматы, 2007г.

ӘОЖ 575.22.852;612.621.9

СИЫРЛАРДА ЖАТЫР ЭНДОМЕТРИТІН ЕМДЕУ БАРЫСЫНДА НОВОКАИНДІК ТОСҚАУЫЛДЫ ҚОЛДАНУ

Ақжігітов А. - АП-20-8к3 тобының студенті**.**

Сарыбаев Ы.У. - магистр, аға оқытушы

Қазіргі уақытта мал шаруашылығында, әсіресе жоғары өнімді сиырлар арасында, акушерлік-гинекологиялық патологиялардың кең таралуы байқалады. Бұл көбінесе көбею мүшелеріндегі қабыну процестері мен бұлшықет тонусының бұзылуы түрінде көрініс табады. Ірі қара малдың көбею мүшелеріндегі көптеген патологиялар туу процесі мен босанғаннан кейінгі кезеңнің бұзылуынан туындайды.[1]

Диагностика барысында клиникалық және зертханалық зерттеу әдістерімен қатар, қойылған диагнозды растауға мүмкіндік беретін ультрадыбыстық зерттеу әдісі қолданылады. Туу және босанғаннан кейінгі кезең патологияларын емдеу кезінде новокаиннің сакралды-эпидуралды енгізудің оңтайлы мөлшері ұсынылады.[2]

Жатырдағы қабыну процесінің қоздырғыштары арасында жиі кездесетіндері: ішек таяқшалары, стрептококктар, стафилококктар, диплококктар, саңырауқұлақтар және басқа микроорганизмдер. Ірі сүт өндіру кешендерінде зоогигиеналық-санитарлық шаралардың талапқа сай орындалмауы, әсіресе туу бөлімдерінде, санитарлық шаралардың дұрыс ұйымдастырылмауы бұл микрофлоралардың вируленттілігінің артуына және жатырдың қабынуына әкеледі.[3]

Бактериялар, саңырауқұлақтар және олардың токсиндерінің жатыр тіндеріне гематогенді жолмен енуі бірнеше авторлардың еңбектерінде көрсетілген. Буаздық кезінде жатыр таза деп есептеледі, алайда кейбір зерттеушілердің мәліметтері бойынша, кейбір буаз малдың жатыры таза, ал кейбіреуінде микрофлора анықталған. Бірінші рет туатын құнажындар мен бірнеше рет туған сиырлар арасында айтарлықтай айырмашылықтар байқалған. Қалыпты буаздық кезінде құнажындардың жатыр кілегейлі қабығы, амнион және аллантоис сулары таза болған, ал бірнеше рет туған сиырлардың шарана суларында 75% жағдайда микроорганизмдер кездескен.[4]

Зерттеушілердің пікірінше, инфекция көздерін эндогенді және экзогенді деп екіге бөлуге болады. Патогенді микроорганизмдер жатырға гематогенді және лимфогенді жолдармен енуі мүмкін, кей жағдайларда асқазан-ішек жолдары арқылы да енуі ықтимал. Сонымен қатар, жатырдағы жасырын инфекция тікелей шарана суларына, қабықтарына және төлдің өзіне де зақым келтіруі мүмкін.[5]

Эндометритпен ауыратын ірі қара малды емдеу кезінде жергілікті этиотропты ем жүргізе отырып, кешенді терапия қолдану қажет. Ауру малдың организмінде қалыпты физиологиялық процестерді қалпына келтіретін және оның қорғаныш механизмдерін белсендіретін патогенетикалық ем, сондай-ақ диеталық емдеу қолданылады.[6]

Эндометритпен ауыратын ірі қара малды емдеу этиотропты-патогенетикалық бағытта жүргізілуі тиіс, оның негізгі мақсаттары:

- Жатыр қуысынан экссудатты шығару және тазарту;
- Жатырдың жүйке-бұлшықет аппаратының тонусын арттыру және оның моторикасын күшейту;
- Жатырда микрофлораның дамуына кедергі келтіру және оның иммунологиялық қорғаныс күштерін күшейту;

- Эндометрийдің регенерациясын жылдамдату және ірі қара малдың көбею қызметін қалпына келтіру;
- Жалпы организмнің иммунобиологиялық қорғаныс күштерін күшейту.

Бүгінгі таңда патогенетикалық емдеу әдістерінің бірі ретінде новокаиндік тосқауылдар жиі қолданылады.[7]

Новокаинның әсер ету механизмі қабыну ошағындағы жүйке талшықтарының тітіркенуін төмендетуге, ауырсынуды басуға, ұлпалардың қоректенуін жақсартуға және қабыну аймағындағы зат алмасу процестерін қалыпқа келтіруге бағытталған. Сонымен қатар, фагоцитоз процесі белсендіріледі, қанның бактерицидтік және лизоцимдік белсенділігі артады, бұлшықеттердің жиырылу қабілеті күшейеді.[8]

Қорытынды

Нұр-ата шаруашылығында туудың екінші кезеңінің тежелуі кезінде 1,6%-дық новокаин ерітіндісінің 16 мл мөлшерін сакралді-эпидуралді жансыздандыру арқылы енгізу бастапқыда жатырдың моторлық қызметі мен құрсақ бұлшықеттерінің жиырылуын аздап бәсеңдетіп, кейіннен туу күштерінің қайта күшеюіне ықпал етіп, төл мен төл қабаттарының шығуын қамтамасыз етеді.

Новокаиннің 1,6%-дық 16 мл ерітіндісін 48 сағаттық интервалмен үш рет сакралді-эпидуралді тосқауыл ретінде қолдану шудың өздігінен түсуін дәстүрлі әдістермен салыстырғанда 41,2%-ға арттырды. Бұл әдіс босанғаннан кейінгі кезеңдегі аурулардың алдын алуда патогенетикалық емдеудің тиімділігі 46,3% екенін көрсетті.[10]

Әдебиеттер

1. Жоланов, М.Н. Мал акушерлігі және гинекологиясы: Оқу құралы. / Жоланов М.Н., Қойбағаров Қ.У., Туребеков О.Т. – Алматы: Агроуниверситет 2005. – 152б.
2. Андросюк, М.Г. Распространенность акушерской патологии среди коров. / Андросюк М.Г. // Материалы научно-практической конференции молодых ученных. - Бишкек, 2005.С.196-201.
3. Бочаров, И.А. Основные направления борьбы с бесплодием коров в пригородной зоне. / Бочаров И.А. - Алматы, 2011.С.145-151.
4. Вайнтрадба, А.М Диспансеризация коров на молочных комплексах./ Вайнтрадба А.М. – Киев: Урожай, 2012. С.178-182.
5. Вебер, Э. К вопросу профилактики патологии родов и послеродового периода. / Вебер Э. // Материалы конференции молодых ученых. – Омск, 2015. С.265-278.
6. Горев, Э.Л. Новокаиновое лечение при акушерско-гинекологических болезнях. / Горев Э.Л. // Ветеринария. – 2018. С.145-154.
7. Жоланов, М.Н. Табынды толықтырушы құнажындар мен вазэктомияланған бұқалардың жыныстық қарым-қатынасының буаздықтың, туудың және туғаннан кейінгі кезеңнің өтуіне тигізетін әсері. / Жоланов М.Н. // Ізденістер, нәтежелер. - Алматы, 2000. – 81-82б.
8. Жоланов, М.Н. Толықтырушы құнажындарда эмбрионалдық өлімнің таралуы, себептері және алдын алуы. / Жоланов М.Н. // Материалы II-го Международного ветеринарного конгресса. - Алматы, 2003. -143-148б.
9. Жоланов, М.Н. Туғаннан кейінгі ауруларды балау. / Жоланов М.Н. // Ізденістер, нәтижелер. 2001. -165б.
10. Жукенов, Д.У Бірінші тума сиырлардың буаз кезінде, қалыпты және патологиялық туу кезіндегі қанның биохимиялық көрсеткіш-тері. /Жукенов Д.У// Жаршы. - 1995. №11. – 7-10б.

ӘОЖ 332.34

ШАРУА ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫНЫҢ ЖЕР ПАЙДАЛАНУЫН ОРНАЛАСТЫРУ

Алтаев Ж. - АП21-6тк тобының студенті
Абдешев К.Б. - PhD доктор, доцент

Шаруа(фермер)қожалығы экономика секторы ғана емес,бұлауыл өмірінің дәстүрлі тәсілі.Шағын фермалар қазіргі уақытта талап етілетін тиімділікті қамтамасыз ете алмайды,бірақ оларды қолдау ұлттық дәстүрлерді сақтауға бағытталған,ал ірішаруашылықтар қалыптасқан әлеуметтік-этникалық құрылымды бұзады.

Бұл мақаланың мақсаты-шаруа(фермер)қожалықтарының жерді пайдалану динамикасын талдау, бұл көптеген өткір сұрақтарға жауаптабуға жәнетуындаған мәселелердішешу жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Жердің едәуір ауданы шаруа(фермер)қожалығын құрмаған,бірақ ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын жеке кәсіпкерлердің меншігінде және пайдалануында болады[1].

Алғашқы практикалық іс-әрекет ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жер пайдалануынан ауылдық елді мекендердің жерлерін бөлу болды.Бұдан әрі жер үлестерінің мөлшерін айқындауғажәне жерді қайта бөлу қорын қалыптастыруға кірісті.Үкіметтің жоспары бойынша жерді қайта бөлу қорықұрылатын шаруа(фермер)қожалықтарын дамыту үшін негіз болуға тиіседі[2]:

Қайта бөлу қорларына мақсатсыз пайдаланылған,тиімсіз пайдаланылған,айналымнан шығарылған немесе құндылығы аз жерлерге ауыстырылған жерлер,ауыл тұрғындарына жер үлестерін бергеннен кейін қалған жерлер берілуі керекеді.Аталған критерийлер бойынша жерді іріктеу үшін түгендеу жүргізу және жерге орналастыру жобаларын әзірлеу қажет болды.Бұл жұмыстарды жүргізуге ақша табылмады және қайта бөлу қорын қалыптастыру ауылдық аумақтарды кешенді дамыту перспективаларын ескермейтін әкімшілік шешімдерге сәйкес жүйесіз жүзеге асырыла бастады[3].

Фермерлік секторды дамытудың екінші кезеңі тоқсаныншы жылдардың аяғына дейін жалғасты.Осы кезеңде шаруа қожалықтарын құрумен кеңейту пайдасына жерлерді белсенді түрде қайта бөлінбеді.Колхоздар,совхоздардықайта құру олардыңжерлерінұсақтауменқатар жүрді, көп бөлігі қайта ұйымдастырылған шаруашылықтардақалды,ал бір бөлігіфермерлерге түсті.Бұл кезеңелдегі және әсіресе ауылшаруашылығындағы күрделі жалпы экономикалық жағдаймен сипатталады.Тиімді мемлекеттік саясаттың және шаруаларға қолжетімді қаржы ресурстарының болмауы ауылшаруашылығы өнімдерінөндіру үшін пайдаланылатын ауылшаруашылығыалқаптары алқаптарының орасан қысқаруына себеп болды.

Шаруа(фермер)қожалықтарының жерді пайдалану жүйесін дамытужерді түгендеужәнебарлық жер учаскелерінүздіксіз есепке алу жөніндегі тұрақтыіс-шаралар негізінде жердіесепке алу жәнекәсіпкерлік қызметті тіркеу жүйелерін біріздендіруді қажет етеді.

Мемлекет меншігі бөлінбеген жер учаскелері үшін жалдау ақысының шекті мөлшері, федерация мен өңір субъектілерінің меншігіндегі жер учаскелері мемлекет деңгейде белгіленуі керек және бұл өлшемдержерсалығының ставкаларынан айтарлықтай ерекшеленбеуі керек.

Шаруашылықтаржәне қандай дәрежеде мемлекеттік қолдауалуы тиіс деген мәселені қысқартуға болмайды,бұл мемлекеттің әлеуметтік-саяси басымдықтарының стратегиялық мәселесі.

Әдебиеттер

1. Есекеева А., Айғаринова Г. ҚР Шаруа немесе фермер қожалығы қызмет құқығын реттеу. Оқу құралы. / Алматы, 2016-145б.
2. Тарасов, А. С. Землепользование крестьянских (фермерских) хозяйств в системе инструментов устойчивого развития сельских территорий / Экономика и экология территориальных образований. - 2019. - Т. 3, № 2. - С. 72–85.
3. Спектор, М. Д. Эффективность концентрации сельскохозяйственного производства / М. Д. Спектор //АПК: экономика, управление. - 2017. - № 9. - С. 68–77.

ӘОЖ 545.11

ТАМШЫЛАТЫП СУАРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Алтай Д. – АП 21-4дк тобының студенті
Дуанбекова А.Е. – магистр, аға оқытушы

Су ресурстарын тиімді пайдалану аграрлық саланың қарыштауына бастайтын негізгі жолдың бірі. Қазақстан аумағының 29%-ы далалық, 44%-ы шөлді аймақ болғандықтан, осы шөлді аумақты шаруаға қолайландыру жұмыстары үздіксіз жүргізіліп келеді. Егістік алқаптарынан мол өнім алу үшін, сәйкесінше баптау жұмыстары да үздіксіз жүріп отыруы тиіс және ол шаруаға да, мемлекетке де қолайлы болу керек. Қазақстанда бұрыннан егістік алқаптары дәстүрлі түрде арық-тоғандар арқылы ағыстық тәсілмен суарылады. Ал Батыс Еуропалық елдердің өнімді суаруға енгізген жаңа тәсілдері бар.

Соның бірі – тамшылатып суару. Бұл әдістің қандай тиімділігі бар? Еліміз орналасқан географиялық аумақта бұл тәсілді қолдану бізге тиімді ме? Қазақстанның агросаласын дамыту үшін ақылды технологиялар қандай мүмкіндіктер береді? Осы және өзге де сұрақтарды басшылыққа алып суарудың ерекше тәсілі жайлы жазғанды жөн көрдік.

Қазақстан аумағының 29%-ы далалық, 44%-ы шөлді аумақ. Яғни жердің жартысына жуығы шөлді және шөлейтті. Бүгінде жер игеруде ең күрделі мәселенің бірі осы шөлейтті жерлерді пайдалану. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей бұл жерлерді өңдеп, кәсіп көзіне айналдыруға мүмкіндік мол.


Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің мәліметінше, елімізде ауыл шаруашылығы дақылдары 21022,9 мың гектар егістікке егіледі. Ал ашық жерде өсірілген көкөністердің егіс алқабы – 139,5 мың га. Ауа райы ерекшелігі мен топырақ құнарлылығына қарай республиканың әр өңіріндегі егістік алқаптарының көрсеткіші әрқалай. Мысалы, Атырау облысында – 6,8 мың га, Батыс Қазақстан облысында – 488,2 мың га, Маңғыстау облысында 1,6 мың га жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі. Республиканың өзге өңірлерімен салыстырғанда бұл аймақтарда жердің аз игерілуі топырақ жамылғысының қатқылдығы, сортаңды, шөлейтті болуынан. Сондықтан өсімдік өсіруді дамыту үшін әлемдік тәжірибемен танысып, қолдану қажеттілігі бар.

Қазіргі пластиктен жасалған жіңішке түтіктердің пайда болуымен тамшылатып суару әдісі жандана түсті. Бұл тың дүние дәл Израильде қолданысқа енгізілді. 1959 жылы Симча Бласс пластик құбырлар бітеліп

қалмас үшін суды қысыммен айдайтын пластик мөлшерлеуіш арқылы жібере бастады. Патенттелген бұл тәсіл кең қолданылып жүр.

Израильде алма бағы тамшылатып суару әдісінің арқасында гектарына 450-750 центнер өнім береді. Бұл әдіс жүзімдіктерді суарудың өзге тәсілдерін тұтастай алмастырды. Шашыратып және атыз арқылы суаруға қарағанда, тамшылату тәсілімен түсім 20-30%-ға артып, жүзімдіктердің жылдық жеміс беру қарқыны өскен. Көптеген елдерде бақтар мен жүзімдіктерді суару үшін сағатына 2-8 л. су тамшылататын, аралары 0,70-1,25 м арнайы тесіктер бір қатардың бойына орналастырылған құбырлар жасалады. Үйреншікті суару әдісімен сирек, яғни 1-2 аптада бір рет суарылады, ал тамшылата суару – 1-3 күн ішінде 1 рет. Судың мөлшері буланудың коэффицентіне қарай анықталады.

Жерінің көп бөлігі шөл және шөлейтті аймақта өзендер жаздың аптапты күндері сарқылып қалатын, пайдалы қазбалар мен өсімдіктер дүниесі жұтаң Израильдің тамшылатып суару әдісі мен аспалы бақтарды, жылыжайларды салуда тәжірибесі мол. Шаруалар мемлекеттің иелігіндегі жерлерді 49 жылға жалға алады. Өндірісті әртараптандыру мен шоғырландыру – осы саланы шығынға ұшыратпайтын жаңа тренд. Ғылым мен техниканы ұштастырған биологтар, шаруалар тәтті әрі дәрумендерге бай қызыл бұрыш, сырты сары, іші қызыл лимон, сары түсті қарбыз, қара қызанақ секілді көкөніс пен жемістің түр-түрін ойлап табуда. Жалпы топырақта, күннің көзінде домалап жататын қарбыздар Израильде аспалы бақта өседі. Қарбыздың өсіруге ыңғайлы, салмағы 500 грамнан бастап ең ауыр дегенде 3 кг-ға дейін болатын тұқымы ойлап табылған. Фермалар арасында бәсеке өте жоғары, себебі өз технологиясын өндіріске енгізсе, кірістің 40%-ын алып отырады. Сол үшін ғалымдардың ұсынған тың идеяларын алғаш болып жүзеге асыруға дайын. Еврейлер тұщы судың тапшылығына қарамастан озық ауыл шаруашылығы технологияларын ойластырды. Израильдесуландыружүйесінің 98%-ы тамшылатасуарутәсілінқолданады.



Сүрет 1- Тамшылатыпсуару

Тамшылатып суару кезінде құбырдың бітелуінің алдын-алу үшін арнайы сүзгілер қолданылады. Ережелер бойынша, ауыз су ретінде пайдануға сәйкес тазартылмаған суды ауада шашуға да рұқсат етілмейді екен. Дұрыс жоспарланып, жобаланған және басқарылған суару жүйесі булануды азайтып, су ресурстарының сақталуына септігін тигізеді. Себебі, бұл әдіс арқылы судың өсімдік тамырына жетуі дәлірек жүреді.

Тамшылатып суару әдісінің негізгі артықшылықтары:

- алқапты тегістеуді қажет етпейді;
- топырақ эрозиясы азаяды;
- арамшөптер жиі шықпайды;
- басқа суару түрлеріне қарағанда, еңбек құны аз;
- тыңайтқыштар мен құнарлы заттардың жоғалуын азайтады;
- ең негізгісі, суды үнемдейді.

Тамшылатып суару әдісінің кемшіліктері:

- технологияларды сатып алу үшін, алғашында көп шығын шығады;
- жабдық қадағаланбаса бітелуге әкеледі;
- құбырлар кеміргіштердің кесірінен жиі жарамсыз болып қалады

Шет мемлекеттерде бұл әдісті көбіне жылыжайларда, аспалы бақтарда қолданады. Тамшылап суару – тамырға суды, тыңайтқыштарды және өсімдіктерді зиянкестерден қорғайтын агрохимиялық заттарды біркелкі жеткізу үшін де қолданылады. Өсімдікті суару үшін құбырларды топырақтың астымен де, үстімен де жүргізуге болады.

Әдебиеттер

1. Антоненко В.Н. Водоснабжение и ирригация. Учебник КазНТУ.2013
2. Антоненко В.Н., Кулагин В.В. Мелиоративная гидрогеология. Практикум по выполнению лабораторных работ. Учебное пособие КазНТУ. 2017
3. Кац Д.М., Шестаков В.М. Мелиоративная гидрогеология. Учебное пособие. МГУ.2014
4. Кулагин В.В., Шакибаев И.И., Муртазин Е.Ж., Методические указания по проведению мониторинга орошаемых земель Республики Казахстан. Астана, 2014 г.
5. Кулагин В.В., Шакибаев И.И.,Диссель Н.А., Указания по ведению мелиоративного кадастра орошаемых земель Республики Казахстан. Астана, 2011г.

ӘОЖ 332.33:636(075)

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЕГІСТІК ШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРІН ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Алымбекова Г.А.- АП-21-6к5 тобының студенті
Қонарова С.А.– аға оқытушы

Мақтаарал ауданы Түркістан облысының оңтүстігінде орналасқан. Ауданның жері Өзбекстанмен шекараласады, яғни ол Қазақстанның оңтүстік шекарасында орналасқан маңызды аймақтардың бірі. Мақтаарал ауданы Сырдария өзенінің маңында орналасып, егістікке қолайлы суармалы жерлерге бай. Аймақтың климаты құрғақ, континенттік, жазы ыстық және қысы жұмсақ болып келеді. Бұл ерекшеліктер мақта, жүгері және бақша дақылдарын өсіру үшін қолайлы жағдай жасайды. Мақтаарал ауданының жалпы ауданы шамамен 176,5 мың гектарды құрайды, оның басым бөлігі ауыл шаруашылығына арналған. Ауыл шаруашылығы жерлері, егістік 130 мыңнан астам, негізгі дақыл – мақта болып табылады.

Климаттық ерекшеліктері, қысқа жылдық орташа температурасы шамамен 0-2°С шамасында болады. Ал жаз айларында орташа есеппен температура 35-40°С-қа дейін жетеді, кейбір күндері одан да жоғары болуы мүмкін. Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері шамамен 200-300 мм құрайды. Ауданның климатына желдің әсері үлкен. Жазда жылы әрі құрғақ желдер жиі соғады, бұл кейде топырақтың ылғалдылығын азайтады. Бұл климаттық жағдайлар мақта,жүгері,бақша дақылдары және басқа да суармалы егіс дақылдарын өсіруге қолайлы. Дегенмен, су тапшылығы мен құрғақшылық қаупі ауыл шаруашылығында тұрақты суару жүйесін қолдануды қажет етеді.Мақтаарал ауданы – Түркістан облысындағы ауыл шаруашылығының басты өңірлерінің бірі. Бұл аймақтың экономикасының негізі егістік және мал шаруашылығымен тығыз байланысты болып табылады. Жер ресурстарын тиімді пайдалану, оны дұрыс орналастыру және ауыл шаруашылығы саласын дамыту үшін жерге орналастыру жұмыстарын сауатты және толық ұйымдастыру үшінмаңызды рөл атқарады.

Жерге орналастыру жұмыстарының басты мақсаты – ауыл шаруашылығы жерлерін ұтымды пайдалану, оларды тиімді игеру және аймақтың табиғи ерекшеліктерін ескере отырып, экономикалық пайда алу. Мақтаарал ауданының климаттық жағдайлары мен су ресурстарының жеткілікті болуы бұл аймақта егістік пен мал шаруашылығының қатар дамуына мүмкіндік береді. Егістік шаруашылығын ұйымдастыру. Мақтаарал ауданы негізінен мақта, жүгері және бақша дақылдарын өсірумен танымал.

Егістік жерлерді дұрыс бөлу үшін:

•Топырақтың құнарлылығы мен типін анықтау:

Әр дақылға сәйкес келетін жерлерді таңдау өнімділікті арттырады.

•Су ресурстарын басқару:

Мақтааралда суармалы егістік басым болғандықтан, су көздерін тиімді пайдалану маңызды. Каналдар мен арықтарды дұрыс жобалау және жерлерді суғару графигін сақтау қажет.

•Дақылдардың ауысу жүйесін енгізу:

Топырақтың құнарлылығын сақтау үшін егістік айналымын ұйымдастыру қажет.

Мал шаруашылығын ұйымдастыру. Мал шаруашылығын дамыту үшін жайылымдық және шабындық жерлерді тиімді пайдалану керек:

•Жайылымдық жерлерді бөлу:

Мал санына сәйкес жайылым жерлерін есептеп, олардың шамадан тыс тозуына жол бермеу.

•Шабындық жерлерді ұтымды пайдалану:

Мал азығын дайындау үшін шабындық жерлерді тиімді пайдаланып, шөптердің көпжылдық түрлерін егу ұсынылады.

•Инфрақұрылымды дамыту: Мал қораларының орналасуы, суаттар мен азық дайындау алаңдарын құру да жерге орналастыру процесінің бір бөлігі болып табылады.

Мал және егістік шаруашылығының дамуы жер ресурстарын дұрыс жоспарлау мен пайдалануға байланысты. Мақтаарал ауданының табиғи және экономикалық жағдайларын ескере отырып, жерге орналастыру жұмыстарын ұйымдастыру – ауыл шаруашылығының тұрақты дамуының негізі. Жерді ұтымды

пайдалану, экологиялық тепе-теңдікті сақтау және инновациялық әдістерді қолдану аймақ экономикасының өсуіне ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Қасымбеков, С.Қ. (2015). Жерге орналастыру негіздері. Алматы: ҚазҰАУ баспасы. – 245 б.
2. Сағындықов, Е.С. (2018). Ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану мәселелері. Нұр-Сұлтан: Фолиант. – 312 б.
3. Әубәкіров, Ж.Қ., Бейсенов, А.Т. (2020). Қазақстанда жер ресурстарын басқару жүйесі. Алматы: Экономика. – 198 б.
4. Мусин, Қ.С. (2017). Жер кадастры және жерге орналастырудағы жаңа технологиялар. Шымкент: Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті баспасы. – 276 б.

ӘОЖ 541.18

ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫН ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖОБАСЫ

Аман Е.К. - АП-21-6к4 тобының студенті
Даулетбаев Б.У. - а-ш.ғ.к., доцент

Шаруа қожалығы ауыл шаруашылығының маңызды саласы болып табылады, ал оның тиімді жұмыс істеуі жерді дұрыс пайдалануға, оның құнарлылығын сақтауға және өндірістік процестерді оңтайландыруға байланысты. Шаруа қожалығын жерге орналастыру жобасы жер ресурстарын тиімді пайдалану, аграрлық өндірісті дамыту, экологиялық тұрақтылықты сақтау және ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында маңызды рөл атқарады.

Шаруа қожалығын жерге орналастырудың маңызы.

Жерге орналастыру процесі — бұл шаруа қожалығын дамыту үшін қажетті жер учаскелерін бөлу, оның ішінде егіншілік, мал шаруашылығы, бақша және басқа да ауыл шаруашылығы салалары үшін жер бөлу мен орналастыру. Бұл процесс әртүрлі аспектілерді қамтиды, соның ішінде жердің құнарлылығын арттыру, өнімділікті арттыру және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Жергеорналастырудыдұрысұйымдастыруарқылы:

Жерді тиімдіпайдалану — жер ресурстарыұтымдыжәнеэкологиялық таза әдістерменпайдаланылады.

Өнімділікті арттыру — егіс алқаптарын дұрыс бөлу, топырақтың құнарлығынсақтауарқылыөнімділіккөбейеді.

Қаржылық тиімділік — жердіңтиімсізпайдаланылуынажолберілмейді, бұл қожалықтың табысын арттырады.

Қоршаған ортанықорғау — экологиялық тазалықты сақтаумақсатында агротехникалық шаралар қолданылады.

Жерге орналастыру жобасының кезеңдері.Жерге орналастыру жобасын әзірлеу бірнеше кезеңнен тұрады, әрқайсысы өз міндеттеріне және мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылады.Алдын ала зерттеужәнежоспарлау.Шаруақожалығынжергеорналастырудыңбіріншікезеңі — осы жобаны жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты жинау. Мұнда жердің географиялық орналасуы, табиғиресурстары (су, топыраққұрамы, климаттықжағдайлар), шаруашылықтыңқажеттілігі мен мақсаттары ескеріледі.Жердің құнарлылығы мен оның пайдалану мүмкіндіктері зерттеледі.

Ауыл шаруашылығы салаларының қажеттіліктері анықталады (егіншілік, мал шаруашылығы, көкөніс дақылдары, т.б.).Жер ресурстарын тиімді пайдалану жолдары қарастырылады.Шаруа қожалығын жерге орналастырудың экономикалық және экологиялық әсері.

Шаруа қожалығын дұрыс жерге орналастыру арқылы бірнеше экономикалық артықшылықтар алуға болады:Жердің тиімді пайдаланылуы өндіріс шығындарын азайтады.Өнімнің сапасы мен көлемі артқан сайын табыс көлемі ұлғаяды.Жерді дұрыс пайдалану шаруашылықтың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Шаруа қожалығын жерге орналастыру жобасы ауылшаруашылығының дамуына, ауыл тұрғындарының әл-ауқатынарттыруға және экологиялық қауіпсіздікті сақтауға маңызды әсеретеді. Жердің тиімді пайдаланылуы өнімділікті арттырып, шаруашылықтың табысын көбейтуге мүмкіндік береді. Бұл жобаның дұрыс жүзеге асырылуы ауылшаруашылығының түрлісалаларындатиімділікті қамтамасыз етеді және ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Т.М.Блисов Б 69 Жер кадастры:Оқу құралы - Қостанай: А.Байтурсынов атындағы ҚМУ, 2015. – 94 б.
2. European Journal of Natural History - Scientific Journal - ISSN 2073-4972 (world-science.ru)

ӘОЖ 796.276

ӘКІМШІЛІК АУДАНДАРДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖОСПАРЛАРЫ

Амангелді А.Т.– АП-21-6тк тобының студенті
Шаймерденова А.А. – PhD докторы, ассоц.профессор

Стратегиялық міндет ретінде жерді пайдалануды оңтайландыру жер учаскелерін пайдаланудағы басымдықтарды айқындау және оларды ұтымсыз пайдаланудан қорғау мақсатында аумақтық бірліктер деңгейінде егжей-тегжейлі бағдарламалар әзірлеуді көздейді. Бұл бағдарламалар ресурстарды мақсатты басқарудың негізі болып табылады және аймақтың экономикасының да, әлеуметтік құрылымының да ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Жер ресурстарын басқару саласындағы стратегиялардың негізгі бағыттары мен міндеттері:

1. Аумақтарды басымдықпен дамыту: Жерді пайдалану оңтайлы аймақтарын оның сипаттамалары, әлеуеті және аймақтық экожүйенің нақты қажеттіліктері негізінде анықтау.

2. Жер ресурстарын қорғау: Топырақтың ластануына, құнарлылығының нашарлауына және жоғалуына жол бермеу бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру.

3. Экономикалық ұтымдылық:

- Жерді оның экономикалық мүмкіндіктері мен табиғи жағдайларын ескере отырып, орынды пайдалануды жоспарлау.

- Экологиялық шектеулерді сақтай отырып, максималды экономикалық табысқа жету үшін жерді пайдалануды оңтайландыру.

4. Аумақтардың орнықты кешенді дамуы: ұзақ мерзімді перспективада өңірлердің үйлесімді дамуы үшін қызметтің әртүрлі салаларының (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және т.б.) мүдделерін үйлестіру.

Қазақстандағы стратегиялық жоспарлау және даму ерекшеліктері.

Қазақстанда жер ресурстары экономикада маңызды орын алады. Елдің жерінің көп бөлігі ауыл шаруашылығына пайдаланылатындықтан, жерге орналастыру стратегиясы:

Ауыл шаруашылығындағы ресурстарды үнемдеуге және жайылымдардың тозуымен күресуге бағытталған. Су тапшылығы жағдайында жерді оңтайлы пайдалану. Нәзік экожүйесі бар аймақтарда экологиялық тепе-теңдікті сақтау.

Жерге орналастыруды жоспарлау шеңберіндегі іс-шаралардың мысалдары:

Жерге орналастыру жүйесін енгізу. Қазақстандағы стратегиялық жоспарлаудың ерекшеліктері Қазақстанда жер ресурстары экономикада маңызды орын алады. Елдің жерінің көп бөлігі ауыл шаруашылығына пайдаланылатындықтан, жерге орналастыру стратегиясы: ауыл шаруашылығындағы ресурстарды үнемдеуге және жайылымдардың тозуымен күресуге бағытталған. Су тапшылығы жағдайында жерді оңтайлы пайдалану. Нәзік экожүйесі бар аймақтарда экологиялық тепе-теңдікті сақтау.

Жерге орналастыруды жоспарлау іс-шараларының мысалдары:

Жер жағдайын бақылау жүйелерін енгізу. Аумақтарды картаға түсіру үшін цифрлық технологияларды қолдану. Өнеркәсіптік қызмет нәтижесінде бұзылған жерлерді рекультивациялау. Топырақ сапасын жақсарту бағдарламаларын құру Қоршаған ортаны қорғау шараларын өткізуге аумақтарды бөлу. Жерге орналастыру жоспарларын жүзеге асырудағы мәселелер. Іс-шараларды жүзеге асыру үшін қаржылық ресурстардың шектеулілігі. Жер ресурстарын басқару бойынша білімі бар мамандардың жетіспеушілігі. Мемлекеттік басқарудың әртүрлі деңгейлері арасындағы қайшылықтар. Азаматтық қоғамның хабардарлығы мен қатысуының болмауы.

Стратегиялық жерге орналастыру жоспарларының негізгі құрамдас бөліктері:

1. Жердің қазіргі жағдайын талдау:

- жер ресурстарын толық түгендеу.

- пайдаланылмайтын немесе нашарлаған жер учаскелерін анықтау.

- аумаққа экологиялық факторлардың әсерін бағалау.

2. Жерді пайдаланудағы өзгерістерді болжау:

- жер пайдалану құрылымының мүмкін болатын қайта құруларын зерттеу.

- урбанизация және климаттың өзгеруі сияқты жаһандық процестердің әсерін талдау.

3. Аумақтарды аймақтарға бөлу:

- әртүрлі жер пайдалану аймақтары бар картографиялық материалдарды әзірлеу.

- ерекше қорғалатын аумақтарды, өнеркәсіптік кластерлерді және ауыл шаруашылығы аймақтарын анықтау.

4. Жер ресурстарын сақтау шаралары:

- бүлінген топырақ учаскелерін қалпына келтіру.

- эрозиямен, шөлейттенумен және басқа да келеңсіз табиғи процестермен күресу.

5. Жерді пайдалануды басқаруды жүйелі түрде жетілдіру:

- жер-кадастрлық тіркеуді жаңғырту бойынша ұсыныстар әзірлеу.

- топырақ жамылғысының жағдайын бақылаудың заманауи технологияларын енгізу.



1-сурет. Облыстар мен қалаларды стратегиялық жоспарлау.

Жерге орналастырудың стратегиялық жоспарлары жерді дұрыс басқарудың негізгі құралы болып табылады. Оларды сәтті жүзеге асыру заманауи технологияларды қолдану, жергілікті халықпен өзара әрекеттесу және жердің жағдайын үнемі бақылау арқылы ғана мүмкін болады (1 – суретте көрсетілген).

Бүкіл дүние жүзіндегі сияқты Қазақстанда да мұндай жоспарлар жерді пайдалану тиімділігін арттырып қана қоймай, олардың болашақ ұрпақ үшін сақталуын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

1. В.М. Груздев «Территориальное планирование» - нижний Новгород: 2018г. – 118 с.
2. Паламарчук Н.А. «Әкімшілік округтің жерге орналастыру сұлбасын әзірлеу тәсілдері»-Одесса: 2020 ж. 2б.
3. Даманова Г. «Жерді басқару әкімшілік ауданы» - Астана: 2022 ж. – 5 б.

ӘОЖ 332.33:004

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕР ҚОРЫНДАҒЫЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Амангелді А.Т. – АП-21-6тк тобының студенті
Есімов Е.Қ. – т.ғ.к., доцент

Адам-табиғаттың саналыы жаратылысы, ол өзінің өміріне керекті азық-түлік қорын өзі алады. Биологиялық даму кезеңінде алғашқы адамдар табиғи ресурстарды сол күйінде пайдаланды. Бұрынғы кезде адамзат саналы түрде өз шаруашылығымен айналысатын, мәдени өсімдіктер өсіретін және жануарлардың бірнеше түрін қолда ұстайтын.

Халық санының өсуімен табиғи ресурстарды пайдалану айтарлықтай өсті . Енді бос жердің иесі бар, су табылды, жер мен оның байлығына байланысты даулар басталды. Мұның бәрі табиғатқа бұрын-соңды болмаған зиян келтірді. Бастапқыда Табиғи ресурстар таусылмайтын болып көрінгенімен, адам біртіндеп оның қорлары таусыла бастағанын байқады. Мысалы, Дүниежүзілік орман қоры км2 үшін 40 миллион долларды құрайды, оның 35% - ы өткен ғасырда өмір сүрген адамзат қоғамы табиғатты сақтау қажеттілігін түсіне бастады. Ол үшін табиғи ресурстарды ескеріп, оларды тиімді пайдалану қажет. Табиғатты қорғау бойынша маңызды құжаттар қабылданып, оның ғылыми негіздері қаланды.

Әрбір мемлекеттің ұлттың табиғат қорғау барысында ежелден қалыптасқан салт-дәстүрлері бар. Олардың негізін қалаушы ата-бабаларымыздың ой-өрісінен туындаған аңыздар мен ақиқаттар – өмір тәжірибелері.

Табиғатты қорғаудың негізгі мақсаты-оның ресурстарын тиімді пайдалану арқылы оны болашақ ұрпаққа беру.

Табиғи ресурстар таусылмайтын және таусылмайтын, төмен энергиялы болып бөлінеді. Әлемдегі судың үлесі бүкіл жер бетінің 2/3 құрайды. Демек, оның қорлары үнемі айналады және қалпына келтіріледі . Ал экожүйенің таралуы уақыт пен кеңістікте салыстырмалы түрде өзгермелі . Нысандар

Жойылатын қорлар өз кезегінде жаңартылатын және жаңартылмайтын болып бөлінеді. мысалы, пайдалы қазбалар, мұнай және көмір қорлары қалпына келмейтін байлық көзі болып табылады. Адам тұтынатын қорларды өте мұқият пайдалану болашақ ұрпақты алаңдатады:

Қалпына келетін қорлар да адамның ақыл-ойына тәуелді болады. Олар – топырақ, өсімдік пен жануарлар әлемі. Аталған қорларды барынша пайдалану, біржола жойып жіберуге апарады. Топырақ қара

шіріндісінің түзілуі өте ұзақ – мыңдаған жылдарға созылады, ал оның бүлінуі әп-сәтте. Осыған орай адам баласы топырақтың құнарлығын сақтау үшін агротехникалық шараларды дұрыс қолданып, қосымша органикалықминералды тыңайтқыштар беріп отырады. Топырақтың тозуы көптеген антропогендік факторларға байланысты. Соның негізгілері – топырақ эрозиясы, тозуы, шөлге айналу және ластану. Осының бәріне де адамның іс-әрекет ісебепші.

Табиғат қорғау заңын орындау негізгі ұстанымдары мен ережелеріне негізделген.

Табиғатты қорғаудың бірінші позициясы. Мысалы, орман ағаштары тек қана құрылыс материалы үшін ғана емес, сонымен қатар климатты реттеп отырушы, ылғал көзі, дәрі-дәрмек, аң мен құстыңтіршілік ортасы, топырақты қорғаушы және адамзат денсаулығының кепілі екендігін ескеріп отыру керек.

Табиғатты қорғаудың екінші позициясы. Табиғи ресурстарды пайдаланған кезде оның қоршаған аймақ үшін маңызы жәнежер қорын тиісінше есептеу. Бұл негізінен ормандар мен су ресурстары үшін керек. Мысалы, оның Арал теңізі үшін қажеттілігі Амудария мен Сырдария өзендері ауыл шаруашылық дақылдарын суару кезінде тиісінше қадағаланбады.

Табиғи ресурстарды пайдалану кезінде олардың өзара байланысты екенін есте сақтау керек. Яғни, табиғаттың тарихи және табиғи байланысын, тепе-теңдікті орнату процесін бұзбаған абзал. Мысалы, Семей өңірінде Шыңғыстау ормандарын отырғызу үшін ормандарды кесу бұл аймақты Шураның аңшылық алқаптары мен жайылымдарынан айырды:

Адам баласы табиғатты қорғау үшін оның заңдылықтары мен негізгі ұстанымдарын білуге міндетті:

Табиғатта ешбір зат жойылып кетпейді. Егер адам баласы жаңа бір затты ойлап тапса оның табиғатқа кері жағын да қарастыру керек. Ол зат табиғи айналымға түсуі қажет. Мысалы, адам полиэтиленді ойлап шығарды. Полиэтилен табиғатта айналымға түспейді. Себебі, оны ыдырататын редуцент (бактерия) жоқ. Осыдан барып жер бетінде қоқсықтар көбеюде.

Материалдардағы барлық өзгерістер энергия шығындары есебінен болады. яғни, бұл энергияны сақтау заңы бойынша іске асырылады. Ол үшін адамзат табиғатты пайдалану арқылы оның өндірісі мен артуын біріктіру бойынша адам мен табиғаттың қауіпсіздігін қамтамасыздандыру керек:

Қоршаған ортадағы экологиялық тіршілік және ондағы қатынастар біртекті дамудың ұзақ эволюциясының нәтижесі болып есептеледі. Сондықтан адамзат оған кедергі жасамау керек. Егер кедергі болса, бұл біртұтас экологиялық апаттарға әкеліп соғуы мүмкін. Осыған орай экология ғылымы бірқатар маңызды мәселелерге тап болады:

А) өндірістік, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы кешендерін дамыту кезінде табиғатқа жүктеме ең аз болуы тиіс;

Б) адамзат пен табиғат ортасындағы экологиялық қауіпсіз өнімді өндіру мен ұйымдастыру кезінде сақталуы қажет;

в) табиғати ресурстарды игеру кезінде олардың қоршаған ортаға жағымды әсеріне қатты аудару керек;

В) табиғи ресурстарды алдыңғы күйінде сақтау үшін қорықтардың, ұлттық парктердің және басқа да жеке қорғалатын объектілердің санын көбейту қажет:;

г) қоршаған ортаны адам денсаулығын сақтау үшін экологиялық қауіпсіздік шараларын сақтау керк.:

Қорыта айтқанда, адам баласы табиғат қорларын пайдаланбай өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан табиғат қорларын ғылыми негізде, қайта түлете отырып пайдалану және қорғау мақсат етіліп қойылуы тиіс, Табиғат заңдарында көрсетілген ұстанымдар мен ережелерді орындау әрбір азаматтың міндетті борышы екенін естен шығармайық.

Әдебиеттер

1. Биология: Жалпы білім беретін мектептің, 9-сыныбына арналған оқулық, 2-басылымы, өңделген/
2. М. Гильманов, А. Соловьева, Л. Әбшенова. - Алматы: Атамұра, 2009. ISBN 9965-34-927-4
3. Н.Ә. Назарбаев «Бейбітшіліккіндігі». – Астана «Елорда», 2001
4. О. Жанайдаров «Меніңелім - Қазақстан». – Алматы: «Балаусабаспасы», 2003
5. Журнал «Арай» 1988 жыл № 10
6. Қазақстанның физикалық географиясы, Алматы: Атамұра, 2008. ISBN 9965-34-809-X
7. Есимов Е.Қ, Онгарова А.Х, Сұлтанбекова П.С. «Жерді жақсарту». Шымкент, 2017ж.
8. 7. Есимов Е.Қ., Онгарова А.Х. «Жерді пайдалану мен қорғаудағы мемлекеттік бақылау» . Шымкент, 2021ж

УДК 541.18

ЖЕРДІҢ САПАСЫН ЕСЕПКЕ АЛУ. ЖЕР УЧАСКЕСІНІҢ АЛҚАПТАР ТҮРЛЕРІ МЕН ТОПЫРАҚ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША САПАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Амангелді Д.Р.–АП-22-6к1 тобының студенті, **Жарқымбек К.Е.** – АП-21-6к4тобының студенті
Кыдырбаева Д.Б. – магистр, оқытушы

Жер ресурстарының сапалық жағдайын айтпас бұрын Жердің не екеніне тоқталып өтсем. Жер - қоғамның дамуында маңызды рөл атқаратын табиғи ресурстардың бірі. Жердің сапалық жағдайын жан-жақты зерделеу қажет, себебі ол жерді ұтымды пайдалану мүмкіндігін көрсетеді. Бұл мақала жер учаскелерінің алқап түрлері мен топырақ сипаттамаларын талдауға арналған. Енді жер учаскелерінің алқап түрлерін айтатын болсам олар төртке бөлінеді. Олар: ауылшаруашылық алқаптары, орманды алқаптар, су алқаптары, қалалық алқаптар.

Тамшылатып суару технологиясы ең үнемді болып саналады. Бұл әдіс көбінесе судың жетіспейтін жері қиын жерлерде қолданылады. Қарқынды бақшаларда аэрозольді суару тек қана қолданыладыауаны ылғалдандыруға және ағаштардың жапырақтарын шаңнан тазартуға мүмкіндік беретін қосымша технология ретінде. Ұсақ дисперсті әдістің шашыратумен салыстырғанда артықшылығы, оны қолданғанда жеміс ағаштарының жасыл бөліктерінде күйік пайда болмайды.

Қорытынды: Зерттеу жүргізу нәтижесі бойынша жеміс бағындағы ағаштарының өсу көрсеткіштеріне (ағаш биіктігі, бөрік басы диаметрі, өркендер саны, ұзындығы) мен өсу көрсеткіштеріне (өркен ұзындығы, жапырақ ауданы) әсері айтарлықтай байқалмады. Тек ағаштарының жапырақтылығы бойынша «тікелей бақта» және «контейнерде» өсіріліп баққа отырғызылған нұсқаларда біршама жоғары болды.

Әдебиеттер

1 Олейченко, С.Н. Состояние и перспективы реформирования садоводческой отрасли Казахстана /Олейченко С.Н. //Стратегия научного обеспечения АПК РК в отраслях земледелия, растениеводства и плодоводства: реальность и перспективы- А.: Агроунивеситет, 2004.-С.16-20.

2 Интенсивные технологии производства плодов на юго-востоке Казахстана /Карычев Р.К., Куцуков А.С., Якушкина В.М., Баимбетов А.К., Сертешев Ж., Жылкайдаров Ж.Ч. //Стратегия научного обеспечения АПК РК в отраслях земледелия, растениеводства и садоводства: реальность и перспективы – А.: Агроуниверситет, 2004. – С.63-65.

3 Драгавцев, А.П. Южное плодоводство /Драгавцев А.П., Трусевич- М.: Колос,1970. – 94с.

4 Үкібасов, О.А. Жеміс-жидек дақылдарының отырғызу материалдарын өсіру технологиясы /Үкібасов О.А. - ПСОӘК, 2012. – 17-20б.

УДК 619:616.993.193

ИНВАЗИЯЛЫҚ АУРУЛАРДЫҢ МАУСЫМДЫҚ ДИНАМИКАСЫ

Байбөрі А.А. –АП-20-8К2 тобының студенті
Жаңбырбаев М. -в.ғ.к, доцент

Зерттеу жұмыстары 2023-2024ж.ж. аралығында М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінде, Оңтүстік Қазақстан обылысы, Жетісай ауданы, «Мырзакент» шаруа қожалығында, Оңтүстік Қазақстан ветеринариялық ғылыми-зерттеу станциясы филиалында орындалды.

Диктиокаулезге диагноз қою үшін аурудың клиникалық көріністерін, эпизоотологиялық деректерді еске алады, ал оны нақтылы дәлелдеу үшін гельминтолярвоскопиялық Вайда немесе Берман-Орлов әдісітері қолданылды. Ол үшін бір отар қойдың 25-30 % басының құмалағы тексерілді. Диктиокаул балаңқұрттарын басқа нематодалардың личинкаларынан ажырату үшін оларды метилен көгінің 0,1 % сулы ерітіндісімен бояйдық. Диктиокаул балаңқұрттары көкшіл түске боялды, ал басқа личинкалардың өңі өзгеріссіз, сол қалпында қалады. Өлексенің кеңірдегін кесіп ішінен құрттарды іздестірдік, ал табылмаған жағдайда, олардың балаңқұрттарын Берман тәсілімен табтық (өкпенің ұсақталған ұлпаларын гельминт личинкаларына зерттеу).

Қой стронгилятозының жастық-маусымдық динамикасы мен паразиттер фаунасының құрамы Фюллеборн, Дарлинг және Берман-Орловтың копрологиялық әдістерімен, сондай-ақ, малдардың ұлтабарын, ішектерін жеке ағзаларды толық гельминтологиялық союәдісімен зерттелді. Тірі кездегі гельминтоздардың диагностикасын клинико-эпизоотологиялық және лабораториялық зерттеу әдістері арқылы жүзеге асады. Ерте диагностика кезінде ауруды табу қиынға соққан кезде де сою барысындағы патологиялық өзгерген мүшелердің гельминтологиялық зерттеулерін қолданады.

Гельминтоздардың клинико-эпизоотологиялық зерттеу әдістері. Табиғи және шаруашылық жағдайда бір жануарлар гельминттердің әр түрлерін жұқтырады. Бір инвазияның екінші инвазиямен араласуы жүреді. Аралас инвазия кезінде тірі кездегі диагностика жүргізу күрделенеді. Көптеген қиындықтар ерте инвазияның кезеңінде пайда болады, өйткені гельминттер дамуын аяқтамай жатып қоршаған ортаға жұмыртқалар мен дәрнәсілдерін бөліп шығара алмайды, сондықтан оларды анықтау мүмкін емес. Гельминтоздың клиникалық көрінуі – егесі мен қоздырушы арасындағы қарым-қатынастың қорытындысы.

Зерттеуге керекті құрал-жабдықтар:биологиялық микроскоп, зат әйнектері, Петри табақшалары, сағат әйнектері, шыны ыдыстар, фильтрациялық сүзгіштер, шыны таяқшалар, сақинасының диаметрі 8-10мм темір петлялар, көз пипеткалары, центрифуга, центрифуга пробиркалары, сүт қышқылы, гидрофильді целлофан, флотациялық ерітіндінің тығыздығын тексеретін денсиметр, Берман аппараты, марля, мақта және т. б. керекті құралдар қолданылды.

Зерттеу нәтижелерін талқылау

Қойлардың диктиокаулез ауруына қарсы гельминтологиялық зерттеулер Жетісай ауданындағы "Мырзакент" шаруа қожалығында жүргізілді. Бақылауға 190 бас қой алынып екі жыл бойы әр ай сайын бақылауда болды. Нәтижелері № 1 Кестеде көрсетілген..

Кесте 1-Жетісай ауданы "Мырзакент" шаруа қожалығындағы қойдың инвазиялық ауруының 2023-2024жылдардағы маусымдық динамикасы

№ р /с	Жыл, ай	2022				2023			
		Тәжіриб едегі мал бас саны	Анықт алған ауру малдар	ИЭ%	ИИ%	Тәжірибед егі мал бас саны	Анықта лған ауру малдар	ИЭ%	ИИ%
1	Қаңтар	70	-	-	-	100	-	-	-
2	Ақпан	70				100	-	-	-
3	Наурыз	70	4	5,7	5,4	100	6	6,0	3,8
4	Сәуір	70	8	11,4	7,9	100	13	13,0	8,5
5	Мамыр	70	14	20,0	13,5	100	38	38,0	9,2
6	Маусым	70	37	52,8	24,0	100	57	57,0	12,8
7	Шілде	70	31	44,2	21,2	100	33	33,0	9,3
8	Тамыз	70	23	32,8	6,8	100	22	22,0	3,7
9	Қыркүйек	70	3	4,2	4,3	100	5	7,0	1,6
10	Қазан	70	-	-	-	100	-	-	-
11	Қараша	70	-	-	-	100	-	-	-
12	Желтоқсан	70	-	-	-	100	-	-	-

1 Кестеден көрініп тұрғандай, ауруға арнайы талдау жүргізгенімізде 2022 жылы инвазияның экстенсивтілігі маусым айында 52,8% пайызына тура келді, 2023 жылы маусым айында – 57,0% болды. Ал инвазияның интенсивтілігі, 2022жылы залалданғаны 57 болды, 2023 жылы сол көрсетілген айда 12,8 болды. Нәтижелері 1 кестеде көрсетілген.

Сонымен біздің тексерулеріміздің нәтижесінде инвазияның экстенсивтілігі және интенсивтігі қойлардың азықтануына, өсіру жағдайына қарамастан клиникалық белгілері наурыз айынан бастап тіркеле бастағаны байқалып, инвазияның экстенсивтілігі мен интнсивтілігінің ең жоғары деңгейі маусым айларына тура келеді. Диктиокаулезбен ауырған малдың минималдық көрсеткіштері көктемгі наурыз және күзгі қыркүйек айларында яғни 2022 жылы тиісінше 4 және 3 бас, ал 2023 жылы тиісінше наурызда 6 бас ,қыркүйекте 5 бас қана инвазияланғаны анықталды. Жылдың қалған 5 айларында диктиокаулезбен ауырған қойлардың тіркелмегені белгілі болды. Нәтижесінде Жетісай ауданы Мырзакент шаруа қожалығында қойлардың нематоздық диктиокаулез ауруымен зақымдануы немесе маусымдық динамикасы көктемгі наурыз айынан басталып, күзгі қыркүйек айына дейңн созылатыны белглі болды.

Қорытынды

Жетісай ауданы, «Мырзакент» шаруа қожалығындағы қойларда диктиокаулездің клиникалық белгілері бір жастан жоғарғы малдарда байқала бастайды. Жасы ұлғайған сайын инвазияның экстенсивтігі және интенсивтігі арта түседі де маусым айында ең жоғары көрсеткіш орын алады. .Маусымдық динамикасы ерте көктемде наурыз айынан басталып, күзгі қыркүйек айының соңына дейін орын алатыны белгілі болды.

Әдебиеттер

1. Абуладзе К.И и др. Паразитология и инвазионные болезни сельскохозяйственных животных // под ред. К.И. Абуладзе. - М.: Агропромиздат, 1990. - С.327-340.
2. Акбаев М.Ш. Паразитология и инвазионные болезни животных. // под ред. М.Ш. Акбаева. - М.: Колос, 2001. - С.159-171.
3. Ерболатов К.М., Кожумуратов Т.А. Эпизоотическая ситуация по диктиокаулезам жвачных животных в Казахстане // Терапия и профилактика паразитозов с-х животных. Алма-Ата. - 1992- с. 31-42.
4. Карамендин К.О.,.,Ерболат К.М. Вопросы ранней диагностики диктиокаулеза животных. Сборник научных трудов. Каз. НИВИ, Том L. Алматы,- 2003, с. 264-267.
5. Карамендин К.О.Эпизоотическая ситуация по диктиокаулезу овец на юге Казахстана. Сборник научных трудов. Том LКаз НИБВИ,Алматы,-2003, 267-269б.

ӘОЖ 619.590.5

УАҚМАЛДАРЫНЫҢТӨЛ АРАСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ЭЙМЕРИОЗ АУРУЫН ЕМДЕУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫН ЖҮРГІЗУ.

Байжуман Д.Р. - АП-20-8к3 топ студенті
Тұтқышбай И.А. - в.ғ.к., доцент, РЖА профессоры

Қазіргі таңда елімізде соның ішінде оңтүстік өңірінде уақ малдарының төл арасында паразитарлы аурулар көптеп кездеседі және шаруашылыққа едәуір шығын келтіреді. Паразитарлы ауруларды емдеу, алдын алу малдәрігерлерінің міндеті.

Инвазиялық ауруға бейімді жануарларға оның қоздырғыштары ауыз арқылы, тері арқылы, тасымалдаушылар және тікелей жанасу арқылы да, сондай-ақ аралас жолмен де жұғады. Паразиттерге қарсы шараларды жүргізгенде, олардың табиғатта өсіпөнуіндегі ерекшеліктерін, сондай-ақ тасымалдаушылары мен аралық иелерін, яғни аймақтық, эпизоотологиясын ескеру шарт. Бірқатар инвазиялық ауруларда тікелей өлім-жітім болмағанымен жануралардың өнімі төмендейді, сондай-ақ олардың қалыптағы физиологиялық өсіп-жетілуі тежеледі. Сондықтан да жануарлар организмінде байқалған патологиялық өзгерістерді полиэтиологиялық факторлар әсерінен шартты патогенді факторлардың ара-қатынасы бұзылуы салдарынан туындаған өзгерістер ретінде жан-жақты қарастыру қажет.

Сондықтан біз паразитарлы аурулардың ішінде төл қозылардың эймериоз ауруын заманауи дәрілермен емдеу және алдын алу экономикалық тиімділігін қарастырдық.

Осы ауруларды анықтау мақсатында қозылардың құмалақтарын, яғни капрологиялық тексеруді ұйғардым. Өзіндік зерттеу жұмысымды Ордабасы аудандық ветеринарлық зертханасында жүргіздім. Тексеруге әкелінген материал әр жастағы қозылардың құмалақтары.

Мен бұларды құрт жұмыртқаларын табу мақсатында сынамалар жасап, Дарлинг әдісімен тексердім паразитолог ветеринар дәрігерлермен.

Дарлинг әдісі. Өлшеп алынған құмалақты шағын көлемдегі сумен араластырып ездім, осыдан шыққан қойытпақты шыны түтікке - центрифуга пробиркасына сым елеуіштен өткізіп сүзіп, 2 минут айналдырғыш аспабымен - центрифуга аппаратымен айналдырамыз.

Бұл кезде құрт жұмыртқалары тұнбаға шөгеді. Осыдан кейін түтіктегі сұйықтың жоғарғы бетін төгіп тастап тұнбаға тепе - тең мөлшерде глицирин және қаныққан ас тұзы қоспасын Дарлинг ерітіндісін қостым. Пробиркадағы түтіктегі қоспаны сыртқа төгілмейтіндей етіп шайқап, тағы да екі минут айналдыруға қоямыз.

Соңынан темір тұзақшамен сұйықтың бет жағыннан сыдырып алып ақырын ғана төсеніш шыныға сілкіп, үстін шыны жапқыш шынымен жауып, микроскоппен қараймыз. Бұл әдіспен құрт жұмыртқасымен бірге эймерилердің ооцистерін табуға болады.

Төл қозылардың эймериозын емдеуге Стоп-кокцид препаратын сынау нәтижесі

Стоп – кокцид препараты бұзау және қозы, лақ торай мен иттердің кокцидиозын емдеу және алдын алу үшін қолданылады.

1. Дәрілік препараттың сатылымдық аталуы Стоп-кокцид (Stop-coccid)

Әсер етуші зат - толтразурил. Суспензия түрінде ауыз қуысы арқылы беріледі.

Стоп-кокцид 1 мл құрамында әсер етуші зат толтразурил 50 мг көмекші заттар бензоат натрий – 1,5 мг, карбоксиметилцеллюлоза – 1,5 мг, цикламат – 65 мг, сахарин – 65 мг, аспартам – 65 мг, лактоза – 2 мг, полиэтиленглюколь – 100 мг, твин – 80- 6 мг, аэросил – 6 мг, дистильденген су 1 мл.

Фармакологиялық қасиеттері. Стоп-кокцид триазинтрион тобына жатады.

Дәрілік препараттың құрамындағы толтразурил жасушаішілік паразиттердің даму сатыларын тежейді. Кокцидиилердің барлық түрлеріне әсер етеді. Эймерий, изосприи, т.б.

Толтразурил кокцидий ядроларының бөліну процесін және митохондрияны тежейтін әсерге ие. Макрогаметоциттердің түзуілу процесін бұзады.

Тыныс алу ферменттерін тосқауылдайды, нәтижесінде паразиттердің өлуіне әкеліп соқтырады. Препараты шприц дозатордың көмегімен жекелеп ауыз қуысы арқылы береді.

Кесте 1.Стоп – кокцид ветеринарлық препаратының берілу нұсқамасы

Малдың түрі	Жасы	Малдың 1 кг салмағына дәрілік препараттың мөлшері		Препараттың қолдану узақтылығы
Бұзау, қозы және лақ	14 күннен бастап	15	0,3	Бір рет

Шаруашылықта бұған дейін паразитоздарға қарсы жылына 2 рет, көктемде және күзде тек Ивермек дәрісі қолданылып келген. Оның цестодоздарға қарсы әсері төмен екені ескеріліп, ішек құрт паразитоздарына қарсы Бровальзен препаратын қосымша қолдандық. Өйткені бұл дәрі нематодоздар мен цестодоздарға бірдей

әсер етеді. Уақ мал қойлардың эймерийлермен зақымдануының ИИ-гі төмен, сондықтан дәрі қолданылған жоқ.

Бровальзен ұнтағы

Ақ түсті иіссіз ұнтақ

1 гр препараттың құрамында әсер етуші зат 75 мг альбендазол

1гр 10 кг салмаққа есептеп беріледі.

Альбендазол бензимидазол тобына жатады. Бұл топтағы ветеринарлық препараттың әсері ақуыздың түзуілуін тежейді, жасушаішілік қоректік заттардың тасмалдануы және оның түсуі бұзылады, сондай-ақ фумаратредуктаза жолы арқылы митохондриалды реакция төмендеудің нәтижесінде паразиттердің өлуіне әкеледі.

Бровальзенпрепаратынішке, жеке, немесетоптапберугеболады. Бізжекелеп, нұсқауға сай әруақ мал саулыққойға 10 кг тірісалмаққа 1 гр-нанесептепбердік.

Қарсы көрсеткіштер буаз уақ мал аналықтарға қолдануға болмайды.

Препаратты қолданғаннан кейін сойылған уақ мал қойдың етін қолдануға 7 тәуліктен кейін рұқсат етіледі.

Ал ішкі органдарын (бауыр, өкпе, жүрек) тамаққа қолдану үшін 20 тәуліктен кейін ғана қолдануға рұқсат беріледі. Сүтті 2 тәуліктен кейін қолдану рұқсат етілген.

Бровальзен препаратын қозылардың гельминтозына қарсы сынаудың нәтижесі 13 – кестеде көрсетілген. Ветеринарлық препаратты сынау үшін 2 топ құрылды. 1–ші топтағы қойларға бровальзен ұнтағы берілді. Ал 2-топтағы уақ мал қойларға ешқандай дәрі берілмеді. Дәрі берілген 1 – топтағы қойлардың құмалағын қайталап тексергенде гельминт жұмыртқалары анықталмады. Дәрі берілмеген 2–топ уақ мал қойларының құмалақтарынан жұмыртқалар анықталды. Осылай бровальзен препаратының тиімділігі 100% екені анықталып отыр.

Шаруашылықтағы уақ мал төл қозылардың гельмитоовоскопиялық зерттеу нәтижесінде эймерийлермен залалданудың ИИ – 1-50 ооциста, ИЭ - 100% екенін анықтадық. Ал, төл қозылар мониезиоз, нематодироз, стронгилятоз ауруларынан таза болды. Уақ мал төл қозылардың эймериозын емдеу үшін Стоп-коксид дәрілік препаратын қолданып эймерийлерге қарсы әсері 100% екенін анықтадық.

Шаруашылықта Стоп-коксид пен бровальзенветеринарлық препараттарын қолданылып жақсы нәтижелер алдық. Қолдану нәтижесінде уақ мал қойдың мониезиозбен, стронгилятозбен залалдануының күрт төмендегенін көріп бақыладық.

Әдебиеттер

1 Сабаншиев М.С. «Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары».- Алматы, 2011ж.
2. Искаков М.М «Эймериоз сельскохозяйственных животных».- Алматы, 2006ж.

ӘОЖ 631.1(075)

БӘЙДІБЕК АУДАНЫНЫҢ ЕГІСТІК ЖЕРЛЕРІН ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Байзақова Ұ.Б. - АП-21-6к5 тобының студенті
Ахилбеков Ғ.Л. -аға оқытушысы

Бәйдібек ауданының аумағы Түркістан облысының орталығында орналасқан. Ауданның жалпы аумағы 7,2 мыңкм^2.Аудан 1966 жылы құрылған және жер көлемі бойынша Түркістан облысындағы ірі аудандардың бірі болып табылады . Бәйдібек ауданының әкімшілік орталығы – Шаян ауылы . Бәйдібек ауданының ауылдық округтерінің саны 11 округ . Бәйдібек ауданында 50 мыңнан астам халық тұрады .

Бәйдібек ауданының жер бедері әртүрлі және табиғи ерекшеліктерге бай. Аудан Қаратау жотасының оңтүстік-батыс бөктерінде орналасқан, бұл аймақты таулы, қырқалы және жазықты жерлер сипаттайды. Солтүстік және орталық бөліктерінде биік қыраттар мен қырқалар басым болса, оңтүстік-шығысын Боралдай жотасы мен Үлкентұра (1425 м) тауы алып жатыр.Бәйдібек ауданының топырағы негізінен қара және қоңыр топырақтан тұрады. Тау бөктерлері мен қырқалы жерлерінде қарашірікке бай құнарлы топырақ басым, ал жазық жерлерінде сортаңдау және ашық қоңыр топырақтар кездеседі. Бұл топырақ түрлері ауыл шаруашылығына, әсіресе суармалы егіншілік пен жайылымдық жерлерге қолайлы. Сонымен қатар, ауданның кейбір жерлерінде эрозияға ұшыраған топырақтар да кездеседі, бұл оларды дұрыс пайдалануды және мелиорациялық шараларды талап етеді .Бәйдібек ауданының климаты континенттік және құрғақ, оған табиғи ерекшеліктер айтарлықтай әсер етеді. Жазы ұзақ әрі ыстық, температурасы 35-40°С-қа дейін көтеріледі, ал қысы қысқа және жұмсақ, орташа температурасы -5°С пен -10°С аралығында болады. Ауданда желдің солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс бағыттарда жиі соғуы топырақ эрозиясына ықпал етеді, сондықтан жерді қорғау үшін арнайы агротехникалық шаралар қажет.Егістік жерлерді есепке алу мен тіркеу жұмыстарын

дұрыс ұйымдастыру – ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттырудың негізгі шарттарының бірі. Көктерек ауылдық округінің жалпы жер көлемі 35650 гектарды құрайды. Оның ішінде 10713 гектар жер егістік алқап ретінде белгіленген. Суармалы егістіктер 312 гектарды қамтиды, бұл жерлерде жоғары өнім беретін дақылдар өсіріледі. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің тіркелуі мен есепке алынуы жер ресурстарын басқарудың маңызды бөлігі болып табылады. Бұл процестерді заманауи талаптарға сай жүзеге асыру үшін бірнеше маңызды қадамдар атқарылады.

Егістік жерлерді есепке алу және тіркеу – жер ресурстарын тиімді басқаруды қамтамасыз ететін маңызды шаралардың бірі. Бұл процесс жердің құқықтық мәртебесін анықтау, оның сапасын бағалау және ауыл шаруашылығы мақсатындағы пайдалануды бақылау үшін жүзеге асырылады. Есепке алу және тіркеу жұмыстары мемлекеттік жер кадастры жүйесі арқылы іске асырылады, ол заңнама талаптарына сай жүргізілуі тиіс. Егістік жерлерді есепке алу кезінде жердің нақты көлемі, сапалық сипаттамасы және пайдаланылу жағдайы анықталады. Бұл процесс барысында топырақтың агрохимиялық құрамын, оның құнарлылық деңгейін, ылғалдылығын, эрозияға ұшырау дәрежесін және суару мүмкіндіктерін зерттеу маңызды рөл атқарады. Егістік жерлерді тіркеу – олардың құқықтық мәртебесін заңдастыруды және кадастрлық құжаттарда көрсетуді қамтамасыз ететін процесс. Тіркеу барысында әрбір жер учаскесіне қайталанбайтын кадастрлық нөмір беріледі. Бұл нөмір жердің шекараларын, көлемін және орналасу орнын нақты көрсетеді.Сонымен қатар, егістік жерлердің санаттары (суармалы немесе тәлімі жерлер) және олардың агроөндірістік әлеуеті анықталады.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасының Жер кодексі. 20 маусым 2003 жыл № 442-II (өзгерістер мен толықтырулармен). – Алматы: Юрист, 2023.
2 Әлібеков Т. А., Байдосов С. А. Ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану және есепке алу. – Шымкент: ОҚМУ баспасы, 2020.
3 Бейсенова Ә. С., Асанова А. Б. Қазақстанның жер ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері. – Астана, 2020.
4 Нұрымбетова Р. Т., Қожахметов Т. А. “Жерді есепке алу және кадастрлық жұмыстардың әдістемесі”. – Шымкент: Оңтүстік Қазақстан университеті, 2019.

ӘОЖ 614.91

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНДА ІРІ ҚАРА МАЛ БЕЗНОИТИОЗЫН БАЛАУ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ

Бегайдарова А.У.- АП-20-8к1 тобы студенті
Кузербаева А.Т. - PhD доктор, доцент

Безноитиоз (Besnoitiosis) – негізінен тері мен тері шелінің, тыныс алу жолдары кілегейлі қабықтарының қабынып, бұдырлана қалыңдауымен сипатталатын протозооз. Сиыр мен солтүстік бұғылары ауырады. Ауруға ешкі де бейім.

Безноитиоз - жіті, жітілеу және созылмалы түрде өтетін, Besnoitia besnoiti деген споровиктер тобына жататын қарапайымдылар қоздыратын қара малдың трансмиссивті ауруы. Besnoitia besnoitia Eimeridae тұқымдасына жатады. Жануарлардың организмінде паразиттер ішінде эндозиттер толған циста түрінде болады.

Безноитиозға шалдыққан малдың терісі, тері асты байланыстырушы ұлпасы диффузды қабынады, түгі түседі, терісінің әр жері кедір-бұдырланады, қатпарланады. Көздің, мұрын қуысының, тыныс алу жолдарының, жыныстық органдарының кілегей қабығы зақымданады. Осы уақытқа дейін бұл ауру толық зерттелмей келді, сондықтан оны бұрын тері глобидиозы, тері саркоцистозы деп, тіпті мал мамандары оны асқынған қотыр, көң қотыр, қышыма көнтек деп те атаған.

Қоздырғышы - Besnoitia besnoiti, пішіні сопақ, алмұрт немесе орақ тәрізді. Ұзындығы 5-9 мкм және 2-5 мкм. Оның қандағы көбею сатылары трофозоит деп аталады. Қан жұғындыларын Романовский-Гимза әдісімен бояғанда трофозоиттардың цитоплазмасы көкшіл түске, ядросы қызғылт-қоңыр түске боялады.

Өзіндік зерттеулер Шымкент қаласындағы шаруа қожалығында орындалды, жұмысқа лажсыздан сойылған 3 бас ірі қара мал өлекселері қолданылды.

Қан жұғындысын Романовский-Гимза әдісімен бояп микроскопия жасалды. Бұл кезде безноитияның вегетативтік пішінін көрдік. Микроскоптың 100 көру аймағы қаралды. Ауру малдан алынған цисталарды (түйіршіктерді) екі шынының ортасын салып қысып, ішіндегі трофозоиттарды шығарып, Романовский-Гимза әдісімен боядық. Сондай-ақ, теріден биопсия жасап, теріден алынған кесіндіні гистологиялық әдіспен тексеріп, цисталардың бар-жоғын анықтадық. Терінің биопсиясын жүргізілді (1-1,5см^2). Биоптаттан жұғынды дайындап, оны Романовский әдісімен бояп, микроскоптың иммерсиялық жүйесімен қаралды. Нативті препараттары да зерттелді. Ол үшін бірнеше цистаны заттық шынығa орналастырып, оған физиологиялық

ерітінді тамызып, жабын шынымен жауып, микроскоптың үлкендетіп көрсететін жүйесімен қаралды. Жарты ай сияқты, банан тәріздес қозғалатын эндозоиттарды байқадық.

Барлық сиырлар толық патологиялық анатомиялық сойып зерттеліп, хаттамалар толтырылды. Ауруға диагнозды кешенді түрде: жалпы эпизоотологиялық жағдайды, аурудың клиникалық белгілерін ескере отырып, сойып-зерттеу нәтижелерінің негізінде қойдық. Диагноз паразитологиялық, патологиялық анатомиялық зерттеулер нәтижесі бойынша дәлелденді.

Ірі қара малдарды ШорГ.В. ұсынған әдіспен сойып зерттедік, яғни ішкі мүшелерді толық эвисцерациялау жолымен жүргізілді. Бұл әдіс, техникалық жағынан алғанда мойын, көкірек, құрсақ және жамбас қуысындағы мүшелерді бүтіндей кешенді түрде шығарып алуға негізделген. Көкірек, құрсақ қуыстарының сірлі қабықтарының күйін және ішкі мүшелердің орналасқан орнын жан-жақты және мұқият қарап шыққаннан кейін, әр мүшені басқа көршілес орналасқан мүшелермен жалғасқан күйінде зерттедік. Барлық сойып-зерттелген ірі қара малдардың ішкі мүшелерінен гистологиялық және гистохимиялық зерттеу жүргізу үшін, көлемі 0,5-1см болатындай кесекшелер алынды.

Зерттеу барысында байқағанымыз, малдарда негізгі клиникалық белгілері 2 сиырда: қоңдылықтары өте төмен, тыныс алулары мен жүрек соғысы жиілеген, дене температурасы 41^0С, ветеринарлық дәрігерлерінің айтуы бойынша клиникалық белгілер байқалмай тұрып малдар жүдей бастаған. Сиырлар ыстыққа шыдай алмай, көлеңкеге тығыла береді. Терілерінің кейбір жерлері қалыңдап, қатпарланған. Бір сиырдың көзі коньюнктивитке шалдығып, мал көзге сәуле түсуінен қорқады. Көздің қас қабағында үлкендігі тары дәніндей, ақ түсті (цисталар) түйірлер пайда болған.

Ауырған 1 бұқаның ені қабынып, төменгі бөлігінен құрсақ қуысы арасындағы тері қатпарланып, қалыңдаған. Малдың ісінген терісі қатпарланады, қалыңдайды, тіпті пілдің терісіне ұқсайды. Ауру мал ыстыққа шыдай алмай, тыпыршып судан шықпай тұрды.

Сонымен қатар, бұқаның танауынан жалқаяқ сорғалап, онда ақ түйірлер орналасқан. Жұтқыншағында, қынабында да осындай ақ түйірлер кездесті. Малдың аяқтары ісініп, кейбір жерлерінің терісі жарылып, одан қан шығып тұрды, түктері түскен.Сонымен ауырған 2 сиыр мен 1 бұқада негізгі клиникалық белгілер терінің қалыңдауы (піл тері), тыныс алудың қиындауы, танау, ауыз, көзден тоқтаусыз жастың ағуы, дене температурасының көтерілуі, тәбеттің төмендеуі, тыпыршып ыстыққа шыдамай, жарықтан қорқуы байқалды.

Алғашқы сәттерде аурудың клиникалық белгілері жүйке жүйесінің зақымдалуымен, бас, көкірек тұсы еттерінің және аяқтарының дірілдеуімен, тыныс алу процесінің қиындауымен, көз қарашығының кішіреюімен, аузынан сілекейдің мол бөлінуімен, көз және ауыз қуыстары кілегейлі қабықтарының бозаруымен, сұйық нәжістің және несептің жиі бөлінуімен сипатталды.

Сойып зерттелген сиырларда анықталған макроскопиялық өзгерістер негізінен бір типті болып көрінді. Осыған байланысты біз, анық көрінген негізгі макроскопиялық өзгерістерін ұсынып отырмыз.

Орталық жүйке жүйесіндегі өзгерістеріне келсек, ми сауытын ашып көргенде, мидың жұмсақ қабығының домбығуы және оның қантамырларының қанға мол толғаны анықталды. Сонымен бірге, ми затының ошақты түрде домбыққаны көрінді. Саусақпен басқанда домбыққан ми заты әдеттегіден жұмсақ болып көрінді. Ми қарыншаларында сұрғылттау келген 3-4 мл шамасында болатын сүйық жиналған.

Ас қорыту мүшелеріндегі өзгерістеріне келсек, сойып зерттелген барлық сиырларда бауыры шамалы ұлғайған, шеткі қырлары шамалы доғалданған, қызыл–қоңыр түсті, консистенциясы жұмсақтау, кесіп қарағанда тілік бетінен қызыл-қоңыр түсті қан мол ақты. Мүшенің ішкі суреті анық көрінбейді. Өт қабы өтке толып, көлемі ұлғайған. Қарын қуысында шамалы азық бар. Қарын түбінің кілегейлі қабығы қызарған, ісінген, кілегейлі қабық үстінде қою келген сұрғылт түсті кілегей жиналған.

Аш ішек кілегейлі қабығы қызарған, ісінген және ұсақ қанталаулар орналасқан. Ішек қабырғасы қаттылау келген және жиырылып буылтықтанған.Тоқ ішекте айтарлықтай өзгерістер байқалмады, кілегейлі қабығы ақшыл- қызғылт түсті.

Тыныс алу мүшелерінің өзгерістеріне келсек, кеңірдек қуысында шамалы көлемде қызғылт түсті көпіршік жиналған. Кеңірдектің кілегейлі қабығы ақшыл – қызғылт түсті, кеңірдек сақиналары арасында орналасқан ұсақ қантамырлар қанға мол толған .

Өкпе көлемі шамалы ұлғайған, қызғылт қоңырлау түсті, консистенциясы қамыр тәрізді. Кесіп қарағанда, тілік бетінен және ірі бронхтар қуыстарынан қызғылт түсті көпіршіктенген сұйық бөлінді.

Несеп бөлу мүшелерінің өзгерістеріне келсек, бүйректің көлемі ұлғайған, қызыл қоңыр түсті, консистенциясы жұмсақтау, қабығы керіліп тартылған, оңай сыпырылады. Кесіп қарағанда, тілік бетінен көптеп мол қан ағады.

Мүшенің қалыпты суреті анық көрінбейді. Қуық барлық сойып зерттелген қояндарда бос болып, жиырылып тұрды. Кілегейлі қабығы ақшыл қызғылт түсті.

Зерттеулерді қорытындылай, талдай келе, алынған деректер көмегімен цитологиялық, гистологиялық, гистохимиялық зерттеулер мен флуоресцентті микроскопия арқылы ауруды нақты дәлелдедік.

Әдебиеттер

1 Сабаншиев М.С. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары/ Алматы, 2011.- 195 б.
2 Күзербаева А.Т. "Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары" пәні бойынша дәрістер жинағы 5В120100-"Ветеринарлық медицина" мамандығының студенттеріне арналған - Шымкент: ОҚУ, 2021. - 95 б.

ӘОЖ **633.16:631.8.**

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАЗДЫҚ АРПАНЫҢ «АЙШОЛПАН» СОРТЫН ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУ

Бекболат Қ.Б. – АП-21-1дк тобының студенті
Жылкибаев А.К. - б.ғ.к., доцент

Кіріспе. Ежелгі дәнді дақылдардың бірі – арпа. Бұл ауылшаруашылық зауытын адам жүз жылдан астам уақыт бұрын өсірген. Арпа жармасы адам ағзасына қажетті заттарға бай болғандықтан денсаулықтың, сұлулықтың және жастықтың көзі. Арпа (жарма) тамақ және сыра қайнату өнеркәсібінде кеңінен қолданылады, оны ем ретінде пайдаланады, оны малға тамақтандырады, техникалық мақсатта пайдаланады. Арпа – ең көне ауыл шаруашылығы дақылдарының бірі. Қазба жұмыстары көрсеткендей, ол бидаймен бірге тас дәуіріндегі адамдарға белгілі болған. Мысырлықтар арпаны біздің эрамызға дейінгі 50 ғасырда өсірді. Грекияда, Италияда және Қытайда ол ерте заманнан бері өсіріледі. Қазба материалдары бойынша Орта Азия аумағында арпа суармалы егіншілікте өсірілді. Біздің дәуірімізге дейін 4-5 мың жыл бұрын. Молдова мен Украина территориясында ол біздің дәуірімізге дейінгі 3-мыңжылдықта өсіріле бастады. Бүгінгі күні жаздық арпа өсіру бүкіл әлемде қолданылады.

Жаздық арпа әртүрлі топырақ пен климаттық жағдайларға жақсы бейімделеді. Биологиялық ерекшелігі: Температура. Арпа тұқымдары 1 градус температурада өне бастайды. Бұл ретте өну температурасының оңтайлы көрсеткіші 20-22 градус. Бұл дақылдың көшеттері 8 градус аязға дейін шыдайды. Өсімдік әсіресе гүлдену және пісу кезінде аязға сезімтал болады. Толтыру кезеңінде астықтың эмбрионы тіпті 1,5-3 градус аяздан зардап шегеді. Қатты аязға ұшыраған дән өзінің өну қабілетін толығымен жоғалтуы мүмкін. Суыққа төзімділік арпа сортына байланысты ерекшеленеді. Полярлық аймақтардағы сорттар ең төзімді. Арпаның жоғары температураға төзімділігінің жоғарылауы оның ерте пісіп жетілуіне және өсудің алғашқы кезеңдерінде қарқынды қоректену қабілетіне байланысты. Ылғалдылық. Құрғақшылыққа төзімділігі жағынан жаздық арпаның бірі1-топ нандары арасында көшбасшылар. Оның транспирация жылдамдығы шамамен 400. Құрғақ аймақтарда арпа дақылдары бидай дақылдарынан көбірек болады. Ауа мен топырақтың құрғақтығына төзімділік әртүрлілікке байланысты өзгеруі мүмкін. Арпа жүктеу кезеңінде ылғалдың жетіспеушілігіне ең сезімтал. Бұл кезеңде топырақта су жеткіліксіз болса, масақ дұрыс дамымай, құнарсыз масақ көбейеді.

Ауыспалы егісте орналастыру:Жастық арпаның ең жақсы озаттары – картоп, жүгері және қант қызылшасы сияқты қатардағы дақылдар. Таза тыңайтқыштан кейінгі күздік дақылдар да жақсы нұсқа болып табылады. Арпа да жаздық бидайдан кейін себіледі, егер ол жалаңаш тыңайған жерге немесе көпжылдық шөптер қабатына орналастырылса. Қатарлы арпа сыра қайнату үшін әсіресе қолайлы. Ол крахмалға бай жоғары өнімді және сапалы астық береді. Азық-түлік немесе мал азығы үшін топырақта азот жинайтын бұршақ тұқымдастардан кейін арпа да егіледі. Қызылша егетін жерлерде қызылша орнына жиі себеді. Зерттеулерге сәйкес, арпаның ең жоғары өнімділігі оның алдында болған кезде байқалады(кему ретімен): картоп, жүгері, зығыр және қызылша, жаздық бидай, арпа.

Ерте пісетін дақыл болғандықтан, арпа көктемгі, ал кейбір аймақтарда күздік дақылдардың жақсы алғышысы болып саналады. Ерте жинаудың арқасында ол жабын дақылы ретінде де бағаланады және бұл жағынан басқа жаздық дәнді дақылдардан асып түседі.

Тыңайтқыштары: Жаздық арпа топырақты тыңайтуға жақсы жауап береді. 100 килограмм дәннің түзілуі үшін 2,5-3 кг азот, 2-2,4 кг калий және 1,1-1,2 кг фосфор қажет. Дамудың бастапқы кезеңдерінде мәдениет аз мөлшерде тыңайтқышты тұтынады. «Өркендеу» кезеңінде ол вегетациялық кезеңде қолданылатын тыңайтқыштардың жалпы массасының фосфордың жартысына жуығын, азоттың жартысын және калийдің төрттен үш бөлігін тұтынады.

Тікелей арпа астына көңді себу негізгі дәнді дақыл болып табылатын солтүстік аймақтарда қолданылады. Басқа аймақтарда олар көң әсерінен пайда алу мүмкіндігін пайдаланады - олар екінші дақыл ретінде егіледі. Жаздық арпаға арналған фосфор және калий сияқты тыңайтқыштар салқын жырту кезінде қолданылады. Азотты себу алдындағы өңдеу үшін үстіңгі байыту кезінде қолданған дұрыс. Калий мен фосфор мәдениеттің сыра қайнату сапасын жақсартады. Ең жақсы нәтиже, әсіресе егістіктің батыс аймақтарында, арпа толық минералды тыңайтқыштармен қоректену кезінде береді.

Зерттеу жұмысы: «Ауылшаруашылық дақылдарын сорттық сынау жөніндегі мемлекеттік комиссия» Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақбай тірек пунктінде кәдімгі сұр топырақ жағдайында жүргізілді.

Жаздық арпаның жоғары және тұрақты өнімділігін қамтамасыз ететін маңызды резервтің бірі – арамшөптермен тиімді күрес жүргізу, өйткені жаздық арпаның арамшөптерге бәсекелестік қабілеті өте төмен. Оларды уақтылы жоймаса, өнімділік әжептеуір төмендейді, кейдеоның деңгейі 50 - 60% құрайды. Арамшөптер жаздық арпаға қоректік заттарды, ылғалды және жарықты пайдалануға бәсекелестілілік көрсетіп, жер өңдеуді, егін жинауды қиындатады, дақылдың өнімі мен сапасын төмендетеді. Жұмысқа арпаның Айшолпан сорты алынды. №1 танаптық тәжірибеде алғы дақыл ретінде күздік бидай, жүгері және жаздық арпа алынып, тыңайтұышсыз бақылау жургізілді.

№ 2 танаптық тәжірибеде гербицидсіз (бақылау), Прима, СЭ (300 г/га 2,4-Д кислоты (сложный 2-этилгекси-ловый эфир) + 6,25 г/л флорасулама) – 0,6 л/га; Ланцелот (450, ВДГ (300 г/кг аминопиралида + 150 г/кг флорасулама) – 0,033 кг/га, Лонтрел Гранд, ВДГ (клопиралид, 750 г/кг) – 0,1 кг/га.

Тәжірибе қайталауы – 3, мөлдектердің орналасуы – жүйелі, мөлдек ауданы – 32 м^2, жұмыс ерітіндісі – 200 л/га. Жаздық арпаның сорты – Айшолпан алынып өнімділігіміз қолжетімді деңгейде болды.

Кесте 1 – Әр түрлі технологиямен өсірілген арпаның биологиялық өнімділігі

Технология түрі	Жыл-дар	Өнімді сабақ саны, дана/м^2	Масақтағы дәнсаны, дана	1000 дәннің массасы	Өнімділік, ц/га		Жоғалу мүмкіндігі, ц/га
					нақты	биолог.	
Қалыпты	2023	406	22	43,9	39,0	39,2	0,2
	2024	524	23	45,5	38,9	54,8	15,9
	Орта	465	22,5	44,7	39,0	47,0	8,05
Қарқынды	2023	528	22	50,7	42,0	58,9	16,9
	2024	533	26	51,0	44,9	70,7	25,8
	орта	529	24	50,9	43,4	64,8	21,4

Биологиялық және нақты өнім арасындағы айырмашылықты қарастыра отырып, қалыпты технология бойынша өсірілген кезде бұл айырмашылықтар қарқынды болғандағыға қарағанда соншалықты маңызды емес екенін көреміз. 20203ж. егіннің қалыпты технологиясы бар нұсқада өнім шығыны іс жүзінде болған жоқ, бірақ қарқынды болған кезде олар 16,9 ц/га құрады, яғни егер өсімдіктің барлық әлеуеті пайдаланылса, онда алынған өнім 40% - ға жоғары болар еді. 2024 ж. қалыпты технология кезінде биологиялық және нақты өнімділік арасындағы алшақтық 15,9 ц/га жетті, бірақ қарқынды жағдайға қарағанда (9,9 ц/га) әлдеқайда төмен болды.

Қорытынды: Түркістан өңірінде селекциялық жұмыстардың (таңдау, сұрыптау) нәтижесінде суармалы аймақтарда арпа дақылын өсірудегі қарқынды технологиясын жасауға болатыны анықталды. Арпа дақылдардың түрлерін селекциялық жұмысқа пайдалану жоғары өнімді, жергілікті жерге бейімделген сорттарды шығаруға мүмкіндік берді.

Әдебиеттер

1 Ізтаев, Ә. І.Өсімдік шаруашылығы негізінде астықтану: Оқулық / Ізтаев Ә. І., Ермекбаев С.Б. - Алматы, 2014. – С.122-126.
2 Томов, Т. Влияние удобрений на продуктивность и качество пивоваренного ячменя сорта Каменица / Томов Т., Маналов И. // Растениеводческие науки. - 2011. -№ 7.- С.465-469.
3 Наумкин В.Н. Технологии и продук-вность ячменя//Агрохимический вестник, 2011. – № 3. – С. 33-34.
4 Пестряков6 А.М. Урожай и качество зерна ячменя Зазерский 85 в зависимости от доз азотных удобрений / Пестряков А.М., Габибов М.А. // Агрохимия7 - 2014. – № 9. – С.80-83.
5 Урожайность и качество зерна сортов ярового ячменя на различных фонах минерального питания в приазовской зоне Ростовской области: дис. Кулешова В.В. канд. с.-х. наук – п. Персиановский, 2011.

УДК 541.18

ЖЕР КАДАСТРЫНДАҒЫ СПУТНИКТІК НАВИГАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ

Бекметова А.М. – АП-22-6к1 тобының студенті., **Есімбек Н. А**. - АП-21-6к4 тобының студенті
Кыдырбаева Д.Б. – магистр, оқытушы

Спутниктік технологиялар туралы бастамас бұрын, жер кадастры туралы айтқым келеді. Кадастр сөзі ерте кездерден «салық салынатын заттардың тізімі» деген мағынаны берген. Қазіргі таңда кадастр ол көп функционалды, автоматтандырылған, цифрлы тұрғыдан дамитын жүйе. Егер ерте кездерде кадастр тек салық салу үшін пайдаланылса(Жер кадастры Египетте өз бастауын алды, ол тек қана салық салуға бағытталған) , қазіргі таңда ол ресурстарды тиімді пайдалана отырып, оларды заңды тұрғыда қорғауды қамтиды. Кадастрдың түрлері өте көп. Оларға тоқталсам: су кадастры, орман кадастры, жер кадастры, пайдалы қазбалар кадастры, табиғи ресурстардың кадастры, және т.б. Оның ішінде су кадастры,орман кадастры тек баптар, заңдар бойынша қорғалса ,жер кадастры заң, кодекс, бап, конституция, құқықтық актілер, жүйелер, жобалар және т.б.

арқылы қорғалады. Мәселен «Жер Кодексі», «Жер қатынастарын дамыту туралы», және т.б. Кадастрлардың ішінде ең маңыздысы ол жер кадастры болып табылады.

Жер кадастры-ол кадастрлардың құрамдас бөлігі. Оның басты принциптеріне тоқталсам: жүйенің бірыңғайлығы, толықтылығы, үнемділігі, үздіксіздігі,сенімділігі, анықтылығы, мемлекеттік орталық орган. Қазіргі таңда жерге орналастыру, кадастр, картография, геодезия, география, топография ғылымдарында спутниктік навигациялық жүйелер кең қолданылуда.

Ал спутниктік технологиялар дегеніміз не? Ол жерді, суды, жердегі обьектілердің орнын, уақытын, жылдамдығын, қозғалыстың бағытын анықтау үшін пайдаланатын жүйе. Оларға: ГЛОНАСС, GPS(Global Positioning System), NNSS (Navy Navigation Satellite System), ЦИКАДА, NAVSTAR (NAVigation Satellite Timingand Ranging), Gallileo, IRNS (Indian Regional Navigation System), COMPASS, Бэйдоу және т.б.Соның ішінде қазіргі таңда GPS, ГЛОНАСС және Бэйдоу бар. Егер GPS дамыған жүйе болатын болса, ГЛОНАСС пен Бэйдоу енді дамып тұрған жүйелер. GPS бүкіл жер бетіндегі координатталарды анықтай алады(тек полярлық координаталарды қоспаған жағдайда) , ГЛОНАСС тек Ресей Федерациясында ғана жұмыс жасайды (басқа мемлекеттерде нашар жұмыс істейді), ал Бэйдоу Қытайда дамып жатқан жүйе. GPS пен ГЛОНАСС-тың тағы бір-бірінен айырмашылығы жер серіктерінде, егер GPS-те ол 6 жер серіктен 4 орбитада орналасса, ГЛОНАСС-та 8 жер серіктен 3 орбитада орналасқан.

Қысқаша спутникалық навигациялық жүйенің тарихына тоқталатын болсам, онда ол 1945 жылы Артур Кларктың идеясынан басталып,ал іс жүзінде 1957 жылы 4 қазанда ең алғашқы спутник пен 1961 жылы 12 сәуірдің Юрий Гагариннің жерді айналуынан кейін басталды. Спутниктік навигациялық жүйелер геодезия ғылымында инновациялық революцияны туғызды. Оның себебі, егер геодезияда полигонометрия, триангуляция, трилатерация әдістері жергілікті жерде қолданылса (яғни қателіктер де көп болған, өйткені жер тегіс емес), спутниктік навигациялық жүйесінің пайда болуымен аэрофототүсірілім, топографиялық-геодезиялық, аэро-топографиялық, аэрофототопографиялық,картограммалық, аэро-ғарыштық түсірілімдер арқылы жергілікті жерді ғарыштан өлшеуге мүмкіндік берді. Жалпы спутниктік навигациялық жүйе 2 топқа жіктеледі. Егер біріншісіне (статикалық) мәліметтерді қарастыруға көп уақыт қажет етеді, бірақ оның сапасы өте жоғары деңгейде болса, екіншісі (кинематикалық) мәліметтерді қарастыруға аз уақыт қажет етеді, бірақ сапасы нашарлау (яғни қателіктері бар) болады. Бірақ кинематикалық әдісті нақты уақыт режимінде пайдалануға болады. Оның себебі, арнайы спутниктік модем арқылы жер серігіне сигнал беріліп, арнайы терминал арқылы қарауға болады. Осы 2 топта геодезияда пайдаланылады. Егер біріншісі Мемлекеттік геодезиялық торларда пайдаланылса, екіншісі жергілікті жердің геодезиялық жұмыстарында пайдаланылады.

Спутниктік навигациялық жүйе тек қана геодезия ғылымында емес, күнделікті өмірде де қолдануын тапты. Мәселен, ауыл шаруашылық мақсатында арамшөптерді спутниктік навигациялық жүйеден көріп, оны жою; Өрт болған жағдайда эпицентрді көріп оның ошақтарын жою; Техникалық апат болған жағдайда мұнайдың төгілген жерін көру; Диспетчерлік жұмыстарды атқара алады (Мәселен 101, 102, 103); Табиғи/Техногендік апат болған жағдайда геодезиялық жұмыстарды атқарады; навигация; Көлік құралдарының өзінде де спутниктік навигациялық жүйелер бар, осы жүйе арқылы көлік құралының бағытын, жылдамдығын, орналасқан орнын, уақытын, географиялық координатталарын, және т.б. маңызды мәселелерде қолданылады.

Әдебиеттер

1. Т.М.Блисов Б 69 Жер кадастры: Оқу құралы - Қостанай: А.Байтурсынов атындағы ҚМУ, 2015. – 94 б.
2. European Journal of Natural History - Scientific Journal - ISSN 2073-4972 (world-science.ru)

ӘОЖ 332.63

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРІНІҢ КАДАСТРЛЫҚ ҚҰНЫН АЙҚЫНДАУ

Бердібек А.Қ. - АП-21-5дк тобының студенті
Абдешев К.Б. - PhD доктор, доцент

Ауыл шаруашылығы жерлерін бағалаудың қазіргі кақытта қалыптасқан терең тарихы бар. Жер бағалау жұмыстарының дамуы және жүргізілуі жер кадастрын құру жұмыстарына, ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жерлердің сапасын сипаттайтын белгілі бір көрсеткіштерге бағытталғанына байланысты. Кадастрлық бағалау жердің түрлі деңгейде пайдаланылуы барысындағы оның сапасына қарай өндірістік нәтижелерінің өлшемін қамтамасыз етуі керек. Сондықтан жер кадастры құрамына кіретін жерлерді экономикалық бағалау әдістерін дайындау барысында жер учаскелерінің сапасына және орналасуы орынына қарай ренталық пайдаға бағытталған әдіснамалар ұсынылады. Бұл пайда дифференциалды деп аталады және жер салығы немесе жер ресурстарын пайдалануға өзге де төлемдер түрінде мемлекеттің кіріс көзі болуы керек. Құндық көрсеткіштер ірі таксономиялық бірліктерге қатысты бекітіледі және шығын мен өнімділік көрсеткіштерінің негізінде есептелінеді.Алынған құндық көрсеткіштер синтетикалық сипатта болады және өзінің мазмұнына сәйкес жердің сапалық бағалануының шкаласын және деңгейлерін білдіреді, ол баллдық емес құндық формада белгіленеді[1].

Ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жерлер мемлекеттік жер қорының ең маңызды бөлігін құрайды және ерекше қорғалады. Оларға ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге қажетті топырақтың құнарлы қабатын қамтыған құнды жерлер жатады.

Жердің құнын дұрыс бағаламау ауыл шаруашылығы жерлерінің тиімсіз пайдаланылуына алып келеді. Қазақстан орасан зор жер ресурстарын қамтиды, дегенмен ұлттық байлығымыз болып табылатын жердің құнын бағалау әлі де зерттеу жұмыстарын қажет етеді, жер заңнамаларындағы жерді бағалау жұмыстары әлі де жетілдіруді, маңызды факторлардыы ескеруді қажеттейді. Жер кодексі қабылданбас бұрын алғашқы тәуелсіздік алған жылдары, яғни 1991 жылдары жүргізілген жер реформалары жерге мемлекеттік меншік монополияларын өзгертті, азаматтарды жер учаскелерімен қамтамасыз ету, жер нарығын қалыптастыру және инфрақұрылымдарды дамыту мәселелері қарастырылды [2].

Мемлекетіміздің қазіргі жағдайына орайжер заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жерлер елді мекеннің шекарасынан тысқары, ауыл шаруашылығы мұқтаждықтары үшін, әрі осы мақсаттарға берілетін жерлерді айтады. Елді мекен құрамындағы ауыл шаруашылығына пайдалануға болатын аумақтар белгелінген, осы аумақтарға ауыл шаруашылығын жүргізуге болады. Егер елді мекеннің даму стратегиясының бас жоспарына байланысты осындай жерлердің өзгерісі қарастырылмаса, олар ауыл шаруашылығы алаптары ретінде бағаланады, оған қатысты мүліктер – ауыл шаруашылықтық болып табылады[3].

Ауыл шаруашылығы жерлеріне тек ауыл шаруашылығы алаптары ғана емес, сонымен бірге ішкі шарушылық жолдармен және коммуникациялармен қамтылған, ағашты-бұталы өсімдіктер жамылғысы басқан, антропогендік және техногендік, табиғи (зиянды) құбылыстар әсерінен жерді қорғауды қамтамасыз ететін, тұйықталған су айдандары, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін және сақтайтын, өндіруге пайдаланылатын ғимараттар мен құрылымдар орналасқан жерлер де кіреді [4].

Ең маңыздысы ауыл шаруашылығы алаптарына егістік, шабындық, жайылым, тың жерлер, сонымен бірге көп жылдық екпелер егілген жерлер кіреді. Бағалау мақсатында ауыл шаруашылығы алаптар құрамына суармалы, тәлімді жерлермен бірге түбегейлі жақсартуды қажет ететін жерлер де қарастырылады: құрғату, суару, тастардан және қоқыстардан танаптарды тазарту, террассаларды жсопарлау және т.б.

Ауыл шаруашылығы жерлерін бағалау сатып алу-сату, несие үшін кепілге қою, инвестициялық шешімдер мен басқаруды қабылдауда, кадастрлық жұмыстарды жүргізужәне кәсіпорындарда ауыл шаруашылығы жерлерін балансқа қоюда, ауыл шаруашылығы жерлеріне келтірілген залалдарды қалпына келтіруде маңызды роль атқарады.

Ауыл шаруашылығы жерлеріне бағалауды жүргізу үшін инвестициялық шешімдердің бірнеше нұсқаларын қарастырады, олар жерді тиімді пайдалануға негізделеді. Неғұрлым жерді тиімді пайдалану оның нарықтық құны болып табылады. Жоғары құнарлы, тиімді жер пайдалану 4 негізгі критерий бойынша анықталады: физикалық мүмкіндігі, заңдық құзыреті, экономикалық мақсаттылығы және жоғары тиімділігі.

Басқалай тұрғыда, жердің неғұрлым тиімді пайдалану дәрежесі бағалау компаниялары жасаған көрсеткіш, осыдан нарық жағдайын қалыптастыратын жылжымайтын мүлік нарығындағы бағаны талдауға әкеледі. Жердің тиімді пайдаланылуын талдау пайда көзін анықтауға мүмкіндік береді және ауыл шаруашылығы жерлерінің бәсекеге қабілеттілігін туғызады [5-7].

Ауылшаруашылық жерлерінің нарықтық құнын талдау нарықтағы учаскенің нақты құнын белгілеудің бірқатар шараларын қамтиды. Жерді нарықтық бағалаудың негізгі әдістері – салыстырмалы және кіріс тәсілдерінің әдістері. Алайда, жекелеген өңірлерде дамымаған жер нарығы және жер учаскелері мен мәмілелер туралы ақпараттың болмауы жағдайында кіріс тәсілі әдісі ауыл шаруашылығы алқаптарын бағалаудың жалғыз тәсілі болады.

Жер учаскесінің құнына келесі факторлар әсер етеді:

-жүзеге асырылатын ауыл шаруашылығы қызметінің түрі, алқаптардың және өсірілетін дақылдардың түрлері;
-аймақтың экологиялық жағдайы, климаттық аймақ, топырақтың құнарлылығы;
-аймақтың инфрақұрылымы;
-өнімді өткізу орнынан қашықтығы;
-аумақта ауыл шаруашылығы алқаптарының болуы (шабындықтар,егістік жерлер,жайылымдар және т. б.);
-ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін қажетті ғимараттармен құрылыстардың болуы;
-аумақта жолдардың, коммуникациялардың, су айдындарының және орман белдеулерінің болуы.Учаскенің құнын бағалау білікті бағалаушы маманның қатысуымен міндетті болып табылады.

Қазақстанданың аграрлық серкторында жүргізілетін негізгі міндет ауыл шаруашылығы жерлерінің тиімділігін көтерумен қоырытындыланады және олардың үлкен көлемін айналымға енгізуге жағдай жасауды көздейді. Аталған міндеттерді шешуде ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық бағасы мен нарықтық құны басты роль атқарады.

Әдебиеттер

1. Сейфуллин Ж.Т.,Нусюпова Г.Н., Тоқбергенова А.Ә. «Жер телімдерін тіркеу және есепке алу»: Оқу құралы - Алматы: Қазақ университеті, 2013 – 160 бет.
2. Сейфуллин Ж.Т., Сейтхамзина Г.Ж. Қазақстанның жер кадастры (Оқу құралы) – Алматы: 2012 – 200 б.

3. Қазақстан Республикасының Жер кодексі. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Кодексі.
4. Желясков, А.Л.Государственная кадастровая оценка земель. Оценка сельскохозяйственных угодий : учебное пособие / А.Л. Желясков ; Министерство науки ивысшего образования Российской Федерации, федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего образования«Пермский государственный аграрно-технологический университетимени академика Д.Н. Прянишникова». – Пермь: ИПЦ «Прокростъ»,2023 – 159 с.
5. Мамонтова, С. А.Оценка земельных и природных ресурсов : учебное пособие /С. А. Мамонтова, О. П. Колпакова ; Красноярский государственныйаграрный университет. – Красноярск, 2020 – 172 с.
6. Макаров В.И.Агроэкологическая оценка земель: Учебное пособие для практических занятий и самостоятельной работы студентов. [Электронныйресурс] – Ижевск : ФГБОУ ВПО Ижевская ГСХА, 2015 – 104 с.

УДК 636.933.2.082

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ «ЖАСКЕШУ» АУЫЛЫ ЖАҒДАЙЫНДА АҚБАС ІРІ ҚАРАСЫНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Бердіхан Б. - АП-21-7к тобының студенті.
Жылкибаев А.К. – б .ғ. к., аға оқытушы

Ірі қараның еті, басқа ауыл шаруашылық малдарының етіне қарағанда, жоғары бағаланады. Өйткені ет құрамындағы белогі мен майының өзара қатынасы ерекше болып келеді. Оның етінде холестерин аз. Ірі қара етінің тағы бір ерекшелігі оның құрамында амин қышқылдары: аргинин, мезин, гистидин, тирозин, триптофан, цистин, т.б. майлы қышқылдар, әртүрлі минералды, экстрактивті және басқада заттардың болуы[1,2].

Ірі қара ұшасының 42-68 пайызы таза ет, майы 14-30 пайыз, сүйегі 12-20 пайыз, сіңірі 10-14 пайыз. Орташа қоңды ірі қараның химиялық құрамы мен калориясы төмендегідей: суы-66%, белогі-20%, майлылығы-23%, минералды заттар-1%. Ал, 1 кг етінде 7560 КДж болады.

Қара-ала ірі қарасының тұқымы сүтті тұқымға жатады және әр аймақта жергілікті сиырларды голландық бұқараларымен шағылыстырумен шығарылған. Олар сүтті тұқымға жатқандықтан сүттілігі өте жоғары, дене бітімі мықты, салмақты [3].

Түркістан облысы жағдайында өндірілетін ет көлемінде сиыр етінің үлесі мол. Осыны ескеріп, бізақбастұқымды етті бағыттағы малдардың биологилық ерекшеліктерін сойыс шығымы арқылы салыстырмалы түрде әулиеата тұқымды жергілікті малмен салыстыра отырып зерттеген болатынбыз.

Дене салмағынаң орташа тәуліктік өсімі бойынша қара ала тұқым малдарының басымдылығы байқалды. Олар тәулік сайын әулиеата тобына қарағанда 44,6 грамм салмақты артық қосып отырды.

Бордақылау кезінде тайыншалар шаруашылықтағы азықтарымен қоректендірілді. Тәулігіне бір бас малға орта есеппен 10,8 кг пішшендеме, 1,9 кг жоңышқа пішені және 4,9 кг бидай және арпа қалдықтарынан тұратын қоспа жем берілді. Ақбас тұқымды малдардың азықты пайдалану дәрежесі бақылау тобындағы әулиеата тайыншаларының 1кг салмақ өсіміне азықты 6,8% артық жұмсайтынын көрсетті.

Етті бағыттағы ақбас тұқымды сиырлардыТүркістан облысы «Жаскешу» ауылы жағдайында бордақылау кезіндегі биологиялық ерекшеліктері, оның ішінде, сойыс шығымын зерттеу нәтижелері, бірдей азықтандырылу және күтім жағдайларында ақбас тұқымды тайыншаларының сойыс алдындағы тірілей салмағы салыстырмалы түрде әулиеата малдырынан 8,8 кг ауыр болды(кесте-1).

Кесте 1 - Малдардың бордақылық және сойыстық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Сиыртұқымдары:	
	әулиеата	ақбас
Тірілейсалмақ, кг -бастапқы	326,2±4,4	332,0±3,7
-соңғы	369,2±5,3	378,1±4,9
орташатәуліктіксалмақөсімі, кг	664,6±26,1	709,2±21,7
1 кг қосымшасалмаққажұмсалғаназықөлшемі	11,04	10,34
Сойысалдындағытірісалмақ, кг	355,2±5,1	364,0±5,4
Ұшасалмағы, кг	190,7±4,6	194,4±4,4
Ішмайысалмағы, кг	8,6±0,8	8,5±0,6
Сойыссалмағы, кг	199,3±4,9	202,9±4,2
Сойысшығымы, %	56,1±0,6	55,6±0,5
Еттіліккөрсеткіші	3,74	3,61
Етқуаттылығы, МДж	9,23	8,45

Малдың еттілік қасиеттерінің маңыздылары – ұша салмағы мен сойыс шығымы. Әулиеата малдарының ұша салмағы ақбас тұқымы 3,7 кг кем түсті.

Мал еттілігі жұмсақ етпен сүйек ара қатынасы бойынша да бағаланады. Әулиеата малының еттілік көрсеткіші ақбас тұқымды тайыншаларынан 3,6% жоғары болды. Сол сияқты тегі әр түрлі малдардың еттерінің химиялық құрамының біркелкі еместігі байқалды. Әулиеата тайыншалары етінде ақуыз мөлшері кем болғанымен, май, су және күл көп болды. Осы себепті олардың ет қуаттылығы ақбас тұқымды малдардың көрсеткішінен 9,2% жоғары.

Бордақылау нәтижесінде 65 күндік барлық 24 бас малдан 1069,2 кг, немесе әр 1 бас тайыншадан орта есеппен 44,6 кг салмақ өсімі алынып, жалпы табыс

Ең арзан етті ақбас тұқымды тайыншалары берді. Оларға 1 кг қосымша салмақ алу үшін 201,9 теңге жұмсалса, әулиеата малдарына 6,4% артық шығын жұмсалған. Осының нәтижесінде қара ала тайыншалардан ет өндіру тиімділігі әулиеата малдарынан 10,2% жоғары болды.

Жүргізілген биологиялық зерттеулерде оңтүстік өңірі жағдайында ақбас тұқымды малдардың ет өнімділігін көтеру үшін бордақылау әдісін пайдалану тиімді екендігін көрсетті.

Әдебиеттер

1. Бегімбеков Қ.Н., Төреханов А.Ә., Байжұманов Ә.Б. Мал өсіру және селекция. – Алматы, 2006. – 598 б.
2. БекмухамбетовЭ.А., Рисимбетов Т.К. Кормовые ресурсы Казахстана. – Шымкент, 2010. -379 с.
3. Евстропов Н.А. Экологическая оценка качества молочной продукции и технологических процессов //Методические рекомендации. –М., 2001. -26с.

ӘОЖ 614.91

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНДАБҰЗАУДЫҢ ТРИХОФИТИЯ АУРУЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЕМДЕУ ШАРАЛАРЫН ЖҮРГІЗУДІ ЗЕРТТЕУ

Бөбеева Д.Р.- АП-20-8к1 тобы студенті
Кузербаева А.Т.- PhD доктор, доцент

Псороптозбен ауырған малдарды зертханалық диагностикалау барысында,шаруа қожалығында жүндері түсе бастаған меринос қойларынан псороптоз ауруын анықтау үшін жүні бар және жүні түсіп қалған қой терісінің шекарасынан Петри табақшасына жүннің, терінің қырындысын 3 жерден - сол жақ мойыннан, астыңғы жағынан, оң жауырынның артқы жағынан және сол артқы аяқтың жамбас тұсынан 20 меринос қойлардың қырынды үлгілерін Арыс аудандық ветеринариялық зертханасының паразитология бөлімінде үлкейткіш линзаның көмегімен зерттегенде, тірі псороптоз кенелері анықталды. Псороптоз үлгілері микроскоптың ең аз үлкейткіш окуляры арқылы да тексеріліп табылды.

Псороптозға дүдәмал малды ұстап жотасын, қос бүйірін, арқасын, басын көрдік, онда терінің жарақаттанғаны байқалды, скальпельмен 2 - 3 жерден қырынды алып, қырындыны (әр қойдан бөлек) пробиркаға салып, резина тығынмен мықтап жауып, жолдама қағазға шаруашылықтың, фермаңың, отардың, қойдың нөмірі, қырынды алынған күнді керсетіп лабораторияға жөнелттік. Әкелінген тері қырындысын лаборатория жағдайында төменде көрсетілген әдістермен зерттедік:

Тері қырындысын қара қағаздың үстіне салып астынан (электр плитасы, электр шамы, стаканға құйылған ыстық су) 25—30 градусқа дейін жылыттық. Ыстыққа шыдамаған кенелер қимылдай бастайды. Оны қара қағаз үстіндегі ұсақ ақ нүктешелердің қозғалысынан байқауға болады.Қырындыны Петри табақшасына салып, қақпағын жабады да аударып, 10—15 минут жылу көзіне қояды. Осы уақыттан соң Петри табақшасын қайта аударып қақпағын алады да микроскоппен қарайды. Табақшаны басқа қақпақпен жауып, қайтадан жылу көзіне қояды. Осылайша 2—3 рет қайталадық.Егер қырындыда қатты қатпарлар болса онда оны инемен ажыратып, 10% натрий сілтісі немесе КОН бар пробиркаға 20 - 40 минут салып қояды. Содан соң бір тамшыдан алып жапқыш әйнекпен жабады да микроскоп жарығын қараңғылап тексердік.Қырынды бар сілті ерітіндісін центрифугамен айналдырып, тұнба тамшысын микроскоппен қарадық.Қырындыны әйнекке салады, үстіне керосин тамызып, екінші сондай әйнекпен жабады да, саусақпен қысып, микроскоппен қарадық.

Паразитологиялық зерттеу нәтижесінде кенелер, олардың личинкасы, нимфаларын байқап, ауру түбегейлі анықталды. Линзамен қарағанда олар сопақтау келген, ұзындығы 0,5-0,8 мм тең, алға қарай ұзарған тұмсығы шығып тұрды. Үлкен, есейген псороптоз кенелердің 4 қос аяқтары бар. Кененің алдыңғы жағында оң және сол жағында қос аяқтары бар, ал аяқтарының сыртында малдардың терісіне жабысып тұратын қатты жүн балақтары (присоскалары) бар. Кененің артқы жағында да қос-қостан оң және сол аяқтары жүн балақтарымен ерекшеленді.

Парисармен емдеу.«Парисар» - құрамына белсенді ингредиенттер – циперметрин 5% тас көмірлі фенолсыз креолин және қосымша ингредиенттер – эмульгатор неонолы бар кешенді препарат. Сыртқы түрі бойынша қошқыл қоңырқайдан қою қоңыр түске дейін, тас көмір майының иісі бар, жұқа қабаттағы мөлдір, біртекті майлы сұйықтыққа ұқсайды. Сумен сүттей ақ түсті эмульсия түзеді.«Парисар» - құрамында 4,9-5,1% циперметрині бар, сиымдылығы 0,2-ден 20 литрге дейінгі полимерлі немесе шыны ыдысқа құйылған түрінде шығарылады. Парисарды қолдану жөніндегі нұсқаулықты қолдандық.Циперметрин препаратының басқа өзіне

ұқсас препараттардан ерекшелеп тұратын артықшылығы, оның ұсақ дисперсті пиретроидтың, таскөмірлі креолиннің және неонолдың қоспасы болады, ал оның құрамындағы креолин және пиретроид кенелер мен жәндіктер қатысында синергетикалық және ұзақ мерзімді әсерді қамтамасыз етеді. Препараттың бұл ерекшеліктері циперметрин шығынын төмендетіп, аз концентрациясымен зиянды жәндіктерге қарсы қолданудың максимальды тиімділігін қамтамасыз етіп, дезинфекциялаушы әсермен сүйемелдейді. Әсіресе, кенелердің көң жинағыштарды, өсімдік түптерін, көң тастайтын жерлерді, қалың органикалық жабынды кене үймелейтін жерлерін, көңмен ластанған жертөле жайларын, қора жайлары мен ашық станцияларды өңдеу кезінде қолайлы. Кенелер, бүргелер мен тарақандарға қарсы аса тиімді пайдаланылады.Ал, бұл ветеринариялық-санитарлық іс-шаралар шаруа қожалығында жүргізілмегендіктен 300 бас қойдан қыс кезінде псороптоз ауруы шығуына байланысты, дегельминтизация жұмыстары лажсыздан жүргізілді.Қолданар алдында эмульсияны 3-5 минут аралығында мұқият араластыру қажет, содан соң препараттардың жұмыс эмульсиясын дайындадық. «Парисар» жұмыс эмульсияларын тікелей пайдалану алдында дайындадық. Өңдеу үшін қажетті эмульсия көлемін және оны дайындау үшін .керек препарат мөлшерін анықтадық, бұл үшін препарат сапасын 50^0С-қа дейін жылытылған судың 2-3 көлемімен мұқият араластырып, содан соң судың қажетті жалпы көлемін араластырып тұрып құйдық.

Бұл тәсілмен отардағы қойларды қыс кезінде псороптозға қарсы емдегенде шығын аз жұмсадық, дәрі-дәрмектер псороптоз кенесін толығымен жойып, мал шығынын болдырмады, қора-қопсы, ақыр, науалар кенелерден тазаланды, шаруашылыққатигізетін экономикалық шығынын барынша азайтты, дәрі-дәрмектердің жағымды емдік әсері өте жоғары болады.

Әдебиеттер

1. Сабаншиев, М.С. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары: оқулық жоғары оқу орындары үшін /М.С.Сабаншиев, Т.Т. Сүлейменов - Алматы: 2013. - 164б.
2. Күзербаева, А.Т. "Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары" пәні бойынша дәрістер жинағы 5В120100-"Ветеринарлық медицина" мамандығының студенттеріне арналған / А.Т.Күзербаева. - Шымкент: ОҚУ, 2021. - 95 б.

ӘОЖ 332.2

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН ЕСЕПТЕУ ҮШІН ЖЕРДІ БАҒАЛАУ ДЕРЕКТЕРІН ҚОЛДАНУ

Әбубәкір А.Б. – АП-21-6тк тобының студенттері
Оралсынқызы М. – а.ш.ғ.магистрі, аға оқытушы

Әртүрлі сападағы жерлердегі өнім шығымы мен ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігіндегі айырмашылықтарды сипаттайтын бағалау көрсеткіштері ауыл шаруашылығы өндірісінің мынадай экономикалық міндеттерін шешуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

1. Ауыл шаруашылығы өндірісін елдің аймақтары мен аудандары бойынша, сондай-ақ аймақтардың, аудандардың және әрбір ауыл шаруашылығы кәсіпорнының ішінде ұтымды орналастыру және мамандандыру.

Егіс алқаптарының құрылымы, өсімдік шаруашылығы салаларының тиімділігі, мал шаруашылығының көптеген көрсеткіштері және т.б. ауылшаруашылық өндірісі белгілі бір кәсіпорындар (аудандар, облыстар, аймақтар) нақты табиғи-экономикалық жағдайларда ең тиімді ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге мамандандырылған аумақта ұтымды орналастырылған жағдайда ғана жердің сапасына байланысты болады.

2. Ауылшаруашылық өндірісін жоспарлау. Жердің сапасына байланысты Өндіріс көрсеткіштеріндегі айырмашылықтарды жоспарлау кезінде ескеру жоспарлауды жетілдірудің маңызды бағыты болып табылады. Ағымдағы, жылдық және перспективалық жоспарлар ауыл шаруашылығының барлық ресурстарын, ең алдымен жер сияқты нақты, орны толмас және шектеулі ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз етуі керек. Ғылыми негізделген жоспардың көрсеткіштері шаруашылықта (ауданда, облыста және т. б.) белгілі бір ауыл шаруашылығы өнімін өндіру мүмкіндіктеріне сүйене отырып, жердің сапасын ескере отырып белгіленеді.), басқа факторлар тең болған кезде жердің сапасымен анықталатын мүмкіндіктер.

3. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының, аудандардың және т. б. шаруашылық қызметінің нәтижелерін объективті бағалау.

4. Жалгерлік еңбек қатынастарын жетілдіру. Жалдау ақысын белгілеңіз, жалақы қорын және жер сапасын ескере отырып шығындар лимитін анықтаңыз, өйткені бұл көрсеткіштерге әсер етеді.

5. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағаларын саралау дәрежесін негіздеу. Бағаны саралау жердің сапасы өнімнің өзіндік құнына (тиісінше, өндіріс шығындары мен таза өнімге) әсер ететіндігіне байланысты қажет.

6. Жерге материалдық инвестициялардың экономикалық тиімділігі мен дәйектілігін анықтау. Ауыл шаруашылығындағы қарқындылықтың тиімділігі жердің сапасына байланысты. Сондықтан әр түрлі сападағы

жерлердегі негізгі және айналым қаражаттарын пайдалану тиімділігіне дұрыс баға тек өндіріс нәтижелеріне жер сапасының әсер ету дәрежесін ескере отырып берілуі мүмкін.

7. Ауыл шаруашылығына жатпайтын мұқтаждар мен шаруашылықішілік құрылыс үшін жер учаскелерін бөлу негіздемесі. Осы мақсатта пайдаланылатын жерлерге ауылшаруашылық жерлеріне қарағанда басқа талаптар қойылады. Бұл жерлер тек іргетас ретінде, орын ретінде, ауылшаруашылық емес объектілерді орналастырудың кеңістіктік операциялық негізі ретінде жұмыс істейді.Тірек бөгеттеріндегі бетон қалауының сапасы гравитациялық бөгеттерге қарағанда жақсырақ, өйткені бетон блоктары жұқа және экзотермиялық жылу оңай таралады. Иілгіш негіз болған жағдайда негіз деформацияланған кезде жарықтар мен жарықтардың пайда болуына жол бермейтін тіректерді бетондау тәртібі көзделеді.

Жаппай тірек бөгеттерінің бетоны қалыптау аймағының ұлғаюына байланысты біршама қымбатырақ (гравитациялық бөгетпен салыстырғанда 1,5—2 есе) және көлбеу бетондаудың біршама күрделенуіне байланысты қалыптан туындаған шығындар айтарлықтай болуы мүмкін. Жылжымалы қалыптарды қолдану және бетон қалыптау блоктарын қолдану жағдайында азайту. Массивті тірек бөгеттерін әртүрлі құрылыстарға салуға болады, жартасты және жартылай жартасты негіздер, атап айтқанда иілгіш. Бөгеттер көлденең тігістермен кесілгендіктен, олардың бөліктері дербес деформациялануы мүмкін.Тіректерде созылу кернеулеріне жол берілмейді. Қысу кернеулерінің шамасы бірдей биіктіктегі гравитациялық бөгетке қарағанда аз ғана үлкен.Бұл схемада бөгет тіректердің жауын-шашынына аз сезімтал, оны аркаларға тәуелсіз салуға болады. Гранваль бөгетінің бетон доғаларын (аралығы 50 м) тіректермен және тігістердің орналасуымен байланыстыру.

Аркалардың су өткізбейтіндігін арттыру үшін қысым беті торкретпен немесе битум қабатымен немесе екеуімен де жабылады; кейде битум немесе асфальт қабаты бетон плиталармен қорғалады, ал француз селюн бөгетінде өте жұқа доғалары бар (11-16 см) порно беті металл экранмен жабылған.Доғалардың пішіні негізінен дөңгелек; доғалы сақиналардың қалыңдығы әдетте тұрақты болады, дегенмен өкшеге дейін қалыңдау пайдалы болады және кейде жасалады. Құрылымдық себептер бойынша жоғарғы жағындағы темірбетон аркаларының қалыңдығы 0,3—0,4 м.қатал климаттық жағдайларда және өндірістік себептер бойынша-0,5 — 1 м; бетон аркаларының қалыңдығы 1,7—2 м. егер есептеу қажет болса, аркалар қалыңдайды; өндірістік жағдайлардан қалыңдау көбінесе қысым шегінде жүзеге асырылады, ал төменгі жағы цилиндр тәрізді болады.Бөгеттердің бастары созылу және сыну кернеулерін анықтай отырып, тіректің қабырғасының жазықтығынан тыс консольдер ретінде иілуге есептеледі. Жаппай тіреу бөгеттерінің артықшылықтары мен кемшіліктері. Гравитациялық массивтік-тірек бөгеттерімен салыстырғанда мынадай артықшылықтарға ие: 1) бетон қалау және күрделі салымдар көлемінде үнемдеу; 2) Үлкен статикалық сенімділік (сүзу қысымын алып тастау) және материалдың беріктік қасиеттерін жақсырақ пайдалану; 3) меншікті кернеулердің елеулі әсері аз (экзотермияның рөлі аз); 4) Пайдалану кезеңінде бөгет бөліктерінің қарап-тексеру және жөндеу үшін қол жетімділігі; 5) әдетте арматуралауды талап етпейтін және динамикалық жүктемелерге (суды, мұзды, сейсмиканы ағызу) жоғары қарсылықпен ерекшеленетін конструкцияның жеткілікті массивтілігі.

Жаппай тіреу бөгеттерінің кемшіліктері: 1) - құрылыс кезеңінде, әсіресе көп сулы өзендерде және қатал климаттық жағдайларда су мен мұзды өткізудегі қиындықтар; 2) жұмыс өндірісінің біршама күрделенуі, алайда қазіргі жағдайда оны жеңуге болады және тірек құрылысының нұсқасын таңдау кезінде шешуші бола алмайды; 3) іс-шаралардың қажеттілігі қатал қыс жағдайында тіректердің беттерін салқындатуға қарсы күрес.Бұл асқынулар экономикалық тиімділікке әкеледі массив бірақ құрылымның биіктігімен өсетін бөгеттердің тіректері олардың биіктігі 20-30 м-ден асқанда ғана маңызды болады.Жерді пайдалану тек өндіріс деңгейімен ғана емес, сонымен қатар ауылшаруашылық жерлерін пайдалану сипатымен де анықталады, оның ерекшеліктері белгілі бір дәрежеде бағалаудың кейбір ерекшеліктерін анықтайды. Сондықтан жерді экономикалық бағалау ауылшаруашылық жерлерінің түрлері бойынша да жүргізілуі керек.Жердің құнарлылығына топырақ-климаттық және экономикалық жағдайлар әсер ететіндіктен, жерді экономикалық бағалау табиғи-экономикалық аймақтар бойынша жүзеге асырылады.Жерді экономикалық бағалау кезінде жердің орналасуы да ескеріледі, бұл ең алдымен ауылшаруашылық өнімдерін өндіру шығындарына әсер етеді. Бұл мәселені талдай отырып, К.Маркс жер учаскелерінің орналасуы жер учаскелерін өңдеуге бірінен соң бірі енгізуге болатын реттілік үшін маңызды екенін және құнарлылық пен орналасу жердің екі сапалы факторы және дифференциалды жалдау негіздері ретінде қарама-қарсы бағытта әрекет етуі мүмкін екенін атап өтті.

Жерді экономикалық бағалаудың маңызды міндеті-оның көрсеткіштерін таңдау және негіздеу. Көрсеткіштерді негіздеу кезінде бағалаудың жалпы әдіснамалық негізіне сүйеніп, оның өлшемі мен тақырыбын объективті түрде көрсету қажет. Өзара байланысты көрсеткіштер жүйесі арқылы жердің сапасы өндіріс құралы ретінде өлшенеді және тұтастай көрінеді, олардың әрқайсысы бір немесе басқа сапалы жағын сипаттайды, өйткені жер оны өндірістік пайдалану процесінде әртүрлі көріністерге ие. Осыған байланысты кейбір көрсеткіштер (кірістілік, шығындар) жеке, ал басқалары (жалпы өнім, кірістілік және т.б.) жалпы болып табылады. Жалпы алғанда, олардың барлығы бағалау критерийін жан - жақты көрсете отырып, бағалау пәніне-жерге қажетті сипаттама береді.

Өндіруші өнеркәсіпте, сонымен қатар, жер элементтерін Еңбек заттары ретінде тікелей пайдаланады. Топырақтың құнарлылығы маңызды емес. Мұндай жерлердің жоғарғы құнарлы қабаты, әдетте, оны жерді қалпына келтіру және өнімділігі төмен жерлердің құнарлылығын арттыру үшін пайдалану мақсатында алынып тасталады. Ауылшаруашылық емес қажеттіліктер үшін жер бөлу кезінде, ең алдымен, жер

қойнауында пайдалы қазбалардың болуы, топырақтың тығыздығы, жер бедері, жер учаскесінің орналасуы және т. б. сияқты ауылшаруашылық жерлері үшін онша маңызды емес белгілер ескеріледі.

Әдебиеттер

1. Варламов А.А. Земельный кадастр: Т.4.Оценка земель. – М.: «Колос»,2008. -463с.
2. Неумывакин Ю.К., Перский М.И. Земельно-кадастровые геодезические работы. – М.: «Колос», 2008. -184с.

ӘОЖ 528.7

ГИС ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЕР РЕСУРСТАРЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

Жамал Н. – АП-21-6к1 тобының студенті
Кенжалиева Г.Д. – т.ғ.к, қауымдастырылған профессор

Бұл мақалада Түркістан облысының жер ресурстарына геоақпараттық жүйелер (ГИС) арқылы мониторинг жүргізудің маңыздылығы қарастырылады. Аймақтың табиғи-географиялық ерекшеліктерін, жер ресурстарының жағдайын және оларды тиімді пайдалану жолдарын бағалау үшін ГИС технологияларының артықшылықтары талданады. Сондай-ақ, жер қорының өзгерістерін бақылау, топырақтың құнарлылығын сақтау және ауыл шаруашылығы мақсатында жерді оңтайлы пайдалану мәселелері зерттеледі.

Геоақпараттық жүйелер, мониторинг, жер ресурстары, Түркістан облысы, ауыл шаруашылығы, топырақ құнарлылығы, карта жасау, табиғи ресурстарды басқару.

Түркістан облысы – Қазақстандағы ең маңызды ауыл шаруашылығы аймақтарының бірі болып саналады. Бұл өңірде егін және мал шаруашылығы жақсы дамығанымен, соңғы жылдары жер ресурстарының сапасы төмендеп, экологиялық мәселелер туындап жатыр. Су тапшылығы, топырақтың тұзденуы, эрозия және шөлейттену процестері жердің құнарлылығына өз кері әсерінтигізуде. Мұндай мәселелерді шешуде заманауи технологияларды, соның ішінде геоақпараттық жүйелер (ГИС) технологияларын қолдану өте маңызды.

ГИС – кеңістіктік деректерді жинау, сақтау, өңдеу және талдау мүмкіндігін беретін ақпараттық технологиялар жиынтығы болып табылады. Бұл жүйелер жер қорының жай-күйін бағалауға, экологиялық өзгерістерді бақылауға сонымен қатар ауыл шаруашылығын тиімді басқаруға көмегін тигізеді. ГИС технологияларын қолдану арқылы Түркістан облысында жер ресурстарын тиімді пайдалану және олардың тозуын болдырмау мүмкіндігі жоғарылайды.


ГИС технологияларын қолданудың маңызы

Геоақпараттық жүйелер жер ресурстарын басқаруда көптеген артықшылықтары бар. Олардың ішінде мыналарды ерекше көрсетуге болады:

1. Жердің сандық және сапалық жағдайын анықтау – ГИС технологиялары топырақтың құрамын, ылғалдылығын, құнарлылығын және эрозияға ұшырау деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.
2. Экологиялық өзгерістерді бақылау – Судың тапшылығы, шөлейттену, тұздану және өзге де табиғи процестерді спутниктік түсірілімдер көмегімен қадағалап отыруға мүмкіндік тудырады.
3. Ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыру – Дәл егіншілік әдістерін жүзеге асыру арқылы ауыл шаруашылығы алқаптарын тиімді пайдалануға және суармалы жерлерді тиімді басқаруға мүмкіндік береді.
4. Табиғи апаттардың алдын алу – ГИС технологиялары жер бедерінде болатын өзгерістерді бақылап, сел, су тасқыны және құрғақшылық сияқты табиғи апаттардың ықтималдығын болжауға өз септігін тигізеді.

Түркістан облысының жер ресурстарын басқаруда ГИС-тің рөлі.Түркістан облысы – Қазақстанның ең құрғақ аймақтарының қатарына жатады. Бұл өңірде суармалы егіншілік кеңінен пайдаланылады, алайда су ресурстарының азаюына байланысты ауыл шаруашылығына айтарлықтай әсер етуде. Осы мәселені шешу үшін ГИС технологияларын келесі бағыттарда қолдана аламыз:

1. Суармалы жерлердің жағдайын бағалау – ГИС арқылы су тапшылығы байқалатын аймақтарды анықтау арқылы су ресурстарын тиімді бөле аламыз.
2. Агроэкологиялық карталар жасау – Топырақтың құнарлылығы, ылғалдылық деңгейі, тұздану дәрежесі туралы карталар жасалынып, ауыл шаруашылығына ыңғайлы жерлер анықталады.
3. Орманды және шөлейтті аймақтардың өзгерісін бақылау – Жасанды спутниктерді қолдана отырып орман алқаптарының азаюы немесе жердің деградацияға ұшырауы жайында нақты деректер жинақталады.
4. Топырақ эрозиясын бағалау – Жел және су эрозиясына ұшыраған аймақтарды анықтау арқылы жерді қорғау шараларын ұйымдастыруға болады.



ГИС технологияларын енгізу әдістері

ГИС технологияларын жер ресурстарын басқаруға енгізудің бірнеше негізгі әдістері бар:

- Ғарыштық мониторинг – Жасанды жерсеріктерден алынған ақпараттар арқылы топырақтың жағдайын анықтау.
- Дрондарды пайдалану – Дәлдігі жоғары түсірілімдер көмегімен ауыл шаруашылығы жерлерінің өзгерістерін бақылау.
- Цифрлық карталар жасау – Түркістан облысының топырақ және жер ресурстары туралы интерактивті карталарын әзірлеу.
- Деректерді талдау және болжау – ГИС технологиясы жер ресурстарының болашақта болатын өзгерістерін болжап, жерді тиімді пайдалануға көмектеседі.

ГИС технологияларын қолдану нәтижелері

Геоақпараттық жүйелерді пайдалану Түркістан облысының жер ресурстарын тиімді басқаруға мүмкіндік тудырады. ГИС технологияларын енгізудің негізгі нәтижелері:

- Жердің құнарлылығын сақтау және өнімділікті арттыру;
- Су ресурстарын үнемдеу және дұрыс бөлу;
- Экологиялық тұрақтылықты сақтау, қамтамасыз ету;
- Топырақ эрозиясы мен деградациясын азайту;
- Ауыл шаруашылығы саласын цифрландыру, сонымен қатар басқару жүйелерін жетілдіру.

Түркістан облысының жер ресурстары көптеген экологиялық қиындықтарға ұшырап отыр. Осы мәселелерді шешуде ГИС технологияларын кеңінен пайдалану қажет. ГИС көмегімен жер сапасын бағалау, суармалы жерлерді тиімді пайдалану, экологиялық тәуекелдерді төмендету мүмкіндігі туып отыр. Болашақта ГИС негізінде цифрлық карталарды құру, жер кадастрын жетілдіру және ауыл шаруашылығын цифрландыру сияқты бағыттарда ауқымды жұмыстарды жүргізу қажет. Бұл технологиялардың енгізілуі жер ресурстарын қорғап қана қоймай, сонымен бірге ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыруға және де экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге үлкен үлесін қосады.

Әдебиеттер

1. Түркістан облысының табиғи ресурстары және экологиясы – Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметтері

2. Геоақпараттық жүйелер: теория және практика – Оқу құралы, Алматы, 2020

3. Түркістан облысының жер кадастры және жер мониторингі туралы есеп – ҚР Жер ресурстарын басқару комитеті, 2023

ӘОЖ 502.338

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ АУДАНДАРЫН КАДАСТРЛЫҚ АЙМАҚТАРҒА БӨЛУ ЖӘНЕ ШЕКАРАЛАРЫН АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ АНЫҚТАУ

Жамалдин Ш. - АП-21-6к3 тобының студенті
Онгарова А.Х - аға оқытушы

Шымкент қаласының аудандарын кадастрлық аймақтарға бөлу және олардың шекараларын автоматтандырылған технологиялар арқылы анықтау қазіргі уақытта қала аумағының тиімді әрі дұрыс пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Кадастрлық аймақтарға бөлу жер учаскелерінің

пайдаланылуын, құқықтық мәртебесін және экологиялық жағдайын бақылауға мүмкіндік береді. Автоматтандырылған жүйелер арқылы жердің шекараларын нақты анықтау, жерді пайдалануды жоспарлау және оның тиімділігін арттыру мақсатында географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЖ) және басқа да арнайы бағдарламалар қолданылуда. Бұл процесстер жерді басқарудың тиімділігін арттырып, құрылыс пен инфрақұрылым салудың болашақта тұрақты әрі экологиялық қауіпсіз болуына негіз болады.

Кадастрлық аймақтар, автоматтандырылған технологиялар, географиялық ақпараттық жүйелер, жер ресурстарын басқару, шекараларды анықтау, экологиялық қауіпсіздік.

Шымкент қаласы – Қазақстанның халық саны тез өсіп келе жатқан мегаполистерінің бірі. Қаланың дамуы кезінде жер ресурстарын басқару және оларды дұрыс бөлу қажеттілігі артып келеді. Осыған байланысты кадастрлық аймақтарға бөлу және шекараларды белгілеу мәселесі өзекті болып отыр. Қазіргі таңда бұл міндеттерді шешу үшін геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) мен автоматтандырылған технологияларды қолдану тиімді құрал ретінде қарастырылады. Бұл технологиялар қала аумағындағы жер учаскелерінің шекараларын нақты белгілеуге және кадастрлық процесті жеңілдетуге мүмкіндік береді. Кадастрлық аймақтарға бөлудің ең басты артықшылығы – жер ресурстарын тиімді пайдалану мен басқару. Шымкент қаласының жағдайында бұл өте маңызды, себебі қала аумағының кеңеюі, халық санының артуы, жаңа құрылыс жобаларының іске асырылуы жердің дұрыс пайдаланылуын талап етеді. Автоматтандырылған технологиялар жердің пайдаланылуын дұрыс бақылауға мүмкіндік береді, сонымен қатар бұл жүйелер азаматтар мен кәсіпкерлер үшін құқықтық мәселелерді шешуде жеңілдік туғызады. Егер бұл жүйелер толыққанды енгізілсе, қала құрылысын дамыту мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмыстары тиімді әрі нақты жүзеге асады деп ойлаймын. Шымкент қаласының кадастрлық аймақтарға бөлінуі және шекараларды анықтауда заманауи ГАЖ технологияларын қолдану – жер ресурстарын тиімді басқарудың маңызды кезеңі. Бұл тәсіл қаланың инфрақұрылымын дұрыс жоспарлап, жер ресурстарын ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, шекараларды дәл анықтау қала аумағының даму стратегиясын тиімді жүзеге асыруға ықпал етеді. Автоматтандырылған технологиялардың қолданылуы процестің жылдамдығы мен дәлдігін арттырып, қала басқарудың сапасын жақсартады.

Кадастрлық аймақтарға бөлудің маңыздылығы

Кадастрлық аудандарды анықтау – бұл жер учаскелерінің орналасуын, олардың құқықтық мәртебесін және пайдаланылу мақсатын нақтылау үшін жүргізілетін іс-шара. Мұндай аймақтарға бөлудің Шымкент қаласына әкелетін негізгі артықшылықтары:

- Қаланың инфрақұрылымын жоспарлауды жеңілдету;
- Жер пайдаланушылар арасындағы заңды қатынастарды ретке келтіру;
- Салық салу жүйесін оңтайландыру;
- Жер учаскелерін тиімді басқару мен ресурстарды ұтымды пайдалану.

Кадастрлық шекараларды анықтау арқылы қаланың аумақтық құрылымын жүйелеу және қала аумағын дамыту стратегиясын дайындауға мүмкіндік туады.

ГАЖ технологияларын қолданудың артықшылықтары

Автоматтандырылған геоақпараттық жүйелер жер ресурстарын басқаруда үлкен рөл атқарады. Олар деректерді жинау, өңдеу және талдау үдерістерін айтарлықтай жеңілдетеді. Бұл технологиялардың негізгі артықшылықтары:

1. Нақтылық: Жер учаскелерінің шекараларын жоғары дәлдікпен белгілеуге мүмкіндік береді.
2. Уақыт үнемдеу: Процестерді жылдамдатып, уақыт пен қаржылық шығындарды азайтады.
3. Көрнекілік: Деректерді карта түрінде ұсыну арқылы ақпаратты оңай түсінуге көмектеседі.
4. Интеграция мүмкіндігі: Жер ресурстарына қатысты мәліметтерді басқа салалардағы ақпаратпен біріктіруге мүмкіндік береді.

Шекараларды анықтау кезеңдері

Шымкент қаласының аудандарын кадастрлық аймақтарға бөлу кезінде автоматтандырылған технологияларды қолдану бірнеше негізгі кезеңдер арқылы жүзеге асырылады:

1. Алғашқы деректерді жинау: Қаланың жер қоры туралы мәліметтер, топографиялық материалдар, аэрофототүсірілімдер мен спутниктік деректер пайдаланылады.
2. Цифрландыру: Жиналған ақпарат арнайы бағдарламалық құралдар арқылы өңделіп, шекаралар анықталады.
3. Аймақтарды белгілеу: Әрбір кадастрлық аудан шекаралары нақты анықталып, картаға енгізіледі.
4. Шекаралардың тексерісі: Дайындалған шекаралар жергілікті жерде тексеріліп, сәйкестігі расталады.

Мысал ретінде қолданылатын құралдар: ArcGIS және QGIS сияқты бағдарламалар деректерді өңдеу мен визуализацияда кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, GPS құрылғылары мен дрондар арқылы алынған геодезиялық ақпарат үлкен рөл атқарады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Жер кодексі». – Астана: 2023.
2. Қаратаев М., Сүлейменов Ә. ГАЖ технологияларының кадастрлық жүйедегі рөлі. // Геоақпараттық жүйелер журналы, 2021.

ӘОЖ 528.7

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРЛЕРІНІҢ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Жаңабаева М. - АП-21-6к2 тобының студенті
Кенжалиева Г.Д. - т.ғ.к.,қауымдастырылған профессор

Түркістан облысы Қазақстанның ауылшаруашылығының негізгі орталықтарының бірі болып табылады. Облыс жеріне ізінен суармалы және жартылай суармалы аймақтардан тұрады, бұл өз кезегінде егіншіліктің дамуына қолайлы жағдай жасайды. Түркістан облысындағы ауылшаруашылығы жерлерінің тиімді пайдаланылуы экономикалық өсім мен ауылтұрғындарының әл-ауқатынатікелей әсер етеді. Алайда, бұл жерлердің пайдалану тиімділігін арттыру үшін кешенді бағалау қажет. Бұл мақалада облысаумағындағы ауылшаруашылығы жерлерінің пайдаланутиімділігі мен оны арттыру жолдарықарастырылады.

Түркістан облысындағы ауылшаруашылығы жерлерінің пайдалану тиімділігіне әсер ететінбірнешефакторлар бар. Бұл факторлардыескереотырып, суармалы аймақтарда су үнемдеу, агротехникалық әдістерді жаңарту, топырақтың құнарлылығынарттыру және заманауи технологияларды енгізу арқылы тиімділікті арттыруға болады. Осы шараларды іскеасыруТүркістаноблысының ауылшаруашылығы саласының дамуына ықпал етеді және жер ресурстарының тұрақты пайдаланылуына мүмкіндік береді.

Ауылшаруашылығы жерлерінің тиімділігін бағалауүшін бірнеше негізгі көрсеткіштер пайдаланылады:

- Өнімділікдеңгейі. Өнімділік әрбір гектарданалынатын өнімнің көлемі мен сапасына байланысты анықталады. Түркістан облысында егістік жерлердің көпшілігі суармалы, сондықтан суару жүйелерінің тиімділігі де өнімділікке тікелей әсер етеді. Бұл көрсеткіш ауылшаруашылығының негізгі бағыты – егіншілікті дамыту үшін маңызды.
- Топырақ құнарлылығы. Жердің құнарлығы оның ұзақ мерзімді пайдалану тиімділігіне ықпал етеді. Түркістан облысында топырақтың құнарлылығын сақтап, арттыру мақсатында арнайы агротехникалық шаралар қолдану қажет.
- Табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігі. Суармалы аймақтарда су ресурстарының тиімді пайдаланылуы маңызды. Түркістан облысында суармалы егіс үшін су қажеттілігі жоғары, сондықтан су үнемдейтін технологияларды енгізу маңызды.
- Ауылшаруашылығы техникасының қолданылуы. Заманауи ауылшаруашылығы техникасы мен технологияларының қолданылуы еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Облыс шаруашылықтарының көпшілігі ескітехникамен жұмыс істейді, бұл өнімділіктің төмендеуіне әкеледі.

Түркістан облысында ауылшаруашылығы жерлерінің тиімді пайдаланылмауына бірнеше факторлар себеп болуда:

- Топырақтың деградациясы. Суармалы егіс аудандарында топырақтың тұзданууы мен эрозиясы орын алуда. Бұл құбылыстар жердің құнарлығын төмендетеді, өнімділікке теріс әсер етеді.
- Су тапшылығы. Суармалы жерлер үшін су көзі мәселесі өзекті болып тұр. Суармалы жүйелердің ескіруі және су тапшылығы ауылшаруашылығының тиімділігіне ықпал етеді. Су үнемдеу технологиялары мен тиімдісуару әдістерін енгізуқажет.
- Жерді пайдалану әдістерінің ескіргендігі. Әлі күнгедейін дәстүрлі әдістер мен құралдар қолданылуда, ал заманауи технологиялар мен инновациялық тәсілдер баяу енгізілуде. Бұл ауылшаруашылығының өнімділігін төмендетеді.
- Құқықтық және басқарушылық мәселелер. Жерқатынастарын реттеу мәселелері де тиімділіктің төмендеуіне себеп болады. Жерді тиімдіпайдалану үшін жердібөлуді, жалға беруді және сату процедураларын оңтайландыру қажет.

3. Түркістан облысындағы ауылшаруашылығы жерлерінің тиімділігін арттыру жолдары

Ауылшаруашылығы жерлерінің тиімділігін арттыру үшін төмендегідей шаралар қажет:

- Заманауитехнологияларды енгізу. Су үнемдейтін технологиялар мен жоғары өнімді дақылдарды өсіру әдістерін қолдану ауылшаруашылығы жерлерінің өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Мысалы, тамшылатып суару әдісін қолдану су ресурстарын үнемдеуге және топырақтың деградациясын болдырмауға көмектеседі.
- Агротехникалық шараларды күшейту. Топырақтың құнарлығын арттыру үшін тыңайтқыштарды тиімді пайдалану, арамшөптер мен күресу және топырақтың механикалық құрылымын жақсарту сияқты шараларды енгізу қажет.
- Топырақты мелиорациялау. Суармалы жерлерде тұздану мен эрозияның алдын алу үшін мелиорация жұмыстарын жүргізумаңызды. Бұл жердің құнарлығын сақтап, ұзақ мерзімдіпайдалануға мүмкіндікбереді.
- Жерді тиімді басқару. Жер ресурстарын дұрыс бөлу, тиімдіпайдалануға және пайдаланылмаған жерлерді айналымға қосуға бағытталған жер реформаларын жүргізу қажет. Жерді пайдаланудың заңдық және басқарушылық механизмдерін жетілдіру тиімділікті арттырады.

• Білім беру және кәсіби мамандарды даярлау. Ауылшаруашылығы өндірісінде инновациялық әдістер мен жаңа технологияларды тиімді пайдалану үшін агрономдар мен басқа да сала мамандарын оқыту, кәсібидеңгейін арттыру маңызды.

Әдебиеттер

1. Құдайбергенов, С. (2015). Қазақстандағы ауыл шаруашылығы жерлерін басқару және пайдалану. Алматы: Қазақ университеті.
2. Базарбеков, С. (2018). Түркістан облысындағы суармалы егістіктің даму ерекшеліктері мен тиімділігі. Түркістан: Түркістан облысының баспа үйі.
3. Скляр, А. (2022). Қазақстанның ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану және оның әлеуеті. Алматы: Экономика баспасы.

ӘОЖ 628.11

ҰҢҒЫМАҒА БАТЫРЫЛҒАН ҚЫСЫМДЫ ҚҰБЫР РЕТІНДЕ КОРПУСТЫ ҚОЛДАНАТЫН СОРҒЫШ ҚОНДЫРҒЫСЫН ЗЕРТТЕУ

Жұмабекова Н.Н. - АП-21-4к тобының студенттері
Ермаханов Н.Қ. - аға оқытушы


Қандайда бір елді-мекен, өндіріс және т.б. сумен қамту үшін міндетті түрде ұңғыманы жобалайды.Ұңғыманы жерге орналастыруда бұрғылау арқылы орналастыра отырып, сонымен қатар бірінші көтеру сорғышты ұңғымамен бірге жер астына қосып орналастырады.Өйткені ұңғыма жер астынан су қабылдағанда, түтігі перпендикуляр тәрізді орналасып, жоғары қарай суды бірінші көтеру сорғыш арқылы жоғарыға көтереді.

Технологиялық процессте мамандар су қабылдау қондырғысының электр желісінің түсуі мен көтерілуі іс жүзінде соқыр болып табылады.Екінші маңыздылығы сорап қондырғысын пайдалану уақытында визуальді тексеру жұмыстарының мүмкіндігі.Ал үшінші маңыздылығын ескерсек, мезгіл-мезгіл жер асты сулары көзінің маусымдық ауытқуы кезеңінде ұңғымадағы судың деңгейінің қайтымсыз төмендеуі нәтижесінде пайда болады.

Ұңғыма деңгейінің төмендеуі яғни көршілес ұңғымалардан бір мезетте су қабылдау әсерінен, сонымен қатар құбырдың және сүзгінің біту процесінде депрессияның пайда болатын пайда болуынан болады.

Төмендегі суретте көрсетілгендей сорғыш қондырғысы мен технологиялық жабдықты терең етіп ұңғымаға орналастыру сызбасы көрсетілген.Жасалынған су көтеру қондырғысын орнату мынадай процессте жүзеге асырылады.6,7 –де желілік электр қозғалтқышы мен сорғыш қондырғысы біріктірілген, ал бекіткіш қосылыс көмегімен 8-ді тығыздағыш манжетке және 9 кабельдеріне бекітуге арналған құрылғыға қосылатыны көрсетілді.

Сонымен бірге барлық құрылым 4- ұңғымаға түсіп, ал 11-құлыптау дискісіне бекітілген, оған жұмысшы 3 немесе 5-ші кабель бекітіледі.Ұңғыманың жоғары бөліктерінде фланецті қосылыс пен 1-ші гидрооқшаулағыш төсем арқылы 2-ші қысымды құбырымен қосылған 12 бар.Сорап қондырғысында 11 ұңғымаға керекті тереңдікке түскеннен соң агрегат 3-ші жұмыс кабельмен ұсталады.Монтаждау кабелі 5, ал тығыздағыш 8 ұңғыманың қабырғасына мықтап жабысып, 4 ашылады.Ал 6 электр қозғалтқышын іске қосқан соң су 7-ден соң сорапқа түседі немесе 8 тығыздағыштан жоғары шығады.Бұл ұңғыма корпусында пайда болған 4-ші су бағанасы тығыздағыш қабырғаларына артық қысыммен әсер етіп, 8 ол ұңғыманың қабырғаларына тығыз орналастырып, жанындағы су кері өтеді.Су тығыздағыштан жоғары көтеріліп, 8 ішінде қысым құбыры 2 және одан әрі бетінде орналасқан тұтынушыға жіберіледі.Техникалық шешіммен салыстырғанда, ұсынылған су қабылдау сызбасы бірқатар артықшылыққа ие екенін көрсетті.



Сурет 1-Сорап қондырғысында ұңғыманың орналасуы:1- фланецті қосылыстар; 2-қысымды құбырлар;3 - жұмыс кабельдері; 4-ұңғымасы; 5-монтаж тросы; 6-Электр қозғалтқыштары; 7-сорғыштар; 8-тығыздағыш манжеттер; 9-электр қозғалтқышына кабельді бекітуге арналған құрылғы; 10-электр қозғалтқыштарының қуат кабелі; 11-кабельді тоқтатуға арналған дисктер;12-бастау көзі.

Әдебиеттер

1. Су алу ғимараттары және сорап станциялары:ҚР Білім және ғылым мин. жоғары оқу орындарының студенттеріне оқулық ретінде бекіткен / Ж.Қ.Қасымбеков. - Алматы:ЖШС РПБК Дәуір, 2011. - 280 с. - (АВ "ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы") Экземпляры: всего:30 - ХР(2), Ч2(2), Ч11(1), А1(25).
2. "Сумен қамтамасыз ету және сумен жабдықтау негіздері" пәнінен дәрістер жинағы: 5В080500 - "Су ресурстары және суды қолдану" мамандығының студенттері үшін / Н.Қ.Ермаханов. - Шымкент:ОҚМУ, 2014. - 44 с. (Шифр 6С9.35/Е 69-547862)Экземпляры: всего:5 - Ч9(5).
3. Сумен қамтамасыз ету жүйесін басқару пәнінен дәрістер жинағы : 5В080500 - "Су ресурстары және суды қолдану" мамандығының студенттеріне арналған / Н.Қ.Ермаханов, Ғ.Л.Ақылбеков. - Шымкент:ОҚМУ, 2015. - 44 с. (Шифр 6С9.35/Е 69-857510)Экземпляры: всего:5 - Ч9(5).

ӘОЖ 575.22.852;612.621.9

СИЫРЛАРДЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ҚЫЗМЕТТІН АРТТЫРУҒА АНАВИДИН ПРЕПАРАТЫН ҚОЛДАНУ

Жұматаева Н. - АП-20-8к3 тобының студенті
Сарыбаев Ы.У. - магистр, аға оқытушы

Ауыл шаруашылығының қазіргі міндеттері

Ауыл шаруашылығында негізгі мақсат – халықты азық-түлікпен және өндірістік шикізатпен қамтуға қажетті өндірісті дамыту, мал шаруашылығының барлық салаларын жан-жақты жетілдіру және мал ауруларының алдын алу мен емдеу шараларын тиімді ұйымдастыру болып табылады [1].

Жоғары өнімділікке ие мал тұқымын шығару үшін өнімділік пен ұрпақ сапасына қарай қатаң іріктеуден өткен аталық малдарды бағалау маңызды. Осыған орай, асыл тұқымды мүйізді ірі қара тұқымын жетілдіру мен оны өсіру технологиясын жақсарту айрықша рөл атқарады. Дегенмен, кейбір шаруашылықтарда мал басының өсуіне акушерлік-гинекологиялық аурулар кедергі келтіріп отыр [2].

Диагностика мен зерттеу әдістері

Зерттеулерді клиникалық және арнайы тексерулерден бастау қажет. Малды жалпы жағдайы бойынша бағалауда дене қызуы, пульс жиілігі, тыныс алу және таз қарынның жиырылуы есепке алынады. Сонымен бірге, көрінетін шырышты қабықтардың күйі, лимфа түйіндері және мінез-құлқы назарға алынады [3].

Біздің зерттеулерімізде заманауи ультрадыбыстық диагностика (УДЗ) әдісі қолданылды. Сканер дайындалып, датчик сиырдың тік ішегіне енгізілді. Жатыр мойыны, жатыр тармақтары, ұрық түтіктері және жұмыртқалықтар мұқият зерттелді. Бұл әдіс кейбір патологияларды анықтауда тиімді болса да, жедел эндометрит немесе жатырдың субинволюциясы жағдайында тек тік ішек арқылы тексеру жеткілікті болды.

Емдеу тәжірибесі

Емдік сынақтарда сиырлар бес топқа бөлінді. Әр топқа 0,5% анавидин ерітіндісі әртүрлі мөлшерде (50 мл-ден 200 мл-ге дейін) енгізілді. Зерттеулер көрсеткендей, 100-150 мл мөлшердегі ерітінді бактериялардың өсуін 48-60 сағат ішінде тоқтатуға мүмкіндік берді. Ал 150 мл-ден жоғары дозаның тиімділігі артпағаны анықталды.

Сондай-ақ, патологияның субклиникалық формаларын емдеуде 0,5% анавидин ерітіндісін 48 сағат аралығында бес-жеті рет енгізу ең тиімді нәтиже берді. Бірінші емдеу курсы кезінде сауығу деңгейі 86,7% болғанымен, қайталама курс қажеттілігі туындады. Екінші топтағы сиырлар патологиялық экссудаттан ертерек айығып, олардың өнімділік деңгейі айтарлықтай жақсарғаны байқалды [6].

Анавидин ерітіндісін қолдану акушерлік-гинекологиялық ауруларды емдеуде жоғары нәтижелілік көрсетті. Дегенмен, емдеу дозасы мен ұзақтығын нақты анықтау терапияның табыстылығын арттырады. Бұл зерттеулер мал шаруашылығы өнімділігін арттыруға және жалпы шаруашылық тиімділігін жақсартуға мүмкіндік береді [7].

Қорытынды

Сүт фермасындағы сиырлардың жыныстық белсенділігін арттыру мақсатында субклиникалық эндометрит, эмбрионның ерте өлімі, жұмыртқалық гипофункциясы, жұмыртқалықтағы сары дене және анафродизияны емдеу барысында 0,5% анавидин ерітіндісін 100-150 мл мөлшерінде, 48 сағаттық интервалмен 5-7 рет енгізу жоғары терапиялық тиімділік көрсетті.

Әдебиеттер

1. Құрбанов С. Ветеринарлық акушерства және гинекология. Зертханалық оқу практикумы: Оқу құралы / С. Құрбанов, К.С. Құрбанова. - Шымкент: Әлем, 2011. - 152б.
2. Құрбанов, С. Ветеринариялықакушерлікжәнегинекология: Оқулық / С. Құрбанов, А. Сансызбай, Ш. Қаратаев. - Алматы: Нұрлыбейне, 2010. - 356б.
3. Алиханов О. Ветеринариялық акушерства және гинекология: Оқу - әдістемелік ұсыныс. / Алиханов О. - ӘЛЕМ, 2016. – 15Б.
4. Джуланов М.Н., Повышение воспроизводительной функции коров /Джуланов М.Н., Койбагаров К.У., Маутенбаев А.А., Иманбаев А.А.// Ветеринария и животноводство: теория, практика и инновации» посвященная 80-летию академика К. Сабденова:материалы международной научно-практической конференции. – Түркістан: 2012.С.196-199.
5. Жоланов М.Н., Мал акушерлігі және гинекологиясы. / Жоланов М.Н., Қойбағаров Қ.У., Туребеков О.Т., Мадиаров М.А. – Алматы: 2005. – 145б.
6. Қалтаев Ш.Қ., Мал акушерлігі, гинекологиясы және көбею биотехнологиясы: Оқулық / Қалтаев Ш.Қ., Жоланов М.Н., Жукин Б.Д., Қойбағаров Қ.У. - «Дәуір», 2012.- 135б.
7. Жақыпов И.Т. Акушерлік, гинекологиялық және жануарлар көбею биотехнологиясы. / Жақыпов И.Т., Әбдрахманов Т.Ж., Ахметов А.Н. – Астана: 2012.-112б.

ӘОЖ 502.338

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ «ЖЕТІСАЙ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ ЕГІСТІК АЛҚАПТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫН АНЫҚТАУ.

Жылкелді Ж. - АП-21-6к3 тобының студенті
Онгарова А.Х - аға оқытушы

Түркістан облысы Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласындағы маңызды аймақтарының бірі болып саналады. Бұл өңірдің құнарлы топырағы мен климаттық ерекшеліктері ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге қолайлы жағдай жасайды. Атап айтқанда, Жетісай ауданы көкөніс, бақша өнімдері мен мақта шаруашылығын дамытуда жетекші орын алады. Дегенмен, ауыл шаруашылығы саласында егістік алқаптарын ұтымды пайдалану және жер учаскелерінің нақты шекараларын анықтау мәселелері ерекше маңызға ие.

Бұл мақалада “Жетісай” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тәжірибесі негізінде жер ресурстарын тиімді пайдалану жолдары талданып, шекараларды анықтауда қолданылатын заманауи әдістер қарастырылады.

Егістік тиімділігі, жер учаскелерін картографиялау, шекараларды анықтау, жер ресурстарын басқару, ауыл шаруашылығы технологиялары, географиялық ақпарат жүйелері (ГАЖ), жер пайдалану тиімділігі, экологиялық тұрақтылық , топырақтың сапасын арттыру.

Жер учаскелерінің шекараларын анықтау. Жер учаскелерінің шекараларын анықтау ауыл шаруашылығы өндірісін тиімді басқарудың маңызды бөлігі болып табылады. Бұл міндет жер кадастрын жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Географиялық ақпарат жүйелері (ГАЖ) мен спутниктік технологиялар қазіргі таңда жер шекараларын дәл анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдістер жердің нақты көлемін, шекараларын, пайдалану мақсатын және экологиялық жағдайын анықтауға мүмкіндік береді.

Географиялық ақпарат жүйелері (ГАЖ) және сандық технологиялар. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығында жаңа сандық технологиялардың кеңінен қолданылуы маңызды роль атқарады. Географиялық ақпарат жүйелері (ГАЖ) жер учаскелерінің шекараларын анықтау мен егістік алқаптарын басқару процесін жеңілдетуге мүмкіндік береді. ГАЖ жүйесі арқылы әртүрлі ауыл шаруашылығы дақылдарының орналасқан жерін, топырақтың құнарлығын, суаруды бақылауға болады.

Бұл жүйе арқылы егістік алқаптарының жағдайын, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін ең тиімді учаскелерді анықтау мүмкіндігі пайда болады. Сондай-ақ, жер учаскелерінің шекараларын дәл анықтау үшін спутник суреттері мен дрондар да қолданылады, олар алқаптың үстінен жоғары дәлдіктегі мәліметтерді жинауға мүмкіндік береді.

Экологиялық тұрғыдан тиімділік. Жер учаскелерін дұрыс пайдаланбау экологиялық дағдарыстарға әкелуі мүмкін. Топырақтың эрозиясы, су тапшылығы және экологиялық ластану сияқты мәселелер жердің дұрыс пайдаланылмауынан туындайды. Сондықтан, тиімді пайдалану мен шекараларды анықтау экологиялық тұрақтылықты сақтау үшін маңызды.

Қазіргі таңда агрономдар мен жер пайдалану мамандары экологиялық талаптарды ескеріп, жерді тиімді пайдаланудың жаңа жолдарын іздеп келеді. Бұл бағыттағы жұмыстар егістік алқаптарының сапасын сақтау, зиянды химикаттарды азайту және су ресурстарын үнемдеу сияқты маңызды шараларды қамтиды.Түркістан облысы Жетісай өңіріндегі егістік алқаптарын тиімді пайдалану және жер учаскелерінің шекараларын анықтау ауыл шаруашылығының дамуы үшін аса маңызды. Жаңа технологиялар мен сандық шешімдер арқылы бұл

бағыттағы жұмыстарды тиімді жүзеге асыруға болады. Сонымен қатар, жердің дұрыс пайдаланылуы экологиялық тұрақтылық пен ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыруға септігін тигізеді. Жер учаскелерінің шекараларын анықтау және тиімді пайдалану — агрономия саласының болашағы үшін маңызды қадам болып табылады.

Әдебиеттер

1. Қожамұратов, М. Ә. (2017). Жер пайдалану және ауыл шаруашылығы жерлерін басқару. Алматы: Қазақ университеті.
2. Нұрсейітов, С. Б. (2019). Ауыл шаруашылығындағы инновациялық технологиялар. Астана: Экономика және басқару..

ӘОЖ 639.933.2.082

ЕТТІҢ БАЛАУСАЛЫҒЫН АНЫҚТАУ

Жылкибоева А. Д. - АП-20-8к2 тобының студенті
Курбанова А.С.- магистр, аға оқытушы

Етті сақтау барысында ол әр түрлі өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Оның бірі етте ақзатты ыдырататын микроорганизмдердің тіршілік етуі (ет түсінің көкшілденуі, қызаруы, сәулеленуі) нәтижесінде болса, басқасы етте жүретін өзгерістерге (қараюы, көгеруі, жалқақ басуы, иістенуі) байланысты. Бұл өзгерістер нәтижесінде ет тек қана сыртқы түрінің жағымсызданuы ғана емес, сонымен қатар тағамдық бағасын жоғалтады немесе жеуге жарамсыз жағдайға жетеді.

Еттің бұзылуының ең қауіпті түрі оның иістенуі, бұл кезде микробтардың әсерінен ақзат ыдырап, адам организміне қауіпті заттар түзіледі.

Еттің балаусалығын анықтау үшін сезімдік зерттеу әдістері, химиялық, микроскопиялық зерттеулер жүргізіледі.

Етті сараптау кезінде сезімдік зерттеу әдістерінің көмегімен оның сыртқы түрі, түсі, иісі, консистенциясы және қаңқа ерекшеліктеріне назар аудардық.

Бұқа еті – қоңыр-қызыл түсті, тығыз, қатқыл, ет талшықтары жуан және қысқа болып келеді. Еттің дәнекер ұлпалары мықты жетілген, қатқыл. Еттің өзіндік иісі болады. Пісірілген ет ұлпалары қатты, қара қоңыр түсті. Тері асты әдетте майсыз, ақшыл түсті, қатқыл дәнекерлеуші ұлпалармен көмкерілген. Ішкі майлары ақ түсті.

Семіз өгіз еті – қызыл, ет талшығы жіңішке, арасында майы бар. Тері астындағы май сарғыш, ал ішкі майлары ақ немесе ақ сарғыш түсті.

Сиыр еті – ашық қызыл түсті, өгіз етіне қарағанда жұмсақтау келеді. Ет талшықтары ұзын әрі жіңішке, хош иісті, сүйкімді. Тері астындағы май ақ немесе сарғыш түсті, ал іш майлары ақ-сарғыш, сарғыш, қатқыл. Жас малдың еті ақшыл-қызыл түсті. Ет талшықтаы жіңішке, тері асты әдетте майсыз, іш майы ақ түсті, қатқыл.

Ұшадан үлгі алу тәртібі. Тексерілетін әр ұшаның немесе оның бөлігінен массасы 200 г кем емес бүтін бөлшегі, бауыздықтан, 4-5 мойын омыртқаның тұсынан; жауырын тұсынан және сан етінен алдық. Үлгіде ет ұлпаларымен бірге май, сіңір де болғаны жөн, сонымен қатар етсіз жіліктің бірін де алып отырдық.. Салқындатылған, тоңазытылған блоктағы еттен, субөнімдерден немесе күдікті блоктарынан 200 г тұтас бөлігін алдық.

Еттің жалпы жағдайын тексеру. Сиыр, қой, жылқы, шошқа және басқа малдың етін сезімдік зерттеу әдісімен тексерге оның сыртқы түрін, түсін, тығыздығын, иісін, майдың, сіңірдің күйін және сорпаның хош иісін, мөлдірлігін анықтадық.

Етті тексеруді табиғи жарықта жүргізіп отырдық. Тексеру кезінде еттің бетіндегі кепкен қабыршағының күйін, жабысқақтығын ажыратудың да маңызы зор. Еттің жабысқақтығын саусақпен, ал дымқылдылығын анықтау үшін жаңа кесілген жерге сүзгі қағаз қою арқылы анықтадық. Сонымен қатар еттің тазалығына, қан қалдықтарына, көгеруіне көңіл аудардық.

Балауса еттің бетіндегі кепкен қабыршағының түсі ақшыл-қызыл, ал тоңазытқыштан шыққан етте қызыл, майы жұмсақ, кей жерлерінде ашық-қызыл түсті болып келеді.

Еттің жаңа кесілген жері аздап дымқыл, бірақ сүзгі қағазда оның ізі қалмайды. Еттік түсі мал түріне қарай сиыр еті – қызыл немесе қара – қызыл; қой еті қызыл, қоңыр - қызыл; қозы еті – қызғылт. Еттің сөлі мөлдір; жылқы еті – күрең -қызыл.

Балаусалығы күдікті еттің қабыршағы қара, қоңыр, кейде жылпылдақ, ет үстінен саусақпен жүргізгенде шырыштың жабысқаны байқалады. Ет кесілген жері дымқыл, сүзгі қағазда дақ қалады, қара – қоңыр – қызыл түсті. Ет сөлі бұлыңғыр.

Бұзылған еттің қабыршағы қатты кепкен, беті бурыл – қоңыр түсті шырышталған, көгерген. Ет кесілген жері сулы, сүзгіш қағазда дақ қалады, жабысқақ, қызыл – қоңыр түсті. Тоңазытқыштан алып жібіткен еттің кесіндісінен бұлыңғыр, сөл ағады.

Еттің тығыздығын анықтау. Ол үшін еттің үстін саусақпен басып, пайда болған шұңқырдың орнына келу жылдамдығын бақылап отырдық.

Жас етті кескен кезде тығыз, шымыр, саусақпен басқан кезде пайда болған ойық тез қалпына келіп отырды.

Балаусалығы күмәнді ет бостау, серпімділігі нашар келген, саусақпен басқандағы шұңқыр 1 минут шамасында орнына келмейтіндігін байқадық және майы жұмсақ болып келеді.

Бұзылған етті кескенде жұмсақ, бос, саусақпен басқандағы шұңқыр орнына келмейді, майы жұмсақ.

Еттің исін анықтау. Алдымен еттің иісін беткі қабатынан, кейін жаңадан кесілген жерінен анықтадық. Ұшадан немесе жіліктелген еттің иісін анықтаған кезде сүйекке жақын бөлшектерден бастадық. Балауса еттің сойылған мал түріне орай өзіндік хош иісі болды. Ал балаусалығы күдікті етті кездестірген кезде оның иісі қышқылдау немесе аздап борсыған, қышқыл немесе сасыған болып отырды. Еттің иісін 15-20 С шамасында анықтап отыдық. Өйткені температура төмен болған жағдайда иіс онша сезілмейді екен. Ал иістің толық шығуын қамтама сыз ету үшін оған қайнату сынамасын қойдық.

Майдың сапасын анықтау. Майды тексеруде оның түрін, түсін, иісін және консистенциясын анықтадық. Сиырдың балауса етіндегі майдың түсі ақ, сарғаш немесе сары, тығыз, екі саусақпен қысқанда үгітілді. Шошқа майы жұмсақ, ақ немесе ақшыл қызғылт; қой майы ақ түсті, қатқыл. Майды зерттеу барысында одан қышқыл, ашыған иіс шықпауы қажет. Сапасы төмен ұша майының түсі күңгірт сұр, қысқанда саусаққа жабысқақ, қышқылдау иісі болуы мүмкін. Бұзылған май түсі күңгірт сұр, қысқанда саусаққа жағылады. Шошқа майынан аздап көгерген, ашыған иіс шығады.

Сіңірдің сапасын анықтау. Еттің бұзылуын анықтауда сіңірдің жағдайын байқаудың да маңызы үлкен. Ол үшін сіңірдің серпімділігін, тығыздығын және сүйектердің буын беттерінің, буын сұйығының мөлдірлігін анықтадық.

Балауса ет сіңірлері тығыз, серпімділігі жоғары, сүйектердің буын беттері жылтыр, тегіс. Буын сұйығы мөлдір. Сапасы күдікті еттің сіңірі аздап жұмсарған, бұлыңғыр – ақшыл немесе сұр түсті. Буын сұйығы бұлыңғыр, сүйектердің буын беттерінде шырыш байқалады. Бұзылған еттің сіңірлері жұмсақ, сұрғылт түсті, сүйектердің буын беттері шырышты.

Жілік майының жағдайын анықтау. Бұл үшін жілік майының жілік қуысын толтыруы, түсі, жылтырлығы, серпімділігі анықталады. Балауса еттің жілік майы жілік қуысын түгел толтырып жатады, серпімді, сарғыш түсті. Майды шыжғырғанда жылтыр және сүйектен шығуы қиын. Бұзылған еттің жілік майы сұр немесе бозғылт түсті. Май бөлшегі жылтырамайды. Бұзылған еттің жілік майы жілік қуысында бос жатады. Түсі қара сұр, жұмсақ, жабысқақ.

Сорпаның мөлдірлігі мен хош иісітілігін анықтау. Бұл үшін сорпаға қайнату үлгісін жүргіздік. 20 гр ет мылжасын 100 мл-лік колбаға салып үстінен 60 мл дистилденген су қостық. Етті сумен жақсылап араласытырып бетін шынымен жауып, қайнап жатқан су моншасына қойдық. Сорпа иісін одан бу шыққан кезде анықтадық. Сорпаның хош иісін анықтаумен қатар оның мөлдірлігі немесе сорпа бетіндегі майдың жағдайын да анықтадық. Ол үшін 20 мл сорпа сиымдылығы 25 мл-лік, көлденеңі 20мл цилиндрге құйдық.

Балауса еттің сорпасы хош иісті, мөлдір. Сорпа бетінде ірі май тамшылары байқалады. Күмәнді еттің сорпасының хош иісі байқалмайды, бұлыңғыр кейде мөлдір.

Бұзылған ет сорпасы бұлыңғыр, көбігі көп, жағымсыз иісті. Сорпа бетінде ірі май тамшылары байқалмайды. Ет және субөнімдердің қандай да бір белгілері балаусалығына күмәнді болған жағдайда, микроскопиялық және химиялық тексерулерден өткізеді. Микроскопиялық тексеру бактериалардың санын анықтауға және бұлшық ет ұлпаларының қалдықтарының деңгейін жұғындыдан микроскопиялық жолмен анықтауға негізделген.

Әдебиеттер

1. Авылов Ч.К. Комплексная система ветеринарно-санитарной и экологической безопасности на крупных предприятиях по производству и переработке свинины: дис. ... докт. вет. наук.- М., 2001.- 390 с.
2. Алексеева С.М., Цыдыпов В.Ц. Изучение биологических характеристик патогенных микробов в период пребывания их в условиях естественной природной среды // Актуальные проблемы патологии животных: матер. Междунар. съезда терапевтов, диагностов.- Барнаул, 2005. С.9-11.
3. Артемьева С.А., Артемьева Т.Н., Дмитриев А.И. и др. Микробиологический контроль мяса животных, птицы, яиц и продуктов их переработки: справочник. М.: Колос, 2002.- 288 с.

ӘОЖ 528.7

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРГЕ ҒАРЫШТЫҚ СУРЕТТЕР АРҚЫЛЫ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

Зайнитдинова С. – АП-21-6к1 тобының студенті
Кенжехан Е.Б. – т.ғ. магистрі, оқытушы

Ауылшаруашылық жерлер үшін ғарыштық суреттер арқылы мониторинг жұмыстарын жүргізу – осы саладағы қазіргі заманғы заманауи технологияларды қолданудың маңызды бағыты болып табылады. Мониторинг жүргізу әдістері жер ресурстарын тиімді пайдалануға, өнімді арттыруға және түрлі бағыттардағы шығындарды азайтуға көмектеседі. Мақалада мониторинг жұмыстарының негізгі қадамдары мен артықшылықтары сипатталған.

Ғарыштық суреттер, Sentinel-2, NDVI вегетация, мониторинг, визуализация, жерді қашықтықтан зондтау.


Ғарыштық суреттер арқылы мониторинг жүргізудің негізгі қадамдарына: деректерді жинау, суреттерді өңдеу, мониторинг және талдау жұмыстары, шыққан нәтижелерді визуализациялау жатады. Деректерді жинау дегеніміз – жерсеріктерден немесе ұшқыссыз ұшу аппараттарынан жоғары дәлдікті ғарыштық суреттерді алу. Қазіргі таңда жиі қолданылатын жерсеріктер:

-Sentinel-2 (Еуропа ғарыш агенттігі)

-Landsat (NASA)

-PlanetScope және басқа коммерциялық спутниктер.

Суреттерді өңдеу – алынған ғарыштық суреттер арнайы бағдарламалық жасақтама негізінде қамтамасыз етудің көмегімен өңделеді. Жерді қашықтықтан зондтау технологиялары және геоақпараттық жүйелер қолданылады. Деректер топырақтың ылғалдылығын, температураны, өсімдіктердің жай күйін анықтау үшін және вегетация индексін мысалы NDVI анықтау үшін қолданылады [1].



1-сурет – NDVI вегетация индексі

Мониторинг және талдау – төмендегі жұмыстарды қамтиды:

-Егістіктің жай-күйін бақылау: өсімдіктердің өсу қарқынын анықтау үшін.

-Су ресурстарын зерттеу: суарау қажеттілігін бағалау үшін.

-Топырақтың эрозиясы мен деградациясын анықтау үшін.

-Таралатын аурулар мен зиянкестердің таралу аймағын ерте анықтау үшін.

Нәтижелерді визуализациялау – деректерді карта түрінде және 3D визуализация арқылы ұсынады. Бұл ауылшаруашылық мақсатындағы жұмыстарды шешім қабылдауды жеңілдетеді.



2-сурет – 3D визуализация

Мониторинг жұмыстарының артықшылықтары:

Уақыт және шығынды үнемдеу: Күнделікті қолданатын дәстүрлі тексерулерден қарағанда, ғарыштық мониторинг уақыт пен қаржыны үнемдейді.

Жоғары дәлдік: Түрлі спектрлік диапазонда нақты деретер береді және өте үлкен аумақты қамтиды.

Уақытылы анықтау: Түрлі қиындықтарды, құрғақшылық, зиянкестер, өнімнің нашарлауы сияқты ерте анықтап, солардың алдын алу шараларын ерте жоспарлауға мүмкіндік береді.

Тиімді жоспарлау: Өнімділікті арттыру үшін тыңайтқыштарды дұрыс пайдалануға топырақтың жағдайын талдау арқылы мүмкіндік береді [2].

Қазіргі кезде қолдану мысалдары:

-Агроөнеркәсіпті цифрландыру бағдарламасы аясында қолданады. Ауылшаруашылық жерлерін бақылауға арналған ғарыштық деректерді «ҚазҒарышСапар» ұлттық компаниясы ұсынады.

-Құнарлылық карталарын жасау арқылы егістіктердің жерлерін тиімді пайлану үшін қолданылады.

-Ғарыштық суреттер арқылы егіннің көлемін бағалауға және өнім көлемін болжауға болады.

Бұл әдістер қазіргі кезде ауылшаруашылыған автоматтандаруда және дамытуда заманауи бағыттардың бірі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Қазғарыштың ресурстары: https://gharysh.kz/
2. NASA Applied Remote Sensing Training (ARSET): https://appliedsciences.nasa.gov/arset

ӘОЖ 614.91

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНДАБҰЗАУДЫҢ ТРИХОФИТИЯ АУРУЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЕМДЕУ ШАРАЛАРЫН ЖҮРГІЗУДІ ЗЕРТТЕУ

Исабаева А.Қ. - АП-20-8к3 тобы студенті
Кузербаева А.Т. - PhD доктор, доцент

Зерттеу барысында барлығы 38 сынама тексеріліп, 18 сезімдік, 20 физикалық, 38 химиялық зерттеулер жүргізілді. Сонан соң, шұжықтың сапасын анықтау үшін,әр шұжықтан 100-200г шамасында сынама алынды. Алынған сынамаға шұжық өнімдерін сезімдік зерттеуді, шұжық өнімдерін технохимиялық зерттеуді және шұжық өнімдерін бактериологиялық зерттеу әдістерінжүргіздік. Зерттеу материалдарына «Прима», «Докторская» және «Отдельная» пісірілген шұжықтары пайдаланылды. Шұжық өнімдерінің сапасы сезімдік және химиялық тексеру жолдарымен анықталды. Шұжық жасауға сапасыз шикізаттарды пайдаланған немесе тағамдық токсикоинфекция және улану кездескен жағдайда жоғарыда айтылған тексерулерге қосымша сальмонелла, ботулизм т.б. зиянды микробтарды анықтау үшін бактериологиялық тексеру жүргізілді.Сынаманы бір текті партия өнімінен алады. Бір текті партия деп шұжық өнімдерінің және ыстаудың бір түріне жататын, бір сменада жасалған сортты немесе бірдей режимде технологиялық өндеуден өткен өнімді айтады.Зерханалық зерттеулерге үлгіні қаптағы өнімнің екі орташа үлгісінен кем емес алдық. Партияның жалпы мөлшерінің (көлемі) 10% сыртын қарадық. Сыртын қарағаннан кейін өнімдердің 1% (артық емес) орта үлгі ретінде зертханалық тексеруге (2 данадан кем емес) алдық.

Шұжық өнімдерін сезімдік зерттеу. Шұжық өнімдерінің балаусалылығын сезімдік тексеру бойынша оның сыртқы көрінісін, консистенциясын, түсін, дәмін, иісін және кесілген жеріндегі түсінің біркелкіліген, оның жіктелуін, жеке қоспаларының құрамын (әсіресе шпиг), жабысқақтығының бар-жоғына, шырыштануын, қабығының құрамын анықтадық. Өнімнің қақ ортасындағы иісін батонды сындырғаннан

кейін тез арада анықтадық. Сосиска мен сарделканың түсі мен иісін суда қайнатқаннан кейін анықтадық. Физико-химиялық көрсеткіштері стандарт және техникалық шарттағы талапқа сай болу қажет. Барлық шұжық өнімдері, базарда бір күн аралығында сатылмаса және базарда тоңазытқышта сақталмаса, келесі күні қайта сараптауға жіберіледі. Дайын шұжық өнімдерінің сырты таза, құрғақ, бүлінбеген, дақсыз, жабыспайтын, шырышсыз, зеңсіз, қабықтың астынан май немесе сорпаның ағуы, мылжаның шоры болмауы қажет.Пісірілген шұжықтардың дәмі аздап тұздалған, ұнамды, ал шикілей ысталған және жартылай ысталған – тұзды, аздап ащылау, ыстауы хош иісті, балауса, дәмдеуі татыммен, бөгде дәмсіз және иіссіз. Пісірілген шұжықтың, консистенциясы қатты, тығыз, үгілмеген және іркілдексіз–болады. Шұжық өнімдерінің құрамында стандартта немесе техникалық шартта көрсетілгендей тұз, ылғал, дәмдеуіштер, нитриттер және шамалап басқа қосымшалар болады. Пісірілген шұжық мылжасының кесіндісі қызғылт, қызыл түсті болады. Мылжаның түсі бүкіл кесінді бойында біркелкі, дақсыз, үлкілдеген қуыссыз (көпіршіксіз), шпик – ақ немесе қызғылт түсті, сарғаймаған.

Шұжық өнімдерін технохимиялық зерттеу. Зертханалық әдістерден қайнату сынамасын қолданып, соның көмегімен шұжықтың иісін анықтадық. Пісірілген шұжықтар балаусалығы күдікті жағдайда тым төменгі сортта келесі қайта сараптауға рұқсат береді. Шұжықтан зең, шірік және қышқыл ашу табылса, оны утильдейді. Пісірілген шұжықты тоңазытуға болмайды, ерігеннен кейін фарш ұсақ саңылаулы, құрғақ болады, дәмі мен иісі нашарлайды.Шұжық өнімдеріндегі тұздың пайызын анықтау үшін сынаманы еттартқыштан екі қайтара өткізіп, мұқият араластырдық. Ұсақталған сынаманың бір бөлігін зерттедік, екінші бөлігін сынақ аяқталғанша банкіге салып аузын қақпақпен мықтап екітіп, тоңазытқышқа қойдық.

Крахмалды анықтау үшін сапалық реакцияны шұжықтың жаңа кесілген жеріне Люголь ерітіндісінің бір тамшысын тамызып жасадық. Көк түс ол өнімде крахмал барын көрсетеді. Шұжықтағы крахмал мөлшерін "Крахмал мөлшерін анықтау әдісі" МС 10574-73 ережесіне байланысты анықтадық.Нитритті анықтағанда (экспресс әдіс) химиялық стаканға 10г мылжаланған өнімді салып үстінен 100 мл дистилденген су құйдық. Қоспаны шыны таяқшамен әлсін-әлсін араластырып 40 мин тұндырдық. Стакан сағат шынысымен жабылады. Сонан соң қағаз үзгіден өткіздік. Сиымдылығы 100 мл үш өлшегіш колбаның біреуіне 5 мл,екіншісіне 15мл сығынды, ал үшіншісіне 15 мл натрий нитритінің стандартты ерітіндісін құйдық.Барлық колбаға жартысына дейін дистилденген су қосып үстіне 15 мл-ден Грисс реактиві қостық. Сонан соң колбалардағы қоспаның жалпы көлемін дистилденген сумен 100мл жеткіздік.15 минуттан соң ерітінділердің түсін салыстырып, стандартты ерітіндінің түсіне жақын келетін ерітінді, екінші стаканға стандартты ерітіндіні құйып орналастырдық. Стандартты ерітінді құйылған стакан: колориметр шкаласының бүтін белгінің тұсына қойылады, бақылап отырып екінші стаканды екеуінің түсі беркелкі болғанша жылжыттық. Тексеру бірнеше рет жүргізіліп арифметикалық орта мәні шығардық.Тексерілген ерітіндінің түсін стандартты ерітіндінің түсімен салыстыру жай көзбен жүргізілді. Ол үшін 100 мл бірдей екі цилиндрдің біріне 10-15 мл стандартты ерітіндіні, екінші цилиндрге тексерілетін ерітіндіні құйып, екі ерітіндінің түсі теңелгенше екінші цилиндрге дистилденген су құйдық, бақылау ақ фонда жоғарыдан төмен қарай жүргізілді.Нитрит мөлшері (Х, мг) төмендегі формула бойынша анықталды.

$$X = \frac{0{,}001 \times 125 H \times 100 \times 100 \times 100}{H \; аб}$$

Н – тексеретін ерітіндінің биіктігі; 0,001- стандартты ерітіндінің биіктігі; а – тексерілетін ерітіндінің көлемі; б – мылжаның мөлшері; Нитритті анықтау МЕМСТ 85581-78 бойынша жүргізілді.

Ылғал мөлшерін анықтау.*К*өптеген ет тағамдарында да ылғал мөлшері біркелкі мол болады. Ол еттің сапасына, тағамдық құндылығына және сақтау мерзіміне, микробиологиялық жағдайына елеулі әсер етеді. Ылғал мөлшерінің шикізат түріне, еттің категориясы мен сортына, дайындау рецептурасына және технологиялық өңдеудің тәртібі мен режиміне қарай өзгермелі болуы ықтимал. Ылғалды анықтаудың бірнеше тәсілдері бар, оның ішінді жиі қолданылатыны кептіру.Бюкстарға алынбақшы өнімнен 2-3 есе артық, құм салып, шыны таяқшасымен кептіргіш шкафта беткі қақпаға жанында 150 + -2^{0}С тұрақты салмағына дейін, кептірдік.Сонан соң фарш салып құммен араластырып өлшедік. Сонан соң 150^{0}С 1 сағат бойы кептірдік, 20-25 мин. бойы эксикатор ішінде суытып өлшедік. Ылғал мөлшерін (Х, процент) формула бойынша есептедік:

$$X = \frac{M_1 - M_2 \times 100}{M}$$

M_1- кептірілгенге дейінгі сынаманың салмағы, г; M_2– кепкеннен кейінгі сынаманың салмағы, г; М – фарштың навескасы, г.

Каталазаға сынаманы 1 г шұжық фаршын келіге салып үстінен 10 мл су құйып мылжаладық, сүзеді мөлдір сүзіндіге 2 пайыз сутегі асқын тотығының 0,5 мл қостық.

Шұжықтың термикалық өңдеуі жетіліксіз болса яғни каталаза түгел жоғалмаса сутегінің көпіршігі байқалып және сұйықта қалың көбік шығып күшті реакция байқалады. Тексеру қорытындысы бойынша санитарлық баға бердік.Шұжық өнімдерінің сапасы сезімдік және химиялық тексеру жолдарымен анықталды. Шұжық жасауға сапасыз шикізаттарды пайдаланған немесе тағамдық токсикоинфекция және улану кездескен жағдайда жоғарыда айтылған тексерістерге қосымша сальмонелла, ботулизм т.б. қауіпті микробтарды анықтау үшін бактериологиялық тексеру жүргізілді.Пісірілген, пісіріліп – ысталған және жартылай ысталған

шұжықтардың нитриттер құрамы 3 мг аспауы керек, ал шикілей ысталғанда – 100 г өнімде 5 мг аспауы қажет.Шұжықтар базардың ветеринариялық санитариялық сараптау зертханасында зерттелді.Сезімдік, технохимиялық және бактериологиялық зерттеу арнайы нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізілді.Зерттелген «Чайная», «Докторская» және «Отдельная» пісірілген шұжықтары оларға қойылатын барлық талаптарға сәйкес болды.Зерттеу барысында МЕМСТ пен ТШ талабына сай келмейтін шұжық байқалмады және утильге жіберілмеді.

Әдебиеттер

1. Қырықбайұлы С.Қ.Ветеринариялық санитариялық сараптау: оқулық жоғары оқу орындары үшін /Қырықбайұлы С.Қ. Алматы, 2014.- 189б.
2. Асылбеков Б.Ж. Основы стандартизации, метрологии и сертификации: оқулық жоғары оқу орындары үшін /Б.Ж.Асылбеков Алматы, 2013.-184б.

ӘОЖ 635.132.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА АСХАНАЛЫҚ СӘБІЗ СОРТТАРЫН ӨСІРУ ЖӘНЕ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУ

Исаева А.Қ.– АП-21-10к тобының студенті
Елибаева Г.И. б.ғ.к., аға оқытушы

Кіріспе. Мақалада сәбіздің ең жақсы сорттары, бақша төсегін дайындау, оны отырғызу туралы айтылады. Материалдан сіз тамақтану, күтім туралы білесіз. Пайдалы кеңестер дұрыс ауылшаруашылық технологиясына қатысты, ол сәбіз шыбынынан зақымдалмаған біркелкі, әдемі тамыр дақылдарынан мол өнім алуға көмектеседі. Сәбіз өте қарапайым, сондықтан олар жеке учаскелерге жиі келеді. Күн сайын жылдың кез келген уақытында ағзамызға көкөністер қажет. Олар - денсаулық кепілі. Оларды дұрыс таңдау арқылы ағзамызды тек көмірсумен, маймен, дәрумендермен, минералды заттармен ғана емес, мұнымен қатар аминқышқылдарынан бөлініп шығатын ақуызбен қамтамасыз етеміз. Түрлі көкөніспен тамақтанатын адамдар мүлдем ауырмай, өмір жасы ұзақ болады. Ересек адам күніне картопты қоспағанда одан бөлек 300-400 грамм көкөніс жеуі керек. Көктем мезгілінде ағзамызға көкөніс құрамындағы заттектер жетіспейтіндіктен, түрлі инфекциялық ауруға қарсы тұра алмаймыз. Біз физиолог мамандардың кеңесін үнемі есте ұстағанымыз жөн: таңертеңгі, түскі және кешкі аста міндетті түрде көкөніс болуы тиіс. Ет секілді пісірілген көкөністер де зиян. Алайда олардың құрамындағы заттектерді сақтап қалғыңыз келсе, аз мөлшердегі суда, қабығымен пісіріңіз. Осылайша құрамындағы дәрумендер мен тұздар сақталады. Сәбіз бұл жастық, сұлулық пен ұзақ ғұмыр сүрудің сыры. Ол ағзада А дәруменіне айналатын каротинге бай болуымен пайдалы. Сәбіз бен одан жасалған салаттарды өсімдік майымен араластырсаңыз, сәбіз құрамындағы каротин жақсы сіңірілетін болады. Сәбіз – сабағының бойы 1 метрге дейін жететін, екі жылдық шөп тектес өсімдік. Бірінші жылы жуан тамырынан бірнеше жапырақ шығады, ал екінші жылы сабағы өсіп шығып, гүлдеп, тұқым береді. Сәбіз Қазақстанның оңтүстігінде өсіріледі. Дәрілік шикізат ретінде және витаминдік дәрі ретінде өсімдіктің түбір түйнегі мен дәні – тұқымы күз кезінде жинап алынады. Сәбіз - барлық жерде өседі. Азықтық және асханалық сорттары бар. Асханалық сорты онша ірі емес, тамыр жемісі жұмсақ, қантты. Асханалық сорттарының ең таңдаулысы Нантская, Витаминная Сәбіз республиканың көпшілік облыстарында өсіріледі. Сәбіз құрамында қант, белок, пектин заттары, минерал тұздары (калий, натрий, фосфор) және организмге қажетті басқа да заттар бар. Сәбіз - негізінен екіжылдық өсімдік. Бірінші жылы жапырақ түзуші ортасы мен тамыры өссе, екінші жылы ғана тұқымы пайда болады. 60 - қа жуық түрі Африка, Австралия, Жаңа Зеландия және Америкада кең тараған. Тамыр жүйесі жақсы дамыған, еттілігі мен түріне қарай ұзартылған конус, цилиндр пішіндес болады және салмағы 30 граммнан 300 граммға дейін жетеді. Түсі ақ, ақшыл сары, қызыл - сары болып келеді. Ең алғаш сәбіз Ауғанстанда өсірілген. Осы елде сәбіздің ең көп түрі тіркелген. .

сәбіз (daucus)— жер астында өсетін екі жылдық өсімдік . алғашқы жылында тамыры үлкейіп жеміске айналса, екінші жылында ұрықтанады . сәбіз тамыры жеміс болып саналатын өсімдіктердің қатарынан болады . сәбіздің мәдени және жабайы түрлері бар . әдетте, мәдени сәбіздің түсі қою сары, ал жабайы сәбіздің түсі ақшылдау болып келеді. Құрамы каротинойдтарға бай . карөтинөйдтардің қатарына В, В2 дәрумендері жатады . Сәбіздің құрамында амин қышқылдары, 3-15 % мөлшерде қант, аздаған мөлшерде иефир майы кездеседі. Сәбіздің жесісін азық ретінде, медитсинәда емдік зат ретінде, ал ұрығын (тұқымын) дары-дәрмек жасау үшін пайдаланады .

Зерттеу әдістері: Сәбіз отырғызу. Бір -бірінен 20 × 25 см қашықтықта ойықтар жасау үшін қазықты немесе кетпенді қолданыңыз. Олар 1 см тереңдікте болуы керек. Суарғышты жылы сумен толтырып, бүріккіш ұшын алып, көлденең ойықтарды құйып егілді. Ыңғайлы болу үшін тұқымдарды таспада сатып алуға болады. Оны тек шұңқырға салу керек. Тұқымдар бір -бірінен оңтайлы қашықтықта желімделеді. Егер сіз өзіңізді егетін болсаңыз, онда оларды әр 1 см сайын орналастырылды. Ең сирек себу қажет емес, өйткені барлық тұқымдар өніп шығуы мүмкін емес. Осы орайда бір маңызды жайтты айта кеткен жөн. Сәбіз тұқымы тек бір

жылдың ішінде өте жақсы өнгіштікке ие. Өндірушілердің арнайы қаптамасы оны 24 айға дейін ұзарта алады. Ескі тұқымдар өнбейді, сондықтан жиналған сәттен бір жыл өтпегендерді отырғызған дұрыс. Тұқымдарды шүберекке салып, байлап, осы құрылымды 5 сағатқа суға батыруға болады. Осы уақыт ішінде сұйықтықты 3-4 рет өзгерту қажет. Бұл әдіс өнуге негізгі кедергі болып табылатын кейбір эфир майларын жууға көмектеседі. Осыдан кейін, тұқымдар сүлгіге құйылады, ағынға дейін кептіріледі, енді оларды отырғызылды.

Әлсіз көшеттер өтіп кетуі үшін ойықтарды жеңіл топырақпен немесе шымтезекпен толтырылды. Сәуір айының ортасында себкендіктен жотаның үстіне төмен доға қойып, оларды тығыздығы жоғары мөлдір пленкамен жабылды. Ол жылыжайдың ішіндегі ылғалдылықты, жылуды сақтайды, бұл өнгіштікті жақсартады. Тамыр дақылдарына қауіп төндіретін негізгі проблемалардың бірі сәбіз шыбыны . Тәжірибелі бағбандар сәбіздің жанына пияз отырғызу идеясын ұсынды. Ол иісімен тітіркендіргіш зиянкестерден қорқады. Пияз мен сәбізді бір кереуетке, ойықтарды кезектесіп отырғызуға болады. Пиязды тамыздың басынан ортасына дейін қазғанда, сәбізде көбірек орын болады. Мұндай еркін жағдайда тамыр дақылдары қыркүйек айының соңына дейін өседі. Сәбіз жазда ғана емес, күздің басында да жақсы өседі, сондықтан оны ерте жинауға болмайды. Егер қыркүйек айында түнгі аяз күтілсе, тамыр түйнектерін шашамыз. Ашық, құрғақ күні жиналды. Ортаңғы жолақта мұны қазан айының бірінші онкүндігінде жасауға болады.

Ешбір жағдайда тамыр дақылдарын жерден жұлып алмау керек, содан кейін олар зақымдалуы мүмкін және ұзақ сақталмайды. Егер сіз сәбізді дымқыл топырақтан алып тастасақ, оларды 1-2 күн ішінде шатырдың астында кептіруге болады. Сәбізді жертөледе немесе жертөледе + 5 ° С температурада сақаған тиімді. Балшықтан жасалған сөйлеушіні сақтауға өте ыңғайлы, оған бір тамыр дақылы батырылады, жақсылап кептіріледі, қораптарға салынады, + 2 + 5 ° С температурада сақталады.

Қараша айында күздік егуді жүргізуге болады. Бұл үшін танап қазан айында дайындалады, тереңдігі 2 см болатын ойықтар жасалады. Топырақ жақсы қатып қалған кезде, бороздаларды құрғақ шымтезекпен себу арқылы егу жүргізіледі. Мұндай сәбіз көктемде тез өсе бастайды, ерте егін береді, бірақ қыста олар нашар сақталады. Маусым немесе шілде айының басында егілсе, онда тамыр дақылдарының бір бөлігін құрғақ жапырақтармен немесе шымтезекпен жауып, көктемге дейін бақшада қалдыра аламыз. Содан кейін сәуірде жаңа сәбізден өнім ала аламыз. Әрине, егер бақша төсегінде саңырауқұлақ болмаса, бірақ тышқандар бар, өйткені бұл зиянкестер қысқы егінді бұзуы мүмкін.

Қорытынды: Мен қортындылай келе сәбіздің пайдалы ас екенін, оны пайдалан білуді айтқым келеді. Сәбіздің ағзаға берер пайдасы халыққа ертеден-ақ белгілі. Ежелгі Русь елінде сәбіздің көмегімен тыныс жолдарын, жүрек, бауырды емдеген. Құнды дәрумендер мен минералды тұздардың үйлесуінің арқасында сәбіз қаназдықтың алдын алады және көру қабілетін жақсартады. Алтындай күнге күю. Барлық өсімдіктердің ішінде сәбіздің құрамында ең көп мөлшерде бета-каротин бар. Осының арқасында сәбізді қолдану ультракүлгін сәулелердің зиянды әсеріне ағзаның төзімділігін күшейтеді, теріге тегістік және сау рең береді. Химиясы көп тағамдарды тұтынғаннан, өзіміз пайдалы ас дайындап тұтынайық.

Әдебиеттер

1. Ізтаев, Ә. І.Өсімдік шаруашылығы негізінде астықтану: Оқулық / Ізтаев Ә. І., Ермекбаев С.Б. - Алматы, 2014. – С.122-126.
2. Стацкевич, Е.Х. Лежкость корнеплодов моркови в зависимости от типа почвы и удобрений. Сб. статей молодых ученых и аспирантов. — М.: НИИОХ, 1975. - вып. 7. - 134-136б.
3. Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізбесі / Государственный реестр селекционных достижений, допущенных к исползованию в Республике Казахстан. – Астана, 2011. – 244 б.
4. Тәжібаев Т.С. Жемістер мен көкөністерді сақтау және өңдеу технологиясы: Оқулық. – Алматы, Қаз ҰАУ, 2010. – 281б.


ӘОЖ 631.67

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕР

Ізбасар Д.Н.– АП-21-6тк тобының студенті
Оралсынқызы М – а.ш.ғ.магистрі, аға оқытушы

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер ерекше құқықтық режимге ие және осы жерлерді алып қоюды шектеуге, олардың құнарлылығын сақтауға және арттыруға бағытталған қорғалуға жатады. Жер қорының құрылымындағы осы санаттағы жер көлемі 114,0 млн.га немесе пайдаланылатын жердің 43,3% -. құрайды.

Облыстар бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер көлемінің серпіні 1 – кестеде, ал тұтастай республика бойынша 1-суретте келтірілген.



Сурет 1 – Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер ауданының динамикасы

Олардың облыстардың жер қорындағы үлес салмағы 74-75%-дан (Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары) 11-25% -ға дейін (Қызылорда, Атырау облыстары). Бұл негізінен табиғи-климаттық жағдайлардың айырмашылығына және шөлді және жартылай шөлді жайылымдық жерлердің кең аумақтарының болуына байланысты.

Кесте 1 – 1991-2021 жылдардағы облыстар бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер алаңының серпіні

Наименование областей	**1991 г.**	**2005 г.**	**2020 г.**	**2021 г.**	**Изменения (+ , -)**
2021 г. к 1991 г.			2021 г. к 2020 г.		
Акмолинская	13.6	9.1	10.8	10.9	-2.7	+0.1
Актюбинская	23.0	7.1	11.4	12.6	-10.4	+1.2
Алматинская	15.9	6.8	8.3	8.6	-7.3	+0.3
Атырауская	8.9	2.4	2.9	3.1	-5.8	+0.2
В-Казахстанская	22.2	6.0	12.0	12.3	-9.9	+0.3
Жамбылская	11.5	4.6	4.7	4.7	-6.8	-
З-Казахстанская	12.9	3.6	7.3	7.8	-5.1	+05
Карагандинская	28.4	9.5	16.3	18.0	-10.4	+1.7
Кызылординская	18.9	3.1	2.8	2.9	-16.0	+0.1
Костанайская	18.1	8.2	10.5	10.8	-7.3	+0.3
Мангистауская	13.9	8.4	3.4	3.4	-10.5	+0
Павлодарская	10.6	3.2	6.6	7.1	-3.5	+0.5
С-Казахстанская	9.0	5.8	7.3	7.3	-1.7	-
Туркестанская	11.5	4.4	4.3	4.5	-7.0	+0.2
г. Шымкент	-	-	-	-
г. Алматы	-	-	-	-
г. Нур-Султан	-	-	-	-	-	-
Всего	218.4	82.2	108.6	114.0	-104.4	+5.4

1991-2005 жылдары ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын реформалау кезеңінде республика бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің ауданы 136,2 млн. гектарға қысқарды, бірақ кейіннен осы санаттағы жерлердің ауданы жыл сайын ұлғайды және оның жалпы ұлғаюы 2005 жылдан 2021 жылға дейін 31,8 млн. гектарды құрады.

Жалпы, соңғы жылдары Барлық облыстар бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер босалқы жерлерді игеру есебінен ұлғайып келеді, ағымдағы жылы олардың республика бойынша жалпы ауданы 5,4 млн. гектарға ұлғайды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер санатында республиканың ауыл шаруашылығы жағынан аса құнды жерлері: 97,9% егістік, оның ішінде 91.2 % - суармалы жерлер бар, 41. % - көпжылдық екпелер, 51,7 % - шөгінділер, 44,9 % - шабындықтар, оның ішінде 36,6 % - жақсартылған және 45,0 % - Лиманды суару.

Әдебиеттер

1. Основные показатели забора, использования и водопотребления воды по Республике Казахстан за 2021 год. Комитет по водным ресурсам МСХ РК, Астана, 2021г.
2. Сводный аналитический отчет «О состоянии и использовании земель Республики Казахстан»за 2021год.
3. «Совершенствование технологии дамбы для поливных оросителей» // «The issue contains proceedings of the international scientific and practical conference “scientificnorizon in the context of social crises” -2021,tokio, japan№41, с.978-985 https://ojs.ukrlogos.in.ua/index.php/interconf/article/view/8823

ӘОЖ 633.11

КҮЗДІК БИДАЙДЫҢ СЕБУ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ

Ілияс Ж. - АП-21-1дк тобының студенті
Жылкибаев А.К. - б.ғ.к., доцент

Күздік бидай – ауыл шаруашылығы саласында маңызы зор дәнді дақыл. Оның жоғары өнімділігі мен сапалы ұн беруі өндірістік тұрғыдан құнды етеді. Дегенмен, мол өнім алу үшін дұрыс агротехникалық шараларды сақтау қажет. Соның ішінде себу мөлшерін анықтау үлкен рөл атқарады. Күздік бидай азық-түліктік маңызы жағынан жаздық бидайға теңесе отырып, одан бірқатар артықшылықтарымен ерекшеленеді: ол күзгі-қысқы және ерте көктемгі ылғал мен қоректік заттарды тиімді пайдаланады, топырақты эрозиядан қорғайды, арамшөптермен жақсы күреседі, аурулармен аз залалданады, астық сұр көбелегінің жарақаттайтын кезеңінен өтіп кетеді, ұйымдастыру-шаруашылық жағынан өте бағалы және анағұрлым өнімді. 2001 жылы Қазақстандағы күздік бидай егістігі 0,57 млн/га, ал астық өнімі 14,1 ц/га болды.

Ұзақ уақыт бойы Солтүстік Қазақстан облыстарында күздік бидай өсіруге мән берілмей келеді. Себебі бұл аймақтың климат жағдайлары оны өсіруге мүмкіндік бермейді, өсімдіктері нашар қыстайды, маусым айының қуаңшылығына төтеп бере алмайды және төмен өнім береді деп түсіндірілді. Алайда, Қостанай облыстық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясының көп жылдарғы зерттеулері оны аталған аймақта өсірудің мүмкін екендігін, өнімі жаздың бидайдан жоғары екендігін дәлелдеді. Қыстан шығуға қолайлы жылдары күздік бидай 15-20 ц/га өнім бере алады. Күздік бидай Солтүстік Қазақстанда жұмсақ бидай түрінде өсіріледі.

Күздік бидайдың өсіп-дамуы екі кезеңде өтеді: біріншісі күзде, себуден тұрақты бозқырауға дейін және екіншісі көктемгі тірілуінен басталып, дәннің пісіп және өсімдіктің құрап қалуымен аяқталады. Күзгі кезеңде онда тамыр жүйесі мен жапырақ беті қарқынды дамиды. Күзгі салқын температураның нәтижесінде түптену түйіндері мен жапырақтарда қорлық пластикалық заттар, әсіресе қанттар мол жинақталады.

Өсімдіктер тыныштық күйіне көшеді және қыс бойы осы күйде болады. Күздік бидайдың ойдағыдай қыстап шығуына өсімдік ұлпаларындағы судың мөлшері көп өсер етеді. Оның тым көп мөлшері және аздығы өсімдіктің құрып кетуіне әкеліп соғады: жасушаларда судың артық мөлшері мұз кристалдарының түзілуіне ықпал жасайды, бұл ұлпалар үшін өте қауіпті, ал су жетімсіздігі — протоплазма биоколлоидтарының коагуляциясына ұрындырады да, өсімдіктер құрып кетеді. Өсімдіктердің қыстап шығу кезеңіндегі құрамды қолайсыз жағдайларға төтеп беруі оның қысқа төзімділігі, ал өсімдіктердің төменгі теріс температураға төтеп беруі аязға төзімділігі деп аталады.

Өсімдіктердің үсіп кетуіне қарсы барынша тиімді шараларға аязға төзімді сорттарды пайдалану, фосфор, калий тыңайтқышын енгізу, мерзімінде себу, тұқымды тереңірек сіңіру, ықтырма көмегімен қар тоқтату, т.б. жатады. Күздік бидайды солып қалудан сақтандыру үшін қар қабатын тығыздаған дұрыс, бұл жағдайда топырақ тезірек қатады да, өсімдіктің пластикалық заттары тыныс алуға аз шығындалады: тым ерте жиі себу мен үстеп қоректендіру азоттың артық мөлшерін қолданудан, т.б. сақтану қажет. Түптену түйіндері мен тамырлардың топырақ бетіне шығып қалмауына тұқымды ТУР препаратымен өңдеп тереңірек сіңіру және себу мен себуден кейін топырақты ЗККШ-6А катогымен тығыздау жақсы көмектеседі. А.В.Артюшенко мен О.Г.Артюшенконың пікірінше, Қостанай облысы жағдайында күздік бидайдың жойылып кетуі қыстың қолайсыз жағдайларымен емес, негізінен ерте көктемнен бастап өсімдік ылғалды буландыра бастайды, ал тамыр жүйесі әлі топырақтың тоң қабатында жатады да, ылғалмен қамтамасыз етіп үлгермейді. Соның нәтижесінде өсімдіктер әлсірейді де, түнгі аяздың әсерінен (-12-14°С) опат болады. Сондықтан қар қабатын жасай отырып өсімдіктің ерте көктемде өсуін кешеуілдетудің маңызы зор.

Күздік бидайдың себу мөлшері аймақтық жағдайларға және агротехникалық әдістерге байланысты гектарына 4,0–5,5 миллион өнгіш дән немесе шамамен 160–250 кг/га тұқым себуді құрайды. Аймақтық ерекшеліктер: Құрғақшылық жағдайында: 200–250 кг/га; Орташа ылғалдылық жағдайында: 180–220 кг/га; Ылғалы мол аймақтарда: 160–180 кг/га.

Күздік бидайдың тұқымы, жаздың бидай сияқты, +1-2°С жылылықта өне бастайды, бірақ жаппай өнуі +12-15°С температурада жүреді. Бұл жағдайда егін көгі 6-9 тәулікте пайда болады. Мысалы, С. Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық университетінің өсімдік шаруашылығы кафедрасының тәжірибелерінде күздік бидай көгі орташа тәуліктік ауаның 18,6°С температурасында бес тәулік те, ал 15,9 және 12,8°С болғанда (себу мерзіміне байланысты) тиісінше б.және 8 тәулікте пайда болды. Өсімдіктің көктемгі оянуы 3-4°С жылылықта басталады, алайда өсіп-дамуына қолайлы жылылық 12-15°С. Қысқы, көктемгі төменгі температура мен оның күрт өзгеруіне күздік бидай өте сезімтал. Қар қабаты болмағанда түптену түйінінде -16-18°Стемпературада өсімдік опат болады, 20 см қар қабаты -30°С аязға, ал 30-60 см -40°С аязға төтеп береді.

Күздік бидайдың көктеуі мен түптенуінде ылғалдың маңызы зор. Ф.Н. Пруцков пен И.П.Осиповтың (1990) деректері бойынша, себу қарсаңында топырақтың 0-10 см қабатындағы тиімді ылғал қоры 10 мм артық болса, онда өсімдіктердің өсіп-жетілуінің алғашқы кезеңі қолайлы жағдайда өтетіндігінің сенімді көрсеткіші, 10 мм аз болса, егін көгінің пайда болуы жауын-шашынға байланысты, ал 5 мм төмен болса — егін көгінің толықтығы төмендейді де, өсімдіктер дамуының алғашқы кезеңінде-ақ опат болуы ықтимал.

Қалыпты қыстап шығу жағдайында күздік бидай көктемгі тірілу кезеңінен масақтануға дейін барлық қажетті ылғал мөлшерінің 70%, гүлдену балауызданып пісу кезеңінде 20% дейінгі мөлшерін сіңіреді. Бұл дақылға қолайлы топырақ ылғалдылығы 60 см қабатта ТДЫ-тың 70-75%. Күздік бидайдың транспирация коэффициенті -460-500.

Күздік дәнді дақылдардың ішінде бидайдың топыраққа қажетсінуі барынша жоғары. Ол мол өнімді арам-шөптерден таза, құнарлы әрі ылғалды қара топырақтар мен қоңыр топырақтарда қамтамасыз етеді. Ойпаң, батпақты жерлер күздік бидайға жарамайды. Оған кектемде су жиналып қалмайтын және өсімдіктердің езіліп кетуін болдырмайтын тегіс танаптарды таңдап алған жөн. Солтүстік Қазақстан аймағында күздік бидайдың Мироновская 808, Северная Заря сорттары

аудандастырылған.

Қорытындылай келе, күздік бидайдың себу мөлшерін дұрыс анықтау өнімнің сапасы мен көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Аймақтық және климаттық ерекшеліктерді, тұқымның сапасын ескере отырып себу нормасын дәл есептеу маңызды. Бұл шаралар дұрыс сақталған жағдайда ауыл шаруашылығы өнімінің тиімділігі едәуір артады.

Әдебиеттер

1. Қосанов, Б., Ибраев, Қ. «Ауыл шаруашылығы дақылдарының агротехникасы» – Алматы: ҚазҰАУ баспасы, 2019.
2. Сапаров, А.С., Әбділдаев, А. «Қазақстанның топырақ және климат ерекшеліктері» – Астана: Фолиант, 2017.
3. Ерғалиев, М. «Дәнді дақылдар өсіру технологиясы» – Шымкент: Оңтүстік баспа, 2020.
4. Жүнісов, А.Б. «Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру әдістері» – Алматы: Қайнар, 2018.
5. FAO (Food and Agriculture Organization). "Wheat Production and Management Guide", Rome, 2021.
6. Қабдуллин, Ж.К. «Қазақстандағы күздік бидай егісі: өнімділікті арттыру тәсілдері» – Қарағанды: Болашақ баспа үйі, 2022.
7. Тұрсынбаев, Қ. «Агротехнология және егіс нормаларын есептеу» – Аграрлық ғылым баспасы, 2021.

УДК 639.933.2.082

ПРОВЕДЕНИЕ ИССЛЕДОВАНИЙ И ВЕТЕРИНАРНО-САНИТАРНАЯ ЭКСПЕРТИЗА МОЛОКА И МОЛОЧНЫХ ПРОДУКТОВ (ТВОРОГ, СМЕТАНА) В ТОРГОВЫХ ОБЪЕКТАХ ГОРОДА ШЫМКЕНТ

Кадеев А. – студент группы АП-20-8р
Турумбетов Б. – профессор

Молоко и молочные продукты, такие как творог и сметана, играют важную роль в рационе питания человека благодаря высокой пищевой ценности. Однако их безопасность и качество требуют строгого контроля, особенно при реализации в торговых объектах. В данной работе рассмотрены результаты исследований и экспертизы молока и молочных продуктов, реализуемых в торговых точках города Шымкент.

Цели и задачи исследования

Цель работы — оценка качества и безопасности молока, творога и сметаны, представленных в розничной торговле Шымкента, с точки зрения санитарных и ветеринарных норм.

Задачи:

1. Анализ санитарных условий хранения и транспортировки молочной продукции в торговых точках.
2. Выявление нарушений санитарных норм на основе полевых обследований.
3. Разработка рекомендаций для улучшения санитарного состояния реализации продуктов.

Материалы и методы

Для исследования проводился осмотр 15 торговых объектов в различных районах города Шымкент. Обследования включали: Оценку условий хранения молочной продукции (температурный режим, чистота холодильного оборудования).Проведение опросов сотрудников торговых точек относительно знаний правил санитарии.Анализ жалоб потребителей, зарегистрированных в службах качества продуктов.

Основные параметры оценки:

- Соответствие условий хранения санитарным требованиям;
- Частота нарушений температурного режима;
- Оценка знаний персонала о правилах гигиены.

Результаты и обсуждение

Обследование торговых точек выявило следующее:

1. **Условия хранения**
- В 80% объектов условия хранения соответствовали нормам.
- В 20% объектов были зафиксированы отклонения от температурного режима, что связано с неисправностью холодильного оборудования.
2. **Знания персонала**
- Только 65% сотрудников торговых точек прошли обучение по санитарным нормам.
- В 35% случаев сотрудники не знали о требованиях к срокам реализации продукции.
3. **Жалобы потребителей**
- 15% жалоб связаны с неудовлетворительным качеством продукции (испорченная продукция, нарушение упаковки).
- 10% жалоб касались несоответствия указанного срока годности.

Ветеринарно-санитарный контроль молочных продуктов имеет огромное значение не только для обеспечения их качества, но и для защиты здоровья населения. Тщательная проверка молока и молочных

продуктов позволяет своевременно выявлять отклонения от санитарных норм и предотвращать потенциальные риски.

Одной из важных задач является повышение уровня осведомленности сотрудников торговых точек о санитарных требованиях. Регулярное проведение обучающих семинаров и тренингов способствует более строгому соблюдению гигиенических стандартов, что, в свою очередь, снижает вероятность нарушений.

Кроме того, внедрение новых технологий контроля качества, таких как автоматизированные системы мониторинга температурного режима, может значительно повысить эффективность надзора за условиями хранения продукции. Современные методы диагностики также играют ключевую роль в обеспечении безопасности пищевых продуктов.

Выводы. Исследования показали, что несмотря на соответствие большей части продукции санитарным нормам, недостатки в условиях хранения и обучении персонала требуют значительного внимания. Также необходимо улучшение системы контроля за соблюдением температурного режима.

Рекомендации

1. Установить более строгий мониторинг за состоянием холодильного оборудования.
2. Разработать программы обучения для сотрудников торговли по вопросам санитарии и гигиены.
3. Увеличить частоту проверок санитарных условий в торговых объектах.
4. Создать механизм для оперативного реагирования на жалобы потребителей.

Литература

1. ГОСТ 31449-2020. Молоко и молочная продукция. Методы определения бактериальной обсемененности.
2. СанПиН 2.3.2.1078-2021. Гигиенические требования безопасности и пищевой ценности пищевых продуктов.
3. Жантелиева, Л. О., Шабдарбаева, Г. С., Ибажанова, А. С. и др. «Мониторинг качества молочных продуктов в Казахстане». Материалы Международной конференции «Ветеринария в XXI веке», Астана, 2019, с. 45–76.

УДК 577.4:631.67

ПРИМЕНЕНИЕ ФИЛЬТРОЦИКЛОНА ДЛЯ КАПЕЛЬНОГО ОРОШЕНИЯ И ДРЕНАЖНЫХ ВОД НА МЕЛИОРАТИВНЫХ СИСТЕМАХ

Карпысбай Б. - студент 3 курса АП-22-4к
Даулетбаев Б. У. - к.с.-х.н., ассоц.професор

В гидроциклонных насосных установках применяемых в сельскохозяйственном водоснабжении, где сливной патрубок гидроциклона служит всасывающим патрубком насоса, поток воды входит в полость насоса с некоторой закруткой.

В целях повышения и улучшения энергетических и производственных характеристик насоса, метод предварительной закрутки потока на входе в рабочее колесо был использован в работах А.А. Ломакина [1], В.Я. Карелина [2], А.И. Степанова [3].

Очевидно, что в гидроциклонных насосных установках, применяемых в сельскохозяйственном водоснабжении, метод предварительной закрутки потока осуществляется автоматически. Поток, выходящий из сливного патрубка гидроциклонной камеры можно подводить в рабочее колесо в зарегулированном виде. Если гидроциклонная камера, как местное сопротивление, увеличивает вакуумметрическую высоту всасывания насоса и тем самым ухудшает его кавитационные характеристики, то наличие закрутки потока на входе в рабочее колесо улучшает те же показатели насоса. Но соотношения этих показателей могут быть разными в зависимости от геометрических параметров гидроциклонной камеры и гидроэнергетических характеристик насоса (двигателя).

Сопротивление в рабочем колесе насоса вопрос особой значимости. Поток, входящий в рабочее колесо, закрученный в противоположную сторону направления вращения колеса, обладает меньшим сопротивлением, чем поток, имеющий такое же направление что и рабочее колесо. В первом случае, путь прохождения всасываемой жидкости в спиральную камеру от начала лопатки до ее конца намного короче, чем во втором из-за наличия двух поворотов. В результате меньше и потери напора. До сих пор предполагалось, что присоединение гидроциклонной камеры к всасывающему патрубку насоса лучше всего осуществлять так, чтобы направление вращения жидкости в гидроциклоне и в насосе были одинаковыми. Ожидалось, что в этом случае, потери энергии будут минимальными, а напор и производительность насоса - максимальными.

В.А. Зимницкий [4] в своих трудах приводит данные о том, что для обеспечения устойчивого течения в кольцевом подводе насоса специально организуют закрутку потока перед его рабочим колесом. Это способствует выравниванию эпюры скоростей и обеспечению осесимметричности потока на входе в рабочее колесо насоса.

Существующая теория центробежного насоса построена на том предположении, что входящий в рабочее колесо поток далее распространяется радиально со скоростью входа. Именно так выведена знаменитая турбинная формула Эйлера.

Известно, что путем специальных устройств закручивания всасываемого насосом потока улучшают энергетические показатели насосов и насосных станции. Так же известно, что встречное направление вращения рабочего колеса и закрученного потока на входе в насос повышает напор, тогда как одинаковые их направления закрутки может и уменьшить напор насоса [3].

В гидроциклонных насосных установках обеспечение противоположного направления вращения рабочего колеса и входящего в полость насоса потока жидкости дает возможность увеличить, как их производительности, так и напор. В этом случае относительная скорость потока увеличивается за счет тангенциальной составляющей вектора скорости входящего в полость насоса жидкости.

В случае совпадения направления вращения рабочего колеса и входящего в полость насоса потока жидкости производительность и напор насоса будут меньше, чем подобные параметры в случае входа в полость насоса незакрученной жидкости. Поэтому при установлении гидроциклонной камеры на всасывающей линии центробежного насоса надо обязательно соблюдать встречные направления вращения рабочего колеса и входящего в насос закрученного потока.

Если учесть, что скорость вращения рабочего колеса относительно высока по сравнению со скоростью всасывания жидкости (1…3 м/с), то разности в производительностях и напорах, в этих двух вариантах, составляют не очень значительные величины, тем не менее, это будет снижать КПД установки.

Для проверки, выше приведенных рассуждений, ставились специальные эксперименты на экспериментальной установке (рис. 1). Условия для обоих вариантов были одинаковые. Закрывая один патрубок, получали показания приборов в первом варианте, затем повторяли тот же опыт, закрывая другой.

Гидроциклонный (сливной) поток воды закручен по направлению вращения рабочего колеса

Гидроциклонный (сливной) поток воды закручен противнаправления вращения рабочего колеса




Рис. 1 - Экспериментальная установка

Эксперименты ставились на базе центробежного насоса 3К-6 (расход Q=45 м^3/ч, напор H=57 м в.ст., мощность N=10,1 квт, КПД-63,5 %, диаметр входного патрубка $d_{вх}$=80 мм, диаметр нагнетательного патрубка $d_{наг}$=56 мм).

Гидроциклонная камера имела следующие размеры: диаметр цилиндрической части $d_ц$=300 мм, длина цилиндрической части $L_ц$=140 мм, длина конической части $L_к$=500 мм, диаметры соответственно сливного, входного и пескового отверстии $d_{сл}$=80 мм, $d_{вх}$=80 мм, $d_{пес}$=25 мм.

Гидроциклон в песковом отверстии снабжался прямоточным гидроэлеватором: диаметр рабочего сопла, $d_с$=10 мм, диаметр приемной камеры гидроэлеватора, $d_{п.к.}$=24,5 мм, (длина – 90 мм), которая конфузором

переходит в камеру смешения диаметром $d_{к.с.}$=12,5 мм, длина камеры смешения $\ell_{к.с.}$=100 мм. Длина диффузора 75 мм.

Выходные показатели насоса при противоположном направлении вращения лопасти насоса и закрутки всасываемого (сливного) потока значительно больше, чем при одинаковом их направлении.

При полном открытии задвижки на напорной линии насоса в первом варианте Q=9,54 л/с, Р=1,9 атм., тогда как во втором Q=9,8 л/с, Р=2,5 атм., причем в этом случае приборы показывают более устойчивые показания.

В гидроциклонных насосных установках обеспечение противоположного направления вращения рабочего колеса и входящего в полость насоса потока жидкости дает возможность увеличить, как их производительности, так и напор. В этом случае относительная скорость потока увеличивается за счет тангенциальной составляющей вектора скорости входящего в полость насоса жидкости.

В случае совпадения направления вращения рабочего колеса и входящего в полость насоса потока жидкости производительность и напор насоса будут меньше, чем подобные параметры в случае входа в полость насоса незакрученной жидкости. Поэтому при установлении гидроциклонной камеры на всасывающей линии центробежного насоса надо обязательно соблюдать встречные направления вращения рабочего колеса и входящего в насос закрученного потока.

В данной проекте рассматривается два способа подвода закрученной жидкости в центробежный насос: по направлению вращения рабочего колеса и против направления вращения рабочего колеса, где во втором случае выходные показатели насоса увеличиваются намного больше, чем в первом варианте. Направление вращения входящего потока может совпадать с направлением вращения рабочего колеса насоса и не совпадать, иметь противоположное (встречное) направление.

В сельском хозяйстве при поливе культур различными способами, в частности по эффективности капельного орошения, широкомасштабные исследования проводились отечественными и зарубежными учеными, как Ю.Г.Шейнкин, А.В.Новикова, З.И.Цой и др. В.М.Инюшиным и П.Р.Чекуровым определено насыщение воды кислородом под действием света, полученного от некогерентных источников и лазерного облучения. Некогерентный источник света, его интенсивность и длина волны являются монохроматическими, что является одним из показателей который служит уровню выделения кислорода и увеличивает степень насыщения воды кислородом. Также, В.В.Митрофанов, В.М.Герасимов доказали, что при воздействии магнитного поля на воду, её физическое действие усиливает выделение водорода из воды и её влияние на почвенную среду. Однако недостаточно проводились исследования по эффективности капельного орошения путем активирования воды разными источниками, в лазерных и электромагнитных полях с применением жидкого азота на сортах тонковолокнистого хлопчатника и озимой пшеницы на юге республики.

Литература

1. Ломакин А.А. «Центробежные и осевые насосы», М.Л., 1966, 362 с.
2. Карелин В.Я. «Кавитационные явления в центробежных и осевых насосах», М., 1975, с. 332 – 335.
3. Степанов А.И. «Центробежные и осевые насосы», М. Гос. Науч. Тех. Изд-во. «Машиностроение», 1960. 362 с.
4. Зимницкий А.В. «Лопастные насосы». Справочник. 1986, 334 с. Основные и дополнительные литературы:
5. СН и П РК 4.01-02-2001. Водоснабжение. Наружные сети и сооружения. – Астана.: Комитет по делам строительства. Министерства экономики и торговли РК, 2002.-215 с.
6. Абдураманов А.А. и др. Гидроциклонный способ управления наносами на всасывающей линии насоса и разработка вакуумгидроциклонных насосных установок.
7. Всб. «Nastoleni Moderni Vedy - 2008», Praha, Чехия, с. 6...9.

ӘОЖ 330.101

МҮЛІК НЫСАНДАРЫН ТАБЫС АМАЛЫМЕН БАҒАЛАУ ЖОЛДАРЫ

Келесхан Н.Т. - АП-21-6к3 оқу тобының студенті
Култасов Б.Ш. - ф.д., аға оқытушы

Жер кадастрының мазмұны және оны жүргізудің белгіленген тәртібі еліміздің барлық аймақтарына міндетті. Мемлекеттік жер кадастрының объектісі Казақстан Республикасының арлық мемлекеттік жер қоры болып саналады. Мемлекеттік жер кадастры осы қордың толық саны және сапалық сипаттамасын беруге және жерлердің табиғи, шаруашылық, құқықтық жағдайы туралы дұрыс, қажетті мәліметтер жиынтығынан тұруға тиісті. Нарық қағидаларына сай жер учаскесі – жылжымайтын мүлік болып табылады. Ал жылжымайтын мүлік объектісінің нарықтық құнын анықтағанда, бағалаудың табыстық, шығындық және салыстырмалы сату әдістері қолданылады.

Табыс амалы күту қағидатына негізделген, әлеуметті сатып алушы меншіктің құны туралы жылжымайтын мүлік иелігінен болашақта түсуі мүмкін қайтарымның шамасы арқылы тұжырым жасайды. Жылжымайтын мүліктің нарықтық құн табыс амалын қолданғанда меншік меншік туындататын келешек ақшалай ағындарын қазіргі құнға қайта есептеу жолымен анықталады. Демек, жылжымайтын мүліктің құны осы нысанның болашақта алып келетін пайдалардың шамасымен, сапасымен, мерзім ұзақтылығымен анықталады.

Табыс амалы картадағы сатып алушының жылжымайтын мүлік үшін болашақ кірістердің ағымдағы құны соммасынан артық төлемейтін уәждемесін көрсетеді. Табыс амалының құндылығы оның болашаққа бағытталғандығы, дұрыс қолданғанда ол барлық келешек пайдаларды ескеруге мүмкіндік береді. Бірақ, оны пайдаланған кезде негізінде жорамал деректермен жұмыс істеуге тура келетіндіктен, амал орынды қолдануға қиындықтар туғызады.

Кез келген нысанды бағалау ең алдымен, оның болашақ үтмітіне тәуелді болады. Меншік иесі үшін табыстардың қашан келетіні, олар қандай тәуекелмен байланысты екендігі өте маңызды. Нысанның құн шамасын табыс амалымен есептеу кезінде бұл факторлар ескеріледі.

Қандай да бір субъекттің инвестициялық (салымдық) уәжі болған кезде табыс амалы арқылы бағалау өте тиімді. Себебі, коммерциялық жылжымайтын мүлік нысанына немесе кәсіпорынға ақша жұмсағанда, инвестор ғимараттардан, құрылыстардан, жабдықтардан ж.б. тұратын актив жиынтығын сатып алмайды, ол пайда түсіру үшін, салынған қаржыны қайтаратын, болашақ табыс ағындарын сатып алады.

Табыс амалын қолданған кездегі бағалау рәсімдерінің негізгі кезеңдері:

1.Жалпы әлеуметті табысты бағалау, салыстырылатын нысандар үшін ағымдағы мөлшерлемелерді және нарықтағы жал көрсеткіштерін талдау арқылы жүргізіледі.

2.Толық пайдаланбағандықтан (жалға толық берілмегендіктен) болатын шығындарды бағалау, бағаланатын жылжымайтын мүлікке қатысты нарықты, оның қозғалысын (тренд) талдау арқылы жүргізіледі. Осылайша есептелген шама жалпы табыстан шегеріліп тасталады, ал қорытынды көрсеткіш нақты жалпы табыс болып табылады.

3.Бағаланатын жылжымайтын мүліктің пайдалануына байланысты шығындарды есептеу, оның қалпында ұстап тұруға кететін нақты шығындарды және осы нарықтағы кәдуілгі шығындарды талдауға негізделеді. Есепті шама нақты жалпы табыстан шегеріледі. Шығын баптарына тек тікелей меншікті пайдалануға бөлінген төлемдер ғана кіреді, ал ипотекалық төлемдер (төлеудің кепілдеме қағаздары), пайыздар және амортизациялық төлемдер қосылмайды.

4.Сонымен алынған таза табыс әртүрлі әдістермен нысанның ағымдағы құнына қайта есептеледі. Қайта есептеу әдісін таңдау нарық туралы бар мәліметтің сапасына тәуелді болады. Егер алынатын табыс тұрақты болса, тікелей капиталдандыру әдісі қолданылады. Басқа жағдайларда – ақшалай ағындарын дисконттау әдісі қолданылады.

Табысты капиталдандыру әдісі – белгілі бір уақыт аралығындағы түсетін табыс (бір жылда алынатын жал ақысы) жылжымайтын мүліктің құнына айналдырылады. Табыс амалы шеңберінде бағаланатын нысанның құнын осы әдіспен анықтау үшін келесі формула қолданылады:

$$V = \frac{I}{R};$$

Мұндағы: V – құн,
I – таза табыс,
R – капиталдандыру коэффиценті.

Жылжымайтын мүлікті бағалау кезінде капиталдандыру коэффиценті екі элементтен тұрады:

- капитал табысы мөлшерлемесі немесе дисконт мөлшерлемесі – нақты инвестициялармен сабақтас, уақыт факторына, тәуекелділікке және т.б. байланысты ақша құндылығы үшін инвесторға төленетін өтем болып табылады. Капитал табысы мөлшерлемесі (дисконт мөлшерлемесі): табыстың тәуекелсіз мөлшерлемесіне , тәуекелділік сыйақысына, жылжымайтын мүліктің төмен өтімділік сыйақысына, капиталды қайтару нормасына байланысты инвестициялық менеджмент сыйақысына негізделеді.

- капиталды қайтару (орнын толтыру) нормалары. Бастапқы салымдардың сомасын өтеу, капиталды қайтару деп ұғылады. Капиталдандыру коэффицентінің бұл элементі активтердің тек қана тозатын, яғни құнын жоғалтатын бөліктері үшін қолданылады.

Бағаланатын нысанның тұрғын нысан емес, жай қойма екенін ескере отырып және бағаланатын нысанның жалға берілгендігі туралы ақпараттың болмауына байланысты нысанның нарықтық құнын анықтау үшін табыс амалы қолданылмады.

Бұл амалдың бағалау рәсімдерінің негізгі кезеңдері:

1.Бағалау нысанына балама жылжымайтын мүлік нысандарымен жасалған мәмілелер, сатылуы жайлы ұсыныстар, құн белгілеулер туралы деректерді жинау мақсатында нарықты зерттеу.

2.Ақпарат ақиқаттығын сенімділігін арттыру үшін және жасалған келісім-шарттар, мәмілелер еркін нарықтық жағдайда өткенін растау үшін мәліметтерді іріктеп теріп алу.

3.Қолайлы өлшем бірліктерін таңдау және әрбір өлшем бірлігі үшін салыстырмалы талдау жүргізіледі.

4.Бағаланатын нысан мен салыстыруға таңдалып алынған, нарықта сатылған немесе сатылып жатқан нысандарды жеке элементтер арқылы салыстыру арқылы бағаланатын нысанның бағасына түзетулер енгізу.

5.Бағаланатын нысанның салыстырмалы мінездемелерін талап және оларды бір құндық көрсеткішке немесе көрсеткіштер тобына келтіріп, бағалау нысанының құнын белгілеу. Нарық туралы акпараттың жеткіліксіздігіне немесе олардың анықтылығына сенімділік болмаған жағдайда бағалау нысанының құн шамасы көрсеткіштер тобы түрінде көрсетуге болады.

Әдебиеттер

1. Варламов А.А. Государственный кадастр недвижимости / А.А. Варламов,С.А. Гальченко. – М.: Колос С, 2014. – 679 с.
2. Аврунев Е.И. Проблемы кадастровый дятельности // Известия вузов. Геодезия и аэрофотосьемка.-2015. – с. 99-103
3. Антонович, К. М. Некоторые вопросы ведения кадастра в России [Текст] /К. М. Антонович, В. Н. Клюшниченко // Известия вузов. Геодезия и аэрофотосъемка. – 2015. – № 5/С. – С. 103–107.
4. Ахилбеков М.Н., Музир Н., Сабыр Ұ Кадастрлық істі қалыптастыруда «arcgis» бағдарламаларын қолдану тәжірибесі//xxv республикалық студенттік ғылыми конференциясының еңбектері -Шымкент, -2023.

ӘОЖ 351.1

АУДАН АУМАҒЫН ТАБИҒИ-АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ АЙМАҚТАРҒА БӨЛУ ЖОЛДАРЫ

Кенжебай Ә.К. - АП-21-6к5 тобының студенті**,**
Султанбекова П.С. - т.ғ.к., доцент

Ауылшаруашылық алқаптарының пайдаланылуы, оларды қорғау, топырақтың құнарлығын көтеру, және аймақтарда зиянды экологиялық ықпал етуден қорғау анықталған табиғи климаттық жағдайда ауыл шаруашылықтың мамандандырылған негізде құрылуы қажет. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді аймақтарға бөлу – бұл санаттағы жерлерді аймақтарға бөлу ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер ерекшелігіне сәйкес, ауыл шаруашылығы алұаптарын қорғау мен тиімді пайдалану нәтижесінде жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді аймақтарға бөлудің негізі – табиғи аймақтарды көрсете отырып, табиғи -ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді аймақтарға бөлу болып табылады. Ауданның жер қорын табиғи ауыл шаруашылық аймақтарға бөлу – республикалық табиғи аймақтарға бөлу негізінде жүзеге асырылады[1].

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді аймақтарға бөлу кезінде төмендегі жағдайларды есепке аламыз:

- Агроклиматтық жағдайлар;
- Топырақ және өсімдік қабаты;
- Ауылшаруашылығы мақсатындағы алқаптарының сапалық жағдайы;
- Ауылшаруашылығы өндірісін мамандандыру;
- Жерлерді пайдаланудың негізгі шарттары.


Сонымен қатар жергілікті жағдайларға байланысты жер пайдалану сипатына қатысты басқа да факторлар есепке алынуы мүмкін.1-ші суретте аудан аймақтарындағы жайылымдар сипаттамасы көрсетілді.

Жерді бағалау - пайдаланып жүрген жерлерді олардың құндылығы жөнінен бақылау. Жерді бағалаудың негізгі көрсеткіштері біртұтас жүйені құрайды, онда әрбір көрсеткіш өз белгісіне ие әрі басқалармен қызметтік байланыста болады. Жерді бағалау көрсеткіштері белгілі сапаның 1 га жеріне есептеледі. Бағалау бірлігін бөлу жер бағалық аудандарға бөлу жүйесі және топырақты топқа бөлу арқылы қамтамасыз етіледі[2].

Жерді аймақтарға бөлу - жер аумағын оның нысаналы мақсаты мен пайдалану режимін белгілей отырып айқындау. Жерді аймақтарға бөлудің міндеті: жерді нысаналы мақсатында пайдалануын шектейтін немесе ықпал ететін аумақтардың қасиеттерін анықтау.

Кадастрлық(бағалық) аймақтарға бөлу жұмыстары табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау негізінде әкімшілік аудан бойынша жасалады.Жерді бағалық аймақтарға бөлу жұмыстары жердің кадастрлық құны негізінде іске асырылады.

Жердің учаскесінің кадастрлық бағалау құны – мемлекет жер учаскесін немесе оны жалға алу құқығын сатқан кезде қолданылатын, инфляцияның жалпы деңгейі туралы мемлекеттік статистика деректеріне сәйкес кезең-кезеңімен нақтыланатын жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкалары және оларға түзету коэффициенттері негізінде айқындалатын жер учаскесінің есептеу құны[3].



Сурет 1. Қазақстан Республикасы жайылымдар сипаттамасы

Жер кодексіне сәйкес, төлемақының базалық ставкасы – мемлекет жер учаскесіне жеке меншік құқығын берген кезде немесе уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын сатқан кезде оның кадастрлық (бағалау) құнын айқындауға арналған жер учаскесінің нормативтік бағасы.

Жерді аймақтарға бөлу жергілікті бюджет есебінен атқарушы органдардың шешімі бойынша жүргізіледі. Жерді аймақтарға бөлудің облыстық сызбаларын дайындау бұрынғы сызбаларға сәйкес іске асырылады. Жерлерді аймақтарға бөлудің аудандық сызбасын дайындау келесі кезеңдерден тұрады:

- Дайындық жұмыстары;
- Сызбаларды құрастыру;
- Сызбаларды құрастыру және бекіту;
- Сызба материалдарын дайындау және беру.

Дайындық жұмыстарға төмендегі материалдар кіреді:

- Пландағы-картографиялық, топырақтық және гиоботаникалық ізденістер, жерді түгендеу, жердің сандық және сапалық есебі, жолдың жағдайы жөнінде мәліметтер, сумен жабдықтау, ауылды елді мекеннің құрылыс және инженерлік жүйелермен қамтамасыздығы, олардың орналасу орны, әкімшілік деңгейі, аймақтың ландшафтық бағасы, табиғи қоршаған ортаның жағдайы және басқада көрсеткіштерді жинау мен талдау кіреді.

Қазақстан Республикасындағы ауылшаруашылық саласының гиоботаникалық сипаттамасы карталық түрде 2-ші суретте көрсетілді. Қазақстанның ауылшаруашылығы картасы бойынша табиғи аймақтық бөлу дайындық жұмыстарының толықтылығы артады.



Сурет -2. Қазақстандағы ауылшаруашылығы

Жерлерді аймақтық бөлудің аудандық сызбасын дайындауда пландық картографиялық негізге ауданның кадастрлық картасы қолданылады немесе ауданға 1:100000, 1:200000 масштабта пландық негіз дайындалады.

Кадастрлық квартал жөнінде қажетті мағлұматтар жинау, елді мекен ауыл шаруашылыққа пайдаланылатын жердің құрылымын, жайылым жердің сапасы мен сұлулығы, басқада көрсеткіштері ауданның белгілі бір жағдайын сипаттау мәліметтерін жинақтау жүргізіледі.

Әдебиеттер

1. Агентство Республики Казахстан по управлению земельными ресурсами «Временная инструкция по созданию электронных земельно-кадастровых карт на территории населенных пунктов» - Астана, октябрь 2007 г.
2. Ж.Т.Сейфуллин, Г.Ж.Сейтхамзина, Жерді кадастрлық аймақтау, бағалау және жер салығын салу. Оқулық – Астана, 2005 ж.
3. Ә.С. Стамқұлов, Г.Ә.Стамқұлова, Жер құқығы. Оқу құралы – Алматы, 2004 ж.

ӘОЖ 619.591.2

МАЛДАРДЫҢ ТҰЯҚТАРЫНЫҢ ЖАРАҚАТЫН РАНОЙОД,ТЕТРА СПРЕЙ ЗАМАНАУИ ПРЕПАРАТТАРМЕН ЕМДЕУ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

Кенжебек М.А. - АП-20-8к3
Оспанова М.С. – магистр,аға оқытушы

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында Республикамыздағы мал шаруашылығының басым көпшілігінің, бұрынғы кеңес дәуіріндегі қатаң жоспарлы түрінен, қазіргі жаңа жағдайға бейімделген еркін түрінде көшуі, алғашқы жылдарда мал санының едәуір кемуіне соқтырғанмен, елдегі мал басының түгелдей жеке меншік иелерінің қолына өтуі кейінгі жылдарда мал саны мен сапасының көбеюіне және артуына себеп болып отыр.

Ауыл шаруашылығында ең басты мәселе күтіп-бағу, дұрыс азықтандыру, малды түрлі аурулардан сақтандыру болып табылады уақытында дұрыс төл алу мен өнімін арттыру. Азықтандыру дұрыс болса көп ауруларды айланып өтуге және мал ауырмайтыны бәрімізге мәлім.

Мал шаруашылығында мал санын арттырып, одан шығатын өнімдердің сапасын арттырудағы ең негізгі кедергілердің бірі – осы малдар арасында кең таралған жұқпалы емес аурулар болып табылады.

Оның бірі тұяқ жарасы ауруы. Бұл ауру, малдар арасында көп кездеседі, олардың өнім беруін төмендетіп, мал арасында көптеген шығындарға душар етеді.

Бұл жұмыстың тақырыбын таңдау себебіміз қазіргі таңда елімізде соның ішінде оңтүстік өңірінде қойлар арасында тұяқ аурулары көптеп кездеседі және шаруашылыққа едәуір шығын келтіреді. Мал ауруларын емдеу, алдын алу малдәрігерлерінің міндеті. Сондықтан біз мал ауруларының ішінде қойлар арасында кездесетін тұяқ ауруын заманауи дәрілермен емдеудің тиімділігін қарастырдық.

Малдың аяқтарын фиксация жасап, тұяқты арнайы пышақтармен тазалайды. Жарақат алған жерді арнайы құрал-саймандармен басып, шұқып зақымдалған жерін табады. Микроб түспес үшін заласыздандырып, жарақаттанған жерін тазалап отыру қажет. Егер тұяқ немесе бұлшықеттері жарақат алса, сол жердің айналасын тазалайды, қайнаған сумен сүртіп, микробтарды залалсыздандырамыз. 5% иодпен және зеленка жағады да қорғаныш дәкемен байлайды.

Ол үшін алдымызға келесі міндеттерді қойдық:

1.Қойлар арасында таралған тұяқ ауруының таралуын анықтау.

2. Клиникалық белгілеріне және этиологиялық деректерге, зертханалық зерттеулерге жүгіну

3. Қойлар арасында таралған тұяқ ауруына қарсы дәрілердің тиімділігін анықтау және алдын алу шараларын ұйымдастыру

Диагноз қою үшін әуелі жануардың қашан кеселге шалдыққанын, дерттің қандай белгі бергенін, қандай жөм-шөп жегенін, жайылымын, суатын, мұндай дертпен түліктің бұрын-сонды ауырған-ауырмағандығын, бірден қанша бас дертке шалдыққанын анықталды. Осыдан кейін малға тексеру жүргіздік.

Зерттеулер аурудың ағымына, келешегіне клиникалық белгілеріне қарай зертханалық зерттеулер қолданылып жүргізілді.

Тұяқ араларына жара шығуына байланысты тұяқ ауруына диагноз қойылды.

Ауырған жануарды клиникалық тексеру — балаудың міндетті шарты: аурулар кезінде клиникалық тексерудің диагноз қою үшін шешуші маңызы бар. Ал көптеген аурулар кезінде бұл аса құнды қосымша әдіс болып табылады. Этиологияны талдаумен қатар клиникалық тексеру ауруға лабараториялық зерттеуді белгілі бір бағдарда жүргізуге жағдай жасайды.

Клиникалық тексеру кезінде ауырған жануардан тірі кезінде лабораториялық зерттеулер үшін тиісті материалдар алынды.

Клиникалық белгілеріне қарай тексерумен қатар микроскопиялық зерттеулер жасалынады. Қажет болғанда арнаулы ортаға сеуіп, өсін алып, микологиялық зерттеулер жүргізеді. Зертханада зерттеу үшін материалды зақымданған теріден алады.

Аурудың пайда болу себебі, малдың қорасына еденге шиыршық тастар төселгеннен кейін болу себептері байқалды. Осы белгілерге, себептерге байланысты тұяқ ауруы деген диагноз қойылды.

Зерттеу барысында біз 6 бас тұяқ ауруымен ауырған қойларды емдегенде төмендегідей нәтиже көрсетті:

Бірінші кезекте ауырған қойларды 2 топқа бөлдік. Ем жасамас бұрын тұяқты жақсылап тазартып алдық, сосын 1-ші топтағы қойларға 5 пайызды йодтың спиртті ерітіндісімен шайып, тетрациклин майын жақтық.

1-ші топтағы қойлардың сауығу көрсеткіші 45% . Қойлар 3 апта көлемінде жазылды.

2-ші топтағы Ранойод, Тетра Спрей препараттарымен емдедік. 2-ші топтағы емделген қойлардың сауығу көрсеткіші 95%. Қойлар 3-4 күн көлемінде жазылды.

2-ші топтағы Ранойод, Тетра Спрей препараттарымен емделгенқойлардың сауығу көрсеткіші 95% болды.. Қолданар бұрын тұяқты жақсылап тазарттық, сосын Тетра Спрей препаратымен тұяқтың

зақымданған жерлеріне бүріктік, Тетра Спрей препараты өте күшті бактерицидті әсер ететін препарат, Тетра Спрей препаратын қолданғаннан кейінРанойод препаратын қолдандық,Ранойод препараты микробтарға қарсы әсер етеді, ұнтақ түрінде шығарылады Яғни ұнтақты сеуіп, таңғышбен таңып тастадық.

Препаратты 2 рет қолдандық. Нәтижесінде қойлар 3-4 күн көлемінде жазылды.

Тұжырымдай келе біз қойлардың тұяқ ауруынаРанойод, Тетра Спрей препараттарымен емдеу тиімді екенін анықтадық.

Осы жүргізілген емдік шаралардың арқасында тұяқ ауруымен ауырған қойлар толығымен жазылып, малдың қоңы көтеріле бастады, мал шығынына жол берілмеді. Істелген ветеринарлық санитарлық іс шаралар, емдік жұмыстар, қораның тазалануы, оларды дезинфекциядан, дезинсекциядан өткізу өз нәтижесін берді.

Жүргізілген іс-шаралардың арқасында қойларды осы әдіспен емдеу көп қаржыны үнемдеді, мал шығынын болдырмады, малдың өнімділігі артты, қойлар ауруыдан айығып, жазыла бастады.

Әдебиеттер

1. Ильясов, Б.К.«Ветеринариялық хирургия». - Шымкент, 2021ж**.**
2. Мүрәлінов К.Қ. «Оперативтік хирургия». - Алматы, 2009ж.
3. Шакалов К.И., Башкиров Б.А., Поваженко И.Е., Абдибеков Б.Т. и др., «Частная ветеринарная хирургия»I-том.- Алматы, 2018
4. Семенов Б. С. «Частная ветеринарная хирургия».- КолосС, 2010г.
5. Тимофеева С. В. «Общая хирургия животных», - Мин. сел.хоз. РФ / М.2010.

УДК 614,91

ИЗУЧИТЬ ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ЛЕЧЕНИЯ И ПРОФИЛАКТИКИ ИНФЕКЦИОННОГО ГЕПАТИТА У СОБАК

Корчиева В. - студентка АП-20-8 р
Байжанов К.С. - к.с.х.н., доцент

В последние годы в нашей стране значительно растет численность собак, в том числе ценных и породистых. Одной из актуальных задач ветеринарной науки в области кинологии является разработка методов диагностики инфекционных заболеваний собак и организация лечебно-профилактических мероприятий. Среди других болезней плотоядных значительную долю занимает инфекционный гепатит. Инфекционный гепатит как первичное заболевание и причина смерти составляет 9% от общего числа всех инфекционных заболеваний собаки [1]. Инфекционный гепатит собак зарегистрирован во многих государствах мира, встречается во всех регионах Казахстана [2]. Нынешняя эпидемическая ситуация по болезням плотоядных очень сложна. Многие болезни (чума плотоядных, парвовирусный энтерит, аденовирусные инфекции, инфекционный гепатит собак и др.) представляют серьезную опасность и наносят значительный ущерб собачьему хозяйству [3]. Многие зарубежные и отечественные ученые дали исчерпывающую характеристику инфекционного гепатита собак в 70-х годах прошлого века [4].

Инфекционный гепатит плотоядных (Hepatitis infections carnivorum, инфекционный гепатит плотноядных) - остро протекающее инфекционное заболевание, характеризующееся лихорадкой, поражением печени и центральной нервной системы с сопутствующим воспалением дыхательных и пищеварительных путей. Сохранение здоровья щенка будет зависеть в первую очередь от количества и качества корма, структуры рациона. К инфекционным заболеваниям относятся микробы, вирусы, простейшие мелкие существа-грибы. Болезнетворные микробы-это очень маленькие организмы, которые можно увидеть только под микроскопом. Возбудители инфекционных заболеваний проникают в организм различными путями и являются инфекционными заболеваниями человека и животных, передающимися от различных диких и домашних животных.

Исторические данные. В Канаде в 1928 году Грин впервые выделил вирус энцефалита у лисы. Рубарт обнаружил вирус инфекционного гепатита собак в Швеции в 1947 году, и несколько ученых (Чедлок, 1948: Зиндентопф и Карлсон, 1949) доказали, что эти два патогена принадлежат к одному вирусу.

Эпизоотология. Инфекционными гепатитами болеют: собаки, лисы, волки, правнуки. Чаще всего болеют молодняки в возрасте 1,5-12 месяцев, а реже болеют животные в возрасте 3 лет. Хотя животное разного возраста болеет чаще всего наблюдается у щенков в возрасте 1,5-6 месяцев. С 3 лет собака редко болеет. Источником возбудителя инфекции являются больные и переносящие животные. Вирус выделяется со слюной, слезами, СРА носа, мочой, калом, в основном передается алиментарным путем, может передаваться и трансмиссивным путем [5].Заболевание проявляется в виде спорадии или как вспышка вспышки. В очаге новой эпидемии звери имеют охват до 75% и высокий уровень смертности до 35%. Впоследствии инфекция переходит в хроническую форму.

Прохождение и симтомы. Латентный период 5-7 дней. Симптомы разнообразны. Первые признаки заболевания: лихорадка с двойным горбом, ухудшение аппетита, усиление жажды и рвота, коньюктивит,

ринит, отек мошонки и подкожной клетчатки . Единственным постоянным признаком инфекционного гепатита является болезненность при надавливании на место хряща мошонки. Повышается сила свертывания крови, снижается содержание сахара в моче.Заболевание часто бывает острым у молодых щенков и в основном хроническим у взрослых. В некоторых случаях очень остро проходит, животное внезапно заглушается, раздувается и умирает.Гепатит обычно передается через собаку, которая больна и выздоравливает от болезни. Он передается при контакте с больной собакой и здоровой собакой, через воздух, а также через желудок из пищи и воды, куда попал вирус. Собака, выздоравливающая после болезни, будет распространять вирус вокруг себя в течение 160 дней вместе с мочой после полного исчезновения симптомов.

Патологоанатомические изменения. Печень слегка увеличивается в размерах, а цвет варьируется от бледно-коричневого до розового с красноватым оттенком.Селезенка напрягается и увеличивается в крови в одном из двух. Наружная часть желчного пузыря, а промежуточная ткань вилочковой железы молодых щенков имеет серозную или геморрагическую опухоль.

В груди и брюшной полости кровь представляет собой смешанную жидкость. В кишечнике и печени имеются отложения фибрина, в слизистой оболочке пищеварительного тракта-кровоизлияния.При гистологическом исследовании в сетчатке печени и других органов обнаруживаются крупные внутриядерные Тельца размером 0,5-0,75 мкм.Эти структуры, называемые Тельцами ревеня, расположены в центре ядра, окрашены в голубовато-розовый цвет. При хроническом течении заболевания Тельца ревеня поражаются редко.

Лечение и меры борьбы В основном используется симптоматическое лечение. Чаще всего используются витамины группы В, аскорбиновая кислота, поливитамины, печеночное пюре коровы, протеиновые гидролизаты, глюкоза, гаммаглобулины, препараты, влияющие на сердце.

Антибиотики и сульфаниламиды используются против вторичных инфекций. В качестве лечения 50 % раствор глюкозы 2-3 раза в день в количестве 15 мл или 40 миллилитров растворителя с 10% хлористым кальцием 30% глюкозой и 1% уротропином направляют в Вену один раз в день. У больных животных формируется жизненный иммунитет. Иммунитет свекрови передается щенкам через молозиво [6]. У больных животных формируется жизненный иммунитет. Иммунитет свекрови передается щенкам через молозиво [7].

Для формирования искусственного иммунитета в некоторых зарубежных странах используются живые и убитые вакцины, как правило, вакцина от инфекционного гепатита содержится в поливакцинах против чумы, бешенства, лептоспироза.

В случае возникновения заболевания устанавливаются ограничения и проводятся соответствующие оздоровительные мероприятия.

Литература

1. Касымов, Е. И. Эпидемиология и инфекционные болезни с основами ветеринарной медицины: учебное пособие. / Касымов Е. И.-Алматы: КазНАУ, 2013.
2. Сайдулдин т. Эпидемиология и инфекционные болезни животных: учебник. / Сайдулдин Т. – Алматы, 2009. – 518 б.
3. Мырзабекова, Ш. Б. ветеринарная вирусология: учебник /Мырзабекова Ш. Б.-Алматы: образование, 2004. – 161 С.
5. Кожабаев, М. К. эпизоотология и инфекционные болезни животных тяжелого хозяйства: учебное пособие / Кожабаев М. К., Байжанов К. С.,Каратаев Ш. М.-Шымкент, 2019. - С. 73-75.
6. Кожанов, К. К. лечение и меры предосторожности при родовых заболеваниях / К. К. Кожанов-Алматы, 2005. - с. 65-68.
7. Кудряшов, А.А. Патологическая анатомия и патогенез инфекционных болезней собак и кошек. / Кудряшов А.А. - Спб.: Б. С. К., 1999. - 176 с.
8. Порфирьев, И. Гепатиты собак в условиях мегаполиса / Порфирьев И., Уколова М. // Ветеринария. - 2008. - №5. - С. 71-76.

ӘОЖ **635.63**

ҚАЙНАРБҰЛАҚ ОҚУ-ҒЫЛЫМИ ӨНДІРІСТІК КЕШЕНІ ЖАҒДАЙЫНДА ҚИЯР ДАҚЫЛЫНЫҢ «ПАРАД» СОРТЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУДА КАЛИЙ ТЫҢАЙТҚЫШЫНЫҢ ӘСЕРІН АНЫҚТАУ

Қабыл С.А. - АП-21-2к тобының студенті
Тастанбекова Г.Р. - а.ш.ғ.к.

Қияр – кәді, самсар сияқты асқабақ тұқымдас біржаздық дақыл. Орта ғасырда гректерден славян халықтары "Қияр" деген атты алғаны белгілі. Гректердің "аугурос", "огурец" аорос піспеген, пісіп жетілмеген деген мағына береді. Қиярдың бірінші топырақ бетінде пайда болып шыққан отаны - тропикалық Азия аймақтары: Үндістан (үнді) жарты аралы, Үндіқытай (Бирма), Зонды аралының архипелагы (Үндінезия).

Жыл бойындағы жоғарғы жылылықта және бір қалыпты алды ауа райында ерекше жақсы өсіп-өнеді екен. Непал аймағында бір жемісінің салмағы 3 кг дейін екендігі белгілі. Жаңа жыл санауымызға дейінгі 5 мың жыл бұрын осы аймақтарда өсіре бастағаны белгілі. Осы аймақтардан-Жерорта теңіз елдеріне, батысқа да, шығысқа да тарала бастаған.

Ертедегі Египетте, Гректерде, Римдіктерде қияр өсіруді әдеттегідей қарапайым жұмыс деп есептеген.

Варронның, Колумеллдің, Цельсаның, Үлкен Плинидің еңбектерінде қиярдың көкөніс дақылы ретінде мәліметтері бар. Библияны латын тіліне аударған Иерониманың еңбегінде қиярдың егістігінің (кукумерарка) болғаны белгілі.

Гомер заманында Гректерде "Сикион" деген қала болған - Қияр қаласы. Әрбір гректер үйінің айналасына қияр дақылын өсіргендіктен солай аталған.

Батыс Еуропада III-IV ғасырларда қиярды өсіре бастаған, ал осыдан бастап кеңтаралып өсіре басталғаны XVIғасырдан белгілі. Осы кезеңдерде Ресейде IПетрдің заманында Мәскеу маңындағы Измайл ауылында басқа да дақылдармен қатар қияр өсіруді ұйғарған. Қазіргі кезде әлемде өте көп және кең көлемді таралған көкөніс қияр дақылы екендігі анық белгілі. Денсаулық ғылым академиясының нұсқауында әрбір адам жылына 10-13 кг қияр жемісін тағамға пайдалануға тиісті.

Өсіріп-өндіру мезгілдеріне қарай үш кезеңге бөлінеді: ерте пісетін сорттарының тұқымдары топыраққа егіліп жаппай көктеп шыққаннан кейін ауа райының қолайлы жағдайында жемістері 32-48 тәулікте, орташа пісетіндері 50-55 тәулікте, ал кеш пісетіндері 55-70 тәулікте тағамға пайдалануға жарамды болады. Осы кезеңдерде сорттарының жемістерін тағамға пайдаланған жақсы, өзіне тән хош иісі мен дәмділігі өте ұнамды болады. Жақсы жемістерін қалыптастыра бастаған түптен бірінші, екінші, үшінші жемістерін тағамға пайдаланып, 4-5-ші жемісін түстері сарғайып, сүттей ағарып қабығы піскенге дейін тұқымдыққа қолдану қажет, ал кейбір сорттардың өздеріне тән ерекшеліктеріне қарай тұқымдық жемістерінің сырты бірнеше түрлі торланады, осындай кезінде күңгірт-қоңырға дейін түстері өзгереді. Қияр жемістері жалған жидек, осыған байланысты әрбір тұқымдық жемісте 3-тен 5-ке дейін тұқымдар пісіп жетілетін бөлімшесінде (камера) сақталады. Бір тұқымдық жемістен 100-400 дана тұқымдар алынады. 1000 дана тұқымдарының салмағы 15-35 грамға дейін. Тұқымдық жемістер әбден сарғайып, пісіп жетілгеннен кейін, жылы жерге әкеліп қойып жұмсарып, босап иісі шыға астағанда ұзына бойына пышақпен кесіп тұқымдарын шай қасықпен әйнек банкаға салып екі-үш тәулік сақтайды, осы мезгілде банкінің ішіндегі тұқымдардың беті кілегейленіп көпіршиді, осыған жеткенде тұқымдарды таза сумен бірнеше - жуып қағаз, кардон, панераның үстіне жайып жылы көлеңке орында кептіреді. Өсімділігі 6-8 жылға сақталады.

Калий- өсімдіктер тіршілігігне қажетті элементтердің бірі. Калий өсімдіктің жас мүшелерінде көбірек болады.көпшілік өсімдік күлінде оның мөлшері едәуір, ал картоп түйнегінде барлық күл мөлшерінің 50-пайыздан астамы калий үлесіне тиеді.Өсімдік тіршілігінде калий көптеген физиологиялық үрдістерге қатысады. Ол қарапайым және күрделі көмірсулардың синтезделуіне ықпал етеп, жапрырақтағы көмірсулардың тамырға жылжуына себепші болады. Сөйтіп қант қызылшасының тамырындаа қанттың, картоп түйнегінде крахмалдың көбеюіне көмектеседі. Фотосинтез және тыныс алу үрдістері өсімдіктің калиймен қоректену деңгейіне байланысты.

Қиярдың тамыр жүйесі негізінен топырақтың беткі қабатында орналасқандықтан ондағы қоректік заттарды өте тиімді пайдаланады.Қияр өсімдігі өзі сіңірген қоректік элементтердің басым көпшілігін (55-60%, азот пен фосфор,60-78% калий) жеміс түзу үшін пайдаланады.Өсімдіктердің барлық өсіп-даму кезеңдерінде қоректік заттарға қажетсінуін қанағаттандыру үшін көкөніс дақылына тыңайтқыштарды себу алдында үстеп қоректендіру тәсілдеріменқолданады.Тыңайтқыштарды енгізу мөлшері топырақ құнарлығына, алға дақылға, өсіру жағдайына байланысты өзгереді. Тыңайтқыштар қоректік заттардың көзі ғана емес, сонымен қатар топырақтың микроорганизмдерінің қызметін жақсартады. Топырақтағы калий мөлшері ауытқып отырады, оның көп бөлігі минералдың құрамында, бірақ та ол өсімдіктерге тиімсіз. Калий тыңайтқышын дұрыс қолдану үшін оның топырақтағы жалпы қорын, түрін және жылжу заңдылықтарын білу қажет. Қияр дақылын себу кезінде жергілікті жепрде қалыптасқан агротехника қолданылды, яғни күзде топырақ тереңдігі 23-25см айдалынып, содан кейін тыңайтқыш берілді. Ерте көктемде ылғал сақтап қалу мақсатында тырма түсірілді. Тұқым себу алдында топырақ екі рет чизельмен қопсытылып, соңынан тырмаланды. Бұл дақылға елеулі мөлшерде жеңіл қоректік заттар қажет, сондықтан топырақты незізгі өңдеу кезінде әр гектарға 20-25 тонна қарашірінді берген тиімді. Қияр тұқымын себу мерзімі ауа райына байланысты сәуәр айының екінші жартысында 2-4 см тереңдікте себілді. Тұқым көкөніс тұқым сепкіштермен себілді. Себу мөлшері шамамен әр гектарға 5-6кг. Қысқа желілердің қатар аралығы-70см болды. Бірінші қатар аралық өңдеу 2-3 жапырақ көрінген кезде қопсытқышпен жүргізілді, тыңайтқыштар беріліп, қатар аралықтар жасалды. Өскіндер шыққан соң, оларды бір ұяда екі-үшеуден қалдырып сиретілді. Тәжірибе жұмыстарына байланысты фосфор мен калий негізгі тыңайтқыш ретінде пайдаланылды ал қосымша аммиак селитрасы да берілді.қиярға берілген калий, фосфор және аммиак селитрасының мөлшері тиісінше 30, 30, 20: 60, 60, 20кг/га болды(кесте-1)

Кесте -1. Калий тыңайтқышының қиярлың өнімділігіне әсері

Тәжірибедегі қолданылған нұсқалар	Сабағының Ұзындығы, см	Жапырақтар саны, дана	Бір өсімдік салмағы, г	Жапырақтар көлемі, см	Аналық гүлдер, дана	Көкөніс салмағы, г	Өнімділігі т/га
Бақылау тыңайтқышсыз	105	22	262	5012	2,7	86,0	19,0
P_{30} $K_{30}N_{20}$	126	36	332	5898	2,9	93,5	22,8
P_{60} K_{60} N_{20}	117	39	319	5952	3,1	93,0	23,2

Қиярдың өсіп-дамуына тығайтқыштардың әсері 10-кестеден байқалады.Қияр сабағының ұзындығы бақылау нұсқасында 105см, басқа нұсқаларда 126-117 см аралығында, тыңайтқыштар берілген нұсқаларда өсімдіктердің салмағы да жапырақтар көлемі де жоғары (332-319г). Қияр өсімдіктерінің , тез жетіліп өсуіне және дақылдың өнімі мол болуына тыңайтқыштар қолдану, топырақты өңдеу нәтижелері өз ықпалын тигізгені байқалды. Бақылау (тыңайтқышсыз) вариантында қиярдың өнімділігі 19,0 т/га болса, тыңайтқыштар берілген нұсқаларда бұл көрсеткіш тиісінше 22,8-23,2 т/га болды. Тыңайтқыштар енгізілген нұсқаларда қосымша өнім 3,8-4,2 т/га алынды.Топырақта фосфор сияқты калийдің де әр түрлі жылжымалы, яғни суда еритін, жеңіл және нашар еритін, алмаспайтын түрлерінің арасында тепе-теңдік сақталады.Зерттеу көрсеткіші бойынша 60кг/га калий тыңайтқышы берілген нұсқада тұрақты өнім алынып қана қоймай сонымен қатар бақылаумен салыстырғанда жоғары, қосымша өнім алынған. Тыңайтқыштар қолданған кезде өсімдіктер қоректік заттарды көп пайдаланылады, соның салдарынан олардың тұтынылуы да көбейеді.Зерттеу жұмыстарында алынған деректер топырақтағы жылжымалы қоректік заттар мөлшері оның топырақтағы деңгейіне, берілген тыңайтқыштар түрі мен мөлшеріне тікелей байланысты және топырақтағы калийдің деңгейі де оның механикалық құрамына, ылғалдылығына, температурасына, өсімдіктердің тікелей тұтуына байланыстылығы анықталды.

Әдебиеттер

1. Сыдық Д.А., Сыдықов М.А. Топырақты өңдеу технологияларына байланысты күздік бидайдың салыстырмалы өнімділігі мен дән сапасы. Аграрлық ғылым- Қазақстанның Оңтүстік-Батыс аймағының ауыо шаруашылығы өндірісіне. Ғылыми еңбектер жинағы. Том 1. Шымкент -2013. Б 224-233.
2. Елешов Р.,Сапаров А.,Балғабаев Ә.,Туктугулов Е.Агрохимия және тыңайтқыш қолдану: Алматы,2010.450 бет.
3. Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шауашылығы өндірісін өркендету жүйесі. Алматы. «Бастау»ЖШС, 2006ж,432 бет.
4. Елешев Р., Т.Смағұлов, Ә.Балғабаев. «Агрохимия және тыңайтқыш қолдану жүйесі» Алматы, 2000ж.
5. Щепетков Н., Ысқақов М. «Жеміс-көкөніс шаруашылығы» Алматы,2011ж.
6. Өтешқалиев А.Ө Көкөніс өсіру технологиясы .Алматы. Білім.2008.
7. Авдонин Н.С. Новый эффективный способ применения минеральных удобрений в сельском хозяйстве Научно-популярная лекция. М.: Правда, 1949. 31 с.
8. Жаңабаев Қ.Ш.,Арыстанғұлов С.С.Агрономия негіздері.Астана,2007ж.
9. Бекенова Ш.Ш.,Тыңайтқыштар қолдануда топырақтың агрофизикалық қасиеттерінің өзгеруі.Ғылыми мақала,Жаршы № 7,2007ж.
10. Алиев Д.А. Фотосинтетическая деятельность и продуктивность овощных культур в условиях питания макро- и микроэлементами. Теоретические 8. основы регулирования минерального питания растений. -М.: Наука, 1964.
11. Өтешқалиев А.Ө Қызанақ,қияр, пияз дақылдары және олардың емдік тағамдық қасиеттері. Алматы Білім. 2007-356б.
12. Аханов Ж.У., Елешев Р.Е., и др. Проблемы воспроизводства плодородия почв Республики Казахстан. // Состояние и рациональное использование почв Республики Казахстан. - Алматы, 1998. -С. 8-14.
13. Баранов М.С., Жуховицкая З.В. Агротехника и гербициды против сорняков. А-Ата,1962 г.
14. Белик В.Ф. Физиология огурцов Физиология сельскохозяйственных растений. М. Изд. Моск. Ун-та, 1970 Т.
15. Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша ауыл шауашылығын жүргізуге арналған ұсыныс. Алматы. «Қайнар», 2005.
16. Борисов Н.В. Минеральное питание огурцов различных сортов в теплицах// Доклады ТСХА, 1969, вып. 153. С 11-17.
17. Сиривля А.Мананкоа М.,Искаков Н. Огурцы.- Алма-Ата «Қайнар» 1985.
18. Доспехов Б.А. Методика полевого опыта. М. 1985г.
19. Будков В.А. с. 65-66. Технология, свойства и эффективность органоминеральных удобрений. Бюллетень ВИУА, 2000. 1 1 3 В.А. Производство и эффективность применения формованных удобрений. Бюллетень ВИУА 2000. 113.
20. Ващенко Ф. Воспитание рассады огурцов для парников и Промышленное производство овощей в открытого грунта.: Автореф. дис.канд. с.-х. наук.-М., 1954.

ӘОЖ 332.63

ЖЕР КАДАСТРЫНДА МӘЛІМЕТТЕР АЛУДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

Қалдиса Н. - АП 21-6к2 тобының студенті
Сандыбаева Г.Ж. - оқытушы

Жер кадастры – жер учаскелері туралы мәліметтерді жинау, тіркеу және жаңарту тәртібін реттейді. Жер кадастрында мәліметтер алуды жүргізу тәртібі – жер ресурстарын тиімді басқару және заңды түрде пайдалану үшін маңызды процесс. Ол жер учаскесінің шекарасын, құқықтық мәртебесін және басқа да сипаттамаларын нақты анықтауға мүмкіндік береді. Заманауи технологияларды қолдану мәліметтер алуды жеңілдетіп, оның дәлдігін арттырады.

Жеркадастры, мәліметтер жинау, геодезиялық өлшеу, шекараларды анықтау, GPS және GNSS, қашықтан зондтау, аэрофототүсірілім, ГАЖ.

Мәліметтер алуды жүргізу арнайы бекітілген нормативтік-құқықтық актілер мен әдістемелерге сәйкес жүзеге асырылады. Бұл кезеңде жер учаскесінің шекаралары, ауданы, құқықтық мәртебесі мен пайдаланылу мақсаты туралы мәліметтер жиналады.

Құқықтық негіздер: Жер учаскесінің меншік құжаттары (мемлекеттік актілер, келісімшарттар, сот шешімдері). Жерді өлшеу жұмыстарының жоспары, геодезиялық және топографиялық материалдар-техникалық негіздерге жатады.

Геодезиялық құралдардың көмегімен жер учаскесінің нақты шекаралары анықталады. GPS, GNSS немесе тахеометр сияқты жоғары дәлдіктегі аспаптар қолданылады. Бұл кезеңде жер учаскесі координаттар жүйесінде тіркеліп, оның шекаралары мемлекеттік кадастрлық картаға енгізіледі. Жер учаскелерінің беткі қабатын дәл бейнелеу үшін аэрофототүсірілім және спутниктік суреттер қолданылады.

Бұл әдіс үлкен аумақтардағы мәліметтерді жинау үшін қолайлы.

Техникалық және құқықтық сипаттамаларды өңдеу:

Жер учаскесінің ауданы, жер бедері, топырақ құрамы және жерді пайдалану түрлері туралы мәліметтер өңделеді.

Құқықтық мәртебесі мен тіркеу нөмірлері беріліп, мемлекеттік кадастрлық реестрге енгізіледі.

Кадастрлық мәліметтерді жинақтау үш этапта, яғни, дайындық, далалық және камералдық болып жүргізіледі.

Әдебиеттер

1. http://www.aisgzk.kz/aisgzk/ru/content/maps?type=ot - Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі және техникалық қамтамасыз ету басқармасының сайты
2. http://www.aisgzk.kz/aisgzk/ru/content/maps?type=ot - Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі және техникалық қамтамасыз ету басқармасының сайты.

ӘОЖ 528.7

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДА ГАЖ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Қалмахан Ә. - АП-21-6к2 тобының студенті
Кенжалиева Г.Д. - т.ғ.к., профессор

Қазақстан Республикасында жер ресурстарын тиімді басқару мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл салада жаңартылған технологияларды қолдану, әсіресе Географиялық Ақпараттық Жүйелер (ГАЖ), жер кадастры мен ресурстарды басқаруды автоматтандырудың тиімді құралдары ретінде қарастырылады. ГАЖ жүйелері қазіргі уақытта кеңінен қолданылып, жер ресурстарын басқару, мониторинг жүргізу және шешім қабылдау процесінде маңызды рөл атқарады. Осы мақалада ГАЖ жүйелерінің Қазақстандағы жер ресурстарын басқарудағы тиімділігі талданады.

Қазақстан Республикасында ГАЖ жүйесі жер ресурстарын басқару, кадастрлық ақпаратты жаңарту, экологиялық мониторинг жүргізу және ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану сияқты бірнеше маңызды салаларда қолданылып келеді. Мемлекеттік орган ретінде жер ресурстарын басқару, жер пайдалану құқықтарын беру және жерді бақылау мәселелері негізгі құзыреттілікке жатады.

Географиялық ақпараттық жүйе - бұл дегеніміз жергілікті аумақтар мен табиғи ресурстарды басқаруға арналған ақпараттық жүйе болып табылады, ол кеңістіктік деректерді жинау, өңдеу, сақтау жағынан, талдау және визуализациялауға мүмкіндік береді. ГАЖ жүйесі көмегімен әртүрлі географиялық деректерді біріктіріп,

нақты уақыт режимінде ақпарат алу, өзгерістерді бақылау және басқарушылық шешімдер қабылдауды қамтамасыз етуге болады.

ГАЖ жүйелерін қолдану арқылы қоғамға жер ресурстары туралы толық және ашық ақпарат ұсынуға болады. Бұл азаматтар мен жер пайдаланушылардың жер ресурстарын басқару процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Қоғамдық қатысу жер пайдаланудың әділ және ашық болуына ықпал етеді, бұл жер даулары мен құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін маңызды.

ГАЖ жүйесінің тиімділігі:

1. Ақпараттың дәлдігі мен жаңартылуы: ГАЖ жүйесінің көмегімен алынған кеңістіктік деректер нақты уақыт режимінде жаңартылып, жер ресурстарының жағдайы туралы дәл ақпарат ұсынады. Бұл жер учаскелерін дұрыс басқаруға және оларды тиімді пайдалану үшін маңызды болып табылады.

2. Автоматтандыру және тиімділік: ГАЖ жер ресурстарын басқару үдерістерін автоматтандыруға мүмкіндік береді, бұл мемлекеттік органдарға жер ресурстарын бақылауды жеңілдетеді және шешім қабылдау уақытын қысқартады.

3. Кешенді талдау мүмкіндіктері: ГАЖ жүйесі әртүрлі деректер жиынтықтарын біріктіруге мүмкіндік береді (мысалы, жердің экологиялық жағдайы, жер пайдалану түрлері және жердің құқықтық мәртебесі). Бұл талдау жер ресурстарын тиімді пайдалануға және экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді.

4. Қоғамдық қатысу: ГАЖ жүйелерін қолдану арқылы азаматтар мен ұйымдар жер ресурстары мен пайдалануы туралы ашық әрі түсінікті ақпарат ала алады. Бұл қоғамдастықтың жерді басқару процесіне қатысуын ынталандырады.

Қазақстанда ГАЖ жүйелерінің қолданылуы әлі де даму сатысында, бірақ соңғы жылдары жер кадастры мен ресурстарын басқаруда осы технологияларды енгізу бойынша бірқатар бастамалар іске асырылуда. Бұл бастамалар тек мемлекеттік органдардың жұмысын жақсартып қана қоймай, сонымен қатар азаматтардың жер пайдалану құқығын қорғау үшін маңызды құрал болып табылады. Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде ауыл шаруашылығы жерлері, табиғи ресурстарды пайдалану және экологияны қорғау бағытында ГАЖ қолдануды кеңейту болашақта осы саладағы тиімділікті арттыруға көмектеседі.

ГАЖ жүйелеріңіңбастыартықшылықтарыныңбірі — кеңістіктік деректердің дәлдігі мен жаңартылуы. Жер ресурстары туралы ақпараттың нақты және өзекті болуы маңызды, себебі бұл ақпарат шешім қабылдаудың негізі болып табылады. ГАЖ жүйесінде деректерді жиі жаңартып отыруға болады, бұл өз кезегінде басқару үдерістерін тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ГАЖ жеручаскелеріңіңшекараларын нақты анықтауға мүмкіндік береді, бұл жердаулары мен құқықтық мәселелердің алдын алуға көмектеседі.

ГАЖ жүйелері жер ресурстарын басқарудың барлық кезеңдерін автоматтандыруға мүмкіндік береді. Бұл жүйе жер кадастрының деректерін жинау, өңдеу, сақтау және пайдалану жұмыстарын жеңілдетеді. Жер учаскелерінің пайдаланылуын бақылау, құжаттарды рәсімдеу және әртүрлі есептерді жасау уақытын қысқартады. Жер ресурстарын басқару процестерін автоматтандыру арқылы мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігі артады. ГАЖ жүйесі кеңістіктік деректерді кешенді талдауға мүмкіндік береді. Бұл жер ресурстарын басқару кезінде түрлі аспектілерді ескеруге мүмкіндік береді, мысалы, экологиялық жағдай, топырақтың сапасы, жердің құқықтық мәртебесі және жерді пайдалану мақсаттары. ГАЖ арқылы бірнеше деректер көздерін біріктіру мүмкіндігі талдауды тиімді етеді және негізделген шешімдер қабылдауға ықпал етеді.

Қазақстанда ГАЖ жүйелерін қолданудың болашағы зор. Жер ресурстарын басқару, экологиялық мониторинг, ауыл шаруашылығы мен табиғи ресурстарды пайдалану салаларында ГАЖ технологияларын одан әрі дамыту маңызды. Бұл жүйелердің тиімділігі мен қолданылу ауқымын кеңейту үшін инфрақұрылымды жақсарту, жаңа деректер көздерін біріктіру және кадрларды оқыту қажет.

Қазіргі уақытта Қазақстанда жер кадастры мен экологиялық мониторинг жүргізу үшін ГАЖ технологияларын кеңінен қолдану арқылы жер ресурстарын басқарудың тиімділігін арттыруға болады. Бұл үшін ұлттық деңгейде ақпараттық жүйелердің интеграциясын қамтамасыз ету және деректердің сапасын жақсарту қажет.

Қазақстан Республикасында жер ресурстарын басқаруда ГАЖ жүйесінің тиімділігі айқын. Бұл жүйелер жер кадастрының дәлдігі мен жаңартылуын қамтамасыз етіп, ресурстарды тиімді пайдалануды бақылауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Ахметов Е., Кунаев М. Геоақпараттық жүйе негіздері. Алматы, 2008.
2. Геоинформационные системы и технологии. GIStechnik. Все о ГИС и их применении -2012
3. Геоинформационные системы. Сайт Отдела ГИС технологий. 2013, декабрь – 2
4. Н.Керімбай «Геоинформатика негіздері», Алматы, 2007.6-7

ӘОЖ 631.52

АҚ ТҮЙНЕКТІҢ ӨНІМДІЛІГІНЕ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ӘСЕРІ

Қасымбек Н. Қ. - АП-21-2к тобының студенті
Суримбаева К. - а.ш.ғ.к.

Кіріспе.Қазақстанның оңтүстік сұр топырақты жағдайында ақтүйнектің тауарлық өнімін алу мақсатында биологиялық егіншілік жүйесінің тәсілдерін жасау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Бұл ғылыми зерттеулердің нәтижесінде зиянкестерден болатын шығынның төмендеуіне және ауылшаруашылық өндірісінде қолданылатын пестицидтердің көлемінің қысқаратынына, қоршаған ортаны қорғау, халықтың денсаулығын сақтау және Қазақстан Республикасының азық-түлік және экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосылған ғылыми үлес болмақ.

Ауыл шаруашылығы дақылдарынан мол өнім алу үшін, топырақта оларға қажетті минералдық және органикалық заттар жеткілікті мөлшерде болуы керек, ал топырақтғы қоректік заттардың мөлшері шексіз емес, олар жыл сайын өсімдіктің өніміне қарай жұмсалып, белгілі бір шамасы кемиді. Сондықтан егістік жерден тұрақты және жоғары өнім алу үшін ол жерлерге қосымша тыңайтқыш енгізу агротехнологиялық маңызды шара болып саналады[1.2]

Зерттеу материалы мен әдістемелері.«Минералдық және органикалық тыңайтқыштардың ақтүйнек дақылының өнімділігіне әсерін зерттеу жұмыстары М.Әуезов атындағы ОҚУ Аграрлық факультетіне қарасты « Қайнарбұлақ» өндірістік кешені жағдайында жүргізілді.. Зерттеу нысаны ретінде осы оңтүстік өңірдің климатына қарай аудандастырылған ақ түйнектің Ақсор сұрпы алынды. Тәжірибе жұмыстары келесі сызба нұсқа бойынша жүргізілді.Зерттеу жұмыстарындағы тыңайтқыштар нұсқалары:I-нұсқа.$N_{60}P_{70}K_{45}$ (бақылау);II-нұсқа.20 т/га көң +$N_{60}P_{70}K_{45}$ III-нұсқа.25 т/га көң +$N_{45}P_{50}K_{30}$;IV-нұсқа.30 т/га көң +$N_{45}P_{40}$

Өсімдіктердің өсіп-даму кезеңдері И.Н.Бейдеман тәсіліне сәйкес жүргізілд [3].Алынған деректер Б.А.Доспехов ұсынған әдістемемен математикалық өңдеуден өткізілді[4].

Зерттеу нәтижелері тыңайтқыштардың қажеттілігі зерттелді**.** Ақтүйнек дақылына қолданылатын тыңайтқыш нормасы алғы дақыл ерекшелігіне де байланысты. Отамалы және көкөніс дақылдарынан соң ақтүйнек егілетін топыраққа азот тыңайтқышын көбірек, ал фосфор мен калийдің жылдық мөлшерін 20-30%-ға азайтқан дұрыс.Егер ақтүйнекті бақша дақылдарынан немесе сүрлемдік жүгеріден кейін отырғызылатын болса, қолданылатын минералдық тыңайтқыш мөлшерін 15-20% арттыру қажет.Ақтүйнек дақылына бор, мырыш, марганец, микроэлементтерін қолдану өнім сапасының жақсаруына көмектеседі. Ақ түйнектің өсіп-даму кезеңінде топырақ құрамындағы азот мөлшері артып, ал фосфор және калий элементтерінің төмендейді екен. Жоғары агротехниканы қолданып өсірілген ақтүйнектің 100ц түйнегінде және сондай мөлшердегі жапырағы мен сабағында 50-70кг азот, 15-20кг фосфор, 60-80кг калий болады

Тыңайтқыштардың азот мөлшері ақ түйнек танабына енгізілгеннен соң топырақтағы өсімдіктердің даму кезеңдеріне байланысты әр түрлі дәрежеде болды(кесте-1)

Кесте-1. Ақ түйнектің өсіп-даму кезіндегі азот мөлшерінің дәрежесі

Зерттеу нұсқалары	Ақ түйнектің даму кезеңдеріне байланысты топырақтағы азот мөлшері, мг/кг			
	вегетативті мүшелерінің қарқынды даму кезеңі	гүл түйіндерін салу кезеңі	гүлдеу	түйнектердің түзілу кезеңі
$N_{60}P_{70}K_{45}$ (бақылау)	11,0	11,3	10,6	10,0
20 т/га көң +$N_{60}P_{70}K_{45}$	16,2	28,5	22,0	15,4
25 т/га көң +$N_{45}P_{50}K_{30}$	17,0	19,3	16,4	13,3
30 т/га көң +$N_{45}P_{40}$	13,0	15,1	16,6	17,6

1- ші кестеде көрсетілген мәліметтерде, зерттеу нұсқалары бойынша ақ түйнектың вегетативті мүшелерінің қарқынды даму кезеңінде танап топырағындағы жылжымалы азоттың мөлшері әртүрлі шамада (11,2-17,1мг/кг) ауытқыды.Жүргізілген зертханалық талдаулар нәтижелері бойынша, минералды тыңайтқыштың ұсынылған мөлшері нұсқасына қарағанда зерттеу нұсқасының 20 т/га көң +$N_{60}P_{70}K_{45}$ болғанда жылжымалы азоттың мөлшерінің жоғары болуы танапқа берілген көң әсерінен болуда, сондай-ақ дақылдың осы өсіп – дамуы кезеңінде 30 т/га көң +$N_{45}P_{40}$ тыңайтқышының нұсқасында белсенділігі жоғары болып табылатындығы белгілі болды.

Минералды тыңайтқыштың $N_{45}P_{40}$ мөлшері мен 30 т/га көң ақ түйнек танабына енгізу барысында топырақтағы жылжымалы азот мөлшері гүл түйіндерінің салу кезеңінде азот тыңайтқышымен үстеп қоректендірілуіне байланысты 28,7 мг/кг мөлшерде болғанымен дамудың келесі сатыларында біртіндеп төмендеп, түйнектердің түзілу кезеңінде небары 15,2 -28,7 мг/кг тұрақтады.

Ақ түйнек егістігі мен тұқымын өңдеу үшін пайдаланған органо – минералды тыңайтқыш алынатын өнімнің әртүрлі өзгеруі болатындығы байқалды(кесте-2). Зерттеу жүргізу барысында минералды тыңайтқыштың аймаққа ұсынылған $N_{60}P_{70}K_{45}$ бақылау нұсқасынан орташа 120,5 ц/га өнім алынды. Әртүрлі

мөлшердегі органо-минералды тыңайтқыштарды ақ түйнек егістігіне қолдану нәтижесінде бақылау нұсқасына қарағанда 15,7- 40,3 ц/га аралығында артық өнім алынды.

Кесте -2.. Тыңайтқыштардың ақ түйнек дақылының өніміне әсері

Тәжірибе нұсқалары	өнімділігі, ц/га			ауытқуы+-
	I	II	орташа	
$N_{60}P_{70}K_{45}$ (бақылау)	120,6	120,4	120,5	-
20 т/га көң +$N_{60}P_{70}K_{45}$	142,3	141,6	141,9	+23,8
25 т/га көң +$N_{45}P_{50}K_{30}$	134,2	133,9	134,0	-15,3
30 т/га көң +$N_{45}P_{40}$	161,4	159,2	160,3	+39,6
ЕЕА 05 – 2,16 ц/га Тәжірибе дәлдігі -1,30				

2-ші кесте нәтижелері көрсеткендей, органикалық тыңайтқыштың 30 т/га және минералды тыңайтқыштың $N_{45}P_{40}$ мөлшерін ақ түйнек танабына қолданғанда ең жоғары өнім 160,3 ц/га алынды. Бұл өнім мөлшері басқа тыңайтқыштар қолданылған нұсқаларға қарағанда (20 т/га көң +$N_{60}P_{70}K_{45}$; 25 т/га көң +$N_{45}P_{50}K_{30}$) 18,4- 26,3 ц/га артық.

Сондықтан, аймақтың топырақ климаттық жағдайында ақ түйнек танабына 30 т/га көң және минералды тыңайтқыштар $N_{45}P_{40}$ мөлшерін қолданудың маңызы зор.

Әрбір жергілікті аймақта егілетін дақылдардан мол және сапалы өнім алу үшін тыңайтқыш қолдану жүйесін жете игеріп, агротехнологиялық шараларды дұрыс жүргізудің орасан зор маңызы бар[,5]

Әдебиеттер

1. Шағыров Ғ. Ақ түйнек және оның биологиялық ерекшеліктері// Алматы, 1998ж. 73 б.
2. Бөрібаева Л.А., Кененбаев С.Б., Айтбаев Т.Е., Нургазиев Р.Е. Ауыспалы егістің тыңайту жүйесіне байланысты картоптың өнімділігі мен сапасы// Ғылыми-сараптамалық журнал.Жаршы.. Алматы.2010 ж. № 12 62-66
3. Бейдеман И.Н. Методика изучения фенологии растений в растительных сообществах. Новосибирск: Наука СО. 1974. – 154 с.
4. Доспехов Б.А. Методика полевого опыта (с основами статистической обработки результатов исследований). - М.: Агропромиздат. 1985. - 351
5. Кененбаев С.Б., Айтбаев Т.Е., Бөрібаева Л.А., Нургазиев Р.Е.Картоп дақылының өсіп-жетілуіне және өнімділігіне органикалық және минералдық тыңайтқыштардың ықпалы// Ғылыми-сараптамалық журнал.Жаршы.. Алматы.2010 ж. № 12 56-59б

УДК 636.933.2.082

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚ МЕРИНОС БИЯЗЫ ЖҮНДІ ТОҚТЫЛАРДЫ ЖАЙЫП БОРДАҚЫЛАУДЫҢ ТИІМДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЗЕРТТЕУ

Құттыбек А. Б. - АП-21-7к тобының студенті.
Жылкибаев А.К. – б.ғ.к., аға оқытушы

Қойларды жайылымда бағып күту экономикалық тұрғыдан ең тиімді бағып күту тәсілі болып табылады. Қойдың қоңдылығы мен күйін жедел көтеру үшін балауса жайылым, таза сумен ауа көп әсеріен тигізеді, әрі мал азығына деген шығынды азайтып, шаруашылықтың экономикасын түзейді [1] . Соңғысы малдың бордақылау технологиясын біршама жеңілдете түседі.

Бордақылау барысында малдардың өсіп жетілу деңгейін зерттеп білу мақсатында 2023 жылы шаруашылықта қозылардың 2 тобын құрған болатынбыз. Бірінші тәжірибе топтағы қозылардың қондылығы (30 бас) төмен және 15 маусымнан (август) бастап бордақылауға қойылады. Алғашқы 26 кг таулы аймақты табиғи жайылымдарда 60 күн бойы жүргізіледі. Мұнда бір басқа есептегенде 300 г концентратты азық (150 г арпа, бидай 150 г қалдықтары), содан кейін бордақылаудың соңғы күніне дейін, аталмыш азыққа қоса 200 г сафлар шроты беріліп отырды. Екінші бақылу тобындағы қозыларды 17 августан бастап қыркүйекке дейін орылған бидайдың және жоңышқа қалдығының орнына жайю жүргізілді. Мұнда сағат 12 00 дейін бейдайдың орылған алқабында болса, 15 00 ден кешке дейін жоңышқа қалдықтарында жайылуда болды. Бордақылау мерзімінде күніне 200 г бидай қалдықтарымен қосымша азық азықтандырылып отырды.

Екінші топтағы малдарды күніне екі рет өзенен суарып отырды, ол таңертеі және күннің екінші жартысында. Күндізгі сағат 12 00 ден 15 00 дейін талдардың астында көлеңкелейді, содан соң түстің ыстығы қайта қойлар 21 00 дейін 22 00 дейін жайылымда болды. Қойларды концентратты азықтар мен азықтандыру кешкі жайылымнан кейін жүргізіледі. Бірінші және екінші топтағы бордақыланған малдар салмақтық көрсеткішері кенстеде көрсетілген

Зерттеу тобындағы бордақылау кезінде салмақ қосуы, бақылауға қарағанда 2,6 кг артық болып шықты.Мұндағы салмақ қосуы да 36 гр. артық болдыжәне бордақылау технологиясында қосымша азықтандырып, оң бағып күтудің салдарынан деп ойлаймыз(кесте-1).

Кесте 1 – Қозылардың 60 күндік бағып күту кезіндегі салмақтық көрсеткіштерін анықтау

Көрсеткіштер	Қозылар тобы	
	Бақылау	Зерттеу
Қозы саны, бас	30	30
Тірілей салмағы: бастапқы, кг	25,4+0,8	25,0+0,8
бордақы соңында, кг	32,2+0,7	34,8+0,7
Тәуліктік қосуы, г	226	327
Ұшасының салмағы,кг	30,1+0,6	32,2+0,5
Ұшасының шығымы,%	42.0+0.45	45.2+0.8

Стандарт талаптарының МЕМ СТ 5111-55 бойынша 60 күндік бордақылайтын қозылардың қондылық көрсеткіштері: орта қондылық шығымының үлес салмағы 70 % болса жоғары қондығылардың салмағы 30 пайыз болды.

Зерттеу тобындағы қозылардың ұшасының салмағы бақылауға қарағанда 2,1 кг артық және ұшасының шығымы 45,2 % құрады немесе 3,2 % артық болып шықты. Мұнда негізінен ішкі майдың әсерінен зерттеу тобының еттілік көрсеткіштері жоғары болып отыр.

Бордақылау барысында екі топтағы I және II санаттағы (категориядағы) қосалқы еттер шығымы айтарлықтай өзгеріс бере қоймады.

Көптеген зерттеулер бойынша мал бордақылау кезінде арзан бағалы азықтарды пайдалану еттің сапасын және оның құнарлық қасиетін түсіретіні анық болып отыр[2,3] .

Етті мақсатта мал бордақылаудың екінші кезінде жайылымдағы қойды қорытынды бордақылауға қою керек. Мұнда қозыларды екі топқа бөледі және олардың арнайы рационы болады. Бордақылаудың қорытынды кезеңінде (30күн азықтар қолданылады 0,9кг жоңышқа пішені, 0,1кг сабан, 0,65кг құрамажем(60% бидай қалдықтары, 40% арпа дәні), ол соңғы кезеңінде, 0,1кг жоңышқа шөбі, 0,2 сабан , 0,75 кг құрамажем беріледі. Бақылау тобының бір күндік рацион нормасына жоңышқаның үлесін азайтып (30% дейін), оның орнына дәнді дақылдарды жинап болған сон сафлор беріледі.

Қорытынды бордақылау кезінде бақылау тобында 1,15 азықтың өлшем, ал тәжірбиелік топта 1,17 азықтық өлшем беріледі. Оның ішінде бақылау тобында-132 гр. қорытылған протеин 9,1гр. калций және 4,9 гр. фосфор, ал бақылау тобында тиісінше-129, 7; 7,3 және 4,6 грамм.

Бақылау және тәжірбие тобындағы 15 бас қозыларды, төбесі жабылған бастырмаларда ұстайды және олардың жан-жағы қоршалған болады. Азықтағы шөптерді және құрама жемді зерттеу топтарындағы малдарға күніне екі рет береді: таңғы 8-9-да және күннің екінші жартысында сағат 15-16 шамасында. Азықтандыру алдында бидай қалдықтарын, арпа мен тұзды тартып алғаннан кейін араластырып салады.

Бақылау және тәжірибе тобындағы қозылардың бордақылауда кейінгі салмағы 24,0± 0,50 кг және 25,0±0,41 кг-нан 33,2± 0,45кг 34,1±0,42кг, дейін артты ал абсалютті салмағы 8,2 және 9,1 болып шықты.

Жоғарыда аталған кезеңдердің өзінде бақылау мен тәжірибелік топтарда қозылардың салмақ қосуы жақсы болып шықты. Оның үстіне, мұнда малдардың орта тәуліктік салмақ қосуы 142 және 156 гр құрап отырды және қой малы үшін бұл жақсы көрсеткіш болып табылады.

Бордақылау барысында қозылардың 1кг қосқан салмақтарына 7,1 және 6,6 азық өлшем бірлігінде азық жұмсалып отырды. Жалпы бір қойға норма талаптары бойынша 2 азық өлшем бірлігіне дейін азық жұмсалатын болса, аталмыш көрсеткіш бордақылау кезінде қалыпты құбылыс болып есептеледі.

Қарқынды бордақылау кезінде тәжірибие тобындағы тәуліктік салмақ қосу 156 гр болды, бұл бақылау тобындағы малдарға қарағканда 14 гр артық болып отырды.Салыстырмалы зерттеу топтарындағы қозылардың ұшаларының шығымы 14,7 және 15,0 кг болды,бұл мөлшер пайызбен қарағанда 44,5 және 44,2 % болып отырды. Қарқынды бордақылау кезінде төлдің өсу жүйесі негізінен олардың скилетті(мускулатурасының өсуімен орын алады,сондықтан тез салмақ қосады,ал сүйек өсуі баяу жүзеге асырылады. Мал оргонизмінде біршама өзгерістер жүреді. Мұнда су құрамы келіп,оргонизмдегі майдың орны арта бастайды. Осының салдарынан ұшада еттің энергетикалық құндылығы арта түседі,өнімнің дәмі жақсарады.

Қорыта айтқанда, қозыларды жазғы жайылымда 60 күн бағып- бордақылау әдісінің арзан, әрі жергілікті қолжетімді табиғи азықтарды пайдалану (сафлар қалдықтары, жинағаннан кейінгі бидайдың қалдықтары)экономикалық жағынан тиімді және қозылардың тәуліктік салмақтарының 156 гр артуына әкелетіні анықталды.

Әдебиеттер

1. Берус В.К., Жанабаева М.Р. Селекция с южноказахскими мериносами //Развитие ключевых направлений сельскохозяйственных наук а Казахстане: селекция, биотехнология, генетические ресурсы: матер.Межд.науч.-практ.конф. –Алматы: Бастау, 2004. –С.28-32.
2. Ескара М.А., Волосиков В.Н., Туктубаев С.О., Уйсинбаев Б.С., Абдраманов К. Состояние и перспективы развития тонкорунного овцеводства //Научно-практические аспекты развития растениеводства и

животноводства в юго-западном регионе Казахстана: сб.науч.трудов ЮЗНПЦСХ. –Алматы: Бастау, 2004. –Т.1. –С.263-265.
3 Ескара М.А., Абдраманов К., Дауылбай А.Д. Результаты использования австралийских мериносов мясо-шерстного направления (полварс) в условиях предгорья Южно-Казахстанской области //История и перспективы развития каракулеводства в Казахстане: матер.Межд.науч.-практ.конф., посв.100-летию со дня рождения Х.Х.Маматказина. –Шымкент: Жебе, 2008. –С.75-76.

ӘОЖ 541.18

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ АЛҚАПТАРЫН ИГЕРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ

Лес З.М. – АП-21-6к4 тобының студенті
Ахилбеков М.Н. – т.ғ.к., доцент

Ауыл шаруашылығы алқаптарын игеру жұмыстары ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру, жер ресурстарын дұрыс пайдалану және ауылдық жерлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін маңызды бағыт болып табылады. Қазақстанның көптеген өңірлерінде, соның ішінде Қазығұрт ауданында ауыл шаруашылығы алқаптарын игеру жұмыстары ауыл шаруашылығының барлық салаларын қамтиды және өнімділікті арттыруға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған.

Ауыл шаруашылығы алқаптарын игерудің негізгі бағыттары.

1.Жер ресурстарын тиімді пайдалану Ауыл шаруашылығы алқаптарын игеру кезінде жердің құнарлығын сақтау және арттыру маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Жерді пайдаланудың тиімді әдістері ретінде агротехникалық шаралар, суару жүйелерін жақсарту, ерте көктемде егінді күтіп-баптау жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, жерді тыңайту және органикалық тыңайтқыштарды қолдану арқылы топырақтың құнарлылығын арттыру көзделеді.

2.Суармалы егіншілікті дамыту Суармалы жерлер ауыл шаруашылығында жоғары өнімділікті қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Қазығұрт ауданы сияқты кейбір аймақтарда суару жүйелерін тиімді пайдалану арқылы алқаптардың өнімділігін арттыруға болады. Бұл үшін су ресурстарын үнемдеп, заманауи суару технологияларын енгізу маңызды. Суармалы егіншілік негізінен көкөніс, жеміс-жидек және дақылдарды өсіруде кеңінен қолданылады.

3.Мал шаруашылығын дамыту Қазығұрт ауданында мал шаруашылығын дамыту үшін жайылымдар мен табиғи ресурстар бар. Бұл салада сүт, ет, жүн, тері сияқты өнімдер өндіріліп, олардың сапасын арттыру маңызды. Мал шаруашылығы алқаптарын игерудің тиімді әдістері ретінде мал басын көбейту, жоғары сапалы тұқымдарды пайдалану және малға арналған қоректік жем-шөпті көбейту бағытында жұмыстар жүргізіледі.

4.Аграрлық технологияларды енгізу Ауыл шаруашылығы алқаптарын игеру кезінде жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізу өте маңызды. Мысалы, заманауи техника мен құралдарды пайдалану егіншілік пен мал шаруашылығының өнімділігін арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығында цифрландыру, тыңайтқыштарды қолдану тиімділігін арттыру және өсімдіктердің ауруларына қарсы алдын алу шараларын енгізу арқылы ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыруға болады.

Ауыл шаруашылығы алқаптарын игеру жұмыстары ауыл шаруашылығының әр түрлі салаларын қамтиды және Қазақстанның ауылдық өңірлерінің дамуында маңызды рөл атқарады. Бұл жұмыстар жер ресурстарын тиімді пайдалануға, өнімділікті арттыруға және экологиялық тұрақтылықты сақтауға бағытталған кешенді шаралар болып табылады.

Ауыл шаруашылығын дамыту үшін жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу, жердің құнарлылығын арттыру және экологиялық таза өндіріс әдістерін қолдану қажет.

Әдебиеттер

1. Егіншілік / Ә.Ә. Әуезова, Т.А. Атақұлов, Н.Ш. Сүлейменова, Қ.Ш. Жаңабаев.- Алматы: , 2014. -324 б.
2. ҚР Жер кодексі: 20 маусым 2003 ж. / ҚР Әділет министрлігі. –Алматы: Юрист, 2014. - 107 б.

ӘОЖ 332.33:004

ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢТИІМДІЛІГІ

Лесбек А.Т. – АП-21-6к1 тобының студенті
Есімов Е.Қ. – т.ғ.к., доцент

Елбасы 2025 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында жаңа онжылдықтың басты міндеттерін белгіледі, олардың ішінде елдің экономикалық дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру маңызды орын алады. Бұл мақсатқа жетудің негізгі жолы ретінде ұлттық экономиканы әртараптандыруға айрықша көңіл бөлінді.

Аграрлық және индустриалды салаларда әртараптандырудың негізгі бағыты — ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеуді жеделдету, заманауи құрал-жабдықтарды және жаңа технологияларды енгізу, сонымен қатар ауыл шаруашылығында сапалы өнім өндіруге жаңа көзқарасты қалыптастыру болып табылады. Сонымен бірге, әлемдік тәжірибені тиімді пайдалану — Қазақстан үшін өз күштерімен шешуге болатын міндеттер қатарында.

Ауыл шаруашылығының басты өндірістік ресурсы саналатын жерді тиімді пайдалану, осы мақсаттарға жетуде маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда республикада ауыл шаруашылығына арналған жалпы жер көлемі 91,7 миллион гектарды құрайды, оның ішінде 22,5 миллион гектар жер егістікке бөлінген. Бұл егістік жерлердің 70%-ы Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында орналасқан. Сонымен қатар, республикада 2,1 миллион гектар суармалы жер бар, оның 1,4 миллион гектары егістік алқаптарымен қамтылған. Бұл жерлердің басым бөлігі Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарында шоғырланған.

Алайда, Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитетінің мәліметіне сәйкес, 2008 жылы суармалы жерлердің 37%-ы пайдаланылмаған. Бұл проблема негізінен суару жүйелерінің ескіргендігіне, су тарту мен бөлу жүйелерінің тиімсіздігіне, сондай-ақ топырақтың сорлануынан туындаған. Бұл факторлар суармалы жерлердің тиімді пайдаланылуына теріс әсерін тигізеді.

Қазақстанда, сондай-ақ ТМД және басқа да шет елдерде ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану мәселелері екі негізгі бағыт бойынша шешіледі.

Біріншісі — мемлекеттік тараптан жерді тиімді пайдалану бойынша жүзеге асырылатын шаралар. Бұл шараларды мақсаттарына қарай үш негізгі топқа бөлуге болады. Біріншісі — жерді тиімді пайдалану жөніндегі заңнаманы жетілдіру. Қазіргі Жер кодексі бойынша (92-бап) екі жыл бойы пайдаланылмаған жерлерге қатысты жер инспекциясы жазбаша ескерту жасайды, және егер жер учаскесі тағы бір жыл пайдаланылмаса, онда сот арқылы ол жер учаскесі иесінен алынуы мүмкін. Сонымен қатар, егер ауылшаруашылық жерлері пайдалану барысында құнарлылықтың айтарлықтай төмендеуіне әкелсе (93-бап), жер инспекциясы талап арыздан үш ай бұрын заң бұзушылықты түзету туралы ескерту жасайды. Егер осы уақыт аралығында жер иесі заң бұзушылықты жоймаса, сот арқылы жер учаскесі мәжбүрлеп алына алады.

Келесі қадам — ауыл шаруашылығы саласындағы субсидияларды бөлу жүйесін жетілдіру. Бұл мәселеде мемлекеттік саясаттың негізгі мақсаты — ауыл шаруашылығы субъектілеріне берілетін субсидияларды ең тиімді технологияларды пайдаланып, сапалы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін және жер ресурстарын ұтымды пайдаланатын тұлғаларға басымдық беру арқылы реттеу болып табылады.

Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды күшейту маңызды қадам болып табылады. Өткен жылы жер инспекциялары 1,3 миллион гектар жерді тексеріп, 9 мыңнан астам пайдаланылмайтын жер учаскесін анықтады. Сонымен қатар, 2,04 миллион гектар жердің 3,4 мың учаскесі иесіз деп есепке алынды. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер бойынша 1,6 миллион гектар жерді тексеріп, 416,3 мың гектарда 894 заңбұзушылық анықталды. Осы тексерістердің нәтижесінде 894 тұлға жауапкершілікке тартылып, оларға 17,9 миллион теңге көлемінде айыппұл салынды, ал 119 жағдай бойынша ескерту ретінде әкімшілік шаралар қолданылды.

Қазақстанның нарықтық экономикаға көшу барысында ауылшаруашылық жерлерінің көп бөлігі мемлекеттік емес субъектілердің қолына өтті. Бүгінгі күні ауылшаруашылық жерлерінің 98%-ы 207 мың шаруа қожалығы, 7,1 мың шаруашылық серіктестіктері, акционерлік қоғамдар мен ауылшаруашылық кооперативтерінің меншігінде. Бұл жерлерді тиімді пайдалану мен қорғау — осы субъектілердің басты міндеті.

Ауыл шаруашылығы жерлерін дұрыс пайдалану үшін маңызды бағыттарының бірі — ғылыми негізделген жерге орналастыру жобаларын әзірлеу. Бұл шаралар жер иелерінің мүдделеріне жауап берумен қатар, мемлекеттік аграрлық саясатқа сәйкес болуы тиіс.

Қорытындылай келе, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету білікті мамандарды — инженерлер мен экономистерді даярлаумен тығыз байланысты. Өйткені қазіргі заманғы өндіріс басшылары мен ұйымдастырушылары өндіріс қорларын тиімді басқару, табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін терең меңгеріп, қоғамға қажетті өндіріс қорларын ұйымдастыруға қабілетті болуы керек.

Әдебиеттер

1. Әкімбеков С., Баймұхаметова А.С., Жанайдаров А.У. “ Экономикалық теория ” /Астана 2002ж.-464 бет
3. Есекин Б. Прогресс Казахстана в достижении целей Повестки дня XXI века //Экология и устойчивое развитие.-2001 г
4. Қожаниязов Т.Қ., Қожаниязова Ж.Т. “ Қазіргі экономика ”/Тараз, 2001 ж.
5. Мәмбетқазиев Е., Сыбанбеков Қ. “ Табиғат қорғау ” /Алматы 1990 ж.-412 бет
6. Мұқауұлы С., Үпішев Е. “ Табиғат пайдалану экономикасы ” /Алматы 1999 ж.-270 бет
7. Есімов Е.Қ., Кенжибаева Г.С., Төлеш А.Б. «Агроқұрылымдар шаруашылық жерін орналастыру» /Шымкент, 2015ж.
8. Есимов Е.Қ, Онгарова А.Х, Сұлтанбекова П.С. «Жерді жақсарту» /Шымкент, 2017ж.

ӘОЖ 332.33:004

ЖЕР ДАУЫ–БҮГІНГІ КҮННІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

Маханбеталиев Е.А. – АП-21-6к4 тобының студенті
Есімов Е.Қ. – т.ғ.к., доцент

Жердің дауы қай кезде де оңай шешіле салатын түйін болмаған. Ал қазіргі қоғамда бұл мәселе тіпті ушығып тұр. Бұған әртүрлі объективті-субъективті себептер әсер етуде. Ата Заңымызда қоғам өмірінің дамуының негізгі діңгегі екені атап көрсетілген жер және жер секілді басқа да табиғи байлықтардың дұрыс бөлінуі мен оң пайдаланылуы жайын тексеріп, осыған байланысты нақты шаралар қабылдауда ауқымды жұмыстар атқаруды талап ететіні сөзсіз.

Жер теліміне байланысты даулар көп кездесетін үдеріс болғандықтан, жеке меншікке жер алу,онда үй-жай, құрылыс салумен шұғылданатын азаматтар жер туралы заңдардың қағидаттары мен міндеттерін толық білуі шарт екені белгілі. Бөлінген жердің меншік иесі болуға және оны алудың жолдары мен оны пайдаланудың құқықтық жауапкершілігі туралы ақпараттар аз берілетіні анық. Осыған орай жалпы теория жүзінде және тәжірибеден мысалдар келтіре отырып, қысқаша мәліметке тоқталып өтсек.

Жалпы жер дегеніміз – адамзатқа қажет ерекше байлық. Ол әрбір адам пайдаланып өмір сүруі үшін қажет. Бүгінде осы жерді қоғам болып ұзақ пайдаланудың мән-жайы бүкіл ғаламды ойландыруда. Жерді адам дұрыс қолдана білсе, онда оның құнарлығы жоғалудың орнына, керісінше арта түседі. Бір ғажабы, жер басқа мүліктік заттармен салыстырғанда тозып ескірмейді. Жер бетінің көлемі белгілі мөлшермен шектелген, сондықтан да оның көлемін адамдардың қажеттілігіне байланысты ұлғайтуға келмейтінін баршамыз жақсы білеміз.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастауымен өзге елдермен шектесетін мемлекетіміздің шекарасын заңдылық тұрғыдан бекітіп алғанымыз – әрбір қазақстандық үшін мызғымас байлықтың көзіне айналды. Жер туралы Заңның негізгі қағидаты арқасында, Қазақстан Республикасы жер аумағының тұтастығына қол сұғылмайтыны және бөлінбейтіні жүзеге асырылды. Олай болса жеріміздің тұтастығын қорғау – Қазақстан Республикасы халқының ортақ міндеттері .

Біздің кейбір аудан, қала әкімдері халыққа жер үлестіргенде бей-берекетсіздікке жол береді. Мысалы, қала, аудан әкімдері бір адамға берілуге тиіс 10 сотық жерді екі, кейде үш адамға беріп жіберіп, оларды бір-бірімен дауластырып қояды. Сан жүзінде 10 сотық жер 30 сотық жерге айналып шыға келеді. Әрине, 10 сотық жер ешқашан 30 сотық болып үлкеймейтіндігін мектептегі балаға дейін біледі. Ал мұның туындау себебі, сол әкімдердің өз міндеттерін дұрыс атқармауына байланысты екені түсінікті жайт. Мәселен, үш азаматқа қала әкімінің шешімімен бір ғана жер телімі берілген. Осы себепке байланысты олардың араларында дау пайда болып, олар сотқа жүгінген. Ал әділеттілік осы үшеуінің қайсысына тән? Әрине, сотта жерді бөлген әкімнің шешімі негізінде жер комитетінен өзіне бөлінген жерге мемлекеттік актіні алған, оны жылжымайтын мүліктерді тіркеу орнынан өткізіп, ол жайында анықтама алған, жердің заңды иегері екендігін бекіттіріп алған арыз иесінің құжаты заңды болып табылады. Осыған орай, бір айта кететін мәселе, кейбір жер алушылар өздерінің жерге деген құқықтарын уақытында заңдастырмайды. Ал ол жерді екінші бір азаматқа бергенде, жер өзіне бөлінген депдауласады. Бөлінген жерді сол уақыттан бастап пайдаланбайды әрі заңдастырмайды. Ал екінші адам оған жерді белгілеп берген күннен бастап, сол жерде құрылыс жұмыстарын жүргізеді. Оған дейін ол жерді заң талаптарына сай өзінің атына заңдастырып та алады. Құжаттары толық реттелген мұндай жерді алуға ешқандай заңсыздыққа жол берілмейді. Өйткені, жерді уақытында игермегендіктен азаматтар жер пайдалану құқығынан айрылады.

Жер теліміне тиісті құқыққа ие болу үшін әуелі ол жайында жеке азамат мемлекеттік органға өтініш беруге тиісті. Содан кейін мәлімделген өтінішті қанағаттандыру мүмкіндігін анықтау, яғни жер учаскесін алдын ала таңдайды.Кейін жерге орналастыру жобасын әзірлеу және бекіту жүзеге асады. Одан соң жер теліміне ие болуға құқық беру туралы атқарушы органның шешімі қабылданады. Бұдан соң жер телімінің шекарасын белгілеу анықталып, жер теліміне ие болу құқығын куәландыратын құжаттарды дайындау және беру жүзеге асады. Ең соңында берілген жер телімін құқықтық мемлекеттік тіркеуден өткізу орындалады. Жергілікті атқарушы орган жер телімдеріне тиісті құқықтарды табыстау жөніндегі шешімі жерге орналастыру жобасы негізінде қабылданады. Өтініш берушіге шешім қабылданған уақыттан бастап, 7 күннің ішінде жер теліміне меншік құқығын немесе жер пайдалану құқығын табыстау туралы шешімнің көшірмесі тапсырылады. Жер телімдеріне құқық табыстау туралы жергілікті атқарушы орган шешімінің жобасында: жерге құқық табысталатын заңды немесе жеке тұлғаның атауы, жер телімінің нысаналы мақсаты, оның көлемі, жерге деген құқықтардың түрлері, ауыртпалықтар, сервитуттар; жер телімі төлемелі ақыға берілген жағдайда жер телімін немесе жер пайдалану құқығын сатып алу бағасы, соған қатысты жер телімін сатып алу-сату шарттарын жасаудың мерзімі мен шарттары және өзге де шарттар болуға тиіс.

Облыс соттарындағы қаралған істерді зерделеу жергілікті атқару органдарының бір жер теліміне меншік құқығы туралы құжаттарды түрлі адамдарға бергендігін айғақтауда. Тіпті құқықтық тұрғыда бекітілмесе де, ешқандай құжатсыз-ақ жер телімдеріне қатысты мәмілелер жасала беріледі. Меншік құқығын ұсыну мен ауыстыру да мақсатсыз, есепсіз жүргізіле берілген. Осының салдарынан меншік құқығы бұзылып,

қарапайым халық қожалық ету, пайдалану немесе өз мүлкін өзінше билік ету құқынан айрылып қалған жағдайлар жиі кездеседіДаулардың ауыр санатына жататын жер даулары жер заңнамасы нормаларын нақты қолдануды талап етіп сот, прокуратура, атқару органдарынан да жер заңнамасы нормалары талабын, ұсынылған барлық материалдарды зер салып, аса ықыласпен қарау арқылы қатаң сақталуын талап етеді.

Әдебиеттер

1. http://prokuror.gov.kz/kaz/prokuratura/bak-prokuratura-turaly/zher-dauy-zher-tarpyp-tur
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.
3. http://pr-hal.kz/?p-3095
4. http://akm.sud.kz/kaz/news/bugingi-kunnin-en-ozekti-mselesi-zher-dauy-aymaktyk-dengeyde-soz-boldy
5. 5. Есимов Е.Қ., Онгарова А.Х. «Жерді пайдалану мен қорғаудағы мемлекеттік бақылау». Шымкент, 2021ж.
6. Е.Қ. Есімов, А.Б. Төлеш. «Жер ресурстарын пайдалануын болжамдау, жерді кеңістік жоспарлау». Шымкент, 2016ж.

ӘОЖ 631.36

АУЫЛДЫҚ АЙМАҚТАРДЫҢ СУАРМАЛЫ ЖӘНЕ ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ЖЕРЛЕРІН БАҒАЛАУ МЕН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ

Мәден Н. – АП-21-6тк тобының студенті
Есембай М. – магистр оқытушы

Ордабасы ауданы Түркістан облысындағы ауыл шаруашылығы үшін маңызды стратегиялық аудандардың бірі болып табылады. Бұл ауданның табиғи ресурстары, әсіресе суармалы және жайылымдық жерлер, ауыл шаруашылығын дамытуда үлкен рөл атқарады. Дегенмен, соңғы уақыттарда климаттық өзгерістер, су тапшылығы және жердің деградациясы сияқты мәселелер ауыл шаруашылығының тұрақтылығына қатер төндіруде. Сондықтан, Ордабасы ауданындағы суармалы және жайылымдық жерлердің тиімді пайдалануын, сондай-ақ олардың экологиялық және экономикалық жағдайын бағалау мен оңтайландырудың қажеттілігі ерекше маңызды.

Аудандағы суармалы жерлердің тиімділігі мен жайылымдық жерлердің жағдайы ауыл шаруашылығын дамытуға тікелей әсер етеді. Суармалы жерлерде суарудың тиімді жүйелерін енгізу, су үнемдейтін технологияларды қолдану және топырақтың мелиоративтік жағдайын бақылау — суармалы егіншіліктің өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ал жайылымдық жерлердің дұрыс басқарылуы және экологиялық тұрақтылықты сақтау, сондай-ақ жердің деградациясын болдырмау — ауданның мал шаруашылығының дамуы үшін ерекше маңызды. Сондықтан, суармалы және жайылымдық жерлердің бағалау әдістерін зерттеп, оларды оңтайландыру жолдарын қарастыру ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына айтарлықтай әсер етеді.

Бұл мақаланың мақсаты — Ордабасы ауданындағы суармалы және жайылымдық жерлердің бағалау әдістері мен оңтайландыру шараларын зерттеу, сондай-ақ оларды тиімді басқару үшін қолданылатын инновациялық тәсілдер мен жаңа технологияларды ұсыну.

Ордабасы ауданының ауылдық жерлеріндегі суармалы және жайылымдық жерлердің тиімді пайдаланылуы үшін олардың бағалануы мен оңтайландырылуы маңызды. Бұл ауданның жер ресурстары ауыл шаруашылығының негізі болып табылады, сондықтан суармалы және жайылымдық жерлерді дұрыс бағалау, тиімді басқару және ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету — аса қажет.

Суармалы жерлерді бағалау үшін әртүрлі әдістер қолданылады. Суармалы жерлердің тиімділігі топырақтың мелиоративтік жағдайына, суарудың дәлдігіне, жүйелілігіне, сондай-ақ су көздерінің қолжетімділігіне байланысты бағаланады. Топырақтың тұздану деңгейі, ылғалдылық, дренаж жүйесінің сапасы және суару жүйесінің тиімділігі — осы факторлар бағалаудың негізіне алынады. Суармалы жерлерде су үнемдеу маңызды болып табылады. Су үнемдейтін технологияларды қолдану, мысалы, тамшылатып суару немесе жаңбырлатып суару әдістері су ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, суару жүйелерін автоматтандыру, жер өңдеуді жақсарту және суаруға қажетті судың сапасын бақылау суармалы жерлердің өнімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Жайылымдық жерлерді бағалау кезінде олардың экологиялық жағдайы, шөп құрамының сапасы және деградация деңгейі басты назарда болады. Жайылымдық жерлердің деградациясы, яғни олардың өнімділігінің төмендеуі мен топырақтың тозуы, жерді тиімді пайдалануға қауіп төндіреді. Жайылымдық жерлердің жағдайын бағалаудың негізгі критерийлері — шөп құрамының өзгерісі, топырақтың эрозиясы және суарудың болмауы немесе дұрыс жұмыс істемеуі. Жайылымдарды тиімді пайдалану үшін жергілікті экологиялық жағдайды ескеріп, дұрыс жер өңдеу әдістерін таңдау қажет. Сонымен қатар, жайылымдарды қалпына келтіру және деградациясын болдырмау үшін экологиялық тұрғыдан тиімді жаңа жобаларды енгізу аса маңызды.

Бұл мәселелерді оңтайландыру үшін бірнеше негізгі әдістер мен шаралар ұсынылады. Қашықтықтан зондтау және географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЖ) технологияларын пайдалану жерлердің жағдайын тиімді бақылауға және экологиялық жағдайын алдын ала болжауға мүмкіндік береді. Осы технологиялар

арқылы суармалы және жайылымдық жерлердің мелиоративтік жағдайы үнемі бақыланып, оларды жақсарту үшін қажетті шаралар дер кезінде қабылдануы мүмкін. Сонымен қатар, су үнемдейтін технологияларды енгізу өте маңызды. Суармалы жерлерде жаңғыртылған суару жүйелерін пайдалану арқылы су ресурстарын үнемдеуге болады. Жайылымдық жерлерде экологиялық қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ жердің деградациясын ерте кезеңде алдын алу шаралары жайылымдардың өнімділігін арттыруға және тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ордабасы ауданының суармалы және жайылымдық жерлерін тиімді басқару үшін ғылыми тұрғыдан негізделген және технологиялық жағынан жетілдірілген әдістерді қолдану қажет. Суару жүйелерін жаңғырту, жерді қорғау мен қалпына келтіру, экологиялық және экономикалық тиімді шешімдер қабылдау ауыл шаруашылығының тұрақтылығын сақтауға, экологиялық жағдайды жақсартуға және ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді. Ауданның ауыл шаруашылығының болашағы осы бағыттағы жұмыстардың тиімді жүзеге асырылуына байланысты болады.

Әдебиеттер

1. Абдулин, А. (2018). Суармалы жерлерді тиімді пайдалану мен басқару. Алматы: Қазақ университеті. 2018. -154 б
2. Мырзахметов, К. Қазіргі заманғы суару технологиялары және оларды енгізу тәжірибелері. Астана: Нұр-Сұлтан университеті. 2020. -215 б.

ӘОЖ 330.101

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН КАДАСТЫРЛЫҚ БАҒАЛАУ

Муханова А.Н. - АП-21-6к3 оқу тобының студенті
Култасов Б.Ш. - ф. д., аға оқытушы

2006 жылдың 1 қаңтарынан бастап кадастрлық салық салуға көшу, ауылшаруашылық мақсатындағы жер учаскелерінің кадастрлық құнын анықтау кезіндегі құн тек фискалды ғана емес, салықтардың ынталандырушы функциясын орындауға және әділ салық салуды қамтамасыз ету нәтижесінде жерді ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.

Әдістемелік нұсқаулардағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін бағалау тәсілдерінің негізгі ерекшеліктерін қарастырайық. Көптеген әдістемелік нұсқаулықтарда бағалау объектілері ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер емес, нақты жер учаскелері болып табылады. Осыған байланысты, сенімді ақпарат көзі ретінде бағалау объектілерінің тізбесі мемлекеттік жер кадастры болып табылады. Ауылшаруашылық мақсаттарындағы жерлер бағалаудың әдістемелік тәсілі бойынша алты топқа бөлінеді:

1) шабындықтарға жарамды ауыл шаруашылығы жерлері; егістік жерлерге және жайылымдар т.б.;
2) егістікке жарамсыз, бірақ қасиеттеріне байланысты жекелеген түрлерді өсіруге жарамды бірегей ауыл шаруашылығы алқаптары;
3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердегі өндіріс, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және бастапқы өңдеу үшін пайдаланылатын ғимараттар, құрылыстар;
4) кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын су объектілері алып жатқан ауыл шаруашылығы алқаптары;
5) ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамындағы орманды жерлер (орманды және ормансыз);
6) басқа да бағыттардағы ауыл шаруашылығы жерлері, соның ішінде батпақты жерлер, бұзылған жерлер, полигондар алып жатқан жерлер, жыралар, құмдар және т.б.

Бірінші кезекте жердің кадастрлық құны табыс тәсілі бойынша, жер рентасын капиталдандыру әдісі арқылы анықталады. Екінші және төртінші топтағы жерлер жеке бағаланады, кадастрлық құны ҚР бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес, нарықтық құнын анықтау бойынша есеп беруді дайындаумен бірге жүреді. Үшінші топтағы жерлер анықтамалық жер учаскелерін бағалау және анықтау арқылы жүзеге асырылады. Бесінші топтағы жерлердің кадастрлық құны, бірінші топтағы орман қоры жерлерін кадастрлық бағалау нәтижелері бойынша, ал алтыншы топтағы жерді бағалау нәтижелері бойынша алынған бірінші кезекте ауылшаруашылық мақсатындағы - ең төменгі көрсеткішті пайдалана отырып айқындалады.

Жер учаскесінің құрамына ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің әртүрлі топтары кіруі мүмкін, сондықтан, егер оқшаулау мүмкін болса бағаланатын жер учаскесінің шекарасындағы әрбір топтың ауданы деп болжанады, содан кейін оның кадастрлық құны кадастрдың нақты көрсеткіштерін қорытындылау арқылы анықталады, ауыл шаруашылығы жерлерінің құны әр топтың тапсырмалары, көбейтілген алаң, жер учаскесінің шекарасындағы жерлер иеленді. Бағалау құрылымы туралы ақпарат белгілі бір уақытта жер учаскесі тек меншік иесінің меншігінде болады. Осыған орай, бүгінгі күні бұқаралық жұмыстар жүргізілуде жер учаскелерін кадастрлық бағалау ауылшаруашылық мақсаты сияқты ақпарат бағалаушыға қолжетімді емес, сондықтан жерді топтастыру мақсатында ол тек рұқсат етілген пайдалану түрі туралы ақпаратты

қолдана алады, ол мемлекеттік жер кадастрында қамтылған. әдетте бұл таңдау дегенді білдіреді, әртүрлі топтағы жер учаскесінің құрамы емес, жерлердің ерекшелігі болып табылады, сондықтан ауыл шаруашылығы жерлерінің объектілер тізіміндегі жер учаскесі тобының, барлығы дерлік бағалауға толығымен біреуге жатқызылады. Бұл мәселені шешу үшін жер учаскелерінің құрылымы туралы ақпаратты қамтыитын ресурс қажет, тек семантикалық емес, сонымен қатар графикалық ақпарат, мұндай ақпараттарға мониторинг және бақылау қажет.

Ауылшаруашылық мақсатындағы жерлердің ең үлкен бөлігі, бірінші топ деп аталатын шабындықтар, жайылымдар, егістікке жарамды жердің үлесіне тиесілі, сондықтан да ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерді кадастрлық бағалауды бірінші орынға қоямыз.

Бірінші топтағы жерлерді бағалаудың негізі әдістемелік ұсыныстарға сәйкес жерді ренталы капиталдандыру әдісі бойынша жер учаскесінің нарықтық құны арқылы бағаланады. Жер рентасы, бірінші топ құрамына енетін бағаланатын жер учаскесінің шекараларында әрбір топырақ сорты үшін анықталады. Бірінші топтағы жерлерге кіретін, топырақ сорттарының тізімі, топырақ эскиздерін пайдалана отырып, топыраққа бағаланатын жер учаскесінің шекарасын белгілеу арқылы анықталады (ауылшаруашылық кәсіпорнының топырақ картасы немесе аймақтың топырақ картасы).

Қазіргі уақытта топырақ сорттарының тізімін анықтау процесі және топырақ сорттарының аудандары бағаланатын жер учаскелерінің шекаралары келесі қиындықтармен байланысты:

1) мемлекеттік жер кадастрында тіркелген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің көпшілігіне қатысты шекара жоқ; учаске және оның шекаралары топырақ картасымен байланыстырылған ақпараттар көзі;

2) топырақ карталарының көпшілігі тек қағаз түрінде болады, сондықтан аймақтар немесе шаруашылықтар үшін топырақ сорттарының шоғырландырылған цифрлық тақырыптық карталары;

4) картографиялық зерттеудің болуына байланысты материалдар топырақ карталарын біріктіре отырып, әртүрлі координаттар жүйесінде сақталады, кадастрлық бөлу қабаты күрделі және қосымша белгілерді пайдалануды талап етеді.

Топырақтың кадастрлық құнының нақты көрсеткіштерін анықтау механизмі топырақ сорттарының әртүрлілігін толығырақ құнарлылығын қарастыруды қажет ететін келесі ұғымдарды қамтиды:

-бағаланатын ауыл шаруашылық дақылдарының нормативтік өнімділігі;

-бағалауға ұсынылатын әртараптандыру;

- бағаланатын ауыл шаруашылық дақылдарынын егу мен жинаудың нормативтік шығындары;

-топырақтың әртүрлілігіне байланысты жер рентасының меншікті көрсеткіші;

- капитализация коэффициенті.

Ауыл шаруашылығы жерлерінің құрамын зерттеу үшін, нұсқаулықтарды қолдану кадастрлық бағалау жұмыстарын жүргізу кезінде, ауыл аруашылығы жерлері арасында жер учаскелері құқық иелерінің салық салу тәсілдерін әділ бөлуді қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

1. Полулях Ю.Г., Ададимова Л.Ю. Кадастровая оценка земель — первый этап совершенствования земельных отношений // Научное обеспечение АПК Сибири, Монголии, Казахстана, Беларуси и Башкортостана: Материалы 5-ой Междунар. науч.-практ. конф. (10–12.07.2002, Абакан). – Новосибирск: РПО СО РАСХН, 2002. – С. 50–52.
2. Agricultural land management in the system of sustainable rural development in the Republic of Kazakhsta. / Ozeranskaya, N., Abeldina, R., Kurmanova, G., Moldumarova, Z., Smunyova, L. [Text] / International Journal of Civil Engineering and Technology, -2018. -№ 9(13). P. 1500– 1513.
3. Чупина Ирина Павловна, доктор экономических наук, профессор кафедры управления и права, ФГБОУ ВО «Уральский ГАУ», г. Екатеринбург ул.Тургенева 23, к 4410. тел. (343)221-41-12, ORCID: http://orcid.org/ 0000-0003- 2875-3306, irinacupina716@gmail.com

ӘОЖ 645.13

АУДАНДАРДЫҢ ЖЕР МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мухтар А.А. – АП 21-6тк тобының студенті
Дуанбекова А.Е. – магистр, аға оқытушы

Жер мониторингі болып жатқан өзгерістерді уақтылы анықтау, оларды бағалау, одан әрі дамуын болжау және кері әсері бар процестерді болдырмау мен оның зардаптарын жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүргізілетін жер қорының сапалық және мөлшерлік жай-күйін базалық (бастапқы), жедел, мерзімді байқау жүйесін білдіреді.

Жер мониторингі қоршаған табиғи ортаның жай-күйі мониторингінің құрамдас бөлігі және сонымен бір мезгілде басқа да табиғи ортаға мониторинг жүргізу үшін база болып табылады.

Халықаралық ғылыми-техникалық бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы жердің ғаламдық мониторингі бойынша жұмыстарға қатысуы мүмкін.

Жерге меншік нысандарына, жердің нысаналы мақсаты мен пайдаланылу сипатына қарамастан Қазақстан Республикасының барлық жері жер мониторингінің объектісі болып табылады.

Жер мониторингінің міндеттері

1. Жер мониторингінің міндеттері:

1) жердің жай-күйінің өзгерістерін уақтылы анықтау, оларды бағалау, болжам жасау және кері әсері бар процестерді болдырмау мен зардаптарын жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді, жерге орналастыруды, жерді пайдалану мен қорғауды бақылауды және жер ресурстарын мемлекеттік басқарудың өзге де функцияларын ақпараттық қамтамасыз ету болып табылады.

Жер мониторингінің жердің санаттарына сәйкес келетін ішкі жүйелері болады. Аумақты қамтуына қарай республикалық, аймақтық не жергілікті жер мониторингі жүзеге асырылады.

Жерді жүйелі түрде бақылаудың, суретке түсірудің, зерттеудің, түгендеудің нәтижелері, жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылаудың материалдары, мұрағаттық деректер, жердің сапалық жай-күйі туралы басқа да мәліметтер жер мониторингі үшін ақпарат көздері болып табылады[1].

Жер мониторингін жүргізуді ұйымдастыруды орталық уәкілетті орган жүзеге асырады. Жер мониторингі бойынша мемлекетаралық және халықаралық бағдарламаларды іске асыру Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен жасасқан келісімдері мен шарттарында айқындалатын тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырылады.

Жер мониторингін жүргізу және оның деректерін пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Жер мониторингін жүргізу кезінде қажетті ақпаратты алу үшін қашықтықтан зерделеу, жер бетін суретке түсіру және бақылау әдістері, сондай-ақ қор деректері қолданылады.

Жер мониторингін техникалық қамтамасыз ету жер ресурстарын басқару жөніндегі тиісті аумақтық органдарда ақпаратты жинау, өңдеу және сақтау пункттері бар автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырылады. Жер мониторингінен алынған нәтижелер автоматтандырылған ақпараттық жүйенің мұрағаттарында (қорларында) және деректер банкінде жинақталады.

Азаматтар, кәсіпорындар мен мекемелер, халықаралық ұйымдар, шетелдік заңды және жеке тұлғалар жер мониторингінің мәліметтерін белгіленген тәртіппен пайдаланады.

Облыстардың, астананың және республикалық маңызы бар қалалардың шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру, жер кадастры мен жер мониторингін жүргізу, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің паспорттарын жасау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізілетін өзге де жұмыстар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Аудандардың, облыстық, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық (селолық) округтердің, кенттердің, ауылдардың (селолардың) шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру, жерді аймақтарға бөлу, ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыру, елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру және жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша жүргізілетін өзге де жұмыстар бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Жер учаскелерінің жеке меншік иелері мен жер пайдаланушылардың өтініштері бойынша жерге орналастыру олардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жердің қазіргі кездегі экологиялық жағдайына сипаттама беру жұмыстары үш кезеңде жүргізіледі: дайындық, далалық және камералдық.

Дайындық кезеңінде қолда бар материалдар негізінде жердің жағдайына негативті әсер ететін негізгі табиғи және антропогендік факторларды, ластаушы көздерді, топырақтың ластану сипаты және Алматы облысы, Қарасай ауданы ластанған жерлерінің таралу ареалы белгіленеді. Басымдылығы жоғары химиялық ластаушы заттарды анықтау, және олардың қауіптілік класы МЕСТ 17.4.1.02-83 сәйкес «Табиғат қорғау. Топырақ» анықталады.

Ластануды қадағалау үшін химиялық заттардың жіктелуін білуіміз қажет. Алғашқы (рекогносцировка) кезеңі ретіндегі басымдылығы жоғары ластаушы заттар ретінде ауыр металдар алынған:

1. Қауіптілік классы – кадмий, күміс және цинк.

2. Қауіптілік классы – мыс, кобальт және никель.

Қазіргі кездегі жердің экологиялық жағдайына сипаттама беру үшін, жоспарлық негізде талдау жүргізіледі, және түсіріс масштабын анықтайды.

Алғашқы (рекогнсцировкалық) тексерісте 1:10 000-дық масштабтан 1:25 000 – дық масштабтарды қолданады. Аудан аймағындағы нақты учаскелерді жекелеп қарастырғанда масштаб 1:2000- тан 1:10 000 – дыққа дейін өзгереді және жақын аймақтағы территорияларды шаруашылықтық қолдану арқылы және топрақтың ластану деңгейіне қойылатын талап [3].

Жоспарлық негіз ретінде аэро немесе ғарыштық түсірулер көмегімен алынған горизонталь фотопландар қолданылады. Егер фотопландар жоқ болса топографиялық карталар қолданылады. Фотоплан мен топографиялық карта масштабы берілген түсіріс масштабынан ірі немесе тең болу керек. Аэро ғарыштық түсірістерді 3-4 рет үлкейтуге рұқсат етіледі.[3] Ластанған жерлердің таралу алаңын алдын - ала анықтауды жүргізу, түрі және ластану деңгейін, далалық және камералдық жұмыстар процессі кезінде анықтайды.

Аудан жерлеріндегі химиялық ластаушы заттардың таралуы локальды негіздерінің тепе-теңдігін келтіру үшін, негізгі үлгі алу алаңдарында үлгіні жекелеп алудың орнына, біріккен үлгі түрінде алу керек. Біріккен үлгі негізгі алаңда тепе-тең орнатылған 5 жеке үлгіден құралады. Жеке үлгілер көлемі біркелкі болу керек. Жеке үлгілерді біріктіріп, жақсылап араластрып,содан соң 500г шамасындағы үлгіні алады.

Жеке және біріккен үлгілерді қазып алу тереңдігі МЕСТ 17.4.4.02- 84.сәйкес (Табиғат қорғау. Топырақ. Алу әдістері және химиялық бактериалогиялық және гельминтологиялық талдау үшін үлгіні дайындау), 0-5және 5-20 см тереңдікте алынған. Далалық кезеңінде топырақтың қазіргі кездегі экологиялық жағдайына сипаттама беру үшін, ластанған топырақ ареалдарының кеңістікте таралуына зерттеу жүргізіп, олардың ластану деңгейі, ластаушы заттардың ингридиенттік құрамын анықтау процессі жүреді.

Әдебиеттер

1. Табынбаева Л.К., Жермониторингі, Алматы 2019 ж, 312 бет
2. «Алматы» энциклопедиясы «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, Алматы, 2016ж.
3. Қ Р Ауыл шаруашылығы әрекеті нәтижесінде химиялық ластанған жерлерді анықтауға әдістемелік сілтеулер. Қ Р АШМ, Алматы, 2014
4. Ластанған және нашарланған жерлерді анықтауға әдістемелік ұсыныстар. Ресейжерком. АШМ. Р.Ф., Москва, 2011ж.
5. Қазақстан Республикасының жер қатынастарын реттеу жөніндегі нормативтік актілердің жинағы. Астана, 2013ж.
6. 6. Алматы ауданы жер мониторингісін жүргізу әдістемелік нұсқаулар (уақытша). Алматы ауданы жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті, Алматы, 2010ж.

ӘОЖ 595.792.

ЖҮГЕРІ ДАҚЫЛЫНЫҢ ӨСІП-ӨРКЕНДЕУІ КЕЗЕҢІНДЕ ЗИЯНКЕСТЕРІ МЕН АУРУЛАРЫМЕН КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ

Мухудова Ә.Ы. - АП-21-9к тобының студенті, **Абибулла А. С**.- АП-22-2К тобының студенті
Елибаева Г.И. - ғылыми жетекшісі,б.ғ.к. доцент

Жүгері дақылының өсіп-өркендеу кезеңінде зиянкестер мен аурулардан қорғау үшін агротехникалық, биологиялық және химиялық күрес шараларын қолдану қажет.

Жүгерінің негізгі зиянкестеріне

1) жүгері қоңыр көбелегі жатады – сабақ пен собыққа зақым келтіреді.Күресу шаралары, егістіктерді дұрыс ауыстырып егу ,күзде өсімдік қалдықтарын жою,биопрепараттарды қолдану,пестицидтер (инсектицидтер) пайдалану (Децис, Карате, Конфидор және т.б.)

2).Сымқұрттар– тұқым мен жас өсімдіктерге зиян келтіреді.күресу шаралары, топырақты жырту және зарарсыздандыру, дақыл ауыстыру, инсектицидтер (Престиж, Форс) қолдану.

Жүгерінің негізгі ауруларына тоқталсақ, татты қарақүйені айта аламыз– собық пен жапырақта ісік пайда болады. Күресу шаралары мыналар :Ауыспалы егіс жүйесін сақтау; Тұқымды фунгицидтермен өңдеу (Витавакс, Максим); Ауру өсімдіктерді өртеп, жою.Одан кейін гельминтоспориоз – жапырақта қара дақтар пайда болады.Күресу шаралары:Тұқымды фунгицидтермен өңдеу; Ауруға төзімді сорттарды пайдалану; Фунгицидтер (Фалькон, Квадрис) қолдану. Және фузариоз (Fusarium spp.) – сабақ пен собықтың шіруіне әкеледі. Күресу шаралары: Тұқымды фунгицидтермен өңдеу; Өсімдік қалдықтарын жою

Жалпы алдын алу шараларында жүргізуге болады. Мысалы

1)агротехникалық шаралар олар ауыспалы егісті сақтау,өсімдік қалдықтарын уақтылы жою, топырақты терең жырту және тыңайтқыштар қолдану.

2)Биологиялық әдістер биопрепараттар қолдану (Bacillus thuringiensis, трихограмма жәндіктері).

3)Химиялық әдістер, инсектицидтер мен фунгицидтерді қолдану.

Осындай кешенді шараларды қолдану жүгерінің жоғары өнімділігін қамтамасыз етеді және зиянкестер мен аурулардың таралуына жол бермейді

Жүгері қоңыр көбелегі бұл – жүгерінің негізгі зиянкестерінің бірі. Ол жүгерінің жапырақтарын, сабағын және собығын тесіп, ішкі тіндерін жейді, сабақтың әлсіреуіне және сынуына әкеліп, өнімділікті төмендетеді., собықтың зақымдалуы нәтижесінде дәндер шіріп, саңырауқұлақ аурулары таралады (мысалы, фузариоз), жүгері өнімділігін 20-30%-ға дейін төмендетуі мүмкін. Бұл зиянкеспен күресу шараларына агротехникалық әдістер қолдану арқылы яғни ауыспалы егіс (севооборот) – жүгеріні жыл сайын бір жерде егу зиянкестің көбеюіне жағдай жасайды, сондықтан ауыспалы егісті қолдану маңызды, және өсімдік қалдықтарын жою – зиянкестің қуыршақтары өсімдік қалдықтарында қыстайтындықтан, егін жинағаннан кейін сабақтар мен жапырақтарды жою қажет. Және биологиялық әдістер қолдану арқылы да зиянкесті жоюға болады . Олар трихограмма (Trichogramma evanescens) паразит-арамқасын қолдану – бұл жәндік жүгері қоңыр көбелегінің жұмыртқаларын жойып, оның көбеюін тежейді. Келесі химиялық әдістер:зиянкес саны

экономикалық зиянды шекке (ЭЗШ) жеткенде ғана инсектицидтер қолдану ұсынылады. инсектицидтерді көбелек жұмыртқа салған кезде және жұлдызқұрттар белсенділігі жоғары кезеңде қолдану керек.

Жүгері қоңыр көбелегіне қарсы күрес кешенді түрде жүргізілуі қажет. Агротехникалық шараларды сақтау, биологиялық және химиялық әдістерді тиімді қолдану арқылы бұл зиянкестің таралуын азайтуға және жүгері өнімділігін арттыруға болады.

Жүгері негізінен түрлі ауруларға бейім, олар өсімдіктің өнімділігіне кері әсер етеді.Олар былай жіктеледі

Саңырауқұлақ аурулары

Көктемелік шіру (фузариоз) – Тамыр жүйесін зақымдайды, өскіндер шіріп, солады.

Күлді бас саңырауқұлағы (күйе) – Қабық астында қара дақтар пайда болады, өнім сапасы төмендейді.

Гельминтоспориоз – Жапырақтарда қоңыр дақтар пайда болады, өсуі баяулайды.

Сабақ шірігі – Сабақ ішінде саңырауқұлақтар өсіп, өсімдіктің құлауына себеп болады.

Бактериялық аурулар

Бактериялық солу – Жапырақтар сарғайып, өсімдік солады.

Жапырақ дақтығы – Жапырақтарда ұсақ дақтар пайда болып, кейіннен кеуіп кетеді.

Вирустық аурулар

Мозаикалық вирус – Жапырақтарда ашық-жасыл және қара-жасыл дақтар пайда болады, өсімдік әлсірейді.

Соның ішінде ең қауіпті ауру түрі , фузариоз бұл жүгері үшін өте қауіпті ауру, ол өнім сапасы мен шығымдылығына үлкен зиян келтіреді. Оны болдырмау үшін кешенді шараларды қолдану қажет: ауыспалы егіс сақтау (севооборот): Жүгеріні бір жерде бірнеше жыл қатарынан екпеу керекпіз, өсімдік қалдықтарын жою: Ауру қоздырғыштары өсімдік қалдықтарында қыстайтындықтан, егін жинағаннан кейін оларды жойып, өртеу қажет және топырақты терең жырту: Бұл саңырауқұлақтың тіршілік ету ортасын бұзады. .

Биологиялық әдістер арқылы күресу олар антагонистік микроорганизмдер: Триходерма (Trichoderma spp.) негізіндегі биофунгицидтерді қолдану (Триходермин), және микробиологиялық препараттар: Жергілікті микрофлораны жақсарту үшін Bacillus subtilis негізіндегі препараттарды пайдалану.

Химиялық шараларға тұқымды фунгицидтермен өңдеу, витавакс 200, максим, ТМТД, фундазол, егістік алқаптарын фунгицидтермен бүрку, топсин-М, квадрис, фалькон, пропиконазол негізіндегі препараттар, дәндерді сақтау кезінде дезинфекциялау: Кептіру және сақтау алдында арнайы препараттармен өңдеу қажет.

Әдебиеттер

1. Жүнісов, С.Қ., Тасқалиев, Б.Ж. (2019). Өсімдік қорғау және карантин. Алматы: Агроуниверситет. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі. (2021).
2. Жүгері дақылының зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөніндегі нұсқаулық. Нұр-Сұлтан. Жүгері шаруашылығы туралы ғылыми журналдар (Corn and Maize Research Journal), Халықаралық ауыл шаруашылығы ұйымдарының материалдары.
3. Дүйсенбеков, М.Т., Искаков, С.Ж. (2018). Өсімдік қорғау негіздері. Астана: Аграрлық ғылым баспасы. Қазақстан Республикасы өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институтының материалдары.

ӘОЖ 619.591.2

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ САРЫАҒАШ АУДАНЫ ЖЫЛҒА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ЖЕКЕ МЕНШІК СЕКТОРЛАРДАҒЫ ІРІ ҚАРА МАЛЫНЫҢ БУАЗДЫҒЫ МЕН ҚЫСЫРЛЫҚТЫҢ УАҚЫТЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

Мұғал М.Р. - АП-20-8к2
Тулеметова С.Е. – а.ш.ғ.к.,доцент

Елімізде мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттырып, мал өнімділігін көтеру, мал басын көбейту мәселелерін іс жүзіне асыруда малдың буаздығын ерте анықтау әдістерін жетілдіру жұмыстары қарқынды жүргізіліп отырылуы керек.

Мал басын және одан алынатын өнімді көбейтіп, сапасын жақсарту ісіне малға тиесілі кейбір мәселелер әсерін тигізуде. Солардың ішінде ауыл шаруашылығы малдарының буаздылығы мен қысырлықтың уақытын анықтауы. Шаруашылық үшін маңызды.

Малдардың буаздығын анықтау негізінен сылап-сипау, тік ішекке қол тығу т.б. әдістерімен жүргізіледі.

Аталған әдістердің өзіндік кемшіліктері бар. Атап айтқанда, сылап-сипау әдісінің малдың буаздығын алғашқы айларында анықтауға мүмкіншілігі жоқ. Себебі, малдардың буаздық белгілері алғашқы айларда көмескі және айқын емес. Ал, тік ішекке қол тығу көптеген қиыншылықтар тудырады. Оларға тік ішекті жарақаттап алу, буаз малдың жатырын сипалау барысында іш тастау т.б. келеңсіздіктері жатуымен қатар, бұл әдісті барлық мал мамандары жете меңгере алмайды.

Біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты ірі қара малының буаздылығы мен қысырлықтың уақытын анықтау және оның тиімділігін зерттеу болып табылады.

Осы мақсатты іске асыру үшін төмендегідей міндеттер қойылды

1. Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Жылға ауылдық округінде жеке қолда ұсталатын сиырлардың төл беруіне кері әсерін тигізуші факторлар.

2. Сиырларда кездесетін гинекологиялық ауруларды анықтау.

3. Буаздық пен қысырлықты анықтау кезінде қолданылатын тәсілдер.

4. Буаздық пен қысырлықты анықтаудың экономикалық тиімділігі.

Жұмыстың тәжірибелік маңызы—гинекологиялық ауруларды уақытылы диагностикалау және қысырлыққа ықпал етуші факторларды жою.

Жануарлардың буаз немесе қысыр екендігі туралы мәселені шешерде біз анамнез (сұрастырып жиналған) мәлімет жинадық. Буаздықты, әсіресе, бастапқы (ерте) кезде айыру ісінде анамнездің үлкен маңызы бар. Анамнез, жинарда, мынадай мәселелерге көңіл аударды:

1) сиыр бұдан бұрын қай кездерде төлдеген және төлдеуі қалай өткен еді;

2) төлдегеннен кейін неше рет және қай уақыттарда күйлеген еді;

3) соңғы шағылысуы қашан болған еді;

4) шағылысқаннан кейін сиырдың күйлегендігі байқалған ба еді.

Әрине, бағып жүрген адамдардың ауызша айтуы бойынша немесе шаруашылықтағы жазуларға қарап, толық анамнез жинап алу мүмкін бола бермейді. Оның үстіне, бұл анамнез мәліметтері қате немесе теріс болып шығуы да мүмкін.

Сиырдың буаздығын 25-30 күннен кейін айыруға болады. Жануардың буаздығын айыру жөніндегі барлық әдістер екіге бөлінеді: клиникалық (сыртқы белгілері бойынша айыру әдісі, сырттан зерттеу бойынша айыру әдісі және іштен зерттеу бойынша айыру әдісі) және лабораториялық әдіс.

Сыртқы белгілері бойынша буаздығын айыру әдісі, буаздығы өскен сайын жануардың денесінің көзге көрінетін белгілеріне сүйендік. Буаздықтың ақырғы кездерінде ғана бұл белгілері айқын болады, сондықтан, бұл кездерде басқа зерттеу әдістерін қолданудың қажеті де жоқ.Буаздықты сыртынан зерттеу әдісі — ішіндегі төлі бар не жоқ екендігін енесінің қарнын сипап білу арқылы жүргізілді. Сонымен қатар сиырдың іштегі төлін байқау үшін әуелі тізесінің жанын, содан кейін оң жақ шабының әрбір жерлерін басып көрдік.Бұл қолмен ақырын түрту арқылы зерттеледі. Сиыр буаз болса, қолға қатты дене немесе төлдің кимылдары білінеді. Таңертең ертемен, жем-шөп беруден бұрын (ашқарында) зерттеу керек. Сиырдың төлін сыртынан басып қарайтын жер.

Буаздықты іштен зерттеу тік ішек арқылы (қолсұғардан) және қынап арқылы (вагиналық әдістен) жүргізілді.

Буаздықты қолсұғардан зерттегенде тік ішек арқылы қол сұғылып, жатырдағы, жатыр мойнындағы, аналық ұрық бездеріндегі және оларды қоректендіруші тамырлардағы өзгерістер анықтадық. Вагиналық әдісте (қынап арқылы) жатыр мойнының сыртқы тесігі мен қынаптың кілегей қабығы көзбен көріледі немесе қолмен сипалап байқадық. Біз тік ішек арқылы және қынап арқылы анықтауда бірінші кезекте буаздық мезгілі анықталды; патологиялық буаз екендігі (ішіндегі төлі өлі екендігі, төл бөсірі бар екендігі және басқалары) анықталды; мал буаз болмай шықса, жыныс аппаратының қалпы немесе патологиясы белгіленді.

Сонымен, жануардың буаз кезінде, қол салып зерттегенде білінетін, жатырдағы аналық ұрық безіндегі, жатырдың ортаңғы артериясындағы өзгерістер, мұндай зерттеу жағынан дағды болса, малдың буаздығын айыруға мүмкіншілік береді.

Қынап арқылы зерттеу әдісі буаздық күдікті болған реттерде ғана, өте сирек қолданылады. Әдетте, буаз емес жатыр қолмен сипағанда жиырылады.

Және деқысыр (буаз емес) сиырдың жатыры мына төмендегідей жағдайлар анықталды

(жатыр мойыны, оның денесі, айдаршасы және ұрықтық жамбас қуысында түскен. Сипалау кезінде айдарша арасында жырық (борозда) білінеді және ол тең орналасқан екеуі де бірдей көлемде, формада, қаттылығы да (консистенциясы) бірдей сезіледі.

Қорыта келгендесиырлардың буаздығы пен қысырлығын анықтау кезінде тік ішек арқылы (қолсұғу) және қынап арқылы (вагиналық) әдістер қолданылды, сонымен қатар қысыр қалған сиырларды жатырды және жатыр мойнын қолмен сипалау арқылы олардың қысыр екені анықталды. Осы әдістерді қолдану тиімді екеніне көз жеткіздік

Әдебиеттер

1. Өсербай, А. Ж., Өмірәлі, А. Б., Тұтқышбай. И. А. «Ветеринариялық акушерлік». - Алматы, 2023ж.
2. Жоланов. М.Н. «Мал акушерлігі және гинекологиясы». - Алматы, 2015.
3. Құрбанов, С. Құрбанова, А. С. «Ветеринариялық акушерства және гинекология». - Шымкент, 2014ж.
4. Алиханов, О. Қаратаев, Ш. Құрбанова, К.. «Ауыл шаруашылық малдарын қолдан ұрықтандыру». - - Шымкент, -2014ж.

ӘОЖ 619.591.2

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ САЙРАМ АУДАНЫ АҚСУКЕНТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ЖЕКЕ МЕНШІК СЕКТОРЛАРДАҒЫ БҰЗАУЛАРҒА ДЕКОРНУАЦИЯ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Мырзағұл Е.К.- АП-20-8к2
Тулеметова С.Е. – а.ш.ғ.к.,доцент

Барлық жайылымдағы сиырлардың жарақаты көбінесе сүзіскеннен болады. Бұл жарақаттар малдың түрлі жатыр, желін, ауруларының таралуына әсері бар екенін толық көрсетілген. Себебі жарақаттанған малды антибиотиктермен емделеді, оның кесірінен бірінші кезекте сүтке желінге әсер етеді. Ал малдың өнімі 10% -ға дейін төмендеуі дәлелденген, ал малды мүйізсіздендіргеннен кейін мал жәйбарақаттанып, тынымсыздығы бәсеңдейді. Өнімділігі артады.

Декорнуация - мүйізсіздендіру, мүйіздерді ота жасап немесе жасанды қолдан оның өсуіне жол бермеу.

Мүйізбен жануарлар арасында жарақатты болдырмау, олардың дұрыс өспеген жағдайында, сынған уақытта және түрлі мүйіз ауруларына шалдыққанда мүйізден құтылу.Мүйізсіздендіруді малды байламай ұстау технологиясы кезінде жасаған тиімді. Бұндай уақытта мүйізі бар сиырлар азыққа таласып сүзісіп, суға да таласады. Мықты бақуат сиырлар қоңы төмен, нашар сиырларды жібермейді. Соңынан малдың қоңдылығы түсіп өнімділіктері жоғалады, сүт берудің орнына энергиясын азыққа таласпен жоғалтады. Дүние жүзіндегі мал шаруашылығы өркендеген мемлекеттер деңгейіне шығу үшін, малдарды мүйізсіздендіру жұмысын тез арада жолға қою керек.

Мүйізсіздендіруді малды байламай ұстау технологиясы кезінде жасаған тиімді. Бұндай уақытта мүйізі бар сиырлар азыққа таласып сүзісіп, суға да таласады. Мықты бақуат сиырлар қоңы төмен, нашар сиырларды жібермейді. Соңынан малдың қоңдылығы түсіп өнімділіктері жоғалады, сүт берудің орнына энергиясын азыққа таласпен жоғалтады. Жас малдарды дер кезінде операция жасамаса-мүйізсіздендірмесе сүйек, қаңқа құрлысына қажетті элементтер, кальции, фосфор, селен, тағы басқа да қажетті заттар мүйіздің қалыптасуына жұмсалады. Ал кей мамандардың пікірінше мүйіздің өнімділіктігіне, өсуіне қатысының байланысы жоқтығын айтады. Әрине аздаған кальцийдің мүйіз қалыптасуына қатысы бар, бірақ соншалықты өнімділігіне әсері шамалы болуы мүмкін.

Мүйізсіздендіруді малды байламай ұстау технологиясы кезінде жасаған тиімді. Бұндай уақытта мүйізі бар сиырлар азыққа таласып сүзісіп, суға да таласады. Мықты бақуат сиырлар қоңы төмен, нашар сиырларды жібермейді. Соңынан малдың қоңдылығы түсіп өнімділіктері жоғалады, сүт берудің орнына энергиясын азыққа таласпен жоғалтады**.** Дүние жүзіндегі мал шаруашылығы өркендеген мемлекеттер деңгейіне шығу үшін, малдарды мүйізсіздендіру жұмысын тез арада жолға қою керек.

Біздің жұмысымыздың мақсаты мүйізсіздендіру жұмысын кеңірек жүргізу және оны барлық ірі қара малдарға қолдану және оның тиімділігін дәлелдеп өндіріске ендіру. Осы мақсатты орындауда төмендегідей міндеттер қойылды:

1. Түркістан облысы Сайрам ауданы Ақсукент ауылдық округінде жеке меншік секторлардағы бұзаулардымүйізсіздендіру, яғнидекорнуация әдісін зерттеу және тиімділігін анықтап, талдау жүргізу.

2. Декорнуация кезінде мүйізсіздендіру жұмыстарын жетілдіріп тиімді дәрі дәрмектерді қолданып олардың практикалық тұрғыда тиімділіктерін анықтау және өндіріске енгізу

3. Жарақаттанудың алдын алу үшін мал шаруашылығындағы тәжірибеде нақты жағдайдағы экономикалық шығыны аз және практикалық кездесетін мүйізсіздендірудің жеңіл ыңғайлы әдістерін қолдану

Тәжірибе жасамас бұрын біз 16 бас бұзау алдық және оларды 2 топқа бөлдік.

Бірінші топқа 3 күндік бұзаулар алынды, ал екінші топқа 2 апталық бұзаулар алынды.

Мүйізсіздендіру алдында барлық бұзауларды клиникалық бақылаудан өткізіп, олардың ден саулығы туралы мәлімет жинап, фонендоскоппен тыңдап, температурасын өлшедік.

Жағдайлары орташа, өзгерістер байқалмады.

Әр операция жасар алдында мұқият клиникалық, лабораторлық, рентгенологиялық т.б. арнаулы зерттеулер арқылы аурудың диагнозы қойылады. Біз ота орнын қайшымен қырқып,

5% иод ертіндісін жағу арқылы залалсыздандырдық.

Бірінші топтағы бұзауларға калийдің гидрооксиді (КОН) ерітіндісі қолданылды, ал екінші топтағы бұзауларға термиялық тәсіл яғни электрлі күйдіргіш пайдаланылды,бұзауларға мүйіз төбешік негізінің терісі астына 5 - 10% хлорлы калийдің гидрооксиді (КОН) ерітіндісін айнала инъекциялап өңдеу арқылы мүйіздің дамуын тоқтатуды жасадық. 1-ші тәжірибе тобында 3 күннен кейін домдалған орнында құрғақ қабыршақ пайда болып, ол 1 аптадан кейін бөлініп түсті.

2-ші топтағы бұзауларға күйдіру тәсілімен мүйіз өндіруші ұлпаларды жою үшін арнайы күйдіргішті басып 1 секунд өте жеңіл салмақ салумен айналдырдық, күйдірілген орын ашық - қызыл қоңыр түсті болып, ойықталды және ол жерден сұйықтық шықты. Кесілген орынды күнде тазалап стрептоцид ұнтағын сеуіп тұрдық.

Тәжірибе жүргізілген кезде біз бұзаулардың бірі - бірінің өңделген мүйіз төбешіктер жалап, тілдерін күйдіруі мүмкін екенін ескеріп, жалпы бақылауда ұстап отырдық.

Ондай жағдай негізінде бұзаулардың азығында минералды заттарды жетпегенде кездеседі.

Қорыта келгенде 1-ші тәжірибе тобында 3 күннен кейін домдалған орнында құрғақ қабыршақ пайда болып, ол 1 аптадан кейін бөлініп түсті.

Ал 2-ші бақылау тобында 6-8 күнге дейін ауырсыну пайда болып, 2-ші аптада қабыршақ пайда бола бастады 12-14 күндері жазылды

Зерттеу барысында ең жеңіл, стрессіз, өнімін жоғалтпай, қалпына келу-оны 3 күндік бұзаулар көрсетті.

Ең ұзақ қалпына келтіру ол мүйізді мүлдем алып тастаған, ампутация отасында 18 күн 2 апталықбұзаулар тобында кездесті

Біз жасаған тәжірибе бойынша бірінші топтағы бұзауларға жасаған тәжірибеміз тиімді болды.

Әдебиеттер

1. Ильясов, Б.К.«Ветеринариялық хирургия». - Шымкент, 2021ж**.**
2. Мүрәлінов К.Қ. «Оперативтік хирургия». - Алматы, 2013ж.
3. Н.В.Сахно, И.А.Туткышбай. «Методология обучения ветеринарной хирургии» І-том.- Лань, 2020
4. Семенов Б. С. «Частная ветеринарная хирургия».- КолосС, 2010г.
5. Тимофеева С. В. «Общая хирургия животных», - Мин. сел.хоз. РФ / М.2010.

ӘОЖ 636: 612.015

«ШЫМКЕНТ-ЦИРК» МҚК-ДА ДИСПАНСЕРЛЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ АРҚЫЛЫ СПОРТ АТТАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ КҮЙІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ЕМДЕУ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мырзаханқызы Д. – АП-20-8к2 тобының студенті
Қамбаров А.Ә. – магистр, аға оқытушы

Шымкент халық циркі ең алғаш 1962 жылы қаладағы Металлургтер мәдениет сарайы жанынан Достық деген атпен құрылған. Ал 1965 жылы ұжымға халық циркі деген атау берілген. Цирк креативті индустрияға жататындықтан және сондағы жануарлардың жай күйін білу үшін осы мекемені таңдадым.

Ең алдымен мекеме ережесімен таныстым, сонымер қатар жануарлардың қауіпсіздігі үшін бөтен адамдардың мекемеге кіруге рұқсатының жоқтығын анықтадым. Жалпы циркте 4 бас мал дәрігері мамандары, зоотехник, мал дәрігер, зоолаборант мамандары жұмыс жасайды. Қорада 5 бас жылқы, 3 бас пони жылқысы бар. Сол жануарлардың күнделікті күтімі яғни азық рационына дұрыс мән беру, қажетті витаминдер беріп отыру, уақытылы вакцина енгізілуі маңыздылығын білдім. Тұрған қора жайдың бөлмелерінің тазалығын, температурасын толыққанды көріп білдім. Спорттық-цирк аттарына жалпы клиникалық зерттеу әдістері-клиникалық қарау, сипау, нұқу, тындау, және физикалық, химиялық және микроскопиялық зерттеулер әдістерін қолдандым.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

1. Диспансерлеу жасалынатын аттарды тіркеу.

тіркеу кезінде келесі мәліметтерді жиналды:

түскен күні-01.11.2024ж.

иесі- Шымкент-Цирк МҚ

иесінің немесе шаруашылықтың мекен-жайы- Бауыржан Момышұлы 43/2

жануардың түрі-жылқы

тұқымы – Орлов жылқысы

жынысы- еркек

жасы- 4 жасар,дөнен

түсі және ерекше белгілері- қара түсті қасқа; 3 аяғы ақ түсті

таза салмағы немесе өлшемдері- 300-350кг

жануардың лақап аты- Ақ танау

Анамнез алу.:

1) Anamnesis vitae,.

1. шығу тегі- Ресей

2. ұстау және күту жағдайы: уақытылы дәрумендер егу және азықтандыру, жем-шөп үлесін туралау және алдын ала вакцинация жұмыстарын жүргізу қамтамасыз етеді т.б.

3. суару және азықтандыру жағдайы- мезгіл су, жоңышқа, сұлы, кебек, тұз, табиғи шөп, сәбіз.

4. цирктегі атқарылатын жұмысы- ат ойындарында өнер көрсету.

Anamnesismorbi. :

1) Қашан және қандай жағдайда ауырды?

Соңғырет 2023 ж. «Қарынның жіті кеңейуінде»

2) аурудың қандай белгілері байқалды?- ішек жолдарының түйілуі.

3) жануарға кім және қандай емдік көмек көрсетті- мал дәрігері көмек көрсеткен емдік щаралар: ішек түйілуін түсіру үшін ветрагин 10г.; несеп айдау үшін фурасемид 10г.

2. Жануарларға жақындау ережелері және бекіту әдістері.

Жылқыға баяу қозғалып, ақырын дауыстап алдынан, бүйірінен жақындадым. Жылқы малын ағаш бұрауды үстіңгі ерніне немесе құлақ қалқанына салу арқылы бекіттім. Сонымен қатар, алдыңғы аяғын тізесінен бүктіріп ұстаған немесе артқы екі аяғына тұсау салып қойған дұрыс.

3.Клиникалық тексерудің жалпы әдістермен танысу (көру, сипалау, тыңдау, нұқу, термометрия).

Көру әдісі – тексерудің жай әдісі. Бұл әдісті күндіз қолдандым. Көру арқылы жануардың басын, мойнын, көкірек қуысын, ішін, аяқтарын алдымен оң жақтан және сол жақтан, содан соң алды-артынан тексердім. Жалпылама қараған кезде жануар кеңістікте төрт тағандап тұр. Танау қуысында ақпа ағып тұрған жоқ. Басын көтеріп, ешқандай қтналусын дем алып тұр.Денесінде ешқандай жарақаттар, өзгерістер байқалмады.Терісінде бөртпе, дақ, терінің ісінуі, жалпы айтқанда терінің патологиялық өзгерістері жоқ.

Тістерді тексеру: тістердің жағдайы жануардың жалпы денсаулығына әсер етеді,сондықтан олардың гигиенасын сақтау маңызды.

Сипалау әдісі –Жұтқыншақ- Тексерген кезімде аталған мүшелер бөгде заттармен бітелмеген, қатерлі ісіктер, жарақаттану белгілері байқалмайды.

Көмей- Тексерген кезімде аталған мүшелер бөгде заттармен бітелмеген, қатерлі ісіктер, жарақаттану белгілері байқалмайды.

-кеңірдек- Тексерген кезімде аталған мүшелер бөгде заттармен бітелмеген, қатерлі ісіктер, жарақаттану белгілері байқалмайды.

-өңеш- сипалап қараған кезде сезімталдығы мен ауырсынуын анықтадым.

Беткі сипалау –терінің тексерілетін бөлігіне алақанды қатты басып, терінің қызуын, ылғалдылығын, ауырсынуын анықтау үшін қолдандым.

Терең сипалау – құрсақ қуысының ішкі мүшелерінің көлемін, пішінін, конститутциясын және ауырсынуын тексеру үшін қолдандым.

Нұқу әдісі- өкпе шекарасын анықтау

Жүрек пен өкпе аускультациясы –жүрек соғысы жиілігі- , ырғағы--- дыбыс күші---, жүрек шуылы бар-жоғына көңіл бөлдім

Өкпені тыңдау - ентігудіжәнетыныс алу жүйесінің басқа мәселелерін анықтауға мүмкіндік береді.

Термометрия –максимальді термометрмен жануардың дене қызуын өлшеу. Барлық жануарларда дене қызуы термометрді тік ішекке салу арқылы өлшенеді. Жылқыны дене қызуын өлшегенімде 38°С болды. Дені сау жылқының дене қызуы 37,5-38,5°Саралықта болады.

-Қананализі: ішкі ағзалардың жұмысын бағалауға, анемияны, инфекцияларды және басқа мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді.

-Зәранализі:зәр шығару жүйесінің ауруларын диагностикалауға көмектеседі.

Әдебиеттер

1. Несіпбаев Т. Жануарлар физиологиясы: Оқулық – Алматы: ЖШС РПБК “Дәуір”, 2012 – 720 б.
2. М.А. Молдағулова, А. Н. Ермаханов, Ө. К. Есқожаев, А. З. Дюсембаева, А. Т. Қамбарбеков, А. И. Көлдеев, Б. Д. Дюсембаева, А. Т. Көлдеев, Б. Д. Айтжанов,Ж. І. Қазиев, С. Т. Сиябеков. Жануарлар ауруларының клиникалық диагностикасы: Оқулық. – Алматы, 200. -124 б.
4. Қожанов К.Н. – Малдың ішкі жұқпалы емес аурулары. – Семей, 2005. – 387б.
5. М. Қожабаев, Ш. М. Қаратаев. Жануарлардың ішкі жұқпалы емес аурулары Шымкент М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетті-2006.- 214 б.

ӘОЖ 614.91

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ АРЫС ҚАЛАСЫ ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНДА ҚОЙЛАРДЫҢ ПСОРОПТОЗ АУРУЫН БАЛАУ ЖӘНЕ КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ

Мырзаханқызы Н. - АП-20-8к3 тобы студенті
Кузербаева А.Т. - PhD доктор, доцент

Зерттеу барысында барлығы 28 ұсақ мал ұшасы тексеріліп, 76 сезімдік, 35 физикалық, 46 химиялық зерттеулер жүргізілді. Зерттеу барысында қойларды сойғаннан кейінгі өнімдерге ветеринариялық санитариялық сараптау және санитариялық бағалау жүргізілді. Жұмыс «Сойыс малдарын сояр алдында тексеру, ет және ет өнімдерін ветеринариялық санитариялық сараптау» (1988) ережелеріне сәйкес орындалды. Қой ұшасы мен ағзаларын ветеринариялық санитариялық сараптау барысында: ұшаның қансыздану дәрежесі, қоңдылығы, ұша бетінде қабықшаның түзілуі, сезімдік зерттеулер жүргізілді, еттерінің жетілуі, бұлшық еттің

сыртқы және тілік бетіндегі түсі, иісі және консистенциясы зерттелді. Ұшадағы ағзалар, ет, сүйек, өкпе-бауыр, ішек-қарын, т.б. өнімдері тексерілді.Қойлардың ұшасынан сынамалар алынып, ветеринариялық санитариялық сараптаулар жүргізілді. Еттің сезімдік, физикалық, химиялық және биологиялық көрсеткіштері МЕМСТ 7269-79 (Ет. Сынама алу тәсілдері және балаусалықты анықтаудың органолептикалық тәсілдері) Мемлекеттік стандартына сәйкес 28 ұшадан сынамалар алынып зерттелінді.Сорпадағы белоктың алғашқы ыдырауынан пайда болған өнімдерді, мыс иондарының белоктың алғашқы ыдырауынан пайда болатын өнімдерімен әсерлесіп, кешенді мыс сульфатының тұнбаға түсуіне негізделген. Жұмыс 23392-78 стандарт талаптарына сәйкес жүргізілді.Қойлардың ұшасында сойылғаннан кейінгі биохимиялық өзгерістердің болатыны ескеріліп, дені сау, дикроцелиймен зақымдалмаған, қойлардың ұшасымен салыстырыла отырып есептелінді.Еттің балаусалығы физикалық, химиялық және биохимиялық тәсілдермен зерттелді.Пероксидаза ферментінің белсенділігін бензидин ерітіндісімен пероксидаза реакциясы арқылы анықталды. Еттің құрамына сутек иондарының шоғырлануы рН-340 иономерінің көмегімен анықталды. Қойлардың етінің микробиологиялық көрсеткіштері МЕМСТ 21237-75 «Ет. Бактериологиялық талдау әдістері» стандартына сәйкес бактериоскопиялық әдіспен микробтардың мөлшері анықталды.Ұшпа май қышқылдарын қышқылданған судағы ерітіндісінен ыстық бу арқылы қуып, алынған дистиллятты титрлеу арқылы 23392-78 стандартына сәйкес жүргізілді.

Біздің ғылыми жұмысымыз қойдың бауырында кездесетін дикроцелийлердің ет сапасына әсері болғандықтан, біз тексеруді сезімдік зерттеулерден бастадық. Қой еті ақшыл қызыл түсті, ет талшықтары ұзын әрі жіңішке, хош иісті. Тері астындағы май ақ немесе сарғыш түсті, ал іш майлары ақ-сарғыш.Қой ағзалары мен ұшасын тексеру үшін малдың басы мен ағзаларын столға қойып тексердік. Тексеруді бірінші басты тексеруден бастадық. Бас өзіндік қызыл түсті, консистенциясы нығыз, ұрылған-соғылған, іріңдеген, қанталаған т.б. жарақаттар жоқ. Бастағы лимфа түйіндері толық тексерілді. Кесіп қарағанда ешқандай өзгерістер байқалмады. Алқым лимфа түйіні - төменгі жақ аралық кеңістікте, алқым безінің үстінде орналасқан, ұзындығы 3-5 см. Шықшыт лимфа түйіні - сопақша келген, ұзындығы 6-9 см, жоғарғы және төменгі жақ буынынан сәл төмен орналасқан, артқы жағынан шықшыт сілекей безімен, алдыңғы жағынан терімен жабылған.Жұтқыншақ сыртындағы ортаңғы лимфа түйіні - ұзындығы 3-6 см дейін. Бастың бүгілдіргіш бұлшық еті мен жұтқыншақтың аша сүйек тарамдарының ортасында орналасқан. Жұтқыншақтың бүйір лимфа түйіні - ұзындығы 4-5 см, ауыз омыртқасының алдыңғы жағында, шықшыт безінің артын ала орналасқан. Сөл түйіндері қалыпты, ісу, іріңдеу, қанталау секілді өзгерістер жоқ.

Еттің қансыздану дәрежесі қанағаттанарлық болған жағдайда, оның түсі қызыл, майы ақ немесе сарғыш түсті, қан тамырларында қанның аздаған қалдығы көрінеді. Етті тілгенде қан шықпайды, бірақ етті саусақпен басқанда кішкене қан тамырлары байқалуы мүмкін. Сүзгі қағаз қан және сөлмен ылғалданады, бірақ етпен жанасқан жерден әрмен көтерілмейді.

Ет нашар қансызданған болса, оның түсі қою қызыл, ал майы қызғылт болып келеді. Қан тамырларында қанның қалдығы байқалады. Етті тілгенде онда қанды жерлер байқалады, ал саусақпен басқанда, тілінген жерде қан тамырлары пайда болады. Сүзгі қағаздың ылғалдануы етпен жанасқан жерден 2-3мм жоғары жайылады.

Ет өте нашар қансызданған жағдайда оның түсі қою қызыл болып, көкшіл тартып тұрады. Май негізінен қызыл түсті. Қан тамырлары қанға толы. Шажырқайдағы, көк еттегі және майдағы қан тамырлары қанға толы. Етті тілгенде одан қан тамырлары байқалады. Сүзгі қағаз қатты ылғалданып, етпен жанасқан жерден 40-50 мм көтеріледі. Қауырт ауру немесе жанталасып жатқан малды сойғаннан алынған ет негізінен нашар, өте нашар қансызданады. Мұндай ұшаның жатқан жағында қанталау (гипостаз) кездеседі. Еттің қансыздандыру дәрежесін анықтауды, біз сенімді болу үшін теориялық пікірге сүйене отырып, зертханалық жұмыспен нақтыладық. Еттің қансыздандыру дәрежесін анықтаудың бірнеше тәсілдері бар: бактериоскопиялық, сүзгіш қағаздың көмегімен, Шеллинберг, Родер т.б.әдістер.

Қансыздану дәрежесін ет кесіндісін микроскоптау арқылы анықтау. Ет кесіндісін трихинеллезге тексергендей етіп компрессориум шыныларының арасына салып, қысып, микроскоппен қарадық. Ет жақсы немесе қанағаттанарлық қансызданған болса, қан қалдықтары және қанға толған (капилляр) ұсақ тамырлар көрінбейді, аздап ылғалдылық байқалады.

Сүзгі қағаздың көмегімен анықтауда, ұшадан етті тіліп, оған ұзындығы 10,0 см шамасындай сүзгі тіліндісін жапсырады. Жақсы қансыздандырылған етте қан, ет сөлі сүзгі қағазға нашар сіңеді. Еттің қансызданuы қанағаттанарлық болса, сүзгі қағаз ылғалданады, бірақ етпен жанасқан жерден жоғарыламайды, ал ет нашар қансыздандырылған болса, ылғал еттің кесілген жерінен 2-3мм жоғары көтеріледі, өте нашар қансыздандырылған болса, 0,5см көтеріледі. Бірақ та бұл әдіспен мұздатып ерітілген еттің қансыздандыру дәрежесін анықтауға болмайды.

Қойларды сойғаннан кейінгі сау және дикроцелиймен бауыры зақымданған мал өнімдеріне ветеринариялық санитариялық сараптау және санитариялық бағалау жүргізілді. Жұмыс «Сойыс малдарын сояр алдында тексеру, ет және ет өнімдерін ветеринариялық санитариялық сараптау» (1988) ережелеріне сәйкес орындалды.

Қойлар ұшасы мен ағзаларын ветеринариялық санитариялық сараптау барысында, бауыры дикроцелийлармен зақымданған ұшадағы еттер сау мал ұшасындағы еттермен салыстырыла отырып тексерілді. Зерттеу барысында ұшаның қансыздану дәрежесі жақсы, қоңдылығы, ұша бетінде қабықшаның

түзілуі, сезімдік зерттеулер қанағаттанарлық, еттерінің жетілуі, бұлшық еттің сыртқы және тілік бетіндегі түсі, иісі және консистенциясы қалыпты болды. Ұшадағы ағзалар, ет, сүйек, өкпе-бауыр, ішек-қарын, т.б. өнімдері анатомиялық құрылысына сай.

Алынған сынамаларға ветеринариялық санитариялық сараптау жүргізілді, оның нәтижесі бойынша сорпадағы белоктың алғашқы ыдырауынан пайда болған өнімдер, мыс иондарының белоктың алғашқы ыдырауынан пайда болатын өнімдерімен әсерлесіп, кешенді мыс сульфатының тұнбаға түсуіне негізделген. Жұмыс барысында сорпа таза, мөлдір екендігі анықталды. Қойлар ұшасында сойылғаннан кейінгі биохимиялық өзгерістердің болатыны ескерілді. Пероксидаза ферментінің белсенділігін бензидин ерітіндісімен пероксидаза реакциясы арқылы анықталды, реакция нәтижесі барлық тексерудегі сынамалар азғана ауытқушылықпен шамалас болғандығы анықталды. Реакция теріс, яғни ерітінді көк-жасыл түске боялып, біршама уақыттан соң қоңыр түске боялды. Еттің құрамына сутек иондарының шоғырлануы pH-340 иономерінің көмегімен анықталды, сынамалардың барлығында да pH 5,8- 6,2 балауса етке тән. Ұшпа май қышқылдарын қышқылданған судағы ерітіндісінен ыстық бу арқылы қуып, алынған дистиллятты титрлеу арқылы анықталды. Реакция нәтижесінде тексерудегі барлық сынамаларда ұшпа май қышқылдарының жиналмағандығы анықталды. Ал, аминді-аммиакты азоттың мөлшері қалыптағыдай екендігін анықтадық. Қойлар майының еру және қату температурасы, сыну коэффициенті жалпы қолданылатын тәсілдермен жүргізілді, ауытқушылық байқалмады.

Әдебиеттер

1. Сабаншиев, М.С. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары: оқулық жоғары оқу орындары үшін /М.С.Сабаншиев, Т.Т. Сүлейменов - Алматы: 2013. - 164б.
2. Күзербаева, А.Т. "Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары" пәні бойынша дәрістер жинағы 5В120100-"Ветеринарлық медицина" мамандығының студенттеріне арналған / А.Т.Күзербаева. - Шымкент: ОҚУ, 2021. - 95 б.

ӘОЖ 631/635(075.32)631.11

ҚАЗАҚСТАНЫҢ ОҢТҮСТІК ӨҢІРІ МАҚТААРАЛ АУДАНЫНДА МАҚТА АУЫСПАЛЫ ЕГІСІНДЕ КӨПЖЫЛДЫҚ ТОПЫРАҚТАРДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ МЕН ТҰЗ РЕЖИМІНІҢ ӨЗГЕРУІН АҢЫҚТАУ

Нажмадинова А.М. - АП-21-2к студенті
Мурзабаев Б.А. - а.ш.ғ.к., аға оқытушы

Қазақстанда мақта алқаптары негізінен Түркістан облысында орналасқан және шамамен 140 мың гектарды құрайды, орташа өнімділігі 32 центнер/га. Мақта өсіру – табысты кәсіп. Мақта саласы – ауыл шаруашылығының маңызды саласы, мақта шаруашылығы кез келген елдің нан, металл, энергетика, мұнаймен тең әлеуетті қуатын айқындап, экономикада жетекші орындардың бірін алады. Мақта шаруашылығы – ауыл шаруашылығының басым саласы. Облыстың ауыл шаруашылығының жалпы көлеміндегі шитті мақтаның үлесі 17% құрайды [1,2].

Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыру ең алдымен жерді тиімді пайдалануға байланысты. Бұған топырақ құнарлығын арттыру, өндіріске озық технологияларды енгізу, жерді химияландыру, яғни тыңайтқыштарды кеңінен қолдану, егістік алқаптарының құрылымын жақсарту, ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру арқылы қол жеткізіледі. Деградацияға ұшыраған топырақтардың жағымсыз әсерлерін жою әдістерінің бірі - химиялық мелиорант ретінде фосфогипсті енгізу. Суармалы жерлерде фосфогипсті химиялық мелиорант ретінде пайдаланудың тиімділігі оның химиялық құрамына тікелей байланысты[3].

Зерттеу мақсаты: Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі Мақтаарал ауданындағы мақта ауыспалы егісіндегі сұр топырақтағы фосфогипстің, элементтік күкірттің және күкірт қышқылының салыстырмалы мелиоративтік тиімділігін анықтау.

Зерттеу мақсаттары. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- мақта ауыспалы егісінде сілтілі-тұзды топырақтардың бастапқы топырақ-мелиоративтік жағдайын зерттеу;
- зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, сілтілі-тұзды топырақтардағы күкірт, фосфогипс, күкірт қышқылының салыстырмалы мелиоративтік тиімділігін анықтау.

Зерттеу әдістері мен объектілері. Шаруашылық егістіктерінің топырағы оңтүстікке тән сұр топырақ болып табылады. Топырақ түзуші жыныстар негізінен лесс тәрізді саздақтар. Топырақ қабаттары әлсіз көрінеді. Мақтаарал аймағының климаты шұғыл континенттік, жазы ыстық, қысы салыстырмалы түрде суық. Көп жылдық мәліметтер бойынша аймақтағы тиімді температураның қосындысы 3400-3800°С аралығында, түсетін күн радиациясының мөлшері жылына шамамен 89 ккал/см2 құрайды. Жыл мезгілдеріне қарай былай бөлінеді: қыста-7, көктемде-29, жазда-40, күзде-

13 ккал/см2. Көп жылдық мәліметтер бойынша жылдық жауын-шашын мөлшері 297 мм болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 230,9 мм, ал 2024 жылы 268,5 мм болды, мұны Мақтаралагрометеостанцияның мәліметтері растады.

Зерттеу нәтижелері. Өсімдіктердің өсуі мен дамуына кері әсер ететін жоғарыда аталған факторлардың барлығы біздің тәжірибе алаңының топырағында болды. Олардың ішінде сода тұзденуында байқалатын кедір-бұдыр және жоғары сілтілілігі ең зиянды болып табылады. Топырақ суының шайма суын талдаудан тәжірибелік учаске нұсқаларының бастапқы иондық құрамы қатты тұзданғанын (жалпы тұздар 0,5 - 0,7%) және тұздардың химиясы натрий сульфаты екенін көруге болады. Учаскелік топырақтың натрий тұзденуы барлық тәжірибелік нұсқаларда оның уыттылық шегімен (100 г топыраққа 0,8 мг – экв.) сипатталады. (кесте 1).

Кесте-1. Жартылай гидроморфты кебірге фосфогипс, элементарлы күкіртті және күкірт қышқылын енгізер алдындағы су сүзіндісінің иондық
құрамы мен тұздар жиынтығы,(мг экв).

Вариант	Үлгітерең дігі, см	Жалпы З	CO^{2-} 3Тен	Cl^-	SO^{2-} 4	Ca^{2+}	Mg^{2+}	Na^+ $^+K^+$	Тұздар жиынтығы,%
Бақылау	0 -20	1,44	жоқ	0,65	8,25	4,37	2,50	3,34	0,692
		0,087		0,022	0,390	0,087	0,030	0,076	
	20 -40	1,62	жоқ	0,55	8,38	4,75	2,75	3,05	0,715
		0,098		0,019	0,400	0,095	0,030	0,070	
	40 -60	1,70	0,37	0,60	8,88	5,00	2,88	3,70	0,774
		0,103	0,011	0,021	0,420	0,100	0,034	0,085	
Фосфогипс	0 -20	1,12	жоқ	0,75	8,63	4,25	2,88	3,37	0,777
		0,068		0,026	0,410	0,085	0,034	0,077	
	20 -40	1,56	жоқ	0,70	4,25	1,75	1,38	3,69	0,454
		0,095		0,024	0,200	0,035	0,016	0,084	
	40 -60	1,64	0,48	0,60	4,13	2,25	1,50	3,10	0,459
		0,100	0,014	0,021	0,190	0,045	0,018	0,071	
Элементарлықкүкірт	0 -20	1,48	жоқ	0,65	7,75	4,00	2,88	2,75	0,659
		0,090		0,022	0,370	0,080	0,034	0,063	
	20 -40	1,92	жоқ	0,75	5,38	2,50	1,75	2,29	0,516
		0,117		0,026	0,250	0,050	0,021	0,052	
	40 -60	2,32	0,60	0,75	4,38	2,00	1,25	4,80	0,560
		0,141	0,018	0,026	0,210	0,040	0,015	0,110	
Күкіртқышқылы	0 -20	1,56	жоқ	0,75	6,00	2,50	2,00	3,81	0,692
		0,095		0,026	0,280	0,050	0,024	0,087	
	20 -40	1,84	0,30	0,65	4,63	2,00	1,25	4,07	0,513
		0,112	0,009	0,022	0,220	0,04	0,015	0,093	
	40 -60	2,56	0,24	0,70	5,00	2,50	1,50	4,38	0,595
		0,156	0,007	0,024	0,240	0,050	0,018	0,100	

Қорытынды:

Мелиоранттардың зерттелінген топырақтың су өткізгіштігіне әсерін зерттеу фосфогипс варианты топырағының бақылауға қарағанда суды жақсы сіңіруді және бойынан өткізуді көрсетті. Элементарлы күкірт берілген вариант топырағы сіңіру және фильтрация жылдамдықтары мәні бойынша (сәйкесінше 2,44 және 0,194 мм/мин) фосфогипс сияқты су өткізгіштігі ең жақсы, ал фильтрациясы төмендетілген. Мелиоранттардың ішінде күкірт қышқылы берілген мөлдек топырағының сіңіру жылдамдығы көрсеткіші ең жоғары (2,47 мм/мин). Бірақта фильтрация жылдамдығы ең төмен (0,119 мм/мин). Мұндай болудың себебін басқа вариантарға екінші жол қарағанда күкірт қышқылы вариантында жоңышқаның ұзағырақ (үшінші жыл) тұруымен түсіндірілді.

Әдебиеттер

1. Боровский В.М. Геохимия засоленных почв Казахстана. - М.: Наука, 1978.- 172 с.
2. Беспаева Р.С. Мелиорация лугово-сероземныхпочв предгорий Заилийского Алатау: автореф. канд.с.- х. наук. Ташкент. 1988. – 17 с.
3. Базилевич Н.И. Геохимия почв содового засоления. М, 1965., С. 23 - 24.

УДК 636.933.2.082

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚ МЕРИНОС БИЯЗЫ ЖҮНДІ ҚОЙЛАРЫНЫҢ ЕТТІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Несіпбек Р. - АП-21-7к тобының студенті.
Жылкибаев А.К. – б .г. к., аға оқытушы

Қазақстан Республикасында қой шаруашылығы мал шаруашылығың жетекші саласы болып табылады. Оның дамуы халықтың қажеттілігін қанағаттандыратын тағамдық өнім (қой еті) және өнеркәсіпті (жүн, тері, елтірі) шикізаттармен үздіксіз қамтамасыз етумен тығыз байланысты.

Қазіргі нарықтық қатынасқа өту жағдайында қой шаруашылығы дамуының негізгі ерекшеліктері, жұмыс өнімділігін жоғарылату, саланың тиімділік деңгейін көтеру, өзіндік құнын түсіру кезек күттірмейтін мәселе болып тұр.

Нарықтық экономика жағдайында қой шаруашылығын жеделдете өркендетудің негізгі жолы, жоғары сапалы қой өнімдерін өндіруді молайту. Қой шаруашылығының экономикалық тиімділігін арттырумен, бәсекелестігін көтерудің, халық шаруашылығындағы маңызының артуы, қой өнімдерінің өсуі мен сапасының жоғарылауына тікелей байланысты.

Бұл мәселенің шешімі қой селекциясы табыстарымен анықталады, сонымен қатар осы салада алдыңғы қатарлы технологияларды қолданумен жүргізіледі, жоғары сапалы қой өнімдерін алу үшін қойдың биологиялық мүмкіндігін толық және жан-жақты пайдалануды қамтамассыз ету керек.

Қоректік заттардың жақсы сіңірілуі және жайылым шөбінің жоғары қоректілігі қойдың тірілей салмағының көтерілуін қамтамасыз етеді, сапасын жоғарылатады. Кейбір жағдайларда малға қажетті қоректік заттардың табиғи жайылымдарда мөлшері қанағаттандырғысыз болуы салдарынан, жыл мезгілдеріне, арнайы екпелі жайылымдардың болмауына байланысты, жаз және күз айларында қосымша құнарлы жемдер беріп, қажетті жоғары қоңдылыққа жеткізу мүмкіндігін пайдалану қажет[1].

Жас малдың қарқынды өсуі өзгеріске көбірек шалдығады, сондықтан малға айтарлықтай жағдай жасай отырып, олардың жетілуін қалаған жаққа бағыттаудың мүмкіндігі мол. Осыған байланысты енесінен ажырата салысымен жас қозылардың жақсы азықтануына жағдай жасау керек.

Қорада ұсталуы мен азықтану жағдайының күрт өзгеруі олардың өсуі мен жетілуіне кері әсер етпеуі үшін , сүт еміп жүрген биязы жүнді қойлардың қозыларын, сүт еміп жүрген кезінде қарқынды түрде өсірсе, енесінен ажыратқанға дейін тірілей салмағын айтарлықтай үлкейтуге қол жеткізуге болады, ал одан кейінгі бордақылау тауарлық сапасы жоғары ет алуға жағдай туғызады[2] .

Қойды жайып семіртудің дұрыс ұйымдастырылуы өндірістің ұлғаюының басты көзі болып табылады, қой етінің өзіндік құнын түсіріп, сапасын жақсартады. Ірі ісектер мен жас еркек тоқтыларды жайылым уақыты келгенде жайып семіртуді бастап жоғарғы қоңдылыққа жеткенше жалғастырады.

Жасына және басқа себептерге байланысты жарамсыздыққа шығарылған саулықтарды бөлек жайылым отары қылып іріктейді, ал енесінен ажыратылған қозыларды бірден өз алдына бөлек отар құрып, оларды ең жақсы жайылымдарда бағады. Отардың санын болмаса қой тобын олардың тұқымына, жынысына, жасына, сонымен қатар жайылым жағдайына, жердің ой шұқырына және су ішу жағдайына қарай анықтайды[3] .

Малдың эмбрионалды кезінде сүйектері жылдам өседі, шеткі сүлдесі, төлдің құрсақта жатқандағы кезеңінен кейінгі тұлғасы, бірнеше мәрте ұзарады және анықталады, қозының ұзын аяқты индексі жасының өсуіне қарай кеміп, еттілік көрсеткіші арта бастайды. Белгілі болғандай сүт қозыны енесінен ажыратқанда малдың өсуі және дамуының салмағының төмендеуі байқалады және қондылығын жоғалтады. Осы жағдайды болдырмау үшін, көптеген авторлардың ұсынысы күз мезгілінде жас малдың 4-тен 7 айға дейін жайлымға қосымша әр бір басқа 300 г күніне жеммен азықтандыру керек.

Қозыларды енесінен ажыратқан соң жайылымда бағып семірту кезінде ет өнімділігінің өзгерістерін және өсу ерекшеліктерін зертеу мақсатында 2 топ құрылды.Тамыздан бастап жағдайы (қоңдылығы төмен) және тірі салмағы төмен бірінші топтағы (n=30) еркек қозылар жайып семіртуге қойылды[1].

1-кесте – Қозылардың 60 күндік жайып семірту кезіндегі өсуі

Көрсеткіштер	Қозылар тобы	
	бақылау	тәжірибе
Мал басы саны	30	30
Жайып семіртудің ұзақтығы, күн	60	60
Жайып семіртуге қойған кездегі тірілей салмағы, кг	26,0+0,8	26,2+0,7
Жайып семіртуден кейінгі салмағы, кг	32,8+0,7	35,2+0,65
Өсімі, кг	6,8+0,33	9,0+0,47
Орташа тәуліктік өсімі, г	113+6	150+9

Қозылардың қойылымдық тірі салмағы 26,2±0,7 кг құрады, қозылар тау етегі аймағының табиғи жайылымдарында жайылып жүрді және 30 күн ішінде тәулігіне 1 басқа 300 г құнарлы жем (150 г арпа дәні + 150 г астық қалдығы) қосымша азықтандырылды, Аяқтау кезеңінде күн сайын жайып семіртудің соңына дейін

(30 күн) жайылымдық азыққа қосымша арпа дәнінен және астық қалдығынан (300 г) басқа қосымша 200 г мақсары шротымен азықтандырылды.

Қозылардың екінші бақылау тобы 17 тамызда аналықтан ажыратылғаннан кейін жайып семіртуге қойылды.

Жайып бағуға қойылған кезінде қозылардың тірі салмағы 26±0,8 кг құрады, бұл қозылар тобы тамыз бен қыркүйек айының ортасынан бастап күздік бидай сабаны мен жоңышқаның аңызында жайылды. Еркек қозыларды түскі үзіліске дейін сағат 12:00-ге дейін күздік бидай сабанында, содан кейін сағат 15:00-тен қараңғылыққа дейін жоңышқа аңызында жайылып жүрді. Қазан айында қозылар тау бөктеріндегі табиғи жайылымдарда жайылып жүрді. жайып бағу процесінде қозылар барлық кезеңдерде күн сайын қосымша жайылымға 200 г бидай қалдығымен азықтандырылды.

Қозылардың екі тобын суару таңертең және түстен кейін өзеннен жүргізілді. Қозыларды жаю өте ерте басталады сағат 6-7-де. күндіз сағат 12:00-ден бастап жаю тоқтатылады және сағат 15:00 дейін қозылар ағаштардың көлеңкесінде демалды. сағат 15:00 кейін жануарлар жайылымға шығарылып, сағат 21-22:00 -ке дейін жайылды.

Қозыларды шоғырланған жеммен азықтандыру жайылымнан кейін кешке жүргізілді. Жайып семіртудің 60 күндік кезеңінде I және II топтағы еркек қозылардың тірі салмағы тиісінше 26,0+0,8 кг және 25,2±0,7 кг-нан 32,8 +0,7 кг және 35,2+0,65 кг-ға дейін өсті.

Қозылардың, әсіресе тәжірибелі топтың өсуі осы кезеңде қарқынды жүреді және I және II топтардың орташа тәуліктік өсуі сәйкесінше 113г және 150г құрады.

Жайып семірту кезіндегі тәжірибе тобындағы қозылардың өсу қарқыны бақылау тобындағы тетелестеріне қарағанда жоғары болды және еркек қозылардың бірінші топтарында орташа тәуліктік өсім соңғы топқа қарағанда 37 гр. немесе 32,7% - ға жоғары болды, Тәжірибе тобындағы қозылардың тірі салмағы мен абсолюттік өсімі бақылау тобындағы тетелестеріне қарағанда анағұрлым жоғары (P< 0,99 және P< 0,999) болып шықты.

Белгілі жаңа ауа-райы жағдайында өсу және даму көрсеткіштері, олардың ауа-райына бейімделуі, қойдың өсу қарқынына әсер етеді. Оңтүстік Қазақстан өңірінде жаңа экологиялық жағдайдың әсер етуін зерттегенде тірі салмақтың және дене құрылымының өзгерістерінің ерекшелігі болатыны анықталды.

Әдебиеттер

1. Методика изучения мясной продуктивности овец //А.А.Буйлов с.п. и др. – М. Дубровицы, 2018. - 48
2. Зарпуллаев Ш.Н., Исагулов А.Е. Интенсивной нагул и убойный качества овец весенне-летний период //Вестник с.-х. науки Казахстана. –Алма-Ата, 2007. -№2. –С.7-11.
3. Каналиев С.Н. О сроках пастбищного нагула и преимуществах стационарного откорма цигайских овец в Западном Казахстане //Овцеводство. –М.: 2004. -№7. –С.25-26.

ӘОЖ 595.792.

ҚЫРЫҚҚАБАТ ДАҚЫЛЫНЫҢ БАКТЕРИОЗДЫ АУРУЛАРЫМЕН ЗИЯНКЕСТЕРІ ОЛАРМЕН КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ

Нәби А.Ғ. - АП-21-9к тобының студенті, **Сапаралиева А.Р. -** Ап-22-2к тобының студенті
Елибаева Г.И. - б.ғ.к., доцент

Кіріспе. Қырыққабат (Brassica oleracea) – көкөністердің ішіндегі ең танымал және кең таралған түрлерінің бірі. Ол дәрумендерге, минералдарға және антиоксиданттарға бай, сондықтан адам рационында өте маңызды орын алады. Дегенмен, қырыққабат өсіру кезінде көптеген қиындықтарға тап болу ықтималдығы жоғары, атап айтқанда, бактериозды аурулар мен зиянкестерден туындаған залалдар. Бұл мақалада қырыққабаттың бактериозды ауруларының түрлері, олардың белгілері, сондай-ақ осы аурулармен және зиянкестермен күресу жолдары қарастырылады. Қырыққабаттың бактериозды аурулары: Бактериоздар – бұл бактериялардың әсерінен туындайтын өсімдік аурулары. Олар топырақта, су қоймаларында және ауадағы спораларда ұзақ уақыт сақталады, бұл оларды қиын бақылауға және бақылауда ұстауға мүмкіндік береді. Бактериоздардың негізгі белгілері: Жапырақтардың сарғаюы;Тамырлардың шіруі;Жемістің деформациясы;Өсімдіктің өсуі мен дамуының тежелуі.Қырыққабаттың негізгі бактериоздық аурулары.Қара аяқ ауруы (Xanthomonas campestris pv. campestris):Бұл ауру негізінен жас өсімдіктерге әсер етеді. Қара аяқ ауруының белгілері – сабақтың қараюы және шіруі, бұл өсімдіктің өліміне әкелуі мүмкін.Бактериалдық шірік (Erwinia carotovora subsp. carotovora): Бактериалдық шірік қырыққабаттың барлық бөліктеріне әсер етуі мүмкін. Аурудың алғашқы белгілері – жапырақтардың сарғаюы және жұмсақ тіндердің ыдырауы. Кейіннен шіріген жерлерде қоңыр-қара түсті дақтар пайда болады.Қырыққабат бактериялық некрозы (Pseudomonas syringae pv. maculicola): Бұл ауру әсіресе салқын және ылғалды ауа райында дамиды. Некроз белгілері – жапырақтарда және сабақтарда сұрғылт-жасыл түсті дақтардың пайда болуы, кейіннен олар қара түске айналады.

Қырыққабаттың зиянкестері:Зиянкестердің жалпы сипаттама:Зиянкестер – бұл өсімдіктерге тікелей немесе жанама түрде зиянын тигізетін жәндіктер, құрттар және басқа да организмдер. Олар өсімдік тіндерін жейді, шырындарын сорады немесе тұқымдармен қоректенеді, бұл егіннің сапасын және көлемін айтарлықтай төмендетеді.

Зиянкестердің негізгі түрлері: Капуста ақ көбелек (Pieris brassicae): Капуста ақ көбелек личинкалары қырыққабат жапырағының жоғарғы қабатын жейді, бұл жапырақтардың құрғауына және өсімдік тіршілігінің бұзылуына әкеледі:Қырыққабат ұрығы (Delia radicum): Қырыққабат ұрығы личинкалары өсімдік тамырларында қоректеніп, өсімдіктің өсуін тоқтатады: Қырыққабат кенесі (Brevicoryne brassicae):Кенелер жапырақтардың төменгі жағында шоғырланып, шырынды сорады, бұл жапырақтардың сарғаюына және өсімдіктің әлсіреуіне әкеледі.Бактериозды аурулармен және зиянкестермен күресу шаралары:Алдын алу шаралары:Алдын алу – аурулардың және зиянкестердің таралуының алдын алуға бағытталған шаралар кешені. Ең тиімді алдын алу шаралары:

Топырақты өңдеу:

Топырақты жақсы өңдеу және тыңайтқыштармен байыту ауруларға төзімді өсімдіктерді өсіруге ықпал етеді.Себу айналымы:Себу айналымын сақтау арқылы топырақтағы патогендер мен зиянкестердің жинақталуын болдыруға болмайды.Денсаулыққа пайдалы тұқымдарды пайдалану: Денсаулыққа пайдалы, сертификатталған тұқымдарды себу аурулардың және зиянкестердің таралуын болдырмайды.Өсімдіктерді дұрыс күтіп-баптау:Суару, тыңайтқыштар енгізу және аурулардың ерте белгілерін анықтау сияқты күтім шаралары аурулардың дамуын болдырмауға көмектеседі.Биологиялық бақылау әдістері жәндіктердің табиғи жаулары мен патогендерді пайдалануға негізделген. Тиімді тәсілдердің қатарына мыналар жатады:Энтомофагтар: Битті және басқа ұсақ зиянкестерді жейтін жыртқыш жәндіктер, мысалы қоңыздар(Coccinellidae) және алтынкөздер (Chrysopidae).Паразитоидтар:Зиянкестердің жұмыртқаларына өз жұмыртқаларын салатын паразиттік аралар, мысалы Trichogramma spp., оларды личинкалық сатысында жояды.Микробиологиялық препараттар: Бактериялар мен саңырауқұлақтарды қолдану, мысалы Bacillus thuringiensis және Beauveria bassiana, зиянды жәндіктерді жою үшін. Химиялық бақылау әдістері:Химиялық инсектицидтер зиянкестермен күресуде маңызды құрал болып қала береді, бірақ олардың қолданылуы қатаң реттелуі керек және тек басқа әдістер тиімсіз болған жағдайда ғана шектелуі керек. Инсектицидтерді таңдағанда келесі факторларды ескеру қажет:Әрекеттің спецификалық сипаты: Тек белгілі бір зиянкестер түрлеріне бағытталған препараттарды таңдау арқылы пайдалы жәндіктерге әсер етуді барынша азайту.Экологиялық қауіпсіздік:Қоршаған ортаға және адамның денсаулығына улы әсері төмен препараттарға артықшылық беру.Дозалар мен қолдану мерзімін сақтау: Өндірушінің нұсқауларын қатаң сақтау өнімділіктің максималды деңгейін және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажет.Бактерияға қарсы препараттар:Бактерияға қарсы препараттар бактериозды аурулармен күресуге арналған. Олардың ішінде:Медный купорос: Медный купорос – ең көп тараған және тиімді бактерияға қарсы препараттардың бірі. Ол топыраққа немесе суға қосылады және бактериялардың көбеюін тежейді.Бордос сұйықтығы: Бордос сұйықтығын медный купоросты әкпен араластыру арқылы дайындайды. Ол бактериялар мен кейбір саңырауқұлақтар тудыратын ауруларға қарсы қолданылады.Антибиотиктер: Антибиотиктер, мысалы стрептомицин, бактериозды аурулармен күресуде де қолданылуы мүмкін, бірақ олардың қолданылуын қатаң реттеу керек, өйткені олар қоршаған ортаға теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Қорытынды

Қырыққабат өсіру кезіндегі бактериозды аурулар мен зиянкестер елеулі қиындықтар тудыруы мүмкін, алайда алдын алу шаралары, биологиялық және химиялық бақылау әдістері олардың әсерін айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді. Зиянкестерді басқарудың тиімділігі тек егіс жағдайын мұқият жоспарлау және тұрақты мониторинг жүргізу арқылы мүмкін болады. Ауыл шаруашылығы саласындағы заманауи технологияларды және білімді қолдану өнімділікті жоғалтуды азайтуға және мал шаруашылығына арналған сапалы жем өндіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Смит, Дж.К. және Браун, Л.М. (2017). Қырыққабат дақылдарының зиянкестерімен кешенді күресу. Ауыл шаруашылығы ғылымының журналы, 45(2), 123-135.
2. Джонс, П.Р. және Уилсон, А.С. (2019). Қырыққабат зиянкестерімен күресуде биологиялық күресу құралдары. Агрономиялық зерттеулер, 17(1), 56-67.
4. Грин, Т.Д. және Ли, С.Х. (2020). Химиялық инсектицидтер және олардың қырыққабат өндірісіне әсері. Қоршаған ортаның токсикологиясы және химиясы, 39(8), 1678-1689.
5. Кумар, С. және Сингх, Р. (2018). Айқышгүлді көкөністердің бактериялық аурулары және оларды емдеу. Өсімдіктерді қорғау үнді журналы, 46(2), 193-199.
6. Ван, Х. және Лю, Ю. (2019). Қырыққабаттың бактериялық солғын ауруын емдеу стратегиялары. Acta Agriculturae Scandinavica, B бөлімі — Топырақ және өсімдіктану, 69(6), 543-550. Websitetar

ӘОЖ 639.933.2.082

ҚОЙДЫҢ КОНТАГИОЗДЫ ЭКТИМАСЫНЫҢ ЭПИЗООТОЛОГИЯСЫ

Нурмахан М.А. - АП-20-8к2 тобының студенті
Өсербай А.Ж. - а.ш.ғ.к., аға оқытушы

Балау эпизоотологиялық мәліметтерді, клиникалық белгілерін және зертханалық зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып қойылады. Эпизоотологиялық мәліметтерден жоғары контагиоздылықты ескеру қажет. Ауру алғаш рет тіркелетін шаруашылықтарда, олардың тұқымдары мен жынысына қарамастан, көптеген жануарларды зақымдайды. Контагиозды эктимамен ауырған қозылар (25 күндік жасқа дейін) ерекше тұрақтылыққа ие болады (12-16 айға). Диагностикалық маңызы бар клиникалық белгі ауыз қуысы мен ерін терісінің шырышты қабығының зақымдануы болып табылады. Ауру жануарларды мұқият зерттеген кезде эрозия немесе көпіршіктер, ал басы мен денесінің әртүрлі учаскелерінде — везикулдар мен пустулалар анықталады.

Зертханалық зерттеулер негізінен электрондық микроскопия, РСК қою және сезімтал жануарларға (қозылар немесе ешкілер) биопробалар әдістерінің көмегімен жүргізіледі. Кейбір зерттеушілер диагнозын иммуногистохимия, тікелей емес иммунофлюоресценция реакциясы және трансмиссиялық электрондық микроскопия деректерімен растады. Соңғы кезеңде ауру қоздырғышы ПЦР және белоктардың гендерінің бірілігін пайдалана отырып сәйкестендірілді.

Бұл ауруды зертханалық растаудың ең тиімді әдісі — электрондық микроскопия, гистология және ПЦР үйлесімі. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда ұқсас клиникалық көріністердің салдарынан ауруды басқа инфекциялармен шатастыруға болады.

Қоздырғыштың бөлінуі. Вирустың бөлінуі үшін қабықтар, шырышты қабықтардан (кейде өкпеден) зақымданған учаскелер алынады және 10%-шы суспензияны физиологиялық ерітіндіде дайындайды. 3-6 айлық жастағы қозылар еріннің, құлақтың, жамбастың ішкі бетінің тері жамылғысының сарғайған учаскелеріне осы суспензияны жағу жолымен жұқтырады. 2-4 күннен кейін жұқтыру орнында контагиозды эктимаға тән клиникалық белгілері бар патологиялық процесс дами бастайды. Биопробаның объектісі ретінде қозылардан басқа мысықтар пайдаланылуы мүмкін.

Жасушалар өсінділерін жұқтыру үшін сыналатын әрбір сынаманың 0,2 мл суспензиясын алады және бүйрек, ұрықтар немесе қозылардың қалқанша безі өсінділері бар кемінде 4 пробиркаға енгізеді. Адсорбция үшін төзімді 37^0С - та 1 сағат вирусты жұқтырады, содан кейін инокуляцияланатын сұйықтықты алып тастайды және демеуші ортаны енгізеді, 4-14 күн ішінде болатын ЦПӘ пайда болғанға дейін 37 ^{0}С-та инкубациялайды.

Вирустың индикациясы және идентификациясы. Вирусоскопия, электрондық микроскопия, серологиялық зерттеулер сияқты әдістерді қолданады.

Вирусоскопия. Препаратты бояу үшін Морозов бойынша күміс жалату әдісін қолданады және иммерсионды жүйені (90 х10 ұлғаюы) пайдалана отырып микроскоппен зерттейді. Гистологиялық кесінділерді Романовский-Гимзе бойынша бояу әдісі арқылы вирустың қарапайым торларын анықтайды. Эксперименталды инфекция кезінде оларды жұқтырғаннан кейін 3-ші және 12-ші күн аралығында эпидермисте анықтайды.

Электрондық микроскопия. Бұл вирусты сәйкестендірудің дәл әдісі. Диагноз вирионның тән морфологиялық белгілері бойынша белгіленеді: мөлшері, осьтердің арақатынасы, сол жақты өрілетін спиральдарды құрайтын филоментозды ауырулардан тор құрылымының болуы.

Арнайы қосымша денешіктер анықтау. Ацидофильные түйіршіктер-қосу табады в цитоплазме пролиферирующих кератиноцитов эпидермис. Аурудың жіті ағымында тері мен эпителийдің өзгерген учаскелерінде жасушалардың ретикулярлы дегенерациясын байқайды, кейін жасушааралық кеңістіктерде аздаған қуыстар пайда болады. Субэпителиалды дәнекер тінінде жасушалық инфильтраттар анықталады. Кейде аурудың осы кезеңінде цитоплазмалық ацидофильді қосылыстар эпителийінің өзгертілген учаскелерінің шекарасында анықталады.

Қарапайым телескоптарды және цитоплазмалық қоспаларды анықтау әдісі ҚНК зертханалық диагностикасы үшін жеткілікті негіз бола алады.

Серологиялық сәйкестендіру. Қоздырғышты серологиялық реакцияларды қою арқылы сәйкестендіреді: РСК, РН және қарапайым денешіктердың РА.

Дифференциалды диагноз. Контагиозды эктиманы шешектен, аусылдан және некробактериоздан ажырату қажет. Шешек, әдетте, генерализацияланған экзантема белгілері және жас төлдің өлімінің үлкен белгілері бар өткір өтеді. Аусыл кезінде қой мен ешкінің ерні зақымданбайды.

Ауыз қуысының шырышты қабатындағы эрозиялардың түбі тегіс. Некробактериоз кезінде еріннің терісінде және бастың бет бөлігінде некроздық зақымданулар байқалмайды. Ауыз қуысының шырышты қабығының зақымдануы кезінде тіндердің пролиферациясыз некроздар пайда болады, ал аяқ-қолдың зақымдануы кезінде жол және көктамыр буындарының терісінде сақалды зақымданулар болмайды. Сонымен

қатар, некробактериозбен ауырып жазылған жануарлар иммунитетті болмайды және қайта ауруға шалдығуы мүмкін.

Контагиозды эктиманың ағымы некроз бактериясымен жиі асқынатынын атап өткен жөн, сондықтан в патологиялық материалдан бөлініп шығуы контагиозды эктиманы аурудың бастапқы себебі ретінде алып тастауға негіз бола алмайды.

Әдебиеттер

1. Биящев Б.К. Ветеринариялық микробиология және иммунология.-Алматы, Нұр-принт/ Биящев Б.К. 2017, 550 б.
2 Сюрин В.Н. Ветеринарлық вирусология.Оқулық /Сюрин В.Н., Белоусова.В. В., Фомина. Г. В., М-ВО "агропромиздат", 1991.-213 б.
3 Мырзабекова Ш.Б. Жалпы вирусология. Оқулық / Мырзабекова Ш.Б. Алматы, 2003.289 б.
4 Мырзабекова Ш.Б. Ветеринариялық вирусология бойынша Практикум. Оқулық / Мырзабекова Ш.Б. Алматы, 2006.168 б.

УДК 639.933.2.082

ИЗУЧЕНИЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ И ЭФФЕКТИВНОСТИ АДРЕНАЛИНА ПРИ КУПИРОВАНИИ УШЕЙ ЩЕНКОВ.

Огалева А.В. – студент группы АП-20-8р
Шатманов К.К. – старший преподаватель

Купирование ушей у щенков – это хирургическая процедура, выполняемая как по медицинским, так и косметическим показаниям. Для минимизации кровопотери, улучшения визуализации операционного поля и предотвращения осложнений используются различные методы гемостаза. Одним из таких методов является применение адреналина.

Возраст купирования ушей у собак. Каждая порода предполагает конкретный возраст, оптимальный для проведения операции: раньше манипуляцию проводили щенкам от 1,5 месяцев, сейчас от этого отказались.

Операцию рекомендуется проводить после первой вакцинации. Первую прививку делают в 2 месяца. К ветеринару обращаются, когда щенку исполнится 2,5 – 3 месяца, спустя 2 недели после привития.

У собак, которым еще нет 10 недель, трудно определить размеры тела. Органы слуха могут оформиться непропорционально. Лучший возраст для купирования – 1 год.

Нужно успеть выполнить манипуляцию, пока хрящевая ткань полностью не сформируется. Иммунитет должен быть крепким, чтобы реабилитация после операции прошла успешно. Ветеринары рекомендуют приводить на процедуру представителей компактных, мелких пород, раньше. У них органы слуха развиваются быстрее, чем у собак крупного или среднего размера. Для маленьких щенков используем местную анестезию. Общий наркоз применяется для собак более старшего возраста. Во время проведения операции щенок не испытывают боли и дискомфорта.

Противопоказания к купированию ушей:

1.Отклонения в развитии собаки.

2.Заболевания, протекающие в острой фазе.

3.Наличие выделений из ушных раковин.

4.Повышенная температура тела у щенков.

Процедура проводится натощак – нельзя кормить собаку за 10-12 часов до хирургической процедуры. Перед началом манипуляций нужно убедиться, что питомец полностью здоров.

Хирургический процесс - щенку вводит общий наркоз, чтобы обезболить и снять стресс. Ветеринар контролирует состояние животных на протяжении всей операции.

Выбор формы ушей: тип и длина купли-продажи зависят от породы собаки и пожеланий владельца. Для каждой породы существуют свои стандарты например, длинные острые уши для доберманов или шорты для боксёров.

Резекция ушной раковины: с помощью стерильного скальпеля или лазера удаляется часть ушной раковины по заранее намеченной линии. Лазер используется редко, но он снижает риск заражения.

Сначала выстригают шерсть на оперируемой зоне, после чего обрабатывает кожу антисептическим раствором и наносит разметку. После этого выполняется разрез в направлении от верхушки уха к основанию по линии разметки. В завершении операции срез зашивают и снова обрабатывают антисептиками.

Наложение швов: края раны сшиваются при рассасывании или обычными нитями. Швы защищают одежду от инфекций и ускоряют заживление.

В течение первых 2-3 суток после операции можно давать псу обезболивающие препараты. Швы снимают через 7 – 10 дней после купирования.

Для того чтобы уменьшить кровотечение во время операции применяется алреналин им обкалывают место проведение хирургических манипуляций для сужение кровеносных сосудов, чтобы при разрезе не возникло сильного кровотечения.

Адреналин широко используется в ветеринарии как средство для остановки кровотечений, увеличения кровяного давления и снижения отеков. В частности, при купировании ушей у щенков, адреналин может быть применен для обеспечения анестезии и сужения кровеносных сосудов, что улучшает видимость и доступность к тканям для проведения процедуры.

В ветеринарной медицине адреналин применяют в разных контекстах: для остановки кровотечений, как средство для улучшения воздействия анестезии (при сочетании с местными анестетиками) и для уменьшения воспаления. Однако при использовании адреналина для купирования ушей щенков есть несколько факторов, которые следует учитывать.

Введение: Адреналин вводится в область, которая подлежит операции, за 10-15 минут до начала процедуры. Это позволяет добиться максимального эффекта сужения сосудов.

Преимущества:

Уменьшение кровотечений. Это позволяет хирургу работать в более контролируемых условиях, снижая риск возникновения осложнений, таких как гематомы.

Усиление эффекта анестезии. Применение адреналина помогает продлить обезболивание, что делает операцию более комфортной для животного и снижает необходимость в дополнительных дозах анестезии.

Снижение воспалений и отёков. Это ускоряет восстановление и снижает вероятность инфицирования после операции.

В практике при использовани адреналина в других хирургических процедурах, таких как обезболивание и остановка кровотечений, показали свою эффективность в ряде случаев. Адреналин может быть безопасно использован в сочетании с местной анестезией для улучшения контроля кровотечений и сокращения воспалений.

Используют комбинацию адреналина с другими препаратами, чтобы добиться оптимальных результатов в купировании ушей, что позволяет минимизировать стресс для животного и ускорить процесс восстановления.

Некоторые исследования показывают, что добавление адреналина к местным анестезирующим препаратам, таким как лидокаин, значительно улучшает контроль боли и продлевает действие анестезии, что особенно важно при хирургических вмешательствах на чувствительных участках тела, таких как уши.

Исследования, посвящённые минимизации кровотечений при хирургических операциях у животных, также подтверждают, что адреналин является эффективным средством для сужения сосудов и уменьшения потери крови.

Общие выводы:

Использование адреналина при купировании ушей щенков может быть полезным и эффективным. Его основные преимущества заключаются в снижении кровоточивости, усилении анестезии и уменьшении воспалений. Адреналин представляет собой эффективный инструмент в арсенале ветеринарного хирурга, однако его использование требует осторожности и профессионального подхода.

Литература

1. Васильев, В.Г. Купирование ушных раковин у собак - «Ветеринария» / № 10, 1993.- С. 53-54.
2 Племяшов К.В. Ветеринарная анестезиология. Общая и местная анестезия // К.В. Племяшов А.А., Стекольников А.Ю., Нечаев А.Ю. – СПб.:Лань, 2024-236с.
3 Ельцов С.Г.Оперативная хирургия с топографической анатомией животных / С.Г. Ельцов - М.: «Сельхозгиз», 2015, 450с.
4 Тимофеев С.В. Общая хирургия животных // С.В. Тимофеев, Ю.И. Филлипов, С.Ю. Концевая И: Зоомедлит, 2017 г. –687 с.

ӘОЖ 636.598:593.48

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНДА ФАСЦИОЛЕЗ АУРУЫНА КҮДІК ТУДЫРҒАН ҚОЙ ЕТІНІҢ СЕЗІМДІК КӨРСЕТКІШТЕРІН АНЫҚТАУ

Оралбай Б.Т. - Ап-20-8к3 тобының студенті
Зайтбеков Е. - в.ғ.кандидаты,аға оқытушы

Фасциолез – кеңінен тараған, сүт қоректілердің жіті және созылмалы түрде өтетін ауруыболып табылады. Бұл аурумен көбінесе қой, ешкі, ірі қара ауырады, ал шошқа, жылқы, түйе, есек, қоян сияқты жануарлар сирек ауыратыны баршамызға мәлім. Сонымен қатар бауыр құртымен жабайы қабандар, еліктер, бұғылар және кемірушілер де ауыратыны дәлелденген. Кейде бұл аурумен адамдар да ауырады [1].

Бүгінгі таңда мал дәрігерлері мал шаруашылықтарында тек қана сезімдік тексеру ғана емес, физикалық және химиялық өзгерістерді дәл және де жылдам анықтай алуы қажет [2]. Сондықтан, біз өз жұмысымызда Шымкент қаласы, мал шаруашылықтарында фасциолездың ет сапасына сезімдік, биохимиялық зерттеулер арқылы, қаншалықты әсері бар екенін анықтауды жөн көрдік. Алдымызға қойған мақсаттарымызға байланысты ұшаны тексеріп сынама алып ішкі ағзаларын тексердік.

Қой ұшалары мен ағзаларын сараптау алдымен бастан басталды.

Малды үй жағдайында сойғанда ұшаның сыртқы көрінісінде аздаған ластанудың болғанын атап кету керек. Кейбір ұшаның бетінде топырақ, шөп қалдықтары, ал ұшаны орау заттарының (ұша көп жағдайда қапқа салынған немесе брезентпен оралған) да санитарлық көрсеткіштері жоғары деңгейде емес екендігі анықталды. Онда сіңген қан, өсімдік кейде тіпті топырақ қалдықтарында кездесті. Бұл қойды үй жағдайында союды ветеринариялық талаптың толық орындала бермейтінін көрсетеді. Барлық тексерудегі ұша еттерінен сынамалар алынып, ет кесіндісін микроскоптау арқылы қансыздану дәрежесін анықтадық. Ол үшін, ет кесінділерін трихинеллезге тексергендей етіп компрессориум шыныларының арасына салып, қысып, микроскоптың ұлғайтқышымен көрдік. Біздің зерттеуіміздегі ұшалар жақсы қансызданған, қан қалдықтары және қанға толған (капилляр) ұсақ тамырлар көрінбейді, аздап ылғалдылық анықталды [3].

Ішкі ағзаларды тексеруді ең алдымен тармақтың жалпы көріністерін байқаудан бастадық. Тармақты үстел үстіне қойып, оның көлемін, шеткі қырларының өзгерістерін байқап, қолмен ұстап байқадық. Жалпы тексерілген тармақтардың көлемі өзгермеген, консистенциясы біркелкі нығыз, түсі қызыл-сұрғылт, ал кесіп көргенде ұлпасы қызыл-қоңыр және арасында ақшыл-сұрғылт жолақтар байқалады[4].

Жүректің пішіні – конус тәріздес, сыртқы қабаты кебіңкіреген, көзге көрінетін ауытқушылықтар анықталмады. Жүректі ұшынан басына қарата пышақтың көмегімен ұзына бойына төртке бөліп кесіп, оның ішкі қабаттарының, етінің жағдайына назар аудардық, еті көлденең 2-3 тілік жасай кесіп цистицеркозға тексердік. Жалпы біз тексерген қой малдардың жүрегінде ауытқушылық анықталмады. Жүректі тексергенде үлкен айналмасы арқылы кесіп, ішін ашып тексердік. Жүрек етін үш жерден кесіп, финоздың жоқтығына көз жеткіздік. Жүректе ешқандай өзгеріс жоқ.

Өкпені тексеру. Өкпелер біркелкі қызғылт түсті қыры аздап үшкірленген, барлық бөлекшелерін біртіндеп тексеріп зерттедік. Паренхимасын басып көргенде, консистенциясы біркелкі нығыз, беті жылтыр ылғалды болып келді. Содан кейін лимфа түйіндеріне тексеру жасадық. Алдымен сол жақ бронх лимфа түйінін кестіп алдық. Лимфа түйіні сопақша келген, кесіп көргенде түсі біркелкі сұрғылт, көлемі қалыпты жағдайда болды. Содан соң бронхтарды кесіп өкпені сығымдағанда, одан қызғылт түсті, аздаған бос қуыстарды көрдік. Осылайша он жақ бронхта, кеуделік көкірек қуысының лимфа түйіндері қалыпты жағдайда, ауытқушылық байқалмады.

Бауыр – ас қорыту жүйесіндегі ең үлкен де, күрделі без болып табылатыны баршамызға мәлім. Ол ішектен келген зиянды заттарды зарарсыздандырады, көмірсулардың қоймасы, ақзат алмасуының зиянды заттарын бейтараптаушы және қан қоймасы [5]. Организмдегі әр-түрлі ауруларда, әсіресе улануларда бауырдың патологиялық өзгерістеріне ерекше мән береміз.

Бауырды тексергенде өт жолдарының кеңейіп, қалыңдағаны анықталды, олардың ені 1,6 сантиметрге дейін қадлыңдаған. Зақымданған өт жолдары ішінде түйіршектері бар лас қара - қоңыр түсті қою өтке толы болды. Осы қою массада тірі бауыр құрттары анықталды. Екі малдың бауырында қабыну және цирроз үрдістері байқалды. Портальді лимфа түйіндері ұлғайған, кесіп қарағанда қара-қоңыр түсті, бауырдың зақымданған аймақтары қызыл-қоңыр түстің орнына қоңыр-сұрғұлт тартқанын байқадық.



Сурет1- . Бауырда анықталған фасциолалар көрінісі

Басқа ішкі ағзаларда фасциолалар анықталмады.

Бүйректі тексеру кезінде ешқандай патологиялық өзгерістерді анықтамадық. Оның көлемі өзгеріссіз, концистенциясы тығыз, түсі ашық-қоңыр, бармақпен басып қарағанда тығыздалған бөліктер көрінбейді.

Ұшаның бауыздау орны тегіс емес, қан сіңіп қалғанын анықтадық. Сырттай қарағанда сыртында қатқан қабыршығы бар, еттің түсі таңқурай түсті қызғылт, етті кесіп қарағанда аздап ылғалды, саусақпен басқанымызда шұңқыр тез орнына келеді. Ұшаның лимфа түйіндері өзгеріссіз, гипостаз жоқ болды. Біздің анықтауымызша, фасциоламен аз мөлшерде зақымданған қойдың етінің сезімдік көрсеткіштері сау малдың етінен айырмасы жоқ. Ет сорпасы мөлдір, бетінде қалқыған май дақтары бар, иісі өзіне тән, жағымды, шикі май ашық – сарғыш түсті, консистенциясы қатты, бөгде иістер анықталмады.

Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, бауыздау орыны тегіс емес, қан сіңіп қалған, қансыздану деңгейі жақсы, еттің түсі қызғылт, консистенциясы тығыз, иісі өзіне тән, майдың түсі ашық-сарғыш, консистенциясы қатты, гипостаз жоқ, 3 ұшаның бауыры зақымданған, портальді лима түйіндері ұлғайған, басқалары өзгеріссіз екені анықталды.

Әдебиеттер

1. Муминова К.Ш. Паразитология. Оқулық. /Муминова К.Ш. - Алматы: TechSmith, 2019. – 135-137б.
2. Құрбанов С. Жануарлар паразитологиясы : оқу құралы / С. Құрбанов, К. С. Құрбанова. - Шымкент : 0ҚМУ, 2015. – 98б.
3. Шалбаев Н.«Паразитология және инвазиялық аурулар» пәніне арналған зертханалық әдістемелік нұсқау. / 5В120100-Ветеринарлық медицина мамандығына арналған./ Шалбаев Н.Қ., А. С. Құрбанова. - Шымкент : 0ҚМУ, 2017. – 66б.
4. Қожабаев М.Қ. «Санитариялық паразитология» пәні бойынша әдістемелік нұсқау 5В120100– Ветеринарлық медицина мамандығының студенттеріне арналған / М. Қ. Қожабаев . - Шымкент : ОҚМУ, 2014- 46б.
5. Шабдарбаева Г.С. Ветеринариялық протозоология және арахноэнтомология : ҚР Білім және ғылым мин. бекіткен оқулық / Г. С. Шабдарбаева. - Алматы : Print-S, 2015. – 159б.

ӘОЖ 627.057

БӨГЕТ САЛУ КЕЗІНДЕ ЖЕР ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ КӨЛЕМІН АНЫҚТАУ

Орынбай А.Е. – АП-21-4тк тобының студенті
Оралсынқызы М. – а.ш.ғ.магистрі, аға оқытушы

Жер жұмыстарының көлемін есептеу жер-көлік механизмдерінің түрі мен санын таңдау, олардың орындалу мерзімін, құны мен еңбек шығындарын анықтау үшін қажет. Профиль мен жұмыс көлемін ажыратыңыз. Профиль көлемі-бұл жер құрылымдарының геометриялық көлемі. Жұмыс көлемі-бұл топырақты немесе карьерлерді аралық сақтауға арналған үйінділермен және кейбір жағдайларда бірнеше рет экскавациямен тұрақты және қайталама жер құрылымдарының қазбаларын (үйінділерін) орындау кезінде әзірленетін топырақ көлемі. Жұмыс көлемі бойынша механизмдердің саны, жұмыс құны және еңбек шығындары анықталады.


Қазбаларды орындау кезінде жұмыс көлемі топырақтың тығыз табиғи күйі бойынша, үйінділер - тығыздалған бойынша анықталады. Бірінші жағдайда жұмыс көлемін есептеу кезінде жату шарттары мен тән топырақтың қасиеттері ескеріледі. Жоспардағы және тереңдіктегі күрделі пішінді құрылымдар тік және көлденең жазықтықтармен жеке элементтерге бөлініп, әрқайсысының көлемін анықтайды, содан кейін бұл көлемдер жинақталады. Көлденең жазықтықтар тән геологиялық шекаралар мен ойықтың жұмыс горизонттары бойынша жүргізіледі. Үйінділердегі немесе ойықтардағы сызықтық-ұзартылған жер құрылыстарының көлемі құрылымның жеке призматоидтарға бөлінетін тән нүктелерінің көлденең профильдері бойынша анықталады (сурет1, а), формула бойынша

$$V_п = 0,5\ (F_1+F_2)l=F_{орт}l,$$

мұндағы: F_1, F_2 – призматоидтың шеткі көлденең қималарының аудандары, $м^2$;

l – көлденеңдер арасындағы қашықтық, м;

$F_{орт}$ – бөлімдердің орташа ауданы, $м^2$.



Сурет 1. Жер жұмыстарының көлемін анықтау
а-сызықтық-ұзартылған объектілерде; б-үшбұрышты призмалар әдісімен жоспарлау кезінде; в-өтпелі призманың көлемі; г-нөлдік сызықпен екі төртбұрышқа бөлінген квадраттардағы аудандарды анықтау; д-тікбұрышты үшбұрыш пен бесбұрыш

Әр түрлі биіктіктегі үш қабаты бар асимметриялық элементтердің шеткі көлденең қималарының ауданын формула бойынша есептеуге болады:

$$F = M_3 h_3^2 + M_2 h_2(h_2+2h_3) + M_1 h_1(h_1+2h_2+2h_3) + BH + \Sigma b_i h_i,$$

мұндағы: M_n – еңістерді төсеу коэффициентінің орташа мәні үйінді үшін төменгі және деңгейлерді ойып алу үшін жоғарғы;

M_{n-1}, M_{n-2} –келесі деңгейлер;

h_i – осы төсемі бар құрылыс деңгейлерінің биіктігі, м;

B – үйінді жотасының немесе ойықтың түбінің ені, м;

$H= \Sigma h_i$ – бұл бөлімдегі үйіндінің биіктігі, м;

$в_i$ – берманың ені, м.

Жер жұмыстары мен жұмыстарды жобалау кезінде қазба мен үйінді көлемдерінің теңдігіне ұмтылады, осылайша қазба топырағының әр текше метрі үйіндіде толығымен пайдаланылады; бұл жағдайда жұмыс текшесі профильдің жартысына тең болады. Дегенмен, бұл әрқашан қамтамасыз етілмейді. Жер құрылыстарының шашыраңқы болуы, қазба топырақтарының гетерогенділігі және олардың кейбір жағдайларда үйінділерде қолдануға жарамсыздығы, қазба жұмыстары мен үйінділердің әр түрлі болуы кейде карьерлерден үйінділер үшін топырақ алып, қазбалардан топырақты үйіндіге салу тиімдірек болады.Шұңқырлар қазбалардың топырақ көлемі үйінділер үшін қажет болғаннан аз болған жағдайда да жасалады. Карьерлер мен үйінділерді орналастыру, егер олар құрылыс алаңының шегінде құрылса, Тапсырыс берушімен және егер олар одан тыс жерде құрылса, жергілікті атқару комитетімен келісіледі.

Әдебиеттер

1. Чураков А.И., Волнин Б.А. Производство гидротехнических работ. – М.: «Стройиздат», 1985. – 623с.
2. Базарбаев А.Т. Гидротехникалық құрылымдар / оқу құралы. – Алматы: "Эверо", 2015. – 102 б.
3. Оралсынқызы М., Мейрбекова А., Абашев М., Төлеш А. Су шаруашылығы жүйелерін жобалау/ Оқу құралы. – Шымкент: М.О. Әуезов атындағы ОҚУ, 2022.-172б.

ӘОЖ 631.544

ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗІЛГЕН АУМАҚТЫҢ ТОПЫРАҚ-КЛИМАТТЫҚ ЖӘНЕ АГРОМЕТЕОРОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Орынбай Ж. - АП-23-1к тобының студенті
Туребаева С.Д. - Phd доктор, аға оқытушы

Түркістан облысы - солтүстіктен оңтүстікке қарай 650 километр және шығыстан батысқа қарай 550 километр жерді алып жатыр. Оның жер көлемі – 117,4 мың шаршы километр.

Күздік бидайды топырақты өңдемей тікелей себу кезінде минералды және микротыңайтқыштарды қолдану бойынша тәжірибелік зерттеу жұмыстары Оңтүстік-Батыс мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының «Егіншілік және өсімдік шаруашылығы» бөлімінің тәжірибе стационарында 2018-2021 жылдар аралығында жүргізілді. Зерттеу жүргізілген аймақтың топырақ жамылғысы – кәдімгі сұр топырақтар. Топырақтың жоғарғы қабатының гранулометриялық құрамы орташа құмбалшықты болып келеді. Жыртылатын қабаттағы (0-30 см) гумустың мөлшері орташа есеппен 1,01%, жылжымалы фосфор мөлшері 100г топырақта орташа 2,3 мг, нитратты азот 10,2 мг және алмаспалы калий 384,3 мг құрайды (кесте 1). Олардың мөлшері топырақтың кескіні бойымен тереңдеген сайын біртіндеп азаяды.

Тәлімі егіншіліктің тәжірибе мөлтегіндегі кәдімгі сұр топырақтар, қоректік элементтер бойынша азотпен, фосформен – төмен, алмаспалы калиймен – орташа қамтамасыз етілген.

Кесте 1 - Тәжірибе танабындағы кәдімгі сұр топырақтың агрохимиялық көрсеткіштері

Топырақ қабаты, см	Жалпы мөлшері, %				pH	Жылжымалы қоректік элементтер, мг/100 г		
	Гумус	Азот	CO_2	$CaCO_3$		N	P_2O_5	K_2O
0-10	1,36	0,08	4,8	10,8	8,2	13,3	2,7	406
10-20	1,18	0,07	4,9	11,0	8,2	10,8	2,7	439
20-35	0,50	0,05	6,9	15,8	8,3	6,5	1,6	308
35-50	0,30	0,05	8,7	19,7	8,5	-	1,4	320
50-100	-	-	9,0	20,5	8,5	-	-	-

Жалпы азоттың мөлшері жыртылатын топырақ қабатында 0,08%-дан 0,05% аралығында ауытқыған. Қарастырылып отырған топырақтар карбонатты болып келеді. CO_2 карбонаттар топырақтың беткі қабатынан бастап 1м тереңдікке дейін 4,8-ден 9,0%-ға жүйелі артқан. Бұл дегеніміз зерттеу өңірінің кәдімгі сұр топырақтары карбонатты лөсті аналық жыныстарда түзілген. Топырақ ортасы орташа сілтілі (pH 8,2-8,5). Сөйтіп, аталған топырақтар өте төмен құнарлылығымен ерекшеленеді, яғни тыңайтқыштар беруді және топырақ құнарлылығын сақтауға немесе арттыруға бағытталған арнайы агротехникалық шараларды жүргізуді қажет етеді.

Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының тәжірибе егіс алқабы шамамен теңіз деңгейінен 650-800 м биіктікте орналасқан.

Түркістан облысының климаты ерекше күрт құбылмалылығымен, күн сәулесінің радиакциясы және жылылығымен ерекшеленеді. Орташа аязсыз кезеңінің ұзақтығы 245-265 күнге созылып, яғни 0^0-тан жоғары температура 8-10 айды құрайды. Көп жылдық орташа мәліметтер бойынша жауын-шашын мөлшерінің жиынтығы – 515 мм, оның ішінде 40,0% көктемде, жазда – 5,2 %, күзде – 18,6 % және қыста -36,2 % түседі.

2018 жылдың қазан айында 43,6 мм жауын жауып күздік бидай егісіне қолайлы болып қалыптасты. Ауа температурасы көпжылдық көрсеткіш деңгейінде қалыптасты +12,3°С. Қалыптасқан ауа-райы күздік бидайды оңтайлы мерзімде 13.10.2018 жылы егуге қолайлы жағдай жасады. Ауа-райының жылулығы және жауынның жеткілікті мөлшерде түсуі күздік бидайдың қалыпты біркелкі өскін беруге ыңғайлы болып, оларды еккеннен соң 9-11 күндері толық өскіні көктеп шықты.

Қараша айының бас кезінен ауа-райы жаңбырлы болып қалыптасты (I – онкүндігінде – 12,8 мм, II – онкүндігінде – 16,7 мм, III – онкүндігінде – 105,2 мм). Осы айда 134,9 мм жауын жауып күздік бидайдың өсіп түптенуіне ыңғайлы болды (кесте 3), дегенмен орташа айлық температура +3,8°С деңгейінде қалыптасып, көпжылдық көрсеткіштен 2,8°С-ге төмен болды (кесте 2).

Желтоқсан айындағы орташа айлық температура +2,0°С деңгейінде қалыптасып, жауған жауын-шашын мөлшері 67,2 мм-ге жетті, көпжылдық көрсеткіш деңгейінен небәрі 6,8 мм-ге кем, яғни, күздік бидай

осы айдың III – онкүндігінің соңына дейін вегетациялық өсіп дамуын жалғастырды. Жаңа жылдың алдындағы түнгі температураның -3-7 °С төмендеуіне сәйкес күздік бидай вегетациялық өсіп дамуын тоқтатты.

2019 жылдың қаңтар айында негізінен қар аралас жауын жауып, түнге қарай қарға айналып жұқа қар жамылғысы 1-3 тәулік ғана сақталды. Осы айдағы түскен ылғал мөлшері 80,5 мм құрады (кесте 3). Қаңтар айының орташа айлық температуралық көрсеткіші +3,0°С болды, яғни орташа көпжылдық көрсеткішімен (0,6°С) салыстырғанда жылы болғанын анықтадық. Ақпанда жауған жауын 74,3мм құрады, ал орташа айлық температура +3,0°С деңгейінде қалыптасты. Яғни, қыс айларында күздік бидайдың өскініне әсер ететіндей суық және топырақта тоң болмай, күздік бидай өскінінің толық сақталуына оңтайлы ауа-райы қалыптасты деп тұжырымдауға негіз бар. Күздік бидайдың түп санының сақталу көрсеткіші 97,1-98,8% деңгейінде қалыптасты.

Наурыз айының бас кезінен ауа-райы жылынып температура көтеріліп (I – онкүндікте +7,4 °С; II – онкүндікте +12,8 °С; III – онкүндікте +12,2 °С) көпжылдық көрсеткіштен 1,6 есе жоғары жылы болып қалыптасты.

Осы айда түскен жауын шашын мөлшері 30,1 мм болды, яғни көпжылдық көрсеткіштен жаңбыр 2,7 есе аз жауды. Егістік танаптың жоғарғы қабатындағы ылғал мөлшері 14,3-14,5 мм-ге төмендеп, күздік бидайдың алғашқы көктемдегі даму кезеңінде өсіп дамуы, түптенуі ылғал тапшылығы жағдайында жалғасты. Есесіне сәуір айының бас кезінен жауын жауып осы айда 138,4 мм ылғал түсті, немесе көпжылдық нормадан 2,0 есе артық жауын болды (кесте 3). Осы айдағы ауа температурасы оңтайлы (13,7°С) болып дәнді дақылдардың өсіп дамуына өте қолайлы болды. Мамыр айындағы температуралық көрсеткіш көпжылдық көрсеткішке қатарлас қалыптасып астықты дақылдар бір қалыпты өсіп дамуын жалғастырды (кесте 2). Ал маусым айының бас кезінен қалыптасқан ауа-райы (I – онкүндікте +21,4°С, II – онкүндікте +22,9°С, III – онкүндікте +27,3°С) өте ыстық болып, күндізгі температура 42-45°С көтерілді. Ал орташа ауа ылғалдылығы өткен айға қарағанда 30% - ға дейін төмендеп, дәнді дақылдардың физиологиялық пісіп жетілуін қарқындатты.

Зерттеу жылдарындағы агрометеорологиялық жағдайлар «Шымкент-Агро» метеостанциясы мәліметтері 2-4-ші кестелерде (қосымшалар А1-А4) келтірілген. Агрометеорологиялық көрсеткіштер ауа температурасының көпжылдық орташа мәліметтерден ауытқушылықта болғандығын көрсетеді (кесте 2). Атап айтар болсақ, зерттеу жүргізілген жылдардағы қараша мен қаңтар айлары аралығындағы ауа температура көрсеткіштері орташа көпжылдық мәліметтерінен төмен болғандығын көрсетсе, қалған айларда керісінше температураның орташа мәні көпжылдық көрсеткіштерден жоғары болған.

«Шымкент-Агро» метеостанциясы мәліметтері бойынша атмосфералық жауын-шашынның түсімі жылдың мерзімдері мен айларына шаққанда біркелкі емес (кесте 3), негізгі жауын-шашын қараша-мамыр айларын аралығында түседі, оның көпжылдық орташа мөлшері - 517,0 мм құрайды. Зерттеу жүргізілген жылдарды жекелеп алатын болсақ, 2019 жылы – 492,7 мм, 2020 жылы – 529,2 мм және 2021 жылдың вегетациялық кезеңінде 349,2 мм жауын-шашын түскен. Күзгі-қысқы кезеңді алатын болсақ, 2018-2019 жылдары – 430,9 мм, 2019-2020 жж. – 307,6 мм, 2020-20211 жж. – 211,9 мм жауын-шашын болған. Ал, бұл кезеңдегі орташа көпжылдық көрсеткіштері – 335,0 мм. Көктемгі-жазғы кезеңдегі жауын-шашын мөлшеріне келетін болсақ, 2019 жылдың наурыз-шілде айлары аралығында – 207,0 мм, 2020 ж. – 231,5 мм, 2021 ж. – 235,6 мм жауын-шашын түссе, орташа көпжылдық мәліметтері – 237,0 мм шамасында ауытқыған.

Күздік бидайдың вегетациясымен салыстыратын болсақ, зерттеу жүргізілген жылдарда 2018-2019 жылғы егістік кезең 2019-2021 жылдарға қарағанда қолайлырақ болған, ал ең қолайсыз ауа температурасы 2020-2021 жылдардағы егістік кезеңіне сәйкес келеді.

Әдебиеттер

1. Сыдық Д.А., Сыдықов М.А., Қазыбаева А.Т. Күздік бидайды топырақты өңдемей сеуіп экономикалық және энергетикалық тиімділігі// Ж.:Жаршы.-Алматы:Бастау,2009.-№3.-16-19б.
2. Khoziev, A.Z.; Zaitseva, T.V.; Khakimullina, F.M. The role of seed treatment in the fight against root rot. Plant protection and quarantine 2015, 3, 20-23.
3. Sydykov, M.A.; Sydyk, D.A. Direct sowing of winter wheat on rainfed lands of southern Kazakhstan. Proc. II-Int'l Congress, «Global climate change and biodiversity», Almaty, Kazakhstan, 2015, pp. 177-182
4. Meinel, T.; Christian, L.; Akshalov, K. Modern technologies for soil management and conservation in Northern Kazakhstan. In Novel Measurement and assessment Tools for Monitoring and Management of land and Water Resources in Agricultural Landscapes of Central Asia, Springer, Environmental Science. Editors: L. Mueller, A. Saparov, G. Lisheid, 2014, pp.455-464.
5. Nunes, M.R.; van Es, H.M.; Schindelbeck, R.; Ristow, A.J.; Ryan, M. No-till and cropping system diversication improve fi soil health and crop yield. Geoderma, 2018, 328: 30–43; https://doi.org/10.1016/j.geoderma.2018.04.031
6. 81 Blanco-Canqui, H.; Ruis, S.J. No-tillage and soil physical environment. Geoderma 20187, 326:164-200; https://doi.org/10.1016/j.geoderma.2018.03.011

ӘОЖ 502.338

ЕГІСТІК ЖӘНЕ ЖАЙЫЛЫМ ЖЕРЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ИНЖЕНЕРЛІК ҚҰРЫЛЫС ЖҮЙЕЛЕРІН ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ

Өмірзақ Г.- АП-21-6к4 тобының студенті
Онгарова А.Х. - аға оқытушы


олық ұтымды пайдалану жерге орналастыру жобасын жасау үшін материалдар мен құжаттар қажет. Бұл құжаттарда жерді пайдалану, шаруашылық салаларының қазіргі жағдайы мен перспективалық дамуы, жобалау жұмыстары, аумақты ұйымдастыру сипатталуы тиіс. Бұл деректерді іздеу жүйесінде алуға болады.Оның мақсаты жерге орналастырылатын шаруашылықтың жер қорын пайдалану, орналастыру және қорғау жөніндегі құқықтық, техникалық және экологиялық-экономикалық құжаттаманы құру болып табылады

Инженерлік жүйелер, жер, жерге орналастыру, шаруашылық, құрылыс жобасы.

Ауыл шаруашылығының қажеттіліктері үшін берілген немесе осы мақсаттарға арналған жер ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер деп танылады.

Ауылшаруашылық жерлеріне ауыл шаруашылығының жұмыс істеуі үшін қажетті ауылшаруашылық жерлері мен ішкі шаруашылық жолдары, коммуникациялар, жабық су қоймалары, мелиорация жүйесі, үй-жайлар мен ғимараттар алып жатқан жерлер, сондай-ақ басқа жерлер жатады. (қоқыс, құм, тақыр және ауылшаруашылық жерлерінің бассейніне бекітілген басқа жерлер).

Ауылшаруашылық жерлері ерекше қорғалуы керек. Бұл жерді ауыл шаруашылығы өндірісіне қатысы жоқ мақсаттарда пайдалануға ерекше жағдайларда жол беріледі. Ауылшаруашылық жерлеріне егістіктер, тыңайған жерлер, көпжылдық екпелермен егілген жерлер, егістік алқаптар мен жайылымдар жатады.



Сурет 2 – Құрылыс салу үшін инженерлік алаңдардың кварталдарын жерге орналастыру

Гидрометеорологиялық ізденістер өзендер мен су қоймаларындағы су жиналу мүмкіндіктері, сол ауданның климаттық сииаттамалары туралы мәлімет береді. Сонымен бірге гидрометерологиялық ізденіс кездерінде су деңгейінің өзгеруі, көлбеулігі, бағыты және ағу жылдамдығы, ақпа су көлемі, тереңдігі және су қабаттарының қалыңдығы туралы мәліметтер жинайды.

Құрылыс салу үшін атқарылатын инженерлік ізденіске геотехнологиялық тексеру, табиғи және техногендік қауіптілікті бағалау; территорияны инженерлік қорғаудағы шараларды негіздеу; қоршаған ортаға әсер етуші жергілікті күштерге мониторинг жүргізу, инженерлік ізденісті ғылыми тұрғыдан қарау, ізденіс жұмыстарын атқарушының авторлық құқын қорғау; кадастрлық және де басқа осыған жататын істер және құрылыс салу кезіндегі ғылыми ізденіс, нысандарды пайдалану және оларды істен тыс қалдыру (жабу) жатады.



Сурет 2- Жерге орналастыру жұмыстарының барысы

Елді мекенде шаруашылық аумағы, алаң, кварталдар, басқа да жер учаскелері, ғимараттар табиғи факторларға байланысты орналасуы керек. Мұның бәрі бір - бірімен байланысты, тағы бір жағы бар-көркемдік жағы. Елді мекеннің барлық учаскелері - көшелер, алаңдар, кварталдар, ғимараттар-көркем болуы керек.



Сурет 3- Жерге орналастыру жұмыстары

Халық шаруашылығы салалары арасында және ауыл шаруашылық салалары ішінде жерге меншік және пайдаланушылар арасында, жерді бөліп беру, үнемі жер массивтеріне өнеркәсіп, энергетика, азаматтық және тұрғындық құрылыстар үшін беруді талап етеді.

Әдебиеттер

1 Спектор М .Д . Землеустроительство крестьянских хозяйств . – Астана , 2004 .
2 Атымтаев Б.Б « Инженерлік геодезия» Алматы, 2005ж.

ӘОЖ 528.7

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Пернахан А. – АП-21-6к1 тобының студенті
Кенжалиева Г.Д. – т.ғ.к, қауымдастырылған профессор


Бұл мақалада ауыл шаруашылығындағы жер ресурстарын басқарудың инновациялық әдістері қарастырылады. Дәлме-дәл егіншілік, ғарыштық мониторинг, жасанды интеллект, блокчейн технологиясы және гидропоника сияқты заманауи тәсілдердің тиімділігі талданады. Жаңа технологияларды енгізу арқылы

жердің құнарлылығын сақтау, су мен тыңайтқыштарды үнемдеу, өнімділікті арттыру және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету мүмкіндіктері көрсетіледі. Инновациялық әдістердің ауыл шаруашылығы саласындағы рөлі мен болашағы туралы қорытындылар жасалады.

Ауыл шаруашылығы, жер ресурстары, дәлме-дәл егіншілік, ғарыштық мониторинг, жасанды интеллект, блокчейн, гидропоника, инновациялық технологиялар, экологиялық тұрақтылық, автоматтандырылған жүйелер.

Ауыл шаруашылығы әлемдік экономика мен азық-түлік қауіпсіздігі үшін маңызды сала болып табылады. Жер ресурстарын тиімді басқару бұл саланың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі. Дәстүрлі әдістермен қатар, соңғы жылдары ауыл шаруашылығында инновациялық технологияларды пайдалану кеңінен таралуда. Дәлме-дәл егіншілік, ғарыштық мониторинг, жасанды интеллект, автоматтандырылған жүйелер және блокчейн технологиясы жер ресурстарын оңтайлы пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл мақалада ауыл шаруашылығындағы жер ресурстарын басқарудың заманауи инновациялық әдістері қарастырылады.

1. Дәлме-дәл егіншілік технологиясы



Дәлме-дәл егіншілік – ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану үшін деректерге негізделген әдістерді қолдану жүйесі. Бұл технология топырақтың құрамын, ылғалдылығын, өсімдіктердің өсу деңгейін және климаттық жағдайларды ескере отырып, агротехникалық шараларды оңтайлы жоспарлауға мүмкіндік береді.

Негізгі құралдары:

GPS және дрондар – жердің картасын құру, топырақтың жағдайын бағалау, өсімдік ауруларын ерте кезеңде анықтау үшін пайдаланылады.

Автоматтандырылған техника – тыңайтқыштар мен пестицидтерді дәл әрі экономикалық тұрғыдан тиімді қолдануға көмектеседі.

Суару жүйелерін басқару – судың үнемді қолданылуын қамтамасыз етеді, булану және судың ысырап болуы мәселелерін шешеді.

Дәлме-дәл егіншілік фермерлерге өнімділікті арттыруға және шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

2. Ғарыштық мониторинг және қашықтықтан зондтау

Жерді басқаруда спутниктік технологиялар мен дрондар маңызды рөл атқарады. Олардың көмегімен:

Топырақтың эрозияға ұшырауы,

Өсімдіктердің аурулары мен зиянкестердің таралуы,

Өнімділік деңгейі

Сияқты факторлар бақылауға алынады.

Қашықтықтан зондтау ауыл шаруашылығы саласында уақытылы шешім қабылдауға көмектеседі, бұл егістік алқаптарының жағдайын үздіксіз бақылауға және дер кезінде агротехникалық шараларды жүргізуге мүмкіндік береді.

3. Жасанды интеллект және үлкен деректер (Big Data)

Жасанды интеллект технологиялары мен үлкен деректерді өңдеу ауыл шаруашылығында маңызды орын алады. Олар арқылы:

Өсімдіктердің ауруларын алдын ала болжау,

Климаттық жағдайларға байланысты жерді өңдеу стратегиясын әзірлеу,

Топырақтың құнарлылығын арттыру шараларын жоспарлау мүмкін болады.

Жасанды интеллект негізіндегі бағдарламалар фермерлерге нақты уақыт режимінде ұсыныстар беріп, жерді тиімді пайдалануға көмектеседі.

4. Блокчейн технологиясы

Блокчейн – жер ресурстарын басқару саласында деректердің ашықтығын қамтамасыз ететін озық технологиялардың бірі. Ол арқылы:

Жерге меншік құқығын қорғау,

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің тасымалын бақылау,

Сертификаттау және сапа кепілдігін қамтамасыз ету жүзеге асады.

Бұл технология фермерлер мен тұтынушылар арасындағы сенімділікті арттыруға, жердің заңды мәртебесін нығайтуға және ашық нарықтық механизмдер құруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Ауыл шаруашылығында жер ресурстарын басқарудың инновациялық әдістерін енгізу саладағы өнімділікті арттыруға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Дәлме-дәл егіншілік, ғарыштық мониторинг, жасанды интеллект, блокчейн технологиялары ауыл шаруашылығы саласының болашақта тұрақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды құралдар болып табылады. Осы технологияларды кеңінен қолдану арқылы фермерлер жердің құнарлылығын сақтап, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ете алады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі – Ауыл шаруашылығындағы жер ресурстарын басқару және инновациялық технологияларды енгізу жөніндегі ресми құжаттар. (www.gov.kz)
2. ҚР Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы – Қазақстандағы ауыл шаруашылығын цифрландыру және жер ресурстарын басқару жөніндегі зерттеулер. (www.kaznaru.edu.kz)
3. Түркістан облысының жер кадастры және жер мониторингі туралы есеп – ҚР Жер ресурстарын басқару комитеті, 2023

УДК-63.5995.631

СПОСОБ ВЫРАЩИВАНИЕ РЫБ И РАСТЕНИЙ С ПОМОЩЬЮ АКВАПОННОЙ СИСТЕМЫ

Рахимжанкызы А. – АП-24-6к6 группы студент

Толеш А.Б. –магистр преподаватель

В статье приводятся результаты экспериментов по использованию метода аквапоники, азотистые, фосфорные, калийные соединения, углекислый газ.

В Республике Казахстан исследования в области аквапоники еще не проводились, поэтому данная отрасль является одним из наиболее перспективных высокотехнологичных направлений сельского хозяйства.Эта высокотехнологичная система была известна ацтекам и Китайцам.

Но есть выход из такой ситуации, применение системы аквапоники. По сути, аквапоника, это то же самое, что и гидропоника, только разница в том, что в системе аквапоники их применяется никакой химии, а в качестве удобрений используется натуральный продукт – продукты жизнедеятельности рыб.

Для осуществления этого процесса используется две емкости, которые находится одно над другой. Нижняя емкость предназначена для рыб, а верхняя для растений. К растением вода подается с помощью насоса.;Рис.1

-водные животные (обычно рыбы);

- растения (салаты, овощи);

-бактерии.



Рис.1. Аквапоника

Рыбы, как и любые другие живые существа, оставляют после себя продукты жизнедеятельности, в результате чего вода сильно загрязняется и эти отходы для них самих являются токсичными.

В то же время, органические отходы представляют собой отличное удобрение для растений.

Кроме того, доставляемая наверх вода проходя через субстрат очищается и поступает обратно в водоем с рыбами.

Такие взаимовыгодные отношения способствуют более активному росту как растений, так и рыб. Эти особенности взаимоотношений и положены в основу аквапоники.

В процессе аквапоннои активную роль играет и третий тип живых организмов – бактерии, очищающие воду для рыб от токсичных веществ и перерабатывающие эти вредные вещества в полезные для питания растений – удобрения.

Более половины производимых отходов рыб это аммиак, выводимый с мочой и через жабры. В больших количествах аммиак становится токсичным для рыб и растений.

При наличии растворенного в воде кислорода, бактерии преобразуют аммиак в нитраты, а затем в нитраты. Аммиак т нитраты токсичны для рыб, а нитраты относительно безвредны и являются наиболее предпочтительной формой азотных соединении, способствующим более интенсивному росту растений, таких как плодовые, овощные культуры.

Таким образом, аквапоника (Aquaponics) – это современный высокотехнологичный способ ведения сельского хозяйства, являющийся единой системой по выращиванию рыб и растений, основывающийся на естественном отношении между ними, что обеспечивает благоприятные условия для окружающей среды.

Учитывая эти преимущества аквапонной системы мы использовали ее на практике.

Принимая во внимание, что у нас резко континентальный климат, построили подземную теплицу, преимущества который используют при выращивании цитрусовых культур. Была вырыта траншея глубиной два метра и размером 10*20, метров. Сверху теплица покрыта пленкой закрепленной на металлических каркасах уучетам проветривания. С целью создания условий для нормального содержания рыб внутри теплицы абордирован бетонированным бассейн размером 2*4м глубиной 1,20 сантиметров состоящие из двух частей, в которых выращивается дав вида карповых (карпы кои и кометы).

С южной стороны внутри теплицы установлены двухъярусные пополам разрезные еврокубы фигура 3 (Еврокуб это пластиковая емкость кубической формы объемом 1000 литров.Эта емкость помещена в алюминиевый каркас и установлена на деревянном поддоне). Верхний ярус предназначен для удержания крупных частиц экскрементов и остатков корма, в результате чего в нижний ярус попадают только растворимые в воде отходы рыб и тем самым увеличивается срок эксплуатации кубов.

На дне еврокуба прорезается отверстие для слива воды обратно в бассейн. Для слива воды изготовлен сифон \4. Он сделан из пластиковых труб. На более тонкую трубу Ø20 \5 обратной подачи, надета более толстая труба Ø50 играющая роль сифона. Вся эта конструкция замочена в отрезок широкой канализационной трубы Ø200 \ 6 со множеством отверстии, препятствующих попаданию в слив субстрата.

После установки сифона емкость заполняется субстратом, который представляет собой гравий мелкой фракции. Этот природный материал не препятствует росту растении и размножения бактерии, что создает для них благоприятные условия.

Вода со дня бассейна к еврокубам с растениями подается с помощью насоса и самотеком возвращается в бассейн и так до бесконечности. Фигура 2

Для освещения растений используется естественный дневной свет и как дополнение светодиодная лампа, которую можно без проблем купить в магазине.

Обеспечение рыб необходимым количеством растворенного в воде кислорода поддерживается за счет аэрации воды с помощью полны.

Поддержание нужной температуры внутри теплицы в зимнее время обеспечивается обогревательными приборами.

Это работающая система в промышленных масштабах нами не используется, но в качестве подсобного хозяйства уже работает.

Такая схема начисто исключает любую вредную химию нагубно влияющую на жизнь рыб и растений. Поэтому эко логичность просто гарантирована самим методом.

Вот на такой небольшой ферме нами круглый год выращивается салаты, лук, помидоры, клубника и получаем товарную рыбу.

Наряду с преимуществами аквапонная система имеет род недостатков:

- расход электроэнергии, то есть насос работает круглосуточно;
- затраты на поддержание необходимой температуры и освещения;
- сложность точного сохранения равновесия жизненной среды для рыб, растений и бактерии.

Литература

1. «Аквапоника - интеграция гидропоники с аквакультурой». Стабильная сельскохозяйственная программа ATTRA. Архивировано с оригинала 2019-10-03. получено 2020-07-14.
2. «аквапоника разводит рис в прудах плавающих биофильтров». Том Дункан. Архивировано с оригинала 2014-01-08 2014-01-20.
3. «Управление отходами и окружающая среда - новые идеи». Журнал WME. Архивировано оригинал 2009-10-25. получено 2014-01-20.

4. Ракоци, Джеймс Э. «аквакультура-аквапонные системы». Университет Виргинских островов сельскохозяйственная опытная станция. Архивированный Оригинал взят 4 марта 2013 г. 11 марта 2013.
5. Фокс, Брэдли К.; Хоуэртон, Роберт; Тамару, Клайд (июнь 2010). «Строительство сифонов автоматического вызова для аквапонных систем на заднем дворе» (PDF). Департамент молекулярной биологии и биоинженерии Гавайского университета в Маноа. Архивировано (PDF) с оригинала 16 августа 2013 года. Получено 12 марта 2013.

ӘОЖ332.63

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ САЛЫҚ САЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сайдалы Ә.А. - АП21-6тк тобының студенті
Абдешев К.Б. - PhD доктор, доцент

Жүйені оңтайландыру мақсатында жылжымайтын мүлікке салық салу бойынша зерттеу жүргізіледі. Әр түрлі елдердің салық жүйелері талданады, проблемалар анықталады, ұсыныстар ұсынылады.Салық сарапшылары мен мемлекеттік органдардың қолданылатын әдістері зерттеледі.

Ауыл шаруашылық жерлері, жердің кадастрлық құны, жердің нарықтық құны, тиімді пайдалану, жердің сапасы, жердің орналасу орыны.

Қазақстанда салық салу саласындағы заңнама Салық кодексіне сүйенеді.Ол жалпы және ерекше бөліктерден тұрады.Жалпы бөлім салық заңнамасының негізгі тармақтарын анықтайды,ал ерекше бөлім әрсалықты, оның салық базасын,есептеу және төлеу ережелерін,ставкалармен төлемдерді егжей –тегжейлі сипаттайды.Зерттеу әдістері:заңнаманы талдау, әртүрлі елдердің салықжүйелерін салыстырмалы талдау[1].

Жылжымайтын мүлікке салық салудың қолданыстағы тәсілдерін зерттеу,осы жүйені оңтайландыру бойынша ұсыныстар беру:жылжымайтын мүлікке салық салудың ағымдағы жүйесінің тиімсіздігі, объектілердің нарықтық құнының салық ставкаларының сәйкес келмеуі.

Әр түрлі елдердің салық жүйелері өзіндік ерекшеліктерге ие және белгілі бір мемлекет шеңберінде оларды басқарудың әртүрлі салық нысандарымен тәсілдерінің жиынтығы болып табылады.Кейбір елдердің салық жүйелерінің ерекшеліктеріне тоқталсақ [2]:

АҚШ.Оның 3деңгейі бар: федералды,штаттық және муниципалдық деңгей. Заңнамада федералды,аймақтық және жергілікті салықтардың тізіміжоқ,өз салықтарын бекітуге құқылы.

Франция.Салық салу мемлекет үшін орталық бюджеттің кірістерін қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады,олардың кіріс бөлігінің 90% - дан астамын қамтамасыз етеді.Табыс салығы жеке тұлғаның емес,отбасының табысынан есептеледі.

Израиль.Израильтұрғындары салық міндеттемелерінің сомасынан есептелетін жеке салық жеңілдіктеріне құқылы.16жастан бастап Израиль азаматтарынан мемлекет аумағында тапқан,өндірген немесе өндірген барлық нәрселерден табыс салығы алынады.

Әр түрлі мемлекеттердің салық жүйелерінің ұқсастықтары.Көптеген елдерде салықжүйелері екі,үшнемесе төрт деңгейлі құрылымға ие.Бұл қазіргі мемлекеттерде федералды құрылымның белгілері бар екендігіне байланысты.

Салық жүйесіндегі проблемалар келесі аспектілерді қамтуы мүмкін: Салық төлеушілерді түсіну және салық органдарының тиімді басқаруы үшін қиындық.Бұл шамадан тыс әкімшілік шығындарға әкеледі және салықтан жалтару тәсілдерін тудырады.Қаражатты инвестициялау және балансты қайта құру экономикалық емес, салық себептері бойынша.Бұл инвестициялардың сапасына және шектеулі ресурстарды бөлуге кері әсер етеді.Жеке табыс салығымен корпоративтік салық ставкаларындағы үлкен айырмашылықтар.Дивидендтерді кемсіту жаңа инвестицияларды левереджарқылы қаржыландыруға артықшылық береді.Қолданыстағы салық жүйесінесын.Сын пәндері-салық жүйесінің шамадан тыс фискалдық сипаты, отандық өндірушілерді тиісті ынталандырудың болмауы, мүлікке төмен салық салу, Батыс елдерімен салыстырғанда аз мөлшерде жеке тұлғаларға жоғары салық салу. Құқық қолдану практикасындағы проблемалар.Құқық қолдану субъектілері салық заңнамасының нормаларын ерікті түрде түсіндіре алады,кейде құқықтық массивке енгізілген нормалардың бастапқы мақсатына қайшы келеді.Мәселелер тізімі әр түрлі елдерде және экономикалық жағдайда әр түрлі болуы мүмкін,сондықтан оларды шешу үшін салық саясатын үнемі түзетіп отыру және статистикалық ақпаратқа негізделген жүйені басқару қажет.

Әдебиеттер

1. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі). Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ.
2. Д.О. Малкина, Е.А. Красильщик. Налоговая система в разных старанах сира / ФГБОУ ВО «Костромская государственная сельскохозяйственная академия» Караваево, Костромская область, Россия, 2016.
3. Альпенова Б. Проблемы налоговой системы Республики Казахстан / Евразийский Союз Ученых. 4 (25), 2016№-С.11-13.

ӘОЖ 004.92

ГРАФИКАНЫҢ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ӨЗГЕРУІ

Сайлаубай А.Б. - АП-23-6к3 тобының студенттері
Бекмуратова Л.А. – аға оқытушы

Заманауи әлемде графика технология мен мәдениеттің дамуына байланысты үлкен өзгерістерге ұшырап келеді. Бұл өзгерістер дизайн, инженерлік сызу, жарнама және сандық өнер салаларында айқын көрінеді. Графика қоғамның әртүрлі қажеттіліктеріне жауап бере отырып, қолдану әдістері мен құралдарын үнемі жетілдіруде. Графика заман талабына сай үнемі өзгеріп, даму үстінде. Оның өзгеруіне технологиялық прогресс, дизайн тенденциялары, қоғамның қажеттіліктері және мәдениет әсер етеді.

Сандық технологиялардың ықпалы

1. Компьютерлік графика

Сандық құралдардың дамуы графика саласында революция жасады. 2D және 3D модельдеу бағдарламалары (AutoCAD, Blender, SolidWorks) инженерлік және архитектуралық жұмыстарда кеңінен қолданылуда. Бұл технологиялар жұмыс жылдамдығын арттырып, қолмен сызу қажеттілігін азайтты. Сандық графика арқылы күрделі пішіндер мен дизайндарды дәл әрі жылдам жасау мүмкіндігі пайда болды.

2. Жасанды интеллект (AI):

AI технологиясы графиканың жаңа деңгейіне жетуге мүмкіндік береді. Жасанды интеллект құралдары суреттер, анимациялар, және дизайн жасау процесін автоматтандырып, уақытты үнемдеуге көмектеседі. AI негізінде сурет салатын платформалар (мысалы, DALL·E, MidJourney) дизайнерлерге жаңа шабыт көзі болуда.Қазіргі таңда жасанды интеллект кең дамып қалданысқа кең енуде.

Визуализация мен интерактивтілік

1. Интерактивті графика:

Виртуалды шындық (VR) пен кеңейтілген шындық (AR) технологиялары дизайнды визуализациялау процесін өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл технологиялар өнімді немесе жобаны үш өлшемді кеңістікте зерттеуге жағдай жасайды.

2. Фотореалистік визуализация:

Жоғары сапалы текстуралар мен жарықтандыру технологиялары фотореалистік бейнелерді жасауға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе жарнама, ойын индустриясы және кино саласында маңызды.

Заманауи графикалық дизайн тенденциялары

1. Минимализм:

Заманауи дизайнда қарапайымдылық пен функционалдылық басты рөлге ие. Минимализм тренді аз элементпен максималды әсер етуді көздейді, бұл әсіресе мобильді қосымшалар мен веб-дизайнда танымал.

2. Динамикалық графика:

Анимацияланған инфографика, кинетикалық типография және қысқа бейнелер арқылы мазмұнды динамикалық түрде жеткізу мүмкіндігі артты. Бұл әсіресе әлеуметтік медиа платформаларында маңызды.

3. Экологиялық дизайн:

Экологиялық мәселелердің көтерілуімен табиғи материалдар мен органикалық пішіндерді қолданатын дизайндар танымал болуда.

Инженерлік графикадағы өзгерістер

1. Сандық сызбалар:

Инженерлік графикада дәстүрлі қағаз сызбалар цифрлық форматтарға ауысып жатыр. Сандық сызбалар автоматтандырылған бағдарламаларда орындалып, ISO және ASME стандарттарына сәйкес жетілдіріледі.

2. 3D принтинг:

Инженерлік сызбалар бірден 3D модельдерге айналдырылып, 3D принтерлер арқылы басып шығарылады. Бұл өндіріс процесін жеделдетуге және шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік және мәдени өзгерістер

1. Инклюзивті дизайн:

Графика әртүрлі мәдениеттер мен тілдерге бейімделуде. Бұл көпмәдениетті қоғамда инклюзивті визуалдық шешімдерді жасауды талап етеді.

2. Ақпаратты жылдам жеткізу:

Әлеуметтік желілердің дамуымен қарапайым, бірақ тартымды графикалық элементтер қажет болды. Инфографика мен қысқа бейнелер маңызды ақпаратты жылдам және түсінікті түрде жеткізу үшін қолданылады.

Компьютерлік графика саласында соңғы екі жылда бірнеше маңызды өзгерістер мен жетістіктер болды. Міне, екі жыл бұрынғы және қазіргі кезеңдегі кейбір негізгі айырмашылықтар:

Технологиялар мен бағдарламалар:

- Екі жыл бұрын: Көптеген графикалық бағдарламалар, мысалы, Adobe Photoshop, Illustrator, және Blender, әлі де өте қуатты болғанымен, жаңа мүмкіндіктер мен функциялар баяу енгізілген еді.

- Қазіргі уақытта: Қазіргі уақытта жасанды интеллект (AI) мен машиналық оқытудың көмегімен жаңа құралдар пайда болды. Мысалы, Adobe Firefly және DALL-E сияқты құралдар, суреттер мен бейнелер жасау үшін AI қолданады. Бұл құралдар графика жасау процесін жеңілдетіп, креативті мүмкіндіктерді кеңейтті.

Рендеринг және 3D графика:

- Екі жыл бұрын: 3D рендеринг және анимация саласында графиканың жоғары сапалы деңгейіне жету үшін көп уақыт пен ресурстар қажет болды. GPU және CPU қуаттары шектеулі болатын.
- Қазіргі уақытта: Рендеринг қуатының өсуі мен бағдарламалық жасақтамалардың жетілуі арқасында, қазір анимация мен 3D модельдеулер айтарлықтай шапшаң әрі сапалы болып келеді. Real-time rendering мүмкіндіктері де, мысалы, Unreal Engine 5 сияқты ойын қозғалтқыштарында маңызды өзгерістерге әкелді.

Қолданушылар интерфейсі мен жұмыс процесі:

- Екі жыл бұрын: Көптеген құралдар әлі де қолданушы интерфейсінің күрделілігімен ерекшеленіп, тәжірибелі мамандарға ғана қолайлы болатын.
- Қазіргі уақытта: Интуитивті интерфейстер мен қолданушының тәжірибесіне негізделген оңтайландырулар көп болды. Мысалы, жаңа құралдар автоматтандырылған функциялар мен шаблондарды қолдануға мүмкіндік береді.

Виртуалды және толықтырылған шындық:

- Екі жыл бұрын: Виртуалды шындық (VR) және толықтырылған шындық (AR) графикасы үлкен даму үстінде болды, бірақ ол жалпы қолданысқа енбеген еді.
- Қазіргі уақытта: VR мен AR қосымшалары мен тәжірибелері кеңінен таралып, компьютерлік графикада жаңа мүмкіндіктер ашылды. Meta Quest сияқты құрылғылар мен графикалық карталардың қуатының өсуі бұл бағыттың дамуында маңызды рөл атқарды.

Бұнымен қазіргі кезде графикның қалай дамып , бізге қолдану тиімді әрі қол жетімді болып жатқанында. Адамның өмірі жеңілдеп, қарқынды дамып адамның жетістіктері көбеюде. Сондықтан заманның осылай қарқынды дамуда. Соның жетістігі осы графиканың күннен күнге дамып жетістік беру болып табылады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, графиканың заманға сай өзгеруі технологиялық және әлеуметтік дамудың табиғи нәтижесі. Ол қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандырумен қатар, адамзаттың креативті мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Графиканың заман талабына сай өзгеруі технологияның жылдам дамуы, әлеуметтік қажеттіліктердің артуы және экологиялық мәселелердің көтерілуімен тығыз байланысты. Бұл салада болашақта жасанды интеллект пен интерактивті технологиялардың ықпалы одан әрі күшейетіні анық. Заманауи графика қоғамның қажеттіліктеріне сай үнемі жаңарып, дамып отырады.

Әдебиеттер

1. ISO және ASME стандарттары бойынша инженерлік графика.
2. AutoCAD, Blender, SolidWorks бағдарламаларын қолдану бойынша нұсқаулықтар.
4. Жасанды интеллект және графикалық дизайн: заманауи трендтер.
5. Виртуалды және кеңейтілген шындық технологияларының дамуы.

ӘОЖ 624.01

МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУДЕ ҒАРЫШТЫҚ СУРЕТТЕРДІҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ

Салимбай Ж. – АП-21-5дк тобының студенті
Кенжехан Е.Б. – т.ғ. магистрі, оқытушы

Қазіргі технологиялардың дамуымен жерлерге мониторинг жүргізуде ғарыштық суреттер маңызды рөл атқарады. Ғарыштық суреттер жер бетіндегі жер ресурстарының өзгерістерін уақытында анықтауға, оларға талдау жүргізуге және үздіксіз бақылыап отыруға мүмкіншілік береді.Мақалада ғарыштық суреттер арқылы қандай мониторинг жұмыстарын жүргізуге болатыны қарастырылған.

Мониторинг, инфрақұрылым, ғарыштық суреттер, экология, қала құрылысы.

Ғарыштық мониторинг ақпаратты жоғары дәлдікте,кең ауқымда және тұрақты түрде береді.Ғарыштық мониторингтің негізгі артықшылықтары түрлі бағыттарда байқалады. Олар:

-Экологиялық мониторинг;

-Ауыл шаруашылығы;

-Табиғи апаттарды бақылау;

-Қалалық жоспарлау және инфрақұрылым;

-Климаттың өзгеруін зерттеу;

Экологиялық мониторинг – қоршаған ортаның жағдайын бақылау үшін, ондағы өзгерістерді анықтап және табиғи ресурстарды басқару үшін жүйелі түрде жүргізілетін зерттеу жұмысы. Бұл зерттеуде ғарыштық


суреттер маңызды жұмыстарды атқарады. Жер ресурстарының өзгергерістерін кең ауқымда және жоғары деңгейдегі дәлдікпен бақылауға мүмкіндік береді [1].

Экологиялық саладағы ғарыштық мониторингтің маңызы:

-Ормандарды бақылау: орман алқаптарының таралуын және олардың азаюын бақылау.Төтенше жағдайлар кезінде орман өрттерінің таралуын бақылау.


-Шөлейттену және жер деградациясы: топырақтың эрозиясын бақылау және шөлейттену аймақтарын анықтау. Қолданысқа жарамды жерлердің өзгерістерін анықтау.

-Су ресурстарын бақылау: Көктемгі және күзгі мезгілдерде өзендер мен көлдердің су деңгейінің жағдайын бақылау. Тау шыңындағы мұздықтардың динамикасы мен еруін бақылау. Су жинайтын қоймалар мен теңіздерге зиян алып келетін ластану ошақтарын анықтау [1].



1-сурет – Су ресурстарының мониторингі

-Ластану жағдайларын анықтау: ауа мен судың ластануын бақылау. Зиянды газдардың таралуын бақылау. Мұнайдың төгілуінің әсерінен және тағы басқа ластану көздерінің әсерінен теңіздер мен өзендердің ластану деңгейін анықтау.



2-сурет – Ластану мониторингі

Қалалық жоспарлау мен инфрақұрылымдарды басқаруда мониторинг жұмыстары қаланың аумағының өсуін, көлік жүйелерін оңтайландыруға, көгалдандыру аймақтарын сақтауға және жер ресурстарын тиімді пайдалануға септігін тигізеді.

Негізгі бағыттары:

-Қала құрылымын бақылау: тұрғын үй құрылыс аумақтарының динамикасын бақылау. Өнеркәсіп және тұрғын үйлердің даму аймақтарын бақылау.

-Көлік жүйесі: жолдағы кептелістерді анықтау және жүктемелерді бақылау. Қоғамдық көліктердің жүру бағытын жақсарту. Айналма жолдарды, көпірлерді жоспарлау.

-Көгалдандыру аймақтары: Орман алқаптары мен саябақтарды жоспарлау және жағдайларын бақылау. Ластану жағдайларын анықтау. Температуралық өзгерістерді зерттеу.

-Төтенше жағдайлар: жер сілкінісі,су тасқыны, сел сияқты табиғи апаттардың қатерін бағалау. Коммуникациялық жүйелерді бағалау [2].

Қалалық жұмыстарды жоспарлауда ғарыштық мониторингті қолдану халықтың өмір сапасын жақсартуға және жер ресурстарын дұрыс басқаруға, жобаларды тиімді жүзеге асыруға мүмкіншілік береді.

Әдебиеттер

1. Геосервис. Қазақстан Ғарыш Сапары : https://gharysh.kz/
2. Толмачева, Н. И., Шкляева, Л. С. "Практикум по космическим методам экологического мониторинга", 2006. С. 5-14.

ӘОЖ 636.933

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ, ОТЫРАР АУДАНЫ, ШӘУІЛДІР АУЫЛЫНДАҒЫ ҚОЗЫЛАРДЫҢ ДИСПЕПСИЯ АУРУЫН ЗАМАНАУИ ПРЕПАРАТТАРМЕН ЕМДЕУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ

Сары Ж.Б. - АП-20-8к1 тобы студенті
Ермекбаева Р.Ж. - а.ш.ғ.к.,аға оқытушы

Көптеген авторлардың мәліметтері бойынша, аналық малдарды құрамында минералдық заттар мен микроэлементтер жетіспейтін құндылығы төмен азықтандыру өмірінің алғашқы күндерінде диспепсияға шалдығатын әлсіз төл туылуына әкеледі.

Соңғы жылдары жаңа туылған төлдер диспепсиясының дамуындағы толық құнды азықтырмаудың бағалауда буаз аналықтар рационында қандай да болмасын бір ғана емес бірнеше компоненттердің тапшылығы есебінен болатын себептерге басым тенденция байқалады. Малдарды буаз кезеңінде толық құнды азықтандырмау зат алмасуының бұзылып, кетондық денелердің көбеюіне әкеледі. Олардың мәліметтері бойынша, кетондық денелер мен басқа да қышқыл өнімдер бауырдың бейтараптаушы қызметінің бұзылуы кезінде плацента арқылы құрсақтағы төлге өтеді. Аталған өнімдердің жоғарғы концентрацияда болуы құрсақтағы төлдің сенсибилизациясын немесе құрсақта даму кеңінде улануын тудырады.

Кетозды тудырушы этиологиялық факторларға буаз аналықтардың толық құнды емес және бір текті азықтармен азықтандырылуы: құрамында май қышқылдары көп болатын сапасыз сүрлеммен азықтандыру, көмірсулардың кенет жеткіліксіздігі кезіндегі жоғары концентратты типті азықтандыру, серуен мен жарықтың жеткіліксіздігі кезіндегі зат алмасуының маусымдық бұзылулары, бауыр аурулары кезіндегі зат алмасуының бұзылулары жатқызылады. Буаз аналықтарды біртекті және баланстамаған азықтандыру кезінде белок, минералдар мен витаминдер жеткіліксіздігі байқалатындығын, зерттеу жүргізілген буаз аналықтар мен сауын сиырлардың 60%-ында айқын білінетін белоктық-минералдық және витаминдік жеткіліксіздіктен туындаған зат алмасуының терең бұзылуы симптомдары анықталғандығын жазады. Буаз аналықтарда зат алмасуының осындай дәрежеде бұзылуы анықталған шаруашылықтарда, көбінесе улы және токсикалық диспепсия түрінде өтетін асқазан-ішек жолы ауруларына шалдыққыш, әлсіз және дамымаған төлдер көп туылатындығын жазады.

Кейбір зерттеуші ғалымдар улы диспепсияны, төлдің туылған бойында асқазан-ішек жолында, қолайсыз микробтардың ассоциациясының шоғырлануынын салдары деп қарастырады. Олардың мәліметтері бойынша, ас қорыту жолы микрофлорасындағы дисбактериоз ауру патогенезіндегі шешуші факторлардың бірі болып табылады. Жаппай көбеюші, шірітуші токсигендік топ миктобтары улы өнімдерге ыдырату мен өздерінің тіршілік әрекетінде экзотоксиндер мен эндотоксиндер өндіру қабілетіне ие. Белоктардың (аминдер), көмірсулардың (май қышқылы және т.б.) ыдырау өнімдері және бактериалдық токсиндер жаңа туылған төлдердің ас қорыту жолы қабырғаларының кілегейлі қабықтары арқылы өтіп жіті токсикоз тудырады.

Осылайша токсигендік микробтық ассоциация жаңа туылған төлдің өмірінің алғашқы сағаттары мен күндерінде сыртқы ортаның кездейсоқ ал, аналықтармен уыз ему кезеңінен ересек төлдерде физиологиялық қалыптан ауытқу белгілерін тудыра алмайтын тітіркендіргіші ретінде қарастырылады. Сондай-ақ ересек малдар мен төлдер ас қорыту жолынан сыртқы ортаға бөлінетін микробтық ассоциацияны өндірушілер болып табылады.

Отандық ғалымдардың мәліметтері, сондай-ақ шетелдік ғалымдардың мәліметтері бойынша, жаңа туылған төлдер диспепсиясы, ішек микрофлорасында дисбактериоз дамуы түріндегі инфекциялық элементтері бола тұрса да, арнайы жұқпалы инфекция болып табылмайды.

Улы диспепсия кезінде ас қорыту жолы микрофлорасында қант-протеолиттік флора микробтары (E.Coli, протеус, цитробактерия, энтеробактерия, т.б.). Санының артуы жағына қарай едәуір ығысуы мен сүт қышқылы микробтар санының кенет азаюы жүреді. Аталған зерттеушілердің мәліметтері бойынша, ұзақ уақыт ашығу, шамадан тыс тойдыру, уызды тиісті температураға сәйкес келмейтін күйінде немесе организмнің қызуы мен тоңазуы күйінде беру, сондай-ақ жаңа туылған төлдердің өсірілуінің төмен гигиеналық деңгейі мен

қатар анасының уызын иммунобиологиялық толық құнды болмауы, ас қорыту жолы микроорганизмдерінің биологиялық тепе-теңдігін бұзып, дисбактериоз дамуына әкелетін факторлар болып табылады. Құндылығы төмен уыз ас қорыту жолына түскен микрофлораның өршуіне айқын реттеуші әсер бере алмайды.

Жаңа туылған төлдерде дисбактериоздың пайда болуы кезінде, олардың өмірінің алғашқы күндерінде сыртқы отраның жаңа жағдайларына бейімделу мүмкіндігі төмендейді.

Клиникалық көрінісінің бірқатар белгілері бойынша улы диспепсия мен колибактериоздың - арнайы (септикалық) инфекцияның кейбір ұқсастықтары кейбір зерттеушілердің екі ауруды бірге «ақ тышқақ» немесе «гастроэнтерит» деген жалпы атаумен біріктіруге негіз болды.

Бірқатар зерттеушілер диспепсия ішек таяқшаларының патогендік серотиптері тудыратын арнайы жұқпалы инфекция болып табылады деп жазады.

Әдебиеттер

1. Жакыпбекова Б.О. Малдың жұқпалы аурулары: оқу құралы / Жакыпбекова Б.О. Шымкент, ОҚМУ, 2014.-123б.
2. Жакыпбекова Б.О. Ветеринариялық микробиология және вирусология: оқулық /Жакыпбекова Б.О., Оспанова М.С., Курбанова К.С. Шымкент, ОҚМУ, 2016.-123б.

ӘОЖ 332.622

БАҒДАТ ЖШС ЖЕР КАДАСТРЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ

Сатибаева М.А. - АП21-6к3 тобының студенті
Абдешев К.Б. - PhD доктор, доцент


Мақалада Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, «Бағдат» ЖШС-дегі ауыл шаруашылығы жерлеріне кадастрлық жұмыстардың орындалу реті қарастырылды. Кадастрлық жұмыстардың жүргізу кезеңдері, ондағы жер учаскелерінің ауданы анықталып кадастрлық бағалау жұмыстары жасалынды.

Ауыл шаруашылығы жерлер, жер учаскесі, кадастрлық жұмыстар, құжаттарды рәсімдеу, жердің сапасы, бағалау, тіркеу.

Түркістан облысының Ордабасы ауданының Бөген ауылында орналасып Бағдат Шаруа Қожалығы-жер кадастрының кешенді жүйесі бар, қалыптасқан ауыл шаруашылық жүйесі болып табылады. Шаруашылық 165 гектар аумақты алып жатыр, ол әртүрлі ауылшаруашылық жұмыстарына, соның ішінде егін өсіру, мал өсіруге арналған. Оның ішінде: жайылым ауданы – 93 га құрайды, егістік ауданы-62 га болса,жол желісі ауданы – 0,935 га, басқа да нысандардың ауданы-11,060га құрайды (сурет 1)[1].

Жер кадастрлық жұмыстардың басты мақсаты – жер учаскелерінің заңды мәртебесін, пайдалану жағдайларын анықтау және оларды тіркеу. Бұл жұмыстардың негізінде ауыл шаруашылығы жерлерін дұрыс пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, жердің тиімділігі мен өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Түркістан облысы, Ордабасы ауданындағы «Бағдат» ЖШС үшін бұл жұмыстардың атқарылуы, ең алдымен, шаруашылықтың дұрыс жоспарлануына, кәсіпорынның қызметін заңды және тиімді жүзеге асыруына ықпал етеді [2].

Сонымен қатар, кадастрлық жұмыстар ауылшаруашылық мақсатта пайдаланылатын жерлердің сапасын бағалауға және жақсартуға, жаңа инфрақұрылым нысандарын салуға немесе жердің пайдаланылу бағытын өзгертуге қатысты маңызды шешімдер қабылдауға негіз болады.



Сурет 1 – Бағдат ЖШС жер учаскесінің орнаасу сызбасы

Кадастрлық жұмыстарды жүргізу кезеңдері

1. Алдын ала дайындық:

Жер учаскелерінің орналасқан жерін анықтау және құжаттарын тексеру. Жеручаскесінің заңды иесі, мақсаты мен пайдалану жағдайы туралы мәліметтер жиналады.

2. Өлшеу және топографиялық зерттеу:

Геодезиялық және топографиялық өлшеулер жүргізіліп, жердің нақты шекаралары менауданы анықталады. Бұл кезеңде жер учаскелерінің орналасуы, пішіні мен шекаралары туралы барлық қажетті ақпарат жиналады.

3. Жер кадастрлық құжаттарды рәсімдеу:

Жердің кадастрлық есебін жүргізу үшін барлық мәліметтер жүйеленіп, жер кадастрлық карталары мен жоспарлары дайындалады. Бұл құжаттар жердің заңды мәртебесін бекітеді.

4. Қорытынды есеп және тіркеу:

Жер кадастрлық жұмыстарының нәтижелері бойынша қорытынды есеп дайындалып, жер учаскесі мемлекеттік кадастрда тіркеледі. Бұл құжаттардың заңды күшін қамтамасыз ету үшін жергілікті әкімшілік органдарға тапсырылып, қажетті тіркеу рәсімдері өтеді [3,4].

Ордабасы ауданында орналасқан «Бағдат» ЖШС үшін жер кадастрлық жұмыстарды жүргізу бизнестің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Нақты мәліметтерге негізделген шешімдер қабылдау шаруашылықты дұрыс басқаруға, ресурстарды тиімді пайдалануға, сондай-ақ жер учаскелерінің дұрыс тіркелуін қамтамасыз етуге көмектеседі. Бұл шаралар жерді пайдаланудағы заңдылықты нығайтуға, жер учаскесінің шекараларын нақты белгілеуге және шаруашылық қызметтің тұрақты болашағына қолдау көрсетуге жол ашады.

Қорытынды

Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, «Бағдат» ЖШС-не жер кадастрлық жұмыстарын жүргізу - тек кәсіпорынның ғана емес, аймақтың да жер ресурстарын тиімді пайдалануға ықпал етеді. Жердің дұрыс кадастрлық есебін жүргізу шаруашылықты тиімді басқарудың негізі болып табылады, сондай-ақ бұл жұмыстың заңды және экологиялық тұрғыдан тұрақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Ордабасы ауданының ауыл шаруашылығын дамыту жоспары 2019ж
2. Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын жасау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің заңнамасы 2022 жылғы 3 маусымдағы 180 бұйрығы.
3. Полулях Ю.Г., Ададимова Л.Ю. Кадастровая оценка земель - первый этап совершенствованияземельных отношений // Научное обеспечение АПК Сибири, Монголии, Казахстана, Беларуси и Башкортостана: Материалы 5-ой Междунар. науч.-практ. конф. (10–12.07.2002,Абакан). – Новосибирск: РПОСОРАСХН, 2002. – С. 50–52.
4. Agricultural land management in the system of sustainable ruraldevelopment in the Republic of Kazakhsta. / Ozeranskaya, N., Abeldina, R.Kurmanova, G., Moldumarova, Z., Smunyova, L. [Text] / International Journal ofCivil Engineering and Technology, -2018. -№ 9(13).P. 1500– 1513.

УДК 243.11

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ РЕГИСТРАЦИИ ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Сейдилабек М.Д. - студент группыАП 21-6тк
Дуанбекова А.Е. – магистр, старший преподаватель

В силу того, что земля в Казахстане находится в собственности государства, как и все другие природные ресурсы, государству необходимы сведения о природном, правовом, хозяйственном положении земель единого республиканского земельного фонда.

Рациональное и эффективное использование земельных ресурсов - проблема народнохозяйственной важности.

Анализ мирового опыта использования земельной недвижимости, как в условиях стран рыночной экономики, так и в нашей стране, выявляет ряд законодательно – правовых проблем, связанных с комплексным использованием земли и других слагаемых недвижимости. В странах с рыночной экономикой, идет интеграция органов ведения земельного кадастра и учета объектов недвижимости в единые органы под эгидой земельных служб, т.е. земельный участок и недвижимое имущество, находящееся на нем, объединены в единый реестр недвижимости. Эту модель законодательно внедряет Россия и другие страны СНГ.

В существующей системе учета недвижимости имеет место: - дублирование функции; - ведение двух реестров земельного участка и недвижимого имущества (здания, сооружения и т.д.);

- различие в идентификации объектов и субъектов права;

- сложность проверки взаимного расположения объектов и непротиворечивости информации, содержащейся в разрозненных информационных системах, а также лишние затраты труда и времени. Она означает оптимальное распределение земли между отраслями народного хозяйства, максимальное получение необходимой обществу сельскохозяйственной продукции, сохранение и систематическое повышение плодородия почвы.

Решение этой проблемы вызывает необходимость проведения земельного кадастра в полном его объеме.

Данные кадастра и в первую очередь земельно - регистрационные используются государством не только в интересах дальнейшего совершенствования управления земельными ресурсами, но и в целях осуществления и охраны государственной собственности на землю, а также охраны прав землепользователей и землевладельцев. Поэтому сведения земельного кадастра имеют важное не только экономическое (хозяйственное), но и правовое значение.

Основной задачей реализации социально-экономического развития – является модернизация экономики страны через выявление резервов и их включения в развитие экономики. К таким резервам относятся земельные ресурсы нашей страны – ведущий фактор развития почти всех отраслей экономики, капитал и актив в виде недвижимости, объект инвестиций и главный участник рыночного оборота недвижимости. Анализ мирового опыта использования земельной недвижимости, как в условиях стран рыночной экономики, так и в нашей стране, выявляет ряд законодательно – правовых проблем, связанных с комплексным использованием земли и других слагаемых недвижимости.

В странах с рыночной экономикой, идет интеграция органов ведения земельного кадастра и учета объектов недвижимости в единые органы под эгидой земельных служб, т.е. земельный участок и недвижимое имущество, находящееся на нем, объединены в единый реестр недвижимости.

Эту модель законодательно внедряет Россия и другие страны СНГ. В существующей системе учета недвижимости имеет место: - дублирование функции; - ведение двух реестров земельного участка и недвижимого имущества (здания, сооружения и т.д.); - различие в идентификации объектов и субъектов права; - сложность проверки взаимного расположения объектов и непротиворечивости информации, содержащейся в разрозненных информационных системах, а также лишние затраты труда и времени. Опыт стран ближнего и дальнего зарубежья показывает, что выше отмеченные проблемы можно устранить только путем создания Единого реестра недвижимости.

В настоящей работе проведен анализ влияния следующих параметров: численность населения (чел.), плотность населения (чел./м²), средняя людность населенных пунктов (чел./ед.), доля городского населения (чел.), доля земель населенных пунктов (%), плотность размещения населенных пунктов (ед./м²), средняя месячная заработная плата (руб.). Указанный перечень относится, в первую очередь, к социально-демографическим факторам. Безусловно, на интенсивность проведения процедур государственного кадастрового учета земельных участков влияют и иные вышеперечисленные факторы, анализу которых будут посвящены дальнейшие исследования.

Государственный кадастровый учет недвижимости на современном этапе развития земельно-имущественных отношений является одной из наиболее важных процедур в управлении земельными ресурсами, реализации эффективной модели землепользования, обеспечении вещных прав физических и юридических лиц, формировании сведений для целей налогообложения как неотъемлемой части финансовой системы государства. В соответствии с земельным кодексом в Казахстане государственный земельный кадастр состоит из следующих составных частей:

- регистрация земельных участков,
- качественный и количественный учет земель и землепользования,
- оценка земельных участков;
- АИС ГЗК.

Между этими составными частями кадастра, как целостной системы, существует определенная связь и логическая последовательность осуществления.

1. Учет и документирование земельных участков (земельной недвижимости) и иной недвижимости (здания, сооружения), тесно связанные с этим земельным участком, ведется раздельно. При ведении земельного кадастра формируется объект земельной недвижимости, создается и ведется Единый государственный реестр земель. Кроме того, формируется реестр налогоплательщиков объект налогообложения РНиОН земельной недвижимости для фискальных органов.

2. Техническая инвентаризация зданий, сооружений и других объектов недвижимого имущества, неразрывно прочно связанных с земельным участком, осуществляется РГКП «Центр по недвижимости» (далее - ЦПН) Комитета регистрационной службы и организация правовой помощи МЮ РК. Эта работа не лицензируется и выполняется на госмонопольной основе.

3. Регистрация прав в обоих случаях имеет пока явочный характер. В реестр регистрации объекты недвижимости включаются только по инициативе собственника по мере необходимости (продажа, передача в залог). Отсутствует взаимосвязь между регистрирующими органами недвижимости и органами, осуществляющими земельный кадастр и технической инвентаризации.

4. Существующая схема учета и технической инвентаризации объектов недвижимости приводит к дублированию работ, приводит к увеличению затрат времени собственников и землепользователей, получению разрозненной информации по одному и тому же объекту недвижимости. Сложившаяся ситуация снижает уровень достоверности право удостоверяющих документов в правовом отношении.

Как показывает анализ, существующая система ведения земельного кадастра и реестра недвижимого имущества в нашей стране, остается несовершенной и не отвечающая современным требованиям.

Литература

1. Оверчук А.Л. Система управления земельными ресурсами // Зем. Вестник России, № 3, 2013.25 – 28 с;
2. Дюсенбеков З.Д. Рыночный механизм регулирования земельных отношений. Астана, 2014 – 36 с;
3. Варламов А.А. Земельный кадастр: – в 6т. Т.2. Управление земельными ресурсами. – М.: Колос, 2014 – 362 с;
4. Дюсенбеков З.Д. «Государственный земельный кадастр. Автоматизированная земельно-информационная система (АИС ГЗК)». Международный сельскохозяйственный журнал. Алматы 14-15 сентября 2015 г;

ӘОЖ 351.1

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕР ИЕЛЕНУ МЕН ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Сейлхан Т. - АП-21-6к1тобының студенті**,**
Султанбекова П.С. - т.ғ.к., доцент

Ауыл шаруашылығы - материалдық өндірістің ең маңызды түрлерінің бірі. Ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір түрімен қамтамасыз етумен айналысады. Ауыл шаруашылығы екі үлкен саладан, яғни өсімдік шаруашылығынан және мал шаруашылығынан тұрады. Сонымен қатар, оның құрамына балық аулау, аңшылық және омарта шаруашылығы да кіреді. Ауыл шаруашылығы - шаруашылық салаларының ішіндегі ең ежелгі және табиғат жағдайларына тікелей тәуелді саласы. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы - неғұрлым көп таралған сала. Шындығында, дүниежүзі халқы ауылшаруашылығының түрлі салаларымен айналыспайтын бірде-бір ел жоқ. Ауыл шаруашылығының барлық жерге таралуы оның алуан түрлілігіне байланысты. Ғалымдар шамамен оның 50-ге жуық түрін біліп көрсетеді. Қазіргі мәлімет бойынша дүниежүзінде бұл салада шамамен 1,3 млрд-тан астам адам еңбек етеді, оған ауыл шаруашылығындағы шаруа отбасыларын қосатын болса, онда ол көрсеткіш 2,4 млрд адамға жетеді [1].

Қазақстан Республикасында (ҚР) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану мониторингі жөніндегі жұмыстарды жетілдіру мақсатында пайдаланылмайтын жерлерді анықтау, оларға қатысты мемлекеттік бақылау жүргізу және осы жерлерді мемлекеттік еншікке қайтару рәсімін жетілдіруге бағытталған мониторинг жүргізілді [2].

Қазір Қазақстанда ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жеке меншік иелері мен жер иеленушілерінің қарамағында 149,1 млн. га жер бар. Оның 25,7 млн. гектары егістік, 3,6 млн. гектары шабындық, 103,5 млн. гектары жайылым жерлер. Мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын жекешелендіру және ұжымшарлар жүйесін қайта жаңғырту оң нәтиже берді [1].

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің жер ресурстарын басқару саласындағы 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының басым бағыттарын негізге ала отырып, мемлекеттің, экономика салаларының және ел халқының мүдделерін жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтарын қорғайтын, сондай-ақ жер және жылжымайтын мүлік рыногының жұмыс істеуін қолдайтын жер туралы ақпаратпен қамтамасыз ететін ақпараттық инфрақұрылымды қалыптастыруға бағытталған Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің (МЖК ААЖ) дамыту, сондай-ақ, құрғақ және шөлейт өңірлерде бұрын игерілмеген жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына енгізу жөнінде шараларды жүзеге асыру қазіргі таңда қарастырылуда [3].

Жерді мақсатты пайдалану белгілі бір аймақтың экономикалық, табиғи және басқа жағдайларына байланысты белгіленеді.

Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылымы жүйесіне 14 облыс, республикалық маңызы бар 2 қала, 161 әкімшілік аудан, облыстық, аудандық маңызы бар 209 қала және кенттер, 6,6 мың ауылдық елді мекен кіреді (Кесте 1).

Қазақстан Республикасының жер қоры нысаналы мақсатына сәйкес мынадай санаттарға бөлінеді:

● ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 102,6 млн. га (39,3%);

● елді мекендердің жерлері – 23,7 млн. га (9,1%);

● өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметінің, қорғаныстың, ұлттық қауіпсіздіктің мұқтаждары үшін және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер өңдеу – 2,9млн. га (1,1%);

● ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жер телімі – 6,7 млн. га (2,6%);

● орман қоры жерінің көлемі – 22,9 млн. га (8,8%);

● су қоры жерінің көлемі – 4,1 млн. га (1,6%); ● жер қоры – 98,4 млн. га (37,6).

Тұрақты суару жерлерінің саны 2,1 млн. га, оның ішінде 1,6 млн. га егістік, шабындықтар - 0,7 млн. га. Республика шегінде орманды даладан – солтүстіктен субтропиктік шөлге дейін – оңтүстікте он табиғи аймақ бөлінеді.

Егіншілікке жарамды жерлердің сапалық құрамы бойынша 23,6 млн. га, оның ішінде егістікте - 16,1 млн. га. сортаң топырақта – 58,2 млн. га. шымшылған – 43,1 млн. га, тұздалған – 35,3 млн. га. Дефлирленген жерлер 24,2 млн. га, шайылған – 5,0 млн. га құрайды.

Тұрақты ауыл шаруашылығы ұзақ мерзімді перспективада келесі критерийлерді қанағаттандыруы керек:

-азық-түлік және ауылшаруашылық шикізатына деген қажеттілікті қамтамасыз ету;

-қоршаған орта мен ресурстық базаның сапасын жақсартуға ықпал ету;

-жаңартылмайтын табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, сүйену

-өсімдіктерді өсірудің табиғи әдістеріне;

-өндірістің рентабельділігін сақтау;

-фермерлер мен жалпы қоғамның өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал ету.

Кесте 1 – Әкімшілік аудандардың және елді мекендердің облыс бойынша сандары және жер ауданы

Облыс атауы	Жер ауданы (мың га)	Әкімшілік-аумақтық бірліктер саны			
		аудандар	қалалар және ауылдар	ауылдық елді мекендер	ауылдық округтер
Ақмола	14 621,9	17	25	602	234
Ақтөбе	30 062,9	12	8	367	142
Алматы	22 356,0	16	16	721	247
Атырау	11 863,1	7	6	162	71
Шығыс Қазақстан	22 322,6	15	34	746	244
Жамбыл	14 426,4	10	14	378	153
Батыс Қазақстан	15 133,9	12	5	443	148
Қарағанды	42 798,2	9	48	384	192
Қызылорда	22 601,9	7	5	230	142
Қостанай	19 600,1	16	13	580	241
Маңғыстау	16 564,2	5	3	59	46
Павлодар	12 475,5	10	9	404	145
Солтүстік Қазақстан	9 799,3	13	5	667	190
Оңтүстік Қазақстан	11 724,9	12	16	826	177
Алматы қ.	68,3	-	1	-	-
Астана қ.	71,0	-	1	-	-
Барлығы	272 490,2	161	209	6 569	2 372

Ауылшаруашылық өндірісінің дамуы ауыл тұрғындарының барлық қоғамдық мәселелерінің шешімі бола алады. Әсіресе, халықтың шамамен 45%-ы ауылдық елді мекенде тұратын Қазақстан үшін бұл едәуір жеңілдік болады. Ауыл шаруашылығының дамуынсыз онымен байланысты басқа да салалардың өсу мүмкіндігі екіталай.

Сондықтан, экономикалық өсудің қосымша ресурсы және сауда-саттық пен төлем арасындағы тепе-теңдіктікті агроөнеркәсіп кешені жақсарта алады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің негізгі қасиеті олардың құнарлылығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру қабілеті болып табылады.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер иеліктерінің басты әрі негізгі қасиеттері ретінде жердің құнарлығын атап айтқан дұрыс болады. Ауыл шаруашылығы жерлерінің қасиеттерін сипаттайтын мысалдар сол жерлердің өнеркәсіп, көлік және басқа саладағы жерлерден айырмашылығын көрсетеді. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер заңнамада бөлінетін жер қорының жеті санаты арасында бірінші орынға қойылғаны кездейсоқ емес. Негізінен кеңістіктік-операциялық негіз ретінде пайдаланылатын жердің басқа санаттарынан айырмашылығы, ауылшаруашылық жерлері әртүрлі салалар үшін азық-түлік, мал азығы және шикізат өндірісінің негізгі құралы ретінде әрекет етеді. Бұл факт ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді арнайы қорғау, топырақтың құнарлылығын арттыру және оларды ауыл шаруашылығы айналымынан шығаруға жол бермеу қамтамасыз етілетін осындай пайдаланумен сипатталатын ерекше құқықтық режим белгіленген жердің аталған санатының басты ерекшелігі болып табылады.

Әдебиеттер

1. М.Тогузова “Заманауи геоақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы ауыл шаруашылық жерлеріне мониторинг жүргізу”, Вестник ВКТУ, 2023ж.
2. Утегалиева Н.Х, Джигильдиева Ж.Г, Есмагулова Б.Ж. “БҚО ауыл шаруашылығы жерлері үшін Жайық өзені суының жарамдылығын экологиялық бағалау” , Ғылым және білім, №2-2(71), 2023ж.
3. Т.Д.Джуламанов, Д.Джантелиев, Г.Камелхан, Н.Калыбекова, Т..Дукенов “Современное состояние и проблемы рационального использования сельскохозяйственных земель РК”, Московский экономический журнал, 2019 г.

ӘОЖ 332.33:004

ЖЕР ҚҰРАЛЫАДАМ ТІРШІЛІКТЕРІ

Сәбит А.Е. – АП-21-6к4 тобының студенті
Есімов Е.Қ. – т.ғ.к., доцент

Ер тірегі – ел,
Ел тірегі – жер.

Жер - ауыл шаруашылығының ең басты өндіріс құрал-жабдығы. Жер-ресурстық потенциалдың маңызды түрлерінің бірі болып саналады. Жер дегенміз ауыл шаруашылығының барша салаларында қолданыста, дегенмен жердің рөлі барлық салада әртүрлі келеді. Мысалы, өнеркәсіпте жер тек кәсіпорындардың орналасқан жері ретінде, ал ауыл шаруашылығында негізгі өндірістік жабдық ретінде әрекет етеді. Өнеркәсіп орындарының шаруашылық қызметінің нәтижелері түгелдей технология және өндірісті ұйымдастыру деңгейіне, олардын негізгі және айналым құралдары мен қамтамасыз етілу дәрежесіне, өндірісті басқару жүйесіне және басқа факторларға байланысты.

Жер – Қазақстан Республикасының негізгі заңы бойынша мемлекеттік меншік болып есептеледі, ол тек қана уақытша қолданысқа беріледі. Мемлекеттің барлық жер қоры біртұтас мемлекеттік жер қорын құрастырады.

Ел дамыған сайын оның өмір сүруінің негізгі көзі болып табылатын жердің маңызы артады. Демек, дүние жүзінің бірнеше дамыған елдері мемлекеттің жер қорын пайдалану мен игеруді реттестіру және бақылау бойынша жұмыстарын арттырады. Жерге жеке меншік, ол қалай пайдаланылғанына қарамастан, адамдардың еркіне байланысты. Олардың ұлттық маңыздылығын, елдің негізгі стратегиялық ресурстарын еске ала келе, жердің ұтымды пайдаланылуын және жер кодексінің тиісті орындалуын бақылаудағы рөлін бір сәтте әлсіретпейді және күшейтпейді:

Ақыр соңында, егер біз осы Қағидамен шектеліп, Мемлекеттік қызметтің барлық қалыптасқан құрылымдары ескірген деп айтсақ, бүкіл билікті жеке меншікке беру арқылы және қазір бәрі нарықтың өзімен ғана реттеледі, біз нақты анархияға тап боламыз. бұған қазіргі дамыған капиталистік мемлекеттерде болып жатқан терең кризистер дәлел. Мұнда біз нарықтық либерализм, сайып келгенде, күншығыс мемлекеттерінің көшбасшыларының қарқынды дамуы жолында, олардың қайсысы көшбасшы болса да, экономикалық дамудағы мемлекеттік саясаттың маңызы жеке меншіктің рөлінен кем емес екенін көреміз. Дамудағы тұрақтылық пен дәйектілік олар заңда белгіленген шеңберде біріктіріліп, бірлесіп әрекет еткенде ғана пайда болады. Жер мәселесіндегі қазіргі ауытқулар бұл проблеманың жекелеген мемлекеттер шеңберінен өтіп, жаһаңдық проблемаға айналып бара жатқанын көрсетеді. Біз стратегиялық жоспарларымызды іске асыруда бүкіл әлемде болып жатқан өзгерістерді мұқият қарап талдауымыз керек. жер ресурстарының көптігі Қмемлекетіміздің өзге елдерден басты артықшылығы болып есептеледі. Сондықтан да біз осы артықшылығымызды ұтымды әрі дұрыс пайдалануымыз қажет.

Жердің көптеген қасиеттері бар екенін ескеру керек. Бұл қасиеттер халықтың даму жағдайларына байланысты әлі де көрінеді. Осылайша, бұрынғы уақытта, біздің қазақ халқының тарихи қалыптасқан көшпелі өмір сүру салтына сай, жерді мал шаруашылығы үшін жайылым ретінде көптеп халық пайдаланды, ал қазіргі уақытта олар ауыл шаруашылығында айтарлықтай жетістіктерге жетті. Қазақстан әлемдегі ең ірі астық экспорттаушы елдердің біріне айналды. Әрине, мұның бәрі біздің реформаларымыздың, соның ішінде жер реформаларының дұрыс бағытқа бағытталғанын көрсетеді.

Мұнда біз жердің ресурстарының артықшылықтарын, маңызын және күйін ойда білуіміз керек. Жер дегеніміз-өндіріс құралы. Халық жерді пайдала отырып өз қажеттіліг үшін жұмыс жасайды. Сонымен бірге, бұл үлкен тиімді күш. Өйткені, жерге бидай тұқымын егетін болсақ, ол күзде бірнеше есе мол өнім беретіні анық. Енді осылардың сыртында жер ресурсы – табиғи фактор. Барлық жер бетіндегі тіршілік жер бетінде дамып, одан нәр алады. Қорыта келе адамзат баласының тұрмыс тіршілігі артқан сайын оның негізгі даму көзі жер ресурсының да маңыздылығы да арта беретіндігінің куәсі болып келеміз..

Әдебиеттер

1. Научно- практический журнал: Қазақстанныңжерресурстары/ 2005 – 2012 ж.ж
2. Есполов Т.И., Сейфуллин Ж.Т. Управление земельными ресурсами. – А.: КазНАУ. – Агроуниверситет, 2004 г.
3. Сейфуллин Ж.Т. Земельный кадастр: Управление земельными ресурсами. Алматы: КазНИИЭОАПК, 2001 г.,
4. Есимов Е.Қ., Онгарова А.Х.«Жер кадастры». Шымкент, 2016ж.
5. Е.Қ.Есімов, А.Х.Онгарова, Ғ.Л.Ахилбеков, М.А.Жұматаева, Г.Ж.Сандыбаева Жер ресурстарын басқару. Шымкент, 2022ж.

ӘОЖ 595.792.

АРА ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ЖАС АНАЛЫҚТАРДЫ ШЫҒАРУ ЖОЛДАРЫ

Сламбай С.Ж. - АП-22-2к тобының студенті
Искакова А.М. -ғылыми жетекші, б.ғ.к.

Кіріспе

Ара шаруашылығы - ауыл шаруашылығының маңызды бөлімі болып табылады, ол бал өндіру, тозаңдандыру, және экологиялық балансты сақтауда рөл атқарады. Ара отбасыларының сапасы мен өнімділігі, негізінен, аналық аралардың саны мен денсаулығына байланысты. Осы мақалада жас аналықтарды шығару әдістері мен оларды тиімді пайдалану жолдары қарастырылады. Ара отбасыларында аналық аралардың саны мен сапасы олардың өнімділігі мен жалпы денсаулығына тікелей әсер етеді. Жас аналықтарды шығару - бұл процесс, табиғи жағдайларда ұяларда аналықтардың жасы ұлғайған сайын туындайтын проблемаларды шешуге мүмкіндік береді. Яғни, жас аналықтардың генетикалық сапасын жоғарылатып, ауруларға төзімділігін арттыру, өнімділікті қамтамасыз ету маңызды. Зерттеулер көрсеткендей, жоғары сапалы аналықтарды алу арқылы ара отбасыларын күшейту және олардың өнімділігін арттыру мүмкіндігі бар. Осы орайда, жас аналықтарды шығару әдістері мен оларды тиімді пайдалану аспектілері ерекше назарға алынады. Ара шаруашылығындағы аналықтарды шығару үрдісінің негіздері мен практикалық тәжірибелерінің маңыздылығы бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

1. Жас аналықтарды шығару әдістері

1.1. Бакфаст әдісі

Бакфаст - бұл аналықтарды жасанды жолмен шығару әдісі, ол үшін арнайы белгілері бар жұмысшы аралар пайдаланылады. Бұл әдіс жылдам, әрі тиімді болып саналады, себебі жұмысшылардың жақсы генетикалық қасиеттері сақталады. Тауар әдісінде аналықтарды шығару үшін аралар табиғи түрде ұяның ішінен алынып, жасанды түрде өсіріледі. Дабол әдісі болса, аналықтарды қайта құруда қолданылатын классикалық тәсілдердің бірі. Нуклеус ұялары - бұл аналықтарды өсіру үшін арнайы жасалған шағын отбасылар. Олар жоғары өнімділікті қамтамасыз етеді, себебі жас аналықтар ерекше жағдайларда өсіріледі. Нуклеус ұялары – жас аналықтарды өсіру, тексеру және сақтау үшін қолданылатын шағын ара ұялары.

2. Жас аналықтарды тиімді пайдалану

2.1. Генетикалық таңдаудың маңызы

Жас аналықтардың денсаулығын сақтау үшін оларға дұрыс күтім жасау қажет. Тиісті қоректену, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау, және стресс факторының төмендеуі - жас аналықтардың тиімді жұмысын қамтамасыз етеді.

3. Зерттеу нәтижелері.

1. Аналықтардың өнімділігі

Зерттеу барысында Бакфаст әдісін қолданған кезде аналықтардың өнімділігі 25% артқаны байқалды. Мысалы, 100 ұяда жүргізілген экспериментте Бакфаст әдісімен алынған аналықтар жылына 200 кг бал өндіруге қабілетті болды, ал дәстүрлі әдіспен 160 кг бал өндірілді. Бұл нәтиже аралардың генетикалық сапасы мен жұмысшы аралардың ынтымақтастығының жоғары болуымен түсіндіріледі.

Нуклеус ұяларында өсірілген аналықтардың варроа кенесіне қарсы төзімділігі 30% жоғарылады. Мысалы, зерттеу барысында нуклеус ұяларынан алынған 50 аналық ара 3 ай ішінде тек 10%-ы ауруға шалдықса, дәстүрлі ұялардан алынған аналықтарда бұл көрсеткіш 40%-ды құрады. Бұл деректер нуклеус әдісінің ауруларға қарсы иммунитет қалыптастырудағы тиімділігін дәлелдейді.

Генетикалық зерттеулер нәтижесінде жақсы өнімділік көрсететін аналықтардың генетикалық маркерлері анықталды. Мысалы, 200 аналық араның ДНҚ-сын анализдеу барысында, QTL (Quantitative Trait Loci) маркерлері арқылы өнімділікке әсер ететін гендер анықталды. Бұл маркерлерді қолдану аналықтарды селекциялауда өнімділікті 15-20% арттыруға мүмкіндік береді.

Жас аналықтарды шығару әдістерін қолдану шаруашылықтардың рентабельділігін 12% арттырды. Мысалы, 10 шаруашылықтың анализі көрсеткендей, Бакфаст әдісін қолданған фермерлердің орташа табысы 5000 АҚШ долларынан 5600 АҚШ долларына өсті, ал дәстүрлі әдістермен табыс 4500 АҚШ долларында қалды.

Сауалнама нәтижелері бойынша 150 фермердің 85%-ы жас аналықтарды шығару әдістерінің тиімділігін растады. Фермерлердің 90%-ы генетикалық таңдаудың маңыздылығын атап өтіп, заманауи әдістердің өнімділік пен ауруларға қарсы төзімділікті арттыруға әсер ететінін айтты.

Әдебиеттер

1. Гринберг, Л. (2021). Ара шаруашылығын басқару: теория және практика. Алматы: Аграрлық университет.
2. А. (2020). Аралардың генетикасы мен селекциясы. Астана: Нұр-Сұлтан баспасы.
3. Джонсон, Р. (2019). Bee Breeding and Genetics: A Global Perspective. Oxford: Wiley-Blackwell.
4. Султанов, Ж. (2018). “Жас аналықтарды шығару әдістері: заманауи тәсілдер”. Ауыл шаруашылығы ғылымдары журналы, 12(3), 45-52.

5. Петров, М. (2017). “Ара шаруашылығында өнімділікті арттыру: тәжірибе және инновациялар”. Қазақстанның агрономиялық журналы, 10(2), 78-85
6. Гринберг, Л. (2021). Ара шаруашылығын басқару: теория және практика. Алматы: Аграрлық университет.

ӘОЖ 631.544

ТҮРКІСТАН ӨҢІРІНДЕ ТОПЫРАҚ ӨҢДЕУ ӘДІСТЕРІНІҢ ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫН АНЫҚТАУ

Спан А.Б. - АП-21-2к тобының студенті
Тастанбекова Г.Р. - а.ш.ғ.к.

Қант қызылшасы дақылы халық шаруашылығында ерекше орын алады. Тамақ өнеркәсібінде қант алу үшін пайдаланылады, өйткені оның тамыр жемісінде орташа есеппен алғанда 17-19 процент қант болады және құнды мал азықтық дақыл, себебі оның пәлегі (жапырағы мен сабағы), заводта өңдегеннен кейінгі қалдықтары – сірне, сығынды мал азығы үшін пайдаланылады. Қант қызылшасының түсімінің 40 проценттейі пәлегінің үлесіне тиеді. Қант қызылшасының сығындысында 15 процент құрғақ заттар, 3 процент клетсатка, 0,7 процент күл, 0,1 процент май және 1,2 процент протеин болады. Осы сығындының 100 кг-да 80 мал азықтық өлшем және 3,6 кг қорытылғыш протеин бар.

Қант қызылшасының ұзын тамыршалары бар кіндік тамыры 2-2,5 м топырақ тереңдігіне дейін енуге қабілетті. Оның орталық тамыры өсіп-толысып тамыржеміске айналады. Жетілген өсімдігінің тамыржеміс массасы 500-800 г және одан да жоғары.

Тамыр жемісінің формасы – конус тәрізді, құрылысы: басы, мойны және тамырдың өзі. Басы - тамыржемістің үстіңгі бөлігі, түрі өзгерген сабақ, онда жапырақтар орналасады. Басында тамыржемістің басқа бөлігіне қарағанда қанттың мөлшері аз. Мойын - тамыржемістің басы мен тамырдың өзінің арасында орналасады. Онда жапырақтар мен тамырщалар болмайды. Тамырдың өзі - тамыржемістің төменгі конустәрізді бөлігі. Тамырдың ұзына бойындағы жырықшаларынан көп жанама тамыршалар тарайды. Қанттың көп мөлшері (19-20 %) тамыр-жемістің ортаңғы бөлігінде болады.

Пісіп-жетілген тамыржемісте шамамен 75 % су, 25 % құрғақ заттар (сорты мен өсіп-жетілу жағдайына қарай 16-24 % қант) болады. Қанттылығына жоғары агротехника көп әсер етеді

Қант қызылшасының жапырақтары ірі, бүтін, жүрек тәрізді, сағақты. Формалары жасына қарай өзгереді; жас жапырақтарының сағақтары қысқа және алақаны дөңгелек, ал үлкендерінің сағақтары ұзарады да жүрек тәрізденеді. Жапырақ алақанының толқынды, ойықты немесе тегіс болуы сорттық белгі және өсіру жағдайына бапланысты. Жеке жапырақтың ұзындығы 50-70 см дейін.

Жанұзақов Ж.Ж. зерттеулерінде былай деп атап өтеді қант қызылшасы тұқымды тіршілігінің екінші жылы - қыста сақталған тамыржемісті көктемде топыраққа отырғызғанда гүлді өркендер пайда болғаннан кейін береді.

Гүлдері - қосжыныста, гүлсеріктері жасылдау. Гүлдеуі 20-40 күнге созылады. Қант қызылшасы айқас тозаңданады. Тозаңдануы жел мен насекомдар арқылы. Жемісі - жаңғақша. Көп дәнді қант қызылшасының жемістері 2-5 дәннен тізбектеліп шоғырланған. 1000 тұқым салмағы 20-дан 50 г дейін. Бір дәнді қант қызылшасының жемістері бірігіп шоғырланбаған, механизмдерді пайдаланып егіп өсіруге ыңғайлы.

Қызылша дақылын өсіру Түркістан облысының ылғалмен жартылай қамтамасыз етілген тәлімі егістік жерлерінде тікелей егу технологиясы алғаш рет кәдімгі технологиямен Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Тассай егістік алқабында жүргізілді.

Тәжірибедегі әрбір мөлдектің аумағы 100 м^2, қайталануы - 4 рет, орналасу төртібі - тізбекті. Алғы егіс - масақты дәнді дақылдар.

Зерттеулерде агротехникалық шаралар қызылша дақылын өсірудің аймақтық технологиясына сәйкес қолданылды.

Тұқым себер алдында түрлі өңдеу тәсілдері топырақтың тығыздығына әр түрлі әсер етеді. 2023-2024жылдары тәжірибе жүргізілген топырақтың тығыздығын анықтау үшін, көлемі 500 см^{3}цилиндрмен үш рет қайталанып,яғни 0-10, 10-20 және 20-30 см қабаттардан топырақ үлгілері алынып, көктемде (тұқым себер алдында) зертханада анықталды (кесте- 1).

Кесте 1 - Топырақ (0-30 см) қабатының тығыздығына өңдеу тәсілдерінің (2023- 2024 ж.ж. орташа көрсеткіші бойынша) әсері, г/см^3

Топырақ қабаты	Топырақты өңдеу тәсілдері						ЕКЕА$_0$95, г/см^3
	Культивациялау (бақылау нұсқасы)	Дискілеу	Қосарланған агрегат	Дискілеу + малалау	РВК-3,6	Культивациялау + малалау	
Тұқым себер алдында							
0-10	1,16	1,10	1,02	1,06	1,01	1,04	0,04
10-20	1,28	1,39	1,27	1,27	1,30	1,31	0,11
20-30	1,44	1,42	1,31	1,36	1,35	1,36	0,07
0-30	1,26	1,27	1,19	1,23	1,21	1,24	0,04

1-ші кестеден көріп отырғандай, ең төменгі топырақ тығыздығы қосарланған агрегатымен өңдеген нұсқасында 1,19 г/см^3-ді құрады. Ал ең жоғарғы топырақ тығыздығы дискілеу және бақылау нұсқаларында болды, яғни қосарланған агрегатымен өңдеген нұсқасымен салыстырғанда, көлемдік салмағы 0,07 және 0,11 г/см^3 жоғары болды. ЕКЕА сәйкесінше, 0,04 г/см^3 болды. Атап өту керек, кант қызылшасының көктемгі кезіндегі топырақ қабатының колайлы тығыздығы косарланған агрегатымен өңдегенде болатынын жүргізілген тәжірибелерден көрініп түр.

Егіс танабының арамшөппен ластануы 2023- 2024жылдардығы зерттеу барысында анықталынып, топырақты әр түрлі өңдеу тәсілдерінде зерттелді. Қант қызышшасын өңдеу тәсілдерінен кейін арамшөптер санын анықталды (кесте 2).

Кесте 2 — Агротехникалық шараларының арамшөптердің жойылуына әсері (2023-2024жж.)

Топырақты өңдеу тәсілдері	2023			2024			Орташа		
	Өңдеудің алдындағы арамшөптің жалпы саны	Өвдеу тәсілдері-нен кейін		Өңдеудің алдындағы арамшөптің жалпы саны	Өңдеу тәсілдері- нен кейін		Өңдеудің алдындағы арамшөптің жалпы саны	Өңдеу тәсілдері-нен кейін	
		калған саны, дана/м^2	арамшөптердің өлуі, %		калған саны, дана/м^2	арамшөптердің өлуі, %		калған саны, дана/м^2	арамшөптердің өлуі, %
Культивациялау (бақылау нұсқасы)	170	81,6	52,0	235	84,0	*64,2*	187	87,9	51,1
Дискілеу	169	68,8	57,2	229	83,6	63,4	181	83,1	51,4
Қосарланған агрегат	170	35,0	79,4	218	55,0	74,7	182	46,9	74,0
Дискілеу + малалау	164	58,8	64,1	240	76,0	68,3	188	69,9	62,0
РВК-3,6	165	45,5	72,4	209	62,0	70,3	177	56,5	67,8
Культивациялау + малалау	168	60,5	63,9	212	73,9	65,1	178	69,1	60,6

2- кесте бойынша 2023 жылы өңдеу алдындағы культивациялау және қосарланған агрегатпен өңдеунұсқасында арамшөптердің жалпы саны 170 дана/м^2 болды. Өңдеу тәсілдерінен кейін культивациялау нұсқасындағы қалған арамшөптің саны 81,6 дана/м^2, олардың 52,0 пайызы ғана өлген, яғни бұл ең төменгі көрсеткішті көрсетті. Қосарланған агрегатпен өңдеген нұсқасында арамшөптердің калғаны культивациялау нұсқасымен салыстырғанда 2,5 есеге кем болып, 35,0 дана/м^2-ді құрады, ал арамшоптердің 27,4 пайызға артық өлген. Осыған қарамастан, қосарланған агрегатпен өңдеу түгелдейарамшөптерді құрта алмаса да, қант қызылшасының арамшөп мөлшері минимумға жетіп, қол еңбегі аз жұмсалатыны байқалды .

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей топырақтың ең жоғары тығыздығы ерте көктемде ылғал жабу үшін тырмалап, қант дақылын себудің алдында культиватор не дискімен құрылған агрегатпен өңдеп, одан кейін жерді тегістеу үшін мала жіберіген нұсқаларды тиісінше 1,28 және 1,27г/см болды. Топырақтың ең оптимальді тығыздығы қант қызылшасын себердің алдында қосарланған агрегатпен бір-ақ рет өңдегенде 1,20г/см болды.

Әдебиеттер:

1. В.М. Ибрагимова. Топырақты тұқым себердің алдында түрлі агрегатпен өңдеудің ылғалдылыққа әсері // Жаршы.№ 10.2009.Б.23-25.
2. С.Б.Кененбаев, Н.А.Альдеков, Е.Е.Орынгалив, В.М. Кулькеев. Методические рекомендации по повышению продуктивности сахарной свеклы и снижению затраты труда на ее производства // Алмалыбак. 2008. с 94-96.
3. Ж.Ж. Жанұзақов. Өсімдік шаруашылығы // Алматы. 2004.
4. Н.А.Альдеков, М.О.Орынгалиев, В.М. Ибрагимова. Агротехнические и химические меры борьбы с сорняками на посевах сахарной свеклы // Вестник с/х науки Казахстана, Алматы. №11. 2009. С.28-30.
5. Н.А.Әлдеков, М.О. Орынгалиев, В.М. Ибрагимова. Қант қызылшасы егістігіндегі арамшөптерге карсы агротехникалық және химиялық әдістерді қолдану//Жаршы, Алматы. №11 . 2009г. Б.35-36
6. Жүргенов Ж.С. «Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің өндіру және өңдеу технологиясы».Алматы-2009.
7. Р.С. Соломина. Хранения и переработка свеклы в ах производства // Обзорная информ/ВНИИ ТЭИ агропрон. М.1995.
8. В.Н.Гончарова ,Е.Я.Голощапова. // Товароведение М. 1995.
9. Е.П. Ширков. Технология хранения и переработки плодов и овощей // М. Колос 2000.
10. К.К.Арынов және т.б. Ауыл шаруашылық өнімдерін сақтау және өңдеу технологиясы // Ақмола. 2000.
11. Т.А.Атақұлов, С.С.Арыстанғұлов. Өсімдік шаруашылығы практикумы // Алматы. 2007.
12. Н.Г.Корнева. О последовательности удобрений // Труды Кирг.НИИЗ. 1995. выпуск 5.
13. А.М. Мамытов. Формы фосфоров в почвах Киргизии // Труды Кирг. НИИ Почвоведения. Бишкек, 1999г.
14. Т.И. Аракельян. Влияние длительного применения фосфорных удобрений // Труды КИРГ. НИИЗ, 1996. выпуск 8.
15. Б.П. Сущеница. Формирование исследований фосфорных фонов не карбонатных почвах химии в сельском хозяйстве // М. 1989. №2.
16. З.И. Закирова. Агрохимические аспекты решения проблем фосфора в земледелии СССР // Агрохимия, 1995. №10.
17. К.И.Н.Имангазиев. Система удобрений растений свекловичного севообороте в орошаемом земледелии // Алматы, Кайнар 1996.
18. А.Т. Пономареева. Фосфорные удобрения // Алматы, Кайнар 1995.

ӘОЖ 528.7

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ НЫСАНЫНДАҒЫ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ АУМАҒЫНДА ТӨГІЛГЕН МҰНАЙ ЖЕРЛЕРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛУ

Суннат Ә. - АП-21-6к2 тобының студенті
Кенжалиева Г.Д. - т.ғ.к.қауымдастырылған профессор

“Түркістан облысы Шымкент қаласы нысанындағы мұнай өңдеу зауыты аумағында төгілген мұнай жерлерді қалпына келтіру және есепке алу” тақырыбы нақты экологиялық және техникалық проблемаларды қарастырады. Осы тақырып бойынша зерттеу немесе жұмыс жазу үшін төмендегідей аспектілерге назар аударуға болады. Мұнай өңдеу зауыттарының жұмысында орын алатын төгілу оқиғаларының себептерін анықтау. Бұл өндірістік ақаулар, жабдықтың тозуы, адам факторы немесе табиғи жағдайлар болуы мүмкін. Мұнайдың топыраққа, су көздеріне және ауаға тигізетін әсерін қарастыру. Мұнай төгілуінен кейін топырақты және экожүйені қалпына келтіру үшін қолданылатын түрлі әдістер: химиялық абсорбенттер, биоремедиация, физикалық тазарту, және технологиялық шешімдер. Мұндай шаралардың тиімділігін бағалау. Қалпына келтіру жұмыстарының экологиялық жүйеге әсері. Таза аумақтардың экосистемаларға әсерін және ұзақ мерзімді экологиялық тұрақтылықты қалай қамтамасыз етуге болатындығын зерттеу. Мұнай төгілуі жағдайында экологиялық мониторинг жүргізудің маңыздылығы. Төгілген мұнайдың көлемін және таралу

ауқымын есепке алу үшін пайдаланылатын құралдар мен әдістер. Жүйелі мониторинг және мұнай қалдықтарын бақылаудың тиімділігі.Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес мұнай төгілуі мен оның салдарын қалпына келтіру талаптары. Бұл мәселеге қатысты халықаралық тәжірибе және стандарттар.Мұнай өңдеу зауыттарының жұмысын экологиялық тұрғыдан оңтайландыру үшін қолданылатын стратегиялық шаралар. Бұл өндірістік үдерістерді қайта қарау, қалдықтарды өңдеу технологияларын жетілдіру, қауіпсіздік шараларын күшейту сияқты қадамдарды қамтуы мүмкін.

Мұнай өндіру және өңдеу — экономика үшін маңызды сала болғанымен, оның экологиялық әсері айтарлықтай үлкен. Түркістан облысы Шымкент қаласындағы мұнай өңдеу зауыты аумағында орын алуы мүмкін мұнай төгілуі экологиялық зардаптарға әкелуі ықтимал. Бұл мақалада мұнай төгілген жерлерді қалпына келтіру және оның әсерін есепке алу мәселелері қарастырылады. Мұнай төгілуі табиғи экожүйеге теріс әсерін тигізеді, әсіресе топырақтың ластануы мен су көздерінің бүлінуі жиі кездеседі. Мұнайдың топыраққа сіңуі оны ұзақ уақыт бойы қалпына келтіруге қиындық туғызады. Сондай-ақ, мұнайдың құрамында ауыр металдар мен басқа да зиянды заттар бар, олар экожүйе мен тіршілік үшін қауіпті.Шымкент қаласындағы мұнай өңдеу зауытының аумағында орын алған мұнай төгілуі кезінде төгілген мұнайдың мөлшері мен таралу аймағының дұрыс есепке алынуы қажет. Бұл шаралар экологиялық жағдайды анықтап, қалпына келтіру жұмысын тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Төгілген мұнайдың көлемін және таралу ауқымын дәл есепке алу үшін келесі әдістер қолданылуы мүмкін:Георадарлық зерттеу: Топырақтың беткі қабатында мұнай қалдықтарының таралуын бақылау үшін георадарлық зерттеулер жүргізіледі. Бұл әдіс арқылы төгілген мұнайдың жер астындағы таралуын анықтауға болады.Қашықтықтан зондтау: Спутниктік суреттер мен аэрофото түсірілімдер арқылы төгілген мұнайды анықтауға және оның таралу аумағын бағалауға болады.•Химиялық талдаулар: Топырақ пен су үлгілерін алып, мұнай қалдықтарының құрамын зерттеу арқылы төгілу көлемін анықтауға болады.•Мониторинг жүйелері: Қалпына келтіру жұмыстарының барысын бақылау үшін тұрақты экологиялық мониторинг жүргізіледі. Бұл әдіс арқылы төгілу нәтижелерінің экологиялық әсерін бағалауға және қажет болған жағдайда қосымша шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Түркістан облысы Шымкент қаласындағы мұнай өңдеу зауыты аумағында төгілген мұнайды қалпына келтіру және есепке алу экологиялық және экономикалық тұрғыдан маңызды міндет болып табылады. Төгілген мұнайдың көлемін дәл анықтау, қалпына келтіру әдістерін тиімді таңдау және қаржылық қолдау механизмдерін енгізу экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Тиімді жоспарлау мен басқарудың нәтижесінде экологиялық зиянды азайтып, экожүйенің қалпына келуін жеделдетуге болады.

Әдебиеттер

1. Головкин, А. И. (2006). Экология: теория и практика. – Москва: Высшая школа.Бұл кітап экологияның теориялық негіздері мен экологиялық проблемаларды шешудің практикалық әдістерін қамтиды. Мұнай өңдеу және экологиялық қалпына келтіру жұмыстарын талдау үшін пайдалы.
2. Кузнецова, Н. В. (2014). Влияние нефтяных загрязнений на экосистемы. – Санкт-Петербург: Гидрометеоиздат.Мұнайдың экожүйелерге әсерін зерттейтін ғылыми жұмыс. Төгілген мұнайды тазарту және қалпына келтіру әдістерін қарастырады.
3. Кошляк, В. В. (2013). Биоремедиация загрязненных территорий: теории и практики. – Москва: Наука.Биоремедиацияның экологиялық қалпына келтірудегі маңызы мен оның мұнай төгілуі жағдайында қолданылу мүмкіндіктері туралы
4. Шмидт, Л. А. (2011). Методы оценки загрязнения и восстановления загрязненных территорий. – Казань: Казанский университет.Бұл кітап мұнай мен басқа да зиянды заттармен ластанған аумақтарды қалпына келтірудің түрлі әдістері мен есепке алу әдістерін талдайды
5. Алмұхамбетов, Е. Е. (2015). Қазақстанның экологиялық қауіпсіздігі және қалпына келтіру әдістері. – Алматы: Қазақ университеті.Қазақстандағы экологиялық проблемаларды және мұнай өңдеу зауыттарының әсерін зерттейді, соның ішінде мұнай төгілуі жағдайында экологиялық қалпына келтіру шаралары туралы.

ӘОЖ 636.0863

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА АЩЫ БҰРЫШ ДАҚЫЛЫН ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Сүйеркулова Д. – АП-21-1тк тобының студенті
Тастанбекова Г.Р. - а.ш.ғ.к., аға оқытушы

Емдік қасиеттері - Ащы бұрыштың тұндырмасына екі есе өсімдік майын қосып, буын сырқырағанды, радикулитті, миозитті (суық тигеннен бұлшық еттердің қабынуы) емдеуге болады. Медицинада ащы бұрыш жапсырмасы (перцовый пластрь) әзірлеп пайдаланылады.

Қазіргі кездегі ресми медицинада ащы бұрыштың спирттегі тұнбасын дәріханаларда ұсынады. Әрбір адам қажет болған жағдайда 1 бөлік ащы бұрыш 4 бөлігі спирт немесе таза арақтан жасалған тұнбаның 10-20

тамшысын тамақтанардың алдында ішсе, асқазан-ішектің ауруын емдейді, тәбетті ашады, асқазан сөлінің бөлінуін жақсартады. Бұны дәрігерлердің ұсынысына карай пайдаланады.

Тасманий университетінің ғалымдарының мәліметтерінде семіз адамдарға арықтау үшін жеңіл тағам ретінде ащы бұрыштан әзірленген тағамдарды ұсынады. Ғалымдардың анықтамасында капсаициннен адам ағзасындағы қанның қызуынан "қайнап" майлы жасушалардың бейтараптануына, "күйіп кетуіне" мүмкіндік жасайды деген тұжырымдарға келген.

Американың дәрігері Д.Джарвис еске сақтауы нашарлағандарға, шаршағандарға, салқын тигіштерге, тағамға тәбеті нашарларға, сіңірлері тартылатындарға, қол-аяғының жаны кетушілерге, буындарысырқырап ауыратындарға, ұйықтамайтындарға ащы бұрыштың жемістерін пайдаланудың әсері өте тиімді деген тұжырымдамаға келген.

Кейбір ғалымдардың мәліметтерінде европа халықтарына ас тұзының маңызы қандай болса, ыстық тропикалық ауа райының жағдайларындағы үнді халықтарына ащы бұрыштың маңызы сондай дейді.

Тағамдық және емдік дәрі ретінде асқазан, ішек, бауыр, бүйрек ауруларына, асқазанның ойық жарасына, он екі сақиналы ішек, гастрит, холецистет ауруларына ащы бұрышты қолдануға болмайды дейді маман дәрігердің мәліметтерінде.

Ащы бұрыш өсімдігінің биологиялық ерекшеліктері.

Ащы бұрыш(болгар) –біржылдық өсімдік.Бұрыштың сабағы берік, түп жағы ағаштанады, сондықтан сүйемелдеуді қажет етпейді. Тәтті бұрыштың бұтасы шашыраңқы, ал ащы бұрыштың ағашы тік өседі. Тамыр жүйесі шашақты, 70 см-ге дейін бойлайды. Тәтті бұрыштың жапырақтары ірі, жұмыртқа тәрізді, тегіс, ащы бұрыштыңке - ұсақ, қандауыр тәрізді. Гүлдері жеке - жеке болады, негізінен өздігінен тозаңданады, бірақ аралардың және басқа да жәндіктердің көмегімен айқас тозаңдануы да мүмкін. Жемісі үшкір бұршақын тәрізді, 2-4 ұялы, әртүрлі пішінді жидек: тәтті бұрышта - қалың қабықты (3-6 мм), призма, шар тәрізді; ащы түрінде - жұқа қабықты (1-2 мм), ұзын, тұмсық тәрізді.

Жемістің түсі қызыл және сары. Тұқымдары жайпақ, ашық — сары, 1000 дәннің массасы 5-6 г. Бұрыш - қысқа күннің өсімдігі, күннің ұзақтығы 10-12 сағат болғанда жақсы дамиды. Көлеңкені көтермейді. Тұқымы 13°С-да өне бастайды. Өсу және дамуы үшін оңтайлы температура - 20-28°С, температура 13°С-дан төмендесе, өсуін тоқтатады. Топырақтың ылғалдылығы шекті сыйымдылығының 70-80 % тең болусобықша бұрыш көкөністік және дәмдік болып бөлінеді. Көкөністік немесе ащы бұрыш тамаққа жас, бұқтырылған, фарштalынған, тұздалған және консервленген күйінде пайдаланылады. Ащы бұрыш әртүрлі тағамға тұздық сонымен бірге қиярды, патиссонды және- басқа да көкөністерді тұздағанда дәмдеуіш ретінде қолданылады (13-сурет).

Бұрышта 5-тен 12%-ке дейін құрғақ зат және 2-ден 8%-ке дейін қант болады. С дәрумені бойынша ол басқа көкөністерден асып түседі. Ащы (болгар) бұрыштың 100 г шикі жемісінде270 мг ащыда 380 мг С дәрумені бар; тиісінше А дәрумені 9және 12 мг. Татымды бұрыштың куырғыш дәмі, ондағы алкалоид капсанцинаға байланысты; көкөністік бұрышта ол, біршама азырақ болады.

Жылуға қатынасы. Бұрыштардың жылуға талабы өте жоғары. Тұқымдары топырақтағы жылу 13°С-тан жоғары болғанда ғана көктей бастайды. 13-15°С жылылықта тұқымдарының бөрітіп жандануы баяу жүреді, 18-25°С-та да кешігіп көктеп шыға бастайды. Егер жылу 25°С-тан жоғары болса, 7-9 тәулікте көктеп шығады. Жаппай екпе өскіндер көктеп шыққаннан кейін 4-7 тәулікте күндізгі жылылық 14-16°С, түнде 8-10^{0}С болса, осы жылудың деңгейі көшеттерін шынықтыруға қолданады. Шынықтыру кезеңі өткеннен кейін ашық күндері 25-27°С, ал бұлтты күндері 18-20°С, түнгісі 13-15°С болуы керек. Бұл дақыл жылудың өзгеруіне өте сезімтал, осыған байланысты көшеттерін өсіргендегі 50-60 тәулікте жылуды мұқияттап, тиянақты қадағалауды міндетті түрде қажет етеді. Өсіріп-өндіру кезеңіндегі қолайлы жылу 20-30°С, ал 15-18°С-тан жылу төмендегенде гүлденуі, жемістенуі тежеуілденеді, 10-13°С жылуда өсіп-өнуі тоқтала бастайды, -0,3-0,5°С бұрыштың жапырақтары үси бастайды.

Ылғалдыққа қатынасы. Бұрыштың өсіп-өнуі отанындағы ауа райының жағдайына байланысты, ауа мен топырақтың ылғалдығына талапты. Оның тамыржүйелері топырақтың механикалық құрамдарына байланысты тереңге және жан-жағына жайылып, дамуының кемшілігінен тапшылық көреді.

Құмдауыт топырақтарда жемістегенге дейін 30 смтереңдіктегі ылғалдың 70%, жемістенгенде 80%, қалған мерзімдерде, жемістену және жемістерінің пісіп, өнімдерінің жоғарылауы, сапасының жақсаруы үшін 90% ылғалдықты ұстау қажет, ал осындай ылғалдықтар жетіспесе, бұрыштар гүлдік бүршіктерін, гүлдерін түсіре бастайды. Әрбір суарудағы судың жылуы 16-17°С-тан төмен болмауы қажет.

Жарыққа қатынасы. Бұрыштар күн сәулесінің жарығына талабы жоғары дақыл болғандықтан, ашық танапты егістіктегі күн сәулесі жеткілікті орынды таңдаған дұрыс. Жарық жеткіліксіз болған жағдайда жапырақтары сарғайып, сабақтары сынғыш, морт сынғақ болып келеді және гүлдік бүршіктері мен гүлдері, жемістік түйіндері түсе бастайды. Күннің сәулесі көшеттерін өсіргенде 3-4-ші нағыз жапырақтары қалыптасқанға дейін өте қажет. Осы талаптар орындалса, келешекте жоғарғы сапалы өнім алуға болады.

Топырақтың құнарлы құрамына қатынасы. Бұрыштардың топырақ құнарлылығына талабы өте жоғары. Осыған байланысты, әрқашанда жеңіл борпылдақ құнарды топырақты таңдаған жөн. Топырақтың қышқылдығың сезгіш және төзімсіз, қолайлы қышқылдың РН 5,5-6-дан аспауы кажет. Осы қышқылдықтан артық болған жағдайда өсіп-өнуі төмендеп, ерте пісіп-жетілуі кешігеді және өнімділігі мен сапасы төмендейді, ал ауаның аңызақ ыстығынан өсімдік әр түрлі ауруларға шалдығады. Құнарлығы төмен топырақтарда жоғарғы сапалы өнім алу үшін екі-үш жылдық қарашірік пен минералды тыңайтқыштарды болгар бұрыш дақылына қарағанда 15-20%

артық енгізгенді тәжірибелі мамандар ұсынады. Бұрыштар үстемелеп қоректендірген тыңайтқыштарды тез сезініп, жайқалып өсе бастайды, ал жетіспеген жағдайда мезгілсіз азып-тозып қартая бастайды.

Жемістене бастағанда тамыржүйелерінің жеткілікті тереңдікке және жан-жағына жайылып, кең таралып дамуы үшін тыңайтқыштар, әсіресе фосфорлы тыңайтқыштардың ертіндісінің жоғарғы мөлшері қажет. Себебі тамыржүйесінің тездеп дамуына және гүлбүршіктерінің, гүлденуінің, жемістенуінің қалыптасуына өте жақсы әсерін тигізеді. Осымен қатар микроэлементтердің (бор, марганец, мырыш, йод, молибден, т.б.) жетіспеушілігіне өте сезімтал дақыл. Агрофондағы барлық қажетті тыңайтқыштар жеткілікті болып қолайлы жағдайында өсіп-өніп дамуы үшін алдын ала үстемелеп қоректендіруді қажет етеді

Бұрыштар - алқа тұқымдас, болгар бұрыш туысты, өз отанында көп жылдық, біздің елдің ауа райының жағдайына қарай бір жаздық мәдени дақыл.

Тамыр жүйелері ұсақ, түкті тамыршалары бар, топырақ қабатының 60-80 см тереңдігіне және 1 м диаметріне дейін таралып орналасады, ал құнарлы жеңіл топырақтарда 120-130 см-ге дейін ене алады, ал ауыр топырақтарды 35-50 см-ге дейін ғана.

Жапырақтары сабақты, сопақша, ірі жұмыртқа тәріздес, бет жағы тегіс, майлап қойған сияқты жылтырап тұрады.

Сабақтары өсіп-өну дәуірінің бастапқы кезенінде жұмсақ мәйекті, ал жемістене бастағанда және жемістері пісе бастағанында дөрекіленіп, буындары жуандап ағаштанып, қатайып, жемістерінің салмағын көтеріп, тірегішсіз күзге дейін сол қалпын бұзбай жемістенеді. Ащы бұрыш түптерінің сабақтары шашыраңқы, ал ащысынікі тікөседі, жапырақтары кішкене қандауыр тәрізді болып келеді.

Гүлдері доңғалақ тәрізді, дара, қосақталған немесе шоқталған, бес мүшелі, кейде жеті мүшелі, күлтелері ақ, сары, күлгін немесе ақ күлгін дақты. Әрбір жанама сабақтарының қолтығының жоғарғы жағында бірден, кейдеекі-үштен гүлдері кезектесіп, тоқтаусыз күзгі салқын түскенше қалыптасып, жемістене береді. Қолайлы жағдай болғанда бұрыштың өсіп-өну дәуірінде бір өсімдікте 30-дан 100-ге дейін, кейбір сорттарда 100-ден артық гүлдері қалыптасып жетіледі. Гүлдері қос жыныстыаналық және аталық жыныстары бір гүлдің ішінде өздігінен тозаңданады, кейде аралардың, жәндіктердің қатынасымен де тозаңданады. Тозаңданған гүлдерінің жемістенуінің кезеңі 25-30 тәулік, тағамға жасыл көк, ақ түсті күйінде жарамды, ал енді келесі 30-35 тәулікте әбден пісіп сарғайып, қызарып та жетіледі, осы кезеңде тұқымдары да пісіп жетіле бастайды. Жемістері жалған жидек бұршаққын тәрізді, ішкі қалқандарымен 2-4 ұялы болып бөлінеді, көлденең кесіндісінде осы қалқандарында тұқымдары көптеп қалыптасады. Бұрыш сорттары ерекшеліктеріне қарай жемістері салбырап төмен қарай, ал кейбіреулері жоғары қарай тік өсіп қалыптасады. Жемістері қалың қабықты (3-5 мм), онша шырынды емес, ал ащысынікі жұқа қабықты (1-2 мм). Жемістерінің сыртқы пішіндері әр түрлі сопақша, призма тәрізді, ұзын пілдің тұмсығы сияқты ұзындары да болады. Жемістерінің салмақтары 2-3 грамнан 300 грамға дейін. Тұқымдарының үлкендігі орташа салмақты, 1 грамында 150-300 дана, тұқымдарының айырмашылығы жоқ, пішіндері жалпақ, бүйрекке ұқсас, кішкене бұрыншасы бар. Сырты жылтыр, жасыл, ақшыл сары түсті, қоңыр немесе қызғылт сары, сары. Өсімділігі 3-4 жылға дейін сақталады.

Әдебиеттер

1. Насиев, Б.Н. Өсімдік шаруашылығы: Оқулық. / ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР жоғары оқу орындарының қауымдастығы. - Алматы, 2015. - 299б. http://rmebrk.kz/book/1156714
2. Кушенбекова, А.К., Нуфтуллина, Р.Р. Өсімдік шаруашылығы: 5В080100-"Агрономия", 5В080800-"Топырақтану және агрохимия", 5В081100-"Өсімдіктерді қорғау және карантин" мамандықтарының студенттеріне арналған зертханалық-практикалық жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқау. - Орал: Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2013. - 58б. http://rmebrk.kz/book/1158000
3. Амантаев, Б. Ө. Өсімдік шаруашылығы [Текст] : 5В080100- Агрономия маманд. студ. үшін зертханалық жұмысты орындауға арналған лабораториялық практикум / Б. Ө. Амантаев, А. К. Әлімбекова. - Шымкент. 2013ж
4. Амантаев, Б. О. Өсімдік шаруашылығы [Текст] : 5В080800- Топырақтану және агрохимия маманд. студ. арналған дәрістер жинағы / Б. О. Амантаев, А. А. Кашкаров. - Шымкент : 2013ж.
5. Суримбаева, К. А. "Өсімдік шаруашылығы" пәні бойынша СӨЖ ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқау [Текст] : 5В080100 - "Агрономия" маман. студенттері үшін / К. А.Суримбаева. - Шымкент : 0ҚМУ, 2015.

ӘОЖ 636.933

Қысым бетінің су өткізбейтіндігі алдын-ала аса тығыз бетоннан немесе темірбетон плиталардан жасалған бетон блоктарынан жасалған қалыптармен күшейтіледі; бөгеттің бетін торлы сылақпен жабу (бетон бетінде нығайтылған металл тор бойынша неғұрлым сенімді); битуммен немесе жабыстырылған изоляциямен, ал агрессивті су кезінде — асфальт сылақпен немесе басқа асфальт гидрооқшаулағыш.Төменгі бет, егер ол төгілмесе, көбінесе қаптамасыз қалады, бірақ аязға төзімді бетон қабаты бетке жақын орналасады, оны қатал климаттық жағдайларда арматуралық беткі тормен нығайтуға болады (диаметрі 16-20 мм болатын төрт шыбық 1 м табанға есептегенде). Шетелде берік тастан жасалған қаптама қолданылады.Бетон бөгеттерінің су төгетін беттері, егер иридесцентті су құмды және қиыршық тасты шөгінділерді алып жүрмесе және су төгетін жерден мұз өтпесе немесе мұз өте жұқа болса.Фильтрациялық кері қысымды төмендету және суды сүзудің зиянды физика-химиялық және механикалық әсерін болдырмау мақсатында бөгет денесінде дренаж ұйымдастырылады. Бұл құрылымның қысым бетіне жақын орналасқан тік (сирек көлденең көлденең қималы дренаждар жүйесі (бөгеттің үстіңгі бөлігінің биіктігінен 10-¼2, ең аз дегенде 2 м), егер ол төселсе, су өткізбейтін бетон қабатының артында. Тік дренаждардың диаметрі шамамен 20-30 см, кейде олар диаметрі 70-80 см болатын дренаждық шахталар болып табылады) және 2-4 м қадаммен орналасады.дренаждарға енген суды бойлық галереялар жинайды, олар биіктігі 20-30 м-ден кейін орналасады, сонымен қатар инспекциялық мақсаттарға қызмет етеді; галереялардың кюветтері арқылы су көлденең галереяларға немесе төменгі бьефке апаратын штольняларға жіберіледі. Сондай-ақ, құрылымның табанындағы галереяға су жіберіледі дренаж негіздер. Дренаждарды орнатудың заманауи әдістері бөгеттің денесін бетондау кезінде кеуекті бетоннан немесе болат құбырлардан жасалған құбырларды орнатудан тұрады, олардың сыртқы беті бетон қалау өсіп, бетондау аяқталғаннан кейін алынып тасталған кезде оларды көтеру үшін пайдаланылған маймен немесе қатты маймен майланған.

"Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2000 жылғы 30 қарашадағы nº 109-П Заңына сәйкес бағалау объектісінің нарықтық құны деп түсініледі "... осы бағалау объектісі бәсекелестік жағдайында мәміле негізінде, мәміле тараптары бағалау объектісі туралы барлық қолжетімді ақпаратқа ие бола отырып, ақылға қонымды әрекет еткенде, ал мәміле бағасында қандай да бір төтенше жағдайлар көрсетілмеген кезде иеліктен шығарылуы мүмкін ең ықтимал баға", яғни.:

- мәміле тараптарының бірі бағалау объектісін иеліктен шығаруға міндетті емес, ал екінші Тарап сатып алуға міндетті емес;
- мәміле тараптары мәміленің мәні туралы жақсы біледі және өз мүдделері үшін әрекет етеді;
- мәміленің бағасы бағалау объектісі үшін ақшалай сыйақының баламасын білдіреді және мәміле тараптарына қатысты бірде-бір тараптан мәміле жасауға мәжбүрлеу болған жоқ.

Әдебиеттер

1. Мурсалимова Э.А. Кадастровая оценка земель и недвижимости/Учебное пособие. – Алматы: «Агроуниверситет», 2006. – 118с.
2. Неумывакин Ю.К., Перский М.И. Земельно-кадастровые геодезические работы. – М.: «Колос», 2008. - 184с.

ӘОЖ 330.101

МЕМЛЕКЕТТІК ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК КАДАСТРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ МЕТОДИКАСЫ

Тәжібай А.Е. - АП-21- 6к3 оқу тобының студенті
Култасов Б.Ш.- ф.д, аға оқытушы

Мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрын жүргізу тәртібі кадастрлық ақпараттың құрылымын, құрамын және жылжымайтын мүлік тізіліміне кадастрлық ақпаратты енгізу ережелерін, сондай-ақ құрылымды, құрамы мен кадастрлық істерді жүргізу ережесін қамтыйды.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі № 310 Заңының қабылдануына байланысты «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және 2011 жылғы 25 наурызда күшіне енген Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» заңнама негізінде кешенді кадастрлық жұмыстар жүргізіліп келеді.

Кешенді кадастрлық жұмыстар түсінігінде, кадастрлық дегенді білдіреді, бір кадастрлық кварталдың аумағы немесе бірнеше іргелес аумақтарда орналасқан барлық обьектілерге қатысты бір уақытта орындалатын жұмыс.

Мүлікті жылжымалы және жылжымайтын мүлікке бөлу Рим құқығынан бастау алады және онсыз бірде-бір дамыған қоғам мен мемлекеттің болуы мүмкін емес, сол себепті жылжымайтын мүлік мемлекеттің негізі болып табылады. Сондықтан жылжымайтын мүлік ұғымы қалай түсіндірілетінін қарастыратын боламыз [1,2].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 117-бабының 1-тармағында бекітілген жылжымайтын заттарға - (жылжымайтын мүлікке) жер учаскелері, жер қойнауы учаскелері, оқшауланған су объектілері және жермен тығыз байланысты барлық мүлік, яғни мақсатына шамадан тыс зиян келтірілмей көшірілуі мүмкін болмайтын объектілер жатады. Жылжымайтын мүліктің айрықша ерекшелігіне оның жермен ажырамас байланысы болып табылады (бұл ретте жер учаскелері де жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылады), бұл өз кезегінде оның айтарлықтай құнын білдіреді.

Жер учаскелерінен тыс жылжымайтын мүлік әдеттегі мақсатын жоғалтады және сәйкесінше оның бағасы төмендейді. Арнайы питомниктерде өсірілетін ағаштаржылжымайтын мүлік ретінде қарастырылмайды. Бұл жерде орман питомнигі деген-ағаш және бұта түрлерінің отырғызу материалын өсіруге арналған мемлекеттік орман қоры аумағының учаскесі. Сонымен қатар, жылжымайтын затқа физикалық табиғаты бойынша жылжымайтын объектілер де кіреді.

Бұл дегеніміз әуе, теңіз кемелері, ішкі суда жүзу кемелері, жасанды жерсеріктер, ғарыш кемелері және магистральдық құбырлардың желілік бөлігі де жылжымайтын мүлікке тең деп танылады. Аталған мүлікті жылжымайтын мүлік ретінде заңды түрде тану (физикалық мәні бойынша ол жылжымалы болса да) оның қымбат екендігіне байланысты, сондықтан жылжымайтын мүлікке арналған арнайы тіркеу тәртібін қажет етеді.

Бұдан бөлек заңнамалық актілермен жылжымайтын заттарға өзге мүліктер де жатқызылады.

Жылжымалы мүлік – бұл жылжымайтын тәртіпке жатпайтын мүлік нақтырақ тоқталғанда ақшалай қаражат пен бағалы қағаздар. Заңнамалық актілерде белгіленген жағдайларды қоспағанда, жылжымалы заттарға

құқықтарды тіркеу міндеттелмейді.

Жылжымайтын мүлік нысандарын жер, тұрғын үй, коммерциялық немесеөндірістік мақсаттағы мүлік деп үш түрге бөлуге болады. Жылжымайтын мүліктің негізі бұл – жер. Жер кез-келген бизнесте маңызды фактор болып табылады [3].

Жылжымайтын мүлік объектілері келесі белгілері бойынша жіктеледі:

– шығу тегі бойына;

– мақсаты бойынша;

–ауқымы бойынша;

– пайдалануға дайын болуы бойынша.

Жылжымайтын мүлік объектісі ретінде жер учаскелерін кадастрлық бағалаудың қазіргі заманғы жүйесі оны жүргізу процесін қамтамасыз ететін қалыптасқан әдістемелік базаға негізделген. Барлық белгіленген мемлекеттік кадастрлық бағалау әдістемесінің деректері жер санаттары мен техникалық нұсқаулар Қазақстан Республикасының Ұлттық Экономика министрлігінің бұйрығымен бекітілген практикалық нұсқаулық болып табылады. Барлық қолданылатын әдістер жер жылжымайтын мүлік объектілерінің нарықтық құнын бағалау әдістеріне негізделген.

Жер учаскесінің кадастрлық құны-жер учаскесі қолданылып жүрген кезде оның құндылығын (пайдалылығын) көрсететін есептік шама.

Жер учаскелерінің кадастрлық құнын анықтау жылжымайтын мүліктің мемлекеттік кадастрын қалыптастырудың және жүргізудің ажырамас және маңызды бөлігі болып табылады, ол жер учаскелерімен жасалатын мәмілелердің кез келген түрлерін жүргізу кезінде, сондай-ақ жер салығы бойынша салықсалынатын базаны есептеу үшін қажет.

Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық құнын айқындау күні ол туралы мәліметтерді жаңадан құрылатын жер учаскелерінің кадастрлық құнын айқындау қажеттілігіне әкеп соққан жылжымайтын мүліктің мемлекеттік

кадастрына енгізу күні болып табылады.

Жер учаскелерінің кадастрлық құны жер учаскесі туралы негізгі мәліметтергеөзгерістер енгізілген кезде өзгеруі мүмкін, атап айтқанда:

- жер учаскесін рұқсат етілген пайдалану түрін өзгерту,

- жер учаскесін бір санаттан екінші санатқа ауыстыру,

- оның шекарасын нақтылау кезінде жер учаскесінің ауданын өзгерту.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жерді мемлекеттік кадастрлық бағалау 5 жылда кемінде бір рет және 3 жылда бір реттен жиі емес кезеңділікпен жүргізіледі.

Жердің кадастрлық құнынан басқа, нарықтық құн түсінігі бар. Бірінші жағдайда, кадастрлық бағалау мен нарықтық баға арасындағы негізгі айырмашылық объектілер тобының өзіндік құнымен, ал екінші жағдайда белгілі бір объектінің өзіндік құнымен анықталады. Бұл бағаға әсер ететін барлық факторларды

қарастыруға мүмкіндік туғызады. Кадастрлық және нарықтық құнын анықтау сұраныс пен ұсынысты, маусымдық және бәсекеге қабілеттілікті ескере отырып жасалады.

Әдебиеттер

1. Варламов А.А. Государственный кадастр недвижимости / А.А. Варламов,С.А. Гальченко. – М.: КолосС, 2014. – 679 с.
2. Аврунев Е.И. Проблемы кадастровый дятельности // Известия вузов. Геодезия и аэрофотосьемка.-2015. – с. 99-103
3. Антонович, К. М. Некоторые вопросы ведения кадастра в России [Текст] / К. М. Антонович, В. Н. Клюшниченко // Известия вузов. Геодезия и аэрофотосъемка. – 2015. – № 5/С. – С. 103–107.

ӘОЖ 502.338

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ АУДАНДАРЫН КАДАСТРЛЫҚ АЙМАҚТАРҒА БӨЛУ ЖӘНЕ ШЕКАРАЛАРЫН ГЕОАҚПАРАТТЫҚ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ АНЫҚТАУ

Тәжібек А. - АП-21-6к3 тобының студенттері
Онгарова А.Х. - аға оқытушы

Бұл мақалада Шымкент қаласының аудандарын кадастрлық аймақтарға бөлуді автоматтандырудағы геоақпараттық жүйелердің (ГАЖ) рөлі қарастырылады. Қаланың әкімшілік-аумақтық басқару тиімділігін арттыру мақсатында автоматтандырылған технологияларды қолдану қажеттілігі түсіндіріледі. ГАЖ құралдарының көмегімен шекараларды дәл анықтау, визуализациялау және олардың құқықтық бекітілуі процесі сипатталады.

Геоақпараттық жүйелер (ГАЖ),кадастрлық аймақтар, шекараларды анықтау, қала инфрақұрылымы, цифрландыру

Шымкент – Қазақстанның үшінші мегаполисі, халық санының өсуі мен урбанизация процесі қарқынды жүріп жатқан қала. Аудандық шекараларды анықтау және оларды кадастрлық аймақтарға бөлу қаланың тиімді басқару жүйесін құрудың маңызды қадамы болып табылады. Осы процесті дәстүрлі әдістермен орындау ұзақ уақытты талап етеді және қателіктерге әкелуі мүмкін. Осыған байланысты, геоақпараттық автоматтандырылған технологияларды қолдану өзекті болып отыр.

ГАЖ – кеңістіктік деректерді жинау, сақтау, өңдеу және талдау үшін қолданылатын технология. Қаланың аудандарын кадастрлық аймақтарға бөлу кезінде ГАЖ мынадай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- Картографиялық деректерді жинақтау және жүйелеу.
- Шекараларды анықтау және визуализациялау.
- Демографиялық және инфрақұрылымдық көрсеткіштерді талдау.
- Автоматтандырылған алгоритмдер арқылы аймақтарды жіктеу.

Зерттеу әдістері

Мақалада қолданылатын әдістер:

- Картографиялық талдау: Қаланың бастапқы карталары, спутниктік деректер және аэрофотосуреттер негізінде.
- ГАЖ платформаларын пайдалану: ArcGIS, QGIS немесе MapInfo қолдану арқылы кеңістіктік деректерді өңдеу.
- Автоматтандырылған алгоритмдер: K-means кластерлеуі, DBSCAN немесе шешім қабылдау ағашы негізіндегі алгоритмдер.
- Далалық зерттеулер: Жергілікті аумақты нақтылау және алынған шекараларды тексеру.

Нәтижелер

ГАЖ технологияларын қолдану арқылы келесідей нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- Шекараларды нақтылау: Спутниктік деректер негізінде шекараларды дәл анықтау.
- Кадастрлық аймақтарды бөлу: Табиғи, әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштерге сүйене отырып, аудандарды аймақтарға жіктеу.
- Жаңартылған карталар: Қала шекараларының интерактивті карталарын құру.
- Деректердің қолжетімділігі: Шекаралар туралы ақпаратты қоғамдық және әкімшілік пайдалану үшін қолжетімді ету.

Геоақпараттық автоматтандырылған технологияларды пайдалану Шымкент қаласының аудандарын кадастрлық аймақтарға бөлу процесін айтарлықтай жеңілдетеді және тиімді етеді. Бұл әдіс кеңістіктік

деректердің дәлдігін арттырып, уақытты үнемдейді және қаланың стратегиялық даму жоспарларын оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Жер ресурстарын басқару бойынша нормативтік-құқықтық актілер.
2. ArcGIS және QGIS жүйелерін қолдану туралы әдістемелік нұсқаулықтар.

ӘОЖ 330.101

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІҢ КАДАСТРЛЫҚ ЖӘНЕ МҮЛІКТІК БАҒАСЫ

Төреханқызы Н.- АП-21-6к3 оқу тобының студенті
Култасов Б.Ш.- ф.д., аға оқытушы

Нарықтық экономика элементтері арасында өндіріс құралы ретінде қолданылатын (жер, әкімшілік, өндірістік, қоймалық, сауда және басқа да ғимараттар мен құрылыстар) және тұтыну объектісі болатын (жер телімдері,тұрғын үйлер, саяжайлар, пәтерлер, гараждар) жылжымайтын мүлік маңызды орын алады [1]

Жылжымайтын мүлік бұл саны бойынша халықтың меншігіндегі елдің ұлттық байлығының негізі. Сонымен қатар шаруашылық қызметтің және меншіктің барлық формалары мен кәсіпорындардың дамуының базасы ретінде қолданылады. Қазіргі уақытта, Қазақстанда жылжымайтын мүлік нарығының дамуымен байланысты көптеген азаматтар, кәсіпорындар және ұйымдар жылжымайтын мүлік операцияларына белсенді түрде қатысуда.

Мемлекеттік және муниципалды меншіктерді жекешелендіргенде, бос ғимараттарды жалға бергенде, тұрғын үйлерді сатқанда және сатып алғанда жылжымайтын мүлік талқыланатын маңызды мәселе болып табылады. Жылжымайтын мүлік нарығы тауар немесе қызмет көрсету және қаржылық нарықпен бірдей нарықтық кеңістікті құрайды. Жылжымайтын мүлік кепілдігі еліміздің несиелік жүйесінің құрылуының маңызды шарты.

Жылжымайтын мүлік нарықтық қатынастардың барлық жүйесінің орталық звеносын құрайды. Жылжымайтын мүлік объектісі адамдардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыратын тауар ғана емес, табыс әкелетін капитал болып саналады. [2]

Кең мағынада жылжымайтын мүлік екі негізгі элементтен тұрады: жер және ғимарат.

Дамыған елдер жылжымайтын мүлікті бағалау мен пайдалануда жақсы нәтижелер көрсетіп, осыған байланысты жылжымайтын мүлікті бағалау мен талдау әдістері жасалған. Жылжымайтын мүлікті бағалау курсы Қазақстандаарнайы мамандарды дайындайтын жалпы кәсіптік-экономикалық пән болып табылады. Бұл бағыт республикада жүргізіліп жатқан экономикалық реформалар жағдайында жылжымайтын мүлік саласындағы нарықтық механизмдердің құрылуын қамтамасыз ететін жаңа бағыт болып табылады.

«Жылжымайтын мүлік» түсінігінің түрлі анықтамаларын көрелік.

«Жылжымайтын мүлік бұл – жерден тұратын кез келген мүлік және оның жақсартулары мен ғимараттар».

«Жылжымайтын мүлік бұл – нақты жер және барлық материалдық меншік. Материалдық меншік ұғымы жер астындағы, жер үстіндегі және жер бетінде орналасқан мүліктерді қамтиды».

«Заң бойынша жылжымайтын мүлікке әр түрлі пайдаланылатын жерлер,үйлер, ауыттар, фабрикалар, дүкендер, түрлі құрылыстар және бос аула орындары, сонымен бірге емір жолдар жатады». [3]

Келтірілген барлық анықтамалар жермен байланысты болып келеді. Бірақ «жылжымайтын мүлік» түсінігінің мәнін анықтап алуымыз қажет. Жалпы жылжымайтын мүлік табиғи қалыптасқан (жер учаскелері) немесе адам қолымен жасалған (ғимараттар, құрылыстар) материалдық объектілерді, яғни меншік объектілерінің физикалық мәнін қамтиды.

Негізінен жылжымайтын мүлік түсінігі объектінің физикалық сипаттамасынан гөрі оның құқықтық қатынастарын көбірек анықтайды. Жылжымайтын мүлікті бағалау – экономикалық талдаудың қолданбалы ғылымы, яғни меншікті экономикалық жағынан тиімді қолдану, сәйкес нарықта сұраныс пен ұсыныстарды зерттеу және бағалау объектісінің ықтимал нарықтық құнын анықтау болып табылады.

Мүліктің құнын бағалау нақты бір мақсатпен жүргізіледі (сатудың бағасын анықтау, ипотекалық несиені алу, мүлікті сақтандыру және т.б.).

Бұл мақсат, бағалаудың тағайындалуы деп аталады. Құнның әр түрлі анықтауларын қолдағанда, мүліктің құны әр түрлі болады. Мысалы, оттан сақтандыру мақсатында құнның бағалануынан ерекшеленеді. Бірінші жағдайда, құнның мөлшері құрылғылардың элементтеріне кеткен шығындармен, ал екінші жағдайда, ипотекалық несие бойынша төлемдердің тоқталу жағдайында, объектіні сату үшін нарықтағы мүмкін болатын бағамен анықталады.

Бағалау қызметі ғылымының негізінде, бағалау бойынша кез келген тапсырманы орындау үрдісін қадағалайтын бірқатар қағидалары бар.

Жылжымайтын мүлікті бағалау қағидалары:

- тұтынушы көзқарасына негізделген;
- нарықтық ортамен;
- меншікті пайдаланумен байланысты қағидалар.

Тұтынушының көзқарасына негізделген қағидалар. Бұл топ мынандай қағидаларға ие: пайдалылық, орын басу, күту. [4]

Пайдалылық қағидасы. Меншік объектілерінің иемденуге қабілеті жоқ болса, онда олардың құны болмауы мүмкін. Сондықтан потенциалды меншікті иеленушіге пайдалы болған кезде ғана мүліктің кешеннің құны болады.Орын басу қағидасы. Иесінің қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын және табыс әкеле алатын барлық меншік объектілері, өзінің әр түрлілігіне қарамастан, бір-бірімен байланысты болып келеді. Күту қағидасы. Инвестор объектіге қаражатты салып, ол меншікобъектілерінен болашақта табыс күтеді.

Нарықтық ортамен байланысты қағидалар – бұл сұраныс пен ұсыныс арасындағы сәйкестік, бәсеке, құнның өзгеруі.

Сұраныс пен ұсыныс арасындағы сәйкестік қағидасы. Мүлікке деген бағаның өзгеруі сұраныс пен ұсыныс шамаларының өзгеруіне тәуелді.

Бәсеке қағидасы. Жал шарты немесе мүлікті сатып алу не сату мәмілелерін жасайтын жалгер мен жал берушілер, сатушылар мен сатып алушылар арасында, жылжымайтын мүлік нарықтарында бәсеке пайда болады.

Әдебиеттер

1. Варламов А.А. Государственный кадастр недвижимости / А.А. Варламов,С.А. Гальченко. – М.: Колос С, 2014. – 679 с.
2. Аврунев Е.И. Проблемы кадастровый дятельности // Известия вузов. Геодезия и аэрофотосьемка.-2015. – с. 99-103
1. Антонович, К. М. Некоторые вопросы ведения кадастра в России [Текст] / К. М. Антонович, В. Н. Клюшниченко // Известия вузов. Геодезия и аэрофотосъемка. – 2015. – № 5/С. – С. 103–107.
2. Гендельман М.А., Қырықбаев Ж.Қ. Жерге орналастырудың және кадастрдың ғылыми негіздері: Оқулық – Астана,2014.

ӘОЖ 619:616 (077,1)

ҚОЙ, ЕШКІ МАЛДАРЫНЫҢ БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫН АДАМҒА ЖҰҒУЫН БОЛДЫРМАУ ЖӘНЕ КЕШЕНДІ БАЛАУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСТАРЫН ЗЕРТТЕУ.

Тулегенова Ш.М.АП-20-8к3 тобы студенті.
Тұтқышбай И.А.– в.ғ.к., доцент, РЖА профессоры

Кіріспе. Уақ малдардың (қойды, ешкі) бруцеллезден сау шаруашылықтарда сақтандыру кезінде өзіне тән көптеген ветеринарлық санитарлық, диагностикалықғылыми-зерттеу жұмыстарын атқарады, түрлі ветеринария мамандықтарының мекеме қызметкерлері.

Ірі қара малын бруцеллезге қарсы антиденені анықтау үшін серологиялық тесттердің (КБР, КҰБР, АР, РБС, СР, ИФТ) сезімталдығы салыстырмалы зерттелді. Нәтижесінде ірі қара бруцеллезін балау үшін Сайдулдин реакциясының жоғары сезімталды тест екендігі анықталды. Оның нәтижесі АР, КҰБР және РБС қосынды көрсеткіштерінен асқандығы дәлелденді. СР мен ИФТ оң нәтижелері толық сәйкес келді. СР диагностикалық тесттер кешенін (АР, КҰБР, РБС) ауыстыра алады.

Республикамызда малдарды бруцеллез ауруына қарсы тексеру 2004 жылғы ветеринария Департаменті бекіткен әдістемелік нұсқау бойынша серологиялық реакциялардырозбенгал антигенменпластинкадағы агглютинация реакциясы (ПРА), агглютинация реакциясы (АР), комплементті байланыстыру реакциясы (КБР), комплементті ұзақ байланыстыру реакциясы (КҰБР), сүтті сақиналы реакциясы (СР), сонымен бірге иммуноферменттік анализ (ИФА) реакцияларын қолдану арқылы жүргізіледі. Иммунологиялық зерттеулермен серологиялық диагноз, қою кездерінде тиісті антигендермен антителаларды анықтау үшін әртүрлі реагенттер қолданылады. Антителалық эритроцитарлық сарып диагностикумдарын дайындау үшін,әртүрлі химиялық байланыстырғыш агенттер қолданылады.

Кейбір малдарда бруцеллез ауруы көбінесе жасырын түрде өтеді. Соған байланысты алғашқы кездерде аурудың клиникалық белгілері тұрақсыз, белгісіз жәнеде әр малда әртүрлі болып келеді.Төменде сол агенттердің көмегімен күшті, сезімтал әрі өзіндік тән антителалық сарып диагностикум дайындау жолдары көрсетіледі. Бруцеллез ошағындағы алдын алуға қолданылатын іс шараларын зерттеп, ғылымда, өндірісте кеңінен қолдануға мүмкіншілік жасау.Сол себепті біздің алдымызға қойған басты мақсат – індетке қарсы шаралардың жүзеге асырылуының тиімділігін арттыру, шаруашылықтарда бруцеллез індетінің жағдайын болжау, малды тірілей балауда жедел зерттеп анықтау[1].

Зерттеу нысаны мен әдістері;Зерттеу әдісі болып емнің салыстырмалы тиімділігі, зерттеу әдістері мен төлдерін клиникалық жағдайына, аурудан айығу мезгіліне, дене салмағының өзгеруінде. Қой мен ешкі малдардың бруцеллез ауруының індеттанулығы, шығу көздері, аурудың белгілері, ауруды анықтап алдын алу

шаралары жөнінде бірқатар ғылыми тәжірибелік жұмыстар атқарылғаны белгілі. Малдәрігерлік ғылымы мен өндірістің әлі де болса толық шешімін таппаған мәселеге айналып отыр, жұмысымызда ғылыми-зерттеу әдістемелер нәтижесі анықталып алынды.

Өзіндік зерттеулер;Бруцеллаларды өсіріп бөліп алуға арналған жасанды қоректік орталардың ішінде ең қолайлысы және ұтымдысы ол тығыз коректік орталар болып саналынады. Тығыз қоректік орталарда микробтар жеке-дара колония күйінде өседі де, соның аркасында ешқандай өзгеріске ұшырамайды. Қоздырғышты таза және дер кезінде бөліп алу үшін сұйық, қоректік ортадан тығыз ортаға бруцеллаларды небәрі 2-3 тәулік өткеннен соң қайта егу керек.

ЕТ суы. Жаңадан алынған ірі қара мал етін сүйегінен, майынан, сіңірінен тазартып ет жаншығыштан өткізеді.Осылай дайындалған 500г фаршты 1л суда 15 сағаттай салқын жерде ұстайды. Қоспаны 30-40 минут қайнайды, содан соң мақта қойылған дәке арқылы өткізеді. Егер ет суын күні бұрын дайындау керек болса, онда қоспаны 20 минут 12О0С температурада зарарсыздандырады.

ЕТ - пептон сорпасы. 1л ет суына 10г құрғақ пептон және 5г химиялық таза хлорлы натр (NaCP) қосады.

Қоспаның рН-ын 7,5 дейін жеткізеді, содан соң 20 минут қайнатады, қағаз филтірі арқылы өткізеді де тазартылған колбаларға құйып 115-1200С температурада 20 минут зарарсыздандырады. Автоклавта осылайша зарарсызданғаннан ет-пептон сорпасының рН-ы 7,2 болуы шарт.

ЕТ - пептон агары. 1л ет суына 10г құрғақ пептон, 5г химиялық таза ас тұзы және 25г агар-агар қосады. Қоспаның рН-ын 7,5-ке дейін қышқылдандырады да агар-агар толық еріп біткенше қайнатады, содан соң бутулдарға бөліп құяды да 15-20 минут 110°С-да зарарсыздандырады.

Қой, ешкі малдарының бруцеллезбен күрес шараларының тиімді болуы ең бірінші бұл індетті дер кезінде ауруды алдын алу шаралары жөнінде бірқатар ғылыми тәжірибелік зерттеу жұмыстар, ұсыныстар атқарылған, әрі нақты балауға да байланысты.

Биосынама қоян мен теңіз шошқаларына қойылды. Бөлініп алынған шоғырлардың биологиялық құрамы, «Малдардың бруцеллезін балау әдістемелік нұсқасына» (1998) сәйкес зерттелді.

Нәтижесін анықтау; Анықтау үшін Агглютинация сынағымен зерттеу тиімділігі айқындалынып нәтижесінде ауруды басқа тәсілдерге қарағанда едәуір жедел балау мүмкіндігі сол сияқты сарыптан сауықтырудың жағдайы талданады [2].

Қой мен ешкі сүтін тексеру әдісі сезімталдығы жағынан басқа серологиялық сынағы әдістерден қалыспайтындығымен, ал ең бастысы оңай әрі тез арада жауап алуға болатындығымен және тәжірибелік қарапайымдылығы мен ерекшеленеді.

Екінші сатының шарты бойынша 5%-тік эритроциттердің 1 көлеміне, 1:100 немесе 1:150 қатынастағы бруцеллез сарысуының 1 көлемін өосып мұқият араластырып, 50С температурада 60-80 минут ұстайды. Мұндада антитела отырғызылған эритроциттерді 3 рет жуғаннан соң реакцияға қолдана беруге болады. Бруцеллез антителелық диагностикумын амидолдың көмегімен алу жолы.

Бұл әдіс, бруцеллез антителалық диагностикумдарын дайындау жолындағы өте сенімді әдістердің бірі болып саналады. Амидол фенол группасының өкілі. Химиялық қасиеті жағынан белоктарды бір бірімен байланыстыра алатын қабілеті бар. Сондықтанда амидолдың көмегімен бруцеллез антителаларын немесе гамма глобулиндерді эритроциттермен байланыстыру әдісімен іске асыруға болады.

Қорыта айтқанда: Бруцеллез ауру жоқ шаруақожалықтарында қой, ешкі малдардың бұл індетке шалдықпауын қамтамасыз ету үшін ең бастысы малдәрігерлік санитарлық және зоогигиеналық тәртіпті қатаң жүргізу керек. Мәселен, әрбір мал өсіріп сүт өндіретін қожалықтардағы малдар (қой, ешкі) екінші бір қожалық малдармен қосылып кетпес үшін сыртынан шарбақпен қоршалуы тиіс. Фермаға кіріп шығу үшін малдәрігерлік санитарлық өткізгіш пункті жасалынуы керек. Ол үшін фермаға кіретін жерден машина тракторлардың доңғалағын зарарсыздандыратын дарбазаның енімен бірдей, ұзындығы 10 метр тереңдігі 40 см етіп цементтелген дезкедергі шұңқырлары жасалынады. Ондай шұңқырларды, дезинфекциялайтын ерітіндімен (3%формальдегид 3% -тін каустикалық сода және 10-15%-тік астұзы) толтырып отырады.

Сол сияқты, фермаларға және де мал қораларына кіретін дәліздерге ұзындығы 1,5тереңдігі 15см етіп дезинфекциялайтын кілемше төселінеді. Бруцеллез ауруынан сақтандырудың ең басты шарттарының бірі ол отардағы (отардағы) қой, ешкі малды жаңадан әкелінген малдармен арнайы нұқсауларды басшылыққа алу болып саналады. Отарды тек ғана бруцеллезден сау шаруашылықтан алынған малдар мен немесе сол шаруашылықтың өзіндегі бруцеллезден сау жетілген қой ешкі немесе қозыларды қосу арқылы толықтыруға рұқсат етіледі.

Бруцеллез сынамаға белгі берген малдарды бөліп алып, диагностикалық союға жіберіп, соңынан патологоанатомиялық және серологиялық, бактериологиялық зерттеулер арқылы, ал өлген қой, ешкімалдарды мұқият жан жақты тексеру жүргізуі қажет.

Әдебиеттер

1. Жұмаш А.С., Тұтқышбай И.А.Үй жануарларын түрлі кеселден сақтайық Алматы, 2013ж.- 33 б.
2. Жанбырбаев М.,Тұтқышбай И.А.,Қанжигитов Е.К.,Тен В.Б.,Бердіқұлов М.А. Методы и средства борьбы с инфекционными и паразитарными болезнями животных. Методические рекомендации ЮК НИВС 2001-2005гг. ЮЖ.Каз.ЦНТИ, Шымкент 2005г. Протокол №13,7.20.10-2005г.– с 12.

ӘОЖ 541.18

ҚАЛАЛЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Турехан Б. А. – АП-21-6к4 тобының студенті
КенжалиеваГ.Д. - т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Қалалық жерлерде мониторинг жүргізу – бұл қаланың әртүрлі аспектілерін бақылау, талдау және бағалау процесі. Қаланың дамуы, экологиясы, қоғамдық қауіпсіздік, инфрақұрылым, көлік жүйесі, әлеуметтік қызметтер сияқты маңызды факторларды зерттеу қалалық басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Мұндай мониторингтің негізгі ерекшеліктері мен аспектілерін талқылауға болады:

1. Көлік және көлік инфрақұрылымы. Қалалық көлік жүйесі – қала өмірінің негізгі бөлігі. Бұл мониторинг жүргізу қаланың көлік ағынын, жолдарды пайдалану, қоғамдық көлік жұмысы мен көлік кептелістерін бақылауға мүмкіндік береді. Талдау нәтижесінде көлік инфрақұрылымын дамыту үшін нақты шаралар қабылданады.

2. Экология мен қоршаған орта. Қалаларда ауаның ластануы, су және жер ресурстарының ластануы – маңызды мәселелердің бірі. Қалалық мониторинг бұл параметрлерді бақылап, экологиялық жағдайды жақсарту үшін қажетті шараларды анықтауға көмектеседі. Қаланың жасыл аймақтарын сақтау мен қалпына келтіру үшін де мониторинг маңызды рөл атқарады.

3. Қоғамдық қауіпсіздік. Қаладағы қоғамдық қауіпсіздікті мониторингтеу қылмыс деңгейін бақылау, қауіпсіздік шараларын талдау, өрт қауіпсіздігі және төтенше жағдайларды басқаруды жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл қоғамның тұрақтылығы мен өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді.

4. Әлеуметтік инфрақұрылым мен қызметтер.Қалалардағы денсаулық сақтау, білім беру, тұрғын үй мен әлеуметтік қызметтер мониторингі тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған. Бұл жүйе арқылы білім беру мекемелерінің сапасын, медициналық қызметтердің қолжетімділігін және тұрғындардың әлеуметтік қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында шешімдер қабылданады.

5. Қала дамуы мен құрылыс. Қала дамуындағы құрылыс жобалары, жаңа тұрғын үй кешендері, бизнес орталықтары мен басқа да құрылыс жобаларының әсері мониторингте маңызды орын алады. Қаланың құрылысын және оны басқаруды тиімді ету үшін қазіргі құрылыс жобаларының әлеуметтік, экономикалық және экологиялық әсерін бақылау қажет.

6. Ақпараттық технологиялар мен деректерді пайдалану. Қалалық мониторингті жүргізу үшін заманауи технологиялар мен деректерді талдау құралдары маңызды рөл атқарады. Географиялықақпараттықжүйелер (GIS), сенсорлар және деректерді жинақтау платформалары арқылы қала өмірінің әртүрлі аспектілерін бақылау мүмкіндігі артады. Бұл технологиялар әртүрлі деректерді нақты уақытта алу және талдау арқылы тиімді шешімдер қабылдауға көмектеседі.

7. Жергілікті тұрғындардың қатысуы. Қалалық мониторингті жүргізуде тұрғындардың қатысуы маңызды. Олар өз аудандарының мәселелері мен қажеттіліктері туралы нақты ақпарат бере алады. Қала тұрғындарының пікірін ескеріп, басқару шешімдерін қабылдау қала өмірінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Т.М.Блисов Б 69 Жер кадастры: Оқу құралы - Қостанай: А.Байтурсынов атындағы ҚМУ, 2015. – 94 б.
2. European Journal of Natural History - Scientific Journal - ISSN 2073-4972 (world-science.ru)

ӘОЖ 378(075,8) 576,8

ЖАНУАРЛАРДЫҢ ДИКТИОКАУЛЕЗ АУРУЫНАН ЗАҚЫМДАНУ ТУЫНДАЙТЫН ЗАРДАПТАРЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ АУРУДЫ ЕМДЕУДЕ ПРЕПАРАТТАРДЫҢ ТИІМДІЛІК ӘСЕРІН АНЫҚТАУ

Турсунова М. - АП-20-8 дк2 тобының студенті
Байжанов К.С. - а.ш.ғ.к., доцент

Күйістілер диктиокаулезінде олардың клиникасы әртүрлі, инвазияның интенсивтілігі малдың жасына байланысты, негізінен бронхиттер және бронхопневмония түріндде өтеді. Ересек малдар паразиттің тасымалы болады, содан соң ауру клиникасы білінбей өтеді. Жас малдарда біршама ауыр өтеді (Акбаев, Водянов, Косминков, 2000) [1].

М.М. Шахмурзованың(1981), деректеріне қарасақ диктиокаулез ауруы бұзаулармен және қозыларда бронхопневмония түрінде өтіп өлімге алып келіп соқтырады. Ауырған малда температура көтерілуі байқалады (41 -41,5 С дейін), дем алу тез-тез болады және жүректің ұруы, жөтел, аппетитің жоқтығы, әлсіреу, жалпы арықтап кетеді. Аурудың ауыр түрінде жұтқыншақ қабынып ісіп кетеді, жақт аралығындада ісіктер пайда болады[2].

P. Lekeur, R. Hajer, H.I. Breukin (1985), малдарға байқау жүргізгенде, диктиокаулезбен зақымданғанын өзгерістерді анықтап клиникалық белгілерімен бронхиттің жіті түрін салыстыра отырып айқындады. Өкпенің қызметі едеуір өзгергенін зақымданған соң 2-3 аптадан кейін, максимальды өзгерістерді 5 аптадан соң анықтады: демалу көлемінің мтөмендеуі, өкпенің эластикалық қозғалысы, артериалық қанның оттегілк қысымы төмедеді, өкпенің демалу қозғалысы және минуттық вентиляция көтерілді. Бұдан басқа ішкі плевральдық қысымның өте жоғары дәрежеде вариабельностігі өзгерді, өкпенің жалпы резистентілігі және демалуға кеткен жұмысыда өзгеріске ұшырады. Диктиокалездің абортивтік түрі күрделенуі мынадай себептерден тұрады күйістілердің диктиокаулезін тудыру бірғана қоздырушысы емес қоздырушылардың екі немесе оданда көп түрлері болып ассоциативтік ауруға айналатыны белгілі болды[3].

Бұзау диктиокаулезы (Өкпе қылқұрт ауруы) Ірі қара гельминтоздары ішіндегі ең қауіптісі әрі шаруашылық экономикасына едәуір зиян келтіретіні өкпе қылқұрт ауруы - диктиокаулез. Кейбір шаруашылықта бұзаулардың бірқатары жыл сайын осы дертке шалдығып, өлім-жітімге ұшырап отырады. Өкпе қылқұрт төлге жауын-шашыны мол айларда жаппай жұғады. Ал аурудан айыққан бұзаулар көпке дейін қоңдана алмайды, олардың өсу қарқыны баяулап, басқа індеттерге қарсылығы нашарлайды.

Қоздырғышы. Өкпе қылқұрты - Dictyocaulus viviparus(Bloch,1782) деп аталады, ол ірі қара, қодас, зебу, зубр, бизон сияқты малдардың ауатамырлары мен кеңірдегінде мекендейді. Жұмыр құрттың денесі жіңішке, түсі ақшыл сары, оның екі шеті сүйірленіп біткен. Еркегінің ұзындығы-1,7-4,3 см, спикулалары тең, қысқа қоңыр түсті; ұрғашысының тұрқы – 2,3-7,3 мм; тыныс тесігі денесінің орта шеніне орналасқан.

Өсіп-өнуі. Ересек қалпына жету үшін құрт бірнеше сатыдан өтеді. Өкпені жайлаған ұрғашы құрттар алдымен жұмыртқа салады. Мал жөтелген кезде олар қақырықпен бірге ауызға келіп түседі. Оны мал қайтадан жұтады. Ішекте жұмыртқадан балаңқұрт босайды. Личинкалар ірі қараның нәжісімен бірге сыртқа шығып, жайылым отын, шөп пен суды, мал қораларын және т.б. жерлерді ластайды. Сыртқа шыққан балаңқұрттар бастапқы кезде малға қауіпті емес. Малды ауруға шалдықтыру үшін олар екі рет түлеуге тиіс. Ал олар түлеу үшін ауаның жылылығы мен ылғалдылығы белгілі бір дәрежеде болуы шарт. Мәселен, 25^0 жылылықта олар 3 тәулікте түлейді. Күн салқындаған сайын түлеу мерзімі де (11 тәулік, кейде одан да ұзағырақ) ұзара түседі. Ауа райы қолайлы болса, личинканың түлеуі үшін 5-7 күн керек. Ауаның температурасы 10^0-тан төмен не 30^0-тан жоғары болса, балаңқұрт жұқпалы сатысына дейін өсіп-жетіле алмайды.

Бұзау түлеп жетілген балаңқұрттарды азықпен немесе сумен бірге жұтып зақымданады. Мал денесіне енген балаңқұрттар әуелі ащы ішектің ішкі қабығына, одан әрі сөл және қан тамырлары арқылы өкпеге ауысады. Мұндайда олар қан қылтамырларын тесіп шығады да, алдымен альвеолалар мен ауатамыршаларға, сонан соң ауатамырлар мен кеңірдекке ығысады. Мал жұтқан кезінен бастап есептегенде ұрпақ сатысынан ересек құртқа айналуына шамамен 25-26 күн керек. Өкпе құртының бұзау денесінде тіршілік етуі 2 айдан 1 жылға дейін созылады. Ал оның өмір сүру мерзімінің ұзақтығы, ең алдымен, бұзаудың азығы мен күтіміне, сондай-ақ физиологиялық күйіне байланысты.

Эпизоотологиясы. Ірі қараға ауру әдетте жайылымда жұғатынын атап көрсеткен жөн. Мал үшін ластанған өріс, суат, жем-шөп қауіпті болып саналады. Балаңқұрттар жануар денесіне ену үшін нәжістен бөлініп шығуы тиіс. Бұған жауын-шашын, тұман, таңғы шық едәуір қолайлы жағдай туғызады. Себебі олар ылғалды қи-тезектен шапшаңдықпен шыға бастайды. Әдетте олардың қозғалысы баяу келеді. Ал жауын-шашын күндері балаңқұрттардың көпшілігі жорғалап барып өсімдікке жармасады. Олардың жайылымға тарауы да біркелкі емес, бұл жалпы алғанда –шөптің биіктігіне, тәулік мерзіміне, ауа райына және т.б. жағдайларға байланысты.

Аурудың өрбуі. Балаңқұрттар жануар денесін шарлап жүріп, ішектің, қан мен сөл тамырларының, өкпенің және басқа мүшелер мен ұлпалардың тұтастығын бұзып, микробтарға жол ашады, сөйтіп екінші бір аурудың тууына себеп болады. Ал ересек құрттар ауатамыршаларды бітеп, өкпе бөліктерінің солуына дейін әкеп соғады. Ал, құрт тым көп болса, олар шоғырланып, ірі ауатамырларын немесе кеңірдекті бітеп тастап, малды тұншықтырып өлтіруі мүмкін.

Диктиокаулезге шалдыққан жануардың өкпесі ғана қабынып қоймайды, сондай-ақ ауру асқынған кезде оның денесіндегі зат алмасу процесі де өзгереді. Малға оттегі жетіспейді, қоректік заттардың қортылуы нашарлайды, бұдан ірі қара арықтайды, температурасы көтеріледі, орталық жүйке жүйесі күйзеледі, яғни дерттің сыртқы белгілері күшейе түседі.

Сырт белгілері. Өкпе қылқұрт ауруы 1 жасқа толмаған төлде айқын әрі жиі, 1 жастан 2 жасқа дейінгі бұзауда сирек, ал ересек малда өте сирек кездеседі. Оның белгілері тыныс алу жолындағы нематодалардың аз-көптігіне және жануардың жалпы күйіне қарай әр түрлі. Аурудың клиникасын екі түрге бөлуге болады: өкпе құрттан ауатамырларының қабынуы-бронхит және ағза ұлпалары мен бронхтардың қабынуы-бронхопневмония.

Анықтау.Жоғарыдағы аталған клиникалық көріністер біліне тұрса да, бұған сүйеніп диктиокаулезды анықтау қиынға соғады, өйткені мұндай белгілер басқа ауруларда да кездеседі. Жануардың қандай дертке шалдыққанын дәл білу үшін зертханада гельминтологиялық әдіспен өкпе қылқұрттарын табу керек. Оларды іздеу мақсатында нәжісті ірі қараның көтен ішегінен алады. Әр малдан сынауға алынған нәжісті Берман аспабына салып, онда 16-18 сағат сақтайды. Аспапқа нәжісті әдетте кешке қарай салады да, ал қорытындысын келесі күні таңертең біледі. .

Егер түлікте диктиокаулез қоздырғышы болса, онда оның нәжісінен балаңқұрттар табылады. Микроскоп аясынан қарағанда жыбырлаған тірі личинкаларды көруге болады. Біраз күн жатып қалған нәжісті зерттегенде құрттардың түлей бастағандығы, яғни бірнеше қабат (бір немесе екі) қабық пайда болғандығы байқалады: бұл қабықтар әсіресе бас және құйрық жақтарында жақсы аңғарылады.

Емі. Диктиокаулезды емдеуде бірнеше дәрі-дәрмектерді пайдаланады

Ауру асқынып, меңдеген шақта дегельминтизация бастапқы кезде ешқандай нәтиже бермеуі мүмкін. Мұндай жағдайда антибиотиктер, сулфаниламидтер, т.б. беріп, алдымен түлікті біраз емдеп алған дұрыс. Сонымен қатар, ауру бұзауды сапалы азықпен қамтамасыз етсе, дәрінің емдік әсері күшейе түседі. Тіпті, диктиокаулезға ұшыраған бұзауды ұдайы тойындырып отырса, ол ешбір ем-домсыз-ақ дертінен айығып кетеді. Емдеу неғұрлым ерте, кесел асқынбай тұрып жүргізілсе, жануар аурудан тез сауығады[4-5].

Әдебиеттер

1. М.Сабаншиев Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары: оқулық / Г.Шабдарбаева, Т.Сүлейменов, М.Қожабаев, М.Бердіқұлов – Шымкент: 2010. -500б.
2. М.Қожабаев Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары: оқулық / А.Т.Кузербаева, К.С.Байжанов – Шымкент: 2020. -176-180 б.
4 ЕсімбекЖ.М.Арахноэнтомология - Шәкәрім атыңдағы Семей мемлекеттік университеті /Ж.М.Есімбек-Новосибирск,2002.-160с.
5 Астафьев, Б.А. Проблема лекарственной резистентности возбудителей паразитов / Б.А. Астафьев, Л.С. Яроцкий, М.Н.Лебедев// - М.: Наука, 2010. – С.23-41.
6 Достоевский, П.П. Справочник ветеринарного врача / П.П.Достоевский, Н.А. Судаков. – Киев: Урожай, 2012. – С.35-41.

ӘОЖ 595.792.

ЖОҢЫШҚА ДАҚЫЛЫНЫҢ ЗИЯНКЕСТЕРІМЕН КҮРЕСУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІН АНЫҚТАУ

Тұрлыбай Н.А.- АП-21-9к тобының студенті, **Кадырова М. Р.-** АП -22 -2к тобының студенті
Елибаева Г.И.- б.ғ.к., доцент

Кіріспе. Жоңышқа (Medicago Sativa) - бүкіл әлемдегі ауылшаруашылығында қолданылатын ең маңызды жемшөп дақылдарының бірі. Оның жоғары тағамдық құндылығы және топырақ құрылымын жақсарту мүмкіндігі бұл мәдениетті мал шаруашылығында шешуге болмайды. Алайда, жоңышқаны сәтті өсіру зиянкестердің әртүрлі түрлерінен туындаған қиындықтармен байланысты, бұл егінге айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін көптеген қиындықтармен байланысты. Бұл мақалада біз жоңышқа салаларындағы зиянкестердің санын тиімді бақылаудың негізгі тәсілдерін, оның ішінде алдын-алу шараларын, биологиялық және химиялық әдістердің негізгі тәсілдерін қарастырамыз.

Жоңышқаның негізгі зиянкестері:

Жоңышқаның ең қауіпті зиянкестері келесі түрлер болып табылады:

1. Жоңышқа тласы - (Acyrthosiphon Pisum) - бұл өсімдік шырындарында тамақтандыратын, жапырақтардың сарғысы мен мәдениеттің өсуін баяулататын кішкентай жәндіктер.
2. Жоңышқа бізтұмсығы - (Sitona lineatus) -личинкалар зақымдану өсімдіктері тамыр, олардың әлсіреп, жалпы өміршеңдігін төмендетеді қоңыздар
3. Жоңышқа көбелегі (Colias eurytheme)– шынжыр табандары Жоңышқа жапырақтарын жейтін көбелек
4. Тотығы Nematode (MeloDogyne SPP) - өсімдіктердің қалыпты тамақтануына кедергі келтіретін тамырлардағы өтақтардың пайда болуына әкелетін микроскопиялық құрттар.

Ауылшаруашылық техникасының рөлі: Ауылшаруашылық техникасы зиянкестерден зардап шеккендердің алдын-алу және азайтуда маңызды рөл атқарады. Бұл әдістер жоқтаудың өсіп келе жатқан жағдайын жақсартуға, өсімдіктердің зиянды төзімділігін арттыруға және зиянкестердің таралуына және таралуына қолайсыз жағдайлар жасауға бағытталған. Маңызды агротехникалық тәжірибелердің бірі - жоңышқа алуан түрін дұрыс таңдау. Кейбір сорттарда зиянкестердің белгілі бір түрлеріне табиғи төзімділік механизмдері бар, бұл оларды жәндік шабуылдарына төзімді етеді. Тесіктің кросс-тегі және кеңістіктік оқшаулауы зиянкестердің дақылдар мен учаскелер арасындағы көші-қонды шектеу маңызды. Тағы бір маңызды агротехникалық оқиға - отырғызу тығыздығын реттеу. Қону тығыздығы өсімдіктердің өсуі мен дамуы үшін жеткілікті орынды қамтамасыз етуге оңтайлы болуы керек, бірақ зиянкестердің тез таралуына жағдай жасамау керек. Ылғалдылық пен жарықтандырудың тиісті деңгейін ұстап тұру сонымен қатар кейбір зиянкестерге арналған дақылдардың тартымдылығын азайтуға көмектеседі. Зиянкестермен инфекцияның алғашқы белгілерін уақтылы анықтау үшін дақылдардың тұрақты мониторингі мен бағасы қажет. Бұл алдын-алу шараларын уақытында, мысалы, механикалық арамшөптерді тазарту, зардап шеккен өсімдіктерді алып тастау және биологиялық агенттерді қолдану сияқты пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл ауылшаруашылық техникалары зиянкестермен күресудің биологиялық және химиялық әдістерін толықтырады, табиғи қорғаныс

механизмдерінің әлеуетін барынша пайдалануға және химиялық пестицидтерді азайтуға мүмкіндік береді. Осы әдістердің барлығын үйлестіру, жоңышқа, бір уақытта қоршаған ортаны қорғау және фермердің экономикалық пайдасын қорғауда жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Биологиялық бақылау әдістері

Күрестің биологиялық әдістері жәндіктер мен патогендік микроорганизмдердің табиғи жауларын қолдануға негізделген. Тиімді тәсілдердің ішінде:

Энтомофагтар: Ladybugs (Coccinellidae) және алтын-алтынды (Coccinellidae) және алтынды (хризопида), тли мен басқа да кішкентай зиянкестермен шығаратын жыртқыш жәндіктер шығару.

Паразитоидтар: Trichog Rogramma SPP сияқты паразиттік ОС-ты енгізу, олар зиянкестердің жұмыртқаларына жұмыртқаларын, оларды личинка сахнасында қиратады.

Микробиологиялық препараттар: бактериялық және саңырауқұлақ препараттарын, мысалы, бацилус Тюмеренс және Бэйверия Басыяна, зиянды жәндіктерді жою үшін.

Химиялық бақылау әдістері:

Химиялық инсектицидтер зиянкестермен күресте маңызды құрал болып қала береді, алайда оларды пайдалану қатаң бақылауда және басқа әдістер жеткіліксіз болған кезде ғана пайдаланылуы керек. Инсектицидтерді таңдағанда, келесілерді қарастырыңыз:

Әрекеттің ерекшелігі: пайдалы организмдердің әсерін азайту үшін зиянкестердің белгілі бір түрлеріне бағытталған дәрілерді таңдаңыз.

Экологиялық қауіпсіздік: қоршаған ортаға және адам денсаулығына қарағанда төмен уыттылыққа артықшылық беріңіз.

Дозалар мен пайдалану мерзімдерінің сақталуы: барынша тиімділік пен қауіпсіздікке қол жеткізу үшін өндірушілердің нұсқауларын қатаң сақтау.

Қорытынды: Жоңышқа танабындағы зиянкестерді бақылау алдын-алу шараларын, биологиялық және химиялық әдістерді біріктіретін интегралды тәсіл талап етеді. Тиімді зиянкестерді басқару тек мұқият жоспарлаумен және дақылдардың тұрақты мониторингі бар болуы мүмкін. Заманауи технологиялар мен агрономия саласындағы білім егін шығынын азайтуға және жоғары сапалы мал азығын тұрақты өндіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Смит, Ж., & Браун, Л.М. (2017). Жоңышқа дақылдары үшін интеграцияланған зиянды басқару. Ауылшаруашылық ғылымдарының журналы, 45 (2), 123-135.
3. Джонс, П., Вилсон, А., А. (2019). Жоңышқа зиянкестеріндегі биологиялық бақылау агенттері. Агрономиялық зерттеулер, 17 (1), 56-67.
4. Грин, Т., & Ли, С. (2020). Химиялық инсектицидтер және олардың жоңышқа өндірісіне әсері. Экологиялық токсикология және химия, 39 (8), 1678-1689.
5. Кумар, С., Сингх, Р. (2018). Міндетті көкөністердің бактериялық аурулары және оларды басқару. Үндістандық өсімдіктерді қорғау журналы, 46 (2), 193-199 жж.
6. Ванг, Х., Лю, Ю. (2019). Қырыққабаттағы бактериалды силографиялық аурудың басқару стратегиясы. Акта агрономы Скандинавика, В бөлімі - Топырақ және өсімдік туралы ғылым, 69 (6), 543-550.

ӘОЖ 595.792

ҚАУЫН ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Хамидова К.И. - АП-18-1дк1 тобының студенті
Жумабаева Р.О. - ғылыми жетекшісі,б.ғ.к.

Кіріспе. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығында өсімдік шаруашылығын әртараптандыру бағытында бірқатар іс-шаралар аткарылып, ауыспалы егіс тізбектері бойынша бақша дақылдарының егіс көлемі ұсыныстарға сай біршама артқаны байқалады. Осы орайда облысымызда бақша дақылдарының егісін арттырып, халықты бақша өнімдерімен қамтамасыз ету үлкен маңызды іс-шаралардың бірі.Түркістан облысының дикандары 2024 жылы 68,3 мың гектар жерге қауын егіп, бұл өткен жылмен салыстырғанды әдәуір артық одан 2млн 110мың тонна өнім алған. Биыл жылдағыдан 15 күнге ерте өнім жиналған, себебі тыңайтқыштар беруден емес ауа райының қолайлығы. Көш басында Жетісай дикандары. Осы өңірдің жергілікті жердің климатына бейімделген қауын сорттарын негізінен мақта ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары шығарып келеді.Бұл ҒЗИ-ның ғалымдарының көпжылдықселекциялық ізденістерінің нәтижесінде соңғы жылдары « Валет», « Жұлдыз» сорты шығарылған.Бұл саланың алдағы уақыттарда дамуы ауыл халқының әл-ауқатын арттырады Осы орайда облысымызда бақша дақылдары оның ішінде қауын, қарбыз егісін арттырып, халықты бақша дақылдарының өнімдерімен қамтамасыз ету үлкен маңызды іс-шаралардың бірі болып саналады.[1,2].

Зерттеу әдістемелері. Зерттеу зерзатына қауынның кең қолданыстағы, көп тұтынатын және жоғары сұраныстағы «Колхозшы» ал бақылауға (контроль)соңғы жылдары шығарылған « Валет» сорттары алынды.Жұмысты орындау барысында жалпы қолданыстағы агротехникалық әдістемелер қолданылды. Зерттеу жұмыстарында 2 тәжірибе қойылды.

І-тәжірибе Қауын өсіру технологиясы (топырақ өңдеу,тұқым себу мерзімдері, себу мөлшері, себу тереңдігі, егістікті күтіп-баптау т.б.) ІІ-тәжірибе Тыңайтқыштар қолдану жүйесін жетілдіруді зерттеу.Өсімдіктің фенологиялық фаза кезіндегі өсуі мен жетілуі негізі И.Н.Бейдаман әдістемесі бойынша жасалынды[3].Алынған деректер Б.А.Доспехов ұсынған әдістемемен математикалық өңдеуден өткізілді[4]

3. Зерттеу нәтижелері. Агротехнологиялық шаралар сапалы жүргізілді. Топырақ күзде түренді соқамен 25-30 см тереңдікте өңделді. Егістік алқаптың орналасқан жерінің климаты мен ауа райы жағдайларына байланысты тұқым себу мерзімі мамыр айының бірінші жартысында жүргізілді. «Колхозшы» сортының жоғары сапалы, жақсы іріктелген, ірі және салмақты тұқымдары себілді.Өнгіштігі 95-98%-ды құрады. Тұқым себу тереңдігі 2-4см аралығында. Себу нормасы 2,5-6 кг/га . Әрбір шұңқырға 2-3 данадан тұқым себіліп уақытында сиретілді. Қауынның екі жағынан суару арықшаларын қалдырып сепілді және қатараралық ені 2,8х3,5м болып, өсімдіктер арасы 0,7-1,2м құрады, әрбір арықша жағында шахмат тәртібімен орналастырылды. Алғашқы нағыз жапырақ пайда болғаннан соң өскіндер сиретілді, екінші сирету – 3 – 4 жапырақшалар шыққанан кейін әрбір ұяда 1 – 2 өсімдік қалдырыла отырып жүргізілді. Танапта екі рет шабықталды. Бірінші шабық нағыз 2 – 3 жапырақша пайда болғанда, ал екіншісі одан 25 – 30 күн өткенннен кейін, желілері 0,5 - 1 метрге дейін ұзарғансоң топырақпен жабылады. Бақша дақылдары үш рет үстеп қоректендірілді. 3 – 4 жапырақша пайда болғанда жүргізілетін бірінші үстеп қоректендіру кезінде егістіктің әрбір гектарына 100 кг аммиак селитрасы, 150 – 200 кг/га суперфосфат енгізілді, ал жаппай гүлдену кезінде жүргізілетін екінші және жемісі пісе бастаған кезде жүргізілетін үшінші қоректендіру кезінде де үстеп қоректендіру мөлшері алғашқысымен бірдей болады.Дақыл өніміне себілетін тұқымның тазалығы, сапасы, дәннің(шопақ) көлемі т.б. әсер етеді(кесте-1)

1-кесте.Тұқым көлемінің қауын өніміне әсері

Тұқым мөлшері	Абсолюттік массасы, г	Алынған өнім түсімі, ц/га	Жемістің орташа салмағы, кг
«Валет» сорты(бақылау)			
орташа	29,3	165,4	1,2
майда	30,2	154,7	1,1
ірі	37,4	204,2	1,4
«Колхозшы» сорты(тәжірибе)			
Орташа	32,8	174,5	1,2
майда	30,7	168,4	1,3
ірі	39,5	224,9	1,6

1-ші кестеде қауын сорттарының тұқым көлемінің өнім түсіміне әсері бар екені байқалады.Тәжірибедегі «Колхозшы» сортының ірі шопақтарынан жоғары өнім (224,9ц/га), мөлшері орташадан мөлшеріне сәйкес орташа өнім(174,5ц/га),ал майда тұқымдардан аз өнім алынған (168,4ц/га). Бақылау тобындағы « Валет» сорты бойынша осы көрсеткіштер тиісінше: 204,2ц/га; 154,7ц/га; 165,4ц/га. Тұқым Тәжірибедегі қауын сорттарының өнім түсімін салыстырсақ « Колхозшы» сортында едәуір жоғары.

Бақша дақылдары (қауын) біржылдық шөптесін өсімдіктердің өнімін көтеру үшін түрлі агротехникалық шаралар қолданылады. Солардың ішіндегі негізгілерінің бірі- тыңайтқыштарды тиімді пайдалану.[5]. Қорек ретінде жергілікті және минералды тыңайтқыштарды да қолдануға болады. Тыңайтқыштарды құрғақ түрінде топырақтың 12-15 см қабатына енгізеді, ал сұйық түрінде ағын сумен бірге беріледі Бір рет қоректендіру үшін гектарына физикалық салмақта 100 кг аммиак селитрасы, 100 кг суперфосфат және 40 келі калий тұзы беріледі(кесте-2).

2-кесте .Тыңайтқыштардың қауын жемісінің сапасына әсері.

Аталуы	$N_{60}P_{80}K_{30}$ суару	$N_{60}P_{100}K_{30}$	$N_{100}P_{100}K_{40}$
Құрғақ зат, %	9,0	9.4	9,6
Жалпы қант мөлшері, % Соның ішінде: Қант С дәрумені	6,6 1,1 4,89	7,1 1.5	7,4 1.8
Жалпы қышқылдығы шикі затка % есебінде	0,076	0,105	0,068

2-ші кесте көрсеткіштері көрсеткендей құрғақ заттың көп мөлшері $N_{100}P_{100}K_{40}$ нұсқасында 9,6% болса, $N_{60}P_{100}K_{30}$ нұсқасында 9,4%-ды құрайды. Жалпы қант мөлшері де $N_{60}P_{100}K_{30}$ және $N_{100}P_{100}K_{40}$ нұсқаларында жоғары(7,1%; 7,4%). Көпжылдық ғылыми зерттеулер көрсеткендей бақша дақылдарының егісіне енгізілген

минералды тыңайткыштар жемістің көлеміне, сондай-ақ сапасына да әсер етеді. Фосфор және калий тыңайтқыштары бақша жемісінің пісіп жетілуін тездететіні және қанттылығын да арттыратыны анықталды .

Әдебиеттер

1. Ахметова Ф.С. « Бақша шаруашылығы»-Алматы 2001ж. 25-32 бет
2. Серікбаев Ж.А. Қызылорда облысы жағдайында бақша дақылдарының өнімділігі. . //Студенттердің ғылыми-өндірістік конференциясы. Қызылорда-2014. Б 36-39
3. Бейдеман И.Н. Методика изучения фенологии растений в растительных сообществах. // Новосибирск: Наука СО. 1974. – 154 с
4. Доспехов Б.А. Методика полевого опыта (с основами статистической обработки результатов исследований). /Доспехов Б.А. //- М.: Агропромиздат. 1985. – 351 с
5. Әбжанов А.Тыңайтқыштардың бақша дақылдарының өніміне әсері. «Жаршы» ғылыми-сараптамалық журналы.Алматы. 11-12/2017 б.51-54.

УДК 619:616 (074,6)

МЕТОДЫ ЛЕЧЕНИЯ И ПРОФИЛАКТИЧЕСКИЕ МЕРОПРИЯТИЯ ПРИ ДИСПЕПСИИ ТЕЛЯТ

Худайназаров Ш. – студент гр. АП-20-8р
Турумбетов Б.С. – д.с.х.н., профессор

Введение. Животноводство в Республике Казахстан развивается в основном в мелкофермерских, крестьянских, индивидуальных хозяйствах и в частном подворье. Правительство принимает меры по увеличению поголовья всех видов животных и продукции, путем субсидирования основного маточного поголовья, за племенную работу, по сдаче молока и мяса, чтобы обеспечить продовольственную безопасность страны. Животноводство нашей республики призвано обеспечить потребность населения в мясе, молоке, яйцах, а легкую промышленность – в сырье, шерсти, овчине и коже.

Незаразные болезни молодняка сельскохозяйственных животных занимают особое положение в ветеринарной патологии, особенно болезни раннего периода жизни, когда непосредственно формируются все заложенные в экстерьер породные признаки и качества определенного вида животного [1].

Заболевания новорожденных телят, связанные с нарушением обменных процессов, иммунодефицитом и адаптацией к условиям содержания животных в крестьянских хозяйствах, широко распространены и причиняют большой экономический ущерб.

Для лечения желудочно-кишечных заболевании у телят имеется огромный арсенал различных химиотерапевтических, биологических и других средств. При этом следует отметить, что не все препараты дают положительный эффект, некоторые обладают кумулятивным действием, вызывают отравления. Поэтому до сих пор лечение кишечных болезней телят остается одной из актуальных проблем ветеринарных специалистов [2].

Объект и методы исследования. Работу по изучению диспепсии новорожденных телят проводили в период с 2024-2025 года в подсобных хозяйствах Сайрамского района, Туркестанской области и в ветеринарной клинике ЮКУ им. М. Ауэзова.

В соответствии с поставленными задачами материалом для исследований служили глубокостельные коровы и новорожденные телята.

Диспепсию и ее формы устанавливали на основании комплекса данных: клинических признаков, данных патологоанатомического вскрытия, лабораторного, бактериологического исследований материалов и анализа условий кормления и содержания молочных коров, нетелей, новорожденных телят [3].

При дифференциальной диагностике диспепсии от сходных заболеваний мы исключали паратиф, колибактериоз, инфекционное воспаление пуповины.

Во время опыта следили за приростом массы тела животных, проявлением клинических признаков, за сохранностью телят. Среднесуточный прирост определяли через 30 дней с начала эксперимента.

Результаты исследования. Правильность выбранного метода лечения, применяемого в подсобных хозяйствахотражает следующие моменты:

. экономическая эффективность: препараты не дорогие;

. препараты имеют прямонаправленное действие на область ЖКТ;

. эффективны при воздействии на микрофлору ЖКТ;

. хорошо переносятся организмом, в противном случае они не были бы никогда рекомендованы для использования новорожденным;

. Лечебный эффект наступает уже на следующий день, после 2-х выпаиваний подряд вместо кормления.

Характеристика препарата « СТАРТИН »

Препарат для профилактики и лечения желудочно-кишечных заболеваний новорожденных телят.

СТАРТИН - это комплексный препарат, содержимое которого находится в 3-х внутренних пакетах, пронумерованных и помещенных в общую комплект-упаковку с этикеткой. Комплект-упаковка предназначена на курс лечения четырех телят. Срок годности 1 год, с момента изготовления.

Способ приготовления: раствор готовят и хранят в стеклянной или эмалированной посуде. В 10 л горячей воды растворяют содержимое пакетов №2 и 3, затем высыпают содержимое пакета №1. Раствор оставляют при комнатной температуре, периодически помешивая, до полного набухания и растворения всех компонентов препарата. Готовый к применению препарат представляет собой вязкий, прозрачный раствор желтого цвета, с горьковато-сладким привкусом. Срок хранения приготовленного раствора 5 суток.

Применение препарата: для *профилактики* - в первые 2 дня жизни выпаивают по 250 мл раствора при каждом кормлении, добавляя его в молозиво. В случае *заболевания* прерывают выпойку молозива и начинают *лечение*: вместо молозива в 2 кормления подряд выпаивают по 1 л теплой воды с добавлением 250 мл раствора, и в последующие 3 « закрепительных » выпойки на 250 мл постепенно заменяют воду молоком.

При лечении молодняка необходимо создавать условия для локального обогрева больных, подвергать их по одному разу в день облучению ультрафиолетовыми лучами, в ряде случаев полезен легкий массаж, а также в начале заболевания промывание рубца и очистительная клизма.

По мере выздоровления молодняка и исключения из схемы лечения бактериостатических средств полезно назначать препараты, содержащие грамположительную микрофлору (АБК, ПАБК, ацидофилин, молочный бифидумбактериин, лактобактериин, и т.д.). Условием, значительно облегчающим течение болезни, является скармливание сквашенного молока (молозива). Простоквашу разводят физиологическим раствором (на 1 одну часть простокваши приходится 0,5 части физ. раствора).

При проведении лечебных мероприятий устраняют выявленные или предполагаемые причины заболевания. Больных выделяют в санитарные станки и проводят лечение исходя из этиологии, степени поражения желудка и кишечника. В промышленных комплексах при заболевании в группе молодняка более 25% животных следует проводить общие мероприятия, касающиеся кормления и эпизоотической ситуации. Мероприятия должны включать изменение рациона, этиотропную, патогенетическую, симптоматическую терапию, устранение дисбактериоза и сопутствующей дегидратации.

Для предупреждения антенатальных и неонатальных болезней молодняка важно осуществлять нормализацию обмена веществ у беременных животных путем своевременной диагностики его нарушений и исправления выявленной патологии, а для этого необходимо учитывать роль гормонально-метаболического гомеостаза коров в физиологии стельности и в послеродовом периоде. Сбалансированность рациона должна осуществляться не только по общей питательности, но и по качеству кормов. Необходимо проводить подготовку кормов к скармливанию, оценивать полноценность рациона по аминокислотам, витаминам, микроэлементам. Следует проводить тщательную и эффективную санацию помещений. Осуществляются также отдельное содержание сухостойного стада, секционная система содержания коров в родильных отделениях и телят в профилакториях, работающих по принципу « пусто - занято », с очередной сменяемостью залов. Каждый из залов профилактория заполняется не более 4-х дней, телята содержатся в зале 10 дней. Освобождается зал профилактория одновременно от всего поголовья молодняка, затем проводится механическая очистка и двукратная дезинфекция с определением ее эффективности бактериологическим путем.

Патологоанатомические изменения. Не характерны. Труп обезвожен, истощен, голодные ямки запавшие, задняя часть тела испачкана фекалиями. Слизистая оболочка глаз анемичная, ротовой полости синюшная. Содержимое желудка имеет кислый или гнилостный запах, серого цвета, нередко обнаруживаются плотные комки казеина и подстилки, много слизи. На слизистой сычуга видны мелкоточечные кровоизлияния. Кишечник обычно инфантилен, пуст или имеет химус с небольшой примесью слизи, слизистая его в различной степени гиперемирована и отечна. Селезенка и печень не увеличены, но последняя неравномерно окрашена от светло-коричневого до темно-красного цвета, без каких-либо других изменений.

Литература

1. Митюшин В.В. Лечение телят при острых расстройствах пищеварения//Ветеринария, 2015. - № 10. - С. 15.
2. Молоканов В.А. и др. Профилактика диспепсии телят// М-лымежвуз. Науч.-практич. конф. / актуал. проблемы вет мед., жив-ва, обществознания и подготовки кадров на Южном Урале. - Троицк, 2020. - Ч.1. - С.76.
3. Мовсун-Заде К.К. Комплексное лечение телят, больных диспепсией с применением гемолизированной крови// Тез. докл. науч. конф./ Одесса,2021. - С. 13-15.

ӘОЖ 614.91

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНДА КЕТОЗБЕН АУЫРҒАН СИЫРЛАРДЫ ЕМДЕУГЕ И.Г.ШАРАБРИННІҢ ЕМ-ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫ ЗЕРТТЕУ

Шалдарбек Г.Ш. - АП-20-8к2 тобы студенті
Кузербаева А.Т. - PhD доктор, доцент

Өзіндік зерттеу барысында кетоз ауруына шалдыққан сауын сиырларға ем жүргіздім. Зерттеу кезінде сиырларда байқалған клиникалық белгілер: әлсіздік, тәбеттің төмендеуі, асқазан тонусының төмендеуі, анемия, жүрек соғысының жиіленуі (тахикардия), жиі-жиі дем алу (полипноэ), жоғарғы рефлекторлық қорғаныштық және т.б. Бұл синдром жүректе, бауырда, бүйректе дистрофиялық өзгерістердің белгілері болып табылады. Қандағы кетонды денелердің бірнеше есе көтеріліп кетуі. Кетонемия ендігі кезекте, ацидозбен өзгереді. Яғни кетонды денелердің зәрде көбейіп, жиі-жиі сүтте бөлінуі байқалады. Бұл синдром аурудың субклиникалық сатысында кездеседі. Малдың өнімділігі төмендеген, сауын сиырлардың сүт беруі азайған, оның қышқылдығы артқан, демі ащы, ацетон иісі бар.Азыққа тәбеті нашарлаған, жалақ пайда болған. Демалысы, жүрек соғысы жиілеп, алдыңғы қарыншақтардың жиырылуы азайған. Кілегей қабықтары бозарған, сарғыш түсті. Алдыңғы аяқтары әлсіз, тұрарда итке ұқсап шоқиып отырып қалады.Ауырған сауын сиырлардың сүтінің сапасы кемиді, арықтайды, егер буаз болған жағдайда әлсіз бұзаулар туады.Сол себепті кетозбен ауырған сиырларды дер кезінде емдемесе олар өлім-жітімге ұшырайды.

Негізінен сиырлар кетозы организмде кетон заттарының шоғырлануы салдарынан гипофиз - бүйрек безі жүйесінің, қалқанша безінің, бауырдың, жүректің, бүйректердің және т.б. ағзалар мен жүйелердің қызметтерінің бұзылуымен сипатталатын, көбінесе созылмалы түрде кездесетін ауру. Бұл ауру сүтті сиырлар мен көп төл беретін сауылмалы қойлардың арасында жиі кездеседі. Аурудың негізгі және қосалқы түрлерін ажыратуға болады. Олардың даму процесі әртүрлі болып келеді.

Күрделі комплексті белгілерінің ішінде кетонемия (кетонурия) белгісі аурудың бастапқы кесінді жақсы білінетін негізгі белгісі болып есептеледі. Бір ескертетін жағдай, аурудың бұл белгісі ауру көпке созылғанда және организмге кетогенді заттар азықпен түспегенде білінбеуі мүмкін. Кетоз асқорыту жүйесінің бұзылуымен, гипогликемия, бауырдың, бауыр үсті гипофизінің бұзылуымен, орталық нерв жүйесінің бұзылуымен сипатталатын ауру.

Организмде глюкозаның жетіспеуінен малдың нерв жүйесінің клеткалары әлсірейді. Бұл мидың жұмысының бұзылуына әкеледі. Нервтік эндокриндік жүйе аурудың дамуында үлкен рөл атқарады.

Несепті зерттеу нәтижесінде несепте кетон заттары 780мг%-ға дейін көтерілген, қалыпты жағдайда ол 1-9мг%-дан аспауы керек. Несептің тығыздығы төмен, рН 5,8 (қалыпты жагдайда 7,6-8,4 болуы керек). Несепте уробилин, билирубиндер анықталды.

Сүтті зерттеу нәтижесінде сүтте кетон заттары 80 мг-ға дейін көтерілген.

Месқарынның жынын зерттеу нәтижесінде мес қарынның жынында иифузорийлардың саны азайған, рН төмен (қалыпты жағдайдағы 6,5-7,3-тің орнына 5-ке дейін төмендеген).

Ал функционалды зерттеу әдістерінің нәтижесінде УДЗ – органдардың патологияларын анықтауда бауырдың көлемі ұлғайған, майланған, белокты, углеводты дистрофия байқалады, өт қабы өтке толып керілген, өт қою, созылыңқы. Бүйректер ұлғайған, өзектерінде майлы дистрофия бөліктерінің арасындағы шекарасы жақсы білінбейді. Эпикард майланған, жүрек еттері босаңсыған. Аналық бездер өзгерген, онда қуыстар (киста) анықталады, дәнекер тіндер өскен, персистентті сары денешелер жиі кездеседі.

Біздер клиникалық зерттеу жүргізген сиырлардың клиникасы белгілі зерттеулермен сәйкес келеді.

Ал жүргізілген емдік шаралардың тиімділігін ең алдымен патологиялық процестің өтуіне және аурудан айығу мерзіміне байланысты анықтадық.

Емдеу соңында сиырлардың қанын, несебін, сүтін зерттегенде, ондағы ауытқулар, яғни кетон заттары әлдеқайда төмендегенін байқадық (2.2, 2.3-кесте).

Келтірілген әдебиеттерде анализдері бойынша микробиологиялық және биохимиялық процестердің интенсивтілігі мен бағыттылығына әсер ететін факторлардың бірі ортаның қышқылдығы болып табылады.

Біздің тәжірибемізде, екінші тәжірибе тобындағы сиырларға И.Г. Шарабриннің сұйығын құрсақ қуысына енгізгенде мес қарынның реакция ортасы зерттелінген малда бейтарап болды. Сау малда болатын рН-тың нормасы мынандай: 6,8-7,0-7,4 ортасы бейтараптау. Инфузориялар саны 1мл жында 200-500 мың. Зерттелетін тәжірибедегі малға бірінші сынама жасағанда (7,0 ± 0,2), ал кейінгі сынамаларда, кейде сутегі көрсеткішінің артқаны байқалады (7,5 ± 0,4) болды. Бақылаудағы малдардың мес қарын реакциясы әлсіз сілтілік болып, 7,9 ± 0,12-ні көрсетті және де тез өзгерістерге ұшыраған жоқ. Жергілікті жерде жүрген ем әдістерін қолданған бірінші тәжірибелік топта қарын ортасы екінші топқа қарағанда қышқыл ортаға ығысты, орташа көрсеткіші (6,7 ± 0,2) болды.

Емдеуге дейін рН көрсеткіші (6,2 ± 0,4) болып, ал қалған күндері (6,9 ± 0,7)-ге дейін көтеріліп, ол емдеудің аяғына дейін сол деңгейде қалды.

Бірінші және екінші бақылау топтарында жынның орташа реакциясы сілтілі болады. Бірінші сынамада көрсеткіш (7,9 ± 0,12) болса, екіншісінде рН деңгейі төмендеп (7,6 ± 0,8) болды, ал қалған күндері емдеудің соңына дейін созылады.

Осылайша, емге әртүрлі дәрілер қолданғанда рН деңгейімен жиырылу динамикасына түрлі деңгейде әсер ететін біз жасаған эксперимент көрсетті.

Құрсақ қуысына И.Г.Шарабриннің сұйығын енгізгенде жынның рН-ы бірінші топтағы сиырлардың көрсеткіштеріне қарағанда көтеріңкі болады.

Мес қарынның рН көрсеткіштері микроорганизмдердің интенсивтілігіне әсерін тигізеді. Екінші тәжірибе тобындағы сиырлардың мес қарынында инфузория саны емдегенге дейін (354 ± 0,9) болды. И.Г.Шарабриннің сұйығын құрсақ қуысына енгізгенде көрсеткіштер бірқатар төмендеді, үшінші сынамада инфузория саны азырақ (217 ± 1,0) болды. Ем жүргізгенде инфузориялардың орташа саны (305 ± 2,0) болды. Осы мал тобында инфузория саны мес қарында тез өзгеріске ұшырамай орташа саны (305 ± 23,1) құрды.

Белогы, майы аз, углеводты азықтарды көбірек беріп, глюкоза енгізген бірінші тәжірибе тобындағы сиырларда инфузориялар саны, емдегенге шейін (208 ± 11,6) болды, ал емдегеннен кейін ол аздаған өзгерістерге ұшырады, емнің аяғына дейін саны (306±11,6) жетті.

Тәжірибе топтардың бақылау тобында қайтымды байланыс анықталды, емдеуге шейін (570±74,0) болса, ал емнен кейінгі көрсеткіштер аздап төмендеді, (560 ± 20,1) құрды.

Алынған нәтиже бойынша инфузориялар саны қолданған препараттарға байланысты екенін эксперименталды анализ материалдары көрсетті. Мес қарын жыны сұйылғанда инфузориялар санының көбеюі мес қарынға И.Г. Шарабриннің сұйығын енгізгенде байқалды.

Зерттеулер нәтижесі кетоздармен ауырған сиырларға И.Г.Шарабриннің сұйықтарын және басқа да препараттарды қолданғанда жын биохимиялық өзгерістерге ұшырайтынын көрсетті. Мес қарын жынының рН-ы 2-тәжірибе тобындағы сиырлардың бақылау топтағы сиырларға қарағанда төмен екенін зерттеулер көрсетті. Бұның себебі, кетоздарда ұлтабаралды қарындарының жиырылу қабілеті нашарлайды да азық массасы қалыптылықтан көп мезгіл тұрып қалады да шіру процесстері жүреді. Сондықтан, ортаның рН-ы қышқыл жаққа қарай өзгереді.

Біздің зерттеулеріміздің нәтижесі бойынша қарын рН-ның көрсеткіштері жергілікті ем әдісімен емдегенде төмен болғаны байқалады.

Зерттеулер нәтижесі бойынша мес қарынның рН-ы ондағы инфузорийлармен тығыз байланыста екені анықталынды. рН қышқылданған сайын инфузорийлар саны азая береді, себебі тіршіліктеріне қалыптылықтағы жағдайлар бұзылады.

И.Г.Шарабриннің сұйығымен емдеген сиырларда ол көрсеткіштер бірінші тәжірибе тобындағы сиырлардың көрсеткіштеріне қарағанда біраз жоғары болды және олардан клиникалық белгілері де ертерек жақсарды, өнімдері де көтерілді.

Әдебиеттер

1. Молдагулов, М.А. Малдың жұқпалы емес ішкі аурулары: оқулық жоғары оқу орындары үшін / М.А.Молдагулов, И.А.Ашетов, К.Н.Қожанов Алматы, Карина, 2013.-167б.
2. Нуралиев, С. Ауылшаруашылық малдарының ауруларының клиникалық диагностикасы: пәнінен дәрістер жинағы / С.Нуралиев, К.К.Шатманов, А.Ш.Нурдилда. - Шымкент: ОҚМУ, 2017.-132б.

ӘОЖ 631.95(075)

ШАРДАРА АУДАНЫНЫҢ СУАРМАЛЫ АУЫСПАЛЫ ЕГІСТІК ЖЕРІН ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ КАДАСТРЛЫҚ БАҒАЛАУ

Шахсуварова Ж.Ш. – АП-21-6к5 тобының студенті
Ахилбеков Ғ.Л. – аға оқытушысы

Түркістан облысының оңтүстік-батысында Шардара ауданы орналасқан.Солтүстік-батысында Отырар ауданымен,солтүстігінде-Арыс ауданымен,шығысында-Сарыағаш ауданымен,батыс бөлігінде Өзбекстан Республикасымен,оңтүстік аймағында -Шардара су қоймасымен шектеседі. Жер бедері негізінен құмды Қызылқұм аймағынан тұрады.Топырағы сортаң және сұр,ал өзен аңғарлары шалғынды-сазды болып келеді.Өсімдіктер арасында жусан,жантақ,жыңғыл,баялыш тектес өсімдіктер кездеседі.

Ауданның жазы ұзақ,өте ыстық,ал қысы қысқа әрі қар аз түседі.Қаңтардың орташа температурасы -3 -5°Сшамасында болса,кей жылдары суықтық -35 -37°С -қа дейін жетеді.Тамыз айындағы орташа температура +25-30°С шамасында болады.Температура жоғарылаған кезде ауа ылғалдылығы төмен болып келеді.

Шардара ауданының жалпы жер аумағы 1 287 225 гектарды құрайды.Ауыл шаруашылығы алқаптары 193 583 гектарды қамтиды,оның ішінде 57 914 гектары суармалы егістікке арналған,көпжылдық екпе ағаштар аумағы 488 гектар болса,жайылымдық жерлер 113 474 гектарға созылып жатыр.

Ауданда бірнеше бөген мен тоған бар:Шардара су қоймасы,сыйымдылығы-5,2 миллиард $м^3$;

Шардара тоғанының ұзындығы-5,3 шақырым;Арнасай тоғаны-2,02 шақырым.

Шардара ауданында ауыл шаруашылығына жарайтын жерлердің жалпы аумағы 193 358 гектарды құрайды.Соның ішінде 57 914 гектар егістікке арналған,бұл аумақтың барлығы суармалы егістік болып саналады.Көп жылдық ағаш өсімдіктері 488 гектарды алып жатыр,ал шабындық жерлер 1165 гектарды құрайды.Жайылымдық жер көлемі 113 474 гектарға жетеді.

Мал шаруашылығы да жақсы дамыған.Ауданда 48 233 бас ірі қара,198 622 бас қой мен ешкі,10 284 бас жылқы және 2623 бас түйе өсірілуде.

Шардара ауданынының егістік жерлері 57 914 гектарды құраса,оның барлық дерлік суармалы ауыспалы егістікке жатады.Бұл жерлер суарудың тұрақты жүйесі арқылы жоғары өнім алуға қолайлы болып есептеледі.

Шардара ауданының климатын ескерсек топырақтың сортаңдану мүмкіндігі жоғары болып келеді,сол себепті дақылдарды дұрыс ауыстыру арқылы оның құнарлығын сақтау маңызды.

Шардара ауданындағы ауыспалы егістің негізгі жүйелеріне тоқтала кетсек.Мысалы,ауданда үш жылдық айналдыру жүйесі кеңінен қолданылады.Бірінші жыл,57 914 гектар суармалы жердің белгілі бөлігіндегі күріш немесе жүгері егіледі.Бұл дақылдар жоғары су қажеттілігімен ерекшеленеді және топыраққта тұз қалдығы қалдыруы мүмкін.Екінші жыл,алқаптың келесі айналымында жоңышқа немесе бақша дақылдары егіледі.Жоңышқа топырақты азотпен байытып,құрылымын жақсартады.Үшінші жыл,бақша өнімдері(қырыққабат,қауын,қарбыз) немесе дәнді дақылдар егілсе,топырақтың құнарлығ қалпына келіп,өнімділік артады.

Шардара ауданын кадастрлық бағалау жердің құнарлығына, суару мүмкіндіктеріне,пайдалану мақсатына және топырақ құрамына байланысты жүргізіледі.Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің кадастрлық бағасына тоқтала кетсек,суармалы егістік жерлердің бағасы шамамен 1,2 млн-1,5 млн теңге аралығында;Құнарлығы төмен,жайылымдық жерлердің кадастрлық құны 300 000-600 000 теңге шамасында;Көпжылдық екпелер алқаптары 700 000-900 000 теңге деп бағаланады.Соның ішінде жоңышқа немесе бақша дақылдары егілетін жерлер -1млн-1,3 млн теңгені қамтиды.Ал тамшылатып суару технологиясымен жабдықталған жерлер - 1,5 млн-2 млн теңге аралығында.

Бұл бағалау жердің құнарлығы мен пайдалануына байланысты анықталып,салық саясатын жүргізуге және инвестиция тартуға негіз болады.

Әдебиеттер

1. Қырықбаев Ж.Қ. Жер қатынастарының тарихы және даму заңдылықтары : 6М090300- Жерге орналастыру маманд. оқу құралы / Ж.Қ. Қырықбаев, Е.С.Ахметов, Б.Ж.Жұпархан . - Алматы : "Эверо", 2013. - 96 с.
2. «Қазақстанның топырақ және климат жағдайлары» – Алматы: ҚазҰАУ баспасы, 2015.
3. Шардара ауданының әкімдігі: агроөнеркәсіптік кешен және жер ресурстары жөніндегі есептер, 2024 ж.

ӘОЖ 639.933.2.082

ІРІ ҚАРА МАЛДЫҢ ЛЕЙКОЗ АУРУЫН БАЛАУ ӘДІСТЕРІ

Шүкірбекова А. Ж. - АП-20-8к1 тобының студенті
Курбанова А.С.- магистр, аға оқытушы

Сиырдың лейкозын анықтау аурудың клиникалық белгілерінің немесе гематологиялық патоморфологиялық өзгерістердің және де сиырдың лейкозының вирусына спецификалық антиденелерді табуға негізделеді.

Алдын ала диагноз індеттанулық деректерді ескере отырып, клиникалық белгілері бойынша қойылады. Клиникалық балаудың басты әдісі – гематологиялық тексеру. Спорадиялық лейкоздың бұзаулық түрі лейкемия арқылы, ал тимустық және терідегі түрлері лейкемиясыз өтеді. Гематологиялық тексеру, әсіресе, энзоотиялық лейкоз кезінде құнды. Ауруға шалдыққан, бірақ, көзге түсер клиникалық белгілері жоқ жануарлардың қанында лимфоцитоз байқалады. Түпкілікті диагноз гистологиялық тексерудің нәтижесінде патологиялық-анатомиялық әдіспен қойылады.

Қазіргі күнде лейкозды балау үшін бірнеше бағытта зертханалық зерттеулер ұсынылып отыр. Жоғарыда аталған гематологиялық, гистологиялық әдістермен қатар вирусологиялық, серологиялық, цитогенетикалық, цитоиммунологиялық зерттеулер қолданылады.

Гематологиялық зерттеуте күре тамырдан алынатын қанның әр миллилитріне антикоагулянт ретінде 0,02 мл есеппен 10% этилендиаминтетраацетат сірке қышқылын (ЭДТА, яғни трилон Б) қосады. Сиырдан туарынан 15 күнге дейін және 15 күн өткенге дейін кан алынбайды. Серологиялық тексеруге қанды жасы 6 айдан асқан жануарлардан 5-6 мл шамасында алып, мұз салынған термоспен зертханаға жөнелтеді. Лимфоциттердің бласттрансформация реакциясы үшін күре тамырдан 30-50 мл қан алады.

Антикогулянт ретінде гепарин пайдаланылады. Цитогенетикалық тексеру төс сүйегінің 2-3 бунағынан арнаулы ине арқылы сүйек майының пунктатын алады. 0,2-0,3 мл пунктатты әр миллилитріне 1-2 мкл 0,02% колхидин қосылған 10-15 мл вирусологиялық 199 қоректік ортамен араластырады. Гистологиялық зерттеуге

зақымданған ағзалардан (көк бауыр, жүрек етінің оң құлақшасы, ұлтабар, жатыр, борша еттері) кесіп алып, қолма-қол мұз салынған термоспен немесе 2х2 см кесіндісін 10% формалин ерітіндісіне салып жөнелтеді.

Вирусологиялық зерттеулер электрондық микроскоптың кемегімен қан лейкоциттерінің аз мерзімді өсінінде, бір қабат торшалар өсінінде алынған вириондарды көруге негізделген. Вириондар клетка аралық кеңістікте немесе лимфоидтық торшалардың сыртқы мембранасында орналасады. Сонымен қатар синцитий түзу тесті колданылады

Лейкозға гематологиялық зерттеу кезінде – «лейкоздық кілттер» деп аталатын әртүрлі өлшемдер қолданылады. Лейкоциттер мен жас жасушалардың қалыпты санынан ауытқуларды, лимфоциттердің абсолюттік саны мен пайыздық қатынасын анықтайды.

Гематологиялық зерттеу перифериялық қанда лейкоциттердің, негізінен лимфоидты қатардың және әлсіз дифференцияланған жасушалардың (бастауышты, пролимфоциттердің, лимфобластардың), сондай-ақ полиморфты, атипті жасушалардың жоғары санын табу болып табылады.

Гематологиялық әдіс лейкозды аурудың ерте даму сатыларында диагностикалауға мүмкіндік береді.

Гематологиялық әдіспен ауруды әрдайым диагностикалау мүмкін емес екенін ескеру қажет. Аурудың алейкемиялық ағымының жағдайлары жиі кездеседі, қан көрінісі норманың шегінде қалады, формалық элементтердің жалпы санының біршама төмендеуімен сипатталады. Дәл осы жағдайларда диагностикалық әдістердің барлық кешенінің маңызы ерекше.

Гистологиялық зерттеу лейкоз диагнозын растау үшін міндетті. Осы әдістің көмегімен пролиферат жасушаларының сипатына, олардың саралану дәрежесіне байланысты ауру түрін анықтайды, сондай-ақ патологиялық процесс сатысын анықтайды.

Сиырдың лейкозын анықтау аурудың клиникалық белгілерінің немесе гематологиялық патоморфологиялық өзгерістердің және де сиырдың лейкозының вирусына спецификалық антиденелерді табуға негізделеді.

Алдын ала диагноз індеттанулық деректерді ескере отырып, клиникалық белгілері бойынша қойылады. Клиникалық балаудың басты әдісі – гематологиялық тексеру. Спорадиялық лейкоздың бұзаулық түрі лейкемия арқылы, ал тимустық және терідегі түрлері лейкемиясыз өтеді. Гематологиялық тексеру, әсіресе, энзоотиялық лейкоз кезінде құнды. Ауруға шалдыққан, бірақ, көзге түсер клиникалық белгілері жоқ жануарлардың қанында лимфоцитоз байқалады. Түпкілікті диагноз гистологиялық тексерудің нәтижесінде патологиялық-анатомиялық әдіспен қойылады.

Қазіргі күнде лейкозды балау үшін бірнеше бағытта зертханалық зерттеулер ұсынылып отыр. Жоғарыда аталған гематологиялық, гистологиялық әдістермен қатар вирусологиялық, серологиялық, цитогенетикалық, цитоиммунологиялық зерттеулер қолданылады.

Гематологиялық зерттеуте күре тамырдан алынатын қанның әр миллилитріне антикоагулянт ретінде 0,02 мл есеппен 10% этилендиаминтетраацетат сірке қышқылын (ЭДТА, яғни трилон Б) қосады. Сиырдан туарынан 15 күнге дейін және 15 күн өткенге дейін кан алынбайды. Серологиялық тексеруге қанды жасы 6 айдан асқан жануарлардан 5-6 мл шамасында алып, мұз салынған термоспен зертханаға жөнелтеді. Лимфоциттердің бласттрансформация реакциясы үшін күре тамырдан 30-50 мл қан алады.

Антикогулянт ретінде гепарин пайдаланылады. Цитогенетикалық тексеру төс сүйегінің 2-3 бунағынан арнаулы ине арқылы сүйек майының пунктатын алады. 0,2-0,3 мл пунктатты әр миллилитріне 1-2 мкл 0,02% колхидин қосылған 10-15 мл вирусологиялық 199 қоректік ортамен араластырады. Гистологиялық зерттеуге зақымданған ағзалардан (көк бауыр, жүрек етінің оң құлақшасы, ұлтабар, жатыр, борша еттері) кесіп алып, қолма-қол мұз салынған термоспен немесе 2х2 см кесіндісін 10% формалин ерітіндісіне салып жөнелтеді.

Вирусологиялық зерттеулер электрондық микроскоптың кемегімен қан лейкоциттерінің аз мерзімді өсінінде, бір қабат торшалар өсінінде алынған вириондарды көруге негізделген. Вириондар клетка аралық кеңістікте немесе лимфоидтық торшалардың сыртқы мембранасында орналасады. Сонымен қатар синцитий түзу тесті колданылады

Әдебиеттер

1. Сайдулдин Т. Індеттану және жануарлардың жұқпалы аурулары/ Т.Сайдулдин−А.:−Полиграфия Сервис и К. 2009.−272−279 б.
2. Жаров А.К. Патанатомия сельскохозяйственных животных/ А.К.Жаров. – М.:- Колос.2003.-234-239 б.
3. Бусол.В.А. Эпизоотология лейкозов крупного рогатого скота/ В.А.Бусол−М.:Агропромиздат.−2010. - 178б.
4. Егорова В.Д. Испытание латекстеста для серологической диагностики лейкоза крупного рогатого скота/Д.Егорова, Л.М.Притула. −М.:Ветеринария. −2017. −№4.−45б.

LAND MANAGEMENT

KarabekovaI.A. - АП 24-5К1 group student., **Kaldau A.T. -** АП 24-5К1 group student
Zholdasova M.A. - senior teacher

Land management isn't just a set of boring terms and complicated laws. It's, one might say, the art of "creating a map" for every piece of land that surrounds us. Of course, if you want to understand what this map looks like, it's important to know what's on it, how it's arranged, and how it all impacts our everyday environment. But don't worry — reading about land management can and should be engaging! This article will help you figure out which books can guide you through this fascinating world.Now that you're ready to dive into this important subject, let's get to the heart of it. There are several books that make the complex processes of land management understandable and accessible. These aren't just boring textbooks but real guides on how to manage land effectively, preserve it for future generations, and solve environmental issues that arise in the process.

1. "Land Management" by A. V. Kulikov

Kulikov's book thoroughly explores the fundamental concept of land management, including methods for planning and managing land resources. He emphasizes that land management is essential for the rational use of land, increasing its productivity, and improving living conditions for the population. One key focus is the use of Geographic Information Systems (GIS) to monitor the condition of land. These technologies not only allow for tracking changes but also for predicting the future development of territories, which is particularly important in the face of rapidly changing climatic conditions**.**

2. "Basics of Land Management" by S. I. Lukichev

Lukichev analyzes the economic and legal aspects of land management, paying special attention to land ownership and usage. He highlights the importance of clear legal regulation, including the creation and maintenance of land cadasters and registration systems. Lukichev focuses on the need for sustainable land use in both rural and urban areas.

3. "Environmental Land Management" by I. V. Kolesnikov

Kolesnikov's work centers on the environmental aspects of land management. He examines methods aimed at preserving natural ecosystems and restoring them. The book presents various ways to protect land from degradation, including agroforestry, soil protection systems, and methods for rehabilitating ecologically damaged areas.

Kolesnikov asserts that sustainable land ownership must consider not only economic benefits but also long-term environmental consequences. One significant method is using territories for recreational purposes, helping maintain a balance between infrastructure development and nature conservation.

By reading these books, you'll gain not just theoretical knowledge but practical insights that can be useful not only in your studies but also in real life. It's amazing how much you can learn about

what's right beneath your feet — and how important it is to care for what we leave behind for future generations.

Technological Advances in Land Management

All three books emphasize the importance of new technologies in land management processes. Specifically, the use of satellite data and GIS greatly improves the accuracy and efficiency of land condition monitoring, while enabling the prediction of territorial development based on geographic information. This allows for quick responses to ecosystem changes, urbanization forecasting, and adjustments to land-use planning strategies.

Sustainable Land Use

In today's ecological challenges, such as climate change and environmental pollution, a balanced approach that combines resource conservation and rational use is essential. Applying environmentally friendly technologies and methods for protecting land from degradation is a key part of sustainable development strategies. Creating green zones and recreational areas plays a crucial role in preserving biodiversity.

Conclusion

Thus, the books by Kulikov, Lukichev, and Kolesnikov provide a comprehensive view of land management, examining it as a multifaceted process that encompasses not only legal and economic aspects but also environmental responsibility. Modern methods, such as GIS and satellite data, along with approaches to sustainable land use, are becoming essential elements in forming effective land resource management strategies.

References

1. Kulikov, A. V. Land Management. Moscow, 2020.
2. Lukichev, S. I. Basics of Land Management. St. Petersburg, 2018.
3. Kolesnikov, I. V. Environmental Land Management. Kazan, 2019.

ӘОЖ 664.83/85

ЖИДЕК ПЕН КӨКӨНІС ҚОСЫЛҒАН СНЭК ӨНІМІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МАҚСАТТАҒЫ ЖАҢА ТҮРІНІҢ РЕЦЕПТУРАСЫН ӘЗІРЛЕУ.

Аббаз Л. С. – ЖТ- 22 - 9к тобының студенті
Садырбаева И.Р. – аға оқытушы

«Снэк» сөзі шетелден шыққан. Бұл сөзді — «жеңіл тағам» деп аударуға болады және іс жүзінде бір тапсырманы орындайды - адамға тамақтануға мүмкіндік болмаған кезде аштықты тез қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Көбінесе снэктер тез тамақтану үшін таңдалады. Алайда, бұл аштықты қанағаттандыру мүмкіндігі ғана емес. Бұл кішкентай және өте тәбетті нәрсе. Көңіл-күйді түсінуге, жайлылық пен күш-жігерді сезінуге мүмкіндік беретін тағамдар, мысалы, бос жұмыс күні кезінде. Тіскебасар жүйке жүйесін тыныштандыруға көмектеседі, проблемалардан алшақтатады немесе керісінше, кейбіреулерге назар аударуға көмектеседі. Бұл қосымша пісіруді қажет етпейтін және жеуге дайын жеңіл, қытырлақ және пайдалы табиғи өнім. Вакуумды кептірудің ұқыпты технологиясының арқасында снэктер барлық қажетті қоректік заттарды - жаңа өнімде болатын дәрумендер мен қоректік заттарды, нутриенттерді сақтайды [1].

Пайдалы снэк тағамдар өндірісінің негізгі шикізаты-әртүрлі жемістер мен көкөністер. Дәлірек айтқанда, көкөністер мен жемістер витаминдер, пектин талшықтары, белсенді талшықтар, сонымен қатар сілтілік сипаттағы минералды элементтер, органикалық қышқылдар мен көмірсулар беретін негізгі тағам болып табылады. Олардың құрамында адамның тамақтануы үшін қажетті барлық маңызды компоненттер бар [2].

Тұтынушылар арасында ең көп таралған және сұранысқа ие жеміс дақылдары-алма. Сонымен қатар, алма жемістері азық-түліктің кең спектрін алу кезінде құнды технологиялық шикізат ретінде қызмет етеді. Ғалымдар фитонутриенттердің кең кешенінің болуын, алма жемістерінің полифенолдық құрамының байлығын дәлелдеді. Қызыл алма сорттарының жемістерінің кверцетині, кемпферолы, мирицетині, антоцианиндері антиоксидантты және кең емдік-профилактикалық қасиеттерге ие [3].

Асқабақтың диеталық және емдік-профилактикалық қасиеттері белгілі. Сондай-ақ, асқабақ құнды макро және микроэлементтерге бай. Асқабақтың құндылығы бай қоректік құрамына байланысты дәлелденді. Зерттеулер нәтижесінде асқабақтың құрамында ақуызды оның еритін түріне айналдыратын пептондаушы ферменттер бар екендігі расталды [4].

Адамның тамақтануы үшін қызылша оның құрамында биологиялық белсенді заттар кешенінің болуына байланысты ерекше құндылық береді. Олардың құрамы көбінесе қантпен ұсынылған, олардың құрамы 15% жетеді. Сондай-ақ, қызылша тамыржемістерінде шамамен 2.5% ақуыз, 0,5% органикалық қышқылдар, 0,9% талшық, 1,2% минералды тұздар, С, В, Р, РР дәрумендері бар [5]. Функционалды өнімдерді өндіру үшін сирек кездесетін және жабайы өсімдіктердің жемістерін пайдалану маңызды. Жабайы өсімдіктерді пайдаланудың экономикалық тиімділігі өте жоғары болады [6].

Түркі тілдеріндегі «кизил» қызыл дегенді білдіреді және оның жидектері шынымен ашық қызыл-бұл олардың құрамында антиоксиданттар мен каротин көп екенін көрсетеді. Өсімдіктің танымалдығы оның емдік қасиеттерімен түсіндіріледі – емдік мақсатта жемістерді ғана емес, жапырақтарды да, қабықты да қолдануға болады; қарапайым-оны өсіру оңай; ағаштың сапасы, ұзақ өмір сүруі және жақсы өнімділігі. Ит ағашының (кизил) құрамында дәрумендер, органикалық қышқылдар, таниндер, фитонцидтер бар. С дәрумені мен темірдің құрамы бойынша ол іс жүзінде рекордқа ие. [7].

Кәсіпорын қызметкерлерінің денсаулығы мен жұмыс қабілеттілігін сақтау үшін ұтымды тамақтану принциптерін сақтау қажет, яғни адамның тамақ құрамында мөлшері мен арақатынасы бойынша теңдестірілген тағамдық ингредиенттердің қажетті кешенін алуы. Жақында өсімдік шикізатынан хош иісті және хош иісті заттарды алудың экстракциялық әдістері кеңінен қолданылды. CO_2 экстракциялық сығындылары бекітілген және басқару арматурасымен және манометрлермен жабдықталған технологиялық құбырлармен өзара байланысқан герметикалық металл цилиндрлер болып табылатын экстракциялық әмбебап модульдерде алынады. Өнеркәсіптің, қоғамдық тамақтанудың және емдік өнімдерді, балалар тағамдарын жасаудың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ащы-хош иісті, эфир майы мен дәрілік өсімдік шикізатынан көптеген кешенді CO_2 экстракциялық сығындылар алуға болады. [8].

Мақсары (сафлор)-пайдалы қасиеттері адамға мың жылдан астам уақыттан бері белгілі өсімдік. Жапырақшалар, мақсары тұқымдары қабынуға қарсы, диафоретикалық, қақырық түсіретін, Бактерияға қарсы, саңырауқұлаққа қарсы, седативті әсерлерге ие. Өсімдіктің басқа пайдалы әрекеттері: қандағы қант концентрациясын төмендетеді, метаболикалық реакцияларды қалыпқа келтіреді, токсиндерді кетіреді, қанды

сұйылтады, қан айналымын қалыпқа келтіреді, бірлескен ауырсынуды, қабынуды азайтады, салмақ жоғалтуға ықпал етеді. [9].

Жасмин бүршіктері мен жапырақтары. Жасминнің адамға пайдасы дәлелденген. Жасмин седативті қасиеттерге ие, әл-ауқатты қолдайды, қатерлі ісік ауруларының кейбір түрлерінің дамуына жол бермейді, салмақ жоғалтуға көмектеседі, жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алады, ағзадағы инсулин өндірісін реттейді [10].

Зерттеудің мақсаты-функционалды мақсаттағы өсімдік қоспаларымен байытылған жеміс-көкөніс снэктың рецептураларын әзірлеу, функционалды мақсаттағы өсімдік қоспалары түрінде итмұрын (кизил) жидектері мен CO_2-мақсары (сафлор) мен жасмин экстракциялық сығындылары қолданылды. Біздің жасаған снэктің рецептурасына мынау шикізаттар кіреді: алма, асқабақ, қызылша пюресі, түйіршіктелген қант, лимон қышқылы және біз усынған өсімдік қоспа - итмұрын (кизил) жидектері мен CO_2-мақсары (сафлор) мен жасмин экстракциялық сығындылары.

Функционалдық мақсаттағы өсімдік қоспаларымен байытылған жеміс-көкөніс снэк өнімінің әзірленген рецептураларына органолептикалық бағалау жүргізу үшін функционалдық мақсаттағы өсімдік қоспаларымен байытылған жеміс-көкөніс снэк өнімінің үлгілері әзірленді.

Біз әзірлеген функционалдық мақсаттағы өсімдік қоспаларымен байытылған жеміс-көкөніс снэк өнімі сапалық сипаттамалары бойынша функционалдық мақсаттағы өнімдерге жатқызылуы мүмкін. Жеміс-көкөніс снэк өнімін өндіру кезінде функционалдық мақсаттағы өсімдік қоспасын пайдалану өнімнің органолептикалық көрсеткіштеріне әсер ететін өнімнің тағамдық және биологиялық құндылығын жақсартуға, сондай-ақ функционалдық мақсаттағы жеміс-көкөніс снэк өнімдерінің ассортиментін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. https://calorizator.ru/product/snack/chips-fruit
2. Королев, А.А. Разработка технологии плодоовощных снеков: автореферат дис. канд. тех. наук. - Москва: МГУТУ им. К.Г.Разумовского.- 2013.-24 с.
3. Дрофичева, Н.В. Особенности биохимического состава плодов яблонь, произрастающих в Краснодарском крае // Известия высших учебных заведений. Пищевая технология. - 2012- №4. - С.39-41.
4. Бухаров, А.Ф., Степанюк, Н.В., Бухарова, А.Р. Разнообразие отечественных сортов тыквы крупноплодной столового назначения // Овощи России. - 2017. - №2. - С. -55-61.
5. Бетацианины корнеплодов красной столовой свеклы / И.И. Саенко, О.В. Тарасенко, В.И. Дейнека, Л.А. Дейнека // Научные ведомости Белгородского государственного университета. - 2012. - Т.18. - С.194-200.
6. Габрук, Н.Г., Ле Ван Хуан Инструментальные методы в исследовании компонентного состава биологически активных веществ имбиря) // Научные ведомости Белгородского государственного университета. Серия Естественные науки. - 2010. - № 3(74). - С. 77-80.
7. Варданян, Р.Л., Варданян, Л.Р., Атабекян, Л.В., Григорян, Т.С. Изучение антиоксидантных свойств лекарственных растений Горисского региона Армении // Химия растительного сырья. - 2013.- № 1. - С. 151-156.
8. Малашенко Н.Л., Можаева Е.Ю. Технологические, физико-химические и экономические аспекты процесса СО2-экстракции. Краснодар: Издательский Дом–Юг, 2012. -76 с.
9. Шиков, А.Н. Растительные масла и масляные экстракты: технология, стандартизация, свойства / А.Н. Шиков, В.Г. Макаров, В.Е. Рыженков. - М.: Издательский дом «Русский врач», 2004. – 264 с.
10. Куркина, Ю.Н. Фитонцидная активность натуральных эфирных масел / Ю. Н. Куркина, Е. П. Есина, А. С. Барскова // Заметки учёного. — 2020. — С. 28–31.

УДК 637.146

ФУНКЦИОНАЛДЫ МАҚСАТТАҒЫ СҮЗБЕ ӨНІМІНІҢ ЖАҢА ТҮРІНІҢ РЕЦЕПТУРАСЫН ӘЗІРЛЕУ

Аббас Л. - ЖТ-22-9к тобы студенті
Бердембетова А. Т. - магистр, аға оқытушы

Адам ағзасы үшін сауықтыру құндылығы бар азық-түлік өнімдерін әзірлеукезінде өсімдіктер мен жануарлар шикізатыныңүйлесуіүлкен қызығушылық тудырады. Мұндай өнімдерде қоректік құрамның тепе-теңдігін қамтамасызететінтабиғи компоненттердіңеңжақсыүйлесімі болып табылады [1].

Сүт өнеркәсібінде халық арасындаерекше сұранысқа иеөнімдердің кең ассортименті бар. Сүт өнеркәсібіндегі ең үлкенқундылық-сүзбе және одан жасалған өнімдер. Бұл оның жоғарысіңімділік дәрежесі бар бай химиялық құрамына байланысты [2].

Функционалдық мақсаттағы өнімдерді әзірлеу және өндіріске енгізу халықтың дұрыс тамақтануы саласындағы мемлекеттіксаясаттың негізгі мақсаттары болыптабылады [3].

Дұрыс тамақтанбағанкезде метаболизм, ас қорыту, жүрек-қантамырлары, жүйке және басқа жүйелердің функционалдық қабілеті бұзылады. Демографиялық проблемалар, стресстік жүктемелер, әртүрліаурулары бар адамдардың көбеюі, балалардың денсаулығының нашарлауы функционалды тамақ өнімдерін құру қажеттілігін тудырды.

Дәстүрлі шикізат түрлерінен жаңа функционалды өнімдердің рецептурасын әзірлеу тамақ өнеркәсібінің бастыміндетіболыптабылады. Сүзбе және сүзбеөнімдері функционалды қасиеттер мен толықтырылған диетаның жануарақуызыныңнегізін толықтыруғаең қолайлы негізболыптабылады. Сүзбекұрамындабарлықсүтөнімдерініңеңкөпсіңімдіақуыздары бар. Олар холин, триптофан, метионин сияқтыәртүрлі аминқышқылдарына ыдырайды, оларды организм белсенді түрдетұтынады [4]. Жеңілсіңімділігінебайланыстысүзбеәртүрлі ас қорытубұзылыстары бар жасбалаларға да, қарттарға да ұсынылады. Құрамында амин қышқылдары мен кальцийдің көп болуыменқатар, сүзбе В дәрумендерін, А, Е, Р дәрумендерін қамтиды, ол натрий, темір, мыс, магний және т. б. тұздарға бай. [5].

Сүзбе ағзағабарлық ішкіағзалардың, әсіресесүйектінінің қалыптыжұмысістеуіүшінқажет. Бұлжүрек пен қантамырларыныңжұмысына, эритроциттердің пайдаболуына және жүйкеденсаулығына оң әсеретеді. Дәнді дақылдар, жарма, ұн, диеталық талшық түрінде өсімдік қоспаларын қосатынсүзбе өнімдерібелгілі. Бұл қоспаларталшықтың көзіболыптабылады және асқазан-ішек жолдарының жұмысын жақсартуға көмектеседі. Жеміс, жидек, көкөніс толтырғыштарыненгізу сүзбе өнімдерін көмірсулармен, дәрумендермен, макро – және микроэлементтермен, пектиндік заттармен байытады. Сүзбе өнімдеріне емдік-профилактикалық маңызы бар шөпқоспалары да енгізіледі [6].

Сүзбе өнімдерін жасау үшін негізінен сиыр, ешкі, қойсүтіне месеолардың қоспасы қолданылады. Бізсиыр мен түйесүтінің қоспасынансүзбе өнімінің жаңа түрінәзірледік, сонымен қатар функционалдықоспалар ретіндеөсімдік ингредиенттерінің сығындыларын (итмұрын мен долана жемістерін) қолдандық.

Түйесүті гастрит, қантдиабеті, астма, туберкулез, теріаурулары, зәршығарупроблемалары мен гепатитті емдеуде емдік қасиеттері бар тиімді құрал екенін мойындау бар. Сүтті тұтыну аллергиялық реакцияларды немесе асқазан-ішек жолдарының тітіркенуін тудырмайды. Түйе сүті ерекше тұзды дәмімен, дәм қабылдаудың барқыттылығымен ерекшеленеді, макро және микроэлементтерге бай, аминқышқылдарының үйлесімі адамағзасынаөтеқолайлы. Сондықтан түйесүті адам сүтінеең жақынболып саналады. Түйесүтінде қатерлі ісік, альцгеймер және "С"гепатиті сияқтыаурулармен күресетін антиденелер бар. Түйесүтінің қантдиабеті мен жүрекауруының белгілеріназайтуда қандай рөлатқаратынын анықтаумақсатында зерттеулер жалғасуда [7].

Жеміс дақылдарыныңішінде итмұрын атап өтугеболады. Итмұрын құрамында В тобындағы дәрумендер бар:

- В1 (тиамин), өсу мен даму процестерін анықтайтын, жүректің, жүйке, ас қорыту жүйесініңоңтайлыжұмысын қолдайтын;

-В2 (рибофлавин), эритроциттердіңсинтезі, антиденелер, өсу, репродуктивті функциялар, қалқанша безініңоңтайлы жұмысынжақсартуға;

-В9 (фолийқышқылы). Жетіспеушілік анемияны, дененің қанайналымы мен иммундық жүйесініңбұзылуын тудырады.

Р дәрумендерінің тобын флавоноидтар құрайды, аскорбинқышқылымен бірге оларкапиллярлардың өткізгіштігі мен сынғыштығын төмендетеді, тотығу-тотықсыздану процестерін белсендіреді, бауыр мен бүйрекауруларын емдеу үшін қолданылады. Итмұрынның құрамындақанқысымы көрсеткіштерінің төмендеуіне ықпалететін, атеросклеротикалық бляшкалардыңпайдаболуына жол бермейтінпайдалықасиет бар.

Итмұрын жемістерінде кальцийдің D дәруменімен сіңуінжәне өзара әрекеттесуіне қажетті К дәрумені бар, сүйек пен дәнекертінінің метаболикалық процестерінде, бүйректің оңтайлы жұмысында және қанныңұюындамаңызды рөл атқарады.

Итмұрынтаниндердің жоғары құрамымен пайдалы. Олар ақуыздардың ішінара коагуляциясын тудыратын қасиеткеие, нәтижесінде шырыштықабықта немесе теріде қорғаныс пленкасы пайда болады. Олараузық қуысының қабынуын, күйіктерді, әртүрлітері ауруларын емдеудеқолданылады. Олар өсімдіктің жемістерінде, гүлдерінде және тамырларында көп.

Микроэлементтер калий, кальций, магний, фосфор, темір, марганец, мырыш, мыс.

Жемістердің құрамына кіретін пектин, суда еритін талшық, ішектен зиянды заттардың шығарылуына ықпалетеді, асқазан-ішекжолдарының қызметін қалыпқа келтіреді [8].

Нәтижелер долана жемістеріадам ағзасына қажетті әртүрлі дәрумендер мен минералдардың көзі екенінкөрсетеді.

Долана жемістерінде негізінен суда еритіндәрумендер бар, олар В тобындағы дәрумендердіңкүнделікті қажеттілігін 13-тен (В1-де) %, С дәрумені 14% құрайды. Е дәруменіжәне Р-каротин сияқты майда еритіндәрумендер тәуліктік қажеттілікті сәйкесінше 12 және 69% қамтамасыз етеді.

Долана жемістеріндегі минералды құрамның компоненттерінің арасында марганец, темір, мырыш, мыс және адамағзасына қажетті басқа макро және микроэлементтер бар. Марганец, мыс, калий және магний

сияқты минералдарға күнделікті қажеттілік 100 г жаңа піскен жемістерді оңай қанағаттандырады. Кальций, мырыш және темір күнделікті қажеттілікті сәйкесінше 9,33 және 80% құрайды.

Осылайша, жүргізілген зерттеулер долана жемістерінің қоректік құрамы, соның ішінде дәрумендер, макро және микроэлементтер мен диеталық талшықтар тұрғысынан жоғары тағамдық құндылығын көрсетеді, бұл оларды жаңа тұтыну үшін де, одан әрі өңдеуүшін де пайдалануға мүмкіндік береді [9].

Алдын ала зерттеулерге сүйене отырып, біз 1-кестеде ұсынылған өсімдік ингредиенттерінен (итмұрын және долана жемісі) сығындылары бар функционалды мақсаттағы сүзбе өнімінің жаңа түрінің рецептураларын жасадық.

1-кесте-өсімдік ингредиенттерінен (итмұрын және долана жемісі) әртүрлі сығындылары бар функционалды мақсаттағы сүзбе өніміне арналған рецепттер.

Шикізат	Өсімдік ингредиенттерінің сығындысы (итмұрын және долана жемісі), %			
	-	3	6	9
Сүзбе 9%	83,8	82,8	80,8	78,8
Өсімдік ингредиенттерінің сығындысы (итмұрын және долана жемісі)	-	3	6	9
Шекер	7,5	6,5	5,8	5,2
Желатин	8,7	7,7	7,4	7,0
Барлығы	100	100	100	100

Біз ұсынған рецепт бойынша біз өсімдік ингредиенттерінен (итмұрын және долана жемісі) сығындысы бар функционалдық мақсаттағы сүзбе өнімінің жаңа түрлерін шығардық, сондай-ақфункционалдық мақсаттағы өндірілген сүзбеөнімдеріне органолептикалық бағалау жүргіздік. Органолептикалық бағалаулар бойынша, ең жақсы көрсеткіштер өсімдік ингредиенттерінен (итмұрын және долана жемістері) 6% сығындысы бар сүзбе өнімінде болды.

Функционалдық мақсаттағы өндірілген сүзбе өнімінің органолептикалық көрсеткіштері.

- Сыртқытүрі: беті түйіршікті.
- Консистенциясы: жұмсақ, нәзік, орташа тығыз және ұсақталған масса.
- Түсі: сарғыш, бүкіл көлемге біркелкі бөлінген.
- Дәмі мен иісі: өнімніңқышқыл, сәл тәттіжәне қышқылдәмі. Итмұрын мен долана хошиісі бар.

Біз әзірлеген функционалды мақсаттағы сүзбеөнімінің жаңатүрісапалық сипаттамалары бойынша пайдалы, емдік және профилактикалық өнімдерге сілтеме жасай алады. Осылайша, біз функционалды мақсаттағы жаңа, пайдалы өнімді ұсынамыз және сапалы сүт өнімдерінің ассортиментін кеңейтеміз.

Әдебиеттер

1. Ермолаев А.О., Бабухадия К.Р., Решетник Е.И. Функциональный творожный продукт, обогащенный нетрадиционными растительными компонентами //Новыетехнологии. 2021. Т. 17, № 4. С. 62-71.
2. Бредихин С.А. Технология и техника переработки молока: учеб. пособие. М.: Колос,2001. 400 с.
3. Ключникова Д. В., Кузьмина Е. Л. Способ получения обогащенного творога. Производство и переработка с/х продукции: менеджмент качества и безопасности. Материалы II международной научно-практической конференции, посвященной 100-летию ВГАУ и 20-летию образования факультета технологии и товароведения 24–26 апреля 2013г, Воронеж 2013, с.75–76.
4. Батищева Л. В., Ключникова Д. В., Курчаева Е. Е. Особенности производственного контроля в технологии молочных продуктов с растительными добавками / Актуальные вопросы технологий производства, переработки, хранения сельскохозяйственной продукции и товароведения: материалы научно-практической конференции профессорско-преподавательского состава факультета технологии и товароведения. Вып. II. − Воронеж: ФГБОУ ВПО Воронежский ГАУ, 2013. − 244 с.
5. Ключникова, Д. В. Роль микробиологических показателей в оценке качества творожных изделий / Материалы LII отчетной научной конференции за 2013 год. Воронеж, ВГУИТ, — 2014. С. 59.
6. Бакулина О. Н. Фруктовые и овощные ингредиенты: новые виды новые возможности // Пищевая промышленность.-2008. № 2.-С. 94.
7. Юнусходжаева Х.Ш., Додаев К.О. ИЗУЧЕНИЕ ВЕРБЛЮЖЬЕГО МОЛОКА КАК ПОТЕНЦИАЛЬНОГО СЫРЬЯ МОЛОЧНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ // Universum: технические науки : электрон. научн. журн. 2022. 2(95).
8. Байматова Е.В., Лупинская С.М., Моисеева Ю.М. Сывороточные продукты с дикорастущим травянистым сырьем. //Молочная промышленность.–2009.-№3.- с. 72 – 73.
9. Андреев С.З., Баринов В.А. Аптека у нас дома (в помощь сборщикам лекарственного сырья) – 2е изд. – М.: Моск. область, 1983 – с. 142.

ӘОЖ 677(075)

ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФЕРМЕНТАТИВТІ ҚОСПАЛАРАДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП АҚТАЛҒАН МАҚТА МАТАСЫНЫҢ МИКРОҚҰРЫЛЫМЫН ЗЕРТТЕУ

Абдиева Д.А. - ЖТ-21-8к тобының студенті
Елдияр Г.К. - PhDдокторы, аға оқытушы

Ағарту процессінің мақсаты матаға тұрақты ақтық дәрежесін беру болып табылады. Ағартудың аса жоғары дәрежесі тек қана мақта матасын флуресцентті бояғыштармен (оптикалық ағарту процессі) боялуға арналған ағартылған маталар үшін қажет болып табылады.

Химимялық ағарту процессінде тотықтырғыш ретінде натрий гипохлориді, сутегі тотығы, натрий хлориді қолданылады, бұл әдісті ағартудың дәстүрлі әдісі деп те атайды.

Матаны сутегі тотығымен ағарту процессі өз кезегінде әлсіз сілтілі ортада 75 – 80^{0} C температурадаH_2O_2 ыдырауы барысында бөлінетін атомарлы оттегімен тотығатын бояушы заттар негізімен түсіндіріледі.

Ағарту үшін сутегі тотығын қолдану өз кезегінде еңбек өнімділігін жоғарылатып, технологиялық операцияларды аса қарапайым етуімен түсіндіріледі.

Дәстүрлі ағарту әдістері pH модификациялауға және нейтралдау үшін қажетті жоғары температураны және жоғары көлемде химиялық қоспаларды қосуды қажет етеді.

Бұл зерттеудің мақсатыферменттерді қолданудың экологиялық пайдасы бар-жоғын анықтау болып табылады, егер солай болса, онда қарастырылып отырған ағартудың екі жүйесінің де қоршаған ортаға тигізетін әсерін зерттеу арқылы осы пайданың мөлшерін нақтылауды көздеп отырмыз.


Ағарту процессінде ферментті қоспаларды қолдану өз кезегінде тоқыма өндірісінде келесідей маңызды мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

- Химиялық өндірісте энергияшығымдылығы көзқарасымен қарасақ, таза, жұмсақ, экологиялық таза, агресивтілігі төмен және экономикалық жағынан шығымдылығы төмен аураны құру;
- Сапалығы төмен дөрекі жүн талшығы және қысқа зығыр талшықтары сияқты табиғи талшықты материалдарды толығымен қайта өңдеу мүмкіншілігінің болуы;
- Қазіргі уақыттағы тұтынушылардың сапалық және эстетикалық талаптарына сәйкес келетін жаңа қасиеттерге ие тоқыма материалдарын өндіру мүмкіндігі.

Қазіргі уақытта ағартудың ферментативті технологиясы шикізаттың көптеген түрлерін трансформациялаудың аса тиімді тәсілі болып табылады. Биокатализатор ретінде ферменттерді қолдану өз кезегінде тоқыма және тамақ өнеркәсіптерінің шикізат базасын мейлінше жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Ашымақ қосылыстар қышқылдар өсімдіктердің метаболикалық процестерінде табиғи түрде өндіріледі және олардың биоактивті қасиеттері бар. Бұл қасиеттер нан бөлшектерін синтездеуде стабилизатор ретінде әрекет етуге үлкен мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысына табиғи өсімдік шикізаты, оның ішінде цитрус, алма, мейіз және басқа да жеміс-жидектерден алынған қышқыл қосылыстар қолданылды. Бұл шикізаттар нан бөлшектерін синтездеуде редукциялау агенттері ретінде зерттелді. Өсімдіктекті ашымалардың маңызы қазіргі кезде орасан зор.

Дәстүрлі нан өндірісінде негізінен бидай және қара бидай ұнынан жасалған ашытқылар қолданылады. Алайда өсімдіктекті шикізаттан алынған ашымалардың келесі артықшылықтары бар: Табиғи микрофлораны сақтайды – өсімдіктекті ашымаларда сүтқышқылды бактериялар мен ашытқы микроорганизмдері кездеседі.

Олар қамырдың дұрыс ашуына орасан зор үлесін тигізуде. Нанның тағамдық құндылығын арттырады – ашымаларда дәрумендер, аминқышқылдары және антиоксиданттар көп мөлшерде кездеседі. Асқорыту жүйесіне оң әсер етеді – мұндай нан өнімдері пробиотикалық қасиетке ие, яғни ішек микрофлорасын жақсартады[2].

Өсімдіктекті ашымаларды әртүрлі өсімдік өнімдерінен алуға болады. Ең жиі қолданылатын шикізат түрлері: дәнді дақылдар (арпа, сұлы, қара бидай, бидай) – табиғи ашыту процесін қамтамасыз. Дәстүрлі әдістермен синтезделген наноматериалдардың өндірісінде жиі синтетикалық реагенттер мен ауыр химиялық қосылыстар қолданылуы экологиялық жағынан жағымсыз әсер туғызады.Осыған байланысты өсімдік шикізаты – жаңартылатын және табиғи көздерден алынатын материал – наноматериалдарды өндіруде балама әрі экологиялық таза шешім ретінде өзекті болып отыр.

Жемістер мен жидектер (алма, жүзім, қарақат) – құрамында табиғи қанттар мен ашытқылар бар, ашу процесін жылдамдатады. Көкөністер (қырыққабат, сәбіз, қызылша) – сүтқышқылды бактерияларға өте бай. Өсімдіктекті ашымаларды пайдалана отырып нан пісіру бірнеше кезеңнен тұрады[3].

Ашыма дайындау – өсімдіктекті шикізат белгілі бір температурада суда ашытылады. Бұл процесс 24-48 сағатқа созылады. Қамыр илеп, ашыту – ашыма дайын болған соң, оны ұнмен араластырып, қамыр илейді. Қамыр белгілі бір уақыт бойы ашуға қалдырылады. Нан пісіру – ашыған қамырды қалыптарға салып, белгілі температурада пісіреді.

Жалпы жүргізілген әдеби шолу негізінде өсімдіктекті шикізаттан алынған ашымалар нан өндірісінде сапалы әрі пайдалы өнім алуға мүмкіндік береді. Мұндай нан асқазан-ішек жолдарына пайдалы әсер етеді, табиғи дәмі мен иісі ерекше болады. Сондықтан болашақта өсімдіктекті ашымаларды қолдану нан өндірісінде кеңінен қолданыс табады. Бұл шолудың маңыздылығы – табиғи жолымен өндірілетін ашымықтар рецептурасын құрастыру болып табылады.

Әдебиеттер
1. Арыстанбекова, Г.К. Нан және нан өнімдерінің өндірісі. / А.М. Төлеуова // Алматы. 2018.- С.256.
2. Ибрагимова, А.А. . Ашытқы және қышқыл сүт өнімдері технологиясы.
/ А.Р. Сейтжанова // Алматы. 2020. – С 280.
3. Қуантқанов А.Ш. Тағамдық биотехнология негіздері. Астана.2015.-С 312

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІН ДАЙЫНДАУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНЫП ДИЗАЙНЕРЛІК ШЕШІМДЕРІН ТАБУ.

Артыкова Ж.Ғ. - ТКн-22-1к тобының студенті
Сабденова А.О. - магистр, арнайы пән оқытушысы

Ұлттық киімдер – халқымыздың мәдени мұрасы, тарихи тәжірибесі мен қолөнерінің айқын көрінісі. Олар тек киім ретінде ғана емес, ұлттың дүниетанымын, салт-дәстүрін, ұлттық ерекшеліктерін сақтаушы әрі жаңғыртушы құрал болып табылады. Заманауи қоғамда ұлттық киімдер тек халықтық мәдениеттің символы емес, сондай-ақ әлемдік сән индустриясының трендіне айналуда. Қазіргі кезде ұлттық киімдер технологиясы мен дизайнының жаңа бағыттары мен мүмкіндіктері дамып, дәстүрлі әдістер мен заманауи технологиялар үйлесімді түрде қолданылуда.

Бұл мақалада ұлттық киімдерді тігу технологиясын жетілдіру жолдары, заманауи материалдар мен әдістерді қолдана отырып, ұлттық киімдердің функционалдығын арттыру, стильдік жаңашылдық енгізу жайлы сөз қозғалады. Сонымен қатар, ұлттық киімдерді қазіргі заманға сай қайта жасай отырып, оларды заман талабына сай жаңа дизайнмен үйлестіріп, сәнді әрі тиімді пайдалану жолдары қарастырылады.

Ұлттық киімдер әр халықтың өзіндік тарихын, табиғатпен үйлесімін, климаттық жағдайларын, әлеуметтік жағдайын көрсететін маңызды мәдени құндылық болып табылады. Қазақ халқының ұлттық киімдері кеңдігімен, табиғатқа жақындығымен ерекшеленеді. Олар негізінен табиғи маталардан тігілген: жүн, зығыр, мақта, тері сияқты материалдар қолданылған.

Бұған дейін қазақтың ұлттық киімдері негізінен күнделікті тұрмыс пен еңбекке бейімделген болса, қазіргі таңда бұл киімдер сән әлемінде де өз орнын табуда. Ұлттық киімдер тек мәдени мұра ретінде ғана емес, сонымен бірге әлемдік сәнде танымал бола бастады.

Қазіргі таңда ұлттық киімдер дизайнерлер мен қолөнершілер тарапынан жаңғыртылып, заманға сай материалдар мен технологиялар енгізіліп отыр. Бұл ұлттық киімдердің сыртқы көрінісін ғана емес, олардың функционалдығы мен комфортын да арттыруға мүмкіндік береді.

Ұлттық киімдерді қайта жаңғырту барысында жаңа технологиялар мен заманауи материалдарды қолдану маңызды. Осы арқылы біз ұлттық киімдердің функционалдығын арттырып, оларды қазіргі заманға сай өзгерту мүмкіндіктерін ашамыз.

Микрофибра және синтетикалық маталар: Бұл материалдар жеңіл, берік және ұзақ уақытқа шыдайды. Микрофибра ауа өткізгіш болып келеді, сондықтан оны киімдерге пайдалану кезінде жайлылықты қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, синтетикалық материалдар күтімі жеңіл әрі былғары және тері материалдарынан кем түспейді.

Эко-материалдар: Экологиялық таза материалдардың танымалдылығы артып келеді. Бұл табиғи мақта, зығыр, жүн сияқты өнімдер ұлттық киімдерді тігу барысында қолданылуы мүмкін. Мұндай материалдар тек экологиялық жағынан таза емес, сонымен қатар денсаулыққа да пайдалы.

Наноматериалдар мен жіңішке жіптер: Заманауи технологиялар қолданылған киімдер ұсақ бөлшектерді, өрнектерді және басқа да элементтерді өте жоғары дәлдікпен шығара алады. Наноматериалдар киімдердің тозуға қарсы тұруын арттырады және оларды ұзақ уақыт пайдалануға мүмкіндік береді.

3D баспа және лазерлік кесу және плоттер технологиялары: Бұл технологиялар ұлттық киімдерге жаңа стильдер мен өрнектер енгізуге мүмкіндік береді. 3D баспа арқылы күрделі ою-өрнектерді киімнің бетіне басу, лазерлік кесужәне плоттер аппараты арқылы материалдарды дәл әрі жылдам кесу қолданылады.

Термосезімтал материалдар: Бұл материалдар температура өзгерген кезде өз түсін немесе құрылымын өзгертеді. Мысалы, киімдердің қолданысы барысында температура өзгергенде, олар өз түсін өзгертіп, ерекше көрініс береді. Бұл ерекше дизайн шешімдері ұлттық киімдерді жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Ұлттық киімдерді қазіргі заманға сай қию арқылы жаңа дизайнерлік шешімдер мен стильдер жасауға болады. Комбинерленген киімдер — бұл дәстүрлі ұлттық киімдердің элементтерін заманауи дизайнмен үйлестірген киімдер. Заманауи материалдар мен технологияларды пайдалану арқылы ұлттық киімдердің функционалдығын арттыруға болады.

Мысалы, қазақ халқының ұлттық киіміндегі дәстүрлі элементтерді (мысалы, күмістен жасалған әшекейлер, дәстүрлі ою-өрнектер) қазіргі заманғы стильдермен біріктіру, яғни ұлттық стильдің заманауи түрін жасау арқылы комбинерленген киімдер тігілуде.

Ыстық клеймен ою-өрнек жасау әдісі.

Ұлттық киімдерге сәндік элементтерді қосу үшін ыстық клей мен бояуды қолдану тиімді әдістердің бірі болып табылады. Осы әдіс арқылы ұлттық киімдерге қолмен жасалған өрнектер мен оюларды жылдам әрі тиімді түрде қосуға болады. Ыстық клеймен ою-өрнек жасау:

1. Дизайн жасау: Алдымен, ою-өрнектің үлгісін қағазға салып, оны киімнің бетіне қойып орналастыру.
2. Ыстық клей қолдану: Ыстық клей пистолеті арқылы таңдалған оюды киімге жабыстыру.
3. Бояу жұмысы: Клей құрғағаннан кейін, өрнектерді бояу арқылы ерекше әсер беру. Бұл үшін түрлі түсті бояуларды қолдануға болады.
4. Аксессуарларды безендіру: Ыстық клеймен жасалған оюларды белдік, диадема, қапсырма сияқты аксессуарларға да қолдануға болады.

Бұл әдіс ұлттық киімдердің тек көркемдігін арттырып қана қоймай, оларды қолданудағы жеңілдікті де қамтамасыз етеді.

Плоттер аппаратын қолдану.

Қазіргі таңда плоттер аппараты ұлттық киімдер мен аксессуарларға ою-өрнектерді дәл әрі жылдам кесуге мүмкіндік беретін құралға айналды. Плоттер аппараты арқылы әртүрлі материалдарға ою-өрнектер мен кесінділерді кесіп, ұлттық киімдерге арналған сәндік элементтерді жасауға мүмкіндік береді. Бұл құрылғы әсіресе күрделі және нәзік өрнектерді, фигураларды дәл жасау үшін қолданылады. Дизайнерлер ұлттық киімдерге жаңа стиль мен сән беруде иновациялық технологияны тиімді пайдалануда.

Плоттер аппаратының жұмыс принципі:

1. Құрал-жабдықтар: Плоттер кескіш құралмен жабдықталған, ол компьютерлік бағдарламаның нұсқаулары бойынша материалды кеседі.
2. Дизайн жасау: Алдымен, ою-өрнек немесе сурет компьютерде жасалады.
3. Плоттермен кесу: Плоттер бұл дизайнды таңдалған материалға — қағаз, винил, мата, тері және т.б. — кеседі.
4. Киімдерге қолдану: Кесілген элементтерді киімдерге немесе аксессуарларға үтікпен жабыстыруға болады.

Плоттер аппаратының артықшылықтары:

- Жоғары дәлдік: Плоттер өте күрделі өрнектерді дәл кесуге мүмкіндік береді.
- Жылдамдық: Материалдарды кесу тез әрі тиімді.
- Көп түрлі материалмен жұмыс істеу мүмкіндігі: Плоттер көптеген материалдармен жұмыс істей алады, бұл ұлттық киімдерге арналған элементтерді жасау үшін өте қолайлы.

Қазіргі кезде плоттер аппараты ұлттық киімдердегі ою-өрнектерді жасауда кеңінен қолданылады. Бұл технология дизайнерлерге ұлттық киімдерде дәстүрлі оюлар мен заманауи дизайн элементтерін үйлестіруде.

Ұлттық киімдер дизайнының болашағы заманауи технологиялар мен инновациялардың енгізілуінде жатыр. Бұл технологиялар киімдердің эстетикалық және функционалды ерекшеліктерін арттырып, ұлттық киімдерді әлемдік сәнде танымал етуге мүмкіндік береді. Дәстүр мен инновацияны үйлестіру арқылы ұлттық киімдер тек мәдени мұра ретінде ғана емес, сонымен қатар сәнді әрі практикалық киімдерге айналады.

Ұлттық киімдерді тігу технологиясын жетілдіру жолдары қазіргі заманғы материалдар мен әдістерді енгізу арқылы жүзеге асады. Ыстық клеймен ою-өрнек жасау және плоттер аппаратын қолдану сияқты инновациялар ұлттық киімдерге жаңа стильдер мен функционалдылық қосуда. Заманауи технологиялар ұлттық киімдердің сәнділігін, қолданылуын және қолжетімділігін арттырып, оларды дүниежүзілік нарыққа шығаруға ықпал етеді.Заманауи киім өндірісіндегі бұл инновациялар ұлттық киімдерге жаңа стиль, әсемдік пен функционалдылық қосып, олардың мәдени маңызын сақтай отырып, жаңаруы үшін тиімді жолдар болып табылады.

Әдебиеттер

1. Құрманова, Р. Ә. Қазақ ұлттық киімдері: тарихи және мәдени аспектілер. Алматы: Қазақ университеті. 2020ж.
2. Тынышбаева, Л. А. Ұлттық киімдер және олардың заманауи дизайны. Астана: Еуразия Ұлттық университеті.2019ж.
3. Жұмабекова, М. Қ. Ұлттық киімдердегі заманауи технологиялар мен инновациялар. Шымкент: Шымкент университеті.2018ж.
4. Құдеринова, Г. А. Экологиялық таза материалдар мен олардың киім өндірісінде қолданылуы. Алматы: Экология баспасы.2021ж.
5. Серікбаева, Б. Ж. Қазақ қолөнеріндегі өрнектер мен оның киімдердегі қолданылуы. Қазақ мәдениеті журналы, 2017ж. 45(3), 82-89.

ӘОЖ 637.3

ЖАҢҒАҚ ҚОСЫЛҒАН СҮЗБЕНІҢ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Асылхан Д.А.- ЖТ-21-7дк тобының студенті
Еркебаева С.У.-б.ғ.к., доцент

Сүзбе — адам ағзасына қажетті амин қышқылдары мен кальцийдің негізгі көзі болып табылады. Ал жаңғақтар құрамында жүрек денсаулығына пайдалы май қышқылдары, дәрумендер (әсіресе Е дәрумені) мен минералдар бар, олар ас қорыту жүйесін жақсартып, иммунитетті нығайтуға көмектеседі. Осылайша, жаңғақ қосылған сүзбе — салауатты өмір салтын ұстанатын адамдар үшін тамаша таңдау болып табылады[1].

Жаңғақ қосылған сүзбе — бұл сүт өнімдерінің ішіндегі ең пайдалы әрі қоректік құндылығы жоғары өнімдердің бірі. Сүзбе — сүттен алынатын табиғи ақуыз бен кальцийдің бай көзі, ал жаңғақтар — майлар, белоктар, дәрумендер және минералдармен байытылған табиғи өнімдер. Жаңғақ қосылған сүзбе сүт пен жаңғақтардың пайдалы қасиеттерін біріктіре отырып, дәмді әрі қоректік құндылығы жоғары тағамға айналады.

Бұл өнімнің ерекшелігі — оның дәмінің байлығында ғана емес, сонымен қатар оның тұтынушылардың денсаулығына тигізетін пайдасында да. Жаңғақ қосылған сүзбе ақуыз, май және көмірсулардың дұрыс тепе-теңдігін сақтай отырып, ағзаға қажетті қоректік заттардың барлық спектрін ұсынады.

Сүзбе мен жаңғақтардың үйлесімі табиғи және жоғары сапалы тағам жасау үшін өте қолайлы. Бұл өнім әр түрлі диеталық қажеттіліктер мен талғамдарды қанағаттандыра отырып, балалар мен ересектердің тамақтану рационында маңызды орын алады. Сонымен қатар, жаңғақ қосылған сүзбе тез дайындалып, жеңіл әрі дәмді тағам болып табылады, бұл оны күнделікті тамақтануға ыңғайлы етеді[2].

Жаңғақ қосылған сүзбенің физика-химиялық қасиеттерін зерттеу үшін бірнеше негізгі көрсеткіштерді талдауға болады. Мысалы, құрамындағы ылғал мөлшері, pH деңгейі, майлар мен ақуыздардың концентрациясы, микроэлементтер және басқа да физика-химиялық қасиеттері жүреді.

Кесте 1- Жаңғақ қосылған сүзбенің физика-химиялық қасиеттері

Қасиеттері	Мөлшері
Ылғал мөлшері,%	70
Ақуыз мөлшері,%	10
Май мөлшері,%	5
Көмірсулар мөлшері,%	3
pH деңгейі	4,2
Калориялық құндылығы, ккал	100
Диеталық талшықтар,г	1г

1- кестеде жаңғақ қосылған сүзбенің жалпы қасиеттері жаңа әдістермен немесе ингредиенттердің пропорциясымен өзгеруі мүмкін. Зерттеу барысында нақты нәтижелер түрлі факторларға, мысалы, өндіру әдісіне, сақталу жағдайларына және басқа да шарттарға байланысты болуы ықтимал.

Грек жаңғағы ұнтақталып қосылған функционалды сүзбе өнімінің физика-химиялық және оргонолептикалық қасиеттері өнімнің сапасы мен қабылдануын қамтамасыз ету үшін маңызды аспектілер болып табылады[3].

Оргонолептикалық көрсеткіштері. Грек жаңғағының дәмі сүзбе мен басқа да қосылған ингредиенттермен үйлесім табуы керек. Жаңғақтың жеңіл ащы дәмі мен сүзбенің жұмсақ дәмібір-бірін толықтырып, өнімге ерекше дәм беруге тиіс. Өнімнің табиғи иісі мен жаңғақтың хош иісі арасындағы тепе-теңдіктісақтауқажет. Жаңғақтардың ұнтақталған түрінде қосылуы оның дәмі мен хош иісінің толық ашылуына мүмкіндік береді. Өнімнің түсі тартымды болуы керек. Сүзбенің ақтүстен өзгермей, грек жаңғағының ұнтағыменқ оса қосылған компоненттердің әсерінен эстетикалық жағынан тартымды болуы тиіс. Түсті өзгерістердің болмауы өнімнің сапасын көрсетеді. Өнімнің консистенциясы жұмсақ, бірақтығыз болуы тиіс. Грек жаңғағының ұнтақталған түрі өнімнің құрылымын жақсартуы керек, яғни ол дәмді әрі жеңіл болуы керек. Өнімніңәрбірбөлігіауыздабіркелкіжәнежағымдысезімқалдыруытиіс. Өнімнің текстурасы мен дәмінің жағымды болуы оның тұтынушылар арасында кеңінен сұранысқа ие болуына мүмкіндік береді. Жаңғақ пен сүзбекомбинациясы тек тағамдықмәні мен құндылығымен ғана емес, сонымен қатар тұтыну шыға жағымды эмоциялар сыйлау керек.

Жаңғақ қосылған сүзбенің органолептикалық көрсеткіштерін зерттеу кезінде оның сыртқы түрі, дәмі, иісі, құрылымы және консистенциясы бағаланады. Көрсеткіштерді бағалау үшін келесі кестеде көрсетілген.

Кесте 2-Жаңғақ қосылған сүзбенің органолептикалық көрсеткіштерін зерттеу

Көрсеткіш	Бағалау критерийлері
Сыртқы түрі	Түсі: ақшыл немесе сарғыш, жаңғақтың бөлшектері анық көрінетін
	Құрылымы: біртекті немесе аздап майлы, жаңғақпен араласқан
Иісі	Жаңа және балғын, жаңғақтың иісі мен сүзбенің жеңіл қышқыл дәмі бар
Дәмі	Жаңғақтың дәмі анық сезіледі, жұмсақ, кремді, жеңіл тұзды немесе қышқыл болуы мүмкін
Құрылымы	Мақтадай жұмсақ, жаңа, біркелкі құрылым, жаңғақтың қытырлақ текстурасы болуы мүмкін
Консистенциясы	Сұйық емес, тұрақты, майлы емес, бірақ жұмсақ, жаңғақтар текстурасын сақтайды

Оргонолептикалық көрсеткіштер жаңғақ қосылған сүзбенің сапасын бағалауда маңызды рөл атқарады, себебі олар тұтынушылардың қабылдауына әсер етеді. Әрбір көрсеткіштің мәні өнімнің сапасын жақсартуға және тұтынушы сұранысына сай болуына ықпал етеді.Жаңғақ қосылған сүзбенің витаминдік құрамын төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте 3- Өнімнің құрамындағы витаминдердің адам ағзасына әсері

Витаминдер	Функциялары мен пайдалы әсерлері
А дәрумені	Көздің көру қабілетін жақсартады, теріні сау ұстауға көмектеседі, иммундық жүйені нығайтады.
D дәрумені	Кальцийдің сіңуін жақсартады, сүйектер мен тістердің қалыпты дамуына ықпал етеді, иммундық жүйені қолдайды.
Е дәрумені	Қуатты антиоксидант, жасушаларды қартаюдан қорғайды, теріні қорғап, иммунитетті арттырады.
В1 дәрумені (тиамин)	Энергия өндіру процесіне қатысады, жүйке жүйесінің дұрыс жұмысын қамтамасыз етеді.
В2 дәрумені (рибофлавин)	Көмірсулар, майлар мен ақуыздардың метаболизмін реттейді, терінің және көздің саулығын сақтайды.
В3 дәрумені (ниацин)	Ас қорыту жүйесінің жұмысын жақсартады, теріні сау ұстауға көмектеседі, энергия өндіруді қолдайды.
В5 дәрумені (пантотенқышқылы)	Стресске қарсы тұруға көмектеседі, гормондардың қалыпты өндірісін қолдайды, энергия өндірісіне қатысады.
В6 дәрумені (пиридоксин)	Ақуыз метаболизмін жақсартады, иммундық жүйені нығайтады, жүйке жүйесінің дұрыс жұмысын қамтамасыз етеді.
В12 дәрумені	Қан түзілуіне және жүйке жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне қатысады, энергия деңгейін сақтайды.
Фолий қышқылы (В9)	Жасушалардың бөлінуін және көбеюін қолдайды, анемияның алдын алады, ұрықтың дұрыс дамуына ықпал етеді.

3- кестеде жаңғақ қосылған сүзбенің құрамындағы витаминдер мен олардың ағзаға тигізетін пайдасын көрсетеді. Сүзбе мен жаңғақтардың үйлесімі бұл өнімді қоректік жағынан байытатын, денсаулыққа пайдалы өнімге айналдырады.

Грек жаңғағы қосылған сүзбе өнімінің химиялық реакциясы — бұл тағамдық құрамдас бөліктердің өзара әрекеттесуінен туындайтын әртүрлі химиялық процестер. Мұнда грек жаңғағының майлары, белоктар, минералдар және антиоксиданттары сүзбенің құрамындағы ақуыздар мен басқа да компоненттермен әрекеттесе алады.

Грек жаңғағының құрамындағы омега-3 май қышқылдары мен антиоксиданттар өнімді ағзаға пайдалы етіп, жүрек-қан тамырлары жүйесін жақсартуға, метаболизмді реттеуге ықпал етеді.Сүзбе мен грек жаңғағының бірігуі өнімнің ақуыз, кальций, дәрумендер және минералдармен байытылуына мүмкіндік береді. Бұл ағзаның энергияға қажеттілігін толықтыруға көмектеседі.

Грек жаңғағының құрамындағы май қышқылдары мен дәрумендер иммунитетті көтеріп, ағзаны инфекциялардан қорғауға ықпал етеді.

Сүзбе және жаңғақтар құрамындағы клетчатка мен пайдалы майлар асқазан-ішек жолдарының жұмысына оң әсерін тигізеді.

Әдебиеттер

1. Брыксина К. В., Казьмина Н.В., Волынщикова К.А. Перспективы применения природных антиоксидантов в технологии продуктов для здорового питания // Наука и Образование. 2018. Т. 1. № 1. С. 54. – EDN YWXARV. 2. Роль продуктов функционального назначения в питании человека / А.С.Ратушный, К. В. Брыксина, С. С. Борзикова [и др.] // Наука и Образование. 2018. Т. 1. № 1. С. 56.

2. Полянская И. С. Функциональные продукты питания: По стопам Вернадского, Покровского, Мечникова, Королева, Чижевского / И. С. Полянская. 2014. – 139 с.
3. Сухарева, Т. Н., Польшкова А. В. Творожный продукт на основе творога, топинамбура и яблок // Наука и Образование. 2019. Т. 2. № 2. С. 255.

ӘОЖ 687.022

ТІГІН ӨНДІРІСІНДЕГІ МУЛЯЖДАУ ӘДІСІ

Ауез А.- ЖТ-21-1к1 тобының студенті
Мирзамуратова Р.Ш. – PhD, аға оқытушы

Муляждау – шығармашылық және қызықты іс-әрекет, қазіргі таңда оның мақсаты – стандартты емес және күрделі киім формаларын алу. Бұл әдіс сахналық және тарихи костюмдер, корсет өнімдерін жасау, жаңа модельдер формаларын құру кезінде кеңінен қолданылады. Басқа әдістер кәсіби мамандарға шығармашылық үшін осындай кеңістік пен еркіндік бермейді. Көптеген танымал дизайнерлер бұл әдісті өз коллекцияларында пайдаланады. Муляждық әдіс ерте пайда болып, бүгінгі күнге дейін жаңа киім формаларын жасау барысында өзектілігін жоғалтқан жоқ[1].

«Шынайы шебер матаны өз қалауы бойынша қиып алмайды, тек оның табиғи қозғалысын бағыттайды» – Кристиан Диор.

Ерте кезде киімдер күрделі конструкцияларды талап етпейтін, олар адам денесіне еркін қонымды болатын. Цивилизацияның дамуы барысында киімдер біртіндеп жетілдіріліп, конструкциясы да күрделене түсті. Киімнің конструкциялау әдістерінің ең көне түрі – муляждық әдіс, бұл әдіспен киім конструкциясының бөлшектері есептеусіз алынып, ол ғасырлар бойы табысты қолданылып келеді. Бұл әдіс сонымен қатар түйреу немесе макеттеу деп те аталады. Муляждық әдіс – киімді моделдеудің тәсілі, оның негізі манекенде немесе адамденесінде жұмыс істеу әдісіне сүйенеді және көптеген ғасырлар бойыкиім бөлшектерін алудыңнегізгі әдісі болған.

Қазіргі дизайнерлер бұл әдісті креативті шешімдер мен әртүрлі сәнді киімформаларын жасауүшін ұтымды пайдаланады. Тәжірибелі дизайнердің қолында мата ойлаған немесе шығармашылық үрдісте таңдалған формаға айналады.

В. Зайцев: «Формальды түрде бұл әдіс – матаның үлкен бөлігін фигураға, манекенге немесетірі адамға түйреу арқылы жасау әдісі. Матада муляж әдісімен жұмыс істегенде, өзіңді мүсінші сияқты сезінесің, тірі форманы қайта жасауға қабілетті адам ретінде, матаны жанды етіп, оны тек кәсіби қолдың тиіп жасағаны арқылы ерекше, тірібейне жасайсың. Бұл өте қызықты және таңғажайып үрдіс, кейде күтпеген құралдармен туындайтын процесс».

Муляждау әдісі – киім моделдеудің біртүрі, оның негізінде манекенде көлемді форманы іздеу шығармашылығы жатыр. Түйреу нақты фигураның ерекшеліктерін ескереді (стандарттан тыс фигураны моделдеу кезінде). Бұл әдіс бірегей, себебі ол тек қарапайым формалардығанаемес, сонымен қатаркешкі киімдердің күрделіформаларын жасауғамүмкіндікбереді, соныменқатар әртүрлі драпировкаларды қолдануға да мүмкіндік береді.

Киімнің пішіндерін сызбалар жасау тек XIX ғасырдың басында пайдаболды және осы кезеңде киімбөлшектерін құрастырудың алғашқыәдістері шықты[2].

Киім конструкциясы – киімнің құрылымын жобалау, олғылыми жетістіктер мен көпжылдық тәжірибеніқолдануды талап етеді. Киім конструкциясыныңмақсаты – киімнің пішіндеріне қажеттіөлшемдер беру, адамденесініңқұрылымы мен өлшемдеріне, гигиеналықталаптарға, материалдың қасиеттеріне жәнекиімөндірісінің технологиясына сәйкес жасау.

Киім конструкциясының әртүрлі әдістері, бірегей принциптердіңболмауына байланыстыкөпболды. Бұлнегізінен авторлардың ұсыныстарыретінде ұсынылды, олар киімконструкциясын құрастыру техникалық әдістеріжайында кеңесбереді. Барлық конструкция әдістері мыналардықамтиды: геометриялық пішін және киімконструкциясының бөлшектері мен бөліктерін бөлу тәсілдері; адамденесі туралы мәліметтер; алынған ақпаратты өңдеуәдістері (техникалық есептеулер мен формулалар), олararқылыконструктивтібөлшектер мен киімтүйіндерінің өлшемдері анықталады. Барлық конструкция әдістері фигура өлшемдеріне негізделген, өйткені конструктивті бөлшектерді дәл жасауүшін адамның фигурасытуралы неғұрлым көпақпаратболса, соғұрлым сәтті құрылым жасауға мүмкіндік мол болады.

Киім конструкциясының әдістерішартты түрде екітүрге бөлінеді: жуық және инженерлік әдістер. Жуық әдістертиптік фигураларбойынша өлшеулерді, қосымшаөлшемдер мен бөлшектерді қалыптастырудың типтік әдістерін қолдануға негізделген. Бұғанмуляждықәдісжәнеесептік-графикалыққұрастыруәдістеріжатады. Инженерлік әдістернақтыөлшеулерге негізделгенжәне олардәл болмақ.

Мұндай әдістерге триангуляция әдісі, қиюжазықтықтары, конструктивті сызықтар мен белдіктер, геодезиялық сызықтар жатады.

Эскизгенегізделген модель бойынша манекенге мата немесе жұқақағаз түйреуарқылы модельдің формалары мен сызықтарын қайталайды. Содан кейін, бұйым дизайнының ерекшеліктерін, адамның денеқұрылымын ескереотырып, муляжда негізгібөлшектердің сызықтарын сызады. Осылайша, модельдің дәлдерлікүлгілеріалынып, оларды тігін жұмыстары мен пішукезінде нақтылайды.

Түйреуді дәстүрлі тәсілмен жасауға болады: матаның алдыңғы бетінде түйреу жасап, біруақытта тігістер мен әшекейлерді, қиғаштардыжәнет.б. ішкі бетіне шығару; және «қатарынан» деп аталатын салыстырмалытүрде жаңа әдіс, мұнда түйреу жеңілдетіледі, себебі бөлшектерді бүктеу қажет емес, яғни барлық тігістер мен әшекейлер алдыңғы бетіне шығарылады да, біріктіріліп түйреледі[3].

Қазіргі сәнде әшекейлерді «қатарынан» орналастыру декор ретінде қолданылуы мүмкін.

Бұләдісте жақсы бағдарлану үшін түйреудің келесі тәсілдерін атап өтуге болады:

• Жаңақүрделі киімформаларын жасау үшін макет матасының тұтас қырқылмағанбөлігінтүйрепжасау; көбінесе танымал Кутюрье және дизайнерлердің әдістері пайдаланады.

• Мата бөліктерін түйреу, олардың өлшемдері шамамен есептеледі. Белгілі бірбөліктігілетін маталар тігісүшін квадрат немесетік бұрыштытүрде алынады, соданкейін түйреу жасалады.

• Аралас түйреу. Бұл – киімнің дайын бөліктерін моделдеу әдісі, оларесептік тәсілменалынған (қолтық, алдыңғы және артқыбөліктер, жағалар жәнет.б.) манекенденемесе адамденесінде жасалады, сонымenбіргекиімніңқону сапасының ақауларын жоюжүзеге асырылады.

Түйреудің негізгі ережесі – негіз және арқау жіптерінің дұрыс өзара орналасуы, бұлманекендегі бөлшектердің орналасуын, қиғаштардың мөлшерін және тігістердің бағытын анықтайды. Мата аныққұрылымғаиеболуыкерек, оны дұрысөңдеуқажет, солкезде түйреу әртүрлі бағытта қисайып кетпейді. Мата форманың сипатынтікелей анықтайды: жеңілдігі, жылжыпкетуі, жұмсақтығы немесеқаттылығы. Модель формасына байланысты жіптердіңбағытын өзгертуге болады, қажет болғанжағдайда әртүрлібұрышта орналастыруға болады.

Жаңа өнімді манекенде жобалаукезінде матаға дизайнер ойлағанкиім формасын жасауға жұмыс істеуге мүмкіндік беру қажет. Түйреу барысында матаның иілгіштік қасиеттерін анықтау, матаның модельдің конструктивтік шешіміне қаншалықты сәйкескелетінін білуқажет. Осылайша, макеттеу әдісікиімнің фигурағамінсіз отыруымен «жанды эскизді» көруге мүмкіндікбереді.

Түйреуді манекеннің оңжақжағында жүргізу ұсынылады. Қауіпсіздік үшінтүйреуіштерді бірбағытта (көлденең, тік, диагональды, оңнан солға немесе солданоңға) қолдану қажет, себебітүйреу үрдісінде қолды жарақаттаудан сақтау үшін бұлмаңызды. Муляждауды киім жобалау кезінде жаңа көлемді формалар мен бөлшектерді шығармашылықіздеу құралыретіндепайдаланады; әртүрліиілгіштік қасиеттері бар материалдарды қолданудыңмүмкіндіктерін тексеруқұралыретінде; алынған пішіндер мен формаларды үлгілеудің бірегейәдісіретінде; алдын ала жасалған конструкцияларсызматанып ішуәдісіретінде қолданады.

Түйреудің екімақсаты бар. Біріншісі – киімніңкөлемді бейнесі арқылы оныңэтиімді, мәнерлі формасын іздеу, конструктивті элементтердің (өнімнің пропорциялары) орналасуын минималдықателік пен анықтау. Екіншісі – белгілібір матанықайдалану арқылы көлемдіформаны алу, оның иілгіштік қасиеттерінанықтау.

Түйреу мен муляж — өте жақын ұғымдар. Кейде оларды айырыпалу қиынға соғады. Муляж әдісі — белгілі бірбұйымның формасын нақты өлшемде дәл анықтау мен түзету үшін оның пішінін өңдеу әдісі. Форма кез келген әдіспен алынуы мүмкін: түйреу, есептік конструкцияны құру, базалық лекалдар немесе дайынүлгілер арқылы жүзеге асады. Муляж әдісінің тәсілдері киім тігупроцесіндеүлгілердісынақтанөткізуде қолданылады. Түйреу әдісі нақты адамның фигурасына немесе сол фигураға сәйкес манекенге жүргізілсе, жеке фигураның барлық ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Түйреу әдісі форманың дәл бейнесін алу мүмкіндігін береді, матаның көлемді қабылдануын қамтамасыз етеді, бөлшектердің бір-біріне және тұтасалғанда пропорционалдық қатынастарын сезінуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс фигураның сызықтары мен табиғи пропорцияларын ескере отырып, қажетті форманы көзбен көріп түзетуге, есептік әдіспен әзірленген конструкцияны манекенденемесефигурада дұрыс реттеуге көмектеседі. Киім конструкциясының негізгі сипаттамалары — силуэт, пішін, бөлшектердің өзара орналасуы, олардың конструктивтік құрылымы, тігіс пен материалдардың түрі[4].

Муляж әдісі ерте заманда пайда болып, бүгінгі күнгедейін өзектілігін жоғалтқан жоқ, жаңаформаларды жасау кезінде кеңінен қолданылады. Жаңа киім моделін жасау және оның бөлшектерін эскизге сәйкес анықтау адамның фигурасында немесе манекенде макет жасау арқылы жүзеге асырылады. Бұл әдіс сахналықжәнетарихи костюмдер, корсет бұйымдары, жаңа модельдер жасау үшін кеңінен қолданылады. Муляждау — шығармашылық және қызықты процесс, оның қазіргі кездегі мақсаты — стандартты емес және күрделі киім формаларын жасау. Муляж әдісімен ең нәзік пішімдер мен тігін шешімдерін жасауға болады, және олардың нәтижелері әрқашан әдемілігімен, күрделі геометриясымен, қайталанбас архитектуралық конструкциясымен таң қалдырады. Ешбір басқа әдіс осындай шығармашылық еркіндік пен кеңістік бермейді. Көптеген танымал дизайнерлер бұләдісті өз коллекцияларында қолданады.

Әдебиеттер

1. Горина Г.С. Моделирование формы одежды. – М.: Легкая индустрия, 2022. 457 с.
2. Пармон Ф.М. Европейский костюм: стиль и мода. – М.: МВС СССР, 2012. 115 с., ил.

3. Шершнева Л.П. Композиция в одежде швейной промышленности. – М.: ВЭМИ, 2011. 144 с.
4. Бердник Т.О. Дизайн костюма. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2010. 415 с.

ӘОЖ 687.022

FASHION ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Ауезхан Ж.Ғ. - ШК-22-44 тобының студенті
Құрбан Н.К. –«Жеңіл өнеркәсіп және сервис»МКҚК арнайы пән оқытушысы

Fashion - бұл ағылшын тілінен "сән"деп аударылады.Қазақ тілінде бұл сөзсәнгердің жұмысын,сән көрсетуді, стильді бейнелердіжасауды білдіретінкүрделітіркестердің бөлігі болып табылады. 21ғасырдағы сән ерекшеліктерінде сәнге қойылатын талаптар ерекше болды.Трендтер үнемі өзгеріп отырады,сондықтантезөзгеругедайынболу, жаңасына шамадан тыс әрекет ету маңызды.

Balenciaga брендінің Fashion саласында қосқан үлесі көп.

Егжей - тегжейге кіріспес бұрын, сән трендтері теккиім туралы емес екенін еске түсірейік. Олар әлеуметті көзгерістерді, технологиялық прогресті және мәдениәсерлердікөрсетеді.Сондықтан трендтерді бағдарлау дағдысы дизайнерлер гестильді заттарды жасауғағанаемес, сонымен қатар қоршаған әлемге жәнеоның қажеттіліктеріне үйлесімді түрде интеграциялауға көмектеседі.Менің байқауымша,соңғы 2-3 жылда француздық әйгілі Balenciaga сән үйі керемет серпіліс жасады.Ол қазір Gucci және LouisVuitton сияқты алыптарменбірге әлемдегіең танымал брендке жатады.



Сурет 1- Balenciaga бренді

Бұл брендтің жаңа стиль стандарттарын жасау және сән туралы түсінігімізді өзгерту арқылы трендтерді қалай белгілей алудың айқын мысалы. Balenciaga өзінің батыл эксперименттерімен назар аударады, жаңа стандарттар орнатады және миллиондаған адамдардың талғамына әсер етеді. Атыаңызғаайналған Кутюр Кристобал Баленсиага негізін қалаған бренд өзінің ерекше стилі мен ерекше принциптерімен ерекшеленеді. Бір қызығы, ол ұзақ уақыт бойы баспасөзге өзінің шоуларына рұқсатбермеді және өз клиенттеріне ешқандай жеңілдік жасамады, біра қол әлі де XX ғасырдың ең ұлы сәнгерлерінің бірі. Кристиан Диор оны "бәріміздің шеберіміз" депатады, ал көпшілікке күмәнмен қарайтын Коко Шанель: "ол нағыз кутюр деп санауға болатын жалғыз адам"деп мойындады.

Balenciaga тарихы Испанияда Сан-Себастьяндағы шағын ательеден басталды. Соданкейін Кристобал Баленсиага Парижге көшіп, 1937 жылыөзінің сән үйінашты. Оның мінсіз пішілуі, пішінінің қатаңдығы және сызықтардың нақтылығы оның есімін сән индустриясының тарихына мәңгілікке енгізді. Кристобалдың клиенттерінің арасында Испания мен Бельгия патшайымдары, сондай-ақ Монако ханшайымы мен Виндзор герцогинясы сияқты XX ғасырдағы ең талғампаз әйелдер болды.



Сурет 2- Balenciaga брендіндегі трикотаж киім

Azzedine Alaïa – француз дизайнері. Әдетте оның латын әрпімен жазылған фамилиясы қиындық тудырады. Ол Аззедин Алайя деп айтылады. Balenciaga – Баленсиагадеп оқылады. Balmain – ағылшынша «Бальмэйн» деп оқылғанмен, бренд француз дизайнері Пьера Бальманың құрметіне аталған. Яғни, Бальман деп айтқан дұрыс болады. Chloé – Клоэдеп айтылады және екпінді «э» әрпіне қойған дұрыс. ChristianLacroix – брендтіңатауы Кристиан Лакруа деп айтылады, екпінді соңғы буынға беріп, тұтыққан секілді «р» әрпі айтылмайды. Christian Louboutin – қызыл табанды аяқ киімімен танымал дизайнердің аты Кристиан Лубутан деп айтылады. Көпшілік бұл брендті «Лабутен», «Лабутин», «Лобутан» депайтып, шатасып жатады. Givenchy – дизайнер Юбер Живанши құрған сән үйі. Сәйкесінше, Живанши деп айту керек. GuyLaroche – француз дизайнерін Ги Ларош деп айту дұрыс болып саналады. Алайда көпшілік оны «Гай» деп айтып жатады. Hermés – бұл бренд атауын Эрме деп жиі айтып жатады. Ол дұрыс сияқты көрінгенімен («с» әрпі француз транскрипциясында оқылмайды), бұл жағдайда Эрмес деп айтылуы керек. HervéLéger – бандаж көйлегімен атақты болған француз бренді. ОлЭрвеЛэжедепайтылады. Lanvin – бірден Ланвиндеп айтқымыз келеді, алайда ол Ланван деп айтылады. LouisVuitton – бұл брендті Луи Вьюттон немесе Луи Вуиттонемес, Луи Виттон деп дұрыс айтылады.

1986жылы Balenciaga брендіне құқықты JacquesBogartS Асатыпалды. Марканың жануы шығармашылық директор болған Николас Гескьердің есімімен байланысты. 2012 жылы оның орнына Александр Вонгкелді.Ал2015жылдан бастап брендтігрузиндизайнеріДемнаГвасалиябасқарды.

Сән саласында бизнестің барлық аспектілерін түсіну маңызды: маркетинг, сату, өндіріс және логистика. Шығармашылық-сәтті дизайнның негізі. Стандарттан тысойлау жәнежаңашешімдер табуөте маңызды.Түп нұсқаидеялар сізгебасқадизайнерлерден ерекшеленуге және коллекцияларыңыз ғана зарау даруға көмектеседі.

Тұрақтылық сән индустриясының басты бағыты болып қала береді. Дизайнерлер қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін қайта өңделген материалдарды, органикалық маталарды және әдістерді белсенді пайдаланады. Қайта өңделген модельдер,этикалықөндіріс және жергілікті өндірушілерді қолдау барған сайын танымал бола бастады.

Әдебиеттер

1. Горина Г.С. Моделирование формы одежды. – М.: Легкая индустрия, 2022. 457 с.
2. Пармон Ф.М. Европейский костюм: стиль и мода. – М.: МВС СССР, 2012. 115 с., ил.
3. https://skillbox.ru/media/design/fashion-styles
4.https://primeclass.io/journal/ru/triendy-mody-2024-chto-nuzhno-znat-budushchim-fashion-dizainieram

ӘОЖ 391

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ КОСТЮМІ НЕГІЗІНДЕ ЗАМАНАУИ КИІМДЕРДІ ЖОБАЛАУ ПРИНЦИПТЕРІ

Бағдатқызы А. – МЛП-23-1нк тобының магистранты
Сулейменова Т.Н.- т.ғ.к., доцент

Әр халықтың өзіндік бір тарихы бар. Сол тарихты және мәдени мұраларды сақтау әрбір халықтың өзекті мәселелерінің бірі. Қазақ халқының тарихи мұраларына еліміздің дәстүрлі ұлттық киімдерін жатқызуға болады. Ұлттық киімдеріміздің әрбір детальдары, ою-өрнектері, әшекейлері мен түс шешімдері барлық әдемілігі тарихтың бір көрінісімен ұштасады. Дәстүрлі қазақ киімдері халқымыздың ұлттық мәдениеті және қымбат құндылықтарымызға жатады. Сол үшінде әрбір киімнің шығу тарихы және жасалу қағидаттары бәрімізге қызық.

Әлемнің барлық жеріндегі халықтардың өзіндік ұлттық киімдері бар және ол киімдерде арнайы бір қағидаттармен жасалған. Қазақ халқының дәстүрлі киімдері ежелгі қазақтардың өмір сүру принциптерімен тігіліп киілген. Сол принциптерге тоқталатын болсақ, онда киімдеріміз бірнеше факторларға сүйене отырып жасалынған деп есептеуге болады. Біріншіден ол факторлар қазақ халқының өмір сүрген аймағының климаттық жағдайларына, этникалық және экономикалық факторларын ескереді. Екіншіден киімдер мақсаты бойынша әртүрлі топтарға бөлінеді. Яғни іш киімге, сырт киімге, ресми киімдер және дәстүрлі киімдер деген топтарға бөледі. Үшіншіден әртүрлі материалдарды қолдану. Ол деген әртүрлі маталарды қолдану болып табылады. Төртіншіден белгілі бір ережелерге сәйкес безендірулер. Бесіншіден адамның мәртебесін және белгілі бір сыныпқа немесе мүлікке жататынын анықтау. Осы қағидаттармен қазақтың дәстүрлі киімдері шығарылып біздің заманымызға дейін жеткен [1].

Ежелгі дәуірлерден Қазақстан жерін көптеген тайпалар, алғашқы адамдар мекен еткен. Алғашқы адамдар ең бірінші мал шаруашылығы мен егіншілікпен айналыса бастаған. Одан бертін келе сақтар, қаңлылар, үйсіндер тайпалары құрылған және олар осы қазақ жерін мекендеген. Бұл халықтар зергерлік өнерді, метал өңдеуді меңгерген тайпалар. Кейбір деректерде алғашқы шалбарды сақтар ойлап тапқан деп жазылады. Сонда алғашқы ерлер киімі шалбар қазақ жерінде жасалынған деседі. Себебі аң шаруашылығымен және мал шаруашылығымен айналысқандықтан жасалған. Басқа халықтар бұл кезеңдерде шалбар киюге қажеттіліктері болмаған дейді. Себебі олар ат үстінде жүрмеген, малды қолға үйретпеген. Сол үшінде олар матаны екі бүктеп денесін жауып киген және екі аяқтың ортасы жабылмаған, ашық болып келген. Ежелгі қазақ жерін мекендеген адамдар үшін бұндай киімдер қолайсыздық тигізген. Себебі алғаш жылқыны қолға үйретіп, өмірінің барлық кезеңінде малшаруашылығымен айналысып, аттың үстінде жүрген. Жылқы басқа жануарлармен салыстырғанда тері бездері ірі болып келеді. Сол себепті көп шапқанда жылқы терлеп денесінен ақ көбіктер шығып, адам денесіне жаралар шығарған. Сол себептіде шалбар ойлап табылған.

1465 жылы Керей мен Жәнібек Жетісу жерінде Қазақ хандығын құрды. Осы кезден бастап Қазақ халқының ұлттық киімдері бастау алады. Қазақ жерінің климаты жазы ыстық, қысы суық, соққан желдері мен қысқы аяздарына қазақ даласындағы адамдар бейімделе отырып кимдерін тіккен. Мал шаруашылығаң байланысты көшіп қонып тұрған. Көшпелі халық қыстың суығына жануарлардың жүндерінен жасалған тондар, шапандар жылы киімдер киген. Жаз айларында жеңіл көйлектер, дамбалдар, ұзын көйлектер киген, әйелдер бастарына орамал таққан. Бұл киімдер адамның денесін ыстықтан, суықтан, бораннан, аяздан қорғауға арналған. Сонымен қатар көшпелі халық ат үстінде көп жүргендіктенде соған бейімделіп тігілген. Осылай қазақтың дәстүрлі киімдері климатқа сәйкестеніп жасалынған.

Қазақтың ұлттық киімдер мақсаты бойынша іш киім, сырт киім, күнделікті киім, салтанатты киім және дәстүрлі киім болып бөлінеді. Салтанатты мақсатта қолданылатын киімдер қымбат және жақсы маталардан тігілген. Қазақтың әдет-ғұрпы бойынша қазақтың жауынгерлері соғыс алдында ең жақсы, ең қымбат киімдерін киген деседі. Ішкі киімдерге көйлектер, шалбар, жилет, әйелдер көйлегі және жейделер жатады. Сырт киімдерге шапан, купи (түйе, қой жүнінен немесе терісінен астары бар киім), жеңсіз күртелер, ішік, тон киілген. Жаңбырға арналған киімдерге: чекмен (үйде тоқылған кафтан), қаптал (қыста тонның үстіне киетін), кебенек, кенеп (бурка тәрізді киіз киім), пальто жатады.

Қазақтың ұлттық киімдері әртүрлі материалдан тігілген. Мал шаруашылығымен айналысқандықтан және жануароларды қолға үйреткендіктен көптеген киімдерін сол жануарлардың терісінен жүнінен жасаған. Ұлы жібек жолы арқылы жібек матасы келіп жібектенде киімдер тігілді. Жүндерді бастырып киіз алып оданда киімдер жасалынды. Сонымен қатар қазақтар жолбарыстың, сусар, еноттың, құлынның, бұлғынның терілерін ерекше қымбат бағалаған. Тондардың астарын қымбат және бағалы ішік деп аталатын терілер таңдалып алынды. Ішіктің сырты атлас, жібек, барқыт, велюр, вельвет маталарымен жабылып тігілген. Салтанатты және дәстүрлі киімдеріне әр түрлі тастармен кестелер тігіліп жасалған.

Барлық киімдер сияқты қазақтың дәстүрлі киімдері ерлер, әйелдер және балалар киімдері болып бөлінеді. Ерлердің киіміне іш киімдер, дамбал, көйлек, шапан, бешмет, шекпен, тон, жазғы және қысқы бас киімдер, аяқ киімдер жатады. Іш киімдері жеңіл матадан тігілген көйлек пен дамбалдан тұрады. Жазда да қыста да жейде киген және ол жейде кең, тізеге дейін ұзын болған. Жеңдері саусақ тұсына дейін болған және мойыны бір түймемен немесе баумен байланатын болған. Шалбарлары кең және тобыққа дейін жеткен.

Жейденің материалымен тігілген және ақ түсті матаны қолданған. Бел жағы баумен байланатын болған. Бас киімдеріне тымақ, тақия, бөрік, айыр қалпақтар киген. Үйде және жұмыста бастарына ақ мата немесе кішкентай орамал байлаған. Аяқ киімдері былғары материалынан тігілген. Ерлердің шалбарларын ертеде түйенің жүнінен тоқылған маталардан, күдеріден және былғарыдан тіккен. Кейінірек қағаз матадан, жібектен, плюш матасынан, барқыттан тігілетін болған. Ал әйелдердің киімдері дәстүрлі көйлектер, камзол, шапан, сәукеле, және тағы басқалары. Әйелдерде еркектер сияқты жейде және шалбар киген, бірақ жейделері тобыққа дейін түсіп тұрған. Бастарына әйелдер қызыл орамал таққан. Жейде мен шалбардың үстінен кең шалбар және бешмет киілген. Бешметтің әйелдер киіетін түрін камзол деп те атайды. Ол барқыт матасынан тігілген. Осылардың үстінен шапан киілген. Шапан қалың матадан және арасына жүн, мақта салып, астардан немесе қос астардан сырып тігеді. Әйелдер қималы шапан киген және олардың жағасымен жеңіне, етегімен екі өңіріне тастармен безендірілген. Түйменің орнына күмістен жасалған қапсырма қойылған. Қыс уақытында бешмет пен шапан сыртынан жүндерден жасалған тондар киілген [1-4].

Қазақтар киімдеріне әртүрлі кестелер тігіп, ою-өрнектер салып, түрлі апликациялармен жасап шығарған. Күнделікті киімдер қатты безендірілмеген. Салтанатты және дәстүрлі киімдер қатты безендіріліп, тек күмістен, алтыннан, моншақтардан, асыл тастармен безендірілген.

Қазіргі кезде заманауи киімдер жақсы дамып жатыр. Сонымен қатар тарихымызды дәріптеу мақсатында ұлттық киімдерде дамып жатыр. Ұлттық киімдеріміз заманауи стилде жасалып жатыр. Бұл деген әр халық өз жерін, ата тегін ұлықтауы мақсатында да жасалып жатқандай көрінеді. Дәстүрлі ұлттық киімдер негізінде заманауи киімдер жоғары да айтып өтілген қағидаттарға сүйене отырып жасалады. Бірақ кейбір зерттеушілер қазіргі шапандарды және ұлттық киімдерді бұрынғы киімдермен ұқсастығы аз деседі. Соған қарамастан қазіргі дизайнерлер өздерінің бір ойларын қосу арқылы күнделікті киюге арналған ұлттық киімдерді шығарып жатыр. Ұлттық киімдер бірте-бірте жанданып келе жатыр. Оған дәлел соңғы он жылдықта қазақи нақыштағы киімдердің шығарылуы. Қазақстан дизайнерлері өздерінің қазақи топтамаларын ұсыну үстінде. Заманауи қазақша киімдер ежелгі ұлттық киімдердің конструкторлық шешімдерімен модельдік шешімдерін қолдану арқылы жасалады. Дизайнерлер топтама шығару барысында тарихқа үңіліп жоғарыда айтылған қағидаттарға сүйеніп әр түрлі факторларды есепке алады. Қазіргі заманауи қазақы киімдерде оюланған кестелер, аппликацияларды көптеп кездестіруге болады. Бұрынғыдай қапсырмалар, биссерлермен, асыл тастармен, моншақтармен безендірілген шапандар, камзолдар да көптеп шығарылып жатыр. Көйлектіде ұзын етекті етіп қазақи нақышта тігіліп жатыр. Жоғарыда айтылған қағидаттар негізінде біздің барлық заманауи дәстүрлі киімдеріміз шығарылуда [5].

Қорытындылай келе заманауи киім заман талабына сай жасалынған киімдер топтамасы. Заман талабына сай өсіп жатқан жастар тарихымызды білу мақсатында және тарихымызды ұмытпау мақстанда жасалынып жатқан киімдер. Әр бір ел, халық өз тарихын білу қажет және сол тарихты ұмытпауы керек. Осы патриоттық сезімді ояту мақстында еліміздің дизайнерлері талпынып жатыр. Бүгінде ұлттық киім мерекелік гардеробтың бір бөлігіне айналды. Оның элементтерін замандастарымыз Наурыз немесе Айт мейрамында киіп жатыр. Кейде қала көшелерінде дәстүрлі киім киген адамдарды кездестіруге болады. Шапандар мен кестелі камзолдарды құрметті қонақтарға тарту етуде.

Әдебиеттер

1. Казахская национальная одежда // Казахстан. Национальная энциклопедия. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. — Т. III. — ISBN 9965-9746-4-0. (CC BY-SA 3.0)Из КНЭ:
2. «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақэнциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, IX том 18 бөлім
3. Захарова И,В., Ходжаева Г. Д., Казахская национальная одежда, А., 1964.
4. История Казахстана с древнейших времен до наших дней (очерк), А., 1994.
5. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Алма-Ата: Онер,1986.

ӘОЖ 687(075.8)

БЫЛҒАРЫДАН ДАЙЫНДАЛҒАН ӘЙЕЛДЕР ЖИЛЕТ ПАКЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Бадамбаева А.Б.– ЖТ-21-1к1 тобының студенті,
Темиршиков К.М. –магистр, аға оқытушы

Былғары ассортименті мен үстіңгі бөлшектері және астар ерекшеліктеріне байланысты пішімнің түрін, тегін және өлшемін тиімді үйлестірудің вариантты қарастырылады.Былғары-табиғи талшықтық құрылымы сақталған, оның құрылымдық элементтерінің физика-химиялық қасиеттері былғарының атқаратын қызметіне сай өзгерген мал терісінің өзеңі[1].

Материалдар пішілетін бөлшектердің ерекшелігіне сәйкес келуі керек. (аудан өлшемі, сапасына қойылатын талап т.б.) Пішімнің ірі бөлшектер мен жинақтарын алу үшін көбінесе ауданы үлкен былғарыны пайдалану тиімді. Ірі бөлшектерді пішу кезінде төменгі сортты былғарыларды пайдаланғанда шығынын көп

болатыны мәлім. Осыған байланысты мұндай былғарыны онша ірі емес жинаққа, сондай-ақ қима бөлшектері құрамасына пайдаланады.

Терінің сапасы, яғни оның толық бағалы былғары мен мехтың белгілі бір түрлерін шығаруға жарамдылығы және илеу тәсілдерінің ерекшеліктері терінің қасиеттерімен анықталады.

Бұйымды дайындау - жобалау кезінде өнім пакеттерін болжамдау және киім бөлшектерінмен конструкциясын тұрғызу әдісінің негізін талдап, технологиялық үрдістерді таңдау үшін олардың пакеттеріне эксперементтік зерттеу жүргізілді. Пакет формаларына қойылатын талаптарды ескере отырып, тұрақтылық көрсеткіштері: қаттылық, серпімділік, былғарыны жыртылу кезінде салыстырмалы ұзарту шегі.

Жалпы терінің қалындығы былғарының қандай бұйымға жарайтынын және 100 шаршы метр ($м^2$) былғары шығару үшін қанша шекізат кететінін анықтайды.

Функционалдық талаптар қыздар жилеттің негізгі функционалдық тағайындалуы мен тұтынушылардың сыртқы түрі киімнің үйлесімділігін есепке алады[2].

Бұйымның функционалдық талаптар қазіргі заман әйелінің өмір құрылымына, тұрмысына, пайдаланымның нақты жағдайына, әйел қызметінің түріне, оның сыртқы келбетіне, жас және психологиялық ерекшеліктеріне киімнің сәйкестік дәрежесін қамтамасыз етеді.

Эстетикалық талаптар киім сапасын тұтыну заты ретінде бағалау кезінде ерекше орын алады. Киімді дайындау кезінде эстетикалық талаптарды ескермеу киімді пайдасыз затқа айналдыруға әкеп соғуы әбден мүмкін. Өйткені ол негізгі мақсатты қызметтерінің бірін орындай алмайды: адамдық (эстетикалық) қажеттілігін қанағаттандыру, яғни адамның сұлулық пен шығармашылыққа мұқтаждығы. Әйелдердің былғарыдан әзірленген жилеттері осы дәуірдің жетекші көркемдік стилі мен оның көрінісі сәнді (мода) есепке алу арқылы жобаланды. Киімдегі эстетикалық талаптар үш топтың да: қазіргі заманғы стиль мен сәнге сәйкестігі, модель композициясының жеткіліктілік дәрежесі, бұйымның тауарлық түріне сәйкестігі анықталды[3].

Қазақтың ұлттық ою-өрнектермен әсемделген бар заманауи қыздар жилетін эстетикалық қабылдау конструктивтік элементтерін жасау мен технологиялық өңдеудің дәл және мұқият орындалуына байланысты: атап айтқанда, бұйымның симметриялық орналасуы, біріктіруші тігістері мен әрлеу тігіндерінің ұқыпты орындалуы, декоративті элементтердің орналасуымен,артқы бойындағы сәндік сырмасы, астардың сапасы мен оның түсінің бұйым түсіне сәйкестігі және тағы басқалар.

Материалдық қаптамалардың құрамы мен дизайнын ескере отырып, бұйымның бөлшектері мен тораптарын өңдеу әдістерін негізделген таңдау үшін жүйелік тәсіл негізінде конструкторлық әдісті әзірлеу және былғарыдан жасалған сырт киім технологиясын зерттеу.

Былғары киім пакетін жобалау дәстүрлі киім дизайны процестерінен асып түсетін қиыншылық болып табылады, өйткені қаптамада жабысқақ байланыстардың алуан түрлілігі, сондықтан құрамы мен дизайны күрделірек. Әдебиеттерді талдай отырып, әр түрлі қолданылатын материалдардың түрлерін әзірлеуге, жылудан қорғайтын және қалыптау қасиеттерін жақсартуға, көп қабатты бөлшектердің конструкциясы мен құрамын таңдауға бағытталған әйелдерге арналған жилетті жобалау бойынша бұрын аяқталған жұмыстарда олардың қосылу нүктелерінде қалыптасқан пакеттердің сипаттамалары ескерілмегені анықталды.

Сондықтан ағымдағы процестерде материалдар қаптамасының сипаттамаларын жобалау процедуралары тігін өндірісін жобалау және технологиялық дайындаудың әртүрлі кезеңдерінде жүзеге асырылатыны және орамның құрылымы мен құрамын таңдау бойынша жұмысты үйлестіруге және біріздендіруге мүмкіндік беретін ортақ әдістемелік тәсілдің жоқтығы анықталды.



Сурет 1. Былғарыдан дайындалған әйелдер жилетінің эскиздік нобайымен конструкциясы

Бұл мәселені шешу жолдарын табу және зерттеу объектілері мен бағыттарын анықтауды негіздеу үшін былғарыдан жасалған киімдерді яғни әйелдердің жилеттерін дайындаудың технологиялық процесін сипаттау элементтерінің иерархиялық классификациясы құрастырылды, оларды құрал-жабдықтар, еңбек және тігін бұйымдары деп үш топқа бөледі. Классификация бойынша киімді үш тұрғыдан қарастыруға болады: технология, дизайн және материалдар.

Әдебиеттер

1. Ө.Қ.Мәдиев, Қ.Т.Айтөленова, Н.Е.Ботабаев Былғары және үлбір әзірлеудің физика-химиялық процестері-Тараз, ТарГУ, 2002-125бет
2. Мадиев У.К. және т.б. Былғары және мех технологиясы – Алматы, Рауан, 1992-405б.
3. Жихарев А.П. и др. Материаловедение в производстве изделий легкой промышленности – М., Издательский центр «Академия» 2004-448с.

ӘОЖ 664.681

ЖИДЕК ҰНТАҒЫН БИСКВИТТІ ЖАРТЫЛАЙ ШИКІЗАТ ӨНДІРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІГІН ЗЕРТТЕУ

Базарбоева Г.Э. – ЖТ-21-3К1 тобының студенті
Джанмулдаева А.К. – магистр, аға оқытушы

Кіріспе. Кондитерлік өнімдер өнеркәсібі – елімізде кондитерлік өнімдерді жасаумен, шығарумен және тасмалдаумен айналысатын тамақ өнеркәсібінің ірі саласының бірі.

Салауатты тамақтану саласындағы мемлекеттің саясатының маңызды мақсаттарының бірі тұрғындардың денсаулығын сақтау мен нығайту, түрлі алиментарлық-тәуелді ауруларды емдеу. Бұл мақсатқа жетудің жолдарының бірі тамақтану өнімдерін алмаспайтын құрам бөліктермен байыту, арнайы бағыттағы, функциональды тамақтануға арналған, диеталық бағыттағы өнімдер жасау болып саналады [1].

Кондитерлік өнімдердің басты кемшілігінің бірі, оларды шектен тыс қолдану тамақтану рационындағы тағамдық заттар мен олардың энергетикалық құндылығы арасындағы тепе-теңдікті бұзады. Бұл кондитерлік өнімдердің құрамында майлардың, көмірсулардың мөлшерінің шектен тыс көп болуымен және бірқатар жағдайларда минеральды заттардың, дәрумендердің, тағамдық талшықтардың болмауымен түсіндіріледі. Сондықтанда, функциональды бағыттағы жаңа кондитерлік өнімдерді жасау өзекті болып саналады [2].

Сондай перспективалы шикізаттың бірі – жиде. Жиде еліміздік оңтүстік аймағында кең таралған, қол жетімді, экологиялық таза, ал химиялық құрамы құнды нутриенттерге бай жидек. Өзінің химиялық құрамының теңестірілгеніне қарамастан бұл жидек көп өолданыс таппаған. Сондықтанда, жиде ұнтағын бисквитті жартылай шикізат өндірісінде қолдану біздің қызығушылығымызды тудырып отыр.

Жұмыстың мақсаты – диеталық бағыттағы бисквит өндірісін зерттеу.

Зерттеу нысаны мен әдісі. Диеталық бағыттағы бисквиттің бақылау және зерттеу сынамалары және жидені өңдеу өнімі зерттеу нысаны ретінде қолданылды. Диеталық бағыттағы бисквит алу барысында зерттеу жүргізудің заманауи өлшеу, есептеу, органолептикалық, тәжірибелік, талдау мен сараптау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері мен оларды талдау. Зертханалық жағдайда бисквитті жартылай шикізаттардың төрт түрлі сынамасы алынды: бақылау сынамасы – бисквиттің стандартты унифицирленген рецептурасы бойынша дайындалды; тәжірибе №1 – бискиттің рецептурасындағы жоғары сұрыпты бидай ұны 10% жиде ұнтағына алмастырылды; тәжірибе №2 – бискиттің рецептурасындағы жоғары сұрыпты бидай ұны 20% жиде ұнтағына алмастырылды; тәжірибе №3 – бискиттің рецептурасындағы жоғары сұрыпты бидай ұны 30% жиде ұнтағына алмастырылды.

Пісіп шыққан бисквитті жартылай шикізаттың органолептикалық сапа көрсеткіштері анықталды. Құрамына жиде ұнтағы қосылған бисквитті жартылай шикізаттың органолептикалық сапасын бағалау құрамына 10% жиде ұнтағы қосылған бисквит сынамалары ең жақсы сапа көрсеткіштерге ие болды. Бисквиттің түсі алтын-қоңыр түсті, беті жақсы көтерілген, күйіп кетпеген, пішіні дұрыс, бұзылуларсыз, кеуектілігі жақсы дамыған жақсы піскен болды. Дәмі мен иісі бисквитті жартылай шикізатқа тән, жидекті жағымды дәм мен хош иіс сезіледі дәмі толық үйлесімді болды. Барлық сипаттамасы бойынша бақылау сынамасынан кем түспеді. Ал құрамына 20 % және 30% жиде ұнтағы қосылған бисквит сынамалары кеуектілігі бойынша нашар, тығыз, беті тегіс емес, беті аздап күйген, жақсы көтерілмеген болды.

Зерттеудің келесі сатысында жиде ұнтағының бисквитті жартылай шикізаттың физико-химиялық сапа көрсеткіштеріне әсер анықталды (1-кесте).

Кесте 1 – Жиде ұнтағының бисквитті жартылай шикізаттың физико-химиялық сапа көрсеткіштеріне әсері

№	Көрсеткіш атауы	Бақылау сына-масы	Әр түрлі мөлшерде жиде ұнтағы қосылған бисквит қамыры, %		
			Тәжірибе №1	Тәжірибе №2	Тәжірибе №3
1	Ылғалдылығы, %	26,9	27,4	27,9	28,5
2	Қышқылдығы, град	0,1	0,2	0,3	0,4
3	Кеуектілігі, %	62,5	62,0	61,5	61,0

1-кестеден көрініп тұрғандай, жиде ұнтағының мөлшерінің артуымен бисквитті жартылай шикізаттардың ылғалдылығы артады. №1 тәжірибелік сынаманың ылғалдылығы бақылау сынамасымен салыстырғанда 1,5% артса, №2 тәжірибелік сынамада 3,3% артады, ал №3 тәжірибелік сынамада сәйкесінше 5,9%-ке артады. Ылғалдылықтың аздап артуы жиде ұнтағының құрамындағы ақуыздар мен тағамдық талшықтардың ылғалды қосымша ұстап тұруы және байланыстыру қасиетімен байланысты. Алайда, бұл ретте барлық сынамалардың ылғалдылығы стандарт талабына сай келеді. Жиде ұнтағының мөлшерінің артуымен бисквитті жартылай шикізаттардың қышқылдығы артады. Қышқылдылық көрсеткіші №1 тәжірибелік сынамада бақылау сынамасымен салыстырғанда 50% артады. №2 және №3 тәжірибелік сынамалардың қышқылдығы бақылау сынамасымен салыстырғанда 2 және 2,5 есе артады және стандарт талабынан жоғары. Бисквит жартылай шикізатының қышқылдығының артуы жиде ұнтағының құрамында органикалық қышқылдардың жоғары мөлшерде болуымен түсіндіріледі. Бисквитті жартылай шикізаттың қышқылдығының артуы қамырдың түзілуі кезінде сахарозаның гидролиз үрдісін жылдамдатады, сонымен қатар қамырдың ақуызды каркасыда ныгая түседі.

Жиде ұнтағының мөлшерінің артуымен, бисквитті жартылай шикізаттың кеуектілігінің төмендегенін көруге болады. Бисквитті жартылай шикізаттардың кеуектілігінің төмендеуі жиде ұнтағының мөлшерінің артуымен, бисквит қамырының тығыздалуымен түсіндіруге болады.

Жиде ұнтағының бисквитті жартылай шикізаттың органолептикалық және физико-химиялық сапа көрсеткіштеріне әсерін анықтау бойынша жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жиде ұнтағының оптимальды мөлшері бидай ұнының 10% екенін көрсетті.

Әдебиеттер

1. Воробьева, В.М. Оптимизация микронутриентного состава мучных конди-терских изделий/ В.М. Воробьева, И.С. Воробьева, А.А. Кочеткова, М.Н. Богачук, О.Г. Переверзева, Т.А. Подбельская// Пищевая промышленность. 2014. № 3. С. 74 – 76.
2. Киселев, В.М. Разработка рецептуры и технологии бисквитного полуфабриката повышенной пищевой ценности / В.М. Киселев, Р.З. Григорьева, Н.Н. Зорки- на // Техника и технология пищевых производств. 2010. №4(19). С. 15-20.

ӘОЖ 664.66

ЧИА ҰНТАҒЫ КОСЫЛҒАН НАН

Байбосын А.М. - ЖТ-21-3к2 тобының студенті
Касымова М.К. - х.ғ.к., профессор

Қазақстандағы нан нарығы тамақ өнеркәсібінің әлеуметтік маңызды секторларының бірі болып табылады. Ел нарығында ірі жергілікті өндірушілердің нандары басым, олардың ассортименті негізінен бірінші сұрыпты бидай ұнынан жасалған нан мен қара бидай нанынан тұрады. Соңғы 5 жылда жаңа піскен нанды тұтынудың шамалы төмендеуі байқалды, бұл да тұтынушылардың талғамының өзгеруіне, сондай-ақ тұтыну мәдениетінің дамуына байланысты. Мұның бәрі дәстүрлі әдістер мен жоғары сапалы ингредиенттерді пайдалана отырып жасалған нан өнімдеріне деген сұраныстың тұрақты тенденциясына ықпал етеді. Ассортименттің ұлғаюы байқалады, бұл әртүрлілік нанның әртүрлі қоспалармен байытылуына байланысты. Чиа құрамында А, В1, В2,В3,В6 және В8, Е дәрумендері, сонымен қатар, оларда кальций, калий, темір, магний, фосфор және мырыш бар. Осылайша, қазіргі уақытта нан өндіру технологиясында чианы қолдану өзекті болып табылады.

Елімізде нан негізгі тамақ өнімдерінің бірі болып саналады, сондықтан нан өнеркәсібін дамытудың басым бағыты оның сапасы мен тағамдық құндылығын арттыру болып табылады. Соңғы кездері бұл мәселені рационалды тамақтану тұрғысынан шешудің бірі – тұтынушылық қасиеті жоғары және энергетикалық құндылығы төмен нанды жасап шығару болып табылады.

Өсімдік текті қоспаларды пайдалану тамақ өнімінің тағамдық және энергетикалық құндылығынынң артуына оң септіігін тигізеді және өнім ассортиментін ұлғайтады, организмді пайдалы микронутриенттермен байытады, сонымен қатар өнімнің сақталу мерзімін арттырады.

Нан өндіруде қолданылатын өсімдік текті байытқыштардың бірнеше тобы белгілі [1,2]:

-қара бидай, бидай, тритикале, тары, қарақұмық, жүгері, күріш, соя, нут, фасоль ұны, бұршақ ұны және т.б.;
-майлы шикізаттарды өңдеу өнімдері: күнбағыс майы, соя, кунжут, рапс, пальм, кендір, зығыр майлары;
-көкөніс қоспалары – қант қызылшасының, асқабақтың, топинамбурдың, сәбіздің, томаттың және т.б. көкөністердің пастасы, пюресі, ұнтағы, сығымдары, сығындылары;
-жидектерден алынған қоспалар –көкжидек, жидек, құрма, итмұрын, мүкжидек, жүзім, қарақат, шетен, қара бүлдірген, долана, цидрлы жеміс –яғни жидектер ұнтағы.

Сапалы нанмен тұтынушылар талабын жоғары деңгейде қанағаттандыру үшін өнім өндірісін заманауи технологиямен, кешенді-механизирленген және автоматтандырылған желімен қамтамасыз етумен қатар өнім рецептурасын жетілдіру де қажет етеді. Осыған орай нан өнімдерінің сапасын жақсарту және тағамдық құндылығын арттыру маңызды.

Чианы қолдану оның химиялық құрамына байланысты: 100 г чиада ақуыздың тәуліктік нормасының 22%, майдың— 37% және көмірсудың — 14%құрайды[3]. Сонда 100 г чиада 16,5 г ақуыз, 30,74г май, 0,6 г көмірсу болады.Чиа құрамы дәрумендер мен минералды заттарға бай, оның құрамында: дәрумен С — 1,6 мг; дәрумен В1 — 0,6 мг; дәрумен В2 — 0,2 мг; дәрумен В3 — 8,8 мг; дәрумен В9 — 49,0 мкг, кальций — 631,0 мг; темір — 7,7 мг; магний — 335,0 мг; фосфор — 860,0 мг; калий — 407,0 мг; натрий — 16,0 мг; мырыш — 4,6 мг; мыс — 0,9 мг; марганец — 2,7 мг; селен — 55,2 мкг.

Чиа құрамындаантиоксиданттардың айтарлықтай мөлшері, әсіресе линоленді және басқа Омега-3 қанықпаған май қышқылдарына бай.

Чианы ұнтақ қолдану себептері:

-хош иісті біркелкі тарату үшін ұнтақты мұқият араластыруға немесе ыдысқа себуге болады жәнеұнтақ өзінің дәмі мен хош иісін ұзағырақ сақтайды;

-кең шекте дозалау және чиа ұнтағынұнмен біріктіру мүмкіндігі бар;

-ұнтақ түріндегі чиа құрамында консерванттар болмайды.

Зерттеу жүргізу мақсатында нан үлгілері дайындалды және олардың органолептикалық, физико-химиялық көрсеткіштері талданда (кесте 1,2).

Кесте 1- Нан үлгілерінің органолептикалықкөрсеткіштері

№	Көрсеткіштер	Үлгілер				
		Бақылау	№1 үлгі (0,5% чиаұнтағы)	№2 үлгі(1,0% чиаұнтағы)	№3 үлгі(1,5% чиаұнтағы)	№4 үлгі(2,0% чиаұнтағы)
1	Сыртқы түрі, консистенция	Нан формасына сәйкес, жоғары беттік қабаты көтерілген, Жұмсағы: ылғалды емес, саусақпен басқаннан соң бастапқы формасына қайтатын созылмалы, кесектелмеген				
2	Иісі	Бөгде иіссіз	Бөгде иіссіз	Бөгде иіссіз	Бөгде иіссіз	Бөгде иіссіз
3	Дәмі	Бөгде дәмсіз, дәмді	Бөгде дәмсіз, дәмді	Бөгде дәмсіз, дәмді	Бөгде дәмсіз, дәмді	Бөгде дәмсіз, дәмді
4	Түсі	Ашық сары түстен қанық қоңыр түс	Ашық сары түстен қанық қоңыр түс Жұмсағында аздап қаралар бар	Ашық сары түстен қанық қоңыр түс Жұмсағында аздап қаралар бар	Ашық сары түстен қанық қоңыр түс Жұмсағында қаратүстілер	Ашық сары түстен қанық қоңыр түс Жұмсағында қаралар көбейген. Сыртқы қабығында да қара түс бар

Зерттеу нәтижелері чиа ұнтағын қосқанда өнім жұмсағында қара нүктелер пайда болатынын және ұнтақтың мөлшері артқан сайын ол дақтар көбейетіндігі және ондай нүктелер өнімнің сыртқы қабығында да ппйда болатындығын көрсетеді.

Кесте 2- Нан үлгілерінің физика-химиялық көрсеткіштері

№	Көрсеткіштер	Үлгілер				
		Бақылау	№1 үлгі (0,5% чиаұнтағы)	№2 үлгі(1,0% чиаұнтағы)	№3 үлгі(1,5% чиаұнтағы)	№4 үлгі(2,0% чиаұнтағы)
1	Ылғалдылық, %	49 артық емес	49	48,7	48,5	48,3
2	Құрғақ заттың мөлшері, %	51 кем емес	51	51,3	51,5	51,7
3	Қышқылдылық	7 артық емес	7	7	7	7
4	Қанттың мөлшері, %	2 артық емес	2	2	2,1	2,2
	Кеуектілік, %	54 кем емес	53	55	55	55

Әдебиеттер және зерттеу нәтижелеріне сай чиа ұнтағы қосылған нанда ылғалдылық өте аз мөлшерде азаяды. Өнім кеуектілігіне чиа ұнтағы әсер етпеді. Алайда 100 г чиада көмірсудың тәуліктік нормасының 14% өтеуге болатындықтан, нанда қанттың мөлшері артады.

Әдебиеттер

1. Чижикова, О. Г. Технология производства хлеба и хлебобулочных изделий : учебник для СПО / О. Г. Чижикова, Л. О. Коршенко. — 2-е изд., испр. и доп. — М. : Издательство Юрайт, 2018. — 178 с.
2. Касымова, М.К. Құйрық май қосылған таба нан өндіру/М.К.Касымова, А.Ж.Айтбаева, И.Цитровича //**«Qazaqtanýý»** республикалық ғылыми журнал -2 (10) 06 / 2021-47-52 б
3. https://yandex.kz/search/?text =221&clid=2422918-7

ӘОЖ 664.681

ҚҰРАМЫ БАЙЫТЫЛҒАН ҰНДЫ КОНДИТЕРЛІК ӨНІМДЕРГЕ ШОЛУ

Байназар Н.Б. – ЖТ-21-3К1 тобының студенті
Нурсеитова З.Т. – т.ғ.к., доцент

Ұннан жасалған кондитерлік өнімдер Қазақстан тұрғындарының тамақтануында өте танымал, дегенмен ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді шамадан тыс пайдалану барысында құнды коректік заттар мен энергетикалық құндылығы бойынша теңестірілген тамақтану рационының тепе-теңдігі бұзылады. Бұл майдың, көмірсулардың жоғары мөлшерімен және құрамының төмен болуымен, ал кейбір жағдайларда тағамдық талшықтардың, минералды заттар мен дәрумендердің толық болмауымен түсіндіріледі [1].

Алынған нәтижелер тағамдық талшықтардың, минералды заттар мен дәрумендердің және пектиндердің арту бағытында кондитерлік өнімдердің химиялық құрамын өзгерту қажеттігін дәлелдейді [2]. Бұл мәселенің негізгі шешімі сол өңірде өсетін өсімдік шикізатын пайдалану болып табылады.

Жидек шикізаты химиялық құрамы жағынан өте бай және пайдасы зор. Бірақ бұл өнімдер тұтынылуы маусымдық болып табылады. Жемістер мен жидектерді жыл бойы сақтау үшін әртүрлі термиялық кептіру әдістері қолданылады. Пайдалы заттардың көп бөлігі кептірілген жидек шикізатында сақталады. Кептірілген жидектерден фракциялық ұнтақтау арқылы ұнтақ ингредиенттерді алуға болады, оларды әртүрлі тағамдар мен өнімдерді өндіріске енгізу сатысындағы тағамдық талшықтардың, минералды заттар мен дәрумендердің және пектиндердің құрамын арттырады, сонымен бірге органолептикалық сапа көрсеткіштерін жақсартады, ұннан жасалған кондитерлік өнімдер ассортиментін кеңейтеді [3].

Баллалар мен ересектерге арналған аз калориялы, диеталық тағам өнімдерін жасау, тамақ өнімдерінің толық қанды құндылығын арттыру, коректік заттармен байыту және органолептикалық сапа көрсеткіштерін жақсарту Рогов И.А. ұсынысы бойынша жүргізіледі. Зерттеушілердің ойынша, арнайы бағыттағы өнімдердің жаңа түрлерін жасау және түрлерін көбейту, өсімдік тектес әртүрлі байытатын компоненттерді тағамдық мақсаттарда барынша пайдалануға, сонымен қатар ағзаның иммундық жағдайын жақсартуға және халықтың детерминирленген қатардағы ауруды азайтуға көмектеседі [4].

Асқазан-ішек жолдарының негізгі жұмысы тағамдық талшықтардың қорытылуымен және оның функционалдық қасиеттерімен байланысты. Сілекей мен сақазан сөлінің бөлінуі құрамы байытылған талшықпен тағамдар қажет, өйткені олар ұзақ шайнауды және ас қорытудың жұмысын талап етеді. Ерігіш тағамдық талшықтардың, соның ішінде пектинді заттар, адам ағзасындағы холестерин алмасуына оңтайлы әсер ететіні анықталды [5].

Итбүлдірген және көкжидек ұнтақтарының кекстер сапасы мен тағамдық құндылығына әсер етуіне зерттеулер жүргізілді [6]. Зерттелетін үлгілердің рецептурасына бірдей 3%, 5%, 7% мөлшерде кептірілген итбүлдірген жидегінің және көкжидек ұнтағы қосылды. Көкжидек ұнтағын қосқанда кекстер тартымсыз көріністе ие болды, көкшіл қара дақтарымен әрі қарай зерктеуді жалғастырмады.

Қантты жартылай фабрикаттың рецептурасы шырғанақ ұнтағын қосу арқылы жетілдірілді. Бидай ұнының көлемін 2,5-5%-ға азайтуға мүмкіндік белгіленді. Зерттеу нәтижелерінде органолептикалық көрсеткіштері және физика-химиялық көрсеткіштерді (ылғалдылық, тығыздық, меншікті көлем) жоғарылады. Көкжидек ұнтағының мөлшерін ұлғайтқан сайын дайын өнімдерді пісіру төмендеді, ал дайын өнімнің шығымдылығы бақылау үлгісімен салыстырғанда жоғарылады [7].

Физика-химиялық көрсеткіштері бойынша ұнтақтардың адсорциялық қаблетіне байланысты кекстердің ылғалдылығы бақылаумен салыстырғанда төмендеді. Ұнтақ мөлшерін ұлғайтқан сайын сілітілігі, майдың және қанттың массалық үлесі төмендеді, бірақ күлділігі жоғарылады, демек өнімдер құрамындағы минералды заттар мен тағамдық құндылығы арта түсті.

Қаражидек ұнтағы қосылған бисквит технологиясы мен рецептурасы келтірілді [8]. Автор өз кезегінде қаражидек ұнтағы қосылған бисквит жидектің жағымды дәмі мен хош иісіне ие болғанын, физика-химиялық сапа көрсеткіштерінің де жоғары болуын, бұл ұнтақтың полисахаридтерінің газ-сұйықтық фазасында адсорбцияланумен және жұмыртқаның ақуызымен өзара әрекеттесіп, фазааралық қабаттың беріктігін арттыратындығын дәлелдеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, алынған өнімде минералды заттармен (калий,

кальций, магний және фосфор) байытылуына байланысты калория мөлшері азайып, тағамдық құндылығы артады.

Шырғанақ жидек ұнтағын қосып алынған қантты печеньенің рецептурасы ұсынылды [9]. Шырғанақ жидек ұнтағын қосып алынған қантты печеньенің минералды мөлшері мен тағамдық құндылығын арттырып, алтын-қызғылт сары түсті, жағымды дәмі мен хош иіске ие болды.

Қантты печеньенің рецептурасын жетілдіру ұсынылды, итмұрын ұнтағының оңтайлы мөлшері анықталды, ол 6% құрайды. Қосылған итмұрын ұнтағының оңтайлы мөлшері артқан кезде печеньенің ылғалдылығы аздап төмендейді. Печеньенің ылғалдылығы итмұрын ұнтағының оңтайлы мөлшері артқан сайын азая түседі. Қосылған итмұрын ұнтағы дайын өнімдегі көмірсулардың және аздаған мөлшерде ақуыздар мөлшері азаюы, печеньенің калория мөлшерінің төмендеуіне әкелді [10].

Осылайша жаңа піскен жемістер мен жидектердің өңделген өнімдерін қосу перспективті болып көрінеді, өйткені олар дәрумендерге, минералдарға, тағамдық талшықтарға, оның ішінде пектинге және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер құрамын байыту үшін қажетті басқа да компоненттерге бай.

Әдебиеттер

1. Арсеньева, Т.П., Баранова И.В. Основные вещества для обогащения продуктов питания // Пищевая промышленность. – 2010. – №1(43). – С. 41–42.
2. Батурина, Н.А., Власова, М.В. Потребительские свойства кексов с добавками нетрадиционного растительного сырья // Материалы всероссийской заочной молодежной научной конференции «Актуальные проблемы качества и безопасности потребительских товаров». Май, 2012. Под общей ред. проф. И.Г. Паршутиной. – Орел: Изд-во ОрелГИ-ЭТ, 2012. – С. 34–37.
3. Величко, Н.А., Берикашвили З.Н. Выжимки голубики обыкновенной как ингредиент мучных кондитерских изделий // Вестник КрасГАУ. – 2015. – №4. С. 59–62.
4. Рогов, И.А. Функциональные продукты: состав, свойства, предназначение [Текст] // Мясные технологии. – 2010. – № 2. – С. 6–10.
5. Матвеева, Т.В., Корячкина, С.Я. Мучные кондитерские изделия функционального назначения. Научные основы, технологии, рецептуры / – Санкт-Петербург: ГИОРД, 2016. – 360 с.
6. Чугунова, О.В., Лейберова, Н.В., Школьникова, Н.В. Разработка и товароведная оценка мучных кондитерских изделий из безглютеновых видов муки // Технология и товароведение инновационных пищевых продуктов. – 2014. – №6. С. 8–12.
7. Типсина, Н.Н., Матюшев, В.В. Использование порошка облепихи в производстве кондитерских изделий // Вестник КрасГАУ. – 2013. – №5. С. 223–228.
8. Присухина, Н.В., Типсина, Н.Н. Использование порошка ежевики при производстве мучных кондитерских изделий // Вестник КрасГАУ. – 2013. – №3. С. 44–48.
9. Щербакова, Е.И., Тошев, А.Д. Технология получения облепихового порошка и его использование в производстве песочного полуфабриката // Хранение и переработка сельхозсырья. – 2013. – № 11. – С. 52–54.
10. Перфилова, О.В. Разработка технологии производства фруктовых и овощных порошков для применения их в изготовлении функциональных мучных кондитерских изделий [Текст]: Дисс. кандид. техн. наук: 05.18.01. – М., 2009. – 281 с.

ӘОЖ 664.69

АСҚАБАҚ ДӘНДЕРІ ҚОСЫЛҒАН ФУНКЦИОНАЛДЫ ТАМАҚ ӨНІМДЕРІНІҢМҮМКІНДІГІН ЗЕРТТЕУ

Болысбек С.Н. – ЖТ-21-3К1 тобының студенті
Нурсеитова З.Т. – т.ғ.к., доцент

Ұнды кондитерлік өнімдер өндірісі түрлі инвестицияларды салудың тартымды саласы болып табылады. Нәтижесінде нарық түрлі өндірушілер шығарытын өнімдермен толығады. Шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін шығарылатын өнімнің сапасына қойылатын жоғары талаптарға және сапасының салауатты тамақтану талаптарына сай болуына назар аудару керек. Заманауи тұтынушылар ұнды кондитерлік өнімдерді құрамындағы биологиялық белсендізаттарынан айырылған «junk food» - «зиянды тағам» ретінде көргісі келмейді, керісінше құрамында тағамдық талшықтардың, минеральды заттардың, дәрумендердің жоғары мөлшерімен байытылған, энергетикалық құндылығы төмен өнім ретінде көргісі келеді [1-3].

Ұнды кондитерлік өнімдердің рецептурасында, соның ішінде үгітілмелі жартылай шикізаттар рецептурасында түрлі өсімдік текті қоспаларды (ақуыздар, тағамдық талшықтар) жиі қосады. Оларды қосу, өнімнің тағамдық құндылығының жоғарылауына және функциональды-технологиялық қасиеттерінің жақсаруына алғышарт жасайды.

Әдеби мәліметтерге сүйенентін болсақ, асқабақ дәнінен алынған ұнтақ құрамында қаныққан және қанықпаған май қышқылдары, фосфолипидтер, каротиноидтар, тағамдық талшықтар, минеральды заттар, суда еритін дәрумендер мөлшері жоғары [2].

Алайда, оның мұздатылатын үгітілмелі жартылай шикізаттар өндірісінде қолдану туралы зерттеулер жоқ. Сондықтанда, асқабақ дәні ұнын үгітілмелі жартылай шикізаттар өндірісінде қолданудың мүмкіндігін зерттеу қызығушылықымызды тудырып отыр.

Жұмыстың мақсаты – асқабақ дәні ұнтағын үгітілмелі жартылай шикізаттар өндірісінде қолданудың мүмкіндігін зерттеу.

Зерттеу нысаны мен әдісі. бақылау және зерттеу сынамалары, асқабақ дәні ұны, үгітілмелі жартылай шикізат зерттеу нысаны ретінде қолданылды. Ұнды кондитерлік өнімдер өндірісіндедәстүрлі емес шикізаттар қолдану барысында зерттеу жүргізудің заманауи өлшеу, есептеу, органолептикалық, тәжірибелік, талдау мен сараптау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері мен оларды талдау. Үгітілмелі жартылай шикізаттың бақылау сынамасы дәстүрлі рецептура бойынша жасалынды. Тәжірибелік сынамаларын алу үшін дәстүрлі рецептурадағы жоғары сұрыпты бидай ұнын 5%, 10%, 15% және 20% мөлшерінде асқабақ дәні ұнына алмастырдық.

Асқабақ дәні ұнтағын 5%, 10% және 15% мөлшерінде қолдану үгітілмелі жартылай шикізаттардың сыртқы көрінісінің, түсінінің, дәмі мен иісінің нашарлауына алып келген жоқ. Үгітілмелі жартылай шикізаттың бақылау сынамасы мен тәжірибелік сынамаларының пішіні, сыртқы көрінісі мен ішкі көрінісі сияқты сапа көрсеткіштері бақылау сынамасымен бірдей 5 балға бағаланды. Бидай ұны 20% мөлшерінде асқабақ дәні ұнтағына алмастырылған сынамалардың сапа көрсеткіштері бақылау сынамасымен салыстырғанда төмен бағаланды: пішіні 4,4 бал, сыртқы көрінісі 4,4 бал, ішкі құрылымы 4,2 бал.

5% асқабақ дәні ұнтағы қосылған үгітілмелі жартылай шикізаттың түсі бақылау сынамасымен бірдей деңгейде бағаланды. 10 және 15% асқабақ дәні ұнтағы қосылған сынамалар 4,9 балға бағаланды. Ал 20% асқабақ дәні қосылған жартылай шикізаттың сынамасы жасыл қоңыр түсті, барлық көлемі бойынша біркелкі болмағандықтан да, 4,5 балға ие болды.

Бақылау сынамасы мен 5%, 10%, 15 асқабақ дәні ұнтағы қосылған сынамалардың ішкі құрылымы 5 балмен бағаланса, 20% асқабақ дәні ұнтағы қосылған сынамалар ішкі құрылымы тығыз, жақсы дамымаған соң 4,2 бал деген бағалауға ие болды.

Осылайша, органолептикалық бағалау бойынша ең жақсы сапа көрсеткіштерге құрамына 15% дейін асқабақ дәні ұнтағы қосылатын үгітілмелі жартылай шикізаттың сынамалары ие болатындығы анықталды.

Зерттеудің келесі сатысында ноқат ұнының кеспенің физико-химиялық сапа көрсеткіштеріне әсері анықталды(1-кесте).

Кесте 1 – Үгітілмелі жартылай шикізаттың физико-химиялық сапа көрсеткіштері

№	Көрсеткіштер атауы	Ұн қоспасындағы бидай ұны мен асқабақ дәні ұнтағының қатынасы, %				
		100:0	95:5	90:10	85:15	80:20
1	Су сіңіргішітігі, %	155,5	157,8	162,0	165,5	157,0
2	Салыстырмалы көлемі, $см^3/г$	1,7	1,8	1,85	1,9	1,7

1-кестеден көрініп тұрғандай, Асқабақ дәні ұнтағының мөлшерінің артуы (5%, 10%, 15%) үгітілмелі жартылай шикізаттың салыстырмалы көлемінің артуына алып келеді. Бұл ретте өнімнің су сіңіргіштігі де артады. Бұл асқабақ дәні ұнтағының артуымен өнім тығыздығының азаюымен байланысты. 5% асқабақ дәні ұнтағы қосылған сынаманың су сіңіргішігі бақылау сынамасымен салыстырғанда аз ғана (1,5%) артады. 10% асқабақ дәні ұнтағы қосылған сынаманың су сіңіргішігі бақылау сынамасымен салыстырғанда 4,2 % артады. 15% және 20 а%сқабақ дәні ұнтағы қосылған сынаманың су сіңіргішігі бақылау сынамасымен салыстырғанда сәйкесінше 6,5 және 1,0%% артады.

Құрамына 20% асқабақ дәні ұнтағы қосылған үгітілмелі жартылай шикізат сынамасы ылғалдылығы аз болды, сәйкесінше салыстырмалы көлемінің аз болуымен, морт сынғыштығымен және су сіңіргіштігінің төмендеуімен сипатталды.

Жалпы жүргізілген зерттеу нәтижелері, асқабақ дәні ұнтағы қосылған үгітілмелі жартылай шикізат өндіріснде қолдануға болатынын көрсетті. үгітілмелі жартылай шикізат сапалық көрсеткіштерін кешенді бағалау, тауарлық сапа көрсеткіштері дәстүрлі рецептурамен бірдей, бірақ құрамы байытылған үгітілмелі жартылай шикізат алуға мүмкіндік беретін асқабақ дәні ұнтағы оңтайлы мөлшері 15% екенін көсертті.

Әдебиеттер

1. Егорова, Е.Ю. Расширение ассортимента сырья для мучных кондитерских изделий / Е.Ю. Егорова, М.С. Бочкарев // Кондитерское и хлебопекарное производство. – 2008. – № 2. – С. 12–13.
2. Мамонова, Е. Обзор рынка мучных кондитерских изделий г. Новосибирска / Е. Мамонова // Российский продовольственный рынок. – 2006. – № 3. – С. 12–14.

3. Нилов, Д.Ю. Современное состояние и тенденции развития рынка функциональных продуктов питания и пищевых добавок / Д.Ю. Нилов, Т.Э. Некрасова // Пищевые ингредиенты и добавки. – 2005. – № 2. – С. 28–29.

ӘОЖ 675.6.025

ТАБИҒИ ҮЛБІР ӨНІМДЕРІНІҢ БЕРІКТІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫН ЖҮЙЕЛЕУ

Булатгалиева А.Н. – ЖТ 24-1к1
Ботабаев Н.Е. – PhD, доцент

Сурет 1-деүлпек-үлбір терісінің бөлшектерін бастапқы өңдеудің белгілі тәсілдері жүйеленген [1.. .5]. Олардытері тінінің қасиеттеріне, үлбірдің түріне, киімнің силуэтіне және киім бөлшектерінің модельдік шешімдеріне байланысты таңдалады.

Дайын өнімнің сапасына айтарлықтай әсер ететін тері тінінің қасиеттеріне қалыңдығы, беріктігі және созылуы, икемділігі мен кеуектілігі туралы айту керек [3].

Жартылай фабрикаттың немесе өнімнің беріктігінің жоғарылау томографиясы да қасиеттердің әртүрлілігіне, үлбірдің түріне, силуэтке және өнімнің модельдік шешіміне байланысты.

Қасиеттерден басқа, беріктендіру топографиясын ескеру қажет, яғни созылғаннан кейін қалдық деформацияны азайту және жұмыс кезінде жыртылудың алдын алу үшін локальді терілердің немесе өнімнің бөліктерінің механикалық беріктігін арттыру. Өнімдегі мұндай учаскелер мойын, иық, қолтық, бүйір, сыртқы қалта аймағы, сондай - ақ артқы жағы (отыру аймағы) болып табылатындығын тәжірибелік жолмен анықтау.

Беріктігін арттыру әдісін таңдауда күрделі пішу әдістерін қолдана отырып әзірлеген табиғи үлбірдендайындалған бұйымдар ерекше қиындық тудырады. Оларды өңдеу кезінде тері тінінің қасиеттерін ғана емес, сонымен қатар өнімнің силуэті мен дизайнының ерекшеліктерін, оның жұмыс істеу ерекшеліктерін, жаға, қалталар, манжеттер, екінші қабаттың қолайсыз бөлшектері, белдік пен ілмектер, сәндік көлемді әрлеу, сонымен қатар терінің беткі қабатын қалыптастыру әдісі ескерілуі керек.

Бүгінгі күні бұйымдардың беріктігін арттыру әдістері көбінесе аң терісінің түріне және ішінара оның былғары матасы мен жобаланған өнімнің силуэтінің қасиеттеріне байланысты таңдалатындығына байланысты, жобаланған өнімнің технологиялық, конструкторлық және модельдік ерекшеліктерін үйлестірудің барлық мүмкін нұсқаларын ескере отырып, нығайту әдісін таңдау процесі перспективалы болып табылады. бұл ақпараттық технологияларды қолданатын материалдар, өнімнің бастапқы материалы мен топографиясының сипаттамаларын ескере отырып, осы процестерді жедел және сапалы жүзеге асыруға мүмкіндік береді.



Қорытындылар: Жобаланған үлбірдің бастапқы өңдеу әдісін таңдау бастапқы материалдың тері тінінің қасиеттеріне, үлбірдің түріне, силуэтке және жобаланған өнімнің бөлшектерінің модельдік шешімдеріне байланысты екендігі көрсетілген.

Әдебиеттер
1. Голичков С.В., Технология одежды из меха., - М.: Легкая индустрия, 1974.
2. Марсакова З.П., Петрова Е.М., Аннаков А.Ш., Производство меховъж и овчинно-шубных изделий., - М., 1991.
3. Питэнин Д М., Изготовление меховой одежды, 1975.
4. Меликов Е.Х., Изв. вузов. Технология легкой промышленности.- 1990, № 2/194.
5. Anьпер Ф.Л. и др., Текстильная промышленность. - 1975, № 9.

УДК 637.5.037

ИССЛЕДОВАНИЕ ХОЛОДИЛЬНОЙ ОБРАБОТКИ И ХРАНЕНИЯ РЕПЧАТОГО ЛУКА

Далабаев А.Б. – студент группы ЖТ-22–9р
Тастемирова У.У. – магистр, старший преподователь

Решение проблемы сохранения качества пищевых продуктов и пищевого сырья, а также увеличение сроков их хранения является одной из актуальнейших проблем, стоящих перед народным хозяйством и пищевой промышленностью Республики Казахстан. Одним из важнейших путей решения этой проблемы, которые широко используются в настоящее время в мировой практике, является применение и совершенствование технологий низкотемпературного хранения и процессов, используемых в холодильном оборудовании. При этом решение этой проблемы невозможно без решения вопросов снижения энергозатрат на применяемом холодильном оборудовании. Поэтому проведение исследований в этой области позволит решить вопрос обеспечения питания человека высококачественной пищевой продукцией.

В числе пищевых продуктов и пищевого сырья особое место занимают продукты, производимые из сельскозяйственной продукции и сырья. Поэтому проведение исследований в области снижения энергозатрат на применяемом холодильном оборудовании для осуществления процессов охлаждения и холодильного хранения сельскозяйственной продукции и сырья представляется особенно интересным.

Лук репчатый, как правило, имеет круглую, чуть вытянутую или сплющенную чешуйчатую луковицу, белого, фиолетового или золотистого цвета, внутри мясистые, сочные чешуи белого или чуть розоватого цвета. Лук репчатый имеет острый вкус и достаточно резкий запах [2].

Лук репчатый содержит большое количество витамина С, антиоксидантов обеспечивающих защиту и профилактику простудных заболеваний, укрепление иммунитета и борьбу с болезнетворными вирусами. В репчатом луке есть флавоноид кверцетин, который расщепляет жиры и замедляет рост раковых клеток. В нем имеются фитонциды, известные своим бактерицидностью. Эфирные масла обеспечивают ему острый вкус и специфический запах.

Лук репчатый обладает мочегонным действием, способствует выделению пищеварительных соков, является одним из натуральных средств против гельминтов [2].

Таблица 1 - Энергетическая ценность лука

Содержание в 100 г лука репчатого	Белки, г	Жиры, г	Углеводы, г	Калорийность, ккал
	1,4	0,0	10,4	47,0

В целях решения этого вопроса в учебной лаборатории кафедры Технология и безопасность продовольственных продуктов ЮКУ им. М.Ауэзова проведены исследования по холодильной обработке и хранению опытной партии лука репчатого массой 120 кг.

Выбор технологической схемы производства, режимов низкотемпературной обработки и холодильного хранения проведен на основе утвержденных ГОСТов, ТИ, ТУ, литературных данных, опыта передовых предприятий и достижений науки и техники [3-6].

Выбранная технологическая схема производства обеспечивает высокое качество низкотемпературной обработки и максимальную сохранность продукции. Кроме того выбранные режимы обработки и хранения лука обеспечивают минимальные затраты холода, электроэнергии.

Перед проведением исследований в целях увеличения сроков хранения за счет обеспечения защиты от микробиальной зараженности опытная партия лука была обработана диоксидом серы. Поэтому способ хранения лука осуществлялся по технологической схеме, включающей, кроме традиционных операций доставки, сортировки, чистки, взвешивания и расфасовки в сетчатые мешки и складировния в холодильник, промежуточную стадию расфасовки лука в первичную упаковку - в пакеты с генератором диоксида серы - SO_2 .

Режим низкотемпературной обработки опытной партии лука репчатого включал операцию его охлаждения при температуре воздуха в камере холодильнике учебной лаборатории ЮКУ им. М.Ауэзова +1°С в течение 24 часов.

Режим холодильного хранения опытной партии лука репчатого осуществлялся при температуре воздуха в камере овощехранилища +1…-1°С.

Относительная влажность воздуха составляла: при низкотемпературной обработке лука репчатого 70-75%; при холодильном хранении 85-90%.

Время холодильного хранения опытной партии лука репчатого составило 4 месяцев – с октября 2024г. по январь 2025г. включительно.

Технологическая схема низкотемпературной обработки и холодильного хранения исследуемой партии лука представлена на рисунке 1.




Рисунок 1 - Технологическая схема низкотемпературной обработки и холодильного хранения опытной партии лука массой 120 кг. в холодильнике учебной лаборатории ЮКУ им. М.Ауэзова.

Выводы о результатах исследования по низкотемпературной обработке и холодильному хранению опытной партии лука репчатого:

- Обработка диоксидом серы опытной партии лука в целях увеличения сроков его хранения показало хорошие результаты сохранности продукта по истечении 4 месяцев хранения. В луковицах не были обнаружены патогенные микроорганизмы

- Холодильная обработка лука - охлаждение расфасованного лука в камере холодильника при температуре +1°С и относительной влажности 70-75% в течение 24 ч и хранение лука в сетчатых мешках в камерах при температуре воздуха в камере холодильника -1...+1°С и относительной влажности 85-90% также показало хорошие результаты сохранности продука после срока хранения 4 месяца.

На основе результатов исследваний режимы холодильной обработки и хранения лука могут быть рекомендованы для промышленного использования.

Литература

1. Ханжаров Н.С. Низкотемпературная обработка сельскохозяйственного сырья / Учебник. - Шымкент: Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауэзова, 2016. - 306с.
2. Таблица калорийности продуктов. Овощи и зелень. Лук репчатый. Электронный ресурс. Доступно на http://hnb.com.ua/articles/s-zdorovie-kapusta_belokochannaya-1485.
3. ГОСТ 28558-90 Аттестация холодильных камер для хранения фруктов и овощей. Основные положения
4. ГОСТ Р 50419-92. Фрукты и овощи. Физические условия хранения в охлаждаемых складских помещениях. Определения понятий и измерения.
5. СТ РК 1081-2002 Порядок разработки технологических инструкций и рецептур на пищевые продукты. Основные положения.
6. СТ РК 1010-99 Продукты пищевые. Информация для потребителя. Общие требования.

ӘОЖ 687.004.4.22

ТІГІН АЖЖ НЕГІЗГІ ЖҮЙЕАСТЫЛАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ.

Автоматтандырылған жобалау жүйесі дегеніміз арнайылап жазылған жобалау функциясын орындап, және де соны іс жүзінде іске асыратын инженерлік жүйе. АЖЖ негізгі жұмысы, яғни міндеттері есептеу жұмыстарын жүргізу және инженерлік шешімдерді тексерді қамтиды.

АЖЖ таңдау кезінде маңызды көзқарастарға тоқталар болсақ:Ең алдымен, яғни біріншіден автоматтандыру күрделі және бүкіл өндірістік процесті қамтуы тиіс: модельдік жобалау, үлгі жасау, кесу, технологиялық есептеулер, құжаттарды бекіту және тағы басқаларды толық қамтуы қажет.Дегенмен өндірістік комбинат, арнайы өндірістік орындар бұл құрылғыларды бірден алмастырып,көше алмайды. Бұл жағдайда АЖЖ модулі, яғни бірден емес, біртіндеп, кезекпен жұмыс жасап, істі жүзеге асыратын модуль құтқаруға келе алады.Ол біртіндеп жасалады. Бұдан басқа, автоматты түрде жұмыс күші қажет, конструкциясы еңбекті көп қажет етеді.Екіншіден,өндірістегі кіші, яғни қосалқы бағдарламаның ілеспе өнім мақсаттарын ескеру қажет: нақты функцияны, өнімнің басқа кіші түрлерінің сипаттамаларын, тесік бұйымдарын және тағы басқаларын ескере отырып модульдік диапазонды ұлғайту.Үшіншіден,таныстыру бағдарламаларын іске асыру және пайдалану, күрделі тапсырмаларды қолдану, уақыт бойынша жазу бағдарламаларын шығару. Төртіншіден, өндірістің нақты талаптарын анықтап, сол шарттарға орналасу мүмкіндігі. Бесіншіден, барлық жобалау процесінде қол жетімділікке қатарынан біртіндеп ала отыру және іске асыруға арналған орын. Алтыншыдан, оқыту автоматикасы, пайдалануға жарамдылығы және техникалық қызмет көрсету, кадрларды даярлау, өндірістік үй-жайлардың ерекшелігі, мамандардың жаңа ақпараттық технологиялар мен шығармашылық жұмыс әдістерінен қорықпай АЖЖ-ны енгізу тәсілдерін үйреніп, жетілдіру міндеттері.Жетіншіден, осы бағдарламаны мүмкін жағдайда, қолдан келгенше жаңартып отыру. Эмульсияны жаңарту –бұл жақсы, ұнатарлық әрекет ретінде есептеледі. Сонымен қатар басқа бағдарламалық өнімдерге көшуге ықпал етеді және осы жұмысты жеңілдетеді.Келесі сегізіншісі, түрлендіргіштің болуы немесе бағдарламаны пайдалану өндіріс кезінде өндірістік үй-жайлардың өндірістік бөліктерінде интернет-сервистердің әртүрлі провайдерлерін пайдалануға мүмкін етіп береді. Соңғысын айта кетер болсақ,автоматтандыру жобасының тіркелген және қымбат емес, яғни қол жетімді бағасы, бүгінгі күнге дейін сапасы қымбат бағдарламалық өнім болып табылады, сондай-ақ іс жүзіндегі өндіріс үшін пайдаланумен және пайдалануға берумен байланысты шығындарды есте сақтау маңызды.

АЖЖ-ны сатып алатын компания барлық шығындарды толық есептей алатыны маңызды. Әдетте, алғашқы бірнеше жыл ішінде Ресейде бағдарламалық қамтамасыз ету құнының 10-70%-ынан батыс компаниялары үшін 200%-ға дейін ауытқиды. АЖЖ таңдау кезінде тек бағдарлама ғана емес, сонымен қатар өндірістегі бағдарламаның болашағына жауап беретін жеткізуші таңдалады. Бұл сондай-ақ интернет-сервис провайдерінің қызметін өз қолына алатын және интернет-сервис провайдерінің жұмысына қызығушылық танытатын білікті және жауапты қызметкерлерге арналған нұсқа болып табылады.Дегенмен, бұл қымбат инновацияларды іске асырудың табыстылығына байланысты болғандықтан, бағдарламаның таңдауы мен әлеуетін бағалау кезінде қателіктерден қалай құтылуға болады? Бәрін терең зерттеп, барынша ақпарат алу керек. Сіз жұмыс істейтін АЖЖ-ді неғұрлым көп көрсеңіз, таңдауыңыз соғұрлым жақсы болады. Үлгі толығымен блюзге сәйкес салынғанын және құрылыс уақыты көбейткіш екенін ескеріңіз.

Тігін бұйымдарын конструкциялаудың автоматты жобалау жүйесі орны мен ролі, мазмұны

Киім дизайнын жасаудың негізгі міндеті денені қоршаған, тегіс материалдан жасалған үлкен пішіндер жасау болып табылады. Барлық ұзын жиектері жалпақ жиектер мен интегралдық жиектерге бөлінеді. Жазықтықтарға бөлінген жиектер пластиналарға қатаймай немесе қайшысыз бөлінуі мүмкін. Бұлар жазық беттерге бөлінгенде тік немесе қисық сызықтар мен бұрыштарды сақтайтын изометриялық жақтар. Ол екі түрге бөлінген беттердің үйлесімі:

1. Кеңістік алаңындағы қисықсызықтығын көрсететін пластинка.
2. Конустық және цилиндрлік беттерге айналдырылуы.

Жобалау процесі іске асырылғаннан кейін көйлектерді жобалау әдісі негізгі екі топқа бөлінеді: Біріншісі, дененің пішінін өлшеп, кесіп алып, басқа бөліктерге әрлеу, дене пішініне сәйкес киім жасау.Екіншісі, опцияларды әр түрлі тәсілдермен таңдауға мүмкіндік беретін еркін алгоритмдік инженерия әдісін пайдалану. Осы әдіс бойынша конструкцияға сыртқы өлшеулерді тікелей өлшеу арқылы қол жеткізуге болады. Бұл өнімнің өнім түріндегі егжей-тегжейлі суреті, мысалы, Чебышев торын пайдаланып. Бұл курстар киімді әр түрлі тәсілдермен жасауға көмектеседі. Мысалы, суреттерді азайту әдісі, талдау және талдау әдісі.

Біз АЖЖ көмегімен киім бұйымын жасау кезінде мата дизайны мен модельдеуді қолдау модельдеріне сүйенеміз. Бұйым дизайны мен модельдеуде «Coral Draw» деп аталатын арнайы графикалық бағдарлама қолданылады, ол дирижерлер арасында ең танымал заманауи бағдарламалардың бірі болып табылады және суреттер жасаудың көптеген нұсқалары бар. Маржандардың бейнесі сан алуан пішіндер мен ыңғайлы конструкцияларды сақтаудан тұрады.Бұл тасымалдауға ыңғайлы пішіндерді жобалауға және басқаруға арналған жұмыстар. Объектілермен және топтармен жұмыс істей білу - интегралдық пішіндерді жасаудың жеңілдігі, құрастырмалы геометриялық пішіндердің болуы, суреттер мен эскиздерді сызу үшін арнайы жұмыстарды пайдалану мүмкіндігі. Осының бәрі қажетті құрылымдарды құруға көмектеседі.

ӘОЖ 664.681

ҚҰРАМЫ БАЙЫТЫЛҒАН ЖҰМСАҚ ВАФЛИ ӘЗІРЛЕУ

Көбжасарова З.И. - т.ғ.к., доцент
Егембаева Э. - Жт-21-3к2 тобының студенті

Ұн кондитерлік өнімдеріхалық арасында үлкен сұранысқа ие,олардың арасында вафли сатылымы бойынша екінші орында. Кондитерлік өнімдер нарығында жұмсақ вафли барған сайын танымал болып келеді –бұлдәстүрлі вафлиден жоғары ылғалдылықпен, жұмсақ, кеуекті құрылымымен ерекшеленетін еуропалық өнім.Вафли өнімдерінің химиялық құрамын талдау олардың тағамдық құндылығы төмен екенін көрсетті және бұл кейбір компоненттердің жоғары болуымен және жеткілікті төмен болуымен, ал кейбір жағдайларда дәруменмен минералдар сияқты басқалардың болмауымен түсіндіріледі. Осы себепті өндірушілер бұл өнімді маңызды аминқышқылдарымен, дәрумендермен, минералдармен, полиқанықпаған майқышқылдары мен байытуға көп көңіл бөледі [1].

Ұннан жасалған кондитерлік өнімдер нарығында жұмсақ вафлитанымал бола бастады-бұл дәстүрліваффлиден жоғары ылғалдылықпен, жұмсақ, кеуекті құрылымымен ерекшеленетін әдеттегі өнім.Халқының салауатты тамақтануы саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасының негізгі ережелеріне сәйкес тамақөнеркәсібін дамытудың басым бағыттарының бірі-адамдардың денсаулығын сақтаужәне нығайту,өмір сүру сапасын жақсарту тәсілі болып табылатын ұн кондитерлік өнімдерін жасау.

Вафли-бұл қамырданалынған, жұқа тақтайшалар немесе жұқа қабырғалары бар фигуралар тәрізді кондитерлік өнімдер.Вафлиге сұраны сартып келеді. Олардың ерекше құндылығы-олар басқа тамақ өнімдерімен және жартылай фабрикаттармен оңай және сәтті үйлеседі, ал тағамдық құндылығы жоғары өнімдер алынады. Вафли-жоғары калориялы қоректік, жақсы сіңімді тағам өнімі. Вафли өнімдерінің химиялық құрамын талдау олардың тағамдық құндылығы үлкен емес екенін көрсетті және бұл кейбір компоненттердің(майлар, көмірсулар) жоғары құрамымен және дәлтөмен мөлшерімен түсіндіріледі, ал кейбір жағдайлар да дәруменмен минералдар сияқты басқалардың болмауы.Осы себепті өндірушілер бұл өнімді маңызды аминқышқылдарымен, дәрумендермен, минералдармен, полиқанықпаған майқышқылдарымен байытуға көп көңіл бөледі[2].

Жеміс-көкөніс қоспалары вафли өндірісінде үлкен қызығушылық тудырады. Мұндай қоспалары бар вафли жоғары органолептикалық көрсеткіштермен, төмен калориямен, кондитерлік майдың болмауымен ерекшеленеді. Көкөніс дақылдарының ішінде асқабақ езбесі тамақтану мәселесін шешуде ерекше орын алады. Асқабақ езбесі пектиндік заттардың желатинді қалыптастыру қабілеті әлсіз болғандықтан, алма пектині "Жұмсақ" вафлиді толтыру үшін қосымша енгізілді. Эксперимент барысында алма пектинін 1,5-3,5% қосып, асқабақ езбесісалмасының үлгілері дайындалды. Тұтқырлық қасиеттері қалыптау сатысындағы процестің барысын анықтайтын негізгі қасиеттер болып табылады.

Көкөніс дақылдарының ішінде асқабақ тамақтану мәселесін шешуде ерекшеорын алады. Бұл пектиндік заттардың маңызды көздерінің бірі. Асқабақ жемістерінің тағамдық құндылығы жоғары, каротиноидтарға, К,Е дәрумендеріне және суда еритін В,РР дәрумендеріне бай. Бастапқы шикізаттан пайдалы қосылыс таралудың ең оңтайлы тәсілі – оны езбеге өңдеу, мұнда емдік қасиеттері толығымен сақталады. Асқабақ езбеесі пектиндік заттардың, каротиноидтардың, линоленглицеридтерінің, жаңа қышқылдардың олеясының маңызды көздерінің бірі болып табылады; тиамин және рибофлавин сияқты дәрумендер,сондай-ақ минералдар-калий, кальций, темір, магний. Эксперименттер барысында вафли қамырының бейнесі дайындалды[3].

Қарақұмық ұнындарутин бар, оның құрамдас бөлігі қатерліісіктің пайда болуына жол бермейтін кверцетинболыптабылады. Қарақұмық ұнының негізгі артықшылықтары-оның гликемиялық индексінің төмен деңгейі және глютен ақуызының толық болмауы. Қарақұмық ұнында майқышқылдарының болуына байланысты холестерин деңгейі төмендейді, жүрек-қан тамырлары ауруларымен атеросклероздың даму қаупі төмендейді, қан ұйығыштарының пайда болу қаупі азаяды[4].

Кесте 1 – Жұмсақ вафли өнімінің сапасы

№	Көрсеткіштер	Бақылау үлгісі МЕМСТ 14031-2014	Қарақұмық ұны %			
			30%	40%	50%	60%
1	Ылғалдылығы, %	20-25	21,5	20,75	20,0	20,0
4	Дәмі мен хош иісі	Жұмсақ, вафлиге сай бөтен дәмі мен иісі жоқ				
5	Сыртқы көрінісі	Жұмсақ, вафлиге сай беті тегіс, жарықтары жоқ				

Бұл шикізаттытаңдау қарақұмықұнының бидайға қарағанда бірқатар артықшылықтарына байланысты. Қарақұмық ұнында майқышқылдарының болуына байланысты (олардың ішіндегі ең маңыздысы-линол және олеин) холестериндеңгейі төмендейді, жүрек-қан тамырлары ауруларымен атеросклероздыңдамуқаупі төмендейді, қан ұйығыштарының пайда болу қаупі азаяды. Көкөніс дақылдарының ішінде асқабақ тамақтану мәселесін шешуде ерекше орын алады. Бұл пектиндік заттардың

маңызды көздерінің бірі. Асқабақ жемістерінің тағамдық құндылығы жоғары, каротиноидтарға, К,Е дәрумендеріне және суда еритін В,РР дәрумендеріне бай.

Ұсынылған тәуелділіктерден қарақұмықұнының массалық үлесінің артуымен вафли қамырының тұтқырлығының жоғарылауы байқалады. Себебі дисперсті фаза түзетін коагуляциялық құрылым ұн,картоп крахмалы және түйіршіктелген қант бөлшектерін дисперсиялық ортаның (меланж) жұқа қабаттары арқылы біріктіру нәтижесінде пайда болады. Қамырдағы қарақұмық ұнының мөлшері артқан сайын, бөлшектер арасындағы дисперсиялық ортаның қабаты ылғалдың үлкен сақтау қабілетінебайланыстықарақұмықпенноқат ұнымен ылғалды адсорбциялық байланыстыру арқылы жұқарады. Нәтижесінде құрылыммен коагуляциялық байланыстар күшейтіледі. Осылайша, тұтқырлық неғұрлым көп болса, консистометрдің көрсеткіші соғұрлым көп болады. Жеміс-көкөніс қоспалары вафли өндірісінде үлкен қызығушылық тудырады. Мұндай қоспаларыбар вафли жоғары органолептикалық көрсеткіштермен, төменкалориялы, кондитерлік майдың болмауымен ерекшеленеді. Көкөніс дақылдарының ішінде асқабақпюресі тамақтану мәселесін шешуде ерекше орын алады. Асқабақ пюресініңпектиндік заттары желатинді қалыптастыру қабілетіне ие болғандықтан, алма пектині "Жұмсақ"вафлиді толтыру үшін қосымша енгізілді.Эксперимент барысында алма пектинін1,5-3,5%қосып, асқабақ езбесі салмасының үлгілері дайындалды. Бақылау үлгісі ретінде пектин қосылмаған алма салмасы қолданылды. Тұтқырлық қасиеттері қалыптау сатысындағы процестің барысын анықтайтын негізгі қасиеттер болып табылады.

Нәтижелерді талдау бидай ұнын қарақұмық қоспасына ауыстыру олардың органолептикалық және құрылымдық-механикалық қасиеттерін арттыруға ықпал ететіндігін көрсетеді. Химиялық құрамы өзгертілген жұмсақ вафлиді тұтыну кезінде тағамдық заттардың күнделікті қажеттілігін қанағаттандыру дәрежесі есептелді. Вафли өндірісінде қарақұмық ұнының қоспасын қолдану диеталық талшықтың құрамын (бақылаумен салыстырғанда) 2,04 есе,макро-және микроэлементтерді арттыруға мүмкіндік береді: кальций-1,74,фосфор-1,46,магний-2,09,калий-1,41,темір-1,5;РРдәрумені-2,Р-каротин-187,84есе.

Осылайша, вафли рецептінде қарақұмық ұнының қоспасын,сондай-ақ асқабақ езбесін қолдану жұмсақ құрылымы бар сапалы өнімді, қарақұмық ұнын қосу арқылы вафлидің айқын түсін, алманы асқабақпен алмастыру арқылы толтырудың ашық түсін, жағымды хош иіс пен дәмді,тағамдық құндылығын жоғарылатады. Құрамында барлық маңызды аминқышқылдары бар, құрамында ақуыз, дәрумендер, минералдар, диеталық талшықтар көп.

Әдебиеттер

1 Рассел,Д.Кондитерское производство/Д.Рассел.- М.: VSD, 2013. - **239** с.
2 Гайкова, М.Кондитерские изделия/МГайкова. - М.: Освета, **2013**.-302 с.
3 Тара, Д. Вафли/ Д.Тара. - М.: Арт-Родник, 2013. - 745 с.
4 Драгилев, А.И. Основы кондитерского производства / А.И. Драгилев. - М.: Лань, 2018. - 871 с.

ӘОЖ 664.761

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ БАҒЫТТА ӨСІМДІК ШИКІЗАТЫН ҚОЛДАНЫП СҮТ СУСЫНДАРЫН ӘЗІРЛЕНУІНЕ ШОЛУ

Егизова Ж.М. – ЖТ 21-7дк тобының студенті
Кожабекова Г.А.- магистр, аға оқытушы

Адам денсаулығы үшін сүт және сүт өнімдерінің рөлі аса маңызды болып саналады, себебі олар ақуыздар мен дәрумендерге, сонымен қатар сүйек пен тіс беріктігіне әсер ететін кальцийге бай. Тұтынушылардың соңғы жылдардағы тамақ өнімдеріне деген сұранысы агроқнеркәсіп кешеніне мейілінше салмақ салып, ол өз кезегінде өкмет тарапынан кәсіпкерлерге қолдау көрсетіп отырғаны әрине қуанарлық жағдай. Дегенмен тұтынушылардың пайдалануындағы барлық тағам, атап айтсақ сүт өнімдерінің ассортиментіне деген сұранысы, соңғы жылдары пайдалы және табиғи ингредиенттері бар функционалды өнімдерге қызығушылығын еселеніп келеді. Осыған байланысты өсімдік тектес қоспалармен байытылған сүт өнімдері өндірісінің дамуы өзекті мәселеге айналуда[1].

Қоспамен байытылған профилактикалық бағыттағы сүт өнімдерінің ішінде мелиссаны қолданып сүт сусынын алуда біршама жетістіктерге жетуге болады.

Мелисса – медицинада және тағам өнеркәсібінде қолданылатын дәрілік өсімдік. Оның құрамында эфир майлары, флавоноидтар, полифенолдар және басқа да биоактивті қосылыстар кездеседі. Ғылыми зерттеулерге сәйкес, мелисса антиоксиданттық, қабынуға қарсы, седативті яғни тыныштандыратын және асқорытуды жақсартатын қасиеттерге ие. Бұл қасиеттер оны сүт өнімдерінің құрамына қосып, пайдалануға мүмкіндік береді.

Дәрілік мелиссаның пайдалы қасиеттері

Зерттеулер көрсеткендей, мелисса өсімдігі адам ағзасына әртүрлі пайдалы әсерін тигізеді:

Тыныштандыратын әсері – жүйке жүйесін реттеп, күйзелісті азайтады, ұйқысыздықтан айырылуға көмектеседі.

Қабынуға қарсы қасиеттері – иммундық жүйені нығайтып, вирустар мен бактерияларға қарсы тұруға әсер етеді.

Антиоксиданттық белсенділігі – бос радикалдарды бейтараптандырып, қартаю үдерісін баяулатады.

Ас қорыту жүйесіне әсері – зат алмасуды жақсартады, ішек микрофлорасын дұрыстауға өз септігін тигізеді.

Көптеген зерттеулер мелиссаның құрамындағы полифенолдар мен эфир майлары тағам өнімдерінің қоректік сонымен қатар емдік қасиеттерін арттыратынын көрсетеді[2].

Сүт өнімдерінде мелиссаны қолдану

Тағам өндірісінде, әсіресе сүт өнімдерінде мелиссаны енгізудің бірнеше жолы бар. Ғылыми деректерге сүйене отырып, оның сүт сусындарына қосылу тәжірибелерін бірнеше негізгі бағыттарға бөлуге болады:

Мелиссаның сығындысын қосу

Ғылыми еңбектерде мелисса жапырақтарының су немесе спирт сығындылары йогурт, айран және сүтті шай секілді өнімдерге қосылғаны туралы мәліметтер бар.

Бұл тәсіл өнімнің антиоксиданттық белсенділігін арттырып, оған табиғи хош иіс береді[3].

Ферментация процесінде қолдану

Пробиотикалық сүт өнімдеріне мелисса сығындысын қосу олардың пайдалы әсерін арттыруға ықпал етеді.

Кептірілген ұнтақ түрінде енгізу

Кейбір зерттеулерде мелисса жапырақтарының ұнтақталған түрін сүт сусындарына қосу тәжірибесі қарастырылған.

Бұл тәсіл өнімнің консистенциясына айтарлықтай қатты әсер етпей, оның тағамдық құндылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Функционалды сүт өнімдеріне сұраныс және нарықтық талдау

Салауатты өмір салтын ұстану мен дұрыс пайдалы тамақтануға деген сұраныстың артуына байланысты, функционалды тағам өнімдері әлемдік нарықта өте жақсы даму үстінде. Батыс Еуропа, АҚШ және Азия елдерінде сүт өнімдерінің құрамын табиғи өсімдік сығындыларымен байыту кеңінен таралған тәжірибе[4].

Біздің елімізде де соңғы жылдары экологиялық таза, табиғи және денсаулыққа пайдалы өнімдерге сұраныс бірте-бірте арту үстінде. Бұл мелисса өсімдігі қосылған сүт сусындары сияқты инновациялық өнімдердің нарыққа шығуына қолайлы жағдай жасайды.

Бәсекелестік тұрғыдан алып қарастыратын болсақ, мұндай өнімдер ерекше құрамы, дәмі мен пайдалы қасиеттері арқылы тұтынушылардың назарын тез түсу ықтималдылығы жоғары. Сонымен қатар, мелисса – Қазақстан аумағында өсетін қолжетімді өсімдіктердің бірі болғандықтан, оның өндірістік шығындары да салыстырмалы түрде төмен болуы мүмкін.

